

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ

Серік НҰРМҰРАТОВ, Бақытжан САТЕРШИНОВ,
Алмасбек ШАҒЫРБАЕВ

МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЕВ



Алматы
2013

ӘӨЖ 821.512.122.0

ҚБЖ 83.3 (5 қаз)

М 37

*Еңбек ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
Ғылыми кеңесінің шешімімен жарияланымға ұсынылды*

Жалпы редакциясын басқарған:

З.К. Шаукенова, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

С.Е. Нұрмұратов, философия ғылымдарының докторы, профессор

Басылым «Ғылыми қазына (2012–2014)»

салааралық ғылыми бағдарлама аясында дайындалды

Рецензенттер:

М.Сәбит, философия ғылымдарының докторы, профессор
Ә.Н. Нысанбаев, академик, философия ғылымдарының докторы,
профессор

А. Сағиқызы, философия ғылымдарының докторы, доцент

М 37 Мәшһүр Жүсіп Көпеев / Құрастырушылар: С.Е. Нұрмұратов,
Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия,
саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.

ISBN – 978-601-304-000-4

Еңбекте ұлы ойшыл ақынның өмір жолы мен шығармашылығы туралы зерттеулер мен ғалымдардың тұжырымдары топтастырылды және бұл жинақ «Ғылыми қазына» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы «Ұлы дала тұлғалары» сериясы бойынша жарық көріп отырған жұмыс болып табылады. Авторлар абыз ойшылдың өмірі мен шығармашылығын барынша нақты материалдар арқылы көрсетумен қатар, оның философиялық дүниетанымын талдаудан өткізіп, тереңдей байыптауға тырысады.

Қазақтың данагөй тұлғасына арналған еңбек еліміздің тарихы мен рухани мәдениетіне, оның көрнекті өкілдерінің өміріне қызығушылық білдіретін қалың оқырман қауымға арналған.

ӘӨЖ 821.512.122.0

ҚБЖ 83.3 (5 қаз)

ISBN– 978-601-304-000-4

© ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану
және дінтану институты, 2013

© Нұрмұратов С.Е., Сатершинов Б.М.,
Шағырбаев А.Д., 2013

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	5
I бөлім. МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ	
<i>Шағырбаев А.</i> Қазақтың ұлағатты діни ойшылы.....	9
<i>Дәуітұлы С.</i> Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ата тарапынан тегі.....	22
<i>Субханбердин С.</i> Мәшһүр Жүсіп Көпеев шежіресінен қысқаша көшірме.....	28
<i>Жүсіпов Н.</i> Өмір жолы мен қалыптасуы.....	32
<i>Алдаберген Т.</i> Мәшһүр Жүсіп өмірінің соңғы күні.....	38
Бала Мәшһүрдің алғырлығы мен тапқырлығы талайды таң қалдырған (<i>Ә. Пазыловпен сұхбат</i>).....	41
Әулие бабамыздың денесі 21 жыл ашық жатқан (<i>Ә. Пазыловпен сұхбат</i>).....	49
II бөлім. МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ГУМАНИСТІК ДҮНИЕТАНЫМЫ ХАҚЫНДА	
<i>Нұрмұратов С., Сатершинов Б.</i> XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси жағдайлардың сипаты және ақын дүниетанымының құндылықтық негіздері.....	55
<i>Нұрмұратов С., Сатершинов Б.</i> XX ғасыр басындағы діни жаңартушылық қозғалыс.....	81
<i>Нұрмұратов С., Сатершинов Б.</i> М.Ж. Көпеев діни көзқарастары және оның қазіргі Қазақстандағы діни ахуал үшін әлеуметтік өзектілігі.....	91
<i>Сүтжанов С.</i> Мәшһүр Жүсіп дүниетанымы.....	109
<i>Бейсенов Б.</i> Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ғылыми-жаратылыстық көзқарастары.....	112
<i>Бейсенов Б.</i> Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саяси-әлеуметтік көзқарастары.....	126
<i>Бейсенов Б.</i> Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дүниетанымындағы жәдидшілік идеясы.....	132
<i>Барлыбаева Г., Ошакбаева Ж.</i> Религиозная философия Машхур Жусупа Копеева.....	138
III бөлім. МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ЕСТЕЛІКТЕР	
<i>Тәжібаев Ә.</i> Мәшһүр жайлы бірер сөз.....	152
<i>Қоңыратбаев Ә.</i> Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығы.....	154
<i>Жүсіпова Г.</i> Мәшһүр Жүсіптің «Жер мен Көк» киссасы.....	159

<i>Бәжеев М.</i> Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында.....	167
<i>Майтанов Б.</i> Мәшһүр Жүсіптің мысал-өлеңдеріндегі философиялық түйін.....	176
<i>Әбілов Д.</i> Мәшһүр Жүсіп (естелік).....	192
<i>Дулатұлы С.</i> Мәшһүр ақын (1858–1931).....	216
<i>Мәшһүр Жүсіп Қ.</i> Дін және Мәшһүр Жүсіп.....	232

IV бөлім. МӘШҲҮР ЖҮСІП ТАҒЫЛЫМЫ

<i>Бейсетаев Р.</i> Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Заман болжауы.....	245
<i>Алдабергенов Т.</i> Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрімнің соңғы кездесуі.....	259
Қара жәшіктен алынған Мәшһүр Жүсіп жазбалары.....	261
<i>Жүсіпов Қ.</i> Ұрпағы Мәшекеңе жете туған.....	298
Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40-шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан компартиясы орталық комитеті комиссиясының қорытындысы.....	300
<i>Мәмет С.</i> Қазына.....	300
<i>Пазылов Ә.</i> Талайды таңқалдырған Мәшһүр Жүсіп.....	307
<i>Қоңыратбай Т.</i> Ел мұрасын ардақтаған (Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің этнографиялық мұрасы хақында).....	311
ҚОРЫТЫНДЫ	315
ҚОСЫМШАЛАР	319
Мәшһүр Жүсіп Көпеев еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	319
М.Ж. Көпеевтің Орталық ғылыми кітапхана және әдебиет және өнер институтының қорында сақтаулы қолжазбалары.....	331
Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер.....	335
Орыс тіліндегі әдебиеттер.....	357

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ халқының көрнекті ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858–1931) есімі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап шынайы мәртебесіне көтеріліп, тарихта лайықты орнын ала бастады. Кезінде социалистік идеология қудалаған, теріс бағалаулар берілген талай ұлт саңлақтарының тарихи сана тұрғысынан өзінің лайықты бағасын алатын кезі келді. Бұл еңбектің Мемлекеттік «Ғылыми қазына» бағдарламасы ауқымында «Ұлы дала тұлғалары» топтамасын қалыптастыратынын атап өтуге болады. Дара тұлғалардың рухани тарихымыздағы орнын анықтайтын ойшылдың өмірі мен қызметі туралы еңбек гуманитарлық кеңістіктегі заңды құбылыс деуге болады. Мәшһүр Жүсіп қазақ халқының кемеңгер әрі аяулы перзенті. Ақынның шығармашылығы мен өміріне арналған іргелі еңбектер қазіргі кезеңде Алматы мен Павлодар және басқа да қалаларында әртүрлі көлемде жарық көріп келеді. Ғылыми зерттеулер жасалып, бұқаралық ақпарат ауқымында көрініс беруде. Ал, енді солардың қатарында басылып шыққан он үш томдық ақын шығармаларының жинағын кейінгі жылдардағы еліміздегі рухани кеңістігінің жетістігі.

Павлодар қаласындағы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани мұрасын зерттеумен айналысатын орталықтың қызметі жалпы қазақ халқының рухани мәдениетін дамытудың көрінісі. Оқырмандарға ұсынылып отырылған ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты ғылыми қызметкерлері қалыптастырған еңбекте Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігіне қарайтын Орталық ғылыми кітапхана жанында құрастырылып, 2008 жылы жарық көрген «Сөз өнерінің зергері» атты кітаптан біршама материалдар топтамасы өзара келісіммен қолданылды. Осы аталған еңбек тарихымыздың ұлы ойшылы, ғұламасы, дінтанушысы, библиографы, сөз өнерінің зергері, ақын,

публицист, этнограф, фольклорист, ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевке арналады. Оны құрастырған мамандар: Күзембаева В., Қосаева Н.Қ. Ред. алқасы: Әбуғалиева К.К. (жауапты ред.), ред: Нұрғожина Ж.М., Ақашева С.С., Әбеннова Л.Д., Бравач О.П. (техн. ред.). – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2008. – 340 б., [«Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия].

Жоғарыдағы еңбекті құрастырушылардың бірі Н.Қ. Қосаеваның алғысөзінде қазақтың «Қазан төңкерісіне дейінгі ақындардың ішінде шоқтығы биік жарқыраған жұлдыздардың бірегейі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев, қаншама ғұлама ақын шайырлардың өлең-жырлары, дастандары, әзіл-оспақ күлдіргі әңгімелері хатқа түспей, бізге жетпей қалды. Арабша оқыған адамдардың шығармаларын оқытпай тыйым салды. Солардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев» деп атап көрсетеді. Одан әрі қарай төмендегідей ойларын тұжырымдайды: «Дала уалаяты газетіне» мақала, хат-хабарлары жиі жариялана жүріп, Мәшһүр Жүсіп атанады. Ол 15 жасына дейін Хамеретдин хазіреттің медресесінде білім алады, одан соң 1872 жылы Солтүстік және Орталық Қазақстанның ауыз әдебиетін жинаумен шұғылданады. Бүкіл Қазақстанға мәлім Қараөткел, Атбасар, Қызылжар сияқты өңірлерде болған ол жергілікті тұрғындардың өмір-тұрмысымен, фольклорымен етене танысады. Сол кездің өзінде-ақ ол өзін өмірден көрген-білгенін мықты бейнелей алатын ақын ретінде таныта бастайды. Мәшһүр Жүсіп 1917 жылы Қазан қаласында «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітаптарын шығарды. Қазақ ауыз әдебиеті мен Шығыс әдебиеті үлгісінде «Гүлшат-Шеризат», «Шайтанның саудасы», «Фибратнама», «Баяннама» т. б. қисса-дастандар жазды. Оған 1905 жылғы бірінші орыс революциясы орасан зор әсер етеді. 1905 жылғы 9 қаңтарда болған оқиғаға арнап, «Қанды жексенбі» деген өлең жазады. «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» сияқты халық жырлары мен Шығыстың қисса-дастандарын жатқа айтқан. Шығыстың классик әдебиетімен жете танысқан. «Көроғлы», «Ер Көкше», «Сайын батыр» жыр дастандары мен Бұқар жырау, Шортанбай, Орынбай, Шөже, Жанақ, Сақау секілді ақын-жыраулардың әдеби асыл мұраларын хатқа түсірген.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты шығармасында қазақ халқын өнер-білімге баулу, елде мектеп, медреселер ашу, жер тағдыры т. б. өзекті мәселелерді көтерді. Ақынның қай туындысы болсын, тақырыбы жағынан қоғамдық өмірдің көкейкесті мәселелерін қамтыды. Тірлігінде ұры-қарылардың, озбыр қиянатшыл, аю мінез әкімдердің қара халыққа жасаған қиянатын қызыл тілімен қылыштаған. Мәшһүр Жүсіп өзінің ақындық қасиетін де Тәңір сыйлаған өнер деп түсінеді».

Шынымен де қазіргі ұлттық тарихымызды қайта зерделеу заманында ерекше тұлғаның бұған дейін айтылмай келген өмір белестерінің белгісіз беттері енді ашылып, талай жылдар бойы тыйым салынып келген сүбелі шығармаларын қайта тануға бет бұрылды. Екі ғасырдың жүгін бірдей көтерген ақыл-ой, өнер саласындағы алыптардың қатарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да бар. Талантты қолдан жасау қиын. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында ел аузынан халық ауыз әдебиетінің сөз маржанын теріп, оны насихаттап елді сауаттандыру жұмысымен де айналысты. Уақыт өткен сайын, маржан тас су түбінде жатқан сайын жарқырай түсетіні сияқты Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ұрпағына қалдырып кеткен мол мұрасы, баға жетпес байлығы оның даңқын бүкіл әлемге асқақтата паш етіп, өзінің құндылығымен ерекшеленіп тұрады. Кезінде солақай саясаттың кесірінен араб хариіптерімен жазылған шығармаларға тыйым салынды. Еңбектерін жарыққа шығармай қудалады. Енді қазір заман түзеліп, өз қолымыз аузымызға жетіп, егемен ел болып, арыстар ақталып, елім деп еңіреген ерлерді еске алып, құрметтеп ас беріп, мұражайлар ашып жатырмыз. Мәшһүр Жүсіп Көпеев әлі өзінің лайықты бағасын алған жоқ, оның мол мұрасын жан-жақты зерттеп, көпшілік оқырман қауымға таныстыру – алда тұрған негізгі міндет екені анық.

Аталмыш жинақта ақынның біршама еңбектері мен ойшыл туралы жазылған кейбір авторлардың мақалалары келтіріледі. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмірі мен шығармашылығы қысқаша ақпараттық тұрғыда баяндалып, оның өмір асуларынан мағлұматтар беріледі. Бұл жұмысты қазіргі тарихи кезеңде өзінің ақпараттық-танымдық қызметін толықтай орындаған еңбек десе де болады.

Ал, енді оқырмандарға «Ғылыми қазына» бағдарламасы аясында ұсынылып отырған еңбектің жоғарыдағы жинақпен кейбір сәйкес келетін жерлері де және еңбектің өзіндік шығармашылық ерекшеліктері де бар. Әсіресе, ол ақынның философиялық тұжырымдары мен дін туралы айтқан ойларын біршама жүйелеуге келтірумен, ғылыми байыптаумен байланысты. Сондықтан ақынның өмірбаянына арналған бірінші тарауынан кейін келетін философия ғылымдарының докторлары, профессорлар Серік Есентайұлы Нұрмұратов пен Бақытжан Меңлібекұлы Сатершиновтың «Мәшһүр Жүсіптің гуманистік дүниетанымы хақында» деген екінші тараудың алғашқы үш мақаласы ақынның тұлғалық көзқарасын тарих философиясы тұрғысынан талдауға арналған. Сонымен қатар осы бөлімде басқа авторлардың өзге де философиялық мағынадағы зерттеулерінің топтамасы берілді және жаңа заманның, жаңа тарихи-құндылықтық парадигмалары ауқымында көптеген теориялық және қолданбалы мәселелер бағамдалды, заманауи кезеңдегі ұстанымдарға сәйкес деңгейде тұжырымдар келтірілді.

Қоғамдық ғылымда, ақпараттық кеңістікте ойшыл туралы қалыптасқан әртүрлі көзқарастардың палитрасын оқырмандарға ұсына отырып, авторлар өз кезегінде ойшылдың дүниетанымына зерделеулер жасау арқылы өзіндік сұхбат орнатуға ұмтылады. Осындай әдістің артықшылығы әрбір оқырманның оқу үрдісіне белсенді қатысуына мүмкіндіктер ашады және дүниеде жаңа шығармашылық нұсқалардың пайда болуына итермелейді.

Жинақ құрылымының үшінші бөлімі Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы туралы зерттеулер мен естеліктерге арналған.

Келесі төртінші бөлім «Мәшһүр Жүсіп тағылымы» деп аталып, ақынның көпшілік оқырман арасында кең тарай қоймаған шығармаларын қамтыған және сонымен қатар ақынның этнографиялық мұрасы зерделенген. Жинақ соңында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбектерінің тізімі, қолжазбалары туралы мәліметтер берілген.

І БӨЛІМ

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ

Қазақтың ұлағатты діни ойшылы

Қазақтың бірегей тарихи ұлы тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің (1858–1931 жж.) жеке өмірбаяны әр қилы сырларға толы. Жасынан білімге деген құмарлығы белгілі бола бастайды. Ақын өз ғұмырында ел аузындағы аңыз-дастандарды, ертегілерді, қиссаларды жинап, одан басқа өзінің шығармашылығынан туындаған жазбаларын жазып қалдырған. Осындай шығармашылыққа толы өмірі көзі тірісінде-ақ аңызға айналғаны белгілі.

Барлық өмірін болашақ ұрпаққа мол рухани мұра қалдыруды мақсат еткен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің ғұмырын өнегелі тіршілікке айналдырады. Сондықтан оның барлық рухани мұрасын зерттеу және осындай асыл перзентінің ұлағатты өмір жолы мен ерең еңбегін лайықты бағалау, құнды тұстарын қордалау кейінгі ұрпақтың міндеті.

Кез-келген ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығы сөз болғанда, оның туған жері мен қасиетті топырағы, өскен елі мен ортасы туралы айтпай кетуге болмайды. Сондықтан Мәшһүр Жүсіптің өміріне қатысты шежірені баяндарда бұрын жарық көрген еңбектердегі таратуларға сүйенетініміз анық. Заманымызға дейін жеткен тарихи жәдігерлерді кейінгі ұрпаққа жеткізуші тұлғалардың еңбегін атап өткен жөн. Мәселен, Мәшһүр Жүсіптің айтуы бойынша жазған шәкірті Мәненұлы Иманғали, бүгінгі әріпке аударған құдасы Алдабергенұлы Төлепберген [1], компьютерге теріп, баспаға әзірлеген Бейсетаев Рысбек екенін атап өткеніміз орынды [2]. Енді ақынның жеке өмірбаянына байланысты жоғарыдағы авторлардың берген шежірелік сипаттамаларын оқырманға ұсынамыз.

Мәшһүр Жүсіп Орта жүз Арғыннан тарайтын Бес Мейрам әулетінен. Мәшһүр Жүсіптің шыққан руы Сүйіндік – Мейрамның бір үлкен бұтағы. Кезінде ұлағатты Абылай хан екі сөзінің бірінде айтып отырады екен: – «Осы, «Бес Мейрамның баласы» деген ел, пайғамбар мен шадияр тумады демесеңдер, адамның бұлбұлы мен дүлділі түгел туған ел. Батыры көп, жаудан қорықпайды, шетінен шешен туады да, даудан қорықпайды», – деп жазады кемеңгер Мәшһүр Жүсіп бабамыздың өзі.

Мейрам тарауы. Мейрам сопының қайын жұрты Кіші жүз Алшын, атасының аты Құдысбай екен. Қалыңдығының аты Нұрпая екен. Өзін қыс ішінде ұзатыпты. Нұрпаяның өз шешесі өліп қалған екен. Бикешке шешесінің жоқтығын білдірмеймін, – деп Нұрпаяның ағасының қатыны – жеңгесі еріпті. Түйенің басын жетектеуге бір жетім қыз еріпті. Көш ілгері кетіп, күйеу жігіт артта қалып, көштің ізімен келе жатса, көштегі үш әйел түзге отырыпты. Жолшыбай түзге отырған кім, – деп қараса, біреуінің зәрі тоңды бір қарыс айырып жіберген екен. Түнде қойнында жатқанда қалыңдығы Нұрпаядан сұраса, – ол Қарқабат еді дейді. Ол отыра қалып күрілдеткенде қасындағы өзіміз де шошып қаламыз, ат та тас-талқан болып үркеді, – депті.

Елге келіп орныққан соң, екі елдің арасы жау болып, қайын-сіңілісін ертіп келген қатын еліне қайта алмай қалыпты. Содан кейін Нұрпая, «ағамның төсі тиген жеңгем еді басқаға қимаймын, өзің ал», – деп Мейрам сопының өзіне алғызыпты. «Мына күңді де өзің ал, оның жатыры асыл, өсіп-өнейін деп тұр. Бір жұрттан келген үш ұрғашы өлсек те, тірілсек те бір жерде болайық», деп оны да Мейрамға алғызыпты. Нұрпаяның өзінен Қуандық, Сүйіндік туады. Жеңгесінен Бегендік, Шегендік, Қарқабаттан Болатқожа туады. Сонымен, Шәкәрім қажы [3] мен Мәшһүр Жүсіптің өз жазуы бойынша [4] Мейрам тарауы былай болып келеді.

Мейрам сопыдан бес ұл Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Болатқожа (Қаракесек). Кезінде Абылай хан екі сөзінің бірінде айтып отыратын – «Бес Мейрамның баласы» деген ел осылардың ұрпағы.

Қуандық марка туыпты, Сүйіндік кенже туып, екі арасы тым алшақ болыпты. Сүйіндік Бес Мейрамның ең кішісі болыпты.

Қуандықтың алты баласы ат арқасына мініп, соңына еріп, жасаққа жарағанда Сүйіндіктің отауы сонда түсіпті, қатыны Ұлы жүз – үйсін Өгіз бидің қызы екен дейді.

Сүйіндіктің бұл бәйбішесі сексенге тақаған Мейрам сопыға жас қыз алып беріп, Олжагелді (Қаржас) содан қалған. Бәйбіше Сүйіндік, Бегендік, Шегендік және Олжагелді (Қаржас) төртеуінің басын қосып, төрт ауылды бір қылып, төртуыл ел қылған. Баршасына күт-береке бәйбіше болыпты. Бегендік жас күнінде өліп, қатыны одан бір бала тауып, Оразгелді аталған. Бегендік өлген соң, ол қатынды Сүйіндік алып, Сүйіндік алған соң, бір ұл туып, мұның атын Суғыншы қойған. Оразгелді Суғыншымен бірге Сүйіндіктің баласы болып, Оразгелдіге қатын алып беріп, енші берген.

Сонымен, Сүйіндіктен Суғыншы, онан Шоманақ, Мәжік туған. Шоманақтың қатынының аты Жолбике екен. Бұл Жолбике анамыздан – Жанболды, Құлболды, Жолболды туады.

Құлболды бәйбішесінің аты Мақпал. Мақпал бәйбішенің тұңғышы – Тұлпар, ортаншысы – Күлік, кенжесі – Айдабол.

Мәшһүр Жүсіп атамыз Күлік әулетінен тарайды. Күліктің екі қатыны болыпты. Бәйбішесінен Тілеуімбет, Наурыз, Дәулет, тоқалдан Өтепберді, Данияр, Сексен туады. Мәшекеңнің өз жазуы бойынша, Күліктің сексен жасында туған тоқалының баласының атын Сексен деп атапты. Сол Сексеннен Бесім мен Қойтан. 1723 жылдың ерте көктемінде арғынның осы Бес мейрам әулеті «Ақтабан шұбырындыға» ұшырап, он алты ата Тілеуімбет қалмақпен бетпелет соғысып, қырғынға ұшырағанда тірі қалған екі бала – осы Бесім мен Қойтан. Мәшһүр Жүсіп түйенің қомында тірі қалған осы екеудің бірі – Бесімнен тараған ұрпақ.

Бесімнің бәйбішесінің аты Бөктік. Бөктік бәйбішеден туған үш бала – Жанжігіт, Ақжігіт, Қармыс. Ақжігіттен – Құлмағамбет, Сырмағамбет, Досмағамбет, Ермағамбет. Сырмағамбеттен – Санжасар, Мыңжасар, Жүзжасар, Көпжасар, Мағырып. Көпжасар қораш, уақтау туғандығынан Көпей аталып кеткен, сол Көпейден туған Мәшһүр Жүсіп жетпіс жасында жазып отыр осы нұсқаны. Бұл дерек Мақсат Алпысбестен алынды [5]. Жалпы, тарихи деректерді кейінгі ұрпаққа жеткізуші Баянауылдық аталарымыздың еңбегі ерекше деп атап көрсетіледі [6]. Мысалы, осы еңбек Мәшһүр Жүсіп айтуымен

жазған шәкірті Мәненұлы Иманғали [7], жиені Қасенғали Жүсіпов және бүгінгі әріпке аударған құдасы Алдабергенұлы Төлепберген жинаған «Қара жәшік» деректері негізінде жазылды [8].

Біздің ендігі мақсатымыз, осы ұлы адамның ұлағатты өмірі мен мұрасынан дерек беру.

«Сөз өнерінің зергері» деген еңбекте ақынның төмендегідей өмірбаяны кезеңдендіріп, келтірілген [9, 6–7 б].

- 1858 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қызылтау бауырында, Найзатас деген жерде туған.

- 1863–1868 жылы баянауылда Байжан қазіреттің ұйымдас-тыруымен ашылған медреседе Нәжмедтин молдадан дәріс алады.

- 1866 жылы Шорманның Мұсасы Адам Жүсіпке «Мәшһүр» қастерлі атау беріп, азан шақырып қойған аты Адам Жүсіп Мәшһүр Жүсіпке алмастырылды. Ел арасы әкесі Көпжасарды «Көпей» атап, сонымен Адам Жүсіп қазақ тарихына Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы болып енді.

- 1868–1872 жылы Қамар әд-Дин қазіреттен дәріс алады.

- 1871 жылы «Исабек Ишан» атты жоқтауы шығады.

- 1872 жылы алғаш рет Атбасар, Қызылжар маңын жайлайтын Қуандықтың Алтай, Тоқа елдерін аралап, көне мұраларды жинап, ел мен жер көруге, жұртпен танысуға жолға шығады.

- 1872 жылы күзінде Бұқарға барып, Көклән медресесінде оқиды.

- 1875 жылы Қызылтауда бала оқытады.

- 1881 жылы Қызылжарда ғалым В.В. Радловпен кездеседі.

- 1885 жылы «Мұса Шорманұлы» деп аталатын жоқтауы шығады.

- 1887 жылы 29 жасында Ташкент, Бұқар қалаларына барып, білімін көтереді.

- 1888–1895 жылдары бірінші қазақ газеті «Дала уалаяты» бетінде Мәшһүр Жүсіптің мақала мен өлеңдері жиі шығып тұрды.

- 1888 жылы елді өнер үйреніп, білім алуға шақырған өлеңдері шыға бастайды. Соның бірі: «Мал бақ, егін де сал, сауда да қыл, бостан-бос жүрме деймін құр далада» деген өлеңі.

- 1891 жылы Омбы, Павлодар, Семей қалаларына жақын орналасқан қазақ ауылдарын аралап, шежіре-дерек жинайды.

- 1893 жылы патшаның зұлым саясатына қарсылық білдірген өлеңдері мен мақалалары баспа бетіне шығады.

- 1894 жылы 36 жасында Орта Азия елдеріне екінші рет саяхатқа шығып, сан-алуан тарихи дерек жинайды.

- 1895 жылы «Гүлшат», «Шеризат», «Ғибратнама» аталған еңбектері жарыққа шығады.

- 1896 жылы Жидебайға барып, ұлы Абай ағасына сәлем береді.

- 1905 жылы бұқаралық-демократиялық ақын екенін танытатын батыл өлең-жырларын жаза бастайды.

- 1906 жылы «Қанды жексенбі» өлеңін жазады.

- 1907 жылы Қазан қаласында Хусаиновтар баспасынан «Сарыарқаның кімдігі екендігі», «Тіршілікте көп жасағаннан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал» атты үш кітабы жарыққа шығады.

- 1907–1908 жылдары Патша заң орындары Мәшһүр Жүсіпті қамауға алуға бұйрық береді.

- 1908–1910 жылдары Самарқан, Бұқарға тағы да саяхатқа шығады. Ол сапардан оралған соң, араға аз уақыт салып, Еділ, Жайық, Ресей еліне барады.

- 1911–1914 жылдары «Айқап» журналында Мәшһүр Жүсіптің өлең, мақалалары жиі басылып тұрады.

- 1915 жылы бәйбішесі Рәбиға қайтыс болады.

- 1916–1931 жылдар аралығында Мәшһүр Жүсіп Ескелдіде елді қабылдап, барлық білгенін қағазға түсірумен болды. 1907–1912 жылдарғы қатты қуғындаудан кейін үйінен алысқа ұзап шықпапты.

- 1923 жылы «Қажымұқан» деп аталған жоқтауы шығады.

- 1930 жылы көзі тірісінде асын бергізеді.

- 1931 жылы 27 қарашада өз қыстауы Ескелдіде елмен кешу алысып, келіні Ақ Зейнепке өсиетін айтып, ақ батасын беріп дүние салады.

- 1952 жылы «Мәшһүр Жүсіптің ішінде 21 жыл денесі ашық жатқан Ескелдідегі кесенесі қиратылсын» деген Кеңес үкіметінің қаулысы шығады.

Қазақ тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының алар орны ерекше. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ халқының ұлы ойшылы, атақты фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, дінтанушы,

қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі көрнекті тұлғасы ретінде қалыптасты. Ақын жастайынан шығыс әлемінің білімімен сусындап, араб және парсы тілдерін жетік біліп, басқа да шет тілдерді терең меңгерген. Өзі өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен де айналысты. Шежіре мен айтыс, көптеген тарихи жырды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырды. Ғұламаның басты мақсаты әрі өмірінің негізіне айналған ой – қазақ халқын сауаттандыру болды.

Кейін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы орыс тілін меңгеру арқылы Батыс өркениетінің ғылыми жаңалықтарымен танысқан тарих, этнология (шежіре нұсқалары), фольклористика ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған, әдебиет (ақындық), тіл тарихы, этнография (қазақ халқының салт-дәстүрі туралы шығармалар), философия, медицина (емшілік, дәрілік өсімдіктер туралы), космология ғылымы салаларына арналған ұлан-ғайыр еңбек жазып қалдырды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әкесі Көпжасардың 42 жасында, шешесі Ұлбаланың 18 жасында, 1858 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы Найзатас деген жерде ережеп айы, жұма күні, бесін уақытында Көпей шаңырағында дүниеге келген. Туғанда азан шақырып қойылған есімі – Адам Жүсіп. Кейіннен 9 жасында қисса-дастандарды жатқа айтып, ел көзіне түскен кезде жиынды шақырып отырған Мұса Шорманұлы Адам Жүсіпті ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен» – деп, лепес қылуымен Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді.

1858 жылы қыста Көпей Сермұхаммедұлы керуен тартып жинаған табысына мал алып, Қызылжардан көшіп келіп, Қызылтауға қоныс қонады. 1861 жылы Адам Жүсіп 3 жасқа толғанда, әкесі Көпейдің малы жұтқа ұшырап, «ақ сирақ» болып шығады. Сонда Көпей Сермұхаммедұлы: «Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас», – деп, ұлы Адам Жүсіпті оқуға береді. Өзінен кейін келер ұрпаққа мол рухани мұра қалдырған алаш азаматының бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының осылай оқу-білім жолы басталады.

Мәшһүр Жүсіп жасында ауыл молдасынан дәріс алып, хат таниды. Бес жастан «бісмілла» деп жаздым хатты, Бұл тағдыр

жастай тиді маған қатты, деп ақынның өзі айтқандай, ол бес жасынан бастап-ақ молдадан хат танып, Баяндағы Байжан Смағұлұлының медресесінде Нәжімалдин хазіреттен, кейін 8 жасында Қамариддин хазіреттен оқи бастайды. 1870 жылы Қамариддин хазіреттің медресесінде, одан кейін Бұхарадағы діни жоғары оқу орнында оқып білім алады. Молда бір ғана дін сабағын емес, араб, парсы, шағатай тіліндегі кітаптарды да қатты қадағалап оқытады. Кітаптың тек қарасын танытып қоймай, ішкі мазмұнын, мән-мағынасын тәптіштеп түсіндіреді. Арабтың, парсының тілін үйретеді. Мәшһүр бір жыл ішінде хат танып, өнер-білімге, әдебиетке құмар болып өседі. Жеті-тоғыз жасында «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» сияқты халық жырларын, шығыс киссаларын жатқа айтады. Сол себепті де Мәшһүр деген атқа ие болады. «Мәшһүр» арабша белгілі деген мағынаны білдіреді. Медресе оқып жүрген кезінде ол балалардың алды болып, 15 жасынан бастап өзі өлең жаза бастаған.

Жасынан өнер білімге, әдебиетке құмар болған жас ақын ауыз әдебиеті үлгілерімен жас кезінен танысып халықтық жыр-дастандарды жаттап өскен. Мәшһүр Жүсіптің: «Айрылдым дәл он бесте ақыл естен, Жабысып бір дауасыз ауру төстен», деген жыр жолдарына қарағанда оның ақындық жолға бой ұруы, алғашқы шығармашылық қадамы он бес жасында басталған. Ол туралы ақынның өзі:

Жабысты маған өлең он бес жаста,
Жұрт айтты: «Не қыласың» – деді таста.
Дегенмен қоя алмадым үйренген соң,
Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа.
Шүкірлік, бергеніне, құдай патша,
Он бесте шабыттандым жүйрік атша.
Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде,
Кеудеме өлең толды сызған хатша – дейді [10, 5 б].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1875 жылдан бастап біраз уақыт оқытушы болды. «Дала уалаяты» газетіне өлеңдері мен мақалаларын жіберіп тұрды. 1875 жылдан бастап ол оқытушы бола жүріп, шығармашылық жұмыспен айналысады. Мәшһүр Жүсіп 1875 жылдан бастап біраз уақыт ауылда бала оқытып, қаражат

жинайды. Білімін толықтыру мақсатымен 1886 жылы Бұхараға келіп, діни жоғары оқу орнында оқиды. Сосын оқуын Ташкентте жалғастырады. Мәшһүр Жүсіп 1887–1890 жылдары бірнеше рет Орта Азияны аралап, Самарқанд, Ташкент, Түркістан, Бұхара қалаларында болады. Ол бір жыл Бұхарада тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін үйренеді. Өзбек, тәжік, және т. б. тілдерді де біледі, әдет-ғұрпын түсінеді. Көптеген ғылыми кітаптарды оқып, танысады. Шығыстың классикалық әдебиетінен сусындаған ол осы жылдары Қазанға сапарға аттанып, түрколог ғалым В. Радловпен танысып, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен айналысты. Кейін уақыт өте келе ойшыл қазақ фольклорының ең жүйелі жинақтаушысы болды.

Орта Азия қалаларына шеккен сапарының тағы бір құнды нәтижесі – сол өңірлердегі тарихи әңгіме, аңыз, шежіре сөздерінің жазылып алынуы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзі дерек жинастыру қызметін ерте кезден бастаған. Ә.Х. Марғұлан хаты бойынша, «Ер Олжабай батыр» жырын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 7 жасар бала кезінде 1865 ж. Сақау ақынның айтуынан жазып алған. Бұған ұстазы Қамар хазіреттен қисса-дастандары қағаз бетіне көшіруі де әсер еткен. 1887 ж. Бұхар сапарының барар жолында Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидің басындағы Әмір Темір салдырған көк күмбезді көреді, Ташкенттегі Зеңгі Ата кесенелерін көріп, қайтар жолында Шу мен Сырдария, Ұлытау, Кішітауды, Есіл мен Нұраны асықпай аралап сапар шегеді. Одан әрі Сыр өңірін аралайды. Майлы қожамен жолығады, жеті атасынан бері ақындық үзілмеген дуана қожа Көшек, Күдері қожа тұқымдарымен танысады.

Ол өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен де айналысты. Шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттады. 10–15 жасынан бастап-ақ өлең жазып, хат жазарлық болғаннан-ақ Мәшһүр Жүсіп халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз бетінен де жинаумен айналысты. Жар-жар, аужар, бата, ұлағатты сөздер, ертегі, аңыздар, діни қиссаларды жинап жариялады. Соған қоса, «Гүлшат–Шеризат», «Ғибратнама», «Шайтанның саудасы» сияқты Шығыс дастандары үлгісін және бірнеше тарихи жырларды жинап

хаттады. «Ер Көкше», «Сайын батыр» жыр-дастандары мен Бұқар жырау, Шортанбай, Орынбай, Шөже, Жанак, Сақау секілді ақын-жыраулардың әдеби асыл мұраларын хатқа түсірді. Бұқардан қалған сөз маржанын Мәшһүрге дейін хатқа тұтас түсіруші болмаған еді.

Одан кейін Шу мен Сырдан өтіп, Ұлытау мен Кішітауды басып, Есіл мен Нұраны жайлап, мекен қылған жұртты аралайды. Осындай екінші сапарына Мәшһүр Жүсіп 37 жасында, яғни 1895 жылдар шамасында шықса, үшінші сапары 49 жасына (1907) сәйкес келеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саналы ғұмырында бір сәт те қолынан қаламы түсіп көрмеген, бір жағынан жазып, екінші жағынан өнер-ғылым үйреніп, жатпай-тұрмай ізденіс үстінде болды. Мәшһүр Жүсіптің «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты үш кітабы 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан басылып, жарыққа шықты. Кейін ол баспаханадан шыққан 14 қалам иесінің еңбегін цензура сотқа тартады. Соның ішінде Мәшһүр Жүсіптің жоғарыда аталған үш кітабы да бар.

1906–1907 жж. М.Ж. Көпейұлы шығармашылығының идеялық жағынан тереңдей түскен дәуірі. Бұл жылдары жазған шығармалары тегісінен қазақ халқының бостандық, саяси-экономикалық құқықтарымен байланысты болып келеді. Мәшһүр Жүсіптің «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты кітабы тұтас халқымыздың ішкі-сыртқы жағдайын толғайтын дүние. Бұл еңбек 1907 жылы баспадан шықса да 1917 жылы сәтті бастама көтерген алаш азаматтарының ой-арманымен тоғысып, үйлесіп жатыр. Ақын діннің, жердің, малдың кеткенін, елдің азып-тозып нашарлағанын айта келіп: «Күн батысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу өзені, солтүстігі – Еділ, Жайық. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге келіп ие болған жоқ, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек заманында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаудай алысып, жаттай салысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз, сарбаздары жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алған жері еді», – десе, халқының қамын жегені белгілі.

1912 жылы патша әкімшілігінің цензурасы назарына Мәшһүрдің 1907 жылы бастырылған кітаптары алынып, татар аудармашысының тәржімалауынан кейін үш кітаптың екеуінің мазмұны Ресейдегі патша билігіне қарсы мақсатта жазылған деп танылып, 1912 жылы екінші рет басылған 3 кітап баспахананың өзінде «тұтқындалынып», 12 000 сом айып салынып, 14 кісі айыпқа тартылады. 1912 жылдан бастап қудалана бастағанда, өзінің жинаушылық жұмысын тоқтатпайды.

Мәшһүр Жүсіптің өмір сүрген тұсы-бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы-сиырын сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді. Қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек. Сол заманда қазақ ішінде оқу іздеп, өнер қуып жүрген бір де бір жасты көре алмаған ақын халыққа қарап:

Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық,
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Басыңа келген жоқ па талай қорлық – дейді [11, 60 б].

Ақынның бұлай айтуға тұрарлық айрықша бір ерекшелігі, өлеңдерін жазып кітап қылып баспадан шығарғандығы. Ол әрбір жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіптеп, ықтияттап жинап отырған. Оның алғашқы өлеңдері «Дала уалаяты» газетінде 1889 жылдан бастап жарық көре бастады. Ақын 1889 және 1890 жылдар аралығында бірнеше мақаламен қоса, бес өлең жариялады. Олар мыналар: «Әңгіме», «Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен», «Кедейлікке үш қырсық оралады», «Күн шықпай ерте тұрып», «Білмейді ел өнерлісін аулақ болар». Бұл өлеңдердің бәрінің сарыны ортақ, ой арнасы біреу – ол жастарды енбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады. Ал, ел ішінде бос тентіреп кәсіпсіз жүрген кейбір жастарды сынап мінейді:

Әр істі ойлау керек әуел бастан,
Не пайда өнер жоқ жігіт жастан [12, 50 б].

Осылай дей отырып, еңбек етпейтін, сыбай-сылтаң жүрісті жандарды ұрыспай, сөкпей, тілдемей, жай ғана сыпайы сөзбен ұялтып, қызартады. Оларға «мынадай бол, мынадай істе» деп те ақыл айтпайды. Тек қана еңбек ет, еңбек адам баласының – анасы дегенді меңзейді.

Ел үшін туған ерлер ғылым-білімге, сауаттылыққа шақырған. «Қазақта бір надандық бар. Біреу перзентсіз, баласыз болса: – «Құдай бермеген соң, қайтесің?!» – дейді. Құдай неге бермейді, ол бермейтін сараң ба, жоқ, біреуді балалы қылып, біреуді баласыз қылып, алақол етікші ме, алақол ұста ма? Ай мен Күндей, әмбеге бірдей құдайдың құдайлығы. Ол екеуінен неше мың есе артық, әмбеге бірдейлігі, құдайда алалық жоқ» – деп, Мәшһүр адамның бұл дүниедегі рөлін, оның қабілеті мен күш-жігерін былай деп түйеді: – «Осы дүниені адам көркейтпек, құдайдың құдайлығын жұрт көзіне адам түсірмек». Тауа Мәшһүр Жүсіп өз заманында «Алланы бір, пайғамбарды хақ», – деп ғұмыр кешкен.

Исламның бес парызы, біреуі – иман,
Таппайды бұл бесеуін, дүние жиған.
Ықтият, шын ниетпен жұмыс қылып,
Ерлерді айт Құдай үшін, жанын қиған [12, 70 б.]

– деп толғап қана қоймай, өзі де шарифат жолымен жүрген адам.

Мәшһүр Жүсіп шайтанды молдаларша, – «Дербес малғұн, жұрт көзіне көрінбей жүріп азғырушы», – деп қарамайды. «Ағаштың бойында гүрілдеп ағып жатқан өзен – адамның денесіндегі қан. – Әй, жігіттер, естеріңде болсын, оны «шайтан» – дейді. Ол бір кесек нәрсе емес, денеңе арам қан боп кіріп, жүрегіңе барып, жүрегіңді толқытып, өзіңді бұзады. «Шайтан» деген өзіңнің арам ойың...»

Мәшһүр Жүсіп дүниеден озғанға дейін өзінің жылын өткізеді. Ол 1932 жылдың тақсіретке, қасіретке, қырғынға толы екендігін күні бұрын білген. Мәшһүр Жүсіп көзі тірісінде, яғни 1930 жылы мәңгілік мекенін екі бөлмелі етіп салдырады. Өзі қадағалап, жөн-жоба сілтеп отырады. Төрдегі бөлмесіне өзін жерлеуді және ашық қоюды өсиет етеді. Қырық жылға дейін денесі сол қалпында сақталатындығын және жыл сайын жаз айында ақ дәкемен орап

отыруды ескертеді. Сонан соң, кіре беріс бөлмеге Құранның, кітаптарын, ыдыс-аяқтарын, ер-тоқым, ат әбзелдерін, басқа да өзі тұтынған заттарын сақталсын. Мұнысы олай-бұлай жүрген жолаушылар пайдалансын дегені.

1952 жылы Қазақстандағы безбүйрек, құзғын саясаттың зұлымдық әрекет – кесірінен Мәшһүр атаның қабірі, үйі қопарылып тасталған. Ақынның 1907 жылы Қазан қаласында Құсайыновтар баспасынан үш бірдей кітабы жарық көрді. «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты шығармаларында қазақ халқын өнер-білімге баулу, елде мектеп, медреселер ашу, жер тағдыры, т. б. өзекті мәселелерді көтерді. 1990 жылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының таңдамалы 2 томдығы, 1993 жылы «Қазақ шежіресі» атты еңбегі жарық көрді. Ақын мұрасы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының қолжазбалар қорында сақтаулы. Тіршілікте жолы болмаған, қиянат шеңгеліне ілінген, болашағынан үміт ететіндер, жақсылық, адамшылық, имандылық жолын ұстаушылар, Бір Алланың ақ жолын мұрат тұтқандар, ақыл-ойы кемел естілер әулие Мәшһүр Жүсіптің мавзолей-зиратына келіп, дұға оқып, құрмет етеді. Ғұлама ақынның шөбересі Әсет Мәшһүр Жүсіп өмірі туралы, оның айтуымен жазғандар – шәкірті Мәнәулі Иманғали, жиені Қасенғали Жүсіпов (құйма құлақ) туралы, «Қара жәшік» жазбасын араб әрпінен бүгінгі әріпке аударған құдасы Алдабергенұлы Төлепберген ақсақал туралы мол дерек жинап, тәрбиелік мәні бар көлемді еңбек жазды [13].

Бүгінде ғұлама әулиенің мұрасын насихаттау бағытында әртүрлі шара ұйымдастырылып келеді. Мәшһүртану мен Мәшһүр Жүсіп оқулары жыл сайынғы дәстүрге айналып, жас ұрпақ ұлы ғұламаның еңбектерін санасына терең сіңіруде. Заманында қатарынан озық туған көрнекті тұлға ақындығымен қатар тарих, әдебиеттану, өлкетану, шежіре жинақтау салалары бойынша мол мұра қалдырды. Бірақ өкінішке орай ақынның қолжазбаларының көбі түрлі себеппен сақталмаған. Әсіресе, Кеңес заманында көптеген шығармасы қасақана құртылды. Мәшһүр Жүсіптің ел ішінде көріпкел-әулиелігімен танылғаны белгілі. Оған өзінің дүниеден қайтатын ай-күніне дейін дәл біліп, бір жыл бұрын асын бергізіп

кетуі дәлел. Ақынның шығармалары жиырма том болып басылып жатыр. Бірнеше диссертациялар да жазылды. Ғылыми мақалалар көптеп шығарылуда. Зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының зерттелмеген мұрасының өзі әлі талай ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз.

Соңғы уақытта Мәшһүртану ісі қолға алына бастады. Ақынның туған немерелері филология ғылымдарының докторы, профессор Қуандық Мәшһүр Жүсіптің зерттеу еңбектері және Сүйіндік Көпеевтің ғұмырнамалық естелік – деректері мерзімді баспасөз беттерінде жарық көріп отырды. 2001 жылы Павлодар қаласында қасиетті Мәшһүр Жүсіп атындағы орталық мешіт ашылды. 2003 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің алдындағы алаңда қоладан бюст-ескерткіші орнатылды. 2006 жылы Мәшһүр Жүсіп әулиенің басына зәулім де әсем кесене тұрғызылды.

Ұлы бабамыздың жастарға тәрбиелік мәні бар: – «Жігіт күнінде жаннан кеш те іс қыл, өлсең өлерсің, өлмесең адам болып шығарсың», – деп қайсар рухын ұрандай ұсынып, қазақ халқының маңдайына қасқайып біткен азаматының ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің алар орны ерекше. Өзі өмірден озса да, артына мәңгі өшпес рухани мұра қалдырған қасиетті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамыздың мұрасының бізге және бізден кейін келер талай ұрпаққа берері мол екені сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 *Алдабергенұлы Т.* Дала тарихы. Мәшһүр Жүсіп өмірінің соңғы күні // Төртінші билік. – 2013. – № 16–17 (29 сәуір–6 мамыр). – 6 б.

2 *Бейсетаев Р.* Ақселеу Сейдімбек Әйтеке би туралы. Мәшһүр Жүсіп жазбасын талдау // Төртінші билік. – 2013. № 44(116) (16 қараша). – 9 б.

3 *Құдайбердіұлы Ш.* Түрік, қазақ, қырғыз һәм хандар шежіресі. – Алматы: Ол-Жас ЖШС, 2004. – 80 б.

4 *Көпеев М.Ж.* Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. – 76 б.

5 *Алтысбес М., Аршабек Т., Қасен Е., Кейкі Е.* Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы. – Астана: Парасат әлемі, 2005. – 480 б.

6 *Алтысбес М.* Сүйіндік Айдабол бидің ұрпақтары. – Қарағанды: ҚарМУ басп., 2010. – 476 б.

7 *Мәшһүр Жүсіп*. Қазақтың түбі кім болады. Мәненұлы Иманғали көшірмесі, араб әрпінен аударған Алдабергенұлы Төлепберген. Қолжазба, Баянауыл кенті.

8 *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы*. Мәненұлы Иманғали жазбасы, араб әрпінен аударған Алдабергенұлы Төлепберген. Қолжазба, Баянауыл кенті.

9 Сөз өнерінің зергері. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2008, 6–7 б.

10 Көпейұлы М. Таңдамалы. – Алматы: «Ғылым», 1990. – 5-бет.

11 Көпейұлы М. Таңдамалы. – Алматы: «Ғылым», 1990. – 60-бет.

12 Көпейұлы М. Таңдамалы. – Алматы: «Ғылым», 1990. – 50-бет.

14 Пазылов Ә. Бабалар ғұмырнамасы және Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. – Екібастұз: «Prima Lux», 2007. – 240 бет.

**Шағырбаев Алмасбек,
ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану
институтының ғылыми қызметкері**

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ата тарапынан тегі

(Ақынның жаңадан табылған, өз қолымен жазған өмірбаяны)

Мәшһүр Жүсіп халқымыздың біртуар азаматы екенін көзінің тірісінде-ақ елі мойындаған. Мәшһүрдің өзі жазып кеткен «Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ата тарапынан тегі» атты еңбегі Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорынан (1-том) табылып отыр.

Ақынның 1990 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген екі томдық «Таңдамалы шығармасының» бірінші томындағы берілген өмірбаяны оның өлеңдеріндегі, кейбір жазбаларындағы өзі айтқан мәліметтері бойынша жазылған болатын. Ал Мәшһүрдің өз қолымен жазылған шынайы өмірбаянының табылуы аса маңызды жаңалық.

Айдабол Күліктің бәйбішесінен – Тілеуімбет, Наурыз, Дәулет, тоқалдан – Ақыл, Сексен. Күліктің сексен жасында туған баласының атын Сексен қойған. Тілеуімбеттің он бес ұлы ат арқасына мініп, соңына ерген. Сол шақта қара қалмақ Сыбанмен қазақ жау күнінде көшіп келе жатқанда қалмақтың жасанған жауына кез болып, Тілеуімбет он бес баласымен соғысқа кіріп, өзге ел қашып құтылып, барлық баласымен Тілеуімбет сонда қырылған. Ең үлкені Оспантай

екен, одан тұқым жоқ. Онан соңғысы Амантайдан өсіп-өнген бірлі-жарымды тұқым бар. Одан соңғының аттарын ешкім білмейді. Жау қолында тірі жатқанын көріп, үшеуін орманшы Тайлақ алып қашып құтқарылған, бұлардың үрім-бұтағынан тарағандарды Айтқожа, Жанабай, Күнту дейді.

Бірі бесікте, бірі кебежеде екі немере жас баланы Күліктің тоқалының баласын Сексен құтқарған. Бұл екеуінің үрім-бұтағын Бесім, Қойтан дейді.

Сол Бесімнің бәйбішесі Бөлтек бәйбіше керей қыпшақтың ішіндегі қыпшақ Олақ мергеннің қызы екен. Бұл Бөлтек бәйбішеден туған Ақжігіт, Жанжігіт, Қармыс. Қазақ ішінде қожа-молда үйір-шүйір болмаған күнде Ақжігіт абыз Сыр бойынан Оспанкүл әздер деген әулие қожаға екі бауырының бойжеткен қызын қалың малсыз беріп, үйінің сыртына ақ қос тігіп беріп, мектеп ашып, бала жиып оқыттырған. Қазақ, қазақ болғанда, әуелі қожаны сақтап, мектеп көтерген кісі осы Ақжігіт болған. Қатыны ұдайы қыз таба берген екен. Сонда қызының ең тұңғышы Зәруқажан одан соңғыларының аты – Дәме, Дана.

Бір күні Ақжігіт абыз намаз оқып тұрса, отбасында отырған үрпе-шүрпе қыздар оттың басына төрт ши шаншып, «Сенің атың Құлмұхамед, сенің атың Сермұхамед, бірінің атын Досмұхамед, бірінің атын Бермұхамед қойып, намаз оқыған төрт кісі қылып» айтады. Соны Ақжігіт абыз аңғарып, намаз оқып болған соң, өз қатынын өзі «құдағи» деп шақырады екен.

«Құдағи, сен байқадың ба, Зәруқажан кейінгі сіңлілерін қалай ойнатып, алдандырып отырғанын. Сен төрт ұл табады екенсің, осы төрт атты қояды екенбіз. Ал енді ұл таптың,» – дейді. Айтқанындай бір ұл тапты, атын Құлмұхамед қойды және тапты Сермұхамед қойды және тапты Досмұхамед қойды. Сол шағында Ақжігіт абыз қырық тоғыз жаста болды. Ел жайлауда отырған кез екен. Ол уақытта жайлау жерлері Көкшетау айналасы, қыздың Қарасуы, Шортанқарағай деген екен. Ақжігіт абыз бір жақтан жолаушылап келе жатып тал түсте ат шалдыру үшін бір өзек сайға түсіп, кішкене қисайса, көзі ілініп кетіп, түс көріпті. Ояна түрегеліп:

«Балалар, менің жирен жорға атымды алып келіндерші, мен бір түс көрдім, сол түсімнің қабыл болуына атымды құдай жолына

айтқандығыма куә болыңдар, ұятты жерімнің қақ басына бір көк кептер қонып отыр екен. Ол жұмақтың құсы, енді мен кідіріп қалмай өлсем керек,» – деп аттана түрегеліп, сол күн үйіне келе ауырыпты, өзі өсиет қылыпты: «Мені осы түс көрген жеріме қойыңдар» деп. Сонда «құдағиы» екіқабат екен. «Мына ішіндегінің атын Ермұхамед қой, төрттің бірі болсын, менің ізімді бассын» – деп. Сол іште қалған баланың атын Әзден абыз қойыпты. Досмұхамед Досбай атанып, Әзден достың атын заманындағы жұрты біліпті. Керей Тұрлыбек заманында Досбайдың асын Ошақты көлдің басында берген.

Зәруқажан деген қызы Қозы керейге ұзатылып, онан Мұхамедсалық деген бала туып, ол да өз заманында Мұхамедсалық ахүн атанды. Бұл Мұхамедсалықтың зираты Қараөткелден Қызылжарға баратұғын керуен қара жолының үстінде. Ақжігіт абыздың өзін түс көрген жеріне апарып қойыпты, келер жылы ел жазда барғанда моласына үйрек жұмыртқалаған екен. Заманындағы қариялар «бұл жақсы ырым, жақсы болады екен» десіпті.

Әзден дос заманында бір түрлі жақсы болыпты. Керей Имансыманның асында Әзден абызды Тұрлыбек жеке дара қылып күткен екен. Соғымын бөлек сойдырып, үйін аулаққа тігіпті. Осы күнде сол Әзден абыздың тұқым-жұрағатын таратсақ, Ақжігіт абыздан туған төрт Мұхамедтің біреуі Сермұхамед, сол Сермұхамедтен туған бес ұл. Сол бес ұлдың бірі біздің өз әкеміз Көпей марқұм.

Ең үлкені Шаншар, одан соңғы Мынжасар, одан соңғы Жүзжасар, одан соңғы Көпжасар, ең кенжесі Мағырып, кішкене қораш болып туған соң, Көпжасар аты қалып, Көпей атанған себебі солай болыпты.

Қазақта баланың үлкені қадірлі болады, кенжесі қадірлі болады, «ортаншыға оқ тимес, оқ тисе де боқ тимес» деп қадірсіз, құнсыз ұстайды. Ата мұрасы жер ең үлкені мен кенжесіне тиеді, ортаншыға қаңғырып қайда кетсең, сонда кет дегендей қылады.

Мұны айтып жатқан себебім, өзі қораш туған соң өзі баланың не үлкені, не кенжесі болмаған соң, әрі сыбағадан кемшілік көрген соң атамыз марқұм он сегіз жасында «оқу оқимын» деп Қызылжарға жаяу қашады. Барып медресеге кірісімен ауырып қалыпты. Үш-төрт ай ауырып жатқан соң, ауырғандағы қалған қаражатын

төлеп құтылу үшін Ахметжаудыр деген ноғайға қарамалайлыққа тұрыпты. Фамилияларын Фатихалла Бикташов дейді екен. Сол қарамалайлыққа тұрғаннан ноғайлары рұқсат бермей, босатпай, Түркістан, Тәшкент, Бұқараға алып кетіпті. Сол жақта жүргенде көп малмен Арқаға шығарып, Қарсұн – Керней, Әлтеке – Сарым, Тама, Өр Қуандығында «Көпей саудагер» атанып көп жүріпті.

Тоқаға Телқозы, Байқозы, Қарақозы үш қозы да жатады екен. Нұра бойында Еңлік аулы да, төре Қоңырқұлжа, Әлтеке – Сарым, Жанғұтты да, Тама да, Қаңлы да жатады екен.

Өзіміз ат арқасында мінген соң, жүрген-тұрған жерінің бәрін аралап көрдік.

Қырық жастан асқан соң, рұқсат беріп, «өз қолындағы өтпей қалған тауар еншің», – деп сонымен жолда Қоңырқұлжа төренің аулында жатып, Алтай, Мұрат, Танаш, Қапайдың қызын алып, өзі қырықтан асқан кезінде, Танаш қызы Ұлбала марқұм анамыздың он сегізінде қой жылы ережеп айында жұма күні жалған дүниенің жарық жүзіне келген екенбіз.

Қырық екі жасында біз туған қой жылы болған. Анамыз марқұмның жылы қоян еді, он жетіден он сегізге аяқ басқанда ең тұңғышы көрген перзенті біз болыппыз.

Бес жаста Баянауылда Бұқарадан оқып қайтқан Нәжімеден хазірет сол зат шәріптің ғұзырына келіп, алты жаста мағынасымен «Шар кітап» оқып, сегіз жаста және Баянауылда молда Хамыралдин ахұнның алдына отырып, тоғыз жаста Мұхтасарды білген. Жиырма тоғыз жаста Бұқараға барып медресе мырза Ұлықбекте, Хамзе қожадан, ноғай медресесі Сыражалдин муфтиден дәріс оқып, Миракәнде Сахыпзәде немересі хазірет ишан менен Мәлік тәрбиесінде болып, отыз жеті жаста Тәшкент шаһарында Бесағаш мақаласында Әбілхасым хан, ишан қасында тұрып, немерелері Әкірам хан төреден тағылым алып, жортуы көп болып, оқып-білуі аз болған.

Үйлі-баранды, қатынды-балалы болған соң атамыз марқұм «бай жігіт болдым» деп қаракесек, сүйіндіктердің аралығынан қоныс қылып, отырықшы жай қылмақшы болып, Желтау Шоқпардың қасында Күйеушоқы деген жерден екі ағасы, бір інісі ағайынды төртеуі болып бір жаз жатып үй салдырып, арық ағызып,

егін-жай, пішен-шабындық жер қылмақшы болған. Саудадан жиылған өгіз, ту сиыры аралас жүз сиыр, төрт жүз қойды күзгі ақ сабан кезінде Қараөткелге айдап, арзан сатпаймын деп қайта айдап келіп, қарға салып, сол тауықтың жұты деген жұт соғып, барлық малды қырып алып, Күйеушоқының түбінде күйеу болып шоқиып отырып қалыпты. Содан соң «дүние-мал жолдас емес екен, ғылым – жолдас екен» деп жаз шыққан соң, мына үш жасар баламды оқуға беремін деп Баянауыл қаласына көшіпті. Қалалы жер мешітсіз болмас, мешіт болса, молдасыз болмас деп. Ол күнде Баянауылға мешіт салынған жоқ екен. Орнын белгілеп салуға жаңа даярланып жатқан кезі екен.

Қаланың күнбатысынан бір қазақ орыстың шатырсыз үш бөлмелі үйін сатып алып, мешіт орны деген жердің көк желкесінен үй салдыра бастайды.

Ит жылы қалаға бес шақырым жер Ысмайыл Қызылағаш деген жерде Сатылған, Садыр, Асубай, Жұмабай деген жатақтармен бірге қыстап, ағаш үй салынып бітпеген. Бірнеше жыл сол Қызылағашта тұрып қалған. Біздің бес жасқа аяқ басқанымызда Павлодарда неше жыл тұрып марқұм болған Нәжімеден хазірет Арқаға алғаш келгенде, Мұсаның қожасы Сәт қожа марқұм қолында ұстап бала оқытқан молдасы екен. Өз үйлері күйіп кеткен себепті Баянауылда пәтерде тұрып, қолындағы молдасы Байжан хазірет салдырған ескі медреседе бала оқытып, бес жасар бізді бес шақырым жерден алып келіп, «ағузу, бисмилләни» сол кісі үйреткен екен. «Балаң Бұқара балаларындай зерек екен. Мұны Әптиек Құранмен алдандырмайын, оны өзі үйретейін деп «Шар кітапты» оқысаң, әр кітапты оқысың деген, ата-бабаңның мақалы бар еді ғой. Соған салып жіберейін» депті. Құр қарасы емес, мағынасымен екі қыста «Шар кітапты» түгелімен жаттатыпты. Содан соң құлаққа естілгеннің бәрі жат бола бастап, естілген сөздің ұғылмай қалғаны жоқ болса керек?! Ол күнде ескі закон, Мұса дуанбасы, Секербай қазы Баянауылға Мұса мырза келіп:

«Сопы, балаңды алып кел, көремін, – деп алдына алдырып сөйлетіп, мынау жұртқа Мәшһүр болып, жұрт құлағын шулатайын деп тұр екен. Болсын пақыр-ай, көп жасағыр екен, сопы, бұл балаңа үкі тағып қой, бұдан былай үкісіз жүргізбе», – депті.

Содан Мұса мырзаның алдына шыққан соң, үйге жеткенше тоңып қалар деп жолда Хамар хазіреттің бибісі Бибімариям Ғабдолла Хәлпе қызы өзінің жалғыз қызының басындағы үкісін жұлып алып өз қолымен бөркіме қадады. Содан соңғысын сендер сұрамаңдар, мен мылжыңдамайын. Ауыздан шыққан лебіз бәрі менікі болды.

Қазақ ішінде айтылған өлеңнің құлақтан құлаққа естілгені жетпей қалғаны жоқ. Он бес жаста ұйықтап жатқанымда өзіме танымал ақындардың бірі қыздарға жазатын сөзден үш ауыз өлең үйретті. Үйге келсем, есімде даяр тұр, қағазға жаздым, содан соң ақ еркіме қоймады, өлең жазуға түсіп кеттім. Ал енді Мәшһүр болмасқа немене?!

Жабысты маған өлең он бес жаста,
Жұрт айтты не қыласың, – деді – таста.
Сөйткенмен қоя алмадым бір білген соң,
Мінім жоқ жұртқа қылған онан басқа.

Бір мектепте қанша бала оқыса, бәрінің алған сабағы біздікі болды. Үйге қақсап айтып келетұғын болдым. Пәлен баланың сабағы мынау, түген баланың сабағы анау деп. Сондай болған соң, атамыз марқұм үйге отырғызбады, қай жерде оқу бар десе, апарып тастайтын болды. Біздің сегіз жасқа анық толған кезімізде, қоян жылы Қамардин хазірет Омбыдан көшіп Баянауылға келді. Баяғы шатырсыз ағаш үй түгел баспана болуға жарап, атамыз марқұм да қалаңда қыстайды.

Біз алып барып ол кісіге берген соң: «Бұл балаңды оқуға басы бүтін бересің бе, жоқ, бүгін оқытып, ертең қойдырасың ба», – дейді. «Өзінің өмірі бойынша оқудан айырмайын деген ниетім бар, таксыр», – дейді.

«Шар кітапты» танымал болған сөз одан іркіліп тұрып қалайын ба, ол кісінің аузынан шыққан сөзді екінші ойлануына келтірмей, сұраса қайта өзіне айтып бере берген соң, қызығып үйрете берді де жазған зар жақ тарсылдатып жатқа соға берді. Жалаң сабақ оқумен тұрған жоқ, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Төрт жігіттің өлеңін» жазып алып жатқа соғып, көрінгеннің алдында

самарадай қақсайтеұғын болған соң, көзге түсіп, жұрт аузына іліне бастадым.

Бозбала, менің атым Мәшһүр Жүсіп,
Кетемін сөз сөйлесем желдей есіп.
Бәйгеден келіп жүрген келмей қалып,
Тұғырдан шабатұғын кеттім түсіп.

Әуел бастағанда қыздарға өлең жазып, қыздарды мақтауды өнер көріп, сонымен желігіп кеттім. Сонан соң парсы хикаяларын өлеңмен қисса қылуға құмарланып, онымен біраз алдандым. Онан бері келген соң «Пайғамбар мигражын», «Дүниеден өткенін», заманындағы атағы шығып, ауызға ілінгендерді, бұрынғы-соңғысын түгел өлеңмен сөйлеп кеттім...

Сәрсенбі Дәуітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан-Заман. – 2003. – 1 тамыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев шежіресінен қысқаша көшірме

Халқым ұл баланы ерекше мәпелеген ғой. Шәжемнің ортаншы қызы Тәтіштен қалған Роман нағашы атасының атында болатын (Сәлкен Субханбердиннің). Бір күні маған келіп «Наш родословный кто?» деді. Мен осы уақытқа дейін қайдан шықтық дегенге онша көңіл бөлмеппін. Оның да түрлі себептері болса керек. Ең зоры – кешегі «халық жауының» қызымын ғой... Әбүйір болғанда ертеректе Шәжем Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежіресінен көшірген, машинкаға басылған нұсқасын маған арнап беріпті. Міне, сол көшірмені бүгін оқырман назарына ұсынып отырмын.

Үшкөлтай Субханбердина

Атамыз АНАСТАН басталады.

АНАСТАН Мағаз туады, МАҒАЗДАН – Жәбіл, Ақшолпан,
Аңқарай, Аламан, Сейілхан, Жаңылхан туады.

Сейілханнан Сегіз арыс Түрікпен тарады (Тәжік, Қырғыз). Жаңылханнан – Майқы би туады. Майқы биден Әзбек, Сапан туады. Әзбек Сарттан қыз алып Шаһарға (Ташкент) қашады. Сапанның түйесі көп болып Сарыарқаға келеді. Сапаннан – Айырқалпақ, Айырқалпақтан – Қазақ, Созақ туады.

Созақтан – Қарақалпақ туады.

Қазақтан – Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс (Үш жүздің аталары) туады.

Ақарыстан – Ұлы жүз. Жанарыстан – Орта жүз. Бекарыстан – Кіші жүз туады. Жанарыстың 6 баласы болады.

1. Қара қожа

4. Дара қожа

2. Аққожа

5. Есімқұл қожа

3. Ақтанберді қожа

6. Қасым қожа.

Қара қожадан – Арғын. Ақ қожадан – Найман. Ақтанберді қожадан – Қыпшақ. Дара қожадан – Қоңырат. Есімқұл қожадан – Керей. Қасым қожадан – Уақ туады. Орта жүзден демек, Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Керей, Уақ – алты атаның ұлы ел болды.

Арғын 4 әйел алған. Бәйбішесінің аты – Әркүл. Екінші әйелі – Момын, үшіншісі – Айнакөз, төртінші әйелдің аты белгісіз.

Әркүл бәйбішеден – Құтан туады. Құтаннан Мейрам сопы мен Қарашаш деген қыз туады. Құтан, Мейрамның екі жасында өледі. Содан Мейрамды үлкен шешесі асырайды. Құтанның ерте өлгенін білмеушілер, Мейрамды Арғынның бел баласы деушілер бар (Олай емес Мейрам Құтанның баласы, Арғынның немересі).

Екінші әйелі Арғынның Момыннан – 5 бала туады.

1. Ақ сопы, одан – Қанжығалы, Тобықты

2. Сары сопы, одан – Атығай

3. Арық сопыдан ұрпақ қалмаған

4. Нәдір сопы, одан ұрпақ болмаған

5. Қара сопы, одан – Қарауыл, Бәсентыйын.

Үшінші әйелі Айнакөзден – 2 бала туады.

1. Сары жетім.

2. Шақшақ.

Бұл екеуінің анасы жастай өліп, Момын асырайды. Сондықтан болу керек Момыннан туған бес балаға қосып, Жеті Момын дейді. Ол дұрыс емес, екі баланың шешесі бөлек. Төртінші әйелден:

Ақташы, Байташы, Бұғышы, Тағышы туады. Бұл төрт баланың тұқымдары тегіс Жиделі болса да, мұндағы арғыннан көп болмаса аз емес. Асылы Арғын болдың әр кім болдың деген сөз. Арғыннан туған ұрпақтың көпшілігінен қалған екен.

ӨЗ АТАМЫЗ

Мейрам бабамыздың зираты Алатау маңында. Мейрам 3 (үш) әйел алады.

Бірінші әйелі Алшын Қодыс бидің қызы, аты – Нурфаида. Бұдан 2 (екі) бала туады.

1. Қуандық.
2. Сүйіндік.

Екінші әйелден: Бегендік (Қозған), Шегендік (Қақсал) туады. Бұл екі баланың шешесі ерте өліп Нурфаида бәйбіше асырап өсіреді. Халық содан бәйбішенің төрт баласы дейді.

Үшінші әйелден аты Қарқабай, Болат Қожа (немесе Қаракесек) туады. Сүйіндік 2 әйел алады. Бәйбішесі Ұлы жүз Үйсін Егізбидің қызы. Бұдан екі бала туады.

1. Оразгелді
2. Сүйінші.

Оразгелдіден: Шуманақ одан: Күлболды, Жанболды, Жолболды, Орманшы, Қаржас (асыранды баласы ол жөнінде кейін қараңыз).

Жанболдыдан 6 бала: Жуанар, Күлік, Айдабол, Ақбура, Майлытон, Шегір.

Айдаболдан 8 бала: Жанғозы, Малғозы, Қарақозы, Аққозы, Бозқозы, Жәйгелтір (Қожагелді көшетер).

Жанқозыдан 5 бала: Төлебай (Жеке, Батыр) Қосқұлақ, Мамыт, Көсте, Баян.

Төлебайдан 5 бала: Жолан, Еламан, Едіге, Мәлгелді, Елгелді. Мәлгелдіден – Ақпан; тоқалынан – Серкебай.

Ақпаннан 4 бала: Әділше, Темірболат, Бөктергі, Асарбай. Темірболаттан Ибраһим (Боқшал).

Әбілда тоқалынан Мәдкей.

Ибраһимнан 9 бала: Шәукілдек, Хасен, Тәжи, Бәсіпке, Әрмия, Уайда, Шәкен Халимолла (Қали), Үкібас (екеуі тоқалынан).

Хасеннен 4 бала: Субханберді, Ағламберді, Әжмұхаммет, Мұхаммедкәрім. Субханбердіден: Сәлкен (Мұхаммедсәлім),

Қалкен (Мұхаммедғалым), Нүркіш (Нұрмұхаммед), Алтай, Балкен. Қыздары: Үшкөлтай, Қалкетай. Тірілері Сәлкен, Алтай, Үшкөлтай. Ағламнан Баяш. Өзгелерінен тұқым жоқ.

Сәлкеннен – қыздары: Тамара, Тәтіш, Жаннат, Әлия. Ұлдары: Әмір, Елжан, Нұржан.

Ал енді Қаржасқа келсек (ол Әміржанға керек болар) Оразгелдіден Қаржас.

Дақ болып жеке туған Қаржас еді, Ақ сүйек алтын сандық алмас еді, Бақ қонып қыдыр дарып дұға тиген, Бабаңның Оразгелді баласы еді.

Қаржастың әкесі жоқ дегенге байланысты Мәшһүр шығарған.

Қаржастан 3 бала туады. Алтынторы, Сатылған, тоқалдан – Құлке.

Алтынторыдан 5 бала туады.

1. Мәмбет әлі 2. Жолымбет әлі 3. Бейімбет. 4. Келімбет. 5. Артық.

Бейімбет пен Келімбеттің тұқымы Арқада емес, ертеде қоныс аударған. Жолымбеттен 4 бала туады: Балымбет, Назар, Қолсары, Қалқаман.

Қалқаманнан екеу туған: Бұқар жырау, Төке. Бұқардан – Ақдербес, Жарылғап. Ақдербестен – Изан, Жақсылық. Изаннан – Қапторы, Мыңбай, Бозбай туады. Мыңбайдан – Өтеген, Өтеуілі. Өтегеннен – Майлыбай, одан – Аяпберген. Өтеуліден – Атығай, Қараш туған. Сатылған (үш әйел алған): Бірінші әйелден – Қарақалпақ. Екінші әйелден – Жансары, Тақат. Үшінші әйелден – Қоныс, Мәмбет.

Құлкеден 4 бала туған. 1. Ойым 2. Телі 3. Тілеуімбет. 4. Әлімбет Ойымнан – Өтел, Баян, Жаулыбай. Теліден – Анай.

Тілеуімбеттен – Есенқұл, Елшібек. Әлімбеттен – Дәулет, Қосаболат, Үмбет туған.

Анай 4 әйел алған. Бірінші әйелден – Нияз. Екінші әйелден – Мырзағұл, Құдайқұл. Үшінші әйелі – қалмақ қызы одан – Жәдігер. Төртінші әйелден – Құлтуған.

1. Нияздан – Құттабай, Бөгембай, Таттыбай.

2. Мырзағұлдан – Сатыпалды, Сәти, Баймұрза, Жаймұрза, Наурыз, Ақмұрза.

3. Құдайқұлдан – Ақжігіт, Қыстаубай, Жетібай, Көбеген, Ақкісі туған.

4. Жәдігерден – Жаңқа, Қараша, Қанай, Сатай.

5. Қалдан – Құдайберген, Тәңірберген.

Тілеуімбет баласы – Есенқұлдан – Талас туады. Елшібектен – Тоқсан. Қосаболаттан – Бабас. Үмбеттен – Базар. Дәулеттен – Рысқұл, Ақша. Ақшадан – Жиналы, Маман, Манақ. Жиналыдан – Әміржан, Алшыбай, Зарубайдың аталары тарайды.

Субханбердин Сәлкен

Өмір жолы мен қалыптасуы

Тәуелсіздіктің арқасында кейінгі кезде тарихымыздағы қолдан жасалған «ақтаңдақтарды», яғни белгісіздік атаулыны ашып, тани бастадық. Соның бір көрінісі – белгілі ақын, фольклорист, тарихшы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мол (біздің есептеуімізше, 25–30 том көлемінде) мұрасының алғашқы екі томдық таңдамалысының шығуы, сонымен бірге баспасөз бетінде ақын туындыларымен ол жинаған ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінің соңғы 5–6-жылда жиі жарияланып жатқаны. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіп өмірбаяны да қазірге дейін үстірт қарастырылып келгенін, ақынның өзінің немесе оның жиені Жолмұрат жазбаларына назар аударылмағанын атап өткіміз келеді. Мәшһүр-Жүсіп аталары кімдер болған десек, шежіре заңы бойынша алдымен әкесін, іле оның баласын келтіру ретімен берсек, мына көрініс шығады: Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Бесім – Ақжігіт – Сермұхаммед – Көпжасар (Көпей) – Мәшһүр-Жүсіп.

Бұл есеп бойынша, Мәшһүр-Жүсіп Жанарыстан кейінгі 16-ұрпақ болып шығады. Атап айтқанда Орта жүзге енетін Арғын ішінде Сүйіндік руынан тарайтыны анықталады. Мәшһүр-Жүсіптің 1907 жылы жарық көрген «Сарыарқаның кімдікі екендігі» еңбегіне және «әулеттік архивте» сақталған сол кітаптың кеңейтілген варианты – өз қолжазбасына сүйенсек, ақынның сегізінші атасы – Құлболды Сырдарияның ар жағында (Павлодар өңірі көзімен қарасақ, оңтүстік-батыс, яғни қазіргі Өзбекстан жағы) тұрғанын,

кейін одан тараған ұрпақтың, мәселен, ақынның бесінші атасы – Бесімнің Ұлытауды, ал төртінші атасы – Ақжігіттің Көкшетауды мекен еткенін анықтаймыз.

Мәшһүр-Жүсіп пен Жолмұрат жазбаларында Көпжасардың Орта Азия, Қазақстан арасында қатынаған сауда керуенінде қызмет еткені, кеш үйленгені, кейін еңбегімен тапқан біраз малын жұт жылы (1861 жылы) қырып алып, Мәшһүрдің 3 жасында (1861 жылы) «адамға мал да жолдас емес, ғылым жолдас» екен деген шешімге бойсұнып, баласын медреседе оқыту мақсатында Баянға (ол кезде қала аз болғандықтан да қыр қазақтары Баянды қала деп атап кеткен) көшіп келгені нақты көрсетілген.

Бұл жазбаларда сонымен бірге 1862–1864 жылдар аралығында Көпейдің Баянда сала басталған үйі бітпегендіктен де, уақытша сол арадан 5 шақырым жердегі Қызыл ағашта кедей жатақтармен бірге қыстағаны туралы да дерек бар.

Осы орайда Мәшһүр-Жүсіптің алтыншы атасы – Тілеуімбеттің 14 ұлымен бірге қара қалмақ Қатысыбанмен соғыс кезінде өлгені; ал бесінші атасы, яғни Тілеуімбет ұлы Бесімнің қартайып өліп, оның денесін Ұлытаудың «Бесімнің бес саласы» атанған теріскей бетінде Тілеуқабыл асуының бас жағына қойылғаны; сондай-ақ Бесімұлы Ақжігіт абыздың 49 жасында қайтыс болып, Көкшетау бауырында Шүртік Қарағай – Қыздың қарасуы деген жерге жерленгені туралы деректер де сол жазбаларда орын алған. Ал, Ақжігіт ұлы Сермұхаммедке келсек, оның 70 жастан асып, Қызылтауға, ал Сермұхаммед ұлы Көпжасардың (Көпейдің) 73-ке келіп, Баянда жерленгені де кезең тарихын ашарлық құнды деректер дегіміз келеді.

Мәшһүр Жүсіп 5 жасында Баяндағы Байжан Смағұлұлының медресесінде Нәжімалдин хазіреттен оқиды. Ол баланың алғырлығын, зеректігін аңғарып, оны «Шар» кітаптан бастап оқытады. Мәшһүр Жүсіп 8 жасында Қамариддин хазіреттен оқи бастайды. Жас кезінде Бұхарай-Шарифтен оқып, дін ғылымын бітірген, кейін Ақмола облысында дуанбасы Керей Тұрысбектің қасында бірнеше жыл тұрып, одан соң Омбы облыстық ахуны болып жүрген жерінде дуанбасы Мұса Шорманұлы шақыртуымен Баянға келген. Қамариддиннің шығыс мәдениетін, қазақ ауыз

әдебиетін кең білуі және насихаттауы – бәрі болашақ ақынға шешуші ықпал еткені анық. Бұрын ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілері тек ауызша айтылып, оны қағазға түсіру дәстүрі болмаса, Қамариддин хазірет ала келген: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Төрт жігіттің өлеңі» т. б. жырларды қағазға түсіріп, ауызша жырлап айтуы – Мәшһүр Жүсіптің 8 жасынан бастап-ақ ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін қағазға түсіріп, халыққа тарата бастағанын дәлелдейді.

Ол уақыттарда Мұса Шорманұлының Баянаула дуанына қараған халыққа аға сұлтан, дуанбасы болып тұрған күні екен, үйіне әдейілеп әкелі-балалы екеуін шақырып алып, бастан-аяқ тыңдайды. Әкесі, Көпейге: «Мұнан былай бас киіміне үкі тақтырып қойың. Көз-тілге шет болмасын. Бұл бала өз заманында халыққа Мәшһүр болатын бала екен», – деп лепес қылған екен. Сөйтіп бұрынғы Жүсіп деген атына Мәшһүр деген атының алғаш қосылу тарихы осы сөзден басталса керек. Ал Мәшекең тақиясына үкіні хазірет әйелі бибі Мариям, қызының бөркіндегі үкісінен бір шоқ алып таққан екен. Содан Мәшекең 3 жыл хазірет үйінде, кейін Мұса Шорманұлы үйінде, кейін тағы да 2–3жыл Баянда тәлім-тәрбие, дәріс алады. Яғни 8 жасынан 15-ке келгенше Қамар хазіреттен оқып, дін, ғылым, араб, парсы, түркі кітаптарын т. б. меңгереді. Ал, 1874 жылы 16 жасында Мәшһүр Жүсіп Әкімбек дегеннің үйінде 2 жыл тұрып, жалғыз баласы Қабылбекті оқытады. Оның жаз жайлауы – Ақмола облысы «Еркіншілік» ауданына қарасты Ақша көлдің басы.

Алғашқы Мәшекеңнің өлеңі 15 жасында жазылған. 20 мен 25 аралығында Мәшһүр Жүсіп Сарыарқаның халқын, жерін-суын түгел аралайды, серілік құрады. Әр таптың, әр дуанның аты, атағы бар адамдармен жолығып, пікір алысады: Қарқаралы дуанында заманында халқына қария, үлгі болған, көпті көрген көне, қажыға бірнеше рет барған Жүсіп қажы Бердалы қожамен; Атбасар дуанында Әліке Байдалы, Аққошқар Сайдалы тұқымдарымен және де Атбасарда Мейрам қажы Жанайдар Батыр баласымен т. б. танысып көптеген уақыттарын бірге өткізеді. Мейрам қажыға 23 жасында, яғни 1881-інші жылдары кездесіп, үйір болып танысып, көп уақыттар, жазы-қысы қолында болады (көне қолжазбалар мен кітаптарды ақтарып, әдеби мұра сөздерін көп зерттеген).

Сондай-ақ Мәшекең Ақмола дуанында Қоңырқұлжа төре тұқымдарымен, Жәңгір төремен т. б. танысады. Жәңгір төре де сөзге шешен, ұғымды, ұқпа құлақ қария, сауатты адам болған. Ақмола дуанына қараған Қама, Жапар елінде атақты Бөгенбай батырдың немересі жүз жасаған Саққұлақ шешенмен, заманында Орта жүзге шежіре атанған қариямен араласып, тарих жағынан, қазақ әдеби мұра сөздерін жазып алып хатқа түсіреді. Ал Көкшетауда Абылай тұқымы көп төрелермен танысады. Сыздық төре Кенесарыұлымен Ташкент қаласында, т. б. жерлерде бірнеше рет кездеседі. Атақты Атығай, Қарауылдан шыққан Ақан серімен жиі кездесіп жүреді: «Ақан сері Құлагер өлген соң бұрынғы серілік мінезді қалдырып, көп бас қосатын ас, жиын-тойға жүрмейтін, бармайтын болып дүние мұхаббатынан мүлде көңілін суытты, – дейді. – Құлагер өлген соң Ақан серінің басынан бақыты тайды. Ақан сері адамзаттың сұңқары, қызыл тілдің ділмәрі, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі еді. Ақан серінің Ақтоқтыға жазған өлеңі», – деп бірнеше өлеңдерін жазады. Ақан серінің 40 қызға 40 түрлі айтқан өлеңдерін; Құлагерді мақтап, жоқтап жазған өлеңдерін келтіре отырып, Мәшекең Ақан серіні әйел мақтау өлеңіне жетік, көп ақындардан аузы епті деп мақтайды.

10–15 жасынан бастап-ақ өлең жазып, хат жазарлық болғаннан-ақ Мәшһүр-Жүсіп халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз жүзінен де жинаумен айналысады. Арасында өзі де айтысқа түсіп, қаламмен де жазысып айтысып жүреді. Өзі турасында Мәшекең: «Үш жүздің баласы, қазақтан шыққан қария, шешен сөзге ұста, тапқыр, ойшыл, кеудесінің есігі бар, көзі жіті, көңілі қырағы, бір тіл емес, әр тілде білетін оқыған, тоқыған, жүйрік, білгіш адамдармен ойда-қырда, талай жерлерде жолығып, талайынша сөйлестім, – деп айтқан жерлері де жоқ емес. Ата білген, шежіре болған бұрынғының көне қарияларына көп сөйлестім: Қаракесек ішінде Бердалы қожа, Қанжығалы қария Бөгенбайдан шыққан Саққұлақ – сондай жұрт аузында шежіре атанған қариялардан естідім. Абулғазы Баһадүр хан шежіресін құрттай бала күнімде оқыдым. Науаны бәрін барып ақтардым. Түрік жұртынан шыққан ғалым Шырынзахралдин Әмір Науаның күллісі қолымда. Бала жасымнан Мұса Шорманмен таныстым. Бұхарай – Шәріп пен Хатымкәрдә болып шыққан Қамар

хазіреттің мәжілісінде болып өмір кешірдім. Мұны жазғаным мақтан үшін емес, ақтан үшін», – дейді.

Жасынан ел аузынан, қағаз жүзінен жинаған үлгілі сөздерінің біразын 1880–1885 жылдары Омбы қаласынан шығатын «Дала уалаяты газетінде» бастырады.

1887 жылы 29 жасында Мәшһүр-Жүсіп Бұхар, Ташкент, Түркістан т. б. шаһарларына сапарға шығады. Ол заманда негізгі көлік қатынасы түйе, ат малы болғанын ескерсек, бұл сапарлардың өздері 2–3 жыл уақытты қамтыса керек. Айтылған шаһарлар араб жұрты, Стамбұлдан соңғы Орта Азиядағы мұсылман көпшіліктің мәдениетті жері. Бұрынғы өткен ғасырларда Азия жандарының тақ құрған жерлері болған себепті, Мәшһүр-Жүсіп бір жыл Бұхарда тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркінің т. б. тілдерін, жат тіл, жат сөзді жақсы түсінеді. Өзбек, тәжік, сарт, қызылбас т. б. – бұлардың да тілін, әдет-ғұрпын түсінеді. Абуғали, Сина, Абултарит, Сократ, Хакім сияқты т. б. ғалымдардың жазған ғылыми кітаптарын оқып көреді, тәжірибе алады. Иран ғалымдары мен шайырларының күшті болған шах Сағдидің жазған кітаптарын да оқиды. Абулғазы Баһадүр хан шежіресін, «Мың бір түн», «Шахнама», Науаи, Фердоуси, Сайқалы т. б. кітаптарын жатқа білген. Тіпті, Ташкент қаласынан шығатын газеттерге де өлең, мақала т. б. беріп тұрған.

Келесі жылы Бұхардан қайтып, Түркістандағы атақты Қожа Ахмет Яссауидің басындағы Әмір Темір салдырған көк күмбезін көреді. Онда да бірсыпыра уақыттар болып, бірнеше ғалымдармен танысады. Одан әрі Сыр өңірін аралайды: Майлықожамен жолығады, жеті атасынан тұқымынан ақындық үзілмеген дуана қожа Көшек, Күдері қожа тұқымдарымен танысады. Одан кейін Шу мен Сырдан өтіп, Ұлытау мен Кішітауды басып, Есіл мен Нұраны жайлап, мекен қылған Алтай, Найман, Қоңырат, Қыпшақ т. б. елдерін аралайды. Осындай екінші сапарына Мәшһүр-Жүсіп 37 жасында, яғни 1895-жылдар шамасында шықса, үшінші сапары 49 жасына (1907) сәйкес келеді.

Мәшһүр-Жүсіптің үш кітабы: «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көрген бір тамашамыз» атты туындылары 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан

жарық көреді. Кейіннен ол баспаханадан шыққан 14 қалам иесінің шығармаларын цензура сотқа тартады. Ішінде Мәшекеңнің жоғарыда аталған еңбектері де бар. Сондай-ақ Мәшһүр-Жүсіптің кейбір еңбектері «Айқап» журналына да басылған.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ақынның фольклорист, тарихшы, этнограф, философ ретінде өсуіне ықпал еткен ғалымдар, ұстаздар, т. б. төңірегіне келетін болсақ: бір жағында Нәжімалдин хазірет, Қамаридден хазірет т. б. тұрса, екінші жағында – сол кездегі ел зиялылары, ауыз әдебиеті, тарих білгірлері әсері бар. Олар: Мұса Шорманұлы, Мейрам Жанайдарұлы, Бөгенбай ұрпағы Сакқұлак шешен, Қүдері қожа, Майлы қожа, Ақан сері, Естай мен Майра ақындар, Сыздық төре Кенесарыұлы, Абылай хан тұқымдары, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы т. б.

Сондай-ақ Мәшекеңнің «Дала уалаяты газетіне» көптеген материалдар ұсынып отырғаны белгілі, яғни ол газеттерді алып та тұрған. Ал ол газеттің 1894 жылғы 29, 30, 31-сандарында басылған Г.Н. Потаниннің «Қазақтардың арасындағы әр түрлі ойлап шығарылған өлең, қысса, ертегілерінің, әдет заңдарының керекті болғаны турасында» деген мақаласын оқымауы, көрмеуі мүмкін емес. Өйткені мақалада сұрау түріндегі берілген ұзақ тізім ішіндегі 13 тақырып Мәшекең жазбасында да кездеседі. Мысал үшін, мақаладағы Ай мен Күннің тұтылуына, жер жаратылысына, жануарлар арасындағы ең мықты аң төңірегінде, өсімдіктер дүниесіне, жезтырнаққа, Едіге мен Тоқтамыс ханға, Алаша ханға, Жиренше шешенге, Ақсақ Темірге, Сүлеймен мен Байғыз құсқа т. б. қатысты сұраулары Мәшһүр-Жүсіптің «Тама Сарыбас мерген ертегісінде», «Сүлеймен пайғамбар мен Байғыз», «Қазақ билері», «Жиренше шешен», «Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер», «Лала гүл және махаббат туралы», «Ай мен Күндей: «һәммаға бірдей» демегінің мағынасы», «Аспан, жер және адам жаратылысы туралы» т. т. атты еңбектері, тек тақырыптық жағынан үндестік тапқан. Мұндағы Г.Н. Потанин мен Мәшһүр-Жүсіп арасындағы үндестік туу себебі бір-бірінен көшіргендіктен емес, қайта ел арасынан фольклор үлгілерін жинағанда әрі алға қойған мақсаттары, талаптарының, әрі жасаған программаларының бір жерден туғандығында деп қарастыру қажет. Себебі Г.Н. Потанин

жинаған бірде-бір фольклор үлгілері Мәшекең қолжазбасында жинақталған нұсқалардың ешбіреуіне ұқсас келмейді.

Сондай-ақ халық ауыз әдебиетін жинаушылар үшін қойылатын талаптардың осы «Дала уалаяты газеті» ішіндегі Г.Н. Потанин мақаласы арқылы жариялануы ол кездегі 36 жастағы Мәшекеңнің жинаушылық қызметіне әсер еткені сөзсіз: «Сообщения предпочтительнее иметь на киргизском языке, при этом следует иметь в виду, что передавать их нужно именно в том виде, как они вышли из уст рассказчика, без произвольных сокращений и изменений, с точным воспроизведением собственных имен и всех выражений, как бы последние ни казались устарелыми или некрасивыми».

Сөз өнерінің зергері. – Алматы, 2008 ж. Н.Қ. Жүсіпов.

Мәшһүр Жүсіп өмірінің соңғы күні

Мен бұл әңгімені 1987 жылы Мәшһүр Жүсіптің шәкірті Мәнәнұлы Иманғалидан естідім. Мәшекеңнің қара жәшігін 50 жыл сақтаған, 40 жыл қара жәшік үшін жер ауған, өле-өлгенше сақтаймын, деген сертіне жеткен адам. Имекеңнің айтуы бойынша Мәшһүр Жүсіптің арабша жазбасын араб әрпінен орыс әрпіне аударған мен, – мыңжылдық құдасы Алдаберген ұлы Төлепберген. 4 жыл бойы еңбек етіп, 1991 жылы еліміз егемендік алардың алдында бітірдім. Мәшһүр Адам Жүсіп құдамның өзінің тапсырып, арнайы айтып кеткен аманатындай болды. Мәшекеңнің азан шақырып қойған аты Адам Жүсіп, ал әкесінің аты Көпжасар екен. Ал, мен өзін 15 жыл күткен келіні Ақ Зейнептің немере бауырымын.

Мәшһүр Жүсіп өлерінен 10 жыл бұрын өзіне бейіт салдырып және өлетін күні алдын-ала, көзінің тірісінде өзіне жаназа шығартып, дәлел оқытып, жуындырып, кешу алысып, өсиетін айтып өмірден өтіпті.

Осы екі әңгімені бүгінгі ұрпаққа жеткізу парызым.

Мәшһүр Жүсіптің өзіне бейіт салдырып, көр қаздыруы

Мәшһүр Жүсіп тірісінде өзіне бейіт салдырды. Басшіліктен екі құдасын әкелді. Ауыл жастарын жинады. Ол кезде мен 18-де, жас кезім еді. Сонан таңертең шайды ішіп болған соң, қайла, лом, күрек алғызып, барлығымызды ертіп, өзі атқа мініп үй салатын жерді көрсетпек болып, бастап жүрді. Ауылдың жанында тұрған зиратқа қарай емес, ауылдан қашық жалғыз тұрған тауға қарай келе жатырмыз. Сол таудың арғы жағы ауылға қарай жазық, жері жұмсақ, қазуға оңай. Бұл кісінің беті солай деп келе жатырмыз.

Атымен бізден бұрын таудың қақ басына шығып, бізді тосып отырды. Біз де келдік. Құдасы: – «Не мына биіктен жазық жақтан ыңғайлы жер қарап отырсыз ба», – деді. Мәшекең: – «Жоқ, дәл осы отырған тасымнан бастайсыңдар. Мына тасты өзім осында қоныстанған жылы қойғам, жалғанда пана қыстауым, бұлағым болса, ақыреттік қыстауым осы таудың басы болсын», – деді. Құдасы «Мына тау қып-қызыл тас қой, жамбасыңызға батпай ма», – дейді. Мәшекең: – «Жоқ бұл жердің тасы суырма, бұл жерде менің төсегім салулы, астымда бор топырақ, иісі қандай арапат. Ешқайдан ештеңе әкеліп әуре болмайсыңдар және басыма орнататын қасиетті Рауан тасымда осында», – деп қаздырды.

Үлкен подвал қылып, кең етіп бірнеше күн қаздық. Өзі бізбен бірге барып отырды. Бір күні, енді лом соқпандар, бұдан бұлайғы тас көзді-көзді суырма тас, қайламен тырнап алыңдар. Басыма қоятын Рауан тасым сынып қалмасын. Мына суырма жұмыр тастарда шұңқыр-шұңқыр тесік бар, мұны жеке үйіндер. Мына сыртымдағы биікке жеке үйіп қойыңдар. Әр таста 1, 2, 3, 4, 5 тесік болады, соның біреуінде 7 тесік болады, кімге кездесе, бір жетістік болады: тілегі орындалады – көзден, тілден, сұқтан сақтайды. Сәбилердің әр түрлі дертіне шипалығы бар, кім керек қылса, сол алсын, – деп төбешікке үйгізді.

Мұнан соң өзі айтқан жалпақ сарғылт, кісі бойындай, иісі сондай арапат, биіктігі бір метрден асады, жалпақтығы екі қарыс, ал қалыңдығы 15 см-дей, айтқан тасы шыға келді. Тастың астында ұлпа топырақ. Жер үстіне шыққан соң, өзінің өткір кездігінің ұшымен:

Жетпіс үшке келгенше, балталасаң да, өлмеймін,
Жетпіс үшке жеткен соң, желкелесең де, тұрмаймын, –

деп ойып жазды.

Содан, Мәшекең бізге өз ойын айтты. Басыма екі бөлмелі үй салыңдар. Сол үйдің полының астына, сұр майда топырағына жатқызасыңдар. Үстіме топырақ салмайды, ашық жатам. Осы Рауанның қасиетімен 40 жыл денем шірімейді. Жылма-жыл үстімдегі ақты Шәрәпиім ауыстырып отырады. Онан кейін келінім Ақ Зейнеп ауыстырып отырады. Бұған таңданбаңыздар, әйел адамға бейітке жолауға болмайды ғой. Ол маған ана болды, өздеріңіз де білесіңдер. Арқамды жуды, түнде неше ойанса, дамыл-дамыл келіп көрпемді жауып тұрды. Бала болмағанда, немене, осылай келіскенбіз, қажы екең біледі. Бірақ, шам жағып, бейітке келмейді, ислам дінінде жоқ, тек мажуси дінінде болғандар келеді. Олар, дінсіз кәпір болғандықтан жағады. Сайтан оттан жаралды, ал адам топырақтан жаралды. Үкімет құдай жоқ деп айтты, деп құдайдан безбеңдер, түбі құдайды бір табасыңдар, – деген еді.

Мына Рауан тасымды өзімнің кеуде тұсыма, топырақ жатқан жерге тұспа-тұс орнатасыңдар. Үйдің есігі ықтан болсын, үлкен бұрғымен жоғары жақтауынан 7 тесік бұрғылап шығарасыңдар. Оның себебі, маусым-шілде айында сағым жүреді, сағымның нұры тасқа түседі және сағыммен бірге Малаһ періште жүреді. Осы екі айда рауан ұшығын алуға болады. Сонда көзсізге – көз, ессізге – ес беріп, ажалсыз дертке мыңда бір дауа болар. Қазір жер бетіне шыққаннан кейінгі тиіп тұрған пайдасы. Елдегі болып жатқан адам мен малдағы індет бүгіннен бастап сап болар. Айтқандай, сол кезде елде күллі ауру болған. Адамда оба деген аурудан бір үйлі жан қырылып қалған. Безгек, сүзек, құйаң, түйнеме, өкпе қабынуы, жындану, балада қызылша, малда – сыйыр қарасан, қараталақ, аусыл, қойда – топалаң, ешкіде – кебенек, осы аурудың бәрі сол кезде түгел болған. Ол кезде адамда, малда дәрігері болмаған. Бұл ауруларға қарсы егіп, емдеу деген де болмаған. Сол Рауан тасы шыққан соң, Мәшекең айтқандай, түгел пышақ кескендей тыйылды. Мұнан кейін адамдар аш-жалаңаш қысы-жазы суықта, ыстықта жүрседе, бір адам ауырған жоқ. Бұл оқиғаны көзіміз көрді. Сау сиыр көлік болды, жегіп, сауып күн көрдік.

Осы салынған екі бөлмелі үйдің, соның ыққы бөлмесіне пеш салынсын. Ат сайман, қамыт, доға, ершік, божы, көтерме болсын және өгіздің мойынағашы, бір бөтелке насыбай тұрсын. Маған ешкім тимейді, жалғыз-ақ сол 32 жылы бір адам аштықтан оң жақ санымның қалың етінен ойып жейді. Бірақ одан қалған жалғызға көз қырларыңды салып, қамқорлықтарыңа алыңдар. Мен өлгеннен кейін Ескелдіде ел болмайды. Киров колхозының жолаушылары өгізбен сол шыққан күні Жаңажолға жете алмайды. Жолда Ескелдіге қонады, ал бұл араның бораны елден ала бөтен қатты болады. Кейде сол жолаушылар екі-үш күн қонып та қалады. Ал енді Ескелдіде ел жоқ, не болады. Ол бейшаралар өгізі де, өздері де қырылып қалмай ма? Ойласандаршы, шырақтарым! Адам адамға жақсылық істеу керек, мен өлсем де шарапатым тисін және олар келгенде өзімде бір аунап жатам ғой. Сондықтан осы ыққы үйім солардың бекет үйі болсын. Тірі күнімде ыққы үйімді беретінмін. Мәшһүр өлген соң, далада қалып құрыдық қой, демесін.

Сондықтан, бұл Мәшһүрдің мекені болсын, жолаушының бекеті болсын. Текке жатқанша, адамға пайдам тиіп жатайын, – деп айтты.

Алдабергенұлы Төлепберген, аудармашы әрі шежіреші

Бала Мәшһүрдің алғырлығы мен тапқырлығы талайды таң қалдырған

– Әсет аға, алдымен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының балалық шағына тоқталсаңыз.

– Біз қолда бар деректерге сүйеніп қана Мәшекеңнің балалық шағын сөз етеміз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Баянауылда және Қызылтау тауларының етегіндегі «Ашамай тасы» деген жерде, қыста, 1858 жылы (қазақша қой жылы), арабша ережеп айында, жұма күні, бесін уақытында дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты – Адам Жүсіп. Мәшһүр Жүсіп туылған соң әкесі Көпжасар Қызылтуда үш жыл қыстайды. Үшінші қысында, 1861 ж. Сарыарқада, оның ішінде Баянауылда, Қызылтуда қыс қатты, жыл ауыр болып, ел жұтап

қалады. Отбасының қамын ойлаған Көпжасар жазда Баянауылға көшіп барады. Онда Захар Гришков деген орыстың үйін сатып алады. Баласының болашақта білім алуы үшін мешіт күзету жайлы ой Көпжасарды мешітке жақын үй салуға итермелейді. Бірақ, үйді бұзып, мешітке жақын қайта салуды қолға алғандықтан, құрылыс жұмысы 2–3 жылға созылуы мүмкін еді. Сондықтан Көпжасар бес шақырымдағы Қызылағаш, Бұзаутас жерлерін қыстайтын Асубай, Жұмабай, Садырбай, Сегізбай жатақтарымен 2–3 жыл бірге қыстайды. Қызылағашта қыстап отырып, Баянауылда бала оқытып жатқан Байжанұлы Нәжімедін хазірет бала Мәшһүрге бірнеше сұрақ қойып, қанағаттанарлық жауабын алған соң, Көпжасарға: «А, сопы, балаң Бұхарай – Шәріптің баласындай екен. Ана отырған балалардың оқып отырғанын естумен біліп, көрумен танып кететін түрі бар. Бұрынғы ата-бабаларымыздың айтқан сөздері бар еді: «Шар» кітапты оқысаң, әрі кітапты оқырсың! деген», – деп, баланың есте сақтау қабілеті мен зеректігінің жоғары екенін тамсана айтып, оқытуға келісімін береді. Екі күн түнеп, үшінші күні Көпжасар үйіне қайтады. Кетерінде баласына: «Сен осы үйде қаласың, осы үйде жатып, оқу оқисың!» – деп айтып, түсіндіріп кетеді. Әкешесінен қалып бара жатқанын түсінген бала Мәшһүр жылап, әкесінің артынан жүгірері хақ. Көпжасардың артына қарамай жүріп кетуі мен артынан қуа шыққан баласын қамшымен артқа қайтаруы қатыгездіктен емес, керісінше, үлкен сезімнің белгісі болса керек. Мұның барлығын Мәшһүр Жүсіп қара сөзбен де, өлең үрдісімен де толығымен жазып кеткен.

– Бала Мәшһүр сабақты қалай оқиды?

– Бала Мәшһүр Жүсіп оқуға өте зерек болады. Оның алғырлығы мен тапқырлығы талайды таң қалдырған. Осыдан соң Көпжасар ноғайларға жалданып жұмыс істеп, баласына ескі, жыртық «Мұхаммедияны» алып береді. Одан әргі әкесінің жағдайы келмегендіктен, Мәшһүр Жүсіп сол уақытта оқытқан «Шар кітап» және «Михатты» қайталағаны былай тұрсын, барлығын бастан-аяқ мәнісімен жаттап алып, өлеңдей жатқа соғып қоя беретін болған. Соның арқасында жас күнінен араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін жетік меңгерді. Зейінді де ұғымтал Мәшһүр Жүсіп құрбы-құрдастарының алды болды. Хазірет алдында отырған балаларға:

«Анау отырған Көпейдің бес жастағы баласы құрлы дәнеме ұқпайсындар!» – деп ұрсады екен. Ұстазының сөзі жүректеріне тиген тәмам бала далаға шыққан соң: «Осы-ақ бізге бір пәле болды: қарғадай қақылдап, сарнадай сарқылдап, білмейтіні жоқ, самардай қақсайдыда отырады!» – деп, ұрысқаны ұрысып, ұрғаны ұрып, жекіп, нұқып «ақ түйебас» аунатып, домалатып, қолдарынан келген мазақ, келемеждерін түгел көрсетеді. Мәшһүр өз балалық шағы жайындағы естелік өлеңдерінде «Шар», (арабша шарх – түсіндірме), «Наху» (араб тілінің грамматикасы), «Фикх» (құқықтану), «Мұхтасар» т. б. кітаптарды мән-мағынасыменен өзгелерден бұрын меңгергендігін өзіндік хикаятпен жеткізеді.

Мәшһүр Жүсіп 5–9 жас аралығында Нәжімеддин хазіреттің алдынан ғана білім алып қойған жоқ, сонымен бірге Қызылтауда Төртуыл халфеден бір қыс оқып, Дүржанбай молда мен Бибі молданың алдын көріп үлгереді. Ал 1866 жылдың аяғында Мерген Жақып дегеннің үйінде пәтер жалдап, халфеннің бәйбішесі Бибіден сабақ алады. Бибі ғылымның 12 кітабын меңгерген, сондықтан да балаларға дәріс берген. Мәшһүр Жүсіп, Құтболды ишанның баласы Фазыл, Мазғұм үшеуі бір жыл қыстай осы үйде оқып шығады. Сосын Мәшһүр Жүсіп жағалбайлы Қамарридин хазіреттің үйінде білімін шыңдай түседі.

Бұл кезде Мәшһүр он жаста болатын. Ұстазы Қамарадин хазірет пен шәкірті Мәшһүр Жүсіптің бір-біріне деген ыстық ықыласы талайды таң қалдырады. Мәшһүр Жүсіп 8-ден 9-ға қараған шағында күллі Баян еліне өлеңші бала атанады. Ел арасында сөз жатқан ба... Мұнан кейін үлкен-кіші – көрген жан бәрі: «Көпейдің бір баласы – сайрап тұрған бұлбұл. Сөйлеген сөзі, айтқан өлеңі кісінің мейірімін, құлағының құрышын қандырады. Ағып тұрған бұлақ, жанып тұрған шырақ!» – деп тамсанып, көрмеген жандар көруге құмар болады. Мәшһүр Жүсіп туралы Баянауылда дуанына қараған халыққа аға сұлтан дуанбасы болып тұрған Мұса Шорманұлы да естиді. Бір күні Мұса Шорманұлы Қамар хазіреттің үйіне келіп, қонақ болады. Қасында бірнеше адамдары бар, әңгіме-дүкен құрады. Сол жерге Мәшһүрді шақыртып алғызады. Келген соң Мұса Мәшһүрге өзіне жақын төр алдына отырғызып: «Шырағым, Жүсіп бала, сені өлең, қисса біледі дегеннен кейін шақыртып

алғыздым. Кәне, қандай өлең-қиссалар білесің?» – дегенде, бала Мәшһүр: Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі, Бөріге жегізбейді ердің ері. Сол қойшық таяқты ұстап тұрса, ала алмас еш жерінен шайтан-пері, – деп өлеңдете жөнеледі. Мәшһүрге шын көңілімен, сын көзімен қарап, ұнатқан Мұса мырза Мәшһүрдің әкесіне: «Сопы, мына баланың бас киіміне үкі тақтырып қойыңыз. Көз-тілге шет болмасын! Бұл өз заманында халыққа Мәшһүр болатын бала екен!» – деп лепес қылған екен. Осыдан соң Адам Жүсіп Мәшһүр Жүсіп атанған. Мәшһүр Жүсіптің дәріс алған үшінші жылында Қамараддин хазреттің үйін Мұса Шорманұлы өз қолына көшіріп алғаны айтылады. Енді Мәшһүр Жүсіп Жүніс молдадан сабақ алады. Себебі Мұсамен бірге бір күн аста, бір күн тойда сауық құрып, уақыты өтіп барады. Жүністің 10 жастағы бір ұлы және қызы бар екен, сондай-ақ Мұстафаның, Мұсаның балалары бар – бәрі бірге оқиды. Дүниенің оқуын тауысып, «білгір бала» атанған Мәшһүр Жүсіп олардан тағы да көш ілгері кетеді. Мәшһүр Жүсіпке «сен көп білесің» деп балалар маза бермейді. Тек Ақбура деген хазіреттің жалшысы ғана оны қорғаштап, әлгілердің озбырлығынан қорғап жүреді. Мәшһүр Жүсіптің: Хазіреттің үйі жүдеуменен, Сол ауылда өткіздік екі-үш жазда, – дегеніне қарағанда, 1867 жылдан 1872 жылға дейін әр жерде білім алып жүрсе керек. Қара өлең мен шешендік өнердің сан алуан түрін жастайынан ұғып өскен Мәшһүр Жүсіп 15 жасынан өзі де өлең жаза бастайды. Ол ендігі тұста өз ой-арманын өлеңмен ғана жеткізуге тырысады. Осы кездің өзінде-ақ «Өзін бір көсем-ау!» деп құмартқан жандардың саны арта түскен. Ал кездесіп әңгімелескеннен кейі: «Естуіміз көруіміз лайық болды!» – деп тарасатын болған. Мәшһүр Жүсіп 1872 жылдың жазында Түркістан, Ташкент сапарына жолға шығады. Ақкөл жайылымдағы Исабек ишан Мәшһүр Жүсіпті «хасында» оқуын оқытып, Бұхарай Шәкіртке, Қожа Баһауеддинге оқытуға апармақшы болғаны мәлім. Дегенмен, Исабек ишан өмірден өткенде Мәшһүр Жүсіптің жасы 13-те болатын. 15 жасқа келген Мәшһүр Жүсіп Қамараддин хазірет пен Исабек ишанның «білімнің көзі – Түркістанда» қағидаларын жадында берік ұстап, Мұса мырзаның саудагер жолдасының керуенімен жолға шығады. Екі ай жүріп, Түркістанға жетеді. Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи мазарында болып, Бұхардан келген

белгісіз бір адамның сөзі мен ісіне көңілі түсіп, таныса келе ол «Көкілташ» медресесінің иесі болып шығады. Осылайша, Мәшһүр Жүсіп Бұхардағы «Көкілташ» медресесінде екі жыл білім алады. Бұл – 1872–1874 жылдар аралығы.

– **Осы кезден ағартушылық жолы басталады дей аламыз ба?**

– Тек ағартушылық емес, жиһангерлік те жолы басталады. Жоғары білім алып келген Мәшһүр Жүсіпті 1874 жылы он алты жасында әкесі Көпжасар өзінің туған елінің адамы – Күліктің Әкімбек дейтін байы «Жалғыз балам Қабылбекті оқытуға жібер» деп өтінген соң, бала оқытуға жіберді. Әкімбектің жайлауы – Ақмола облысы, осы күнгі Еркіншілік ауданының ішінде Ақшакөл деген көл екен. Көпжасардың үйі – Баянауланың бір жатағы. Баймен бірге көшіп, жайлауға жететін шамасы болмағандықтан көп жатақтың бірі болып қала береді. Бай көшіп барып, жайлауына орныққан соң, Мәшһүр Жүсіпке арнап жеке екі киіз үй тіккізеді. Бірі – өзіне, екіншісі – бала оқытуға. Ұстаздық жолының басталғанын Мәшһүр Жүсіп:

Әкімбек он алтымда алып кетті,

Жалғыз Қабылбекке ұстаз етті, – деп жазып ризашылығын білдіреді. Баласын сағынған Көпжасар байдың жайлауына келіп, бірнеше күн жатады. Үйіне қайтпақ болғанда Әкімбек алдына мал салып береді. Осылай, 1874 жылдан 1876 жылға дейін Мәшһүр Жүсіп ұстаздық етіп, бала оқытады. Бұл кезде Көпжасар орта шаруалы үй қатарына қосылып, көшіп-қонып, жаз жайлауға шығып, «жатақ» деген жаман аттан құтылады. Екі-үш жылда малы 30–40-қа жетіп жығылады.

Мәшһүр Жүсіпті ұнатқан Әкімбек бай: «Қабылбегім жалғыз, маған бала бол, Қабылбекке аға бол! Сүйіндіктен өзің сүйген қызыңды алып беріп, қолыма ұстайын», – дейді. Дегенмен, Мәшһүр Жүсіптің ержетіп, Баянаула дуанының халқына таныс бола бастаған уақыты болғандықтан, Көпжасар келісімін бермейді. Дана халқымыздың: «Жігіт күнінде жаннан кеш те іс қыл, өлсең – өлерсің, өлмесең – адам болып шығарсың» деген сөзін жадында берік ұстаған Мәшһүр Жүсіп көпшілік көңілінен шыға білді. Осыдан кейін ол өзінің білімдарлығының арқасында ел арасында жүріп бала оқытады.

1877–1887 жылдарға дейін Мәшһүр Жүсіп Сарыарқаның елін, жерін аралайды. 1887 жылы 29 жасында екінші рет Бұхар, Ташкент, Түркістан т. б. жерлерге аттанады. Білім мен ғылымның нұры болған Орта Азия Шығыс мәдениетіне иек артқан еді. М.Ж. Көпейұлы сол білімнен сусындау үшін осы сапарға шығады. Осылайша, Дамолда хазірет пен Хамза хазіреттен 9 ай дәріс алады. Ал Бұхарда шығыс медицинасымен және адамзаттың санасы жете бермейтін тылсым күштер ілімімен әуестенеді.

– **Осы арада Мәшһүрдің басынан өткен тылсым оқиғалардың бірін әңгімелеп берсеңіз.**

– Жұма күні намаз уақытында Мәшһүр Жүсіп ұзын көше бойымен келе жатса, бір ақсақалды адам алдынан шығып, кескестей бергендей болады. Үстінде – ұзын қара шапаны, қолында – асатаяқ. «Үлкен адам ғой, алдынан кесіп өтпей тоқтай тұрайын» деп ойлаған Мәшһүр Жүсіп жақындағасын қол қусырып сәлем береді. Сәлемін аларда ақсақал асатаяғын жерге шанша салды. Ұшында еш темір жоқ таяқ жерге қадалып, сәл дірілдегендей болып тұрады. Ақсақал іле таяғын қолына алып, Мәшһүр Жүсіпті үш айналып, таяғымен әр жерінен түрткілейді де: «Жетпіс екі, жетпіс үш», – деп кері айналып жүре береді. Мәшһүр Жүсіп болса: «Япырай, мына кісі маған 72–73 минутте өлесің дегені ме, әлде соншама сағатқа меңзеп тұр ма?» – деп қорқа бастайды. Себебі, сол күні түсіне әруақтар кіріп, мазасызданғаны бар еді. Не де болса, бір Аллаға тапсырып, шалдың айтқан уақыттарын тағатсыздана күтумен жүреді. 72–73 минут, күн өткен соң, енді апта, не ай болар деген де ой келді. Бір қорқыныш, бір үміт жалғаса келе, бәрі де артта қалғандай жай болды. Ойлай-ойлай Мәшһүр Жүсіп «Жоқ. Бұл енді менің 73 жыл өмір сүретініме аян беріп тұр» деген қорытындыға келеді. Мәшһүр Жүсіп осындай оқиғалардан кейін әулие атана бастайды. Өйткені ол «хафиздық» дәрежесіне дейін жетіп, жын-перінің оқуын, хасыданы меңгереді. Бұдан былай Мәшһүр Жүсіптің «ағы – алғыс, қарасы – қарғыс болып», «болады» десе болады, «болмайды» десе болмайды. Діни біліммен ғана шектеліп қоймай, Мәшһүр Жүсіп одан әрі Самарқанд, Қоқан қалаларын аралайды. Осы сапарында ол Бұхар жырау, Шортанбай, Шөже сияқты ақындардың өлеңдерін және үш жүздің шежірелерін жинақтап қайтады. Өзінің: Бұхар, Ташкент,

Самарқанд, Түркістанды Бір түгіл, үш-төрт барып тамаша еттім, – дегеніне қарағанда, ақын бұл өңірде расында да төрт рет болған.

– Осылардың негізінде атамыз үш кітап жазып қалдырды ғой?

– Сол кезде шыққаны үшеу. Мәшһүр Жүсіп 1880 жылдың баспасөз бетіне танымдық, саяси, тұрмыстық мақалалар жаза бастады. Оның публицистикалық мақалалары «Дала уалаяты» газетінде, 1887 жылдан Бұхар, Ташкент қалаларында шығатын газеттерде және 1911 жылдан «Айқап» журналында басылады. Мәшһүр Жүсіп үшінші рет 1895 жылы 37 жасында жолға шығады. Осы сапары Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани өсуіне, ақындық тұлғасының қалыптасуына көп септігін тигізеді. Айталық, «Шонтыбай қажы», «Екі жігіт пен бір шалдың әңгімесі», «Хаятбақшы», «Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясы», «Әдхам диуана және Ибраһим», «Ғали Арстан әңгімесі», «Ай мен күндей, хаммаға бірдей» демегінің мағынасы», «Пайғамбардың дүниеден өтуі туралы», «Ібіліс лағын, шайтан хикаясы», «ер мен көк» т. б. дастандары, хикаялары, қиссалары, әңгімелерінің мазмұны тек қана ғибратқа, аспан әлеміне, жұлдыздардың адаммен ара-қатынасына құрылды.

– Мәшһүр атамыз өз өлімін өзі болжаған дейді. Сол туралы кеңірек айтып берсеңіз.

– Өзі өлерден бір жыл бұрын, яғни, тірісінде өз зиратын өзі қаздырған Мәшһүр Жүсіп: «Мен өлгеннен кейін ...жаздың ыстық айлары ақыретімді айырбастап отырындар, қыс керегі жоқ... Көпейұлы Жүсіпке Құдай рахмет айтасың. Маған келіп бата жасамақ түгілі әркімнің басына «тұрымтай тұсында» заман болады. Мен көрмеймін, сендер көресіндер, көресіздер, көнесіндер», – деп айтса керек. Дана бабаның «маған келіп бата жасамақ түгілі әркімнің басына «тұрымтай тұсында» заман болады» деген сөзі тұтас бір халықтың тоз-тоз боп кетуіне әкеп соққан 1930 жылғы Орталық комитеттің «Ұжымдастырудың қарқыны және мемлекеттің колхоз құрылуына көмек шаралары туралы» қаулысын меңзеп тұрғандай. 1930–1932 жылдары Қазақстандағы әйгілі ұлы жұт, аштық жайлағаны мәлім. Осы аштықтың салдарын көре білген Мәшһүр Жүсіп бір жыл бұрын өзінің асын бергізіп, жаназасын оқытып, жоқтау айтқыздырған.

Бұл жайында акын Дихан Әбілев естелігінде: «Біз барғанда Мәшекең болашақ мовзолей-зиратының астыңғы қабатынан лайықталатын бөлме – өзі жататын орнын қазып жатқандардың қасында тұр екен. «Қазыңдар! Терең қазыңдар! Мәшһүр қашып кете алмайтындай етіп қазыңдар! – деп сылқ-сылқ күлді де, – Кең қазыңдар! Он-он бес адам сыятындай кең болсын. Кірпіштері берік қалансын», – деді. «Тірлігінде ұры-қарылардың, озбыр, қиянатшыл, аюмінез әкімдердің қара халыққа жасаған қиянатын қызыл тілмен қылыштаған Мәшһүрдің шатағы аз боп па? Тірімде тістері батпаған сол сойқандар мен көз жұмғасын өш алуға үстімнен арыз жаудырып, Мүңкір-Нәңкірге тергеттірмей қоймас. Сонда менің мұндағы дұрыстығымды қорғауға бірнеше періштелер келер. Кең қазыңдар» – деп Мәшекең сылқ-сылқ күлді. Қазушылар да күлді», – деп жазады. Мәшһүр Жүсіп 1931 жылы 27 қарашада қайтыс болған. Бейіті 2 бөлмелі үй түрінде салынған. Төргі үйінде шкаф тұрыпты, ондағы екі қатарда араб-парсы тілінде жазылған 60 кітап жиюлы тұрған. Шкафтың үстінен тірі күнінде қолданған ер-тоқым орын алыпты. Үйдің оңтүстік жақ қабырғасында қойдың 40 кәрі жілігі ілулі тұрыпты (діни жолмен қарағанда, 40 жілік күзетші болу керек). Осы төргі үйдің астын биіктігі 2 метр, ұзындығы да сондай өлшемде терең етіп қаздырған екен. Мәшһүр Жүсіптің денесі осы айтылған жерде жатыпты. Сақал-шашы сол қалпында, денесі сары екен. Тірі күнінде толық адам болған болу керек. Кейде сүйегі өте көтеріңкі, іші аздап қабысыпты. Сол жақ аяғы кішкене семиңкірейін депті, өйткені сол аяғының өкшесін (етін) бірдеңе жеген сияқты.

Ауыз үйде түрлі ыдыс-аяқтары тұрыпты: самауыр, шыны аяқ, тәрелке, ақ шәйнек, қасық, сукұйғыш, ет салатын ағаш табақ, тайқазан, оқтау, орамал, тұз, үгулі насыбай, балта, күрек, шымшуыр, шелек, сыпырғыш, пышақ, қайрақ, біз, дейбы, ара темір, кекпір. Осы заттардың барлығы биік үстелдің үстінде жиюлы тұрған. Келген-кеткен жолаушылар тамағын істеп ішіп, әлгі заттарды пайдаланып, қайтадан орнына жуып-тазалап қояды екен. Ауыз үйдің төр жақ қабырғасында ұзыны мен көлденеңі жарты метрдей жұқа тас ілулі тұрған. Бұл тас бейіт салатын жерді қазып жатқанда табылыпты. Сол тасқа Мәшһүр Жүсіптің өзі «Жетпіс үшке жеткенше балталаса да өлмеймін, жетпіс үштен әрі сүйресен де бармаймын» деген

сөзді жазып, «мен өлгеннен кейін іліп қойыңдар» деп тапсырған. Атамыздың кесенесі 1977 жылы жаңартылды. Ал 2006 жылдың күзінде қазіргі кесене ашылды.

– **Бабамыздың ұрпақтары жайлы айта өтсеңіз.**

– Жазушы Зейтін Ақышев: «Мәшһүрдің үш ұлы, бір қызы болған. Ұлының үлкені – Шарапи, ортаншысы – Әмен, ең кішісі – Пазыл. Шарапи үлкен ақын адам еді. Әмен арапша, парсыша, оның үстіне орысша оқып, жақсы білім алған адам екен. Мәшһүрдің ең кіші баласы Пазыл Совет өкіметінің алғашқы жылдарында ауылда мектеп ашып, қызыл мұғалім болды. Мұғалімдік стажы 30 жылға толғанда Пазекеннің омырауына «Ленин ордені» тағылды», – дейді.

«Аңыз адам» журналы. – № 19 (79), қазан 2013 жыл.

Ә. Пазыловпен сұхбаттасқан Нұржан Байсақ

Әулие бабамыздың денесі 21 жыл ашық жатқан

– **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әулие атанған қасиет иесі. Ол кісінің әулиелік қасиетіне қаншалықты мән берілді?**

– Мәшһүр Жүсіп – халқымыздың рухани жебеушісі, кейінгі ұрпақ тәу етер қасиетті әулие. Десек те, біз көбіне «әулие ғой» деумен шектелеміз де, әулиелігі жөнінде көп айта қоймаймыз. Мәшһүр Жүсіп «Өлеңмен берілген аят» атты өлеңінде әулиеден медет тілеп, бата алғандығы туралы баяндайды. Жалпы, шығармаларында «Ғаусыл Ағзам, сенен медет», «Хазіреті Сұлтан, сенен медет» деген өлең жолдары жиі кездеседі.

– **Мәшһүр Жүсіптің әулиелігіне байланысты қандай әңгімелер бар?**

– Мәшһүр Жүсіп бір күні Баянауылға бармақ болып, жанына баласы Шарapidен мен сүйікті немересі Төлеубайды ертіп, жолға шығады. Бозбай деген жерден аса бергенде немересі «шөлдедім» десе керек. Сонда Мәшһүр Жүсіп: «Алдымызда көрініп тұрған үйге барайық, сонда сендерді бір ауқаттандырып алайын», – дейді. Үйге тақай бергенде 12–13 жаста немересі: «Ата, біздің алып шыққан тамағымыз жоқ қой», – дегенде, қасиетті бабамыз: «Қазір не

көрсендер де үндемендер, ештеңе сұрамаңдар», – деп, балаларын төбесі құлаған екі бөлмелі үйге алып келеді. Өзі бірінші боп кіріп, жерге жайғасып отырады. Атты байлап, соңынан балалары да кіреді. Сол уақытта атамыз бір дұғаны оқи бастайды. Кенет өзінен-өзі алдарына дастархан жайылады. Ұстап келе жатқан тірі жан көрінбесе де, ет салынған табақ, әртүрлі тағамдарға толы ыдыстар келіп дастарқанға қойылады. Атамыз жақсы көретін өрік-мейіз де бар. Шай құйылған кеселер келіп, босаған ыдыстар жоғары көтеріліп, ауамен қалқып есіктен шығып кете береді. Олардың қайдан келіп, қайда кетіп жатқанын түсінбеген Төлеубайдың қорқып, дұрыс тамақтана алмай отырғанын сезген Мәшһүр Жүсіп: «Қорықпай ішіп-жеп, тойып алыңдар», – деп, көңілі қалағанын жеп отыра берді. Тамақтанып алған соң Мәшһүр Жүсіп тағы бір қысқа дұғаны оқығанда, алдарында жаюлы тұрған дастарқан көзден ғайып болады. Ал жолда балаларына: «Жаңа ештеңе ұқпаған боларсыңдар, бізді тамақтандырған жын-перілер ғой», – депті.

Мәшһүр Жүсіп жын-періні өз ырқына бағындатыратындай әулиелік қасиетке білімінің арқасында қол жеткізген.

– Енді ол кісінің болжағыштығы туралы айтсаңыз. Бұл туралы ел ішінде қандай әңгімелер бар?

– Иманғали Мәненұлы Құрмандомалақ деген жерде қыстап отырған Мәшһүр Жүсіпке сәлем беруге келе жатып, жолда жылынып алу үшін бір малшының үйіне соғады. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін малшы: «Кеше Әбжалап диуана Мәшһүр Жүсіпті тосып отырып, үсіп қалыпты. Тірі ме, өлі ме, соны білмей дал болып отырмыз», – депті. Сонда Иманғали: «Ойбай, Әбжалап диуана дегенің Қаржас руының ішіндегі Жәдігерден тараған Жұматай Тышқанбайұлы емес пе? – деп орнынан асығыс тұра бергенде, малшы: – «Келгенің жаңа ғана еді, асығып қайда кеттің?» – дейді. «Әбжалап диуана үйіне жеті қадам ұзаған соң, асасын «Алла хақ» деп жерге соққанда, қара құсқа айналып ұшып кететін құдіретті күш иесі ғой. Мәшһүр атамның отырған жеріне кеш батпай жетейін», – деген Иманғали аттанып кете барады. Көп ұзамай Мәшһүр Жүсіптің үйіне келеді. Мәшһүр Жүсіп ештеңе болмағандай сәлемін алып: «Төрге шық, шаршаған шығарсың, демінді ал», дейді. Иманғали шымылдықтың артынан шығып

жатқан дауысты естіп, құлағын түрсе: «Я, Алла, бар екенсің ғой. Намазымды Мәшекең шығаратын болды, ризамын» – деп қарқ-қарқ күліп жатқан Әбжалап диуана екен. «Бүгін сен осында қон, ертең азаннан қалмай Әбжалап та жан берер, жерлеп бір-ақ қайт. Ол да бір Алланың еркесі ғой», – дейді Мәшһүр Жүсіп. Бөлмедегі тыныштықты сырттан естіген ащы дауыстар бөліп жіберді. Бұлар Әбжалап диуананың туыстары болатын. «Хабар келісімен тұра шаптық», – деп көздеріндегі жастарын жеңдерімен сүртіп, ішке енеді. Ертеңіне азан уақытында Әбжалап диуана көз жұмды. Мәшһүр Жүсіп: «Ал, жігіттер, қайла, күрек алып, жер қазыңдар», – деген соң, Иманғали мен Қаржастың екі-үш жігіті бет қаратпайтын аязда Мәшһүр Жүсіп көрсеткен жерді қаза бастайды. Қыста жер борпылдақ құм сияқты жеңіл қазылар деп кім ойлаған?! Ештеңеге түсінбеген жігіттер бір-біріне қарап тұрып қалса керек. Мәшһүр Жүсіп «Кілемді әкеліңдер», – деп, ортаға кілемге оралған Әбжалап диуананың денесін көтеріп төрт жігіт те жетті. Құран оқылған соң жігіттер кілемді ашса, маскара, кілемде құр кебіні ғана жатыр. «Астағфирулла» деп шошынған жұрт Мәшһүр Жүсіпке қарап қалады. Сонда қабір басында тұрған ақсақалдардың бірі: «Ойбай-ау, жаңа болған мәйт қайда кетуі мүмкін?» – деп, кілемге жақындай бергенде бірнеше ақшағала құс ұшып келіп, бәрінің мазасын алса керек. Қыстың қақаған аязында өз-өздерімен құс қуып, әуресарсанға түскен жұртқа қарап Мәшһүр Жүсіп: «Е, Әбжалаптың денесі қабірде жатпас, Мәшһүрдің денесі қырық бір жыл бүлінбес», – деп басын шайқапты. Мәшһүр Жүсіптің шәкірті әрі атқосшысы Иманғали Мәненов: «Сүйегі жерленбегендер – Алланың сүйген құлдары. Біріншісі – Қызыр ғалайһу уассалам. Екіншісі – Иса пайғамбар. Үшіншісі – хазреті Ғалы. Төртіншісі – Құлболды әулие. Бесіншісі – Лекер әулие. Алтыншысы – Жұматай әулие деп жазады. Әбжалап диуананың шын аты – Жұматай Тышқанбайұлы.

1916 жылы 25 маусымда әскердің қара жұмысына Түркістан өлкесінің және ішінара Сібірдің 19-дан 43 жасқа дейінгі ер-азаматтарын шақыру жөніндегі патша жарлығы шығады. Жарлық Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік жаппай наразылық тудырды. 1916 жылы көтерілісті баласы Мұхаммед Әмен қолдағанымен, Мәшһүр Жүсіп бұл көтерілісті әрі мағыналы, әрі

мағынасыз деп екі жақты таразылайды. Мағыналысы – патшаның әділетсіз жарлығына қарсы көтерілмей отыру едік болар еді. Ал мағынасызы – патшаның сан алуан соғыс құралдарымен сайланған қаһарлы әскерлеріне қарсы тұрар қазақта сойыл-шоқпар мен қоян ататын бірлі-жарым мылтықтан басқа не бар? Сондықтан Мәшһүр Жүсіп көтеріліске бейтарап қарап, болашағына сенімсіздікпен қарады. Бірақ Мәшһүр Жүсіп жазбаларында: Қаракесек Бекболаттың заманы Қасқыр деген заман еді, Жамандық пен бұзықты басқа ұр деген заман еді. Айдабол Тайкелтірдің заманы Түлкі деген заман еді, Ойын мен мәжіліс, Күлкі деген заман еді. Қаракесек Алшынбайдың заманы Қарсақ деген заман еді, Біреудің бір нәрсесін алдап алсақ деген заман еді. Шүршіттің темір қақпаны, мұжықтың кендір арқаны, Жетпіс жылда бір шірір деп еді, – деген өлең жолдары кездеседі. Демек, Мәшһүр Жүсіптің көтерілісшілерге оң қабақ танытпауынан – заманның өзге қырынан келгендігін ескертетінін аңғару қиын емес. 1986 жылғы жастардың толқуы мұжықтың кендір арқанын шірітіп қана қойған жоқ, тас-талқанын шығарды емес пе? Яғни, Мәшһүр бабамыздың 1916 жылы «Жетпіс жылда бір шірір» дегені 1986 жылғы оқиғаны меңзеп тұрғандай. Бұл ойын Мәшһүр Жүсіп халыққа да айтқан. Бірақ жалындап тұрған жас буын тындамады.

– Әулие өзінің өлер уақытын болжап, сол сәтке үлкен дайындық жұмыстарын жүргізген екен...

– Солай. Мәшһүр Жүсіптің денесінің 21 жыл ашық жатуы әлі күнге дейін жұмбақ. Мәшһүр Жүсіп үлкен баласы Шәрәпиденге: «Мен өлгеннен кейін қырық бір жылға дейін денем бұзылмайды. Тек жаздың ыстық айлары ақыретімді айырбастап отырыңдар, қыс керегі жоқ. Сонда көздерің жететін болады», – деп өсиет етеді. Біреулер денесін шірітпейтін арнайы дәрілік шөптер ішкенін айтады. Ондай дәрі болса, басқа әулиелер немесе бақсылар, тіпті байлар неге қолданбады екен? Тіпті топырақтың құнарлығында алға тартатындар бар. Қалай болғанда да, бұл – Алланың әмірімен болған жағдай. Мәшһүр Жүсіптің немересі Қуандық Пазылов былай дейді: «Бала кезден есімде (1947–1948 жылдар болуы керек), бейіт ауыз үйден және төр үйден тұратын. Төр үйінің есігі қылуаттің қақпағындай. Адамдар қақпақты көтеріп ашып, сатымен түсетін.

Екі қария дәретін алып түсіп, денесіне ақ жабады. Алдынала жағып, дайындап қойған шамды маған «алып бер» дейді. Апарып беремін. Бала болсам да құлағымда мына сөз қалып қойыпты. Уәли деген ауылдық кеңестің төрағасы бар еді, сол қарын тұсын саусағымен басып көріп, «былқылдап, жұмсақ жатыр», – деді, сосын тек бақайының тырнақтары түсіп қалғанын айтты. Мәшһүр Жүсіптің немересі Сүйіндік Көпеев марқұм да өз естелігінде: «1946 жылы Сәбит Мұқанов келіп, қабірдің ішіне түскен еді. 1950 жылы өзім де түсіп, денесін сипаған едім, сонда жадағай жерде жатса да, біртүрлі хош иіс шығып тұрды. Ешбір құрт-құмырсқа, көрді жайлап алатын сасық күзен, тышқанның ізі білінбеді», – деп жазған болатын.

Мәшһүр Жүсіп бабамыздың мазарына қызыл өкіметтің жендеттері талай келіп, ішіне кіре алмай немесе жолда ажал құшқан кездері болған. Ал зиратын жермен-жексен еткен хатшы да, оны бұзған адамдар да кейін қарғысқа ұшырап, оңбай кетсе керек. Тіпті ұрпақсыз кеткенін көрген жұрт «әулиенің ісі ғой» десетін. Мәшһүр Жүсіп өзі қайтыс болғаннан кейін де қазақтың азаптан арылмасын болжап:

Күншілдер көрінгенге қуғын салып,
Ақыры күнәсізге жала болар.
Үлгілі өнегелі салты құрып,
Қаптаған айналасы қала болар,

– деп, қуғын-сүргін мен отырықшылыққа көшірудің зардаптарын жырға қосады. Енді бірде: «Ақиқат жолында жалындап, Алланың жазуымен емес, адамның қолынан қаза болғандардың ғасыр соңында жұлдызы жанар», – деген екен. Демек, Қазақстанда орын алған сталиндік саяси қуғын-сүргіннің бетпердесі ашылып, тұлғаларымыздың ақталарына сенген болар.

– **Әулиенің кесенесіне зиярат етіп келушілер көп пе?**

– Мәшһүр Жүсіп өзінің көпшілікке тигізер шарапаты бар екенін сезген және оны өзі үнемі айтып отырған. Оны ақынның:

Дүниенің базарында арзан нарқым,
Нарқым арзан болса да, қымбат даңқым.
Тіршілікте ағайынға қадірім жоқ,
Өткен соң «әттеген-ай» дерсің, халқым,

Мәшһүр Жүсіп Көпеев

– деген өлең жолдарынан да байқауға болады. Иә, әулие бабамыздың халыққа тигізіп жатқан шарапаты шексіз. Дертгіне шипа тауып, нәрестелі болған жандар қаншама. Кеңес заманында заман тоталитарлық тәртіптің қаталдығына қарамастан әулие кесенесіне зиярат етушілер саны көп болатын. Қазір де тіпті өзге ұлт өкілдері де қаптап келуде.

Ескелдідегі Мәшһүр Жүсіптің бұлағы да киелі. Себебі одан әулие су ішкен, сол жерде өмірінің ақырғы күндерін өткізген.

**«Аңыз адам» журналы. – № 19 (79) қазан, 2013 жыл.
Ә. Пазыловпен сұхбаттасқан Анар Әлдибекова**

II БӨЛІМ

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ГУМАНИСТІК ДҮНИЕТАНЫМЫ ХАҚЫНДА

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік- саяси жағдайлардың сипаты және ақын дүниетанымының құндылықтық негіздері

Қазақтың Мәшһүр Жүсіп Көпеев сынды ойшылы өзінің саналы ғұмырында дін мен мәдениеттің, білім мен ғылымның, адамгершілік пен адалдықтың өзара жақындығын жете түсініп, оны поэтикалық-философиялық, гуманистік сипатта баяндап өткені белгілі. Сондықтан ағартушылық жолды ұстанған Жүсіп Көпеевтің дара тұлғасы замандастары тарапынан өз заманында-ақ өзіндік жоғары бағалауларға ие болды, халық оны қадірледі, сөзіне құлақ асты, білімдарлығын мойындады. Оған жастайынан «Мәшһүр» деген қазақтардың арасында ерекше құрметтелетін керемет сұңғылалықты білдіретін аттың таңылуы да бекер емес еді.

Жастайынан өзінің ерекше қабілетімен танылған жас Адам Жүсіптің дарыны кейін «Мәшһүр Жүсіп» атанып кетуінің өзіндік тарихы да бар. Дегенмен бұл құбылыстың өзін кездейсоқ оқиға деуге болмайды. Себебі, қазақтың рухани мәдениеті тарихына зейін қойған бала Жүсіптің ерекше дарыны ел ағаларының көзіне түсе бастайды, ол жүрген жерінде қазақтың ежелгі киссалары мен эпостарын жатқа айтып, халықтың құлағына рухани байлығымыздың қайнар көздерін танытатын дүниелерге сусындатып, небір көнеден келе жатқан даналықтың тарихи үлгілерінің этникалық санада орныға түсуіне, өрбіп отыруына барынша үлес қосады.

Халқымыздың өткен ғасырдағы атақты ақыны, терең ойшылы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің ғұмыры қызық пен қиындыққа толы

тарихи кезеңдерді басынан өткерді. Оның шығармашылық пен рухани кемелденумен көмкерілген ғұмырының идеялық және зияткерлік бастауы жас кезінде Орталық Азия қалаларында алынған арнайы діни оқулармен, исламдық қағидалармен астасып жатады. Исламның өзіндік құндылықтары мен Ресей тарапынан келген Еуропалық мәдениеттің түйіскен тарихи кезеңінде қазақ жастарының таңдау жасайтын уақыты келген еді. Әрине, мұсылмандық дәрістер негізінен әліпбилік деңгейден аспағаны, сондықтан жас Жүсіптің терең діни білім алуға деген құмарлығы туындағаны да белгілі.

Заманында Бұқара, Самарқан, Ташкент сияқты қалаларда исламдық руханияттың сүлейлерінен дәріс алған Мәшһүр-Жүсіп Көпеев өзінің барлық білімдарлығын қоғамдағы гуманистік ұстанымдардың орнығуына, этномәдениетімізде ғасырлар бойы қордаланған этикалық бағыттағы жәдігерлерді жинақтауға бағыштайды. Оның халық руханиятының өркендеуі үшін жасаған еңбегі кейінгі тәуелсіздік жылдары ғана шынайы бағалана бастайды. Әсіресе, ойшыл шығармашылығын зерттеуші ғалымдар мен Павлодар өңірінің зиялы жанды азаматтарының үлкен еңбегінің арқасында осы бағытта біршама орнықты істер тындырылды. Қазіргі кезеңде ақынның дүниетанымының көптеген қырлары ашыла түсуде.

Кезінде М.Ж. Көпеев сынды қазақ ойшылының үш бірдей кітабы 1907 жылы жарық көреді. Олар – «Көп жасағаннан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі». Олармен қатар «Миғраж», «Хаятбақшы», «Қорқыт», Гүлшат–Шеризат» деген қисса-дастандары мен публистикалық этнографиялық еңбектерін жинақтауы қазақ халқының ауыз әдебиетін зерделеудегі орасан зор еңбек деп бағалауға болады. Ақын тек діни мәселелерді ғана шығармашылығына нысан ретінде күн тәртібіне қоймайды, ол сонымен қатар терең философиялық, этнопсихологиялық, әлеуметтанулық проблемаларды өрнектеп, өзектендіре түседі.

Ақын шығармашылығының түпкі мақсаты – қазақ қоғамының білімдік, дүниетанымдық деңгейін барынша биікке көтеру, оның руханиятына жаңашыл бағыттағы сарындарды орнықтыру,

жастарды білімдарлыққа, тәрбиелілікке, өнегелілікке баулу болып келеді. Міне, осы талпыныстарынан-ақ ойшылдың барынша гуманистік ұстанымдарды, жасампаз рухани құндылықтарды өзінің дүниетанымына арқау етіп, өмірінде әрдайым өзіне идеялық басшылыққа алғанын байқаймыз. Өз халқын шынайы сүйген жан ғана осындай деңгейде рухани қадамдар жасай алатыны белгілі.

Жастайынан Ақиқаттың жолын іздеп, шындыққа, адалдыққа, іңкәрлікке бейім тұрып, жақын болған Мәшһүр-Жүсіп өзінің кейбір өлеңдерінде адамға шынайылықпен өмір сүрудің соқпақтарының оңай емес екенін суреттейді. Мәселен, өзінің «Ғибрат наме» атты өлеңінде қазақтың «басқа бәле тілден!» деген тәлімінің өзінің жеке тағдырында жиі көрініс бергенін бейнелейді [1]. Өмірдің қызығын қуудың орнына ащы да болса, оның шындығын әлеуметтік ортада айтып отыруға дағдыланған ақын үнемі әлеуметтік әділеттіліктің жағында болады. Ол үшін ғұлама өзімшіл пенделерден бірталай қыспақ та, озбырлық та көреді және оның барлығын сабырлықпен көтеруіне гуманизмге деген бейімділігі, алға қойған мұраты көмектеседі.

Бірақ ол қиындыққа мойып, ақиқаттың жолынан тайқуға, өмірде өзіне ыңғайлылықты іздеуге тырыспайды, керісінше, пендені бақытты болуға жеткізетін жол ауыр екенін және ол негізінен білімділік пен ізгіліктің синтезі болатынын ерте түсінеді. Міне, осындай этностың тарихи кеңістігі үшін үлгілі, ерекше келбеттегі азаматтың қазақ қауымдастығының рухани әлемінің жаңғыруына шынайы қызмет еткенін, қарапайым қандастарының бір сүйем болса да рухани кемелденуіне түрткі болғанына күмән келтірмейміз. Әрине, ол өзінің ел сүйгіш іс-әрекеттері арқылы өз замандастарына игілікті ықпалын тигізгені айқын. Ол сонымен қатар кейінгі ұрпаққа рухани, мәдени мұраларын қалдыру арқылы өзінің ғасырлардың арасына да зияткерлік «көпір» сала білгенін ескертуге болады.

Тарихи тұлғалардың дүниетанымдық төлтума ерекшеліктерін анықтау барысында қоғамдық ахуалдың даму үрдістерін, олардың өзара ықпалдасу сипаттарын қарастыру қажеттілігі туындайды. XX ғасырдың басында қазақ қоғамының үлкен этноәлеуметтік кеңістігінде саяси тұрғыдан алғанда сауаттану үрдістерімен қатар

оның әлемдік өркениеттегі маңыздылығы жоғары құндылықтар дүниесімен танысуға мүмкіндіктері ашыла бастады. Өз заманының қисынына сай Патшалық Ресей өзінің боданындағы, тәуеліндегі елдерді барынша қараңғылықта ұстамақ болғаны белгілі және оның көптеген мемлекеттік шенеуніктері қазақ қоғамының өркениетті тұрғыда мәдени гүлденуінің қажеттілігін мойындағысы келмеді.

Жалпы оған таң қалуға да болмайтын, себебі бұл әлемдік тарихтағы метрополияның колонияға деген жоғарыдан төмен қарайтын көзқарасы болатын және ол әдетте мемлекеттік деңгейде саналы, жүйелеген негізде қалыптасып келетіні де белгілі. Әрине, орыс қоғамының алдыңғы қатарлы гуманистік бағдардағы интеллигенциясы отарланған елдердегі жеке адамға, тұтастай алғандағы этникалық мәдениетке деген көзқарастың барынша әдепті, өркениетті сипатта болғанын қалағанын да жасыруға болмайды. Ақын орыс халқының тарихи қордалаған рухани мәдениетінің жақсы жақтарын қабылдауға болатындығын және мұсылмандық дүниетанымның этикалық негіздерін орнықтыруды тұжырымдайды. Осыған ұқсас көзқарасты басқа да қазақ ағартушыларының дүниетанымынан табамыз.

Өткен XIX ғасырмен салыстырғанда XX ғасырдың басында қазақ қоғамы мен мәдениетінде жаңа идеологиялық сипаттағы заманауи нышандар пайда бола бастады. Біріншіден, Ресей Қазақстанды толық отарлау саясатына көшті. Бұрынғы дәстүрлі басқару мен реттеу тетіктерінің орнына империялық заңдар қазақ даласына енгізілді. Билер соты өзінің әлеуметтік қатынастарды реттеуші қызметінен айырылып қалды. Оны әлсірету мақсатында Ресей әкімшілігі билер сотының шешіміне шағым беруді ресми түрде бекітті, яғни түбінде барлық мәселені болыстар мен ояз әкімшілігі шешіп отырды. Алайда, кейінгі Кеңес өкіметіндей Ресей дәстүрлік мәдени реттеу тетіктерін толық жоймаған еді.

Екіншіден, кезінде Ресей өкіметі өзінің қазіргі Қазақстан айқындаған жеріндегі мүдде-мұраттарына қарсы келмейтін, олардың іске асуына кедергі жасамайтын құқықтық «аудандардың», ұстындардың, нормалардың өмір сүруіне бейтараптық танытты, «көнбістік» көрсетті. Мүмкіндігінше оларды «көрмеуге», тіпті «байқамауға», не болмаса барынша «айналып өтуге» тырысты.

Сөйтіп, аймақтардың, қағида-жарғылардың тыныштығын бұзбауға, «мазасын алмауға», олардың «қытығына тимеуге» ұмтылды. Тіптен, мұндай әдет-ғұрып құқығы нормаларын жергілікті халықты «игеріп», басқарып тұру, оны «тыныштықта ұстап тұру» мүддесі тұрғысынан келіп, осы көзқарас аясында бағалап, пайдалануға тырысты. Яғни аталмыш әдет нормаларының мәдени-рухани, реттеушілік-басқару, іс-қимылдық бағдар беру әлеуметін Ресей мемлекеті мүддесі шеңберінде қолдап, қолданып отырды.

Үшіншіден, қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі түбегейлі өзгерістер әдетте табиғи жолмен емес, күштеу ұстыны арқылы жүргізіліп отырылды. XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басы қазақ халқының отаршылдыққа қарсы толассыз көтерілістер кезеңі. Батыс зерттеушілерінің пікірі бойынша, Ресейдің отарлау тәсілдері басқа еуропалық ірі мемлекеттердің тәсіліне қарағанда қаталдау болды. Қазақтар саяси және қарулы жолмен өз мақсаттарына жете алмайтын еді. Олар барынша жауынгер және ержүрек болғанымен, нашар қаруланған және патша әскеріне қарсы оқпен атылатын қару мен артиллерияны аз пайдаланды. Егер қазақтар жақсы қолбасшысы және әскери техникасы бар армияға біріге алғанда орыс жасақтарының оларға қарсы жасаған жорықтарының көбісі сәтсіз болары анық болатын. Дегенмен, өзінің дербес мемлекеті болмағандықтан ресми әскердің болмауы бұл көтерілістердің тағдырын алдын ала шешіп отырды.

Осы факторларға орай Батыс тарихшылары патшалық Ресейдің жүргізген экономикалық саясатына қарсы қазақтардың мұндай наразылығының негізгі себебі, олардың қазақ руларының жайылымдары мен шабындықтарын тартып алып, Еуропадан келген келімсектерге беруінен көрінетін аграрлық саясат деп көрсетіп жүр. XIX ғ. аяғында бұл саясат үкімет тарапынан қолдау тауып, ресми сипатқа ие болды. Сөйтіп, қазақтың дәстүрлі мәдени реттеу тетіктерінің біртіндеп істен шығуы далада тек мінез-құлықтық ретсіздік ғана емес, сонымен бірге ұлттық сананың оянуына әкелді. Қазақ қоғамында үздіксіз ұлт-азаттық қозғалыс дүмпі басталды және бұл қазіргі тәуелсіз Қазақстанға дейін апарған сара жолға айналды. Қазақ қайраткері М. Дулатұлы XX ғасыр басында өзінің атақты «Оян, қазақ!» деген мәдени бағдарламасын жариялады.

Ресейге бодандық жайында болған қазақ халқы үшін ислам ерекше мәдени және рухани қорғаушы қызметін атқарды. Осы туралы М.Дулатұлы өзінің шығармашылығында өмірдегі құндылықтар сатыларын анықтайтын мынадай сындарлы жолдарын қалдырған:

Әуелі үйренетін бір ғылымың,
Өзіңнің мұсылманша дін ғылымың.
Шарттарын исламның кәміл білсең,
Ахиреттік азық берер шын ғылымың.
Екінші хажет ғылымың орысша дүр,
Өзіңе бек пайдалы тіл білуің.
Қараған мемлекеттің низамы не?
Мұны білсең сақталар дүниелігің.
Кеш біліп, кенже қалып көп пайдадан,
Жібергені сол емес пе жер мен суын.
Жол тауып әлде болса данышпандар,
Дұшпанның құлатқай-ды тіккен туын [2].

Сөйтіп, қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыс қайраткерлері аса діндар жандар болмағандарымен, қазақтың өзіндік мәдениетін қорғаушы рухани күштің бірі ретінде мұсылмандықты, дінге сенушілікті таныды және қолдады. Ресей империясы өзінің жағрафиялық орналасуы мен тарихы бойынша мұсылмандық елдермен қашанда өзара текетіресте, қақтығыста болып келді. Бұл Ресей құрамындағы мұсылман этностарында «исламдық мемлекеттер бізге түбінде көмек береді» деген түсініктер түзілді және ол өз кезегінде үкімет тарапынан кейбір алаңдаушылықтар тууына негіз болды. Әрине, ешқандай империя өзінің жылдам ыдырап кеткенін қаламайды.

Қазақ зиялылары қазақ руханиятының іргетасын мұсылман дінімен байланыстырғанмен жалпы саяси, мәдени және әлеуметтік тұрғыда қазақ халқы орыс мәдениетімен байланысты үзбедің маңыздылығын алға тартып отырды. Бұл тағылымның өзіндік қисыны бар екеніне күмән келтіруге болмайды. Көршілермен тату өмір сүруге бейім қазақ ділі осындай тұғырларды жоққа шығармайтын болатын. Дегенмен, бұл қатынастардың барынша паритеттік негіздерге жақын болғанын қалады. Бірақ күш патшалы-

ғы басымдық еткен заманда ондай өзара тепе-теңдіктің қалыптаса қоюы да екіталай болатын. Міне осындай қатынастардың терең астарын байқаған Мәшһүр Жүсіп ағартушылық ісінің таусылмас қайнар көзін өрбітуді насихаттайды. Қазақ жеріне тәуелсіздіктің сындарлы келбетінің түбі бір келетініне, оның орнығатынына сенген іспетті терең ойшыл.

Панисламизм мен пантюркизм өзіндік саяси ағымдар ретінде Ресей жағдайында отаршылдыққа қарсы күрестің өзіндік жалауына айналды. Осылай әртүрлі діндердің түйіскен жері болып табылатын Еуразия кеңістігіндегі бұл құбылыс кездейсоқ нәрсе емес еді. Осындай күрделі қатынастардың қалыптасуында белгілі бір қисын да, сабақтастық та болған. Бірақ қазақ қоғамындағы дүниетанымдық бағдарларды, саяси ұстанымдарды осы үрдістерге толықтай теліп қоюға да болмайды, өйткені бұл құбылыстың сан қырлы астарлары да бар. Мәселен, түркі әлемінің ішінде де өзіндік қайшылыққа толы қатынастар болғанын есте шығармау керек.

Батыс тарихшыларының көбісі осы жағдайлардың түбегейлі себебі ХХ ғасыр басына қарай, Ресейдің отарлық саясатының кең қанат жаюына байланысты, құнарлы жерлердің жетіспеушілігі, сондай-ақ ұлы державалық үкіметтің орыстандыру саясатына наразылық, бұратана халықтың құқықсыздық жағдайы, ислам дүниесі мен орыс империясының дәстүрлі қарама-қарсылығы және т. б. факторлар деп орынды пайымдады. Американдық ғалым М. Олкоттың пікірінше, қазақтар өжеттілікпен, тайсалмай шайқасқа шығуға мәжбүр болды. Ең күшті қарсылық, әсіресе, Ресейдің көрсеткен қысымшылығы қатайған, сондай-ақ экономикалық ресурстарды пайдалану мүмкіндігі аз қалдырылған аудандарда көрсетілді. Көтерілісті уақытша басқанымен, оған қатынасқандарды жазалау шараларын жүргізгенімен патша үкіметі қазақтардың наразылығын біржола жоя алмады.

Панисламизм мен пантюркизмнің Ресейдің мұсылман халықтарының арасында тарауы олардағы дәстүрлі мәдени нормалардың біртіндеп діни мазмұнға ие бола бастауына әкелді. Бұл мәселе, өкінішке орай, қазақ философиясы мен мәдениетін зерттеушілердің назарынан тыс қалып келеді. Өлі күнге дейін баспасөз беттерінде немесе саясиландырылған ғылыми

зерттеулерде исламдық құндылықтарды теріс көрсету үлгілері жиі кездеседі. Бұл бұрынғы бодандық психологияның қалдығы немесе бүгінгі Еуропада кездесетін «исламдық фундаментализм» айдарының әсері болуы мүмкін. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің насихаттаған гуманистік сипаттағы дүниетанымы жоғарыдағыдай халықтың саяси кеңістігіндегідей тікелей текетіресті өрбітуден гөрі мәселелердің түбірін бейбіт жолмен шешуді көксейді, адамды рухани жетілдірудің тетігін әлеуметтік саладағы әділеттілікті орнықтырумен ұштастыру қажеттігімен байланыстырады.

Әдетте, Ресей патшалығы отарланған қазақ халқын өзінің гегемондық шеңгелінен шығармау мақсатымен үш түрлі сипаттағы империяға тән түбірлі саясат ұстанған. Олар: қазақ жеріне келімсектерді қоныстандыру тәсілімен тартып алып түпкілікті меңгеру; жергілікті халықтың рухани сағын сындыру үшін христиан дініне шоқындыру арқылы орыстандыру; ең қауіпті нәрсе – қазақтардың ұлттық санасын оятпау болатын. Сөйтіп, тұрғындардың азаматтық сезімін өшіріп, рухани құлдыққа таңудың таптырмас құралы территориялық ұстынға негізделген болыстық сатылы сайлау жүйесін орнықтыру арқылы рушылдықтың отына май құйып, өздерімен өздерін жауластырып қоюдан басқа ешнәрсе де емес. Әрине, осы қадамдарға ұқсас үрдістегі келеңсіз оқиғаларды Африка мен Азияның көптеген елдерінің тарихынан аңғаруға болатыны белгілі.

Әрине, қазақ зиялылары бұл саясаттың түпкі қитұрқы негізін аңғарып, оны жүзеге асыруға қарсы тұра білді. Мысалы, Мәшһүр Жүсіптің замандасы, рухани ниеттесі Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ тілінде «Мұсылмандық шарты» атты еңбегінің жариялады. Аталған еңбегінің жазылу себебін Шәкәрім былай түсіндіреді: «Оқығандарыңыз кітаптан, оқымағандарыңыз молдалардан есітіп білген шығарсыздар. Олай болса біздің қазақ халқының өз тіліменен жазылған кітап жоқ болған соң, араб, парсы кітабын білмек түгіл ноғай тіліменен жазылған кітаптарды да анықтап ұға алған жоқ шығар деп ойлаймын. Сол себептен иман-ғибадат турасын шамам келгенше қазақ тіліменен жазайын деп ойландым. Бұл кітап әрбір қазаққа оқуға оңай болып, әрі оларға пайда әрі өзіме сауап болар ма екен деп, үміт еттім» [3].

Гуманист ақын, философ Шәкәрімнің пайымдауынша, ық-шамдаған мұсылмандық ілім қағидаларында екі нәрсе қатал сақтаған орынды: а) қазақы салт-дәстүр мен исламдық нормалардың арасындағы үйлесімдікті; ә) жалпыадамзаттық мораль құндылықтарының әмбебаптылығын. Мәселен, адам еркіндігі мәселесіне тоқталайық. Исламның іргелі түсініктері бойынша бәрі алдын-ала тағдырда жазылған деп келеді. Ал адам еркіндігіне шек қойылмауы тиіс деген түсініктер де философияда орын алған. Сондықтан, Шәкәрім еркіндікті жақсылық пен жамандықтың арасындағы таңдау деп қарастырады. Осы адамның мәнін философиялық сипатта пайымдауы шын мәніндегі кәсіби философтың тұрғысындағы қарастыру болып табылады.

Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысындағы дүниетанымдық мағынада империялық нормаларды қабылдамауы мен төл мәдениетке қатысты құндылықтарды заман талабына сәйкестендіруге бағытталған ұмтылыстары үлкен рөл атқарды. Қазақтың дәстүрлі мәдениетін жаңа заманның жаңа талаптарына сай әрі үйлесімді өзгертудің бір бағдарламасын қазақ ағартушылары негіздеген. Егер «Зар заман» мәдениетінің өкілдері ресейлік ықпалды түгелімен теріске шығарып, өткен уақыт құндылықтарын ғана жандандыруға шақырса, қазақ ағартушылары екі сипаттағы Ресейді бір-бірінен айыра білді (орыс білімділері және әкімшіл жүйе). ХХ ғасырдың басында ағартушылықпен қатар жәдидшілдік пен «түрікшілдік идеясы» (пантюркизм) кең тарай бастады. Пантюркизм идеясының партикулярлық (оқшаулық) белгілері болғанымен, бұл ұстаным исламмен қатар қазақ халқының өзіндік қауымдық санасында этникалық ассимиляцияға қарсы қорған, иммунитет есебінде болды. Яғни түрікшілдіктің қазақ қоғамы үшін мәдени және тарихи маңызы осында деп айта аламыз.

Түркістан туралы, «түркістаншылдық» жөнінде ХХ ғасырдың 20-ы жылдарында ұлт-азаттық қозғалыс өрісінде М. Шоқайдың көптеген еңбектері жарияланды және олар Еуропаның көптеген тілдеріне аударылды. М.Ж. Көпеевтің тағы бір замандасы, саяси күрестің шебері, қазақтың алғашқы саяси эмигранты М. Шоқай үш Түркістанды (кеңестік, қытайлық және ауғандық) атап өтеді және олардың бірігу мүмкіндіктерін қарастырады. Бұл жердегі

басты идея – «Үлкен Түркістан», яғни бұл аймақты мекендейтін барлық этностардың үлкен бір халықты құрастыруы. Кеңес Одағы заманында батыстық кейбір сарапшылар «Үлкен Түркістан» идеясын қолдағанымен, XX ғасырдың 90-ы жылдарынан бастап (әсіресе, 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғаларынан кейін) «түркістаншылдық» идеясына үлкен күдікпен қарай бастады. Бұл түсінікті де. Өйткені Батыс үшін қуатты, біріккен Түркістаннан гөрі, оған тәуелді және ұсақ мемлекеттердің болғаны ыңғайлы. Мұстафа Шоқайдың «түркістаншылдық» идеясының қазақ халқының өзіндік санасы мен бірегейлігін қалыптастырудағы рөлі зор болатын. Сондықтан сыр бойынан шыққан саяси қайраткерді «қазақты жаңа ғасырда оятқан адамдар» қатарына қосу керектігін атап өткен жөн.

Қазақ қоғамындағы ұлт-азаттық қозғалыстың саяси ұйымдасқан құрылымы «Алаш» партиясы екендігі белгілі. Енді осы ұлттың мүддесін іздеген саяси партияның бағдарламасына назар аударалық:

1. Ресей демократиялық Федеративтік Республика болуы керек, оның құрамындағы әрбір мемлекет тәуелсіз әрекет етеді.

2. Қазақтар тұратын аймақтардан құралған автономия Ресей Федеративтік Республикасының құрамды бөлігі болып табылады.

3. Ресей Республикасында тең құқықтық, тұлға, сөз, баспа, ұжымдар бостандығы болады.

4. Дін мемлекеттен бөлінеді. Барлық діндер тең құқылы, қазақтардың өзіндік мүфтийлігі болуы керек.

5. Билік пен сот әр халықтың ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы қажет, би мен сот жергілікті халықтың тілін білуі міндетті.

6. Білім алу – барлығының ортақ игілігі. Бүкіл оқу орындарында білім алу тегін. Қазақтардың өз тіліндегі орта және жоғары оқу орындары, университеттері де болуы керек [4].

Алайда тарих қисыны бойынша бұл бағдарлама практика жүзінде іске аспай қалды. Қазақтың төлтума мәдениеті Қазан төңкерісінен кейін жаңа жағдайларға душар болды. Енді 70 жыл қазақ мәдениеті өз басынан өткізген социалистік идеяның ұлттық мәдениетке қатысты қағидаларына назар аударуына мәжбүр болды. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев әлеумет үшін осындай тағдырдың тезінде өзіндік жолды негізінен халқымыздың сауаттана түсуімен,

ағартушылық ісін дамытуымен байланыстырады. Социалистік мәдениеттің қалыптарының ішіндегі ең қатал тұсы – ұлттық құндылықтарды жоюдың өзіндік сатысы болғандығы екендігін ақын өзінің образды шығармаларында көркемдеп тұжырымдайды. Сондықтан ұлтқа тікелей қатысты құнды дүниелерді насихаттаудан ақын әсте жалықпайды.

Кеңес Одағы таптық үстемдікті насихаттай отырып ұлттық аймақтарда дәстүрлі этномәдениеттерді шектеу бағытында мынадай іс-шаралар жүргізді:

1. Халықтың мәдени мұрасы екі бөлікке бөлінді: «үстем тап өкілдері жинақтаған кертартпа әдет-ғұрыптар» және «қаналушы таптардың моральдық ұстындары». Алғашқылары «революциялық құқық» дегеннің атымен заңсыз деп жарияланды.

2. Атеистік идеология тұрғысынан канондық-құқық пен мораль мүлдем теріске шығарылды.

3. Адам құқықтары идеясы (табиғи құқық) «буржуазиялық наным» болып жарияланды.

4. Сталинизм нығайғаннан кейін «тап күресі одан сайын шиеленісе береді» дегенді желеу етіп тоталитарлық жүйе қызметінде әдет-ғұрып нормаларымен күресу сарыны және бағыты күшейе түсті, сөйтіп ол әдет-ғұрып нормаларын пайдалану ісін жоққа шығарып қана қоймай, ұлттық сана мен психологияның ерекшелігін көрсететін көпшілік сана мен психологияны есепке алуды да жоққа шығара бастады.

5. Қазақтардың көпшілігі ауылда тұрғаны белгілі және көшпелілік жағдайда өмір сүрген. Отырықшылық мәдениетіне ауысу Кеңес Одағында дәстүрлі ұлттық мәдениеттердің тамырына балта шапқанмен бірдей болды. Әрине, көшпелілік ауқымында қала беруге де болмайтын еді.

Социалистік қоғамдық жүйенің тағы бір әлсіз жағы – таптық ұстаным. Бұл теория бойынша, тап күресі қоғамдық прогрестің негізгі әдісі. Сондықтан кез келген адам, егер қоғамдық прогрестің болғанын қаласаңыз, таптық тартысты шиеленістіруіңіз керек деген қорытындыға келеді. Алайда, бұл қақтығыстарды прогреске зиянды деп топшылауға да болады. Себебі, олар прогресті жасайтын негіздерді жоюға күш салды. Адамдардың арасындағы

қатынастарды барынша ушықтырып, әлеуметтік әділеттілікті тек күштің арқасында шешуді алға тартады.

Қазақ интеллигенциясының буржуазиялық – демократиялық революцияға, тіпті, одан кейінгі социалистік революцияға кейбір үмітпен қарауының түпкі себебі қазақ қоғамындағы түбегейлі мәдени-әлеуметтік, этникалық қайшылықтардың өткен дәуірлерде шешілмей келгенінде болып тұрған еді. Ал, енді Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев және т. б. көптеген қазақ қоғамының бетке ұстар көрнекті қоғам қайраткерлері халық үшін шынайы тәуелсіздік келмей қордаланған қайшылықты мәселелер тиісті шешімін таба алмайтынын білді. Міне, сондықтан алдымен зиялылар «ұлттық-мемлекеттік автономия» идеясын жүзеге асыруды ойласа, оның арғы жағында егемендік алуды, тәуелсіздікке қол жеткізу сияқты қадамдар жасалынатына нық сенімді болатын. Осындай саяси бағдарлар мен әлеуметтік өмірдегі серпілістер қазақ қоғамын барынша рухани түлете түсті, барынша ділін жандандыра бастады. Сонымен қатар ғасырлар бойы бұйығып келген ұлттық сананың біршама есеюін, өзін-өзі тереңдей тануын, этникалық «Менінің» негіздерін анықтауын тездетті.

Қоғамдық сананың жоғары руханилыққа, білімділікке қарай ұмтылуы, әрбір азаматтың сауатты да ақылды болуына жол ашу түбінде әлеуметтік дүниедегі жетілуді, үйлесімділікті өркендете түсетініне ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялылары да ерекше көңіл бөліп, үлкен мән беріп отырған. Мәселен, халқының мәдени, азаматтық және рухани жетілуінің қамын ойлаған Ахмет Байтұрсынов төмендегідей тұжырымдарын көпшілікке ұсынған еді: «Осындай жұртқа пайдалы, үлгі аларлық жақсы істі жұрттың құлағына салып, біздің айтайын деп отырғанымыз мынау: білім жарысын істеу әр жұрттың қолынан келетін іс. Істейін десе, қазақтың да қолынан келеді. Европадай зор істеуге болмаса да, бойымызға шағындап, «сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі» дегендей етіп істеуге болады. Осыны есімізге алып, Европа үлгісін қазақтың мүшесіне лайықтайық» [5].

Сөйтіп, қазақ қоғамына ХХ ғасырдың басында рухани тұрғыдан алғанда өте қажет болған, әлеуметтік және мәдени дамуға

барынша керек өзіндік әмбебап үлгіні Еуропадан, оның мәдениетінен іздеудің өзі дәстүрлі қоғам шеңберіндегі қауымдастық үшін руханият саласындағы жаңа бетбұрыс болатын. Бұл әрекеттердің арғы жағында өзгерістер кеңістігіне қарай қадам жасауға ниеттенген қазақ қоғамының зиялыларының жан-жақты жетілу тетіктерін іздеу және болашақтың жағдайын ойлап, оған деген шынайы алаңдаушылықтар жатыр деген ойдамыз. Батыстың мәдениетіне назар аударып, білімнің жастар үшін қажеттілігін түсінген алдыңғы қатарлы азаматтар сонымен қатар этникалық мәдениетіміздің рухани мәйегін жоғалтып алмауымызға да үлкен мән береді.

Осы маңызды құндылықтық бағытта қажырлы еңбек еткен қазақ зиялыларының көрнекті өкілі М.Ж. Көпеевтің дарынды замандасы Жүсіпбек Аймауытов өз заманында айтқан мынандай сөздері халықтың тағдырына деген оның терең жанашарлығының айғағы деп бағалауға болады: «Біздің халықтың ішінде жік те жоқ, құл да жоқ. Біртегіс өнер, білім алуға құқы бар, ерікті теңдес азаматтары ғана бар екенін білеміз. Біздің мақсатымыз: өнер – білімнің жарық сәулесіне ерікті азаматтарға жол ашу, тұйықта жатқан сансыз таланттардың (озаттықтардың) өрбуіне себепші болу. Сөйтіп, өнер, білім жемісін халыққа тегіс жеткізу әр адамның ақыл күші дамуына кең майдан ашамыз, көпке бірдей білім негізін құрамыз» [6, 128 б]. Өз халқының болашағына деген сенім қазақ зиялыларын алға қарай жетелейді, олардың көптеген қиындықтардан өтуіне рухани демеу болады.

Міне, ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялыларының өмірлік құндылықтық бағдары жоғарыдағы сөздерден айқын байқалып тұр. Ж. Аймауытов сияқты қоғам қайраткерінің адамның рухани жетілуіне бағытталған идеялары жалпы гуманистік бағыттағы қазақ зиялыларының қоғамдық болмыстағы субъектіні әлеуметтік белсенділікке шақыруы талпыныстарымен өзара ұласып, астасып жатады. Ол осы мәдени және рухани байланыс арқылы қоғамдық қайшылықтардың біршамасын орнықты түрде шешуге болатындығына барынша сенеді. Бұл әрекеттердің түпкі негізінде гуманистік-этикалық, көркем ойлау стилі жатыр, қоғамды рухани сауықтандыратын, әлеуметтік тұрғыда жетілдіретін адамсүйгіштік қасиеттерге деген үлкен сенім жатыр. Жүсіпбек Аймауытовтың

әдебиет саласындағы шығармашылығына замандасы М.Ж. Көпеевтің діни этикасының, этнографиялық материалдарды жете білетіндігі мен жинақтағаны да барынша игі әсер еткенін байқаймыз.

Жалпы кезінде тоталитарлық жүйе Ақиқат әлемінен енді орын теппес деген тарихтың «ақ таңдақтары» қазіргі кезеңде бірте-бірте ғылыми кеңістікте мамандар үшін ізденістер ауқымы, нысаны ретінде орнығып, күн санап мәні ашылу үстінде. Сол рухани күштердің, тарихи деректердің еркіндікке шығуы мен айғақталу кереметін, яғни, басқаша айтқанда, халық рухының шабыттық деңгейде асқақтауын қазіргі заманда өз көзімізбен көріп, оның куәсі болып отырмыз. Бұл мәдени құбылыстар шын мәнінде қазіргі тарихи кезеңнің дәуірлік, шынайы заманауилық тұстарын тереңдетіп, оның өркениеттік сипаттамасы айналуда. Тұлғаларымыздың шынайы анықтаған сайын тарих қадірін бағалай түскеніміз болып табылады, ол сонымен қатар этникалық пәрменді жаңғыруымыздың өзіндік бастамасы болатыны да хақ.

Кез келген тұлғаның дүниетанымына философиялық тұрғыда сипаттама беру барысында тарихи үрдістің астарында жатқан терең әлеуметтік психологиялық ерекшеліктер мен этникалық дүниенің онтологиялық іргелі ұстанымдарына тоқтала кеткен жөн. Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі қоғамның құндылықтар жүйесін сараптау маңызды және олар қоғамның мәндік негізі, руханиятының мәйегі ретінде кездейсоқ басымдық танытпайды және олардың өміршең болатындығы шын мәнінде өзіндік сынақтардан ғасырлар бойы өткеніне де байланысты екені белгілі. Мәшһүр-Жүсіптің көрегендігі ғасырларды өзара жалғастырушы рухани күштің мәдени құндылықтарда жатқандығы және оны жете түсінгендігінде болып отыр.

Қазақтардың түркілік дәуірі кезеңінде этикалық ұстанымдарға негізделген дәстүрлі дүниетанымы барынша үстемдік еткені мамандарға белгілі. Әлем халықтарының басқа елдерінде құқыққа, эстетикалық ұстанымдарға басымдық беріп жатса, түркілік діл әруақытта мораль тілін, моральдің жүйелі қалыптарын өзіне негізгі құндылықтық бағдар, дүниетанымдық онтологиялық іргетас етіп ұстағанын атап өтуге болады. Міне, сондықтан ол дүниедегі біршама халықтардан өзгеше және өзіне ерекше тән іргелі

құндылықтық жүйелерді қалыптастырады. Оның философиялық терең сипатын анықтау және жастарды дүниетанымдық тұрғыда жетілдіретін тәрбиелік қайнар көздерді ұмытпау қазіргі заманның зиялы қауымының негізгі парыздарының бірі деген ойдамыз.

Халықтың дүниетанымның семантикалық дінгеі, онтологиялық тірегі ретінде «құт» ұғымы алынғанын атап өтуге болады. Шыныменде қазақтың ұлттық болмысында «құт» деген терең ұғыммен өмірдің барлық саласы байланыстырылады және ол қарапайым шаруашылық қадамдардан өмірдің мәнін іздеу арқылы терең иірімдерді бойлайтын құрылымдарға дейін қамтиды. Кез келген әлеуметтік немесе рухани құбылыстың мағыналық, мазмұндық, құндылықтық көрінісі жеке адам үшін немесе бүтіндей халық үшін құтты, қайырлы болмаса, онда оның өзіндік келбетінің әлеуметтік субъект үшін мәні де жоғалатыны анық. Бұл тұжырымдар өз кезегінде өткен тарихи кезеңдердегі және қазіргі таңдағы әлеуметтік процеске, әлеуметтік практикаға берілген жан-жақты және оңды аксиологиялық сипаттама болары да сөзсіз. «Құттың» рухани құндылыққа айналуының өзінде этникалық сананың ерекше көтерілген биігі байқалып отырылады.

Қазақтың менталитетін жақсы түсінетін адам оның ұлттық дәстүрінде материалдық құндылықтарды иеленуге ұмтылушылық, оның қызығына дәнігушілік пен құныгушылық сияқты әдеттерді халқымыз өзінің қоғамдық санасында дәріптемейтіндігін байқайды. Сондықтан да болар мұсылмандық дүниетаным арқылы келген «қанағат», «сабыр», «тәуба» сияқты терең мағыналы ұғымдар халқымыздың әлемді түсіну көкжиегіне үйлесімді сіңісіп кеткені көрінеді. Жоғарыда аталған орнықты рухани құндылықтар, терең рухани тіректер ретінде белгілі ойшыл Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің шығармашылығында жиі кездеседі және ол бұл ұғымдардың өзінің дүниетанымына арқау ететінін де байқаймыз. Осындай аксиологиялық астары байқалған дүниетаным жүйесі қазақ ойшылының ерекшелігі ғана емес және ол жалпы түркі әлемінің де ділдік сипаттамасы деуге болады.

Ежелден қазақ жұрты өнерді өте қадірлеген халық болып танылады. Ол туралы Қорқыт атаның жырларынан Абайдың өнер туралы айтқан өнегелі сөздерінен аңғаруға болады. Мәшһүр Жүсіп

Көпеевтің шығармашылығында өнердің адам мен қоғам өміріндегі ерекше орны туралы үнемі зерделі пайымдаулар мен философиялық тұжырымдар жыр жолдары арқылы айтылып отырылады. Мәселен, ақынның «Өнерпаз» деген тағылымдық сипаттағы шығармасында төмендегідей жолдар бар:

Өнерпаз қара жерге салар қайық,
Жаһаннан алар тағылым, қанат жайып.
Әр жердің тамашасын көзбен көріп,
Жастықта сайран етер болып ғайып.
Тұрғанда бойда қуат, жүрген жақсы,
Аяғың бір күн қылдан кетер тайып!
Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ,
Отырып қалмай үйде қыңырайып.
Жүргеннен тіпті қарап пайдалырақ
Бір әріп (харып) сөз үйренсең, кітап жайып.
Тамшыдан тама берсе, дария болар,
Кетпей ме ақырында бір молайып?!
Қылжақтап екі ауылдың арасында
Не пайда жүргендеріңнен құр сорайып?!
Бас болып, өнер білсең, тіпті жақсы,
Тамаша болдың жігіт таңғажайып. . . .
Білгеннің жүрген жері – бәрі жарық,
Жоламас кем-кетіктік оған айып.
Бұларды айту – бізден, ұстау – сізден,
Ыңғайлы, үлгі аларлық тұрсаң лайық.
Көзіңе көрінгеннен ғибрат алсаң,
Ғаламға болдың өзің Еділ-Жайық.
Дариядан көз жеткісіз өткізетін
Боласың өзің кеме, өзің қайық.
Қызға айтып келіндерге байқатамыз,
Түс ашып, сол солай деп не қылайық?! [1, 97–98 бб.]

Өмірдің өтпелі кезеңдерінің әрбір сәтін бағалауға шақырған ақын даусы негізінен тек сезімдік құлшыныстарды қамтымайды, ол сонымен қатар адам ділінің түкпірінде жатқан ерекше ұстанымдарды доғмалық қасиеттерден арылтуға бағыттайды. Адам психологиясы мен дүниетанымдық идеологиясындағы кертартпалық қасиеттерді

барынша өзгертуге шақырады. Шыныменде кез келген прогресс дәстүрлі қалыптарды өзгертуге алып келеді, онсыз қоғамда алға жылжу да болмайды. Дана қазақ өнерпаздың өзіне «өнерді үйрен де, жирен!» деген. Сөйтіп, нағыз ол хас шебердің өзіне пәрменділіктің, мәңгілік дамудың тегеурінін танытатын, өзгерістерсіз жетілу жоқ екенін білдіретін концептіні ұсынады.

Әрине, кез келген далалық даналықтың ұстанымы өмірде басымдық таныта бермейтін кезеңдер де болады. Сондықтан лайықты бағытта жетілу үшін адами ізденудің қажеттілігі зор екені белгілі, өмірлік кезеңдерде кейде қателесу жолында болса да адамға алға жылжудың маңызды екенін ақын жете ескерткенін байқаймыз. Әрине, дұрыс жолды таңдаудың орны ерекше. Бірақ ондай бақыт кез келген пенденің тағдырына жазыла кетпейді. Тіпті, Қожа Ахмет Ясауи, Абай және т. б. ғұламалардың өздерінің өмірі туралы айтқан тұжырымдарына сүйенетін болсақ, онда олар бірден даналықтың толыққанды құрылымдарына көтерілмей оған ақыл мен сабырлылықтың арқасында бірте-бірте қол жеткізгенін аңғарамыз.

Ақынның дүниетанымының өзіндік философиялық келбетін барынша айғақтап беретін жоғарыдағы жыр жолдары өмірдің мәніне көңіл аудартып, оны жете түсінбеген пендемен сұхбаттасуы болып табылады. Ойшылдың пайымдауынша, бұл дүниеде ерекше қабілет берілмеген адам болмайды, тек соны белгілі бір салада паш ету керек, өнердің көзін тауып, адам қоғамға пайдалы болуы тиіс. «Білгеннің жүрген жері – бәрі жарық» деген тұжырымның ар жағында әрбір пенденің бақытты болудың кілті бар екеніне мегзейді. Әрине, адамда адал еңбек пен шығармашылыққа деген ынта, зейін, ұмтылыстар болмаса, сонымен қатар оған қарай бағытталған белгілі бір деңгейдегі саналы-жігерлену қадамдары болмаса, онда ол тіршіліктегі уақытын бос кетіргені, берілген мүмкіндіктер топтамасын рәсуа еткені. Білімнің керемет қасиетін түсінбейтін жандарға ойшыл ескертпе жасап тұрғандар әсер қалдырады.

Сөйтіп, ақын тарапынан айтылған пайымдаулардың философиялық тереңдігі сонау тарих қойнауында қалған түркі дүниесіндегі рухани мұралардағы тәлімдерімен үндесіп жататын кездері де болады. Егер білім туралы Жүсіп Баласағұнның, Қожа

Ахмет Ясауидің, Ахмед Иүгінекидің, өзінің ұстазы болған Абай Құнанбаевтың тұжырымдарын еске алатын болсақ, онда олардың ойлары бір жерден түйсетіні байқалады. Оларды алдымен түйістіретін ғұламалардың адамға деген гуманистік көзқарастары және терең руханилықты пір тұтқан философиялық жүйелері болып табылады. Жалпы әртүрлі халықтың ғұламаларының үндесетін жері ізгілік ілімін кәдірлеуден, насихаттаудан басталады. Ғасырлардың сабақтастығын осы мағынада өзара рухани біріктіріп, оларды өзіндік эволюциялық тізбекке ілндіріп, жалғастырып тұрған нәрсе ол – адамгершілік қалыптары, рухани құндылықтар екені анық. Сондықтан жас ұрпақ құндылықтар туралы өздерінің көзқарастарын нақты кейіпте қалыптастырған сайын олардың дүниетанымдары да тұтастана түседі.

Сонымен, біртұтастанған, жүйеленген, адамгершілік ұстанымдарды арқау еткен дүниетанымның иегері әр уақытта елдің бірлігін, мемлекеттің тұтастығын, халқының білімділігін ойлайды. Өзінен гөрі өзгенің қамын көбірек ойлау нағыз руханилықтың белгісі екені анық. Осындай қасиеттердің иегері, қазақтың XX ғасырдың басындағы діни философиясының өкілі Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы болып табылады. XX ғасырдың басындағы ислам әлеміндегі модернистік – ілгерішіл қозғалыс – жәдидшілдіктің усули-и-жәдид (жаңа әдіс), оқыту әдісін, ғылым-білім мен дін үйлесімділігі туралы тәрбиелілік, өнегелілік маңызы бар пікірлер толғаған ағартушы-ойшыл [7, 8 б]. Оның халық бірлігін, ұлт тұтастығын негізгі құндылықтық бағдар еткен өмірлік позициясы төменгі жыр жолдарынан анық байқалады:

Асқынды болып жара-жауырларым,
Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым.
Бірлік қыл, басыңды қос, пайданды ойла,
Қазағым, қайран халқым, бауырларым [8, 24 б.].

Қазақтың кең даласын өзінің нәзік лирикасымен өрнектей білген белгілі Мағжан Жұмабаев сынды керемет ақынымыз өзінің көркем образдарға толы дүниетанымын поэзиясында жеткізе білген. Ол өзінің «Бір күні» деген философиялық сипаттағы өлеңінде

тіршіліктегі өзара бәсекелестің бітпейтін негізінің құпиясын іздейді. Бұл құбылыстың, бұл қатынастың негізінен күшті мен әлсіздің арасында туындайтынына оқырманын мегзей келе «осы теке-тірестің нәтижесі қандай?» деген философиялық сауал да қойып үлгереді. Әрине, «әлеуметтік болмыста, табиғаттағыдай күштінің басымдық танытатын кезеңі көбірек болады. Ал, енді «жағдай сондай болды екен» деп әлсіздер үнемі жүнжіп жүре беру керек пе? Осы жерде акын «күшсіздер де тырыссын, қатар болсын!» деген өз шешімін ұсынады [9, 8–9 б]. Шыныменде әрбір табиғат мүшесінің, әрбір жеке адамның, әлеуметтік субъектінің ішінде игерілмеген күш бар, ашылмаған мүмкіндіктер бар екені белгілі. Солар дүниеге паш етілгенде ғана ол жаңаша қырынан танылады. Бұл керемет өркендеу заңдылығын Ж.Көпеевтің замандасы Мағжан Жұмабаев барынша түсінікті көркем баяндаулармен өз оқырманына жеткізеді.

Жалаң саясаткершіліктен гөрі, осындай шығармашылықтың халықтың зердесіне рухани құндылық болып орныға қалатындай мүмкіндігі көбірек екенін атап өтуге болады. Себебі, қазақ халқы әруақытта өлең сөзге, оның даналыққа толы қадіріне өте үлкен мән-мағына берген және оны өзінің діліне барынша жақын еткен халық болып табылады. Шын мәнінде өмір деп аталатын үлкен теңіздің аңғарына тереңірек бойлау үшін әрбір адамның ішіндегі өзімшілдіктің шектеулі қорғанын бұзып, оның ауқымы барынша азайтылуы тиімді, басқаша айтқанда табиғи өзімшілдік рухани көмкөріліп, зерделенген сипатқа, үйлесімді күйге түсуі тиіс. Ол дегеніңіз Мағжан айтқандай «рухани күшсіздердің күшеюін қажет ететін нәрсе». Қазақтың танымал лирик ақыны болашақ ұрпақты сөзімен демеп, осындай әркімнің болашағы үшін маңызды және құнды нәрселерге үнемі назар аудартып отырғанын байқаймыз.

Әрине, бұл жасампаз ойды бұрмалап, тіршілікте оны басқаша түсінуге тырысқандар өмірдің ащы дәмін барынша тартары анық, сондықтан адам болу жолында рухани асқақтаудың орнына морт етіп, сынып кетуі де ғажап емес. Өзінің ғұмырын пендешіліктің тұрпайы құндылықтарын дәріптеуге арнаған жан түбінде түсіне алса жақсы, ал өмірден түсінбей-ақ өтетіндер қаншама. Осындай жаңылысу жолынан шығудың өзіндік тәсілі ретінде ойшыл дүниедегі ең құнды нәрселердің қатарын анықтауға тырысады.

Өзінің «Бес қымбат» деген жырында адамға қатысты құндылықтар иерархиясын, яғни сатылы тізбегін сипаттап береді.

«Ең әуел керек нәрсе – иман» – деген,
«Ақырет істеріне (ишларына) инан!» – деген!
«Құдай кешірет!» – дегенмен, іс бітпейді,
«Иман шартын білмесе, есен (ибан)» – деген.
«Екінші керек нәрсе – ғақыл» – деген.
«Ғақылсызда тауық жағы (шағы) тақыр!» – деген.
«Аз іске ашуланып, дінін бұзар, Иманын кәпірлікке сатар!» – деген.
«Үшінші қымбат нәрсе – сабыр» – деген,
«Сабырлысы мұратын табар!» – деген.
«Әр істе сабырсыздық тәубе – зорлық,
«Сабырсыздық басқа пәле салар!» – деген.
«Төртінші, қымбат нәрсе – шүкір» – деген,
«Нығыметке шүкірсіздік – күпір» – деген.
Жатқан жерден: «Құдай кешір!» – деген – қорлық,
«Себеп іздеп тура жолмен жүгір» – деген.
«Бесінші қымбат нәрсе – әдеп» – деген,
«Әдепсізде иман тұру ғажап!» – деген.
«Кәпірлік – әдептіде тұрмағандай,
«Әдеп деген махаббатқа себеп!» – деген [10, 107–108 бб.]

Жоғарыдағы маңызды құндылықтық бағдарлар ауқымында, құндылықтар жүйесінде адамның үйлесімді, орнықты, парасатпен өмір сүре алатынына, тіпті бұл фәниде ол толықтай бақытты болатынына ғұлама күмәнданбайды. Әрине, бақытқа жету үшін жоғарыдағы дүниетанымдық бағдарлардың ішінен маңыздыларын өзектендірмей, рухани даму жолында біршама күш салмай нәтижелі іс болмайтына да меңзейді. Ақын адамның тағдырлық жолын баяндап, кескіндеп берерде діни фатализм ауқымында қалып қоймайды, кісінің таңдау құқығының маңызды екенін алға тартады. Дегенмен, адамның дүниеге үйлесімді көзқарасы иманнан басталатынын анық жеткізеді. Одан кейінгі орындарға – ақылды, сабырды, шүкіршілікті, әдепті қояды. Осылардың барлығын біріктіретін құдіретті – махаббат деп атайды.

Әрине, ойшыл әркімнің тұлғалық жетілуі барысында әрқилы жолдарға түсіп кетуі мүмкіндігін де жоққа шығармайды. Адам өзін-

дік тұлға ретінде дүниеде жасаған таңдаулары шеңберінен кейде еріксіз шығып кетіп, өз қалауынан тыс қалыптасу жолында болуы да мүмкін екендігін пайымдайды. Міне, осы кезде не істеу керек? Ойшылдың философиялық поэзиясына зер сала қарасақ, онда адам осындай сынақтардың өзінен лайықты деңгейде өтуге тиісті. Шыныменде, әркімнің бұл өмірде өтетін тағдыр соқпағы, алуға тиісті асулары болатыны белгілі. Кейде ол асулар таңдалады, кейде олар тағдырдың тезіндей алдан кенеттен шығып отырады. Сондықтан олардың барлығы да барлық адамдар үшін қажеттілігі мол өмір мектебі болып табылады. Қазақ ойшылы М.Ж. Көпеев осы терең заңдылықты жақсы түсіне білген ойшылдардың қатарына жатады.

Әрине, бұл дүниедегі барлық қайшылықтардың шешімі бір сәтте, бір қадамнан табыла кетпейді. Әлемнің, тарихи субъектінің тарихи процестегі даму заңдылығына сәйкес жетілудің өзіндік сатылары, кезеңдері мен бұрылыстары, қайшылықтары мен белестері болады. Ал әлеуметтегі, тұлғалық жетілу ауқымындағы биік шыңдарға тек шаршауды білмейтін, қайраты қандай істе болмасын қажымайтын, атқарған әрекетінің қоғамдағы тек әділеттілік үшін қызмет ететініне сенген жандар ғана шыға алады. Оның дұрыс немесе бұрыстығына, нәтижесі игілікті ме, әлде бір сәттік тез оңып кетер әсіреқызылдай дүние ме? Оны Уақыт деген үлкен сарапшы, Ақиқат деген қатаң сыншы өлшеуден өткізеді. Сонда ғана құндылықтардың шынайы бағасы, парқы белгілі болады. Оған дейінгі адами ізденістер сол ақиқаттың өлшеміне бір қадам болса да жақындай түсуге тырысу болып табылады.

Әртүрлі драмалық оқиғаларға толы адамзаттың ұзынсонар тарихы бір қалыпты жолдан гөрі, бұралаңдаған қалтарыстарға толы соқпаққа ұқсайды. Оның биігіне көтерілу жолы түп-түзу сызық болып жатпайды. Шынайы тарихында әрбір өркениеттің өзіндік ерекшеліктері, келбеті болғаны да анық. Қазіргі таңда тек қана Батыстың құндылықтары мен мәдени үлгілеріне ғана бас июдің өте сыңаржақты әрекет екеніне күмән келтіруге болмайды. Адамзаттың барлық қауымдастығы тұтастанған метатарихты жасауға өз үлестерін қосты. Оны ғылыми жіктемелеулерден өткізу барысында сатылық деңгейлерге қойған иерархиялық бағалаулар берудің тиімді емес екенін ескерген жөн. Себебі, әрбір өмір тәжірибесінің

өзіндік құндылығы бар, жалпы әлемді рухани игеруге қосқан өзіндік үлесі болады. Соны барынша тиісті деңгейде, сипатта бағалай білген жөн. Міне, сонда ғана кез келген тарихи тұлғаның, этникалық қауымдастықтың өзіндік құндылығы, ерекше қасиеттері объективті сипатта бағаланады, орны көрсетіледі.

Жалпы, Шығыстың бай философиялық және әлеуметтік ойы, оның ішінде қазақ халқының философиялық-дүниетанымдық ойы батыстағыдай қалыптасқан жүйелерде емес, поэзияда, фольклорда, ауыз әдебиетінде, мифологияда, мақал-мәтелдерде, қанатты сөздерде жатыр. Адам мен әлемнің арақатынасын, адамның өзін-өзі тануы, сөйтіп өзін басқаға танытуы, тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін философиялық және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ философиясы – шығыстық философиядағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан философия болып табылады.

Қазақ халқының тарихи және заманауи философиялық және әлеуметтік ойын зерттеуші ғалымдар осындай ерекшеліктерді ескеріп, «ұлттық әдебиетті ұлттық философияның өмір сүру сипаты» ретінде түсінгені, көркем әдебиет туындыларын салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып зерделегені, жеке тұлғалардың поэтикалық мұрасындағы философиялық мазмұнды ашып көрсету үшін оны философиялық ойлау құралдары көмегімен қайта саралағаны талаптануын қолдауға болады. Философиялық танымның негізгі мақсаты қоғамдағы адами өлшемдердің терең мағынасы мен мәнін анықтау, адамға берілген өмірдің құндылықтық мәнін айқындау болып табылады. Осы бағытта жасалынатын әрбір қадамдардың өзіндік ерекшеліктері болады. Философиялық ойды поэзия тілімен бере білу рационалдық тұжырымдарды барынша эстетикалық формаға келтіреді және оны көркемдік нақыштармен безендіреді. М.Ж. Көпеевтің шығармашылығы осы бағытта қалыптасқан өзіндік өнер философиясы деп атауға болады.

XX ғасырдың басындағы қазақ даласына қазіргі уақыттағы жаңа заманның алғашқы толқыны, өзіндік зияткерлік лебі келді,

қазіргі тарихи кезеңнің алғашқы қарлығаштары халықтың өзіндік санасында және этникалық болмысында орнығып, гуманистік сипатта ұя сала бастады, яғни рухани дүниенің барынша демократиялана бастауының, тереңдей түсуінің алғышарттары орныға бастады, яғни тұғырлы ойлау еркіндігінің принциптері қоғамдық санада барынша рационалдық ұрықтар түрінде егіле бастады. Қазақтың қамын ойлаудың нағыз дарынды үлгісін өткен ғасырдың басында ұлт зиялылары көрсете алды.

Егер тарихтан ұрпақтарға тәлім беретіндей тұлғалық шынайылықтың үлгісін іздейтін болсақ, онда қазақ халқының өткен ғасырдың басындағы талай азаматтары өзінің халыққа, өнерге, білімге деген риясыз қатынасымен паш ете білді. Қазіргі заманның есепшіл, пысықай прагматизмі, әсіреқызыл сипаттағы еліктегіштігі, әлеуметтік қыспақтарға өзіндік бейімделгіштігі кейде М.Ж. Көпеев сынды ерекше тарихи тұлғалардың дәріптеген, насихаттаған биік деңгейлі руханилықтарының солғын тартқан ғана кейпіндей, жалғасындай әсер қалдырады. Замандастарымызға қазақ зиялылығының ерліктері жетіспейтіндей болады.

Әрине, әрбір заманның өзіндік қиындығы да, жетістігі де болады. Өткен идеализациялау бар да, одан жинаған тәлімдерді, жәдігерлерді құнды дүниелер ретінде қадірлеу бар. Қазақ ғұламаларының шығармашылығына, ағартушылық бағыттағы қызметіне терең дүниетанымдық, философиялық тұрғыдан көз жіберетін болсақ, олардың тұтастанған дүниеге көзқарасы қоғамның рухани әлемінің көптеген саласын қамтығанын және олардың бір-бірімен байланыста, өзара ықпалдастықта болғанын, көптеген өзекті мәселелерді қарастырғанын байқаймыз. Олардың шығармашылығы көбінесе энциклопедиялық келбетке ие болғаны байқалады. Мәселен, М.Ж. Көпеевтің жеке дүниетанымынан осындай ерекшеліктер де көрініс береді. Оның дараланған тарихи тұлғасын педагогика мен психология саласы тұрғысынан қарастырған зерттеуші мамандар оның жан, қиял, ойлау, бала мен үлкендердің қарым-қатынасы, бейғамдық және тағы басқа да психологиялық ұғымдарды зерделеуден өткізгенін атап өтеді [11, 272–273 бб.].

Демек, ежелден адамзаттың ақыл-ойы мен рухани әлемін толғандырып келген жан мәселесін тек әлеуметтік психология

тұрғысынан ғана емес философиялық пайымдау тұрғысынан да қарастыруға болады. Осы мағынада түркілік және қазақ ойшылдары арасында бұл тақырыпқа назар салып, өз тұжырымдарын білдірген ойшылдарды атап өтуге болады. Әсіресе, адамзаттың руханиятының дүлдүлдері әл-Фараби, Абай, Шәкәрім сияқты есімдерді атап өткен жөн. Қайырымды қала тұрғындарына арнаған трактатында түбі түркі әл-Фараби бабамыз адам ғұмырында әртүрлі жандардың бір-біріне қатынасының маңызды екеніне, олардың рухани дүниенің келбетін анықтайтынына назар аудартады [11, 45–68 бб]. Кейінгі тарихи кезеңдерде түркі даласының ойшылдары күрделі мәселе ретінде көтерген маңызды аксиологиялық ізденістер мен тұжырымдар, құндылықтық жүйе жіктемелейтін тұжырымдар қазақ ойшылдарының шығармашылығынан да анық көрініс береді.

М.Ж. Көпеевтің ұстазы, алғашқы буын ағасы болған Абай Құнанбаев еді, ол адам өмірінің мәнін анықтарда алдымен «Мен мен менікінің» сипаттарын ажырата білу қажеттігін айта отырып, адамның тәні мен жанының мәндік айырмашылығы бар екенін атап өткені белгілі. Жанның құдіреті адам өмірінің мәнін кіргізіп тұрғаны туралы түсініктерге ақын жақын келеді. Шыныменде «Мен» мен «Менікіні» бір-бірімен ажыратпай, оларды бір-біріне абсолютті түрде таңып қойған пенде бұл дүниенің ұзақтығын «бес-ақ күн деп ойлайды», оның «жалған дүние» туралы түсініктері тереңдей береді. «Адамның барлық ғұмыры денесінің қуаты біткенінше екен» деп Ақиқат туралы терең мағлұматты білмегендіктен надандыққа ұрынады.

Шәкәрім болса жан мәселесіне терең назар аударып, өзінің бұл мәселе бойынша тұжырымдарын таза философиялық трактаттағы нұсқалар ретінде ұсынады. Ол өз еңбектерінде адам болмысындағы жанның әлеуметтік практикадағы нақты көрінісі – ар-ұждан екенін дәлелдеуі шын мәнінде өзіндік бірегей шығармашылық келбеті бар, терең экзистенциалдық философиялық пайымдаулар қатарына жатады. Адамның өзінің арының тазалығын ойлауы оның тұлғалық келбетінің тұтастана, кемелдене түскенін білдіреді. Өкінішке орай, күнделікті тіршілікте өзінің пендешілік табиғи мүдделерінің жетегінен, инстинктердің сұраныстарын қанағаттандырудан аса алмай жатқан адамдар қаншама. Дегенмен, қалайда әрбір жан

ерте ме, кеш пе өмірмәндік сұрақтарды қоюға мәжбүр болады. Кезінде Шәкәрімнің қазақ зиялыларына қойған бес сауалы да осы мәселеге қазақ жұртшылығын жақындатуға тырысушылығы деп білуге болады. Бұл сауалдарға Мәшһүр Жүсіп жауап берді ме, бермеді ме ол туралы толық мәлімет жоқ. Дегенмен, онымен таныс болуы әбден мүмкін. Ал енді ақынның шығармашылығын зерделей отырып олардың жауаптарын тұспалдауға да болар еді.

Қазақтың кәдеуілгі санасында тіршілік иесінің қимыл-қозғалысы, қуаты бар болса, онда оның «жаны бар» екен қорытындыға келуі үстірттеу түсінік екеніне мегзейді. «Жаны болу» деген ұғым негізінен тіршіліктің заттық, денелік рухынан гөрі адамға тән қасиетті күштердің қызметін көрсететін, ондағы құдайдан берілетін адамгершілік негіздермен, қырлармен байланыстырылады. Бұл тұжырымдардың терең мағыналы тұстары қазіргі кезеңдегі әлемдік философияның дамуы деңгейінде біршама мойындала бастағанын атап өтуге болады. Бұрынғы материалистік көзқарастардың үстемдігі бірте-бірте ығысып, адамға руханилығы мен табиғи материалдығы өзара кіріккен біртұтас дүние ретінде қарастыру белең алуға.

Ал, енді М.Ж. Көпеевтің «Аспан, жер және адам жаратылысы туралы» деген еңбегінде «Дене қараңғы үй. Жан сол үйдегі жарық қылып тұрған бір сәуле. Әркімнің жаны бір қалыпта, бір түрде болмайды. Сондай болған үшін айтылады: «Арық пен семіздің басы бір ме, жақсы мен жаманның жаны бір ме?» – дейді ... Алайда жан бар, дене бар. Екеуі бірінен-бірі жасырын емес. Адамның денесі өзіне де, басқаға да көріністе тұр. Жан өзі көрінбейді. Бірақ белгісі көрінеді. Жанның барлығы соңынан танылады. Барлық белгісі – адамда бір нәрсені ойына салып ойлау бар, сезу бар. Ойланып сезген нәрсесін орындап, орнына келтіру бар. Жылынады, тынығады, бір нәрсені жақсы көреді, бір нәрсені жек көреді. Міне, осындайлар – жанның барлық белгісі... Денедегі серік болуға жарайтұғын нәрсе – қан» [12, 272–273 бб].

Ойшылдың адам жанының ерекше белгілері туралы айтылған ойлары әзірге гуманитарлық ғылымның бұл құбылысқа қатысты терең қатпаларына жете алмай келе жатқан, шынайы табиғаты әзірге толық анықтала қоймаған нысандардың қатарына жатады.

Ақын өзінің шығармашылығында жан негізінен алғанда адами сезімнің көрінісі екендігін айта келіп, сол жанның жетілуі үшін, кемелденуі үшін, үнемі ол тазарып отыруы үшін барлық сезім мүшелерінің, мидың, ақылдың зор кешенді түрде қызмет атқаратындығын орынды көрсете білген. Әрине, жанның сипатын діндердің барлығы өз тұрғысынан анықтағысы, көркемдеп бергісі келеді. М.Ж. Көпеевтің түсінігіндегі адамның жан дүниесі, рухани әлемі мұсылмандық қағидалар мен ұстанымдардан туындайды және сонымен қатар материалдық игілікті өзіне негізгі бағдар етудің және адамдардың бір-бірінен мін іздеуін, кемшіліктерін тізе бастауын пендешіліктің көрінісі деп бағалайды. Адам алдымен өз халқы үшін «емірену керек, егілу керек!» деген ұстанымды ұлттық идея ретінде алға тартады.

Өз халқының қамы үшін барлық өмірін сарп еткен жандарды дәріптеген ақын, әрдайым көзсіз ерліктен гөрі саналы іс-әрекеттің маңыздылығын алға тартқан. Сондықтан ол сауаттылықтың, терең білімділіктің қазақ үшін қандай қажетті құбылыс екенін жете түсінгенін байқаймыз. Әрине, діни сауаттың өзіндік шеңберлермен шектеліп қалмай ғылым мен білімнің әртүрлі салаларымен байланыса отырып өрбігеніне ақын көңіл қояды. Сондықтан қазақ қоғамындағы жаңашылдық негіздегі мектептердің көбейгенін қалайды. Адамның білімге деген құштарлығының шексіз болатындығына күмән келтірмеген ойшыл қазақ жастарының әрбір бос өткен уақытының өкінішті екенін шығармашылығында өрнектеп отырады.

Ақын дүниетанымы негізінен алғанда «діншіл философ» деген атаққа лайықты және ол ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілі екеніне күмән келтіруге болмайды. Сондықтан да болар атеистік бағдарды ұстаған кеңестік заман ойшыл тұлғасын қабылдағысы келмеді, оның қажырлы еңбегін толықтай жоққа шығарған кездер де болды. Дегенмен, оның діншілдігі қарапайым дүмше молдалық кейіпте емес еді, ол шығармашылыққа толы ерекше сипатта болатын, яғни ол діни ережелерді орнықтыруда догмалық деңгейде қалып қоймаған, үнемі шығармашылық ізденістегі, ғылым мен жаңашыл білімнің жетістерін ескеретін, жасампаз деңгейдегі діншілдік болатын.

Ондай діншілдік ғылым мен білімнің, мәдениет пен өркениеттің жетістіктерін шеттетпейді. Сондықтан ғұлама ақын ғылымның, ғылыми танымның, психологиялық ұғымдардың қоғамдағы маңызын жете түсінеді және олардың әрқайсысына өзіндік ғылыми деңгейде сипаттама беріп отыруға тырысады. Сөйтіп, ақын үнемі замандастарын жасампаздыққа, шығармашылыққа қарай үгіттейді, өзінің халық қамын, жастарды болашағын ойлайтын нағыз ағартушы екенін білдіреді.

Сонымен, өткен ғасырдың басында өмір сүрген қазақ ойшылдары арасында өзіндік орны болған тарихи тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің дүниетанымы өзіндік ерекшеліктерге толы. Ол қазақ қоғамындағы ұлттық дәстүр мен болмыстың інжу-маржандарын жинақтауда үлкен еңбек сіңірді. Сонымен қатар ол өзінің діни-философиялық дүниеге қатынасын ерекше сипатта өрнектей алған қоғам қайраткері. Жалпы белгілі гуманист тұлғаның өзіндік дүниетанымдық жүйесінің маңызды қырлары тарих философиясы тұрғысынан сараптаулар әрі қарай жалғасуда. Жасампаз тарихи тұлғалардың дүниетанымының негізін гуманистік ұстанымдар мен рухани құндылықтар жүйесі құрайтыны белгілі. Осы жағынан алғанда ақынның шығармашылық жолы халқының руханиятын түлетуші, өркендетуші рухани күш сипатында көрініс бергенін атап өту керек.

XX ғасыр басындағы діни жаңартушылық қозғалыс

Қазақтың атақты ойшылы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің діни көзқарасын ашу үшін, алдымен оның алған діни білімі мен діни еңбектерін, оның көтерген діни тақырыптағы мәселелерін дәстүрлі тарихи уақыт ағымы мен сол заман тұрғысында пайымдау қажет. Сондай-ақ, әулиелік қабілет пен қасиет дарыған бұл абыз ақсақалдың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани мол мұрасын бүгінгі күннің кәдесіне жарату үшін, оның өмір сүрген дәуіріндегі діни жаңартушылық қозғалыс пен қазіргі замандағы діни ахуалды өзара салыстыра отырып, Мәшһүр-Жүсіп көзқарастарының өзектілігі мен әлеуетін, маңыздылығы мен қажеттілігін айқындау керек.

Фольклортанушы әрі тарихшы ретінде ғана емес, дінтанушылық қырымен де көзге түскен Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің (1858–1931) өмір сүрген кезеңі – XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басы жалпы әлемдегі, сондай-ақ мұсылмандық Шығыс әлеміндегі, оның ішінде қазақ даласындағы да ірі де, күрделі өзгерістер кезеңі болып саналады. Бұл дәуірде өмірдің барлық салаларында құлдырауға ұшырап, батыс державаларының билігіне тәуелді күйге түскен мұсылман елдерінде ислам дінін қоғамдағы өзгерістерге бейімдей отырып, жаңарту идеяларын алдыға тартқан қолдаушылардың қозғалысы орын алды. Модернизация әсерімен болған бұл қозғалысты реформаторлық қозғалыстар деп те атайды, алайда дін канондары тұрғысынан келгенде мұндай атау оның негізгі догматтарына қайшы келеді, өйткені дінде ешқандай реформа болуы мүмкін емес. Бұл көбіне ориенталистік бағдардағы батыстық ұстаным тұрғысынан қойылған атау кейін дүниетанымдық әдебиеттерге де, әдіснамалық әдебиеттерге де сіңіп, орнығып кетті. Сол сияқты бұл қозғалыстарға қатысты панисламизм деген айдардың қолданылатынын ескеру қажет. Мысыр мен Пәкістанды, Осман және Ресей империяларын (оның ішінде Қырым мен Еділ бойынан қазақ даласына енген) кең қамтыған бұл үрдіс пен қозғалысты біз діни жаңартушылық немесе модернистік деп атағанды дұрыс көрдік.

Діни жаңартушылық қозғалыс – XIX ғасырдың соңында пайда болды және ол идеология ретінде осы заманда өмір сүрген мұсылман қайраткері Жамал ад-Дин әл-Ауғани (1839–1897) есімімен байланыстырылады. Бұл діни-саяси идеология жер бетіндегі барлық мұсылман қауымының бірлігі концепциясымен айшықталып, олардың біртұтас ислам мемлекетіне бірігу қажеттілігін алға тартады.

Алғаш рет, мұсылман елдерінің діни-саяси бірлесуі жайлы ол XIX ғ. 60-шы жылдарында өз ойын білдірді. Иран, Ирак, Үндістан, Ауғанстан, Түркия елдерімен жақын танысу әртүрлі мұсылман елдерінде ортақ мәселелердің бар екенін анықтады. Экономикалық және мәдени артта қалушылық, рухани және интеллектуалдық тұрғыда тұралау мен шетелдіктердің үстемдігі бұл қозғалыс өкілдерінің болашақ қызметінің бағытын айқындап берді. Саяси

мақсаттарға жету үшін діни лозунгтер қолдануды, исламды отарлық езгіге қарсы күресте халықты жұмылдыруға және қайта өрлеуге мүмкіндіктің бар екені жайлы оларға сенім ұялатуға қабілетті бірыңғай идеологиялық платформа ретінде қарауды ұсынды.

Жәмаладдин әл-Ауғани отаршылдыққа қарсы күреске үндеулерінде бас көтеруге діни реңк беріп отырды. Ұлтшылдықтың ортақ жауға қарсы мұсылмандардың бірігуіне кедергісін келтіретінін түсінген әл-Ауғани ұлттық бірегейлікке діни ынтымақтастықты қарсы қойды: «Мұсылмандар діннен басқа ұлтты білмейді». Мұсылман халықтары альянсы бастапқыда Ауғанстан, Белуджстан, Қашқар, Жаркент, Бұқара және Қоқан елдерінің басын қосты, түрік сұлтаны және үнді мұсылмандары тарапынан қаржылық қолдауға ие болды. Мұсылман елдерінің альянсы жобаларын әл-Ауғани бірнеше рет жасады. Ол Мысыр хедивіне, біресе, судандық махди, біресе иран шахына, не түрік сұлтанына тоқталады. Бастапқыда әл-Ауғани буржуазиялық қағидаттарды уағыздады, жеке меншік құқын мойындамайтындығы және әлеуметтік теңсіздіктің табиғилығын мойындамайтындығы себепті коммунизмге, социалистік идеяларға қарсы болды. Алайда, өмірінің соңғы жылдарында оның бұл көзқарасы түбегейлі өзгерді, социализм исламға қайшы келмейді, Мұхаммед пайғамбардың үмбеттері социализмді алғашқы жақтаушылар деді.

Мысырда мұсылмандық модернизм идеяларын әл-Ауғанимен қатар және кейінірек *Мұхаммед Абдұлу* (1849–1905), *Рида Мұхаммед Рашид* (1865–1354), *Хасан аль-Банна* (1906–1949), *Саид Кұтб* (1906–1967) жалғастырды. *Саид Кұтб* Мысырда 1928 жылы «Мұсылман бауырлар» ассоциациясын құрды. Бұл партия осы күнге дейін өзінің саяси белсенділігін сақтап келеді.

Өзінің қазіргі формасы мен қоғамдық пікірдегі мағынасында саяси ислам немесе исламшылдық Шығыс халықтарының өмірінде аса маңызды рөл атқарды. Үндістанда халифаттық қозғалыс ағылшын үстемдігіне қарсы шықты, Ганди мен Үнді Ұлттық Конгресінің бұл қозғалысты қолдауы тегін емес. Исламшылдықтың ұрандары антиимпериалистік сипатта болды. Үндістандағы бұл қозғалыстың соңы отаршылдықтың күйреуіне және Пәкістанның бөлініп шығуына әкелді. Бұл жердегі көрнекті мұсылман модернистерінің қатарына

Англияда оқып, білім алған *Саид Ахмед Хан* (1817–1898), *Саид Әмір Әли* (1849–1928), *Мұхаммед Икбал* (1873–1938) жатқызылады.

Кейде радикалды сипатымен ерекшеленетін саяси исламның идеологиялық бастауында көбіне дін ғұламалары мен үлемдер емес, діни емес саяси интеллектуалдар тұрады (мысалы, А. Мауди-дің кәсібі – журналист, С. Құтбтың кәсібі әдебиетші болатын), сондықтан оны ислам дінінің ішіндегі өзекті бағыт деп қабылдауға болмайды. Өтпелі тарихи кезеңдер мен дағдарыстарда орын алып, қоғамдық институттарды түбірімен өзгерту үшін қандай да бір көзқарастар мен тұжырымдарды шектен тыс әспеттейтін радикализм (латынша *radix* – түбір) және олардың қолданған қарулы күресі екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ұлт-азаттық және революциялық қозғалыстарда діни ғана емес, зайырлы белгіге де ие болатын.

Бастауын Батыс Еуропадан алатын зайырлылық пен секулярлық үрдістер кейінірек бүкіл ислам әлемін қамтыды. Басқарудың зайырлық үлгісі мен секулярлық дүниетаным (лаицизм) XX ғасырдың бастапқы ширегінде тұңғыш рет ресми бекітілді. Түрік лаицизмі мұсылман әлеміндегі қолданыс тапқан алғашқы доктрина болды. Кейінірек бұл зайырлы идеология бірқатар араб елдерінде, сондай-ақ бұрынғы Кеңес Одағы құрамындағы Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркіменстанда коммунистік режим жағдайында секулярлық идеяның шектен шыққан көрінісі ретінде қалыптасты.

Осы тұрғыда «саяси ислам» терминінің өзінің бейтарап екендігін айта кету керек, бағалаушы немесе айыптаушы пікірлер нақты бір исламшыл қозғалыстың немесе ұйымның көзқарастарына, мақсаттары мен құралдарына қатысты айтылады. Халықаралық қауымдастықтың қазіргі құқықтық нормаларына қайшы келмеген жағдайда бұл қозғалыстарға өз бағдарламаларын жасауға, оны жүзеге асыруға мүмкіндік берілуі тиіс. Демек, саяси исламның таңсық болатындай ештеңесі жоқ, ол «дамушы әлем» елдеріндегі заманауи әлеуметтік, саяси, құқықтық, экономикалық және адамгершілік мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Ол отаршылдық бұғауынан босап, өз бірегейлігін орнықтыру барысында күнделікті өмірдің барлық саласындағы күрт өзгерістермен, урбанизациямен,

әлеуметтік құрылымның бұзылуымен, дәстүрлі құндылықтардың шайылуымен сипатталатын жаңғырту (модернизация) мен жаһандану (глобализация) үдерістерінен туындаған көкейтесті мәселелерді шешуге тырысуда. Ислам тек діни дүниетаным ғана емес, ол өмірдің тәртібі, белсенді өмір сүрудің мәдениеті. Батыстың бұқаралық тұтынушылық мәдени тегеуірініне қарсы тұруға қабілетті исламды сыртқы формалды түрде ғана емес, оның рухы мен ішкі мәнін түсіне ұстанған жағдайда, ол көркем мінезді тұлға, адал азамат, салауатты отбасы, ізгі қоғам қалыптастыруға оң әсерін тигізеді. Бұл мәселелерді Мәшһүр Жүсіп Көпеев ислам дінінің қайнар көздері – Құран мен Суннаны терең меңгергендіктен жақсы түсінді және бұл мәселелер оның еңбектерінен айқын көрініс тапты.

Құранның көптеген аяттарында, сондай-ақ Суннада Құдайдың еркі бекітіледі, биліктің қандай да бір топқа, рухани көсемдерге немесе шіркеулерге (теократиялық басқаруда осындай болады, ал исламда дінбасылар кастасы немесе шіркеу институты деген болған жоқ) тиесілігі туралы ештеңе айтылмайды, керісінше биліктің жауапкершілігі туралы айтылады. Сондықтан исламның бұл бастау көздерінен абсолюттік монархия туралы да, классикалық демократия туралы да, диктатура немесе анархия туралы ешқандай мәлімет табылмайды. Жалпы исламды идеологияландыру әрбір мәселені көппен келісіп шешіп («шура», «сұхбат»), өзгеге зиянын тигізбейтін құқыққа негізделген мұсылмандық жүйеге, исламның өзінің рухына қайшы келеді. Исламдағы басқару бағынушы мен басқарушы арасындағы заңды келісімге негізделеді. Ал бұл заң үстемдігі (оны басқарушы да, бағынушы да сақтауы керек) Алланың Еркі мен Сөзіне сүйенуі тиіс. Мұны белгілі бір дәрежеде Руссоның «қоғамдық шарт» тұжырымдамасымен және құқықтық мемлекет идеясымен салыстыруға да болады.

Исламшыл қозғалыстардың және олардың әлеуметтік, саяси функцияларының алуан түрінен ислам радикализмі және ислам либерализмі деп анықтауға болатын екі идеологиялық алшақ ұстанымды бөліп қарастыруға болады. Американдық зерттеуші Г. Фуллер өз пікірінде демократияны, адам құқықтарын, плюрализм мен азаматтық қоғам құндылықтарын жақтайтын либералдық немесе модернистік (кейде «ағартушылық», кейде евроислам

терминдері де қолданылады) исламшылдық әуел бастан оған «мультикультурализм» тән болған исламмен толық сәйкес келеді деп есептейді [13]. Исламның негізгі постулаттарына сәйкес, бұл дін қоғамның әртектілігін, әр алуан этностық, діни топтардың болуын алдын ала «априори» қабылдайды. Исламның қайнар көздері бойынша адамдардың арасында дінге сенетіндер мен сенбейтіндердің, әрқилы наным-сенім өкілдерінің болуы, сондай-ақ әр алуан нәсілдер мен халық өкілдерінің өмір сүруі Жаратушының даналығы мен құдіретінің бір белгісі болып табылады [14].

Үкілі Мәшһүр Жүсіп заманындағы діни ахуал осы дәстүршілдер мен либералистер арасындағы айтыс-тартыспен сипатталады. Патшалық Ресей империясындағы бұл екі тарапты қадымшылдық пен жәдидшілдік білдірді. Жәдидшілдік (араб тілінен аударғанда «жаңартушылық») – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында мұсылман түркі тілдес халықтардың арасында таралған қоғамдық-саяси және интеллектуалдық қозғалыс. Ал қадымшылдық (араб тілінен аударғанда «ескішілдік») болса, заманауи жаңашылдықты қабылдамайтын, Шариат жолынан ауытқымауды талап ететін консервативтік ұстанымда болды.

Жәдидшілдік бастапқыда Қырым және Еділ бойындағы ханафилік мәзһабты ұстанатын түркі тілдес халықтардың (басым бөлігінде татарлардың) арасында дүмшелік пен фанатизмге, буквализм мен догматизмге қарсы заманауи өркениеттің білімі мен ғылымын қарсы қойған қозғалыс болды. Олар мұсылмандардың алдына еуропалық өркениеттің қойған міндеттерін шешу үшін «иджитхәдтың қақпасын» ашу қажеттілігін алға тартты.

Бүгінгі ислам ойшылдардың осы заманғы әлеуметтік және саяси құндылықтармен сәйкес келетіндей ұғымдармен исламды түсіндіруге ұмтылуы әдетте, радикалдар тарапынан наразылық тудырады. Бұл тұста бұрын беймәлім болып келген жаңа таңсық ахуалдарға қатысты іргелі ислам қағидаларын қолданудың құралы ретінде «иджитхәд» мәселесі алдыңғы орынға шығады.

Кей жағдайда саяси исламға қатысты өз пікірін үстірт айтатын адамдар көбіне Құранның аудармалары мен әдейі іріктелген әлсіз хадистерге сүйеніп, өз көзқарастарын тануға бейім тұрады. Олар мұсылман құқығы – шариаттың Құрандағы құқықтық-

этикалық қағидалар мен Мұхаммед пайғамбардың хадистерінен тұратын діни-этикалық бастаулармен қатар, мұсылман қоғамының біртұтас келісімі – иджмалармен сипатталатын арнайы құқықтық қайнарлардан құралатынын естен шығарады. Нәтижесінде бүгінгі күні белең алып отырған мұндай жеңілтек шешімдер заңнамалық ретсіздік пен заңдылықтың дағдарысын тудырады, байыбына терең бойламай қабылдана салатын қоғамдық пікір қалыптасады. Ислам тарихынан белгілі, Мұхаммед пайғамбар дүниеден өтіп, уәхи тоқтағаннан кейін діннің өзге мәдени орталарға таралуы барысында күнделікті өмірде туындаған кез келген мәселенің шешімі аят-хадистерден (насстан) табылмаса, алдыңғы қатарлы сахабалар, тәбиғиндер мен тәуа-табиғиндер, мүджтәхид ғұламалар мен факиһ ғалымдар Құран мен Суннаның негізінде қияс (аналогия) әдісін қолданып, рай мен иджтихәдқа (ыждаһат – дұрыс шешімге келу үшін күш-жігерді жұмылдыру) жүгінген. Мүджтәхид (иджтихәд әдісін қолданушы) ғалымдардың бір діни үкімге бірауыздан келісуі иджма деп аталады.

Исламшылдар арасында иджтихәдты қолданудың шекарасы мен пәтуа беруге кімнің құқығы бар екендігіне қатысты пікірталас бар. Оның бір жағында діни үлемдер болса, екінші жағында көбіне батыстық білім алып, батыстық елдерде тұратын «ислам интеллектуалдары» тұр. Бұл интеллектуалдардың «беделді иджтихәдқа» деген дін иелерінің дәстүрлі монополиясына таласы бар.

Жалпы мойындалған иджтихәдтің заңдылығының түбінде екі шарт болуы тиіс: біріншіден, оны қолданушы адам құқық әдіснамасына қатысты дәлелдеменің барлық шариаттық әдістерін білуі тиіс, екіншіден, ол осы әдіс-тәсілдердің рухын меңгеріп қана қоймай, өзі құқықтық қисынды ақылға жүйрік болуы керек. Сол сәттегі ғана емес, болашақта да туындауы мүмкін деген фықһтық мәселелерге қатысты миллионнан аса иджтихәд жасаған Әбу Ханифа осы әдіснама мен құқықтық мектептің негізін қалаушылардың бірі ретінде дін ілімінде ерекше орны бар тұлға болып саналады. Оның өзі мен шәкірттерінің заманында ислам әлемінде өркен жайған бұл ерекше бай әрі қайталанбас құқықтық мәдениет мұсылман қауымына зор игілік әкелді. Алайда уақыт өте келе, жаттандылық пен көзсіз еліктеудің, дүмшелік пен догматизмнің салдарынан оның өмірлік

кеңістігі тарыла түсті. Дегенмен бүгінгі діннің жаңғыруы барысында, ислам интеллектуализмінің оянуы аясында тақуалығы мен ақылы жарасқан, жан-тәнімен жауапкершілікті түсінетін адамдардың арқасында иджитихэд өнері қайта өркендеуі әбден мүмкін.

Қазақтың діни ойшылдары Абай мен Шәкәрімнің, Шәңгерей Бөкеев пен Шәді төренің, Марал ишан мен Науан қазіреттің, Ғұмар Қараш пен Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің көзқарастарына жоғарыда аталған үрдістердің, оның ішінде қадымшылдықпен қатар, осы иджитихад құбылысына жақындайтын жәдидшілдіктің ықпал еткені сөзсіз. Жәдидшілдік түркі тілі мен әдебиетін дамытуды, зайырлы пәндерді үйретуді, ғылым жетістіктерін пайдалануды, әйелдердің теңдігін қолдайтын ағартушылық қозғалыс болды. Жәдидшілдіктің көрнекті өкілдері қатарына Шағабуддин Маржани, Құсайын Фаизханов, Ысмайыл Гаспаралы, Мұса Бигеев, Ризаетдин Фахретдинов, Мифтахеддин Ақмолда, Мұхаметсәлім Үметбаев, Зайнулла Расулов және т. б. жатқызылады. Бұл қозғалысты Орынбордан шыққан ағайынды Құсайыновтар, Троицкіден шыққан Яушевтер, уфалық С. Нәзіров пен Г. Хакимов сынды кәсіпкерлер қызу қолдады. Орта Азияда Мінүәр қари Әбдірашидханов, Файзулла Қожаев, Махмұдқожа Бехбуди, С. Міржәлелов сияқты жәдидшілдер танымал болды.

Жәдидшілдік қозғалысы мектептер мен медреселерде «усули-жәдид», оқытудың дыбыстық жаңа әдісін қолданудан басталды. Бұл әдіс ең алғаш рет Уфа губерниясындағы «Ғұсмания» және Орынбор губерниясындағы «Хұсайыния», Қазандағы «Мұхаммадия» медреселерінде қолданылды. 1890 жылдан бастап «Расулия», «Ғалия», Стерлибаштағы медреселерде кәсіби мұғалімдер дайындалып, Башқұрстанда бұл әдіс толығымен бекітілді. Білікті мамандар сондай-ақ Стамбул мен Каирдің реформаланған медреселерінен, Бақшасарай мен Қасымов қалаларындағы педагогикалық курстарды бітіріп келді. Сауат ашу бір жылға дейін қысқарып, оқытудың еуропалық сыныптық-сабақтық стандарттары енгізілді. Орынбор өлкесінде әйелдер мектебі ашылды.

1913 жылы бүкіл Түркістан өлкесінде жәдидшілдік бағыттағы 92 мектеп-медреселер қызмет етті. Қазақстанда атап айтқанда, Верныйда Ғабдулүәлиевтер, Ақсуда «Мамания», Қапалда «Якобия»,

Зайсанда «Қазақия» және «Ғизатия», Қарғалыда «Әмирия» және тағы басқа медреселер ашылды. Бұл оқу орындарының шәкірттері жылдан-жылға көбейіп отырған. Қарғалыдағы «Әмирия» медресесінде 1912 жылы 150-ден артық бала дәріс алды [5, 311 б.].

«Мамания» медресесі 1899 жылы Ақсуда бой көтерді. Бұл медресенің ашылуына сол өңірдің зиялысы Маман Қалқабайұлы мен оның балалары мұрындық болды. Бастапқы кезде медреседегі оқу араб жазуы негізінде діни бағытта ғана оқытылды. Ал 1904 жылдан бастап Сейітбаттал мен Есенғұл Тұрысбековтер медресені жаңа әдісті оқу орны ретінде қайта құрып, қажетті мектеп жабдықтарымен қамтамасыз етіп отырған. «Мамания» медресесі заңды түрде 1912 жылы ғана тіркелген.

«Мамания» медресесінде Каир университетінің түлегі Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Стамбұлдағы Дін оқуын бітіріп келген Файзырахман Жаһангеров, Уфадағы «Ғалия» медресесінің түлектері М. және Ф. Есенгелдиндер, ұстаз Мұстақым Малдыбаев, әнші Майра Уәлиқызы, қазақ зиялыларының бірі Барлыбек Сырттанов ұстаздық еткен.

Медреседегі дәріс барысы «Ғалия» медресесінің оқу бағдарламасы негізінде жүргізілген. Оқу жоспары бойынша 1-ші және 5 сынып (класс) аралығында қазақ тілі, есеп, иман шарт, құран, орыс тілі, пайғамбарлар тарихы, жағырапия, зоология, ислам діні тарихы, татар тарихы және хадис сабақтары оқытылды. «Мамания» медресесін оқып шыққандар кейіннен Уфа, Орынбор сияқты ірі қалаларда оқуларын жалғастырған [16].

1913–1914 жылдары медреседе оқыған қазақ жастары «Садақ» атты қолжазба журнал шығарған. Журналға шәкірттердің роман, әңгіме, ертегі, өлеңдері, ескі билердің сөздері мен ішкі, сыртқы хабарлар, түрлі мақал-мәтелдер мен жұмбақтар басылып отырды. Медресе шәкірттері «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіне де түрлі тақырыптарда мақалаларын, хабарламаларын жариялаған. 1906–1916 жылдар аралығында «Ғалия» медресесінен ғалым Т. Кәкішев көрсеткендей, жалпы 950 адам білім алып шыққан [17, 61–62 бб.].

1913 жылы «Ғалия» медресесінде қазақтың елу шамалы талапкерлері оқыған. Бұлардың арасында онбір жасар балалар

да болды. «Айқап» журналына жарияланған Зәкір Ғайсиннің «Медресе Ғалияда қазақ шәкірттері» атты мақаласында: «Русиядағы мұсылман медреселерінен ең бірінші болған медресе «Ғалияда» қазақ оқушыларының жылдан-жылға көбеюі иншалла халқымыздың ғылым нұрыменен нұрланып, рухтың көтерілуіне себеп болар деп шын көңілімізден қуанамыз. Бұл шәкірттердің ішінде байларымыздың арқасында оқып жүрген бірлі-жарымды шәкірттер де бар. Мысалы, Қапалдағы Мамановтар үш шәкіртті, Семейдегі Яхи қажы бір шәкірт оқытып жатыр. Басқа жерлерден де осындай аздап оқушыларға жәрдем еткен мырзалар естіледі. Міне, бұлар қазақ халқының бұрынғы қалпынан әжептәуір өзгергенін көрсетеді», – деп келтірілді [18, 98 б.].

1916 жылы медреседе Торғай облысынан Сұлтан Шоқаев, Ғұмырғали Наизин, Досғали Есентаев, Әлмұхамед Жүндібаев оқыған [19]. Бұл медреседен қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары Ж. Тілепбергенов, М. Жұмабаев, Б. Майлин, Т. Жомартбаев, Б. Серкебаев, барлығы 50-ден астам азаматтар білім алған. «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттері жиі-жиі бас қосып, мұқтаж шәкірттерге көмек көрсету, ағарту мәселелері жөнінде ақылдасып отырды.

Жәдидшілдерге еуропалық саяси ойдың, әсіресе конституциялық идеялардың әсері, сондай-ақ Осман империясындағы жас түріктер қозғалысының ықпалы зор болды. Олардың пікірінше, исламның құндылықтары парламентаризмге қайшы келмейді, тіпті Құран мен Суннаның рұқсат берген ұжымдық шешім қабылдау – шура идеясы парламентаризмнің негізінде жатыр.

Жәдидшілдер Ресейдегі 1905 жылғы төңкерістен кейін конституциялық монархия, жергілікті өзін өзі басқару, жалпыға бірдей сайлау құқығы және т. б. демократиялық идеяларды қолдайтын «Мұсылман одағы» («Иттифак аль-Муслимин») партиясын құрды. 1907–1917 жылдар аралығында төрт мәрте шақырылған Мемлекеттік Думаға мұсылман аймақтарынан депутаттар сайланды. Мұсылман фракциясын құраған олардың арасында жәдидшілдікті қолдайтындар көп болды.

Алайда жәдидшілдердің қарсыластары да мығым күшке ие болатын. «Жаңа әдіспен» оқытуға қарсы келушілер қадімше

(ескіше) оқытуды жақтап, түрлі жолдармен күресіп бақты. Мәселен, 1911 жылы Жұмағали Арыстанов «жаңа әдістің» мұсылман оқуына қолданылуының мүлде қателігін, бұл бағытты жақтаушыларды ислам дінінен кері кетушілер деп кінәлаған «Раддия» деген арнайы кітап шығарды [20, 215 б.]. Халық арасында танымал Науан хазірет 1914 жылы Көкшетауда қыркүйек айында өткен жәрмеңкеде «жаңа әдісті» мұғалімдерге балаларын бермеуге үгіттеген [21, 125 б.].

Абай мен Құнанбай арасындағы кейбір көзқарас алшақтықтарынан аңғарылатын бұл екі тарап арасындағы айтыс-тартыс сол кездегі қазақ тілді баспасөз беттерінен, әсіресе «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналынан көрініс тапты. Ескеретін тағы бір маңызды нәрсе, исламға қатысты фундаменталистік және либералдық көзқарастардың пікірталасы бүгінгі күні де жалғасын тауып отыр. Қазақ қоғамындағы кешегі және бүгінгі діни ахуалға қатысты салыстырмалы пікірлерді Алма Сұлтанғалиеваның «Қазақстанға «исламның қайта оралуы» деген кітабынан [22 б.], сондай-ақ Ө. Нысанбаев пен Е. Құрманбаевтың «Қазақстанда ХІХ және ХХІ ғасырларда исламның қайта жаңғыруы» деген мақаласынан [23 б.] байқауға болады.

М.Ж. Көпеев діни көзқарастары және оның қазіргі Қазақстандағы діни ахуал үшін әлеуметтік өзектілігі

ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамындағы діни ағартушылық көзқарастарымен анағұрлым көзге түскен Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ғұмар Қараш шығармашылықтарында исламдық рухани негіздер, оның ішінде ханафилік мазхабтағы суннилік көзқарастар айқын басымдық танытады. Балалық шағынан медреседен діни білім алған, Құран-Кәрімді жаттап өскен, діни тәлім-тәрбие көрген Мәшһүр-Жүсіп өз шығармаларын жазғанда шарифат ережелерін басшылыққа алып отырған.

1887 жылы 29 жасында Мәшһүр Жүсіп Бұхара, Ташкент, Түркістан, т. б. шаһарларға сапарға шығады. Ол заманда негізгі көлік қатынасы түйе мен ат болғанын ескерсек, бұл сапарының өзі 2–3 жыл уақытты қамтыса керек. Мәшһүр Жүсіп бір жыл

Бұхарада тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін үйренеді. Өзбек, тәжік, және т. б. тілдерді де біледі, бұл халықтардың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын түсінеді. Көптеген діни, ғылыми кітаптарды оқып, танысып, матуридилік ақида мен ханафилік ықыпаты жақсы меңгеріп шығады.

Одан кейін Түркістанға келіп, Сыр өңірін аралайды. Майлықожамен жолығады, жеті атасынан бері ақындық үзілмеген дуана қожа Көшек, Күдері қожа тұқымдарымен танысады. Одан кейін Шудан өтіп, Ұлытау мен Кішітауды басып, Есіл мен Нұраны жайлап, Орал мен Жайық аралығын да аралайды. Мәшһүр Жүсіптің осындай үш сапары белгілі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын т. б. қағазға түсірумен ғана шектелмей, діни қолжазбалар мен ауызша деректерді жинап, баспасөз беттерінде, «Дала уәлаятының газетінде», «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде өзінің діни көзқарастарын білдіретін мақалалар жазғаны да белгілі.

Мәшһүр Жүсіп өзі жинаған үлгілерінің көлемін белгілеп отырған. Мысалы, «Ғылым білімі» кітабы 129 сахифадан тұрады дей отырып, оның ішінде 12 аят, 18 хадис, 43 мақал, 114 ауыз өлең бар десе, ал «Әмір» әңгімесі 26 сахифадан, 104 ауыз өлеңнен тұрады дейді. Мұндағы сахифа – араб сөзі, «бет», «парақ» деген мағынаны береді. Бұлардан басқа қолжазбаларда мынадай мәліметтер берілген: «Хазірет Юсуф пайғамбар», «Шайқы Бұрқы әулие мекіре балықтан туған», «Ошақты Қоңырбай қалпе» әңгімесі, «Хазірет Нұхқа 370 жасында пайғамбарлық берілді», «Ақыреттің егіні», «Құдайым жексенбі күн жер жаратты», «Жер мен Көк» қиссасы және т. б. діни нанымдық мағынадағы деректер бар. Екі діни балладасы – «Шайқы Ысқақ» пен «Надан би» белгілі.

«Исламның бес парызы біреуі – иман, Таппайды бұл бесеуін дүние жиған. Ықтият, шын ниетпен жұмыс қылып, Ерлерді айт Құдай үшін жанын қиған», – деп жырлаған Мәшһүр Жүсіптің діни көзқарасы қазақ халқының арғы ата-бабасынан бері ұстанып келе жатқан ислам аясында қалыптасқаны даусыз. Әрине, бұл тұста

қазақтар арасында ханафилік мәзһабтағы суннилік ислам арнасындағы сопылық бағдардың үлкен орын алғанын ескеру керек.

Жалпы өткен тарихқа көз жүгіртіп, ислам дінінің әуел бастан түркі әлеміне таралуын 751 жылғы Атлах соғысынан бастап, яғни VIII ғасырдың орта тұсынан (Ысқақ баб кезеңінен) бастап қарқынды енгенін байқамыз. X–XIII ғасырлар аралығында Қазақстан аса дамыған ортағасырлық араб-парсы-түркі өркениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Тарихтан 960 жылы Жетісуда 200 000 түтін түркілер (қарлұқтар) ислам дінін салтанатты түрде қабылдағаны белгілі. Бұл оқиға Орталық Азиядағы алғашқы түркі мұсылман мемлекетінің бірі болған Қарахан мемлекетінің тарихымен, мемлекеттік дін ретіндегі исламға жол ашқан Сатұқ Боғра ханның, оның ұлы Мұсаның есімдерімен байланысты [24, 61 б.].

Моңғол шапқыншылығы заманында ислам дінінің қазақ даласында сақталып, одан ары таралуында Қожа Ахмет Иасауидің еңбегі зор болды. Шыңғыс ханның немересі Берке хан Алтын Ордаға ислам дінін енгізді. Ал бұл империяның жаппай исламдануы XIV ғасырдың бірінші жартысындағы Өзбек хан Мұхаммедтің билеген тұсына тап келеді. Қазақтың «Дін Өзбектен қалған», «Өзбек ханның тұсында атамыз қазақ дін баққан, Алтын Орда хандары жердің жүзін шаңдатқан» деген халық аузындағы сөздері де осыны дәлелдейді.

Қазақтар шала мұсылман болды, «нашар мұсылман» деген көзқарастың отандық тарихнама мен қоғамтанулық ғылымдарда берік орнығып алғаны белгілі. Бұл көзқарас өзінің бастауын қазақтардағы «қос дін» туралы Ш. Уәлихановтың пікірінен бастау алады. Оны қайсы біреулер білімсіздігінен қайталай берсе, келесі біреулері астыртын идеологиялық мақсаттарда бұрмалап, халықтың санасын әдейі осы сарынға бағыттап тәрбиеледі.

Әрине, пікірлердің сан алуандығы бұл мәселенің күрделілігін білдіреді. Дегенмен, «исламдану үдерісінің ортағасырлық Қазақстанда сонау VIII ғасырдан бастау алып, X–XII ғасырларда шарықтау кезеңінен өткені (Қарахандар дәуірінде), одан кейін екінші діни-мәдени өрлеу Алтын Орда кезінде Қазақстанның далалық аймақтарында толық және біржолата ислам үстемдік құрып, осы негіздер болашақта сақталып отырғаны себепті Қазақ Хандығы

толыққанды мұсылман мемлекеті ретінде дамығанын батыл түрде айтып дәлелдеуіміз керек, ...түркі көшпенділігі (номадизм) мен софылық ислам тамаша үйлесімге келіп, мәдени-әлеуметтік синтез ретінде қалыптасып... көшпенділікке тән тамаша сипаттар ислам нұрына бөленген соң ол енді «өркениетті көшпенділікке» айналды [25], дейді Н. Нұртазина. Қазақтардың жаппай намаз оқитынын, Қазақ хандығының ислам елі екендігін XVI ғасырда жазып қалдырған парсы тарихшысы «Мехман-наме-и Бухара» еңбегінің авторы Ибн Рузбихан Мұхаммед Шайбани ханның қазақтарға қарсы ғазуат жарияламақшы болған фәтуасына қарсы болады. Қазақтардың әуел бастан мұсылман дінін берік ұстанғанын қазақы дәстүрден көрсетіп берген Шәмшат Әділбаеваның «Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз» атты зерттеу еңбегі арқылы көз жеткізуге болады. Пайғамбардың хадистері қазақ ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдерге айналып кеткені де осының бір дәлелі.

Ислам дінінің таралуында ортағасырлық азаматтық қоғамдағы білім мен ғылым ошақтары – мектеп-медреселер мен забиялар арқылы да таралды. Селжұқ патшасы Алпарслан ұлы Меликшахтың уәзірі Низам әл-Мүлік өз қаражатымен Бағдат қаласында 1065–1067 жылдары үлкен медресе салдырды, ол кейіннен «Низамия» атымен мәшһүр болды. Медреселер салу одан әрі Нишапур, Басра, Исфаһан, Бұқара, Самарқанд қалаларында жалғасын тапты. Сондай-ақ Түркістан мен Жетісу аймағындағы мектеп-медреселермен қатар сопы орталықтары – рибаттардың («Рибат» сөзі бастапқыда «дін жолында соғысқан әскерлердің ат байлайтын қазығы» деген мағынаны білдірді) рөлі зор болды. Алайда Оңтүстік Қазақстандағы қадымдық мектеп-медреселер уақыт өте келе тоқырауға ұшырағанымен, XIX орта тұсынан бастап Қырым мен Еділ бойынан басталған жаңа тәсілдегі жәдидтік мектептер (Қазан, Уфа қалаларындағы медреселер) исламның жаңа қарқынмен дамуына себеп болды. Алайда 1870 ж. 16 наурыздағы Ережеге сәйкес мұсылман оқу орындарына қатаң бақылау орнатылып, Н.И. Ильминскийдің жүйесі енгізілді. «Бұл ереже бойынша мұсылмандық оқу орындарында орыс тілін оқыту міндетті болды және мектеп пен медреселерді ашуға орыс тілді мұғалімдер болған жағдайда ғана рұқсат берілді. Ашылған оқу

орындарында балаларын оқытқысы келгендер оқу бөлімінен арнайы рұқсат куәліктерін алуға тиісті болды» [26].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы осы дәстүрді діни арналарда қалыптасты. Мәшһүр дүниетанымының қайнар бастаулары мен рухани нәрлерін ұлттық рухани дәстүрлер, шығыс мәдениеттері мен мұсылмандық философиясы құрайды. Қорқыт ата, Асан Қайғы, Сыпыра Жырау, Қазтуған, Досмамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара және т. б. дала данышпандарымен қатар, Фирдоуси, Саади, Хафиз, Низами, Руми, Аттар, Омар Хаям, Жами, Науаи, Йассауи тәрізді шығыс ғұламалары Мәшһүрдің рухани әлемін қалыптастыруға ықпал етті. Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінде ислам дінінің шығуы, құдайға сену, тануы, ислам тарихына қатысты пайғамбарлар мен тарихи тұлғалар жайлы пікірлер ислам қайнар көздері Құран-кәрім, Хадис-шәріп, Шариаттан бастау алады. Оның діни философиясында Алла, Нәпсі, инсани-қамил, ақиқат, фана, фәни дүние, бақи дүние, жұмақ, тозақ, күнә, пенде, періште, ғашықтық, махаббат, әулие, шариат, сопылық т. б. ұғымдар негізгі өзекті құрайды.

Дегенмен, оның діни ағартушылық жаңашылдығы өзінен бұрын және қатар өмір сүрген қазақтың ұлы ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев сияқты демократиялық үрдіске, өркениетке жетуді насихаттаумен де сипатталады. Мәшһүр Жүсіп Көпеев ағартушы ретінде дүмшелікке, догматизм мен буквализмге қарсы болды. Абыз атасының мұрасын зерттеумен айналысушы ғалым Қуандық Мәшһүр Жүсіп өзінің «Дін және Мәшһүр Жүсіп» деген мақаласында мынадай мәлімет келтіреді: «Ал енді 1914 жылғы Мәшһүр-Жүсіп жазбасына үнілсек, Абайдың «мен», «менікі» дегенінің мәнісін сол кездің өзінде Мәшһүр-Жүсіптің дұрыс байқағанын көруге болады: «Үшбу 1914-жылының ақпан ішінде «Қазақ» газетасының номерінде Ыбырай марқұмның бір өлеңі бар екен. «Ғақыл – мен, жан – мен өзім, тән – менікі» деген. Нөгербектің Әміресі – Күйеу молдадан оқып жүрген шәкірттерден сұраса, білмейді. «Ендеше, осының мәнісін молдаларыңнан сұрап, үйреніңдер!» деп, сол номерді шәкірттерге беріпті. Шәкірттері барып молдасынан сұраған екен. Онда молдасы айтыпты: «Сендер мұндай газет-журналдағы сөзге жолаушы болмаңдар! Мұндай сөз

сендерді бұзады. Өздерің оқу оқып жүрсіндер ғой! Өздеріндікінен басқа жаққа бұрылмандар!» депті. Кәне, Ыбырай сөзінде кісіні түземесе, бұзатұғын сөзді мен көре алмадым. Міне, молдалардың наданшылығы. Олардың ығына Ыбырай марқұмлардың сөзі – бір құрылған тез. Әркім өзін өзі сол тезге салса, түзелсе керек» [27]. «Шала игерілген білім нағыз надандықтан да жаман» деп антикалық заманның алыбы Платон айтпақшы, ағартушы Мәшһүр Жүсіп те дүмшелікке барынша қарсы болды.

Ағартушы Мәшһүр Жүсіп өзінің 1890 жылы «Дала уәләятының газетінің» алтыншы және жетінші сандарында жарияланған «Баянауылдан» атты мақаласында дін мен ғылымның кереғарлығы туралы, ислам дінінің білім алуды, әсіресе әйелдердің білім алуын шектейтіндігі жөніндегі әр алуан стереотиптер мен штамдарды теріске шығарады. Мал жиюдан басқа өнерге құлықсыздық таныта бастаған қазақты мұсылманша болсын, орысша болсын, ғылым үйренуге шақырып, аталмыш мақалада былай деп жазады: «Мал жиып бай болуды ойлама. Ғылым үйреніп, білгіш болуды талап қыл. Неге десең, ғылым – пайғамбардан қалған мұра. Мал қарау – байдан қалған мұра. Малды кісінің дұшпаны көп болады, ғылымды кісінің досы көп болады. Мал жұмсай бастасаң, таусыла бастайды, ғылым жұмсай бастасаң, артылып, үсті-үстіне көбейе береді... Мал біткен кісі мұрнын көтеріп, тәкаппарлық қыла бастайды. Ғылымды болған кісілер өзін өзі төменшікке алып, кішік көңіл болады» [28, 329 б.].

Еуропацентристік көзқарастағы кітаптарда исламда әйелдің рөлі төмен деген айыптау жиі кездеседі. Батыс әйелдері білім алу, еңбек ету, меншіктену құқықтары мен сөз бостандығы, іс-әрекет бостандығы үшін күрес жүргізді. Феминизм нәтижесінде Еуропа жыныстық төңкеріске келді. Исламда болса, әйелдердің білім алуға деген құқығы ерлермен бірдей. Ислам мұсылмандарды білім алуға ұмтылуға міндеттегенде, оларды ер мен әйел деп бөлмейді. Он төрт ғасыр бұрын Мұхаммед білім іздеу еркек болсын, әйел болсын, әрбір мұсылманның міндеті деп жариялады. Мұны мұсылмандар ғасырлар бойы ұстанып та келді және білімді әйелдердің даңқы да шығып отырды.

Еркектер сияқты әйелдердің де сөз бостандығына деген құқы бар. Ол әйел болғандықтан ғана оның салауатты пікірлерін теріске

шығаруға болмайды. Құранда әйелдердің тек өз пікірін еркін айтып қана қоймай, Пайғамбардың өзімен де, мұсылмандардың өзге жетекшілерімен де күрделі мәселелерді талқылауға қатысып, пікірталасқа түскенінің мысалдары кездеседі. Мұсылман әйелдерінің қоғамдық маңызы бар кейбір заңнамалық мәселелер бойынша ұсыныс айтқандары, тіпті кей жағдайда халифтермен оппозицияда болып, ақырында халифтердің олардың ақылды дәлелдерімен келіскен жағдайлары да тарихтан белгілі.

Әйел тіршілікті өмірге әкелуші ана, отбасының күре тамыры, шаңырақтың тірегі, ұрпақтың тәрбиешісі, қамқоршысы, жарық дүниенің жақсылықтарын жасаушысы адам баласына тек ізгілік, жақсылық тілеуші тұлға болғадықтан қазақ қоғамында қатты құрметтелді. Ол сәбидің шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап («туғанда дүние есігін ашады өлең» деп дана Абай айтқандай), дүниеден өтердегі жерлеу дәстүріне дейінгі салт-санадан айқын аңғарылады. Әрбір салттың тұтқасында әйел заты жүреді және соның барысынан-ақ қазақы әйелдің болмысы аңғарылады.

Әрине, «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар». Бірақ заманға лайық болудың жөні осы екен деп, тойды жаппай ішкілікпен өткізу, қазаны естіртуді тас төбеден ұрғандай телеграммамен жіберу, мәйітті музыкалатып шығарып салу, тіпті бейіттің басында мылтық ату сияқты жөн-жосықта не мән-мағына бар? 1920 жылы Семей қаласында «Абай» журналында Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытовтың қазақ әйелінің бүгінгі хәліне арналған мақаласы шығады. Сол мақалада ұлтының қамын жеген екі кемеңгер «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп қалың қазаққа ұран тастайды. Мұның мәнісі: қазақ әйелінің жағдайын түзе, қазақ әйелі надан болып қалмасын, оқыт, тәрбиеле, өйткені бала кімді жақсы көрсе соған ұқсап кетеді деген даналық ой айтады. Алайда, бұл Еуропаға еліктеуді білдірмесе керек, біздің асыл қазынамыз ата-бабаларымыз қалдырған үлгі-өнегеде емес пе!?

Мәшһүр Жүсіптің «Баянауылдан» аталған мақаласында осы мәселе де көтеріледі. «Ғылым еркекке, ұрғашыға бірдей керекті нәрсе. Еркекке бір есе керек болса, ұрғашыға он есе керек. Еркек өзі оқып білмесе, бір жерден барып естісе де, бір сөз үйренеді. Ұрғашы бейшара өзі оқып білмеген соң, ол ешқайда бара алмайды.

Сонан соң қайдан естіп үйренеді?! Сол үшін көбінесе ұрғашы оқыса керек. Біздің қазақ ойлайды: «Қатын молда болып, бала оқыта ала ма? Ұрғашыны оқытып не керек?» – дейді. Жоқ, олай емес. Ойлап тұрсаң, еркектің оқығанынан да ұрғашының оқығаны пайдалы. Неге десең, ғылым еркекке, ұрғашыға бірдей парыз. Оның бер жағында ұрғашы оқып ғылымды болса, алған ерін жақсы сыйлап, күтіп, оған таза қызмет қылудың мәнісін біледі. Һәм өз бойына керекті зәрулі болған табиғат ғибраттарының ғылымын біледі. Һәм балалы болған уақытта сол балаларын жақсы әдеппен үйретеді» [28, 329–330 бб.].

Мәшһүр Жүсіп қазақтың атастыру салтына қарсы пікірі айтады. «Еркек балаға жасынан қыз айттыру бір лайықсыз нәрсе. Неге десеңіз әркімнің өзінің көңілі сүйгені болады. Құда жақсы, құда жаман болсын, жасында біреуге құда болып, өскен соң жақсы-жаманына қарамай, қазақ мал кетпесін деп алып бере қояды. Сонан соң бір біріне муафық қылмай, көбінесе ұрыс-талас, жанжал, дау осыдан болады. Не еркек ұрғашыны жаратпайды. Тастаймын деп әуре болады. Не ұрғашы еркекті жаратпайды. Осыдан құтылсам екен, бір жақсы байға тисем екен деп әуре болады. Қыз баланы Һәм әбден ер жеткен соң, өзінен ризалық сұрап, ықтияр қылған жеріне берсе керек. Ер бала болсын, қыз бала болсын, өзді-өзі ықтиярласып қосылған соң, бұлардан жанжал, ұрыс, талас анда-санда болмаса шықпайды және бір-біріне махаббатты болып, бұлардан туған бала Һәм жақсы туады» [16, 330–331 бб.].

Ұстаз Мәшһүр Жүсіп бала тәрбиесіне үлкен көңіл бөледі. «Сүтпен берген мінез сол бағытымен кетеді», – деген сөз бар. Баланың табиғаты үйінде ішпек-жемекте болады. Осыларды әдетпен өлшеумен жас күнінен қалып алдырса, өскенде көп пайдасы болады. Алты-жеті жасқа жеткен соң молдаға оқытуға берсе керек. Ол молданың өзі әдеп көрген, ғұламалардан, ишандардан, бұрынғы өткен жақсылардан баһза алған Һәм ұстазынан рұхсат алған, сыналып өткерілген молда болсын! Жарамайды – бір ноғайға еріп хатшы болған, бір сартқа еріп қосшы болған, шала хат таныған, бұзылған, жаман жерлерде оқыған, өзі бұзылған адам баланы бұзып жібереді. Сонан соң бала өмірінде түзелмей кетеді» [28, 331 б.].

Ғалымның аңғарған маңызды мәселесі Мәшһүр Жүсіптің алдыңғы қатарлы Батыс Еуропа және орыс мәдениетін мойындайды, олардың ойларының төркінінің ислам қайнаркөздерімен үндес келетіндігін көрсетеді. «Иауропа (Еуропа) жұртының үлгі-өнеге алып, ғылым-білім алып жатқан үлгілері – осылардың сөзі. Біздің мұсылманды қорлықта қалдырып тұрған – Қал ғылымында жүрген, қалғандардың сөзі. Токсан ауыз сөздің түймедей түйінін ұстап, күллі Еуропа адамдыққа жетті. Онан біздің мұсылмандардың ғылым-білімге жетілгендері переводтап алып, бізге тәркі-тәржіме қылып түсіндіреді. Молда аттарына қанық болған: Лермонтов, Салтыков, Толстойлар біздің мұсылманнан шыққан, жұрттан озған ала аяқ жүйріктердің сөзінен үлгі-өнеге алып сөйлеген. Онысын өздері сөйлеген сөзінен білдіріп кеткен. Мұнан келіп біздің мұсылманның жүйріктері переводтап алып, бізге сөйлеп жатыр. Біздің бұған жылдам түсінетіміз: «Құраннан алған жерін – Құраннан көр!», – деп біліп тұрмыз. Хадис Шарифтен алған жерін Хадис шарифтен көріп, біліп тұрмыз. Қай кітаптан алған болса, сол кітаптардың сөзі біздің қолымызда даяр. Сондықтан сөзге сөзі үйлес келген соң, олардың сөзіне: «Қылша мойыным – мұнша!» – дейміз» [27].

Қазақстанның тәуелсіздік алуы барысында рухани ахуалдың өзгеруі қазақтың діни ғұламаларының, оның ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мұрасы сияқты мәдени құбылыстың сарқылмас кенін ұғынуға және мүлдем жаңа түсініктер мен парадигмаларды ашу мүмкіндігіне көмек береді. Дүниетанымдық бағдарлар мен қондырғылардың өзгеруі, маркстік догмалар мен стереотиптермен қоштасу мұсылман мәдениеті феноменінің өзін қайта бағалауға, дәстүрлі мәдениеттің жаны мен жүрегі – ислам екендігін бекітетін айғақты түсінуге итермелейді.

Кеңес дәуірінде біз қыңырлықпен теріске шығарған қазақ руханиятының көрнекті өкілі М.Ж. Көпеев дәл осы ислам мәдениеті мен руханилығы идеяларын жақтады, ақыл мен ғылым адам үшін Жаратушыны ұғынуға жол ашады деп есептеді. Қазіргі құбылмалы әлемде ислам мәдениеті мен философиясының негіздерін терең теориялық зерттеу, әлемдік діндердің бірінен саналатын исламның рухани-адамгершілік қуаты мен гуманистік бағытын айқындау ерекше маңызды мәселе екендігі анық. Тек

осы арқылы ғана рухани жаңғыру, халықтардың өзара түсіністігі мен өзара келісімділігі басты нәрсе болып саналатын исламның ұстындарына надандық пен ластықтың, зұлымдық пен зорлықтың қайшы келетінін дәлелдеуге болады. Бүгінгі күні қазақстандық ғалымдарға бұрынғы идеологиялық таңбалардан арылып, қазақ ойшылдарының шығармаларына және оның мәдениетке қосқан үлесіне жаңаша көзқараспен қараудың мүмкіндігі туды.

М.Ж. Көпеевтің пікірінше, әр адамда жамандыққа да, жақсылыққа да бір мәселе бар. «Оның ойынша, Алла адамды жаратқан кезде оған бостандық пен еркіндік сыйлаған: «Жаратуын өзі жаратса да, билігін, ерік ықтиярын мақлұқтарына берді». Бұл бір ойдың келесісін жоққа шығару емес. Мұнда әрекет пен қылықтардың мәні тек қана олардың себебіне байланысты пішілмейтіні, сондай-ақ олардың салдарының жауапкершілігі мен салмағына да байланысты екені айтылады, сондықтан акцент адамның еркін таңдауына қойылады. Жоғарыда айтылғандарды қортындылай келе қазақ ойшылдарының еркіндік пен тағдырды Құдайдың сыйы деп санағанын, бірақ ол бұл екі түсінікті теңдестірмегенін айтуға болады. Бостандық рухани ортада тағдыр ішінде жақсылық пен жамандықты таңдау кезінде пайда болады» [29].

М.Ж. Көпейұлы «Жер мен Көк» қиссасында «Екі күн – жер, екі күн көк жаратты. Төрт күнде бір-біріне жұп жаратты. Бір сағатта қылуға құдыреті бар, «Пендеме ғибрат болсын!» – деп жаратты» дей отырып, жаратылыстағы (әдетте диалектикада) «антиномия» аталатындарды қарама-қарсылықтар ретінде емес, бір бүтінді толықтырушы жұптар ретінде қарастырады. Діндар Мәшһүр шығармаларында ажыратушылық емес, біріктірушілік идеялар онтологиялық биіктіктен қоғамға проекцияланып, адами арақатынастар деңгейіне түсіріледі. Діни құндылықтарды насихаттай отырып, жікке бөлінушіліктен, бүліктен бойды аулақ ұстап, қоғамның адамшылық тұрғыдан тазаруын, иман мен рухани нұрға бөленуін уағыздайды.

Бұл тұрғыдан алғанда, Мәшһүр Жүсіптің діни көзқарастары бүгінгі қазақстандық қоғамда қалыптасқан діни ахуал үшін де өзектілігімен көзге түседі. Қазақстан Республикасында қазіргі таңдағы діни жағдай, сарапшылардың пікірінше, тұрақты деп

сипатталғанымен, әлемдік геосаясаттағы діни фактордың күшеюі, қазақстандық қоғамның дінге қатысты жаһандық үрдістерге ашық болуы діни пиғылдағы экстремизм, терроризм және жалған діндер мәселесін алға тартады.

Экстремистік көңіл-күй біздің елімізде жатжерлік діни ағымдар тарапынан байқалып отыр. Әсіресе, төзімсіздігімен ерекшеленетін саудтық, ирандық және пакистандық түбірге ие кейбір ислам жамағаттарының әсері аңғарылады. Бұл жастар арасына таралып отыр. Атын атап, түсін түстемесек те, жалпы жұртшылыққа белгілі бұл кері ағымдар рухани ізденіс үстіндегі жастардың дүниетанымдық мәдениеті қалыптаспағанын пайдаланып, олардың кез келген жас адамға тән болып келетін рухани ізденістерін, кейде, тіпті, әлеуметтік-материалдық мұқтаждықтарын пайдаланып, студент-жастар шоғырланып орналасқан жерлерде тікелей уағыз арқылы немесе интернет ресурстары арқылы оларды өз қатарына тартып алуда. Нәтижесінде көптеген қазақ баласы халқымыздың ғасырлар бойы ұстанып келген ханафилік дәстүрлі исламнан жеріп, қоғамнан, мемлекеттен, тіпті отбасы мен құрбы-құрдастарынан оқшауланып, мазхабтан тыс, мақсаты күмәнді жатжерлік ағымдардың қатарын толықтырып, өздері байқамай сыртқы ықпалды күштердің геосаяси ойынының құрбанына айналып кетуде.

Жаңа ғасырдың басында біз тап келген діни ахуалға ұқсас жағдайды Мәшһүр Жүсіп сипаттап жазып кеткен өткен ғасырдың басынан кездестіруге болады. «Айқап» журналының 1912 жылғы № 7–8 сандарында жарияланған «Туысқан-бауырларыма бір насихат» мақаласына құлақ түрсек: «Солдаттықтан қашқан құмыра бөрікті, толағай басты ноғайлар келіп: «Бәдәуім», «Кесікбас», «Ақыр заман» – деген кітаптарды оқытып, өзі құдайдың бұйрығынан, ақ патшаның құрығынан қашып жүрген кулар Россияның жұртын жамандап: Патшаның бізге қысымшылығы осындай, қаһары қаттылығы осындай» – деп, құдайды ұзынқұлақтан зорға естіп жүрген қазақты шөптің басынан үріккен қойдай, ай жарықта көлеңкесінен қорыққан қояндай қылып... Россия жұртымен ынтымағын қосуға келтірмей, қазақтың ақылсыз надан қатындарды дуана келеді деп өз баласын өзі қорқақ қылып үйреткендей жаман қылып, көк милы қылып жібереді» [30, 346 б.].

Дін уағыздаушылардың екінші бір тобы қазақ даласына Орта Азия хандықтарынан келді. «Ферғана заманынан ақ патшаға қарамай, қашты, құды, бірін-бірі иттей талап жүрген заманның кезінде өз басын өлімнен алып қашқан сарт-сауанның қулары олар да келіп, қазақ ішіне молдалық қылып, бала оқытып, олар кеше Батыр ханнан, Мәделі ханнан, Құдияр ханнан – солардан қорқып қашқандар... қара қазақтың көңілін жақсы ниеттен, ізгі пиғылдан айыруға көп себеп болды» [30, 346 б.].

Дін уағыздаушылардың келесі бір тобын Мәшһүр Жүсіп «әпенділер» деп атайды. Ол «қулар араб жұртын жамандап, Мекке... Медине... екі шәріптің адамдарын жамандап, ол жақта кісінің аузына өліп барамын десе, бір қасық су тамызар жан жоқ, Әулие онда емес, мұнда... Шарапат онда емес, мұнда. Машайх та осында, дін де осында... өзге жұрттың бәрі аштан өлейін деп, қырылайын деп тұр дейді» [30, 347 б.]. Мұны енді бүгінгі заманның «қазақтар ғана нағыз исламды ұстанады» деген кейбір ағымның пікірімен салыстырып көріңіз.

Мәшһүр Жүсіптің пікірінше, әсіресе соңғыларының қазақ қоғамына кері әсері болды. «Бұл қазақ ойлады: «Біз болған екенбіз, жетілген екенбіз, дүние де бізде екен, әулиелік те бізде екен. Дүниеде не жақсылық – бәрі бізде екен» – деп. Дәнемені керек қылмайтын мұңсыз болды. «Дүниеде төрт түлік малдан асылды құдай жаратқан жоқ екен, қазақтан асыл жұртты жасаған жоқ екен де, Сарыарқадай жер қайда барсаң да жоқ екен! – деп. «Қыс болса, жылқының қазықартасындай тамақ қайда? Жаз болса, қымыздан артық шарап қайда?!» – деп шалқасынан түсіп жатты да қалды. Наданшылық пен ғапылдықты екі жағына екі қыз алып жатқан кісідей құшақтап қатты да қалды» [30, 347 б.]. Қазақтың бұл қамсыз жалқаулығын бүгінгі күнгі оның этноцентризмімен, понтманиясымен, қазіргі бәсеке тойшылық пен ысыраппен салыстыруға болады. Бұл тұрғыдан алғанда қазақтың діни қайраткерінің пікірлері өз өзектілігін жоғалта қоймаған.

Осы жағдайларды баяндай келе, халқының қамын жеген Мәшһүр Жүсіп былай деп түйіндейді: «Қазақ мақалында бұрынғы әулие өткен ата-бабалары айтып кеткен: «Қойды шартық бүлдіреді, елді қортық бүлдіреді» – деп. Сол мақалдың хақиқатын, міне, біздер көзімізбен көріп, қолымызбен ұстағандай болып нандық.

Қазақ ішіне кім келеді? Онан қашқан, мұнан қашқан, жамандықпен көзін ашқан келеді» [30, 347 б.].

Абыз Мәшһүр Жүсіп қазақтың шаруасының оңалмай, мал басының кеміп бара жатуына қынжыла отырып, бейқамдықтан болған нәрсені қазақтардың кінәні өзінен емес, басқадан іздеуінің дұрыс еместігін алға тартады. «Қыс алды, боран алды» – дейсіз, қыс пен боран алатұғын болса, қоян неге өлмейді, торғай неге өлмейді? Бораннан ығып, суықтан үсініп бір қоянның, бір торғайдың өлгенін көрген жан жоқ. Қазақта бір мақал бар: «Жаман Құдайшыл келеді» – дейді. Ол сөздің мағынасы құдай, құдайдың жазуымен болды десеніз, бұл сөздің тұрғаны теріс. Өзі жаратқан мүлкін, өзі бар қылған мақұлығын құдай неге қырады? Кім болса, ол болсын, өзі жасаған нәрсесін өзі бұзбайды. Құдай тәбарак тағаланың мұнша жаратқан мақұлығын жоқ қылуға мөлшер қылған болжалды мезгілі бар» [30, 343 б.].

Бұдан ары қарай «Осыншама кемшілік, осынша қорлық қайдан келіп жатыр? Нығмет не екенін білмегендеріңнен. Ол нығметтің қадіріне жетіп, шүкірана қылмағандарыңнан. Құдайдың сендерге берген сансыз, есепсіз нығметінің қайсы бірін айтып шаршайын. Сонда да шүкіранасы өте тиісті болған зор нығметтердің біреуін айтайын», деп Мәшһүр Жүсіп бүгінгі күннің өзекті деген тағы бір маңызды мәселесінің ұшығын көрсетеді.

«Әй... көзбен қарап, ынсапты құлақпен тындайтұғын, ағайындар! Бұл дүниеде үстіңнен қарап тұрған патша ағзам Хазіреттерінің барлығын басында болған нығыметтерден артық нығмет деп білуге керек. Не үшін десеніз, патша ағзам Хазіреттерінің тахт тасырыпында, сая-дәулетінде болумен әркімнің басы, малы есендікте тұрады. Осы нығымет бір-біріне үстін қарап тұрған патшасына шын көңілмен тілеулес болу ең зор шүкіршіліктен саналады. Ол сұлтан болушының кім болмағанымен жұмысыңыз болмасын. Алла тағала оттағала кәләм хадимінде... бұйырды мағынасы айтқыл, ей, Мұхаммед, Мәліктердің мәлігі, Алла тағала оттағала кімді тілесе, өзінің мүлкіне соны ие қылады деп. Олай болса, құдіреті күшті құдай өзі қалап бірсыпыра мүлкіне ие қылып қойған соң, біздер сол патша ағзам хазіреттерінің қазған жолында, шашылған топырағында болып, кеше, күндіз әулеттерінің артылмағанына дұғада болсақ керек» [30, 344 б.].

Мәшһүр Жүсіп XVIII ғасырда қазақтың ислам елі саналатын Қоқан уалаятына қараған замандағы мұсылман билеушілері мен атқамінерлерінің бұқара халыққа ойына келгенін істегенін мысалға алады, «Ақжалау барда малым бар деме» деген мәтелді еске түсіреді. Ақжалау дегені Қоқан хандарының ел шабатын қосыны. Ел аралайтын жаудан, дау-жанжалдан, аузы қанды бөриден, қолы қанды ұрыдан аман тұрудың патша ағзам жәмиясында болғандықтан деп түсіндіріп, ақ патшаға ғәділетті, мархабатты, тілектес болсаң, заман да, адам да түзеледі деп үндейді. Тіпті дұға қылудың нұсқасын да үйретеді: «Ярып! (Я раббым дегені, Б. С.) Саған ғана ғибадат қыламыз... Ғазиз патшамыз біз құлдарына ғәділ, шапағатты болып, өзінің ғақыл, нұрын бүкіл мемлекеттің пайдасына сарып етсе еді!» [30, 346 б.].

Қазіргі кезде елімізге еніп үлгерген саудттық, ирандық, мысырлық және пакистандық түбірге ие жат жерлік діни ағымдар мұсылман елдеріндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және діни-мәдени өмірді Құран мен Шариат негізінде реттейтін халифат (кейде имамат) түріндегі ислам мемлекетін құруды, «бастапқы, шынайы исламға» («салафизм») қайта оралуды көздейтін ислам фундаментализмімен көзге түсіп отыр. Фундаментализмнің догматтық жолды, кейде фанаттық жолды ұстанатыны белгілі. Догматизм (грек тілінде δόγμα – ілім, пікір, шешім дегенді білдіреді) – сын мен күмәнге көнбейтін мәңгі қағидаларға сүйенетін ойлау тәсілін білдірсе, фанатизм (грекше – Φανατισμός латынша Fanaticus) өзге көзқарастар мен сенімдерге төзімсіздікпен қоса, өз ұстанымына көрсоқырлықпен сенетін шектен тыс энтузиазмнің эмоционалдық көрінісін білдіреді. Әрбір адамның өзінің сана-сезімі мен ақыл-ой қабілетін толық пайдаланбай белгілі бір қағиданы немесе беделді көрсоқырлықпен қабылдаумен түсіндірілетін догматизмнің, шартқа байланушылықтың белгілерін кез келген діннен табуға болады. Оның айғақтарын ислам тарихының ерте кездерінен-ақ кездестіруге болады. Мысалы, хазіреті Әлидің халифалық кезеңінде оның Мұғауиямен арасындағы шиеленісті шешуге қарсы болып, «үкім беру тек Аллаға ғана тән» деген сөзге тістей жабысып, алдыңғы қатарлы сахабалардан бөлінген топ харижиттер («хуруж» – шығу) деп аталды. «Ақидасын қызғыштай қорып, шаң

жуытпайтын, сырттай асқан діндар болып көрінетін олар діни мәтіндерді сөзбе-сөз түсініп, көрсоқырлыққа байланды, ақырында ақылмен әрекет ете алмайтын күйге жетті. Күнә жасағанның бәрін кәпір деп, оларға қарсы соғысып, адам қанын суша ағызды» [31, 313 б.]. Бұл харижиттік экстремизм кейінірек захиризм (Дәуіт әл-Захири мен әл-Хәзм оны жүйелеп, кітаптар жазған) арқылы уаххабизмге ұласты. Сондай-ақ шиизмнің де ерте кезден мұсылман әлемінің бірлігіне сызат түсіргенін атап өту керек.

Ал діннің өзінде мұндай рухани жағдай тәкаппарлық пен әділетсіздікке жол беріп, адамның ақылы мен имандылығына зиян келтіреді. Жоғарыда айтылғандай, Құран кәрімде иджитхәдқа орын берілген тұстар жеткілікті. Ислам тарихында әр ғасырда өмір сүрген ғұламалар Құранның рухынан ауытқымай отырып, өз заманының парадигмасына сай пәтуа беріп, көзқарастарын білдіріп отырған. Ендеше Құранның өзінде оны талдауға, тәпсірлеуге ашық тұстар болса, өмірдің сан алуан басқа салаларын талдауға неге болмасқа?!

Фундаментализмге ислам дінінде орын жоқ, өйткені мұсылманшылықта ынтымақ пен ауызбірлікті бұзатын бүлік (фитнә) пен лаңкестік (экстремизм) құпталмайтыны бәсенеден белгілі. Осы уақытқа дейін исламның ханафилік мәзхабын ұстанып келген қазақ халқының дәстүрлі құндылықтар жүйесінде де бұлар теріс қылық ретінде түсіндіріледі. Сондықтан да қазақтардың діни басқа да болса, билік басына бағынуды ойлап, оны «ақ патша», «патша ағзам» деп дәріптейтіні оның дәстүрлі толеранттылығынан хабар береді.

Қазіргі кездегі уаххабизм мен салафия (жиһадшылар мен тәкфіршілер), хизб-ут-тахрир, дәғуатшылар және т. б. үкіметке, елге жұмыс істеуді қаламайды, қоғамда қалыптасқан тәртіптерді мойындамайды, ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрді теріске шығарады. Сондай-ақ бұл үрдістің келесі қарама-қарсы бетінде, дәстүрді дәріптеп, тек қазақтар ғана нағыз мұсылмандар деп есептейтін, сондай-ақ тәңірішілдік пен әруаққа табынушылықты уағыздаушылар бар. Бұлардың барлығынан келетін қауіп олардың мемлекеттен, қоғамнан және, тіпті отбасынан оқшауланып, өздерінен басқа көзқарастағыларға төзімсіздік танытуы, кейде қарсы әрекеттерге көшуі.

Бұл деструктивті ағымдар еліміздің тәуелсіздігі барысында дінге қатысты еркін, ашық әрі жұмсақ саясат ұстанудың нәтижесінде сыртқы ықпалдардың әсерімен елге еніп кетті және тамырын тереңге жайып үлгерді. Сәлафтар өздерін таза мұсылмандармыз деп есептейді де, дәстүрге сүйенгендерді, намаз оқымағандардың барлығын кәфір, күпір, муртад деп өз беттерінше үкім шығарады. Тіпті ондайдардың көзін жойғанды (мысалы, жихадшылар) дұрыс көреді. Құранның кейбір ситуативті аяттарын жалпы контекстен жұлып алып, оларға тістей жабысып, өз шейхтарын ғана мойындап, буквализм мен фанатизмге ұрынады. Құран мен Суннаның «мағыналық аудармасын» ешқандай дайындықсыз оқу, ондағы дүниетанымдық аяттар мен оқиғалық аяттардың ара-жігін ажыратпай буквализм мен фанатизмге ұрыну нәтижесінде діннің ізгі рухын бойларына сіңіре алмайды. Адамазат мәдениетінің әр алуандығы мен қоғам плюрализмінің әртүрлілігі, ұлттар мен ұлыстарға бөлінудің Жаратушы қалауынан болатындығын түсінбейді. Бұл өте қауіпті құбылыс, оның алдын алып, таралуына жол бермеу керек.

Ислам тарихындағы хариджизмнің жаңа сипат алуы және осы білімсіздікті терроршылардың «ұстаздары» мен серкелері өздерінің зұлым идеяларына пайдалануы нәтижесінде ислам мен терроризм арасына теңдік белгісі қойылады.

Осыған байланысты еске сала кететін бір жайт, мұсылман әлеміндегі шынайы ислами дүниетанымның әлсіреп, жоғалып бара жатқандығының бір себебі, «улемдердің» (мойындалған, танымал ислам ғұламаларының) қоғамдағы салмағының әлсіреуі, тіпті кейбір елдерде олардың жойылып кетуі, айталық атеистік саясат ұстанған бұрынғы Шығыс блогі қоғамдарында және отаршылдыққа ұшырыған басқа да көптеген мұсылман қоғамдарда. Ал осы Мәшһүр Жүсіп тәрізді «улемдер» болса, ислам қайнаркөздерінің дұрыс әдіснамасы мен ислами мұраның сақтаушысы (шырақшысы) болып табылады.

Екіншіден, экстремизм мен радикализммен күресу: адамдардың бойына этикалық қасиеттер дарытып, идеологиялық және өмірлік-стилдік плюрализмді қабылдау бейімділігіне үйрететін зайырлы білім беру жүйесі мен ағартушылық арқылы да жүзеге асу керек.

Үшіншіден, ата-аналар мен туған-туыстар жас ұрпақты, балаларын сүйіспеншіліктің бесігіне бөлеу үшін отбасы институтын күшейтудің маңыздылығы өте зор. Сол арқылы, ауылдарда, оқу орындарында, қала аулаларында жұқтыруға жеңіл «ұры-қарылық түсініктер» (зоновские понятия, воровские понятия) мен қатыгездік сынды ауруларға шипа табуға болады.

Сонымен бірге, қазіргі БАҚ та көптеп кездесетін Исламды бұрмалап түсіндіретін, ориенталистік және нео-ориенталистік қасаң қағидалар мен штамптардан арылу керек.

Соңғысы, әсіресе, жауапты органдар мен мекемелерге барынша сақ әрі объективті болу керек, себебі, егер терроризм мәселесімен бетпе-бет келген көптеген елдердің көп жылғы тәжірбиесін қаперге алатын болсақ, терроризм, әдетте, кейбір ішкі және сыртқы күштерге тәп-тәуір бетперде болып табылады. Ондайлар қоғамды тұрақты үрей тудыру арқылы өз мақсаттарына жетуді көздейді, ал мұндайда кейбір мұсылмандар (немесе, өздерін мұсылман ретінде таныстырып жүрген жандар) бостан-босқа олардың қолшоқпарларына айналып жатқандарын өздері де бейхабар болады.

Әдебиеттер

1 *Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп*. Таңдамалы. Т. 1. – Алматы: Ғылым, 1990. – 215 б.

2 *Дулатов М.* Шығармалар жинағы. – Алматы, 1991. – 153 б.

3 *Құдайбердіұлы Шәкәрім*. Мұсылмандықтың шарты. – Алматы: Қазақстан, Мерей, Ақиық, 1993. – 37 б.

4 «Қазақ». – 1917. № 238. 31 маусым.

5 *Байтұрсынов А.* Білім жарысы // Қазақ. – 1913. – 31 мамыр.

6 *Аймауытов Ж.* Шығармалар жинағы. 4-т. – Алматы: Ғылым, 1998. – 446 б.

7 *Көпейұлы М.-Ж.* Көп томдық шығармалары. – Алматы: Алаш, 2003. – 1-т. – 97–98 бб.

8 *Бейсенов Б.Қ.* Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әлеуметтік философиясы. Философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2002. – 20 б.

9 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. – Павлодар, 2003. – 107–108 бб.

10 *Жұмабаев М.* Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2005. – 256 б.

11 *Әл-Фараби*. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары // Мәдени мұра. Т. 2. Жиырма томдық. – Астана: Аударма, 2005. – 528 б.

12 Көпеев Мәшһүр-Жүсіп // Психология: Энциклопедиялық сөздік / бас ред. Б.Ө. Жақып. Жоба авторлары Қ.Б. Жарықбаев, О.С. Оспанов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.

13 *Фуллер Грэхем*. Будущее политического ислама // Отечественные записки. – 2003. – № 5.

14 *Мухаммед Хамидуллах*. Islam Peygamberi. – Istanbul, 1957.

15 Айқап. – 1912. – № 14.

16 *Смағұлова С.* Қазақстандағы мұсылмандық оқу орындары мен ағартушылық қоғамдар (XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы) / <http://turkacadem.kz/kz/vp.php?idd=167>

17 *Кәкішев Т.* Садақ. Эссе. – Алматы, 1986.

18 Айқап. – 1913. – № 4-5.

19 ҚР ОММ. 25-қ., 1-т., 423-іс. 57-п.

20 *Бущик А.П.* Очерк развития школьного исторического образования СССР. – М., 1961.

21 Айқап. – 1914. – № 13.

22 *Султанғалиева А.К.* «Возвращение ислама» в Казахстан. – Алматы, 2012. – 170 с.

23 *Нысанбаев А., Курманбаев Е.* Исламское возрождение в Казахстане в XIX и XXI веках: сравнительный аспект / Влияние религии на современный мир. Сборник материалов конференции. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013.

24 *Сатершинов Б.* Ислам дінінің қазақ даласына таралу ерекшеліктері // Әл-Фараби: философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық журнал. – 2012 ж. – № 1(37). 56–63 бб.

25 *Нұртазина Н.* Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы: ҚазМӨФЗИ, 2002. – 208 б.

26 *Әділбаева Ш.* Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз. – Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. – 280 б.

27 *Мәшһүр Жүсіп Қуандық.* «Дін және Мәшһүр Жүсіп» / [http:// abai.kz/node/2911](http://abai.kz/node/2911)

28 *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.* Баянауылдан / Шығармалары. 13 том. – Павлодар: «Эко» ҒӨФ, 2008. – 385 б.

29 *Ахметова Г. М.Ж.* Көпеев шығармашылындағы діни-этикалық ойлар. – Павлодар, 2005. – 126 б.

30 *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.* Туысқан бауырыма бір хат / Шығармалары. 13 том. – Павлодар: «Эко» ҒӨФ, 2008. – 385 б.

31 *Әділбаев А., Әділбаева Ш.* Әбу Ханифа және ханафи мәзһабы. – Алматы: «Көкжиек – Б», 2011. – 400 б.

С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов

Мәшһүр Жүсіп дүниетанымы

Екі ғасыр аралығындағы қазақ сөз өнерінің көрнекті тұлғаларының бірі М.Ж. Көпейұлының шығармашылығы көп қырлы. Соған қарай дүниетанымы да өте күрделі. Оның өлең, әңгімелері мен мақалаларының арқауы – жеке адам болмысы мен қоғам өмірінің байланысы, одан туындайтын алуан түрлі мәселелер.

Нақтылай айтқанда, Мәшһүр Жүсіп ұлттық идеяға құрылған таза ағартушылық бағыт ұстанды. Ұлттық сана-сезімді ояту негізіне құрылған төл туындыларында ол ар тазалығына, имандылыққа үндеді. Оның ұғымында дін адамның рухани дүниесін қалыптастырады, құдайды тану адамшылыққа, әділдікке бастау ісіне көмегін тигізеді. Құдайға сенетіндігін жасырмай: «Мен құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне наным-сенімім күшті. Құдай қандай өзі, не нәрсе оны білуге, оны тануға ақыл-ойым, зейін-пікірім жетпейді», – дейді.

М.Ж. Көпейұлының бұл куәлігі туралы белгілі ғалым Ы. Дүйсенбаев мынадай қорытынды жасайды: «Сөйтіп, «Құдай» деген ұғымға үлкен мән беріп, ол адам ойы жетпейтін не шырқау биік, яғни тұңғыық терең деп қарау ертеде ойлы адамдардың тәжірибесінде көп ұшырасып келген. Олар көбінесе құдай деген түсінік арқылы адамгершілік қасиетті, әділдікті, жақсылықты, ізгілікті беруге ұмтылған. Сөз жоқ, бұлардың бәрінің туы негізінде дүниені, өмірді, идеалистік тұрғыдан тану жатыр (Ы. Дүйсенбаев. «Ғасырлар сыры». – А., Жазушы, 1970. – 9-бет).

Осы пікірдің түп-төркініне көз жүгіртсек, Мәшһүрдің ойтопшылауы алдыңғы қатарлы ағартушы-демократтардың талғамдарымен сабақтастығын көреміз.

Рас, Мәшһүр Жүсіп тәңірге табынып, құлшылық еткен, бес уақыт намазды қаза жібермеген тақуа, пірәдар адам болған. Ол Бұқара, Самарқанд шаһарларында, дін оқуын тәмамдап, оны толық меңгереді. Оның дүниетанымында діни наным-сенім айырықша орын алады. Сондықтан бірқатар ғалымдар М.Ж. Көпейұлын ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық ой-сананың, діни-мистикалық ағымның өкілі деп танып келді. Ал аталмыш ақынның шығармаларын идеялық-эстетикалық

мазмұн-мағынасына қарай қарастырып, тереңірек үңілсек, бұл пікірдің оғаштығына айқын көз жеткізер едік. Әрине бұған бертінге дейін үстемдік құрып келген сыңаржақ идеологияның шешуші ықпал етіп келгені талассыз.

Айтылған пікірдің ақиқатына жету үшін мысал келтірейік. Мәселен, Мәшһүрдің ел аузынан жинаған «Адам һәм оның ғұмыры» атты шығармасының («Әдеби мұра», Құрастырушы Ү. Сұбханбердина. – А., 1970) қысқаша мазмұны мынадай: «Бұл дүниені, жер мен көкті жаратушы ием адам мен басқа мақұлықтарға белгілі бір ғұмыр бермек болады. Хақ тағала адамға 30 жыл, есекке 50 жыл, итке 40 жыл, ал маймылға 50 жыл ғұмыр белгілейді. Бірақ адамнан басқалары мехнаты көп ұзақ өмір сүргілері келмей, арыз қылады. Құдай басқа мақұлықтардың ғұмыр жасын азайтып, оларды өз сұрауы бойынша адамға береді». Сөйтіп, адам 30 жыл бақытты дәурен сүріп, жас жігіт болып тұрыпты. Онан соң отыздан асып, елуге шейін қатты жұмыс істеп көп мехнаттар көріпті. Бұл баяғы есектен алған 20 жылы болады. Содан адам елуден асып, 70 жасына шейін оны-мұныларды аңдып, соның үшін кім көрінгенмен ырылдасып, итке ұқсап өмір сүріпті. 70-тен асқан соң ажардан, ақылынан айырылады, әркімге ермек, ойын болады. Сол жастар адамның өз еркімен маймылдан алған жылдары болады».

Шығарманың мазмұны Шығыс елдеріне белгілі сюжет желісі болғанымен Мәшһүрдің осы оқиғаны таңдап алуы тегін болмаса керек. Егер шығарманың идеялық негізіне көз жүгіртіп, ой жүздіріп қарар болсақ, бәріміз мойынсұнатын тәжірибеден алынған терең де мағыналы философиялық ой-тұжырымның жатқанын сезер едік!

Ал, хикаядағы дінге қатысты жайға келсек, Мәшһүр Жүсіптің Алла тағалаға сыйынып, оны жаратушы ием деп жоғары бағалағандығын көреміз.

Жастайынан Құранды жаттап, діни тәлім-тәрбие алған Мәшһүр шариғат ережелерін бұрмалаған қожа-молдаларға қарсы болып, өмір бойы күрес жүргізіп өсті. Құран сөздерін түсінбейтін, әліпті таяқ деп білмейтін дүмше молдалардың іс-әрекеттерін шенеп:

Өсекті қожа менен молда айтады,
Басқадан олар тіпті онды айтады.

II бөлім. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің гуманистік дүниетанымы хақында

Арасын ағайынның балдай тәтті,
Дау-жанжал ұрыспенен молайтады,

– дейді (Қазақстан Республикасы ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 1173-папка, 5-б.). Онсыз да жоқшылықтың тауқыметін тартқан ел-жұрттың ішіне іріткі салып, онан сайын бүлдіріп отырған қожа-молданың қылығын бетіне басады. Ол дін өкілдерін Құран қағидаларын дұрыс ұстай алмадың, шарттарын жақсылап атқармадың деп жазғырады. Бұл шығармаларды талдау барысында Мәшһүр Жүсіп дінді тәңіріні адамның этикалық-адамгершілік табиғатын шектейтін тылсым күш емес, оған керісінше тазартуға ықпал ететін фактор ретінде толғайды. Дінбұзар дүмшелерге қарсы майдан ашуы да осындай азаматтық кредосы мен шығармашылық ұмтылысына байланысты.

М.Ж. Көпеев, сонымен қатар, дүние мен адамды жаратушы тәңірдің құдіретті күші туралы да жазады. Оның айтуынша, өзінен басқа тіршілік иесі жоқ кезде құдіретті Алла тағала екі түрлі кесектен бірі – еркек қасиетті «Кэфті», екіншісі – ұрғашы қасиеті бар «Нонды» жаратқан. Осы екі кесектен – бүкіл тіршілік тарағанға ұқсайды.

Рас, құдіреті Алла тағаланың адамзатты екі кесектен жаратқаны жайында Құранда жазылмаған. Соған қарағанда, Мәшһүр Жүсіп бұл пікірді ескі араб не парсы жазбаларынан алғанға ұқсайды.

Міне, осындай дінге қатысты ой-тұжырымдары Мәшһүрдің жалпы дүниетанымының, философиялық топшылауларының дұрыстығын айғақтайды. Мәселен, біз осы күнге дейін маркстік идеалистердің «Адам маймылдан жаратылды» (ендеше қазіргі маймылдар адамға неге айналмайды? – С.С.) деген пікірін мақұлдап, соны дәлелдеумен келдік. Ал, ол – жаратылыстың заңы, құдіреттің күші екендігін мойындамадық. М.Ж. Көпеев сияқты ғұлама ойшылдардың ой-пікірлері бұған қайшы келді. Сондықтан да оларға «діншіл», «панисламист» деген айдар тағылып, асыл мұраларын оқуға тыйым салынды.

Ел-жұртының тұрмыс-тіршілігіне көңілі толмаған, келеңсіз іс қылықтарына күйінген, жаны жадау ақын көңіл көншітер медет іздеді. Бала жастан алған тәлім-тәрбиенің әсерімен Мәшһүр бір ғана Хақтағалаға табынып, соның ғана мархабатына

сенді, жан жарасына содан шипа тапты. Ол дін адалдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелейтін бірден-бір құрал деп түсінді. Құдай жолы әділеттіліктің ақ жолы деп түсінген ол ислам дінін уағыздап, халқына осы бағытта жөн сілтеді. Құдайды, пайғамбар жолын дұрыс, бұлжымайтын қағида деп біліп, дін мен ғылымды ұштастыруға талаптанды. Өкінішке қарай, коммунистік партия үстемдік құрып, өз диктатурасын жүргізген дәуірде көбіміз Мәшһүрдің дүниетанымына, философиялық ой-тұжырымдарының байыбына барып, тереңіне сүңги алмадық.

Ал қазіргі кезеңде өткендегі олқылықтардың орнын толтырып, күйініштерді кемітуге мол мүмкіндік туып отыр. Әсіресе тіл, дін мәселесіне ерекше ден қойылып, халықтық тұрғыдан қолдау тауып отырған жағдайда алаштың ардагер азаматтарының ұлттық идеяға негізделген таным-түсінігін зерттеудің мән-маңызы айырықша.

Осы орайда, толғақты бір мәселеге тоқтала кеткен жөн. Ол-қазақ әдебиетіндегі суфизм. Шынында суфизмнің әдебиетіміздің дамуына тигізген әсері қаншалықты, айтулы ақын-жазушылардың қай қайсысында да оның бар-жоғын атап-түстеп беру алдымыздағы асудың бірі. Жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беруде дін тағылымының атқаратын орны ерекше. Бұл ретте, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп секілді ірі тұлғалардың шығармаларындағы дүниетаным эволюциясын тілге тиек етеріміз рас.

**Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1999. – № 10. – 41–43 бб.
С. Сүтжанов, филология ғылымының кандидаты**

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ғылыми-жаратылыстық көзқарастары

Халқымыздың рухани және материалды мәдениетінің өзіндік ұлттық ерекшелігімен дараланған, тарихы, адамзат өркениеті мен мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Өткенімізді ой таразысына салып, парқылау, ұлттық рухани қазынамызды зерттеу, ұлттық сананы және тарихи жадымызды жандандыру бүгінгі күннің жүрек жарды, көкейкесті мәселелерінің бірі. XIX

ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында Қазақстандағы қоғамдық саяси, философиялық ойша өзіндік өшпес із қалдырған тарихи тұлғалардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Мәшһүр Жүсіптің сан-салалы, көп қырлы шығармашылығын, онын әдеби, ғылыми, философиялық мұрасын зерттеп, оны көпшілікке, әсіресе жас ұрпаққа таныстыру-ұлағатты парыз. Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы мен дүниетанымын зерттеушілер әр кезде уақыт ағымына сәйкес әр түрлі баға берді. Оның халық ауыз әдебиетін, тарихын, халық шежіресін жинаудағы орасан зор еңбегін М. Әуезов, Ә. Марғұлан, С. Мұқанов, Б. Кенжебаев, Е. Ысмаилов, Ә. Жиреншин, Ә. Қоныратбаев, М. Бөжеев, Д. Әбілов және т. б. қазақтың белгілі ғалымдары мен әдебиет зерттеушілері жоғары бағалайды. Мәшһүр Жүсіптің философиялық, ғылыми-жаратылыстық ойларын, саяси-әлеуметтік көзқарасын, сол кездегі идеологиялық талапқа сай зерттеген белгілі ғалым Қ. Бейсембиев «Қазақстандағы қоғамдық-саяси және философиялық ой тарихының очерктері» және «XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы идеялық-саяси ағым» атты еңбектерінде, Мәшһүрдің дүниетанымын қарама-қайшылыққа толы екендігін, әсіресе ойшылдың саяси-әлеуметтік көзқарастары ескішіл, феодалшыл, панисламистік бағытта болғандығын, ол ғылыми-жаратылыстық көзқарастары діни-мифологиялық түсініктерімен біте қабаттасып көрінеді деп тұжырымдайды. Бүгінгі таңда Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын зерттеушілер О. Күсілова және Н. Қуандықұлы ақынның «Қазақтың тарихы, діні, философиясы, этнографиясы, педагогикасы, шаруашылық ойлары т. б. 5 томды қамтиды» – деп ой түйеді. «Қазақ философиясы – қазақ халқының мәдени жетістіктерінің негізгі бөлігі және заңды жалғасы» – дейді белгілі философ, профессор А. Қасабек. Аспан шырақтарының аспан әлеміндегі орны мен қозғалысына қатысты Мәшһүрдің «Адам мен жұлдыздар ара-қатынасы» және «Жер мен Көк», «Аспан, Жер және Адам жаратылыс туралы» еңбектері арналған. Ең алдымен Мәшһүр дүниенің жаратылу актісіне назар аударады. «Көкті, жерді, айды, күнді, жұлдыздарды, тауды, тасты, отты, суды, желді, топырақты, ағашты, шөпті, хайуанатты, мақұлық атанған нәрсенің бәрін құдай жаратты...» [1].

Ол табиғаттың алты күнде жаратылғанын мойындайды. Мәшһүрдің космологиясы мен астрономиялық түсініктерінде Ежелгі шығыс философиясының және халықтың ғарыш туралы түсініктерінің әсері байқалады. «Күн – Айдай әлемнің патшасы, басқа жұлдыздар күннің қара бұхара әскері есепті. Ай – күннің уәзірі, Қытард (Меркурий) деген жұлдыз-хатшысы, Зәһрә (Шолпан) деген жұлдыз-ойыншы, сырнайшы, Мәріх (Марс) деген жұлдыз – әскербасы, Міштірі (Юпитер) деген жұлдыз – қазы, биі, төрешісі, Зүһәл (Сатурн) дейтұғын жұлдыз – казначейі. Жұлдыздар да өзіміздей мақұлық он екі шахары бар, жеті патшасы бар» [2].

Күн әлемінің патшасы, аспан шырақтарының ішінде орталық орын алады. Мәшһүр антика философиясы мен исламдық космографияның орталық назарында болған екі аспан шырақтары – Күн мен Айды қарастыруға ерекше маңыз береді. «Кұдай тағаланың күдіреті күнді шақшитып, жап-жарық қылып, қақ мандайымыздан қадалтып қойды. Ойласақ керек... үлкендігі де бір дөңгелек нандай күн, күллі дүние жүзіне сәулесі бірдей... Екінші – Күн, төртінші – фәләк (аспан әлемі) жарық болғанда төрт мың жылдық жолда болса керек. Сонан келіп түндігімізден түсіп, үстімізде орнап тұрады ғой» [3] – дейді Мәшһүр Жүсіп.

Дүние мен Күн жүйесіндегі Жердің орталық жағдайы туралы ілім дүниенің геоцентристік жүйесі екені белгілі. Ол Күн мен Айдың мөлшері туралы күнделікті бақылау мен тәжірибеге сүйеніп тұжырым жасайды және Күн мөлшері жайлы ой-пікірі көз мөлшерінің көрсетуіне негізделеді. «Үшінші – Күннің жарығына жанды-жансыз, жақсы-жаман махрұм болған бір нәрсе жоқ» [4]. Ол күннің жарық дүниеге тигізер пайдасы мен шапағат нұрының ұшан-теңіз екендігін болжайды.

Күн төртінші қат көкте, оты күшті: айдай әлемді отынның сәулесімен жарық қылып тұрады. Айда от та жоқ, сәуле де жоқ. Күн сәулесі оған түсіп айнаға түскен күннің екінші бір жерге түскен сәулесі сықылды. Күннен көтерме алған сәулемен түнде жарық болғансып тұрады... [5]. Күн – аспан шырақтарының аспан әлемінде орналасуы үшін есеп нүктесі болып табылады. Сонымен, Мәшһүр Күнді шар тәрізді, күнде нұр мен жарықтың тән екендігінде қабылдайды.

Айдың өзін қарастырғанда Мәшһүр айдағы жарық сәуле өзінің жеке сапасы емес, айдағы сәуле күн сәулесінің шағылысуы деп ой түйіндейді. Ол астрономиялық көзқарастарында Күн мен Ай және басқа планеталар мен он екі шоқ жұлдыздар, планеталардың шоқжұлдыздарды айналуы, күннің тұтылуы туралы деректерді қарастырады. Жұлдыздардың адам тағдырына және мінез-құлқына тигізер әсері жайлы ой пікірлер айтады.

Аспан шырақтары Күн мен Айдың адам баласы мен дүниеге тигізер пайдасы жайлы ой топшылайды. Айдың адамдар үшін күн тізбелік қызмет атқаратынын болжайды. «Бірі – Айдың туысын күтіп, күллі дүние жүзінің көзі аспанда болады: басы қай күн, ортасы қай күн, ақыры қай күн болатынын білу үшін» [6]. Ойшылдың дүниетанымында, қазақ халқының ғарыш туралы түсінігіндегі Айдың алатын орны мен мұсылман дініндегі Ай символының ықпалы байқалады. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде, мақал-мәтелдерінде және адам аттарында Айдың алатын орны ерекше. «Аспандағы Күн шеңбері және дала үстіндегі көк күмбезінің жарты шеңбері өмір мен ғарышты түсінудің дүние танымдық негізіне айналды» [7].

Мәшһүр Жүсіп аспан шырақтарының қозғалысы мен жер бетіндегі болып жатқан құбылыстар арасында байланыс бар екендігін көрсетеді. «Бұл Күннен бірнеше пайдалар бар. Үлгісі күллі ғаламға құдірет жаққан шамы қараңғы үйдің ішінде отырып жұртты не қылмақ, шам жағылса, әркім көңіліне алған жұмысына кірісе бастайды. Екінші – қанша дүние жүзінің демін құрғатып, өсетұғын нәрселердің бәрінің өсіп-өнуіне күш береді» [8].

Мәшһүр аспан шырақтарын, табиғат пен адам үшін пайдалы іс-әрекеті арқылы бағалайды. «Бесінші – қыстыгүні фәләктің (аспан әлемі) төменгі жағымен, жаздыгүні жоғары жағымен айналады. Онысы да күллі дүние жүзіне пайдасын тигізу үшін. Алтыншы – Аймен бір араға бас қоспайды. Бірінің қылатұғын жұмысын бірі бұзбастыққа әбден ынтымақтасқаны, әрқайсысының жұмысы басқа-басқа болғандықтан» [9]. Күн қозғалысын шығыстан батысқа қарай деп көрсетуі де Күннің тигізетін пайдасы арқылы шешіледі.

Күн мен Айдың реттелген қозғалыс күйінде, бір-біріне кедергі келтірмейтін, яғни, өздерінің тұрақты қозғалысында бір-бірімен

соқтықпай қозғалады. Күн аспан әлемінде күндіз, ал Ай түнде, бір-бірін ауыстырып, кедергісіз өзінің орнына қайта оралады. Күннің айналмалы шеңбер бойымен қозғалуын мойындайды. Жоғарыда баяндалған көрсетулер, Мәшһүрдің дүние формасы туралы ой-пікірін анықтауға мүмкіндік береді. Аспан жарты шеңбер түрінде болжанады. Күн аспанның бір шетінен (шығыстан) көтеріледі және батыста төмен батады. Жер формасы бойынша жазық болып табылады. «Төртінші күннің тұтылуы осындай жап-жарық болып тұрған Күн жоғалып кеткеннен ойласак керек... Күн өзі күн болып тұрған жоқ екен, оны Күн қылып жарқыратып қойған әр жағында күдіреті күшті Құдай барлығы» [10] – дейді Мәшһүр Жүсіп.

Күннің тұтылуын көрсете отырып, ойшыл шын мәнісінде оның көрінуінің себептерін қарастырмайды. Күннің тұтылуы, дүниені жаратушы Құдайдың іс-әрекеті болып табылады. Мәшһүр аспан шырақтарының аспан белдеулерінде орналасуын да қарастырады. «Көп жұлдыздар жеті көктен әрі сегізінші қабат көкте. Ең бізге жақын көкте Айдан басқа жұлдыз жоқ. Оның бадырайып, адырайып тұрғандығы – жақындығы, өзінде сәуле де жоқ, сана да жоқ. Сәулені, сананы күннен алып, жарқағансып тұр. Оны бірде бірі көрсетіп, бірде қылтитып, қылдырықтай көрсетіп тұрған – Күн сәулесі» [11].

Ол аспан әлемін сегіз қабатқа бөледі. Күн төртінші қабатта орналасқан.

Аспан шырақтары белгілі уақыт аралығында периодтық қозғалыс жасайды. Планеталар өзінің қозғалысымен, уақыт пен жылдың өзгеруі мен кезектесіп келуін тудырады. Біз жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Мәшһүрдің пікірінше, жыл мезгілдерінің алмасуы Күн қозғалысының себебінен туындаған.

Шоқжұлдыздардың жыл мезгілдеріне әсері Күн қозғалысының тікелей әсерімен емес, жанама әсерімен жүзеге асады. Жылдық цикл (жылдың төрт мезгілі) Күннің барлық шоқжұлдызды айналып өтуімен аяқталады. Ойшыл өзінің еңбектерінде, Үркер, Темірқазық, Жетіқарақшы жұлдыздарын атап көрсетеді.

Адамның мінез-құлқының қалыптасуына және адам тағдырына жұлдыздардың әсері туралы Мәшһүр былай дейді: «Аспан көкте тұрған Ай, Күн, жұлдыздардың адам баласына қайтым-қарыс

араластығы болады. Қыз алып, қыз беріп құдандалығы болмаса да, өзге үйір-шүйірлігі мидай аралас. Бала болатұғын су қатынның жатырына барғанда, оған Зүхәл шап ете түсіп, бағу-қағуына алады, қан түсіне айналдырады. Қырық күннен соң Міштірі шап ете түсіп, ол бағу-қағуына алады. Ол ет қылып жасайды.

Қырық күннен соң Мәріх сап ете түсіп, сүйек жасауға ыңғайланады. Жүз жиырма күннен соң Күн араласып, сурет қылуға ыңғайланады. Зәһре күн астында жүріп, ойын-күлкі сауыққа ыңғайлы қылуға тырысады. Қытард – өзі хатшы: білім, сезім жағынан абайлайды. Ай қолынан келген соң, бұл дірілдетіп өсіру, өндіру жағынан шапшандатады» [12] – дейді. Ол адам дүниеге келместен бұрын белгілі бір мінез-құлыққа, белгілі кәсіпке бейімділігі планеталардың араласуымен қалыптаса бастайтындығын атап көрсетеді. Адамның туылуына Күн, Ай, Шолпан, Меркурий, Марс, Юпитер, Сатурн планеталарының орналасуы маңызды мағынаға ие.

Аспан денелері мен шырақтары жайлы халықтың сан ғасырлы тәжірибесінен туындаған этноастрономияға қатысты мәліметтер көптеп кездесіп отырады. Екеу-екеу басы қосқанның бәріне де бір-бір айрылмақ бар. «Жалғыз-ақ айырылмағанда не айырылмайды? Темірқазық деген жұлдыздың маңайында тұратұғын Ақ боз ат, Көк боз ат дейтұғын екі жұлдыз» [13].

Қазақ халқы көшпенділік өмір салты және шаруашылықты жүргізу әдістеріне сай, өмірлік қажеттіліктерге орай Үркер, Темірқазық, Таразы, Жетіқарақшы жұлдыздарының аспандағы орнын анықтау, белгілеу арқылы жыл мезгілінің ауысуын, ауайын біліп отырған.

«Аспандағы Үркердің қыздарын аңдып, Ақ бозат пен Көк боз атты торып жүрген Жетіқарақшы туралы мифке келер болсақ, ол да – ежелгі мифологиялық құбылыс» [14].

Қазақтың космогониялық және космологиялық аңыз-эпсаналарында Сүмбіле, Темірқазық, Жетіқарақшы, Үркер жұлдыздары өзара бір-бірімен тығыз байланыста қаралады.

«Ана екі бүйірдегі екі жарық жұлдыз – Ақ боз ат пен Көк боз ат – батырлардың аттары. Олар Темірқазыққа арқандаулы. Шұбатылған арқаны да әне көрініп тұр. Аттар Темірқазықты айнала оттайды» [15].

Бүгінде адам тағдырына, мінез-құлқына, аспан шырақтарының әсері, алуан түрлі жұлдыз жорамалдар, планеталардың жер бетіндегі құбылыстарға тигізетін әсері, көк аспан мен қара жер арасындағы болып жатқан оқиғаларға аспан денелерінің белгілі бір ықпалы астроном-ғалымдардың қызығушылығын тудырып отыр. Астрология қазіргі уақытта ренессанстық (қайта өрлеу) күйді бастан кешіруде.

Ежелгі Вавилонда, Египетте, Римде және орта ғасырлық Араб елінде астрология ерекше дамыды.

«Действительно, астрология связана с тщательным изучением (и вычислением) расположения небесных тел. В этом смысле она накопила определенный фактический материал о видимом движении Солнца, Луны и планет по небосводу, об их положении, была в состоянии предсказать изменения этих положений. Вполне понятно, что это могло использоваться и действительно использовалось астрономией» [16].

Халықтық астрономияда аспан шырақтарының адам баласына жасайтын ықпалы көрсетіледі. Мысалы: «Айың тусын оңынан, жұлдызың тусын соңыңнан», «Жұлдызы қарсы», жұлдыз аққанда – адамның өлуі т. с. с. «Ежелгі түсінік бойынша адам баласына (жалпы тіршілікке) әсер ететін күш, әр қат көктің иесі, яки Сайраны (планетасы) болмақ. Олардың реті Зухал (Сатурн), Миштари (Юпитер), Маррих (Марс), Зухра (Шолпан), Құтрад (Меркурий), Күн және Ай. Ана құрсағындағы баланың өсу кезеңінің әрбір күні рухани күш – періштенің бақылауында болады» [17].

Мәшһүр Жүсіп дүниенің жаратылу актісіне назар аударады. «Құдай өзі де мінсіз, жаратқан нәрсесі де мінсіз. Жаратқан мақлұқтарын ерлі-байлы қылып, мұнан былайғының бәрін сол мақлұқтарын жасап шығаратұғын қылды. Жаратуын өзі жаратса да, билігін, ерік-ықтиярын мақлұқтарына берді» [18].

Оның пікірінше, Алла өзі мінсіз болғандықтан, жаратқан табиғаты да, жан-жануар да, адамдар да мінсіз, өсіп-өніп көбеюге, яки әрекет еркіндігі берілген. Мейірімді, құдіретті жаратушы Алланың шеберлігі өлшеусіз, шексіз, сондықтан да Алланың ісі – дүние де шексіз, мәңгі.

«Бұл әлем ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең, ұшы-қиыры жоқ таусылмайтын, құрымайтын дария дедік. Әуел басы – Адам ата, ақыры – осы отырған өзіміз.

Толқында тұрақ бар ма, қалай айдаса, солай кете береді. Бұл дүниенің ағымы – дарияның толқыны» [19].

Мәшһүрдің пайымдауынша, Алла жаратқан дүниеде өзгеріс, даму тән, әлем бір қалыпта тұрмайды, ол үнемі өзгеріс күйінде болады. Табиғатта барлығы да жанды да, жансыз, табиғат заттары да өзгерісте, өзгеріс пен қозғалыс болмай қоймайтын мақсатты, қажетті іс. Өзгеріс ұғымын толқын арқылы көрсетеді.

Ойшылдың өлеңдері мен қара сөздерінде диалектика элементтері елеулі мәнге ие. «Қазақ философиясында «терме» жанры осы «өмір», дүние дегенді ағып жатқан су екен деген негізге құрылған. Бұл – қазақ философиясында ертеден бар түсінік» [20].

Мәшһүр Жүсіп дүниенің бірлігі мен мәңгілігінің бастапқы жаратушысы – құдіретті күші шексіз Құдай мен жаратылған дүниенің мәңгілігі мен шексіздігін көрсетумен анықтай отырып:

Бір жарық түн басына таң атады,
Мейлің Ай, мейлін Күн бол бір батады.
Дарияның толқынындай дүние жүзі,
Толқында тауып тыныштық кім жатады,

– деп Аспан әлемі жер бетіндегі заттар мен құбылыстар, табиғат процестері мен заңдылықтарының өзара әрекеттілігі мен себепті байланыстары негізіндегі болып жатқан өзгеріс пен қозғалыс дүниенің мәңгілігінің негізгі бастауы деп ой топшылайды. Әлемнің әмбебап абсолютті себебі – Мәңгілік, мінсіз Құдай, ал жаратушының жаратқан әлемі де шексіз, мәңгі әлем.

Алланың жұмыр басты пендесі – адам баласының ақыл-парасаты, таным-түйсігінің ұлылығы – адамға жаратушының берген ұлы сыйы.

«Мына кісінің ыңғайына жүріп, икеміне көнбейтұғын нәрселер – адам баласының білемін деп талап қылса, білмейтұғын нәрсесі болмайды. Жалғыз-ақ жете білуіне көнбейтұғын нәрсе – Алла тағаланың дәті жаратушы Құдай құлының қандайлығын, нешік екендігін ешкімнің ойы, білімі меңгеріп біле алмайды. Адам баласы не нәрсені үйренейін деп талап қылса, үйренуге көнеді» [21].

Шексіз Алланы – адамның таным мүмкіншілігінің шектеулі болғандықтан, Алла болмысын тани алмайды. Ислам

философиясында Алланы адам баласының ақыл-парасатымен тануы мүмкін емес. Араб тілді философияда Ибн-Рушдтың «екі ұдайлы ақиқат» принципінде дін мен философия арасында ақиқатты тану ерекшелігі көрсетілген. Адамның танымы – Құдай жаратқан табиғат құбылыстары мен заңдылықтарды танып-білуге бағытталған.

«Мен құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті. Өзге нәрсеге – «құлақпен естіген – танық, көзбен көрген – анық». Көзім көрмей нанбаймын. Құдай қандай, өзі не нәрсе, оны білуге, оны тануға ақыл-ойым, зейін-пікірім жетпейді. Сонда танымаймын деп, тоқтап тұрып қалмаймын, жаратқан нәрселерінен, құдайлықпен қылған ісінен – барлығын, бірлігін, күштілігін танып тұрсам керек» [22] – деп суреттейді Мәшһүр Жүсіп. Адам ақылы мен сезімінің, парасат-пайымының мөлшерін осылай бейнелеген ой мен іс-әрекет еркіндігіне ие, адамның Алла болмысына таным мүмкіншілігінің жетпеуі Алла шеберлігінің көрінісі, және адамның таным-парасатының мөлшерлігінің көрінісі деп бағалаймыз.

Мәшһүр планеталардың адам өмірі мен тағдыр-талайына, қабілетіне ықпал туралы ойлар, көне және орта ғасырдағы астрологияның шеңберінде пайда болған идея. Дегенмен, кейінгі жылдары астрологияға деген қызығушылық едәуір өсті. Жұлдыздардың адам мен адам ағзасына тигізетін құпия ықпалын бүгінгі күні сәнге айналған алуан түрлі жұлдыз жорамалдар түсіндіріп бағуда. Белгілі американдық астролог Линда Гудманның пікірінше, «Астрологияның тілі – бізді тұманды өткенмен байланыстыратын алтын арқау және космосты игерудің әсерлі ғажайып келешегіне бізді дайындайды» [23].

Сонымен, Мәшһүрдің астрономиялық көзқарастарында аспан шырақтары мен жұлдыздарының аспан әлеміндегі орналасуы мен қозғалысы, табиғат құбылыстары мен процестеріне және адамдарға әсері қарастырылады. Аспан шырақтарының қозғалысын тану ғылыми-жаратылыстық танымның өзара байланысты екі негізгі формалары, тәжірибе мен бақылау арқылы жүзеге асады. Мәшһүрдің әр түрлі аспан белдеулерінде орналасқан аспан шырақтары өзара әрекет күйінде болып және жер мен көк арасындағы болып жатқан

процестерге белгілі әсер жасайтындығы туралы пікірін атап өткен жөн. «Көне дәуірдің астрономиясында (астрологиясында) пайда болған бұл идеяның позитиві, рационалды дәні бар» [24].

Мәшһүр Жүсіптің космогониясы мен космологиясы өзара байланыста көрінеді. Мәшһүр Жүсіптің мол мұрасы ішінде оның ғылыми жаратылыстық ойлары, медицинаға, метеорологияға қатысты ойлары арнайы зерттеуді қажет етеді.

Мәшһүр Жүсіптің дүниетанымы мен философиясында көне шығыс философиясы және антика философиясының әсері анық көрінеді. Әсіресе, Мәшһүрдің философиялық көзқарастарында мұсылмандық шығыс философиясының ықпалы ерекше екендігін атап өткеніміз жөн.

Сонымен, Мәшһүр Жүсіптің ғарыш аспан шырақтары жайлы ойлары жан-жақты, тыңғылықты зерттеуді қажет етеді.

Мәшһүрдің қарастыратын мәселелерінің шеңберінде метадологиялық мәселе ерекше орын алады. Мәшһүр бойынша дүниенің екі шегі аралығында алуан түрлі өзара байланысты процестер мен құбылыстар болып жатады. Оның еңбектерінде: жел, бұлт, жаңбыр, қар, найзағай, күн күркіреуі, жер сілкінуі туралы баяндалады. Өзінің стихиялар мен сапалар туралы іліміне сүйене отырып, олардың себептілік және ғылыми-жаратылыстық түсінігін береді. Оның көзқарастары, антика және ортағасырлық ғалым мен философия жетістіктері, сонымен бірге табиғат құбылыстарын бақылау нәтижелерін және күнделікті өмірлік тәжірибенің деректерін терең ой елегінен өткізуге негізделген. Табиғат әлеміндегі үстемдік етуші себеп-салдарлық байланыс принципіне сүйене отырып, Мәшһүр барлық алуан түрлі құбылыстарды екі негізгі топқа бөледі. Олардың бірі тудырушы (себепші) және мәндік бастау ретінде, басқалары – олардың салдары, шыққан нәтижесі ретінде көрінеді.

«Ауаның суықтығы күшейсе, су, қар, бұршақ болады да, жылулығы күшейсе, тұман болады, дүниені қаптап тұрған тұман – судың жылылыққа айналған буы. От пен су араласып жүретіндігі сондай: екеуінің соқтыққан ұрыс, төбесіне күн күркіреді, найзағай жалтылдайды... Аспандағы оттан, судан қар жауады, жаңбыр жауады» [25].

Жоғарыда көрсетілгендей, Мәшһүрдің табиғат философиясында жер бетіндегі болып жатқан барлық құбылыстар мен процестерге қатысушы: топырақ, ауа, су, от, – табиғи бастауларға маңызды роль береді.

Мәшһүрдің жер сілкінісі және вулкан жарылысы туралы ойларында элементтер теориясы ерекше орын алады... «Жер отсыз, сусыз, желсіз қалған жоқ. Олар да арасында бөлініп-бөлініп тозғындап қалды. Солай болғаны үшін күні бұл күнге шейін оты таусылмай жанып тұрған таулар бар. Ол тауларды– «Жанар тау» дейді. Үш-төрт жыл болды Жапон жұртында жер астынан от та шығып, су да шығып көп жанды нәуіт қылғанын есіттіңдер. Баяғыдан қалған жер астындағы от һәм су...» [26].

Осы жоғарыда келтірілген үзіндіден, оның жер сілкінісі мен жанар таулардың себептеріне қатысты түсінігі туралы пікірін байқауға болады. Жер сілкінісі – жер ішіндегі каналдар мен саңылаулардағы орналасқан от пен судың, ауаның қозғалуынан туындаған табиғат құбылысы ретінде түсіндіріледі. Ақын вулкан жарылысы жер астындағы от пен су әрекеті деп ой қорытады. Жер астындағы қуыстық саңылау болуы туралы түсінік антика натурфилософиясында теориялық ой елегінен өткізіліп XVI ғасырға дейін жердің ішкі құбылысын түсінудің негізі болды. Сонымен қатар, антика философиясының өкілдері – Анаксимандр, Демокрит, Эмпедокл және Ортағасырдағы Шығыс ойшылы Ибн-Синаның табиғат философиясында жер сілкінісінің негізінде табиғи фактор ретінде бір немесе бірнеше табиғи стихиялар көрсетіледі.

«Опырылу немесе жалын әрекеті тәрізді табиғат құбылыстарына ерекше маңыз беруге байланысты, жер бедерінің өзгеруіндегі су немесе оттың негізгі рольдері туралы алғашқы идеялар пайда болды» [27].

Ойшылдың, табиғат құбылыстары туралы көзқарастарын талдап көрсеткеніндей, жердің сыртқы қабаты мен ішкі құрылысының өзгеру процесінде ерекше роль атқаратын табиғи себептер ретінде от пен су көрсетілді. Оның метеорологиялық көзқарастарын жинақтай келе мынандай қорытынды жасауға болады: барлық табиғаттың алуан түрлі құбылыстары мен процестері өзара тығыз байланыста, жалпы процестің жеке бөліктері ретінде

қарастырылады. Мәшһүрдің медицинаға қатысты ойлары адам ағзасының анатомиясы мен физиологиясына және ұрықтану процесіне байланысты көрсетіледі. Адам тәні төрт элементтен тұрады. «Жел орнында – қан, су орнында – қақырық, от орнында – зерде, топырақ орнында – карақұрым, міне, дененің ішіндегі төрт ана» [28]. Ойшылдың көзқарастарында, антика дәуіріндегі гуморалды патология теориясының әсері байқалады. Бұл теория бойынша төрт гумордың үйлесімді араласуы (қан, сары және қара өт, шырыш) төрт алғашқы элементке сәйкес келеді. Гуморлардың үйлесімді араласуы адам ағзасының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Мәшһүр адам ағзасының мүшелері және физиологиясына қатысты былай дейді: «Тіршіліктің түп-тамыры, қазығы – жүрек. Неше мүше, неше дене болса, бәріне қызу, күш, қайрат жүрекке бармақ. Жүректен соңғы қайратты машина – бауыр. Барша дененің тіршілігі – осы бауыр жұмысы. Ауыздан ішіліп, тамақтан жұтылған ас салған бойымен құрсаққа барады. Суды бүйрек өзіне қарай тартып алып, жарамсызын сідік қылып қуыққа жібереді» [29]. Мәшһүр Жүсіп жүрек, бауыр, ас қорыту қызметін қазіргі медицина түсініктеріне сай көрсеткен. Ойшыл, адамның ұрықтан пайда болатындығы туралы болжайды. «Бала деген құдайдан сұрайтұғын нәрсе емес, құдай жасап беретұғын нәрсе емес... ерлі-зайыпты екі кісінің еңбегі, қолдан жасап егіп, өсіріп алатұғын ағашы» [30].

Мәшһүр Жүсіп адамның ұрық арқылы пайда болуы және ұрықтың жатырда дамуы туралы: түсінігі, оның медицинадан мағлұматы мол болғандығына куә болады. «Бір еркек, бір ұрғашының сүйіскендігінен, түйіскендігінен, алқынған, жұлқынғандығынан ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен бір су бала жататұғын жатырға барды. Оған астында жатқан әйелден де су араласты» [31].

Мәшһүр адам ағзасының қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін тән мен жан кеселдерін атап көрсетеді. «Даладан ішке қарай кірген демалыс қан болғанда, таза қызыл қан болып, миға залал келтіретұғын уларды жуып, тазалап тұрады. Оның тазалауға күші жете алмай қалса, ми бұзылып паралич деген ауруға ұшырайды. Ол аяқ-қолдың жансыз болып қалуы...» [32].

Ол адамның ағзасына сыртқы табиғи күштердің қоршаған органың ықпалын болжайды. Қорыға айтқанда, Мәшһүр адам

анатомиясы және физиологиясы, қан айналымы, ұрықтану процесі, аурудың себептері туралы терең білімін байқатады. Сонымен, ол өзінің еңбектерінде медицинаға қатысты мәселелерді қарастырады.

«Жарық жалған дүниенің жүзіне шығаруға асығып, ананың қарнында бүлкілдеп, тыпырлап, асығыстықпен алты айды тамамдап ай құшағында туатұғын балалар болады. Ол алты айлық баланың кемдігі, шалалығы болмайды. Жеті айлық болып туылса, оның кемдігі, шалалығы болмайды. Сегіз айда туса, бұл бала бала болмайды» [33].

«Описав и объяснив «сущности работы человеческого организма. Копеев переходит к рассмотрению вопросов оплодотворения, роста зародыша в утробе матери, деторождению воспитания людей и их призвания. Все эти рассказы в основном соответствуют данным медицинской науки» [34].

Мәшһүр Жүсіп адам ағзасын – машинаға теңейді. Ағзаның әрбір мүшесі өзіне тиесілі қызметін атқарады.

«Былқылдаған еттен, қаннан, қақырықтан, оттан, қарақұрымнан – өкпе, құрсақ, бүйрек, жүрек, бауыр талақ. Осы айтылғандар машина жасап, сол машиналармен пенделері өзіндей бір пендені жасатып шығаратұғын қылды.

Қанның жүректе қайнауы нәтижесінде жанның пайда болуына алып келеді. Жанның қуатты күші – адам ақылын тудырады. Жүрек адам өмірінде негізгі роль атқарады, жүрек – адам ағзасының негізгі, басты қозғаушы күші болып табылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығына, әділ бағасын берген, академик Әлкей Марғұлан Мәшһүр Жүсіпті «Күншығыс, араб, парсы халқының тарихын, пәлсапасын жақсы білген. Химия, физика, геология, астрономия ғылымдарының жақсы хабары болған» [35] – дейді.

Мәшһүр Жүсіп білім мен ғылым іздеп Бұхара, Тәшкент қалаларында болған.

«Ол 1880 жылдардың аяғы мен 1890 жылдардың ортасында Бұхарада болып, онда Ұлықбек медресесінде, Тәшкентте болған» [36] – дейді. Ш. Кәрібаев.

Қорыта айтқанда, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы көне шығыс елдері және мұсылмандық Шығыстағы ғылыми-жаратылыстық ғылымдарының жетістіктерімен жақсы хабардар болған.

Оның жаратылыстану ғылымдарына қатысты ой-танымдарын зерттеу, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанда жаратылыстану ғылымдарының даму деңгейін түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1 *М.Ж. Көпейұлы*. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 66. – 24 б.

2 Бұл да сонда, 26 б.

3 *М.Ж. Көпейұлы*. Ай мен Күндей: һәммаға бірдей // Ақиқат. – 1994. – № 4. – 87 б.

4 Бұл да сонда, 87 б.

5 *М.Ж. Көпейұлы*. Аспан, Жер және Адам жаратылысы туралы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 2. – 24 б.

6 *М.Ж. Көпейұлы*. Ай мен Күндей: һәммаға бірдей // Ақиқат. – 1994. – № 4. – 87 б.

7 *Ж. Қаракузова, М. Хасанов* // Космос казахской культуры. – А., 1993. – 13 б.

8 *М.Ж. Көпейұлы*. Ай мен Күндей: һәммаға бірдей демегінің мағынасы // Ақиқат. – 1994. – № 4. – 88 б.

9 Бұл да сонда.

10 *М.Ж. Көпейұлы*. Ай мен Күндей: һәммаға бірдей демегінің мағынасы // Ақиқат. – 1994. – № 4. – 87 б.

11 *М.Ж. Көпейұлы*. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 6. – 27 б.

12 *М.Ж. Көпейұлы*. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 6. – 27 б.

13 *М.Ж. Көпейұлы*. Ай мен Күндей: һәммаға бірдей демегінің мағынасы // Ақиқат. – 1994. – № 4. – 88 б.

14 *С. Қасқабасов*. Қазақ мифі және әлемдік мифология // Жұлдыз, 1998. – № 12. – 159 б.

15 *Әбишов Х.* Аспан сыры. – Алматы, 1966. – 84–86 бб.

16 *Рахматуллин К.Х.* Звезды: наука и суеверия. – Алма-Ата: Казахстан, 1984. – 59 с.

17 *Қ. Ақпанбек*. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 37 б.

18 *М.Ж. Көпейұлы*. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 6. – 24 б.

19 *М.Ж. Көпейұлы*. Аспан, Жер және Адам жаратылысы туралы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 2. – 58 б.

20 Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 97 б.

21 *М.Ж. Көпейұлы*. Ай мен Күндей: һәммаға бірдей демегінің мағынасы // Ақиқат. – 1994. – № 4. – 88 б.

22 *М.Ж. Көпейұлы*. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 6. – 24 б.

23 Звезды и судьбы // Наука и религия. – 1989. – № 8. – 41 б.

24 *Соколов В.В.* Европейская философия XV–XVII в. – М., 1984. – 146 б.

25 *М.Ж. Көпейұлы*. Аспан, Жер және Адам жаратылысы туралы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 2. – 57 б.

26 Бұл да сонда, 60 б.

27 История геологии. – М., 1973. – 13 б.

28 *М.Ж. Көпейұлы*. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 6. – 75 б.

29 Бұл да сонда, 75 б.

30 Бұл да сонда, 28 б.

31 Бұл да сонда, 75 б.

32 Бұл да сонда, 26 б.

33 *К. Бейсембиев*. Идеино-политические течения в Казахстане конца XIX – начало XX века. – Алма-Ата, 1961. – 238 с.

34 *М.Ж. Көпейұлы*. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 6. – 24–25 бет.

35 *Әлкей Марғұлан*. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы // Қазақ әдебиеті. – 1940, 5 қаңтар. – 4 б.

36 Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961. – 249 б.

**Б.Қ. Бейсенов. ҚазМУ Хабаршысы. Философия сериясы.
– Алматы, – 2000. № 12. – 63–70 бб.**

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саяси-әлеуметтік көзқарастары

Діни-ағартушылық ағым қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуының күрделі, аумалы-төкпелі кезеңінде тарих сахнасында көрініп, халқымыздың рухани мәдениеті өрлеуінің жаңа тарихи кезеңіне жол ашты. Діни-ағартушылық ағым өкілдерінің бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еді. Мәшһүр Жүсіптің әдеби, ғылыми философиялық мол мұрасын қазақ философиясының

тарихының аясында зерттеу ойшылдың терең пәлсапалық ойларын әр қырынан ашып, таныта түсері анық. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының философиясының негізгі бағыттары мен саяси-әлеуметтік көзқарастарын айтсақ: ұлт бостандығы, жеке адамның бостандығы мен құқығы, дін бостандығы, жер мәселесі, теңдік пен әлеуметтік, әділеттік идеясы, дүниенің бірлігі мен мәңгілігі көрсетілген космологиясы, ғылыми жаратылыстың ойлары, діни философиясы, жан мен тән арақатынасы, жанның мәңгілігі және таным теориясы.

Мәшһүр Жүсіп өзі өмір сүрген екі ғасыр тоғысындағы қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірге белсене атсалысып, болып жатқан өзгерістерге өзінің пікірін, ой тұжырымдарын сол уақыттағы баспасөз беттерінде «Дала уалаятының газетінде» және «Айқап» журналында жариялап тұрған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1907 жылы Қазан қаласында Құсайыновтар баспаханасынан шыққан «Сарарка кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітаптарында қазақ халқы үшін көкейкесті мәселелерді көтереді. Патшалық Ресейдің отарлау саясатын, қазақ халқын орыстандыру мен шоқындыру сияқты екіжүзді ниетін әшкерелейді. Мәшһүр Жүсіп ұлт бостандығын, теңдігін, ар-ождан бостандығын ел мен жер тағдырын жырлады.

Байланып қорыққандықтан жүрді тілім,
Қазағым, қайран жұртым, есіл елім.
Мұжық кеп, қара шекпен крестьян,
Жерінді қылмады ма тілім-тілім [2].

Ақын қазақ халқы үшін киелі ата-бабаларымыздың қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен қорғап қалған жердің, қоныс аударушыларға беріліп жатқанына жаны күйзеледі, сонымен қатар ел, жер үшін батыл ашық күресуге шақырады. Мәшһүр Жүсіп ел ішіндегі келеңсіз құбылыстарды ұрлық, рушылдық, жікшілдік, паракорлық, надандықты аяусыз сынайды.

Қазағым, өнер іздеп, ұрлық-зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық.

Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Басыңа келген жоқ па талай қорлық [2, 33 б.].

Мәшһүрдің пікірінше, ұлттық бірлік пен татулық, ауызбіршілік халық үшін жарқын болашаққа жол ашатын және бостандық пен теңдікке жеткізетін бірден-бір жол.

Өнерге ғылым-білім алсан жерік,
Берілер ақыр бір күн басыңа ерік.
Көп жұртты көз жасына қылсаң куә.
Табылар мұңлы-зарлы саған серік [2, 64 б.].

Ойшыл, мемлекеттің дербестігінен айрылған Ресей отарындағы қазақ халқы үшін білім мен ғылымды, өнер мен кәсіпті игеру алдыңғы қатарлы озық мәдениетті, өркениетті елдер қатарына жеткізеді және теңдік пен бостандықты, адам құқықтарын насихаттау, ұлттық сана-сезімнің өсуіне, ұлттық бірліктің нығаюына негізгі тірек деген ой түйеді.

Патшаның ғұзырына тартып қалам,
Бас қосып өңшең жүйрік білгіш адам
Дін мен жалғыз жер емес сұраулары,
Сұраған бостандықты тегіс тамам [2, 64 б.].

Мәшһүр тек дін бостандығын ғана емес, жер мәселесін шешумен қатар, шынайы толық бостандықты ашық түрде жырлайды. Ол думаға сайланатын депутаттарды халықтың бостандығы мен теңдігі, халықтың мүдделері мен ар-намысы үшін күресуге шақырады. Тарихи ұлттық ерекшеліктерді басты назарда ұстау, сонымен бірге халыққа шүбәсіз, қалтқысыз адал қызмет етуді сұрайды. Халықты отарлық езгі мен рухани, саяси қанаудан азат етуші жол – азаттық үшін күрес екендігін көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіп әлеуметтік философиясының қалыптасуы мен дамуының тарихи, саяси әлеуметтік қайнар көздері қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік мәдени өзгерістер және XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның қоғамдық өміріндегі мұсылмандық қозғалыс болды. Сондай-ақ Ресейдегі 1906–1907 жылдардағы

төңкерістер, ақпан және қазан төңкерістері ықпал етті. Ресей империясындағы мұсылман халықтарының ұлттық сана-сезімінің оянуы, бір мәдениетке исламдық өркениетке жататын ұлттардың өзара тағдырлас екенін түсінуі мұсылмандық қозғалыстың тууына себеп болды.

Ресейдің қазақ даласын отарлау қазақ халқын орыстандыру саясатымен тығыз байланысты жүргізілуі қазақ оқығандарының наразылығын тудырды. Отарлаушы өкіметтің озбыр, зұлым саясатына батыл үн көтерген – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы болды.

Дінімізді кемітіп қорламасын,
Көзімізді бақырайтып ұрламасын.
Баламызды билетсін өзімізге,
Оқытсын деп орысша зорламасын [2, 65 б.],

– деп ол білім беру ісінде зорлық, күштеу, еріксіз оқыту әдістеріне ашық қарсы шығады. Мәшһүр Жүсіптің «Тәржіман» газетінің үнемі, тұрақты оқушысының бірі болғанын, М. Әуезов «Россиядағы мұсылман атаулыға «пантюркистік» үгітін таратқан Гаспринскийдің «Тәржіман» газетін үзбей оқитын көп жылғы оқушысының бірі Мәшһүр болған» [4], – деп пайымдайды. ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының басынан кешірген ұлттық езгі, кемсітушілік, отаршылдықтың ауыртпалығы Мәшһүр еңбектерінде ерекше орын алады.

Мәшһүр Жүсіптің туған халқына, отанына, тіліне, салт-дәстүріне ислам өркениетіне деген зор құрметінің ерекше маңызды мәні бар. Қазіргі жағдайда оның патриоттық жалынды өлеңдері егеменді елдің жастарын елге, жерге, тілге, дінге, салт-дәстүрімізге құрметін арттырып, оларға ізгілік нұрын сіңіруге, отаншылдық рухты тәрбиелеуге көмектеседі.

Асқынды болып жара-жауырларын,
Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым
Бірлік қыл, басыңды қос, пайданды ойла
Қазағым, қайран халқым, бауырларым [2, 70 б.].

Мәшһүр Жүсіп қазақ халқын бірлікке, тірлікке, татулыққа шақырады. Бостандық жолында күресу үшін, ең алдымен ұлт үшін

бірлікпен татулықтың айрықша қажеттігін баса айтады. Ағартушы ақын, халықты – азаттық пен теңдікке жеткізетін және тарихи даму барысындағы негізгі күш деп санады. Бұқаралық ұмтылыстар оң, баянды нәтижелерге жеткізетіндігін және халық үшін маңызды, тарихи, саяси-әлеуметтік оқиғалардың шешілуі қозғалысқа халықтың қатысуына байланысты екендігін көре білді.

Ойшыл думаға сайланатын адамдардың ұлт қамын, жер мен дін, білім мен ғылым, мектеп пен медреселердің жайын ойлап, қабырғасы қайысар, елім, жерім деген нағыз ержүрек қасиетке ие болу керектігіне ерекше мән береді. Сый-құрмет, атақ-даңқ, мансап, дүние үшін халқын сатар екіжүзділерден сақ болуды да ескертеді.

Жастықта ұмтылып бақ ілгері өтіп
Жұмысын жабдықтансын ерте бітіп:
Қолына қармағанмен түк түспейді,
Қалған соң, жастық қуат бойдан кетіп [2, 89 б.].

Мәшһүр Жүсіп: «адам баласының ең қызықты жемісті шағы жастық шақта білім, ғылым, өнер мен кәсіп үйреніп, жан-жақты үйлесімді жетілуі тиіс, жас кезінде алға қарай ұмтылмасаң, кейін өмірің өкініште өтеді», – деп тұжырымдайды. Ақын қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, экономикалық мешеулігі мен артта қалушылығын жою үшін біріншіден, мектеп пен медреседегі оқу ісі заман талаптарына сай болу тиіс, білім беру ісінде халықтың салт-дәстүр мен нанымдарына, тілі мен діни сеніміне ерекше көңіл бөлінуі қажет, екіншіден, адал еңбек ету, өнер үйрену, егіншілік пен сауданы, шаруашылықты дұрыс жүргізе білу керек деп ой түйеді.

Мәшһүр Жүсіптің ой-пікірлері мен толғаныстары сол уақыттың көкейтесті өзекті мәселелеріне қатысты сараланады. Мәшһүрдің саяси философиясының негізгі өзегі азаттық, теңдік идеялары. Оның 1907 жылы шыққан үш кітабының негізгі тақырыбы қазақ халқының бостандығы мен адам құқықтары, білім беру ісі, тартып алынған жерлерді халыққа қайтару, теңдік пен әлеуметтік әділеттілікті, бірлік пен ұлтжандылықты, отансүйгіштік, патриоттық идеялардың негізінде құрылған. Мәшһүр Жүсіптің саяси-әлеуметтік көзқарасының ерекшелігі, отаршылдық езгіге, саяси және рухани қанауға, әділетсіздік пен теңсіздікке қарсы

батыл ашық күреске шақыруында. Әлеуметтік философиясының өміршеңдігі әр адамның отанын, халқын құрметтеуі жеке тұлғаның абзал, асқақ сезімі болып табылады деп түсінуінде жатыр. Оның пікірінше елін, жерін сүйген тұлғаның тарихтағы орны Отан алдында, халық үшін атқарған еңбегімен, ал оның адамдық болмыс бітімі отаншылдық сезімінің күдіретімен өлшенеді.

М.Ж. Көпейұлының шығармашылығын алғаш зерттеуші халқымыздың ардақты ұлы академик Әлкей Марғұлан «Мәшһүрдің жазғандары жеке өмірдің сыры, не өз басының сыры емес, Мәшһүр не жазса көбінесе бұқара тұрмысынан алып ылғи кедейлердің мұңын жазатын ақын болған.

Сондықтан Мәшһүр көбінесе ел-тұрмысын жырлайтын, кедей тобының мұңын жақтаған, демократтық бұқара ақыны болды. Мәшһүрдің қай өлеңін алсақ та, оның барлығында бұл бұқаралық сарын көрініп тұрады» [5], – деп ой түйеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саяси-әлеуметтік көзқарастарының негізгі өзегі-ұлттық бостандық, ұлттық бірлік, мұсылман және түркі халықтарының бірлігі мен достығы, жер мәселесі, дін бостандығы. Мәшһүрдің әлеуметтік философиясының, қазақтың саяси-философиялық ойының дамуы барысындағы орны мен ролін анықтау және ұлт-азаттық қозғалысқа тигізген ықпалын қарастыру, бүгінгі ұрпақты отаншыл рухта тәрбиелеу процесінде маңызды екендігін атап көрсеткіміз келеді.

Әдебиеттер

1 *Қалижанұлы У.* Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: Білім, 1993. – 3 б.

2 *Көпейұлы М.* Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 61 б.

3 *Қойгелдиев М.Қ.* Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 31–6 бб.

4 Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961. – 354 б.

5 *Марғұлан Ә. М.Ж. Көпеев // Қазақ әдебиеті.* – 1940, 5 қаңтар. – 4 б.

Ізденіс. – 2000. – № 2. 187–191 бб. Б. Бейсенов

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дүниетанымындағы жәдидшілік идеясы

Еуразиялық кеңістікте орналасқан қазақ халқының өзіндік ойлау мәдениеті мен философиялық рухының тарихы көне түркі заманынан бастау алады. Халқымыздың философиялық мұрасын тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастырсақ, қоғамдық сананың даму барысында ерекше орын алатын ағартушы-демократиялық ой қазақ қоғамында саяси, әлеуметтік және мәдени-ағартушылық құбылыс ретінде көрінді. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, халқымыздың қоғамдық саяси-әлеуметтік және мәдени өмірінде шығармашылық қызметімен және өзіндік ойларымен із қалдырған, сонымен бірге адамгершілік, имандылық, ағартушылық идеяларды насихаттаған – Мәшһүр Жүсіп Көпеев еді. Ол халық ауыз әдебиеті үлгілеріне, тарихына қатысты еңбектерімен бірге философия және жаратылыстану ғылымдарына арналған шығармалар жазған. Көпейұлы еңбектеріндегі философиялық мәселелер негізінен адам мен қоғам арасындағы қатынас, адам танымы мен санасы, космос (ғарыш) пен адам арасындағы байланыс, яки космологиялық (ғарыштың пайда болуы мен эволюциясы туралы) және диалектикаға қатысты ой-толғаулар. Оның философиялық көзқарастарынан халықтың рухани дәстүрі мен ойлау мәдениеті және ежелгі шығыс философиясы (қытай, үнді), сонымен қатар орыс ойшылдарының тигізген ықпалы байқалады. Ақынның шығармаларында білім беру мен оқу орындарына қатысты мәселелер айқын көрінеді. Мәшһүрдің мектеп пен медреселерді жаңа уақыт талабына сай құру туралы ойлары «Дала уалаяты» газетінде жарияланып тұрған. Оның ағартушылық көзқарастарында халықты өнер-білім мен белгілі кәсіпті үйрену, шаруашылықты ғылыми негізде жүргізу және ғылым мен техника жетістіктерін практикада қолдану туралы ойлары тұжырымдалады. Қазақ ағартушылық ойының ерекшелігі оның ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясымен біртұтас идеялық мазмұнда көрінуінде.

Мәшһүрдің өлеңдеріндегі бостандық, азаттық, теңдік туралы ойлары патриоттық сипатта баяндалады.

Ағартушылық идеологиясы адамзат қоғамының прогресі әлеуметтік және мәдени дамуын іске асыру үшін халықты сауаттандыру мен мәдени деңгейін көтеру арқылы саяси белсенділікке жұмылдыруды көздеді. Қазақ ағартушылығы білім мен ғылымды насихаттау арқылы ұлттық сана-сезімді ояту мен ұлттық дербестікке қол жеткізуді мақсат тұтты. Мәшһүр шығармаларында білім беру мәселесіне байланысты оқытудың жаңа заман тудырған талаптарға қатысты ой-пікірлер баяндалады. Мәшһүрдің қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, мәдени-ағарту мәселелеріне байланысты ойлары мерзімді баспасөз бетінде жарияланып тұрды. Мысалы, 1907 жылы Қазан қаласында Құсайыновтар баспаханасынан «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деп аталатын үш кітабы шықты. Ол жастарды өнер-білім мен ғылымның жетістіктерін үйренуге шақырды.

Ойшылдың пікірінше, білім мен ғылымды үйрену жолында талапты, жігерлі болу адамды белгілі бір нәтижеге жеткізіп, білім биігіне көтереді. Білім мен ғылымға құштарлық адам бойындағы абзал қасиеттердің бірі, әрбір адам өзін үнемі жетілдіріп, дамытып отыруы қажет. Білімді адам ғана өзінің жаратылыс табиғатын, қоршаған ортаның тылсым күш сырларын тануға, саралауға мүмкіндік алады. Ғылым мен білім – адамның рухани жетілуінің қайнар көзі.

Мәшһүрдің ағартушылық көзқарастарының құндылығы білім мен ғылымды адам мен қоғамның үйлесімді дамуы мақсатында қолдану – үлгісін жарқын болашағының кепілі ретінде қарауынан көрінеді. Ақын мектеп пен медреседегі оқу бағдарламасы мен оқыту әдісі шәкірттердің ой-өрісінің жан-жақты дамуына және ұлттық психологиясына сай жасалынуы тиіс деп ой түйіндейді. Мектеп пен медреселерде жүргізілетін оқу бағдарламасына ислам діні мен шариғат заңдары туралы пәндерімен қатар, жаратылыстану ғылымына байланысты пәндерді енгізу қажет екендігін атап көрсетеді. Ойшылдың ағартушылық ойларынан жәдидшілік (жаңашылдық) идеясының әсерін байқаймыз. Жәдидизм өткен ғасырдың сексенінші жылдарында пайда болған прогресшіл және жаңашылдық мұраттарын насихаттаған қозғалыс еді. Патшалық Ресейдегі жәдидизмнің көсемі И. Гаспринскийдің исі түркі халықтарын бірлік пен ынтымаққа, ғылым мен білімге шақырған

мақалалары «Тәржіман» газетінде жарияланып тұрды. Ресейдің территориясын мекендеген түркі халықтарын алдыңғы қатарлы озық мәдениетті елдермен терезесі тең дәрежеге жеткізетін жол-білім мен ғылым, сондықтан да оларды үйрену ең бірінші міндет екендігін жәдидизм көсемдері ерекше атап көрсетті. «Жәдидшілер қоғамдық прогресті исламның ролін біржақты ұлығылап жіберген жоқ. Жәдидтер прогресс жолы ғылым-білім мен озық мәдениетте деп білді, һәм қозғалыс міндеттерін осы тұрғыдан келіп айқындап отырды» [1].

Жәдидшілер қозғалысының қазақ ағартушысының дүниетанымына тигізген әсері туралы ғылыми ізденістер жүргізу халқымыздың ардақты азаматының дүниетанымдық бағыт-бағдары мен философиясын толық деңгейде түсініп саралауға мүмкіндік береді. Мәшһүр Жүсіптің оқу орындарын уақыт талабына сай құру, мектеп пен медреселерде қыздарды ер балалармен бірге оқытуды және әйелдерге білім берудің қоғам мен ұлт үшін маңыздылығын атап көрсеткені белгілі ғалым, философ Қ. Бейсенбиевтің «Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана» атты еңбегінде баяндалған. Ақын әйелдердің жанұя мен бала тәрбиесіндегі алатын орнын әділ бағалап, білім алуына жағдайлар жасау қажеттігіне де назар аударады. Бүгінгі сауатты білімді әйел – келешек ғылым биігінен көрінер салауатты жас ұрпақ. Ойшыл әйел теңдігіне шынайы мән бере отырып, оның бақытты өмірі мен қоғамдағы алатын орнына құрметпен қарады.

Нақты бір қоғамдағы білім беру жүйесі мәдени-әлеуметтік тұрғыдан айқындалған, сондықтан білім беру жүйесін реформалау қоғамның әлеуметтік құрылысы мен халықтың салт-дәстүрімен, олардың мұрат тұтқан құндылықтарымен өзара байланыста жүзеге асырылу тиіс. Оқу орындарын реформалау қоғамның экономикалық және әлеуметтік қатынастарына әр түрлі әсер етеді, сонымен бірге өзгерістер тудырады. Патшалық Ресейдің отарлық әкімшілігі қазақ даласындағы мектептер үшін жасалған оқыту бағдарламасында жергілікті халықтың рухани дәстүрі мен наным-сенімін есепке алмады. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер халықтың руханиятына және тәлім-тәрбиелік құндылықтарына залалын тигізбеуі шарт:

Дінімізді кемітіп қорламасын,
Көзімізді бақырайтып ұрламасын.
Баламызды билетсін өзімізге,
Оқытсын деп орысша зорламасын [2].

Ислам діні – халықтың рухани әлемінің бір бөлшегі. Ислам діні мен мәдениетінің адамзат өркениетінің дамуына қосқан үлесі өте зор. Ислам діні басқа діндер тәрізді ізгілік, имандылық, достық, жан мен тән тазалығы идеяларын насихаттайды.

Мәшһүр Жүсіп орыс миссионерлерінің қазақ балаларын шоқындыру мен орыстандыру сияқты арсыз әрекеттеріне батыл түрде қарсы шықты. Оқу орындарында дінге қысым көрсету, зорлықпен күштеу әдістерін қолдану халық арасында сенімсіздік пен наразылығын тудыратынын ескертеді. Патшалық отаршыл, зорлықшыл жүйенің озбыр саясаты ең алдымен халықтың рухани тамырынан ділі мен дінінен айыруға бағытталған еді. Халықтың ұлттық рухы мен сенім-нанымын құрту, ұлтты бодандықтың, құлдықтың темір торында ұстаудың алғашқы нысаналарының бірі екендігін Мәшһүр Жүсіп Көпеев көрегендікпен болжай білді. Ақынның ұлттың қамы үшін өз өмірін құрбан етер азаматтарды ертеңгі бақытты болашақ ұрпақ үшін жан аямай күресер ерлерді ең биік адамдық дәрежеге теңеген ойлары оның өлеңдерінен айқын көрінеді:

Ойлаған халықтың қамын білімді сол,
Қамы үшін ел жұртының отқа кірген [3].

Ұлттың бостандығы, тәуелсіздігі, бірлігі мен ынтымағы – ақын философиясының негізгі арқауы. Қоғамдағы білім мен ғылымның дамуы елдің тәуелсіздігіне қол жеткізудің бірінші алғышарты деген ой тұжырымдайды. Адам білімділігі оның халқына тигізген пайдалы іс-әрекеті арқылы көрінеді. Ақынның гуманистік бағыт-бағдарының ерекшелігі өнер-білім мен ғылымды адам мен қоғам игілігі үшін және адамның өзін болмыстың ең жоғары құндылығы мен ғаламның түпқазығы ретінде бекітуінен көрінеді. Ғылым мен білім – адамзаттың табиғи күштері мен қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктерге қарсы күресіндегі арқа сүйер тірегі. Ғылымның

дамуы мен жаңа білімдер адамзат қоғамының гүлденіп өркендеу жолында зор рөл атқарады.

Әр түрлі қылып пікір, ойла сана,
Ғылым, білім іздесең болдың дана [4].

Мәшһүр ғылым мен білім адамның ой-өрісі мен жан-жақты үйлесімді дамуының қайнар бастауы деп болжайды. Ғылым тек білімділік белгісі ғана емес, сонымен бірге адамды тәрбиелеудің құралы. Ғылым мен білім адамның ақыл-парасатын, ойлауын, танымдық қабілетін жетілдірумен қатар, адамның ынталы, жігерлі болып, алдына қойған мақсатқа жетуіне деген сенімін нығайтады.

Білімділік – ақиқатты тануға жетелейтін анық жол. Ғылым-білім мен еңбекке құштарлық адамның мінез-құлқындағы жағымды жақсы қасиеттерді қалыптастырып, дамытуға жәрдемдеседі. Білімді, ғылым жетістіктерінен сусындаған саналы жастар – халықтың болашағы үшін күресер ер азаматтар. Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде ғылым мен білімнің қоғам мен адам өміріндегі атқаратын жасампаздық ролі туралы баяндалды. Ғылыми білімнің шаруашылықты дұрыс ұйымдастырып жүргізудегі орнына әділ баға береді: «Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын ғылым, білімге сарып қалсын. Ғылым-білімге ғұмырын сарып қылған пенденің жаны тіріліп сыйлы болады», – дейді [5].

Бұл терең философиялық пайымдауға мән бере санамызбен сараласақ, ғылым-білім мәңгі өлмес жанның қорегі, ғылым-білім адам жанының жетілуі мен кемелденуінің өзегі, ғылым-білім адам танымының тірегі. Өз ғұмырын білім-ғылым іздеуге арнаған жан – ақынның мұраты. Мәшһүр ғылым-білім қоғамдық прогреске жеткізетін, қоғам мен адамның өскелең қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, қоғамды жаңа белестерге жеткізетін күш деп түсінді:

Жастықта ұмтылып бақ ілгері өтіп
Жұмысың жабдықтансын ерте бітіп.
Қолыңа қарманғанмен түк түспейді,
Қалған соң жастық қуат бойдан кетіп [6],

– деп жастарды жастық шақтың әрбір сәтін өзінің рухани өсуі үшін пайдалануға шақырады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қоғамдағы білім беру жүйесі мен оқу орындарын жаңашылдық (жәдидшілік) бағытта қайта құру қоғам мен ұлт мүддесі үшін қажет деп санады.

Ол жас ұрпақты тәрбиелеуге ұлттық мүдде тұрғысынан қарады. Жастарды өз ұлтын шынайы сүйуге, қасиетті қазақ жерін қастерлеуге, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін құрметтеуге шақырады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының білім беру мәселесі туралы ой-толғауларының гуманистік сипаты білім мен ғылымның жетістіктерін қоғам мен ұлт мүддесі үшін тиімді және үйлесімді қолдану қазақ қоғамын алдыңғы қатарлы елдермен терезесі тең болар күнге жеткізетінін және қазақ халқының болашағына деген сенімінен көрінеді. Мәшһүрдің ағартушылық идеясының ерекшелігі оның азаттық, теңдік-бостандық идеяларымен өзара байланысты және өзара үндестікте көрінуінде:

Өз жұртын оңған бар ма жатқа сатқан,
Ерді елдің пайдасы үшін хақ жаратқан.
Халық-жұртының қамы үшін қайрат қылып,
Айдалып атылсаң да арман бар ма? [7].

Ұлт мүддесі және елдің азаттығы үшін жан аямай күресу елі үшін туған ердің азаматтық парызы. Осындай қажымас қайратты ер жүрек азаматтар халықтың азаттығы мен тәуелсіздігінің баянды болуының кепілі. Ұлттық сананы ояту арқылы халықтың бірлігі мен ынтымақтастығының ұйытқысы қазақ оқығандары алдарына халықты сауаттандыру, білім мен ғылымды насихаттау міндеттерін қойды.

Халық қылып атандырды бізді қазақ,
Еркелі көп жұрт ел емес, өзі де қазақ.
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Барасыз көрінгенге болып мазақ [8].

Халық бірлігі мен ынтымағы оның шығармаларында патриоттық сезіммен жырланады. Қазақ халқын бірлікке, достыққа, ауызбірлік пен татулыққа шақырады. Ел ішіндегі жікшілдік,

рушылдық, партияға бөлінушілік, билік үшін қақтығыстардың заласын қарапайым бұқара халықтың тартып отырғанын ашына айтады. Ұлттық бірлік пен ұлттық тәуелсіздік – ақынның мұраты.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасы ішіндегі білім беру мәселесі мен ағартушылық қызметіне қатысты пайымдаулары бүгінгі уақыт тұрғысынан қарастырсақ, әлі де көкейкесті. Халқымыздың бай рухының мұрасын игеру мен қайнар бастауларының мөлдір тұнығынан нәр алу бүгінгі тәуелсіз елдің азаматтары үшін қажет. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дүниетанымы қазақ қоғамындағы экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістердің нақты тарихи жағдайында қалыптасты. Мәшһүр Жүсіп болашақ жастар арасынан жаңа заман талабына жауап беретін жаңа тұрпатты зиялы қауым өсіп шығатынына және олардың биік асулардан жарқырай көрінетініне сенді. Мәшһүрдің ағартушылық көзқарастарынан жәдидшіліктің жаңашыл идеясы айқын байқалады. Ақынның халық даналығы мен салт-дәстүрін, тарихын, ділі мен дінін қастерлеп сақтауға шақырған жалынды патриоттық сезімі оның шығармашылығының қайнар көзі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мол шығармашылық мұрасының халқымыздың рухани мәдениетінің тарихына қосқан үлесі зор. Оның білім беру мен ғылым, мәдениет, дін жайлы ой-толғаулары бүгінгі жастардың бойында білім-ғылымға құштарлық пен имандылық қасиеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Мәшһүрдің азаттық идеясы біздің тәуелсіз мемлекетіміздің жастарын ұлттық мүдде мен ұлттық рухта тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Ізденіс. – 2000. – № 3. Б. Бейсенов

Религиозная философия Машхур Жусупа Копеева

Раскрывая вопрос о соотношении культуры ислама и традиций казахского народа, следует подчеркнуть, что Казахстан уже более тысячи лет считается частью исламского мира, а мусульманство суннитского толка – неотъемлемой частью идентичности его населения. Необходимо особо отметить, что приобщение к

мусульманской культуре дало мощный толчок развитию науки и культуры в средневековом Казахстане: с одной стороны, придя на смену архаическим культам, ислам способствовал нравственному возвышению, интеллектуальному и культурному прогрессу казахского народа, с другой – именно ислам стал одним из ключевых факторов сохранения государственности, этнической и культурной идентичности. Выдающиеся представители тюркской и казахской интеллектуальной элиты многих эпох, от Ходжи Ахмеда Яссави до Машхур Жусупа Копеева, куда, несомненно, входят и Бухар-жырау, и Абай, и Шакарим, в чьих воззрениях и трудах сконцентрирована квинтэссенция казахской философской мысли, – все эти казахские мыслители-философы были носителями исламской духовности.

Ислам, ставший духовным ядром национальных традиций казахского народа, дал казахам развитую этику, являющуюся основным и центральным компонентом казахской философии, дал науку, просвещение и идеологию. Идеалообразующая, культуuroобразующая роль ислама для всех народов и, в частности, для казахов была чрезвычайно важной: как развитая религиозно-мировоззренческая система, восходящая к традиции авраамитского монотеизма, ислам указывал индивиду глубокий, трансцендентный смысл его земного существования из веры в Единого Бога – Аллаха и в духовные основы его личности. Следует заметить, например, что казахский канонический идеал мужчины-героя «ер» являлся национальной переработкой исламско-суфийского идеала «совершенного человека» – «инсан камил», а любимец народа – батыр – это не просто силач, но одухотворенная личность. В трудную минуту он взывает к Богу и превыше всего ставит духовные ценности.

Важно, что вопрос «казахи и ислам» является одним из «белых пятен» отечественного обществознания, тогда как по своей содержательности и сопряженности с современными культурно-историческими запросами данная тема очень востребована и значительна. Без разработки различных узловых проблем исламско-казахского синтеза останутся невысвеченными многие аспекты казахской философской мысли, истории, культуры, политического и этнического развития, а также, в целом, сущность национальной традиции.

Что касается традиции, то известно, что традиция – это исторически сложившиеся, относительно устойчивые, повторяющиеся общественные отношения, передающиеся от одного поколения другому. Если же ставить вопрос о соотношении понятий «традиция» и «обычай», то можно утверждать, что и то, и другое означает норму, правило, когда термин «обычай» используется для обозначения эмпирически данной традиции. Вместе с тем, термин «традиция» по сравнению с «обычаем», несомненно, является более универсальным.

Думается, что изучение связи суфизма с казахской традицией имеет большую перспективу. Уже сейчас становится определенно ясным, что степной, казахский ислам имел суфийскую основу. В раннем средневековье кочевники стали мусульманами главным образом благодаря миссионерам-суфиям (например, таким выдающимся его представителям, как Ходжа Ахмед Яссави). И в дальнейшем Казахстан продолжал тяготеть к суфийской версии ислама, для которой были характерны высокий морализм, близость к психологии кочевника художественной формой своих проповедей (в виде притч, поэтических назиданий, религиозных песен и т. д.). Суфизм оказал большое влияние на мировоззрение всех выдающихся деятелей казахской культуры – от древних поэтов до Абая и Шакарима.

Духовное наследие Машхур Жусупа Копеева – это сплав ума и сердца, суфийского мистицизма и рационально-логизированного знания, философской публицистики и лирики, это внутренне единое знание рождается в «дочувствовании» логических смыслов на пересечении двух истин – поэтической и научной, которые тем самым перестают существовать по отдельности, а объединяются в некую ценностную установку, определяющую свободный и ответственный творческий выбор личности. При этом именно нравственная ответственность всегда в первую очередь определяла характер и цель казахской философской мысли.

По глубине поэтической мысли и философскому проникновению в суть явлений Машхур Жусуп Көпеев стоит в одном ряду с лучшими поэтами и мыслителями Востока. В первую очередь уважение современников и потомков ученый заслужил тем, что

как философ и филолог, владеющий несколькими языками, он просвещал казахский народ. Как прекрасный этнограф, он сохранял и передавал историю полуторавековой давности. Машхур Жусуп был крупнейшим исследователем казахского устного народного творчества, а также известным знатоком восточной литературы и теории ислама. Будучи энциклопедистом, он в то же время был глубоко религиозным человеком, полагал, что без религии нет науки. Наследием Машхур Жусупа стали 30 томов исследований: религиозно-философских размышлений, научных трудов, легенд, фольклорных сказаний и предсказаний.

Заслуга М.Ж. Копеева состоит в том, на наш взгляд, что он помогал человеку уточнить время его существования, отличить себя в толпе как предшественников, так и современников. Он искренне верил в то, что лишь философия способна приоткрыть нам тайну бытия, подарить счастье и вообще осуществить эстетическое оправдание человеческого существования.

Творчество мыслителя в советский период находилось в опале, было репрессировано, запрещено, подвергалось насильственному умолчанию и забвению. Но все ставит на свои места время: сегодня труды М.Ж. Копеева активно изучаются и издаются, в Павлодарском госуниверситете вышло в свет 20-томное собрание сочинений поэта и философа, работает Центр машхуроведения, где ученые всесторонне анализируют творческое наследие своего великого земляка.

Одним из первых исследователей сочинений Машхур Жусупа был Ж. Аймаутов, чьи труды в силу идеологических установок также долгое время оставались незаслуженно забытыми. Именно Ж. Аймаутов являлся инициатором публикации первого сборника произведений поэта-мыслителя. О М.Ж. Копееве ученый писал как о драгоценном камне казахской философско-поэтической традиции и убеждал философа в личной переписке в необходимости его творчества для народа. Он писал, обращаясь к Машхур Жусупу: «Сіз қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіздің құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі сізді жарытпайды, тосансытады, күні өткен жат адам қылады. Жана

заман өйте берсін! Сіз онда жалғыздығыңызды, жапандығыңызды, сәнді-салтанатты ескі күніңізді жырлап өтіңіз» [1, с. 242]. («Вы – бриллиант, явившийся в эпоху, когда казахи оставались казахами. Масштаб Вашей личности велик, фантазия глубока, а мечты – о прошлой жизни. Новое время с его переменчивым характером и суетой Вас не удовлетворяет, кажется необычным, Вы чувствуете себя чужаком из прошлого. Пусть новое время живет как знает! Вы же продолжайте воспевать одиночество и уединение, прекрасные и торжественно-величавые дни ушедших времен»).

Следует заметить, что Ж. Аймаутов, много размышлявший о способах осмысления противоречий между личностью и обществом, осуществил серьезный вклад в изучение и разработку этической мысли казахского народа, выступающей ядром казахской философской традиции.

Мы согласны с исследователями-машхуроведами, полагающими, что эволюция мировоззрения М.Ж. Копеева может быть разделена на три периода: последние десятилетия XIX века, начало XX века и советский период [2, с. 235]. Формирование мировоззрения происходило в рамках двух взаимосвязанных процессов: дальнейшего обоснования и конкретизации идеалов индивидуального и общественного развития и усложнения представлений о ходе эмпирической истории. При этом богатая внешними и внутренними событиями биография философа обуславливала сложную траекторию этой интеллектуальной трансформации.

Казахский мыслитель, борясь за целостность своих истоков, не желая подчиняться и растворяться в новых формах бытия и мышления в связи с переходом к оседлости, пытался прочертить близкую по духу для казахов траекторию будущего. Он полагал, что философия приобретает национальный характер не в ответах – научный ответ, действительно, для всех народов и языков – один, а в самой постановке вопросов, в подборе этих вопросов.

Есть писатели, философы, поэты, без которых нельзя жить, которые формируют душу человека, душу самого народа. Машхур Жусуп относится к их числу. Нравственный уровень его творчества предельно высок. Казахский поэт-философ прочно и органично связан с духовной жизнью своего народа, со своим временем, а, как

известно, тот, кто верен своему времени, легче других добивается бессмертия. Но обостренный интерес к великому гуманисту и провидцу объясняется, на наш взгляд, тем, что Машхур Жусуп обладал даром говорить поэтично и философски о том, что не может не волновать человека, что не может не трогать каждое новое поколение. Потому, наверное, вчитываясь сегодня в копеевские строки, можно глубже понять и современность. Как никогда ценен сегодня сам строй его суждений, нацеленный на вечное, на поиск смысла жизни, на возвышение достоинства человека.

Безусловно, Машхур Жусуп обладал могучим даром впитывать в себя, усваивать, перерабатывать и обобщать все, что было достигнуто его предшественниками и современниками. Знакомясь с разными философскими учениями разных времен и народов, он брал то, что прежде всего было близко его мировоззрению, его духовному складу, то есть, как бы переплавлял в горниле своего мощного творческого духа. Г. Гейне верно писал, что «великий гений образуется при пособии другого великого гения не столько посредством ассимиляции, сколько посредством трения. Алмаз полирует алмаз. Так, философия Декарта отнюдь не произвела философию Спинозы, но только содействовала происхождению ее» [3, с. 64].

Мировосприятие Машхур Жусупа – это пример последовательного и непротиворечивого осмысления вечных вопросов бытия. Для мыслителя проблема души и совести – не отвлеченный вопрос философской рефлексии, а необходимая для самой жизнедеятельности людей вполне разрешимая дилемма. Вопросы смысла жизни, бессмертия души, глубоко волновавшие философа, положены им в основание своего творчества, а ответы на них мыслитель пытался давать с точки зрения целостного мировоззрения.

М.Ж. Копеев не сомневался в возможности придания жизни человека высокой осмысленности именно в рамках гармонического и целостного мировоззрения. Мыслитель, которому самому было присуще именно такое миропонимание, был убежден, что без духовного роста человека, нравственного совершенствования личности любая деятельность в этом мире теряет свой смысл. Если стремление к добру и справедливости не возобладали в душе че-

ловека, существование теряет тот качественный аспект, который является необходимым условием жизни, полагал казахский религиозный философ.

Хотелось бы особо остановиться на религиозной основе мировоззренческой позиции казахского философа. Поскольку нравственное начало исходило и выстраивалось на основе божественного, постольку добродетель как основной показатель совершенства выходила у М.Ж. Копеева на первый план. Идея совершенства, будучи главной особенностью, привнесенной религией ислама, последовательно проводилась мыслителем на всех уровнях: интеллектуальном, нравственном и физическом. Машхур Жусуп был убежден, что ислам способствовал развитию разума и науки, которые, в свою очередь, должны помочь раскрыть божественный смысл сотворенного мира. При анализе процесса познания, как одного из способов самосовершенствования человека, казахский религиозный философ делал акцент на постижении истины сердцем, согласно суфийской трактовке познания.

Одной из ключевых особенностей копеевского восприятия ислама стало наполнение новым содержанием понятия «Аллах». Машхур Жусуп пояснял, что Аллах присутствует не в магическом действии (совершении культовых обрядов), а, прежде всего, в любви к Аллаху, человечеству и всем живым существам. Используя образ степного орла-беркута, он писал о свободе души как неотъемлемом атрибуте полнокровной жизни верующего человека. Аллах был для мыслителя не просто сверхъестественной силой, а понятием, характеризующим мышление познающего и действующего субъекта. «При этом, – пишет С.Н. Мамытова, – особое внимание М.Ж. Копеева к проблеме личности, ее внутренней и социальной свободе обусловило его богочеловеческое понимание ислама» [4, с. 19].

Машхур Жусуп выдвигал тезис о том, что этическое выстраивается на религиозной основе, которая и является фундаментом нравственности. Он полагал, что религия – это уравнивающее явление и гармонизирующая основа этического. По мнению Копеева, религиозно-этическое отношение к миру может преодолеть чувственное начало, а характер человека совершенствуется при условии осознания и культивирования добродетелей. Это возможно,

убежден мыслитель, при условии желания самого человека и соблюдении им предписанных правил шариата.

Анализ религиозно-этических воззрений мыслителя был бы неполным без рассмотрения проблемы счастья, тесным образом связанной со смысложизненными исканиями человека. В понимании М.Ж. Копеева счастье было следствием добродетели и нравственного образа жизни. Философ утверждал, что в своей основе оно должно иметь не безоговорочное исполнение желаний, а быть обусловленным разумной мерой желаний и потребностей. Машхур Жусуп писал:

«Есті адам – қанағатты. Қанағатты адам тиянақты.
Тиянақты адам көнтерлі. Көнтерлі адам қайғысыз.
Қайғысыз адам бақытты.
Ендеше есті адам бақытты болады» [5, с. 22].

(«Умный человек – умерен. Умеренный человек – постоянен. Постоянный человек – терпелив, выдержан. Выдержанный человек – живет, не зная горя. Беспечальный человек – счастлив. Значит, умный человек – счастливый»).

По настоящему счастлив тот, кто не одинок, у кого есть верные друзья. То есть, полагал мудрец, основа счастливого самочувствия имеет свои истоки в ощущении ценности каждым человеком бытия другого. Счастливая семейная жизнь, мудрая жена – это счастье, а разлад, отсутствие взаимопонимания и любви, неумение вести хозяйство, неряшливость и лень хозяйки – это большая беда. К составляющим счастья М.Ж. Копеев относил и материальный достаток, безусловно, исключая неумное стремление к накопительству и обогащению. Мыслитель отмечал, что правоверный мусульманин должен расходовать из своего богатства на нужды бедных, ибо накопленное добро без щедрости превратится во зло для самого владельца состояния. Г.Г. Ахметова, защитившая кандидатскую диссертацию по взаимосвязи этического и эстетического в творчестве М.Ж. Копеева, С. Торайгырова и Ж. Аймаутова, правильно подчеркивает мысль о том, что «счастье, являясь многогранным неоднозначным понятием, представляет собой результат свободного

выбора человека и связано с многообразием человеческих потребностей, желаний и смысложизненных исканий. Но, тем не менее, казахские мыслители не оставляют попыток определения столь неуправляемого состояния человеческой души. Общий вывод, к которому они приходят, можно определить, как необходимость подчинения счастья нравственности» [6, с. 23].

Действительно, колоссальное разнообразие человеческих устремлений, умонастроений и желаний порождает различное понимание счастья. Обычно оно ассоциируется с чувством глубокого удовлетворения от достижения цели. С древнейших времен для казаха счастье было даром свыше, часто не зависящим от воли и желания человека. Зачастую оно ассоциировалось с везением. И если счастье ниспослано свыше, то человеку, полагали казахские мыслители, необходимо лишь приложить усилия для его сохранения. Машхур Жусуп писал:

«Көрінбеген нәрсені аламын деп,
Айырылма қолыңдағы барлығыңнан» [7, с. 57].

(«Погнавшись за неизвестным и неизведанным, не потеряй и не упусти то, что имеешь»).

Человеческое счастье, его смысл и пути достижения являются центральным вопросом этики всех времен и народов. Предлагались различные подходы и различные решения. Так, например, этическое учение, называемое гедонизмом, считало основным принципом поведения и высшим благом стремление к наслаждению. Другое учение – эвдемонизм – видело высшее благо и цель жизни в самом стремлении к счастью. Эвдемонистический принцип жизнепонимания был характерным для всей арабо-мусульманской философии. Счастье является лейтмотивом и главной категорией всех размышлений восточных перипатетиков о человеке, одной из основных характеристик арабо-мусульманской философии в целом.

Категория «счастье» имела особое значение в традиционном казахском обществе. Пожалуй, только в этом понятии оптимально сочетаются различные блага, выражающиеся в чувстве внутреннего удовлетворения тем, как складывается жизнь в целом. В содержании

счастья обычно разграничивают то, что зависит от самого человека, и то, что ему неподконтрольно, предзадано внешними условиями. Казах понимал счастье как благодать, которая дана ему свыше. Но счастье изменчиво, как сам мир, полагали казахские мыслители. Если счастье изменчиво, то человеческие добродетели, ведущие к счастью, постоянны, а добро – вечно. Примечательна мысль о том, что ремесло – надежный источник независимости и благополучия человека, оно выше богатства и чинов. По мнению казахских мыслителей, богатств и чинов можно однажды лишиться, а ремесло, профессия – это и богатство, и залог достоинства человека, уважения к нему окружающих, куда бы не забросила его судьба.

Казахского мыслителя глубоко занимала тема соотношения человека, мира и Бога. М.Ж. Копеев не сомневался в реальности Аллаха. Для него это непререкаемая истина. Как и Абай, Машхур Жусуп отмечал особое положение человека в сотворенном мире, восхищаясь при этом удивительной гармонией творения. Философ-провидец подчеркивал, что Аллах творил человека с любовью и соблюдая справедливость. Так же, как Абай, Машхур Жусуп снимает ответственность за зло с Бога, но возлагает ее на человека. Для казахского философа-энциклопедиста вне Аллаха, по ту сторону Аллаха не существует никакой реальности.

Человек, по М.Ж. Копееву, есть, прежде всего, единство тела и души. Душа, согласно воззрениям мыслителя, безусловно, выше тела. С душой Машхур Жусуп связывал ум, волю и сердце, отдавая предпочтение сердцу. Сердце в понимании философа – это отнюдь не анатомический орган с определенными физиологическими функциями. Это – душевно-духовный орган. Такая концепция сердца, на наш взгляд, относится к суфийскому пониманию данной проблемы.

Машхур Жусуп был тесно связан с прошлым, и именно это неразрывное единство со своей средой и отличало его во всех поступках и деяниях. Как говорится, из прошлой истории пришли к нему гены, выстроившие его личность. Острое ощущение своих корней сформулировало основные социальные и культурные характеристики философа, заложенные в нем с рождения, изначально присутствующие ему уже через сам факт принадлежности к роду, семье,

народу. Мыслитель находил смысл жизни в верности идеалам предков, в борьбе за свободу и справедливость. Машхур Жусуп поступал так, как считал нужным, и никакие лишения и страдания не могли заставить его отказаться от своих принципов, поступиться свободой выбора пути. Философ и провидец был рожден, чтобы служить своему народу. Именно это его предназначение заставляло принимать смелые решения и испытывать острое чувство ответственности за судьбы людей. Казахский религиозный философ, глубоко понимавший драматический характер эпохи безвременья, создал в своих трудах уникальный образ мира, исполненный трагизма и грусти по утраченным традициям прошлого и уходящему веку кочевников. Машхур Жусуп Көпеев, культивировавший в своем сознании идеи добра, прощения и милосердия, как основные принципы мусульманской этики, ясно осознавал, что лишь религия ислама и постулаты шариата могут выступать реальным способом восстановления духовной целостности человека.

Нравственно-этические взгляды философа Машхур Жусупа имеют свои корни и глубокое содержание. Человек, смысл его существования, его духовно-нравственный микрокосм, вот тот предмет изучения, которым всю свою жизнь занимался Машхур Жусуп. Он своим творчеством оказывал влияние на сознание человека, на его нравственный облик. Мыслитель писал:

«Адам деуге лайықты болдың сонда,
Бір өзінен басқаға пайдаң тисе» [7, с. 93].

Понятие добра и зла в творчестве Машхур Жусупа неразрывно связано с нравственными качествами, моральными достоинствами человека. Лейтмотивом всего его творчества является воспевание человека, творящего добро, совершающего добрые дела, поступки и взамен ничего не требующего, выступающего против всякого зла и насилия. Поэтому мыслитель считал доброту, справедливость чудотворной силой, делающей человека прекрасным. Говоря о жизни и современниках, свою основную задачу он видел в проповеди человеколюбия, честности, справедливости. Истоки добра акын искал в реальной жизни – в людях, в их душе и благородных поступках. По мнению Машхур Жусупа, если для добра создать ус-

ловия, как законность и справедливость, то общество переменится. Добро, совершаемое человеком, составляет главную ценность его жизни, а нравственность человека заключается в его добрых делах.

Добро, в понимании Копеева, – это свершение полезных дел, избавление народа от нужд, страданий, то есть все то, что приносит людям счастье, а все, что противоречит этому, и есть зло. Добро для акына заключается в справедливых и правильных законах государственного устройства, в любви к людям, в правдивости их взаимоотношений, в вечном стремлении к духовному совершенствованию. Зло мыслитель видит в несправедливом положении народа, в его эксплуатации, насилие же над народом осуждалось им как самое величайшее зло. Возможность совершения зла ни при каких обстоятельствах не оправдывается: на зло надо отвечать только добром.

Проблемы добра и зла в творчестве Машхур Жусупа занимают значительное место. И главное заключается в том, что эти категории отражают нравственные принципы и нормы морали, характеризующие позитивные и негативные стороны человека. Отсюда вытекает, что представления о добре и зле Машхур Жусупа являются отражением реальной нравственной жизни, характерной для казахского общества конца XIX – начала XX века.

Поэт обращает внимание на деятельностное участие молодежи в изменении жизни к лучшему. Обличая пороки, которые унижают все человеческое в человеке, Машхур Жусуп призывает молодежь занять активную жизненную позицию. Он говорит, что не надо предаваться лени, сну и безделью, не поддаваться обреченности, тщетности своих усилий, полагаясь на предопределенность судьбы богом («құдай салды, мен көндім»). «Все в ваших руках», – говорит поэт. Он писал:

«Бок ұстасаң қолына жұғып қалмас,
Сыйлы қылар басыңды іске тырмыс.
Жігіттікке іс қылсаң жаннан кешіп,
Төр алдында отырып жерсің жамбас» [7, с. 109] .

Поэт-философ говорит о том, что семена хорошего обязательно принесут хорошие плоды. Твори добро, – говорит Машхур Жусуп, – и тебе воздастся сторицей, плод содеянного не заставит себя ждать.

Только устремленность к познанию Вселенной, познанию самого себя, считает поэт, приведут к пониманию себя, к пониманию своего назначения. Если человек не желает учиться, не хочет прислушаться к голосу Разума, то этим он обрекает себя на рабскую жизнь, жизнь, которая беспросветна, в которой нет божественного света, излучающего тайны смыслопознания. Но победить лень, разъедающую своими метастазами внутренний мир человека, в результате чего он обречен на духовную нищету, способен не каждый. Поэтому поэт и мыслитель Машхур Жусуп колоколом хочет разбудить сознание каждого казаха, провозглашая устремленность к познанию и труд высшими истинами и основными добродетелями на пути самосовершенствования человека.

Осознавая ограниченность своей жизни, ее брэнность, человек стремится приобщиться больше к духовным богатствам, чем материальным, старается стать более человечным, милосердным, творить добро. Человек, обладающий совестью, остается всегда правдивым, справедливым, мужественным и ответственным. Он старается поступать во всем согласно предписаниям разума. Жизнь человека быстротечна, считает М.Ж. Көпеев. Он отмечал: «Дүниеден біраз тұрып біз де өтерміз».

Для Көпеева прощение самого себя и преодоление самого себя без отбрасывания, отрицания прошлого и его перечеркивания – процесс очень мучительный. Он должен пережить все этапы или пути раскаяния для того, чтобы понять истинную бесконечность осознанно выбранной свободы-ответственности, ведущей к высшему бытию. Этот путь прошла молодая ханша из дастана «Екі жігіт пен бір шалдың әңгімесі» М. Ж. Көпеева. Существование вины (ответственности) позволяет человеку не потерять основу человечности в жизни, сохранить и восстановить духовную целостность, прежде расколотую противоречиями чувственного и нравственного в человеке.

Пульс и ритм көпеевской мысли, представляющей собой яркий пример философского понимания мира и гуманистической ориентированности, определялся одним коренным вопросом, который волновал мыслителя всю его жизнь – это истоки жизни народа, судьбы народа, его нравственных устремлений и идеалов, возможностей его приобщения к общечеловеческим ценностям и прогрес-

су. Религиозно-философские воззрения Машхур Жусупа Копеева, пронизанные высоким нравственным пафосом и глубокой мыслью о гуманистической сущности культуры как воплощении творческих сил человека, в эпоху глобализации, охватившей весь мир, в том числе Казахстан, в условиях поиска национальной идентичности, самоидентичности и духовного возрождения формируют нравственный облик и смыслы современности, определяя направление будущих перспектив.

Анализ творческого наследия выдающегося казахского религиозного философа и великого провидца Машхур Жусупа Копеева показывает, что многие вопросы были поставлены им исключительно глубоко, а высказанные мыслителем идеи могут вполне быть оценены только сегодня. По существу, Машхур Жусуп определил свое время, потому что сейчас мы решаем те проблемы, над которыми он бился и размышлял столетие тому назад.

Литература

1 *Аймауытов Ж.* Құрметті Мәшһүр аға! // Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. Т. 5. – 304 б.

2 *Мұқанова Л.Ж.* Мәшһүр Жүсіп – философ // «Мәшһүр Жүсіп оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ. – 2001. – С. 233–237.

3 Гейне Г. Собр. соч. в 10-ти томах. – Л.: 1958. – Т. 6. – 278 с.

4 *Мамытова С.Н.* Исторический процесс в интерпретации М.Ж. Копеева: диалектика божественного и человеческого // Известия НАН РК. – Серия общественных наук. – 2009. – № 2. – С. 17–19.

5 *Көпейұлы М.Ж.* Көп томдық шығармалары. – Алматы: Алаш, 2003. 1 том. – 504 б.

6 *Ахметова Г.Г.* Взаимосвязь этического и эстетического в творчестве М.Ж. Копеева, С. Торайғырова и Ж. Аймауытова. Автореферат дис... канд. филос. наук. – Алматы, 2003. – 34 с.

7 *Көпеев М.Ж.* Екі томдық. – Алматы: Ғылым, 1992. 2-т. – 224 б.

**Барлыбаева Гаухар Гинаядовна,
внс ИФПР КН МОН РК, доктор философских наук
Ошакбаева Жазира Бейбитовна,
снс ИФПР КН МОН РК, кандидат философских наук**

ІІІ БӨЛІМ

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ЕСТЕЛІКТЕР

Мәшһүр жайлы бірер сөз

Қазақ зиялыларының ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевті білмейтіндер жоқ шығар. Әрі акын, әрі ақылгөй жан ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстаздың ағартушылық жолын берік ұстанды, ақындық мұратын да өзіне мұрат етті.

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда, кім болам?

– деген жойқын өнерлі акын Сұлтанмахмұтты Абайға жалғастыратын ортада осы Мәшһүр Жүсіп тұр.

Он төрт жасынан бастап төрт жыл бойы Бұхара қаласындағы Көкілташ медресесінде оқыған Көпеев Орта Азиядағы араб, парсы тіліне жетік білімдарлардың бірі боп шыққан. Осы шығыс поэзиясының биік парасатын діншілдік санасыздықтан айыра таныды да өзінің барлық өмірін халық зердесін жарық ұстауға арнады. «Өсекті қожа менен молда айтады, басқадан олар тіпті оңды айтады» – деп күлетіні де сондықтан.

Турашыл болып тура айтқаны, ақты кара, қараны ақ демегені үшін ел билеушілерге жақпаған. Бұл ретте тартқан азабы да аз емес:

Туысқа тура жолды айтамын деп,
Жалғанда жалғыз қалдым жанға жақпай,

– деп ол бекер шағынбаған.

Атақты Мәшһүр Жүсіптің поэзиядағы алатын орны бір төбе болса, оның ел тарихын, жер тарихын зерделеуге қосқан үлесі екінші биігі. Оның қазақ этнографиясын, әдет-ғұрпын зерттеушілерге беретін білімі ұшан-теңіз.

Көпеев 1906 жылы «Қанды жексенбі» атты өлең жазып, бұл тақырыпта бірінші болып қалам тартты:

Орысты туған бауыр есептедім,
Жыланды келіп қондым мұжығына,

– деп те ол Қазан төңкерісіне дейін бірінші айтқан. Осының бәрі Көпеев шығармаларын тексеру, тану үстінде ұзақ зерттеліп, ұзақ айтылуы керек.

Сәбит Мұқанов ілгеріде жазған «Халық мұрасы» атты белгілі кітабында Мәшһүр Жүсіптің көне мұраны жинаудағы зор еңбегін биік бағалап былай деді: «XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры мол сақталған – Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Осы очеркте біз пайдаланған жырлардың бәрі Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының қолжазба қорында сақтаулы Мәшһүр Жүсіптің «Месс» деп аталатын жинағынан алынып отыр. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшһүр Жүсіп: «Бұқарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана», – дейді. Негізінде, Бұқардың бұл мұраларын алғаш жазып алған қазақ жерінде Мәшһүр Жүсіптен басқа бұрын-соңды ешкім болған емес. Шоқан Уәлиханов өзінің орыс тілінде жарияланған шығармалар жинағында «Бұқар жыраудың Абылайға айтқаны» деп аталатын бірнеше өлеңін келтіреді. Бұқардың барлық шығармасы сол кездегі халықтың тілегінен туған. Ол тілек қазақ халқының жер бостандығы, ел бостандығы, тәуелсіздігі, тыныштығы, шаттық тұрмысы».

Қолжазба қорындағы «Месс» жинағына қарасаң, көңілің тояттайды, оқысаң көзің қуанады. Өшпестей сиямен әсем көшірілген қолжазба Мәшһүр махаббатына лық толы. Ол көне мұрамыздың әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-төкпей сақтауға тырысқан.

**Көпеев М.Ж. Екі томдық. – Алматы, 1992. – 2 т. – 3–5 бб.
Ә. Тәжібаев, филология ғылымының докторы, профессор**

Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығы

Біздің заманымыздың еңсесі қай заманнан болса да биік. Оның мәдениеті де бүкіл адам баласына ортақ мазмұнда өркендеп отыр. Қазақ әдебиетінің табыстары әлемге аян. Енді біз әдебиет тарихы ғылымын да мол зерттеп, бүгінгі жастарға әлеуметтік-таптық қайшылығын, халықтың келешектен күткен арманын өмір, тарих шындығына негіздеп терең танытуға міндеттіміз. Өткеннің тарихын танытудың бүгіндік мәні бар.

Мен әдебиет проблемасына арналған бұл мәжілістің аса сәтті шақырылғанын атап өтпекшімін. Рас, баяндамалардың сапасы барлық жерде бірдей болған жоқ. Дегенмен, көпшілік баяндама маған ұнады. Кейбір ғалымдарымыздың сөзінен олардың өмірді, тарихты аз білетіні байқалды. Бізде бір кезде өткеннің барлық мұрасын байларға сыбағалап беріп, халықтан түк жаратылмады дейтін әдет болды. Міне, осы догматикадан біз құтылуымыз керек. Көркем өнердің ғана емес, тарихтың жаратушысы да халық екенін мойындауымыз керек.

1905–1917 жылдар арасындағы әдебиетке осы уақытқа дейін жете көңіл бөлінбей келді. Бұл дұрыс емес. Нұржан Наушабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Омар Қарашев, Әубәкір Кердері, Балқы Базар, Шәңгерей Бөкеев сияқты ақындардың көзқарасындағы қайшылықтарды айта отырып, олардың шығармаларын дұрыс бақылауға тиістіміз. Мен Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің саяси лирикасына тоқталмақпын.

1907-жылы «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» деген өлең кітаптарын бастырған, «Дала уалаяты», «Айқап» журналында көптеген саяси мақала, өлеңдері жарияланған Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалары бізде өзінің тиісті бағасын әлі күнге ала алмай жүр.

Шынында, Мәшһүр Жүсіп 1905 жылғы оқиға салдарымен өлеңдер жазған. Оның жырларының басты тақырыптары – ұлт, жер мәселесі, содан туатын кедей шаруа тілегі, оқу, білім, патшалық тәртіп пен капитализм қайшылығын сынау сияқты өз кезеңі үшін мәні бар халықтық-демократиялық мәселелер болды. «Қазақ

жұртының осы күнгі әңгімесі» деген өлеңінде патшаның 17-октябрьдегі манифесін сынайды:

Мың тоғыз жүзінші жылдан асты бесі,
Бес түгіл көрді алтыны тірі кісі.
Тиеді құлағыма еміс-еміс.
Октябрь 17-нші манифесі.
Отырмыз міне марттың он бесінде,
Қазақтың дәнеме жоқ тіпті есінде.
Мархабат патшамыздан теңдік бар деп,
Сөйленген бір сөз жоқ боп ел ішінде.
Ұлықтан біздің қазақ қойдай ықты,
Манифест бар дегенді бүктеп тықты.
Бар деушіні жазалы қылған жұмыс,
Әшкерә боп ғаламда қайдан шықты...
Бар құдай, бізге жарық таңынды атыр,
Болаар ек атса таңың біз де батыр.
Қазаққа құлақ пен көз болған ерлер,
Тұтқында білесіз бе неден жатыр?
Мақал бар халық сүйгенді тәңірі сүйді,
Деп едік бізге дәурен енді туды.
Патшаның мархабаты жұртына бар,
Деп айтам деп сабаздар бекер күйді.

Бұл өлеңнің негізгі идеясы – екіжүзді патшаның мархабатын мақтау емес, революция жылдарындағы қазақ халқының еркіндік арманын көксеу. 1905 жыл оқиғасы қазақ халқының құлағына тиіп қана қоймай, олардың арасында үлкен қимыл тудырады. Дума сайлауын бетке ұстаған құрылтайлар, жиналыстар облыс, қала, жәрмеңке сайын болып, онда көптеген саяси талаптар ұсынылады.

Бесінші мың тоғыз жүз жыл ішінде, Жұлдыздың август деген он бесінде. Бас қосқан мақаржіде мұсылмандар, Айтайын тұрған күнде мен де есімде. Патшаның хұзырына тартып қалам, Бас қосып өңшең жүйрік білгіш адам, Дін мен жалғыз жер емес сұраулары, Деп айтам деп сабаздар бекер күйді – деп Мәшһүр Жүсіп тегін айтқан емес. Ондай жиындарда дін, жер және ұлт бостандығы (хұрриет), теңдік идеясы жайлы ұлықтарға арыз-петициялар жіберілген. 1906 жылдан соң сол жиналыстарды ұйымдастырушылардың көбі жер аударылған. Әрине, мұны ұйымдастырушылар болыс-би, қажылар,

байлар емес, буржуазиялық интеллигенция да емес, момын шаруалар, халықтың уәкілдері болған.

Мәшһүр Жүсіптің жоғарғы үш кітабының заңға ілігіп, таратылмауы, оны басып шығарған Қазандағы Хусаиновтарға 12 мың сом ауыр айып салынуы, ақынның қамалушылар тізіміне ұшырап, 1910–1912 жылдары ел ішінде бұғып жүруі осыдан. Ақын елің үшін қамалсаң да, бостандық күресінен бас тартуға болмайды, «Бас та азат, орын да азат, форма да азат, еркімен жүрсін әркім пайдасына» деп көксейді.

Болындар көтермекші жарысқанға,
Дұшпанмен жағаласқан алысқанға,
Бір тиын одан құны кемімейді
Салғанмен қанша кісен арыстанға.
Бір туар тірі болса күн мен айы,
Болысар анық аққа бір құдайы.
Зындан жаман жер емес ақ кісіге
Яқұп ұлы Жүсіптің жатқан дайы.

Мұнда ақын бостандық күресіне түскендерді арыстанға теңей келіп, халықты батыл саяси күреске шақырады. «Зындан түбі – бостандық, күрес түбі – қайыр» – дейді. Халықтардың түрмесі болған патшалық тәртіпке көрсеткен бұл үлкен қарсылық, наразылық.

«Хал-ахуал» (1907) деген кітабында ақын хұрриет идеясын «апрахмет жаңбырына» теңейді. Революция идеясы жеңсе, ұлттарға еркіндік, теңдік тиеді, тасқа қына орнына гүл бітеді, «Ғаламға апрахмет нұрын шашар, үстім су болады деп надан қашар» дей келіп, ақын:

Бұлттай жауатұғын менің өзім,
Көкірегім – қан, жаспенен толған көзім,
Жаңбырдың апрахмет тамшысындай,
Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім,

– деп өзін саяси күрестің қаһарманы ретінде көрсетеді. Осы апрахмат жаңбырын 1919 жылы Октябрьді жақтаған Сұлтанмахмұт өзінің «Жаңбырдағы әбігер» деген өлеңінде қайталайды. Ақан серімен айтысқан бір сөзінде Мәшһүр Жүсіп саяси тәртіпті, биболыс пен ұлықтардың озбырлығын сынауға келгенде «Мен көктен

түскен жасылдаймын?» деп аспан мен жерді шеңдестіргендей болады. Сібірдің асқан өнерпазы Ақан бұл сөзді жете түсінбей: «Көктен жасыл түсірем деп айтыпсың, хақтың ісі адамнан хасыл болмас» деп оған орынсыз кейістік білдіреді.

«Бұл-бұл мен қаршыға» деген романтикалық лирикасында ол қаршыға арқылы болыс-бидің, өлексе жеп тойынған жыртқыштардың типін берсе, соған қарама-қарсы ұзақ түнде атар таңды, қызыл гүлді аңсаған жыршысы бұлбұлдың бейнесін жасайды: Өткіздім ұзақ түнді сайрауменен, Басымды тікенекке байлауменен. Көрем деп қызыл гүлдің ашылғанын Ұзын түн зығырданым қайнауменен.

Ақынның осындағы күн мен түнді қарсыластыруының да төркіні терең. «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» деген сатиралық өлеңінде Мәшһүр Жүсіп би-болысты, ұлықтарды ғана емес, бүкіл патшалық тәртіпті сынайды:

Қатқа алып тексермейді қазақ сөзін,
Жіберер келемеждеп оның өзін.
Дәнекер тамағына түспей қалса,
Әдейі қисайтады құрған тезін.
Өрнәрсе шағымызға болып жатқан,
Үлгісі шиновниктер осы болып,
Қасқырша ауыз салып жұлып жатқан.
Құрметті ел билеген әкімдер де,
Жыландай зәрін төгіп сорып жатқан.
Бас салып мұңды-зарлы, кем-кетікті,
Бүркіттей тырнағымен бүріп жатқан.
Жатырмыз бір қараңғы ұзақ түнде,
Көрінбей жарық сәуле, бір таң атқан

– дейді. Ақын халықты тек күреске ғана шақырмайды, сонымен бірге оқу-білім өнерімен қарулануды ұсынады: Өнерге ғылым-білім болсақ жетік, Берілер ақыр бір күн басыңа ерік. Көп жұртты көз жасына қылсаң куә, Табылар мұңды-зарлы саған серік.

«Дала уалаяты» газетінде басылған бір мақаласында ақын: «Ғылым еркекке бір есе керек болса, әйелге он есе керек» деп, қыз айттырудың зиянды екенін айтады. «Ер бала болсын, өзді-өзі ықтиярласып қосылсын, сонда жанжал, ұрыс-талас шықпайды...» деп жазады ол.

Мәшһүр Жүсіп капитализм талқысына түсіп, жұтап жатқан жатақтың, кедейдің правосын көбірек айтады. 1890 жылғы бір мақаласында Ақбеттау еліндегі Хұсайын Поштаев дегеннің 60 үй кедейді салықтан босатып, салықты малына қарай байларға салғанын өте орынды деп біледі. «Байды жамандап, нашардан бірдеңе алайын деп жатқаным жоқ. Хұсайын мырзаның нашарға қылған жақсылығын айтып отырмын», – дейді Мәшһүр Жүсіп.

1889–1890 жылдары ол «Дала уалаяты» газетінде жатақтардың тұрмысын жақсарту, олардың ауыр халі жайында үлкен айтыс тудырады. Қазақ кәсіпсіз, байлар малын кедейге ақысыз бақтырады. Кедей соншалық кәдірсіз болса, байлар өз малын өзі неге бақпайды деп тап теңсіздігін меңзегендей болады. Осы тұста оған Ботбаев, Сәрсекеев дегендер қарсы өлең жазып: бұл бұзық пейіл, ол кедейге де, жақсыларға да жабылған жала деген. Ботбаев: «Көпеев, саған айтар ақылым сол, мұнан соң өлең жазба мұндай жайдан», – дейді. Оларға ақын:

Мен жаздым білгенімше хақлық сөзді, Бостан-бос жібермеске келген кезді. Ал хақ мұра деген сөз шын ақиқат, Байқаймын ұнатпайды әркім бізді... Оятсам ұйқысынан момындарды, Қылғандай ыңғайы бар ұрыс-керіс, – деп жауап береді. Бұл айтысында Мәшһүр Жүсіп көбіне капитализм қайшылығын, содан туатын тап теңсіздігін әңгімелейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев, рас, Россиямен қосылудың пайдалы жағын көрмей, тек пайдасыз жағын ғана әңгімелеу сарындарынан құр болған жоқ. Бірақ оны біз көбіне 1905 жылдың жыршысы, патшалық тәртіп пен капитализмнің сыншысы деп қарауға болады дейміз. Оның шығармаларынан біз қазақ даласындағы бір кездегі өмір шындығын, таптық тенденцияларды, қазақ халқының 1905-жыл оқиғаларына қалай ниет білдіргенін, халық санасының өсіп, жетілу жайын білеміз. Сол үшін оның өмір танытушылық мәні де елеулі. Бұл жағдай ақын шығармаларын әлі де сын көзімен қарап екшеуді керек етеді.

Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961. – 244–247 бб.

**Ә. Қоңыратбаев, филология ғылымының докторы,
профессор**

Мәшһүр Жүсіптің «Жер мен көк» қиссасы

Жер мен көктің қалай жаралғанын зерттеу ғылым үлесіне тиетіні анық. Әйтсе де ғылымның қай саласында болмасын ешқашан да бар сұраққа жауап беру, соңғы нүкте қою мүмкін еместігі, қайта әр кезеңде өзіне дейінгі ең дұрыс, дәлелді деген қағидаларға да өзгеріс, жаңару кіріп жататыны белгілі. Демек жер мен көктің қалай жаралғаны хақында жазылған ғылыми еңбектердің бәрін жиып, бәрінің жеткен мұнарасымен безбендесек те, бұл мәселеде де ең түбегейлі ақтық түйін айтылды, бар шындық дәлелденіп бітті дей алмайтынымыз аян. Осы орайда ғылымның үнемі дамып отыруы үшін, бүгінгі биіктерді тамашалаумен шектелмей, өткендегі бай тәжірибені де дүркін-дүркін електен өткізіп тұру қажеттігі туады.

Осы тұғырдан зер салсақ, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Жер мен көк» дастанының көне аңыздарға иек артатынын салмақтаумен бірге сол негіздерде белгілі бір мәнді ғылыми дән жатуы ықтималдығын зерделей аламыз. Сонымен қатар бұл аңыздардан халықтың көне әдет-ғұрып, көзқарасын, тарихи, этнографиялық т. б. мәні бар мәліметтерді де табамыз.

Мәшһүр Жүсіптің ертедегі грек, араб, түркі ойшылдарын оқумен бірге Ч. Дарвин, В. Белинский тәрізді Европа, Россиядағы, кейінгі XIX ғасырдағы ғалымдардың пікірлерімен таныс болғанын ескерсек, белгілі бір аңызды пайдаланып, белгілі бір пікір айту үшін ақынның көп ізденгенін аңғарамыз. Ақынның бұл дастанды қай жылы жазғаны туралы деректі оның жиені Жолмұрат Жүсіпұлы жазбасынан кездестірдік. Онда Мәшһүр Жүсіптің бұл қиссаны 35 жасында, яғни 1894 жылы жазғаны көрсетілген. Демек бұл да Мәшһүр Жүсіптің ертедегі аңыздарды XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі ғылыми жаңалықтармен үндес алуы мүмкіндігіне жарық түсірмей қоймайды. Ендеше ақынның бұл дастанын әрі халықтың көне дәуірдегі наным-сенімі айнасы, әрі Мәшһүр-Жүсіптің өзіндік көзқарасының көрінісі деп бағаласақ, қиссаның тарихи мәні ашыла түседі. Шығарманың алдымен әдеби туынды екенін бағамдасақ, оның композициясына бірінші кезекте көңіл бөлуіміз заңды. Ақын ең әуелі жер мен көк жаратылысы туралы өз ойларын, ежелгі аңыздарға негізделген түйіндерін өзіндік дәлелдермен

баяндап беріп, дастанның соңғы бөлімін Мұхаммед пайғамбардың Хадишаға үйленгенге дейінгі ауыр тұрмысын бейнелеуге арнаған. Демек жер мен көк жаратылысы туралы айтылған тұжырымдар мен Мұхаммед өмірін жалғастырушы өзекті идея неде десек, бәрі Алла тағаланың құдіретіне сендіруге бағытталған. Аллаға сенудің ұлы Абайда да жетекші роль атқаратынын зерделесек, оның ар жағында бүкіл адамзаттық ізгілік идеясы жатқанын ескеру қажеттігі туады.

Қазіргі ғылымда діни ұғымдар сөз болса, белгілі бір аңыздың белгілі бір бөлімін оқшаулап бөліп алып, соны сөзбе-сөз ұғындырумен шектелу де жоқ емес. Мәселен, дінді сынаушылардың тілге Алланың жерді аз уақытта жаратты деуін тиек етіп, оның мүмкін еместігін айтып келгені белгілі. Мәшһүр Жүсіпте де «құдайым жексенбі күн жер жаратты» деген өлең тармағы бар екенін ескерсек, уақыттың тым қысқалығы назар аудартатыны сөзсіз. Әйтсе де ақын шығармаларындағы тармақтарды жеке-жеке талдамай тұтас қарастырып, осы дастанға көңіл бөлсек, жерді қоршаған әлем тәрізді жердің жаратылуы да ұзаққа созылғанын көреміз: Жаратты артық қылып әні нұр да, Мақтайын жаным құрбан айтқан жерде. Үш жүз жиырма төрт мың жылдан соң, Жаратты сонда он екі нұрға перде.

Ақын одан әрі перде жаратылғаннан бастап Адам пайда болғанға дейін де көп уақыт өткенін тәптіштеп баяндайды:

Құдіреттің пердесінен нұр толыпты,
Он екі мың жыл сонда орнығыпты.
Ғызматта он бір мың жыл мекен қылып,
Міннатта және он мың жыл отырыпты.
Рахматта тоғыз мың жыл қарар етіп,
Сегіз мың жыл сағадат қалыпта өтіп.
Керемет манзылында он үш мың жыл,
Һыдаят бес мың жылдай оны күтіп.
Төрт мың жыл Науабатта мекен етті,
Үш мың жыл рафғытта тұрып кетті.
Екі мың жыл ғыйбыттан өткеннен соң,
Тахтына шапағатының келіп жетті.
Тахтында шапағаттың мың жыл тұрды,
Үстіне ғарыш төсеп, күрсі құрды.

Демек жердің жексенбі күні жаратылуы туралы айтқан сөз оның жаралу процесін емес, жаралып біткен күнін межеллеуге арналған ба деп шамалаймыз.

Тіршіліктің бір көзі от туралы айтылған ертедегі Қытай, Грек ойшылдары пікірлерінде отқа көңіл бөлушілікті салмақтаумен қатар, мұсылман дініне дейін өмір сүрген зороастралық дүниетанымда да отқа табыну орын алғанын ескеру керек. Сондай-ақ Көне Грек мифологиясында отты әкелуші Прометейге көңіл бөлінсе, от ұрлаудың басқа да халық аңыздарында орын алуы адамдардың ертеден отты ерекше бағалауын танытады. Бұл аңыздардың бәрінде оттың тіршілік үшін мәнді, пайдалы жақтары сөз болса, Құран Кәрімде адамдарды түрлі күнәлардан сақтандыру үшін тозақ оты барлығы, оның азаптау күші ерекше екені қайталанып айтылып отырады.

Мәшһүр Жүсіп дастанында да оттың жалпы мәнін сөз ету емес, оның күнәлі адамдарды жазалау үшін тозақта атқарар қызметін бөліп көрсету жүзеге асқан:

Тозақтың азабы бар тастан қатты,
От жанып қинайды-мыс адамзатты.
Отына адам мен тас ол тамұқтың,
Құранда мазғур болтан көр аятты...
Таусылып тамұқ оты бітпес дейді,
Жазалы жанып және кетпес дейді.
Тамұқтың тереңдігі сондай алыс,
Мың жылда тастаған тас жетпес дейді...

Мәшһүр Жүсіп дастанында Алла тағаланың адамды топырақтан жаратпақ болып, Жебірейіл періштеге әмір бергені айтылады:

Топырақтан жаратамын адам, – дейді,
Жіберейіл, бұйырамын саған – дейді.
Бардағы мышырық-мыхырып арасынан,
Бір уыс топырақ әкел маған – дейді.

Осы орайда топырақ алуға келген Жебірейіл періште мен Жердің болашақта пайда болмақ Адамға баға берулері назар аударарлық:

Құданың білмен сырын тамам, – дейді,
Жаратар ол топырақтан адам, – дейді.
Көбейіп адам ұлы жаралған соң,
Бұзықтық қылар олар жаман – дейді.
Жебірейіл, олай болса алма менен,
Өзімнен жаралған соң болар денем.
Тағы да салып маған азап қылса,
Болармын шыдай алмай мұнан төмен.

Міне, осы сөздерді оқығаннан кейін, қазіргі адамдардың Жер-Анаға тартқызған зобалаңын, жер беті, су – бәрі ластанып, жалпы тіршілікке қатер төнгенін салмақтасак, бір кездегі Жебірейіл мен Жер мазасыздануы негізсіз еместігін көреміз. Адамды топырақтан жаратудың да ұзақ уақытты қамтығаны дастанда нақты көрсетілген: «Жатқызды қырық жыл жерде дене қылып, Пісірді дене қылып құмға орап». Осылай қырық жыл дайындалған денеге жан кіруі де тым ұзаққа, екі жүз жылға созылады: «Желкесінен екі жүз жыл айналып, Сонда жан қиналумен кетті кіріп».

Алла тағаланың алдымен: ақыл, иман, ұятты қатар ұсынып, қайсысын бірінші таңдауды Адамның өзіне беруі көңіл бөлерлік:

Құдайым Жебірейілге: «Барсын!» – депті, Ғақыл, иман, ұятты алсын! – депті. – «Үштің бірі қанға жарар», – деген мақал, Адам таңдап біреуін алсын! – депті.

Осы орайда көне Грек мифологиясында Приам патша баласы Паристің жеңіс даңқын бермекші болған Гера сыйлығына қарамай, әйелдердің ең сұлуын уәде еткен Афродитаға алма ұсынуы, сол арқылы көрікті әйелді жоғары бағалағаны еске түседі. Ал, Абайдың «Масғұт» поэмасында таңдау мүмкіндігі берілгенде, Масғұттың ақыл, дәулетті алмай, махаббат символы қызыл жемісті қалауы да сұлу әйелді, махаббатты жоғары бағалаудың көне аңыздарда орын алғанын көрсетеді. Демек Көне Грек аңызында және Шығыс аңызына негізделген Абай дастанында жеке бір адамның алдымен махаббатқа ойысуы сөз болса, Мәшһүр Жүсіпте ең алғаш жаралған Адам-атаның ақыл, иман, ұят ішінен алдымен ақылды қалағаны көрсетілген:

Адам таңдап бәрінен ақылды алған, Ақыл барған жеріне иман барған.
Сол иманның соңынан ұят еріп, Үшеуі бір арадан орын алған.

Түзетіп сонда көңілін сүйіндірді, Тап-таза өңшең жібек киіндірді.
Ұжмаққа періштелер алып келіп, Әр нәрсенің аттарын біліндірді.

Жібек киімнің Құран Кәрімде де орын алғанына назар аудартқымыз келеді. Онда жібек киімнің жұмаққа кіргендерге арналғандығы бірнеше жерде айтылады: 1. «Күдіксіз Алла иман келтіріп, ізгі іс істегендерді астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргізеді... Ондағы киімдері де жібек болады» (334-б.). 2. «Олар Ғадын жаннаттарына кіреді... Олардың онда киімдері жібектен болады» (438-б.). 3. «Шын мәнінде тақуалар аман бір орында болады. Бақшаларда, бұлақтарда жұқа қалың жібектер киіп, ерсілі-қарсылы отырады» (498-б.).

Біз өткен ғасырлардағы белгілі бір ақындар шығармашылығын сөз еткенде, ондағы ақыл айтуларды т. б. бөліп қарастырып, соның бастау көзі қайда жатқанына көңіл бөле бермейміз. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіп дастанының көне аңыздарға сүйеніп жазылғанын еске алсақ, ондағы Адам-атаның балаларына айтқан ақылы соңғы II–III ғасырда пәлен ақыл айтты деген ойларға негіз болу мүмкіндігіне ден қоямыз:

Бірі – бұл дүниеге көңіл қойма,
Болдым деп құмар болғанмен де ойла.
Жаннатта тұрамын деп ойланам деп,
Ақырында түсіп кеттім терең ойға!
Екінші, қатындардың алма тілін,
Мен алам деп тәркі қылдым ұжмақ төрін.
Үшінші, не іс қылсаң ойла соңын,
Мен ойламай іс соңын көрдім мұңын.
Төртінші, жөнін білмей істі қылма,
Білмей бір іс қылам деп әуре болма.
Бесінші, біреуменен ақылдас бол,
Кеңессем, маған мұндай бала бар ма?!

Шығармада одан әрі Адамнан тараған ұрпақтар шежіресі, кімнен кім өрбігені беріледі. Бұл тұста тарих ғылымы үшін құнды мәліметтер баршылық екеніне көңіл бөлу керек. Шығарма соңы Мұхаммед пайғамбар өмірін жеке бөліп бейнелеуге арналған. Осы орайда Мәшһүр Жүсіптің кейінірек жазылған «Хаятбақшы»

дастаны мен осы поэманың соңғы бөлімінде тақырып ұқсастығы, үндестігі бар екеніне назар аударамыз. «Жер мен көк» киссасының соңғы бөлімі де, «Хаятбақшы» да Мұхаммед пайғамбардың дүниеге келуі, бала кезінде көрген қиындықтарын көрсетуге арналған. Тек «Хаятбақшыда» Мұхаммедтің ерекше екенін дәлелдеу бірден-бір негізгі арна болса, «Жер мен көк» киссасында пайғамбар жеке алынбай әлем, жер жаратылуының заңды жалғасы, соның бір мәнді бөлшегі ретінде беріледі. «Хаятбақшы» тәрізді бұл шығарманың соңғы бөлімінде де пайғамбар шеккен қиындықтар нақты көрсетілген:

Он екі жасқа жетті Мұхаммедім,
Болғанда өзі нашар, өзі – жетім.
Беруге бұған қалың малым жоқ деп,
Ойланды Әбутәліп іші ниетін.
Нәсілі Құрайыштан сондай таза,
Жалтаңда малсыз болсаң жокты маза.
Жер тамақ, киер киім болмаған соң,
Болады үйде отырып жігіт наза.

Дастанда Әбутәліптің өтінішімен бай қызы Хадишаның жас жігіт Мұхаммедті сауда керуеніне қызметке алғаны баяндалады. Мұнда Әбутәліп, Мұхаммед, Әбубәкір, Хадиша бейнелері бірер қырымен ашылған. Шығармадағы орталық бейне Мұхаммедке келсек, автор қаһарманның сырт әрекетін тамашалап кетпей, көбіне ішкі сезімін, психологиясын нақты ашуға ден қойған. Мәселен, сауда керуеніне ілесіп, алғашқы сапарға шыққан кездегі Мұхаммедтің ішкі сезімі, мұны шынайы берілген: – Жалшылық шын болды ма киген киім, Балалар үйінде жүр менің теңім. Қарайды өзге жұрттың ата-анасы, Артымнан қалар менің қарап кімім?!

Жетімдік көрдім сенен ынтазарлық,
Киім менен тамақтан көрдім тарлық.
Жетектеп жаяу түйе жөнелгенде,
Шықты той менің зықым сонда барлық.

Мұхаммедтің осылай мұңаюы автордың ауыз әдебиетіндегі батырлар жырындағыдай ерекше кесек әрекетті, күштілікті, ерлікті емес, қарапайым адамға (ерекше емес) тән әдеттегі сезімді тереңдеп

жырлауын танытады. Мұның бәрі реализм әдісінің XIX ғасырдың соңғы ширегінде кемелдену, толысу жолын айқындай түседі десек, болашақ пайғамбарға осы сапардың өзінде-ақ бұлт еріп жүруі қарапайымдылық пен ерекшелік астасуын, ерекшеліктің оқшау өмір сүрмей, сол қарапайыммен қанаттас өрілуін, демек шындықты күрделі қалпында бейнелеу үлгісін көреміз: Дүние-ай, сондай сенің күнің бар-ды, Әрқашан ғаріптерге құдай жарды. Басына бір ақ бұлт сая болып, Жебірейіл өзін түзу жолға салды.

Мұхаммед ерекшелігін танып, жолшыбай қонақ қылушы Раһыптың көрегендігі де жас жігіт сипатын ашумен бірге қоршаған ортада ерекше жаралған адамдар бар екенін әйгілей түседі. Сый көрсетуші Мұхаммед ерекшелігін байқаумен бірге ол кешпек қиындықтарды да алдын ала біліп ескертеді: «Егер де сіздер барсаң, Шам шаһарға, Осыны Жүһдтерден жасыр, – депті». Мұхаммед ілескен керуен бір шаһарға кіргенде, теміршінің темірі өзінен-өзі балқып кетуі де жолаушы жігіт ерекшелігіне меңзейді. Бұл жаңалық сырын жиналған ғалымдар пікірі арқылы білген патшаның қуғын салуы тұсында Әбубәкірдің Мұхаммедті қапқа салып алып қашуы да назар аударарлық жәйт, Мұхаммедтің қап ішінде жатуы оның қарапайым пендеге тән сипатын танытады. Батырлар жырында ерекше адамның батырдың қашуы, жасырынуы мүлде болмаса, мұнда ерекшенің де әдеттегі пендеге тән іс-әрекеті шынайы бейнеленген.

Шығармада одан әрі арық қатпа түйенің Мұхаммед мінгеннен кейін семіз, жарау түйеге айналуы да қаһарман ерекшелігін дамытып бейнелеу үлгісі. Соншалық керемет қолдау, қамқорлыққа ие болса да, түнде адаса жаздаған кезде («Батырлар жырында» батыр адасуы кездеспейтінін де еске алайық, – Г.Ж.) кезіккен Жебірейілден Мұхаммедтің қорқуы да онда әдеттегі адамға тән сипат басым екенін дәлелдейді. Сөйтіп бұл дастанда орталық бейне Мұхаммедтің әрі қарапайым пендеге, әрі ерекше қаһарманға лайық сипаттармен мүсінделіп, күрделі тұлғаға айналғанын көреміз.

Дастанда Мұхаммед жұбайы Хадиша да өз ерекшеліктерімен біршама танылған. Шығармада Қабыл деген байдың жалғыз қызы Хадишаның Мұхаммедті түсінде көріп: «Мұхаммед туса, соған тиемін», – деп шешкені айтылады. Бірде інісін жұмысқа алуды

өтініп Әбутәліп келгенде, Хадиша оны бірден жақсы қабылдап, Мұхаммедті орналастыратынын, жас жігітке басқадан екі есе артық ақы төлемек екенін айтады. Ішінде Мұхаммед бар сауда керуені аттанарда да Хадиша қамқорлық танытады: Жүк қойды өңшең таза қара нарға, – Жекіріп Мұхаммедке ашуланба. Қайтқанда сүйіншіге мұны жібер, Солай! – деп, тапсырады барша жанға.

Сүйінші сұрайтын адамның тап қай күні, қай сағатта келетіні белгісіздігін, бүгінгідей байланыс құралдарының жоқтығын салмақтасақ, Мұхаммед оралғанда Хадишаның тысқа шығып, тосып отыруынан-ақ оның жас жігітті қаншалық зарыта тосқаны аңғарылады. Мұхаммед пен Хадиша кездесуі бейнеленгенде, автор аз сөзбен көп нәрсені байқата алады: «Мұхаммед жетіп келді, көрді көзі, Балқиды қуанған (нан) айдай жүзі». Осы жолдардағы бір ғана «балқиды» сөзінің өзі Хадиша толғанысын, сөзбе-сөз ұғынсақ, отқа ерігендей күйге түсуін жайып салады.

Шығармада одан әрі інісіне еңбекақы талап еткен Әбутәліпке Хадиша берген жауаптан да көп жәйіт танылады. Атап айтқанда, оның Алла тағалаға, тағдырға ден қойғаны, бір кезде көрген түсіне сай әрекет етуі, парасаттылығы көрінеді. Ең соңында әйелдер ішінде мұсылман дініне бастап кірген Хадиша болуы да сол сенімнің, өсудің заңды жалғасы деп санаймыз.

Шығармада аз көрінсе де, есте қаларлық тұлғаның бірі – Мұхаммед ағасы Әбутәліп. Әбутәліп ерекшелігі, адалдығы әсіресе Хадишаның Мұхаммедке екі есе ақы белгілеуін бірден құп алмай, оның арам іске жұмсамасына көзі жеткесін барып келісуінен көрінеді. Сол тәрізді бір рет көрінсе де, бірегей танылған қаһарманның бірі – Әбубәкір. Оның Мұхаммедті өзінше жасырып, қапқа салып алып қашып келе жатып, қуғыншыға бар шынын айта салуы таң қаларлық. Тек қуғыншылардың шындықтың солай айтыла салуына сенбей, қалжың деп, тексермей кетуі ғана бұларды зобалаңнан сақтап қалады. Қандай қиындық, қауіп төнсе де, шындықты жасырмау себебін Әбубәкір былай баяндайды: «Жалған сөйлеп кәпірден қорыққанымнан, Құдайға болайын ба дұшпан?! – депті!». Мұның бәрі Мұхаммедтің қандай ортада өскенін, оған жаны ашып, қолғабыс етушілердің қаншалық таза, шыншыл болғанын ашады.

Қорыта айтқанда, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Жер мен көк» дастаны автордың әлем сыры, жаратылысы туралы наным-сенімінің айнасы. Сонымен бірге онда жалпы адамзаттық идея: Аллаға сену, әділдікті ту етіп ұстау идеясы назар аудартады. Көркем әдебиеттің көркемдік белесі тұрғысынан, оның ішінде ұнамды қаһарман жасау тарихы межесімен зерделесек, шығармада аз көрінсе де, есте қаларлық бейнелер бар екеніне көз жеткіземіз. Қысқасы, көркем әдебиет дамуы тарихында мифтік әдебиеттің алатын орны ерекше десек, ақын дастаны да соның айқын бір көрінісі.

**Сөз өнерінің зергері. – Алматы, 2008 ж. – 163 б.
Гүлназ Жүсіпова**

Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтен (1858–1931) қалған мол мұра ішінде: әлеумет мәселесіне арналған неше алуан шығармалар, ұзақ оқиғалы хикаялар, айтыстар, шежірелер, тарихи материалдар, фольклор үлгілері бар. Бұларға қоса ақынның араб, парсы, шағатай тіліндегі көшірмелерін есепке алсақ одан қалған мұра – 30 томдай болады екен. Мәшһүр шығармалары оның өз қолымен, жиені әрі шәкірті Жолмұрат қолымен, араб әрпімен жазылған. Олардың кейбіреуі қауырсын қаламмен қадимше жазылса, қалғандары кейін қолданылған араб алфавитімен жазылған. Олардан М.Ж. Көпеевтің қазақ арасында қайнап өскен, халқының ісін, әдет-ғұрпын, салт-санасын жақсы білген ақын екені аңғарылады. Көшпелі сахара қазақтары көрген теңсіздік, әділетсіздік, зорлық-зомбылық Мәшһүр шығармаларынан айырықша орын алған. Ол халықтың ғылым-білімнен шет қалмауын, өнерлі болуын, алдыңғы қатарлы ел болуын тіледі. Патша үкіметінің қара халық басына азап төндірген жайсыз жақтарын әшкереледі. Бұхар, Дулат, Шортанбай, Махамбет, Мұрат, Абай поэзиясымен рухтас келген келелі шығармалар жазды. Бұқарашыл поэзияның өркендеуіне аянбай ат салысты.

Мәшһүр – заманының сыншыл, шыншыл, әлеуметшіл ақыны. Ол ұлықтарды, болыстарды, ауылнайларды, отаршыларды сынады, халықтың патша үкіметі құрсауынан құтылуын арман етті.

«Бірлік қыл, басыңды қос, пайданды ойла,
Қазағым, қайран халқым, бауырларым»,

– деді. Ол «өлеңді ермек үшін» жазбай, өмірдің құбылыстарын, әлпетін көрсету тұрасында көп еңбектенген. Оның «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал» кітаптары, «Ғибратнама», «Шайтанның саудасы», «Ғашық отына күйгендер», «Гүлшат–Шеризат» сияқты шығармалары жете тексеруді керек ететін елеулі шығармалар. Мәшһүр кітаптары 1906–1907-ші жылдары басылып халық арасына тараса, Абай шығармалары тек 1909 жылы басылып шықты. «Қазағым, қайран халқым» деген сөздерді жұрт Абай өлеңдері басылып шықпас бұрын Мәшһүрден естігенін де ескерген жөн.

М.Ж. Көпеев шығармаларынан өткен кездегі қазақ халқының өмірін, арманын, күйінішін, сүйінішін, сауық-сайранын, қайғы-қасіретін көреміз; «үйде отырып бос өлмей» ел үшін ерлік етуді армандаған ақын екенін танимыз... Дегенмен, Мәшһүрдің қоғамдық жағдайды күңгірт түсініп, аяғын шалыс басқан кездері де болған. Бірақ ақын халық қамын ойлаудан танбай, бар талантын күшқуатын ел қажетіне жұмсаған.

Сол кездегі қазақ ақындарының қолжазбаларын, шыққан кітаптарын оқысаңыз, олардың кейбірінің тілі онша таза емес. Ал, Мәшһүр өз шығармаларының көшпелі қазақтарға түсінікті болуын ойлаған.

Рас, оның шығармаларының дені тек қолжазба күйінде келіп жетті. Кезінде кейбір туындылары ғана баспа бетінде жарияланған.

Сондай-ақ «Дала уалаятының газеті» және белгілі әлеумет қайраткері журналист Мұқаметжан Сералин басқарған «Айқап» журналында түрлі мақалалары шыққан.

Қазақ ССР Ғылым академиясының, мұрағатындағы мағлұматтарға қарағанда М.Ж. Көпеев 1931 жылы жетпіс үш жасында барлық өмірін өткізген туған жері – Баянауылда қайтыс болған. Мәшһүр Жүсіптің әкесі Көпжасар сол әулеттің ең кенжесі болғандықтан оны Көпей Қозы дейді екен. Кейін Көпей атандырып жібереді. Көпжасар жас кезінде бір бай ноғайға малайлыққа жалданады, тырбанып жүріп, едәуір мал жинап алады. Қырық жасында

еліне қайтып келген Көпжасар үш жыл өтпей қу таяқ болып жұтап қалғандықтан Баянауыл маңындағы жатақтарға қосылады. Осы кезде бес жасқа толған Жүсіпті медресеге орналастырады.

Жүсіп Хамар дейтін хазіреттің көп шәкіртінің бірі болған, «Хамар қазақ сөзіне жүйрік шешен адам еді, оның әйелі тәрбиелі мейрімді еді, мені өз баласындай күтті, әке-шешемнен көрмеген жақсылықты, аяушылықты солардан көрдім».

Табылды маған қамқор ата-ана,
Туысқан бірдей болып Мағзум жәна.
Көз ашылды, жүзіме нұр шашылды,
Сүйкімді көрінгенге болдым бала.

Ол Хамарда оқып жүрген кезінде, қазақ фольклорының белгілі нұсқалары – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мен «Тарғын батыр» және «Төрт жігіттің өлеңі» деген шығармалармен танысады. Діни схолостикадан жалыққан Жүсіп бұл шығармаларды қуана-қуана көңіліне бұлжытпай тоқиды. Көргеннен оны Мәшһүр жазып алды, Соқтырып жұрт алдына жатқа салды. Аузынан сілекейі шұбырумен Тамаша есіткен жан аң-таң қалды. «Қозы Көрпешті» сазына келтіріп мүдірмей жатқа айтып шыққаны үшін ырза болған Мұса мырза: «Бұл бала Мәшһүр болады екен» деп оның басына үкі тақтырады. Сегізден тоғызға аяқ басқан шақта, Мұса еді қосқан маған Мәшһүр атты .

Мәшһүр он алты жасынан бастап Әлібек деген бір ауқатты адамның жалғызы Қабылбекті екі жылдай оқытады. Бір жыл оқытқаны үшін оған Әлібек «он жылқыны» бір береді, келер жылы тағы қыруар мал айдатады. Сөйтіп екі-үш жылдың ішінде қырық-отыздай шаруаның бірі есебінде қырға шығып «көшпелі қазақтың» бірі болады. Бұдан кейінгі өмірінде бала оқытуды мүлде тоқтатқан Мәшһүр түрлі қиссалар, өлеңдер жаттайды.

Мәшһүр жиырма тоғыз жасында Бұхараға барады, дәмолла Хамзаға жолығып, сол жақта тоғыз ай жүреді. Бұл сапар оның ойының есеюіне, араб, парсы тіліне жетіле түсуіне, сол тілдерде көптеген кітап оқуына себеп болады. Мұның үстіне Мәшһүр өз заманының шешендері, ақындары, кәрі құлақ даналарымен сұхбаттас айлас болып, қарым-қатынас жасауы да оның парасатын

танытады. Жиені Жолмұраттың айтуынша, Мәшһүр Ақан серіні жоғары бағалап: «Ақан сері заманның сұңқары, қызыл тілдің ділмары, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі» деген. Бұхара, Ташкентке барып жүрген кездерінде Мәшһүр Абулғазы шежіресін, «Мың бір түнді», «Шахнаманы» оқыды. Науаи, Сағди шығармаларымен танысады. Сол қалалардың кітапханасын пайдаланып, білімін толықтыра түскен Мәшһүр жұрт аралап жүріп бұрынғының даналарымен көп кездескенін, Бөгенбай батырдың немересі, заманының шежіресі атанған Сакқұлақты көргендігін Сыр ақыны Майлықожаға жолығып, «Сырдария» облысында бес жыл жүргенін айтады. Үлгілі ақындардан өнеге алуды өзіне, өзгеге міндет етуді құнттаған ол:

Ақында айт Ақмолда мен Ыбырайды
Үлгісін өнер-білім жұртқа жайған, – дейді.

Халықтың өмірімен жақсы танысқан Мәшһүр ойына көптеген өзгерістер кіреді. Кедейлердің аянышты халіне шипа іздемек болады. «Хал-ахуал» атты кітап шығарады. «Бұрынғы заман тозып, таусылып, соңғы жақсы болатын заманның әлі тумай тұрған» кезінде, ойын жұртқа дұрыстап айта алмай лажсыздыққа ұшырағанын ескертеді. «Аяғын көсіле алмай, қолын соза алмай, үнін шығара алмай, құрттай быжынаған тыңшы құрған, байлаған төбеттей, арпалысқан сенсор қойып, нокта кесті көмпіс, жетекші қылып алған жұрттың ортасында жүріп сөйлеген Мәшһүр Жүсіп Көпеев осы», – деп патша үкіметінің халықты бұғауда ұстамақ арам ниетінен шошынғандығын білдіреді.

М.Ж. Көпеев әсіресе 1905–1907-ші жылдары колониализмге деген наразылығын үдете түседі, патшалық өмірдің кесірлі жақтарын бұрынғыдан да бетер әшкерелейді. Бұл жылдары шыққан кітаптарымен ол ерекше көзге түседі.

Мәшһүр дін уәкілдері жайында көптеген ойын ортаға салды. Ол Құдайға тек сырттай сенетіндердің бірі екенін жасырмайды. «Мен құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті. Құдай қандай өзі, не нәрсе оны білуге, оны тануға ақыл-ойым, зейін-пікірім жетпейді», – дейді. Кейде Құдайды тану адамшылыққа әділдікке бастау ісіне көмегін

тигізеді деген қате тұжырым да жасайды. Сөйте тұра дін уәкілдерін шенеп, олармен егес ашқанда кезі болған 1931-ші жылдары айтқан сөзінде:

Одан соңғы бір қасың қожа, молда,
Олармен елдеспедің бұрын-соңда.
Жамандап бас басына өлең жазып,
Жазған сөзің әр жерде жүрді қолдағы,

– дейді. Әйтсе де сол қожа-молдалардың мүлде жойылуын тілеп, табанды күрес ашу шығармасында оншалықты құнтталмайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қазақ фольклоры нұсқаларын жинау ісімен көп шұғылданғаны мәлім. Олардың ішінен «Желкілдек», «Ер Көкше», «Көрұғлы», «Алтын бас, күміс аяқ», «Сайын батыр», «Қырғызға барған батыр» сияқты нұсқалармен қатар Бұхар жырау, Сақау, Шөже, Шортанбай, Орынбай т. т. көптеген ақын сөздерін де кездестіреміз. Мәшһүрдің ескі сөздердің қалпын бұзбай дұрыс жазып алуды борыш санағандығы сондай, жыр нұсқалары табиғи көне түрін мол сақтағандығымен көзге түседі. Мұның бір себебі – ол дастандарда, халықтың жайын, түрлі аңыздарын жетік білетін кәрі құлақ даналар, жыраулар сарқыны мол кезде жинап үлгерген. Бұл салада қалдырған мұрасының әдебиет ғылымы үшін қаншалықты құнды екені өзінен-өзі түсінікті болса керек. Тек сол материалдарды екшеп, татымдыларын кітап етіп жарыққа шығаруды ойластырған абзал.

М.Ж. Көпеев жинағандарының бірі – «Желкілдектің» оқиғалық, композициялық, тілдік т. т. ерекшеліктері жөнінде толып жатқан қажетті қорытындылар жасауға болады. «Желкілдек» батырлар жырына кей жағынан ұқсай да бермейді. Әдетте батырлар жырында кездесетін қара сөздерде шұбалыңқылық байқалатынды. Одан гөрі оның (жырдың) өлеңдік жағына көбірек назар салынатынды. Ал, «Желкілдекте» қара сөздің ырғақтылығын молайтып, сөздің шұбалаңқылығын азайтуға, интонацияға көңіл қойғандық сезіледі. Мұны мына бір үзіндіден-ақ көруге болады. Нармамбеттің екі қызы болған, бірінің аты – Күнікей, бірінің аты – Тінікей болған. Екі қыз ұйықтағанда түс көрген, таңертең жеңгесіне келеді. Бір шапанды жамылады, екеуі бір жеңнен басын шығарады, жеңге, дейді: бір түс көрдік, от жағалай іс көрдік, екіде қара тең көрдік, жоры, жеңге.

«Жылама әкем деді: жауға мен барайын, бір келгенін бір қырайын, екі келгенін екі қырайын, біріне бірін қоспайын. Әкесі айтты балаға: сенің алар жауың жоқ, бойың сенің өскен жоқ, бұғанаң әлі қатқан жоқ, балақта жүнің өскен жоқ».

Мәшһүр Жүсіп заманындағы ақындар салты бойынша, шығыс қиссаларымен сарындас шығармалар жазады. Солардың бірі – «Гүлшат–Шеризат». Қиссаның тілі композициялық құрылысына қарағанда, шығыстық сюжетті бұлжытпай қайталамаған. Шығармада Бағдат, Шынмашын аттары аталып, оқиға сол жақта болып жатқанмен, Көпеев түпнұсқаға өзінше өңдеп, моральдық, әділдік, ғашықтық жайын сөз еткен. Қиссада жаманшылық уәкілдері жазасын тартып, әділдіктің баянды болғаны түсіндіріледі. Дүниеге сатылып зұлымдық істегендер, кісі қанын жүктеген мансапқорлар әшкереленеді.

Жазықсыз қаза болған анасының қасында, иесіз жерде жалғыз қалған Шеризатты үштен беске келгенше арыстан асырап, оны кейін адам қауымына қосады. Шеризаттың батыр, мархаматшыл, кешірімшіл болғаны, махаббаты берік, өзіне сай Гүлшаттай жар тапқаны сөз болады. Жендеттер қолынан өлген ханым әлдеқандай қасиетті адам дәрежесінде сипатталады, кеудесінен «бұлақтай аққан сүт» бірнеше жылға дейін таусылмайды, қорғансыз жетім қалған Шеризат ана сүтін қорек етіп аман қалады. Өлтіріп өңшең жауыз тастап кетті, Тірі жан өлген жаннан қорек етті. Еш нәрсе сүттен басқа азық болмай, Талпынып екі мен үш жасқа жетті.

Шеризаттың әкесі қайтыс болар алдында жақындарын, таныстарын жинап: «Тілеп алған баланың дүниеге келуін көрмей ол дүниеге сапар шекпекпін. Ханымнан ұл туса, орнымды басып патша болсын, қыз туса, қабағын шыттырмай тәрбиелеп сүйгеніне қосыңдар. Тағымды әзірше уәзірім Парақзатқа қалдырдым», – деп өсиет айтады. Парақзат патшаға берген уәдесінен таяды. Ханым ұл тапса, патша болудан махрұм қалармын деген арам ой көкейін теседі. Бірнеше адамды сатып алып, ханымды өлтіруді тапсырады. Уәзірдің бұйрығы бойынша, «толғағы қысып отырған» ханымды аулаққа апарып, кескілеп өлтірген жендеттер табанда арыстанға тап болып, түгел ажалға ұшырайды. Енді олар өлтіріп болғанша, босанып үлгерген ананың омырауына өрмелеп, шырқырап жылаған нәресте жайы сөз болады.

Әкеден, анадан бірдей айырылып, жетім қалған Шеризат ержетіп, ел аралап жолға шығады. Шешесін өлтірткен патшаның еліне келеді. Сарайда сайран салып жатқан сол патшаның қызы Гүлшат аруды көреді. Қалам қасты нұрлы көз, Ақ бетіңе пар келмес, Сарт тоқыған аппақ бөз.

Гүлшаттан көптен дәмеленіп жүрген бір жігіт еркімен табысқан жастардың жасырын кездесіп жүргенін біліп қояды, оны қыздың әкесіне жеткізеді. Уәзір Шеризатты ұстап келу үшін қанша нөкер қосып Алмас, Қоймас деген екі алыбын аттандырады. Шеризат соғыс үстінде алыптарды нөкерлерімен өлтіреді. Тығылып қалған біреу-екеу ғана Шеризаттың қаһарлы айбынын, көрсеткен күшін патшаға айтып барады. Оның өлген патшаның тірі қалған баласы екені мәлім болады. Үрейі ұшқан Парақзат патша бас ұрып, Шеризаттан кешірім сұрайды. Шеризат оны зынданға салдырады, басын алмақшы болады. Бұл іске ара түскен Гүлшат Ақжүністің Қартқожақ өмірін шола сөйлегеніндей Шеризаттың ерліктерін шұбырға айта келіп:

Қылыш ұстап болаттан, Жеті жасқа жетпей-ақ. Оздың шығып санаттан. Камшат бөрік басында, Барлық қыздар қасында Дұшпандарың жеңгенде, Қане мүйізің шыққаны? – дейді.

Өстіп қиссада Гүлшаттың қаталдықты, қайырымсыздықты-кешірімділікпен жеңуді қостайтын адам екені көрсетілген.

Шеризат «Көңіл ашылғандай қисса айтып берсең, әкеңнің жазығын кешемін», – дейді. Гүлшат оған Мәһи Мәнзал сұлудың бастан кешкен оқиғасын айтып береді. Оның қайырымдылығын үлгі етеді. Ертегі айту үстінде Гүлшат кейде Шаһаризадаға да ұқсап кетеді.

1907 жылдары жарияланған «Хал ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» деген кітаптар көп жағдайда бірін-бірі қайталайды. Мәселен «Хал-ахуалдағы», «Гибратнама» мен «Біздің сахара көшпелі» деп басталатын шығармалардан басқа өлеңдер «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітабынан да кездеседі.

М.Ж. Көпеев «Гибратнамада» ақындық, азаматтық міндеті туралы ойын ұсынады. Қоғамдық орнын белгілемекші болады. Арманын ашық айта алмай, дағдарысқа ұшырап жүргенін ескерте келіп:

Болдым ғой өнерімді тауысқандай, Мерт болдым айға шауып арыстандай. Сұңқардай биік тауды мекен қылмай Шықылықтап көзге түстім сауысқандай, – дейді. Ойын мысалдап түсіндірген Мәшһүр бұлбұлды қаршығаға кездестіреді. Ол қаршығаға: «сенің тұрағың «бектердің оң қолында» патшалармен айласың, беделің артық, кәдірің мол, мен қызыл гүл іздеп зарлаймын, оның ашылғанын не күндіз, не түнде көре алмай хасіретім көп» – дейді. Бұлбұлға жауап қайтарған қаршыға: Аузыңды ақылың болса, жабар едің, Үндемей сабыр қылып бағар едің. Тілі жоқ мен сықылды мылқау болсаң Бір күнде мың мұратты табар едің, – дейді.

Бұл сөздер бұлбұлды қынжылтады. Атақ құмар, қан құмар қаршығаны қатты кінәлайды. Бұлбұлдың ісін жақтаған ақын ойын: Құс болсаң, бозбалалар, бұлбұлдай бол, Табылар іздегенге бір қызыл гүл, – деп түйеді.

Мәшһүр «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамаша-мызда», озбырлығымен халықты мезі еткен әкімдерді әшкерелейді. «Басшымыз ел пайдасын сөйлемейді. Іздегені бүліншілік, дау-дамайы бір таусылмайды, қазақ жұрты қоршылықта, момындар «биге пара, байларға жем», әділдікке жол жоқ, шенеуніктер, «қасқырша ауыз салып жұтып жатыр, үйінде отыра алмай кедей қашты», – дейді.

М.Ж. Көпеев бұқараның еңсесі көтерілмей қараңғылықта, қорлықта жүргенін: Жалаңдап аждаһадай ауылнайлар, Беліне ақ киізден күйек байлар. Сипырын бес тиынның бес теңге деп, Кедейдің хат білмеген соры қайнар. Мойнына сары жезден қарғы салып, Алдына неше түрлі дау-шар барып. Жиылып қара құстай билер отыр, Жемтігін өлексенің қоршап алып, – деп сипаттады.

Болса да дария сия, аспан қағаз,

Мұң мен зар түгелденіп болмас тәмәм, – дейді.

М.Ж. Көпеев 1907-ші жылы жарияланған кітаптарының бәрінде дерлік заманының сырын ашып, қалың бұқараны өнерге, күреске шақырушылардың бірі болғандығын байқатады. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қоғамдағы өрескелдіктерді жұртқа жария ету үшін жазған көрнекті шығармасының бірі «Шайтанның саудасы». Шығармада ақын көптеген ойын ащы сөзбен ашына айтады.

Жақсылыққа бастамай жүрген адамдарды көріп, олардың халыққа деген арамдығын ашады. Ежелден болып өстім байға өш-қас. Қожа, молда ишандар бәрі бір бас, деп кім дос, кім қас екенін ескертеді. Он қашар, бес есекке жүк тиеп базарға шыққан шайтанға кездескен Ғайсаның: «не саудамен келесің?» деген сұрағына шайтан: «Есектерге артқаным жала мен өтірік, күншілдік, озбырлық, мекерлік, тәкаппарлық, бұларды байлар, алыпсатарлар, молдалар кедейге күн көрсетпей жүрген ұлықтар талап әкетеді», – деп жауап береді. Ақыры шайтанның:

Көтерме өтірік пен менен алған, Бар күшінше олар да сөйлер жалған. Кім болса, бұл заманда сол ап кетер, Қор болып қашан өтірік жерде қалған, – дегені орындалып есекке артқандарын түгел өткізеді. Мол олжаға батады. Қашарларға артқан жүктерін: пірге қол берген бірадарлар, елден мал жинап қажы барғанда, ишандар, қожа-молдалар сатып алады. Шайтанның бұл сауда достары елге береке-бірлік ойламайтын алдампаздар ретінде көзге түседі.

М.Ж. Көпеев 1931-ші жылы жазған бір шығармасында малдан жұрдай болып, қашып-пысып жүрген байларға жантартпағанын ескертпек болады. Конфискацияға ілінгендерді «құдай ұрып, бай біткеннің кері кетті, жинаған дүниесі түбіне жетті. Мал мүліктері дария болып өздерін ғарық қылды», – дей келіп:

Ей, Мәшһүр, туа қастас болдың баймен, Бай көрінсе, қашушен, қолат саймен. Байдың түбі боларын дәл осындай, Сөйлесіп қойғансын ба бір құдаймен, – дейді.

Қорыта айтқанда, М.Ж. Көпеев заманының озық ойлы, алдыңғы қатарлы азаматы болған. Туған халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтаған, сөйтіп, онымен бірге қуанып, бірге қайғырған шын мәніндегі өрелі акын дәрежесіне көтерілген. Сондай-ақ, атадан балаға мұра болар ауыз әдебиетінің асыл қазыналарын жинақтап көзінің қарашығындай сақтаған. Міне, осынау ұланғайыр мол дүние бүгінгі таңда әлі де болса терең зерттеп, жан-жақты бағасын беретін әділ насихатшысын күтуде.

Жалын. – 1974. – № 3. – 127–129 бб. Мұратхан Бөжеев

Мәшһүр Жүсіптің мысал-өлеңдеріндегі философиялық түйін

Өткен екі ғасырдың жүгін бірдей көтерген ақыл-ой, өнер саласындағы алыптардың қатарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да бар. Талантты қолдан жасау қиын. Білімді жинауға болады. Ол үшін қажыр-қайрат, зерде-жады, алқымы іспес еңбек қажет. Жұмыс тәртібі өз алдына. Мұндай дамыған елдерге тән зиялы салт-машықты XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында барша қазақ ұстана алған жоқ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ел тарихындағы сондай дара саңлақтардың бірі болып қалды.

Оның бала күнінен табиғи зеректігі мен алғырлығы, Құран сөздерін, жыр-дастандарды, даланың ауызекі тарихын (ДАТ) жатқа соғуы сирек кездесетін дарын еді. Құдай берген ерекше қасиет бала Жүсіптің бағын асырып, атағын алысқа мәшһүр етті. Шорманның Мұсасы, Әкімбек сияқты белгілі адамдар алғыр жастың талантын түлетіп ұшыруға қол ұшын созды, азамат ретінде қайырымдылық көрсетті.

Мәшһүр Жүсіп өзінің ақындық қасиетін де Тәңір сыйлаған өнер деп түсінеді.

Ойланып қаламыңды қолға аласың,
Сүңгіп жүзіп кетуге толғанасың.
Естіген кейінгіге мирас болып,
Саусағым ақ қағазға жорғаласын

(*Мәшһүр Жүсіп Көпеев*. Таңдамалы. 1-т. – Алматы, 1990. 135 б.).

немесе: –

Жабысты он бесімде өлең маған,
Түстеніп, өлеңші ата қона алмаған (сонда).

Заманынан озық ғұлама ойшыл сөз өнерінің жазылмаған ережедей мән-мағынасы мен зілмауыр азабын және сол дәуірдің менталитетіне сай өлең сөздің әрі ғибрат, әрі шежіре, әрі пәлсафа ретіндегі қызметін әбден жетік түсінеді. Қазақ үшін «ғалымның хаты» – өлең. Ал «жақсының атын» алу үшін от жүректі Мәшһүр




Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы




Мәшһүр Жүсіп Көпеев
кесенесі. 1931 жыл




Мәшһүр Жүсіп Көпеев
кесенесі. 1977 жыл



Мәшһүр Жүсіп Көпеев
кесенесі. 2006 жыл



2006 жылдың
11 қарашасында
ашылған Мәшһүр Жүсіп
Көпейұлының жаңа
кесенесі.





Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кесенесінің сыртқы бейнесі,
ақын кесенесінің қонақ үйі

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кесенесінің баспалдағына
қойылған құлпы тастар



М.Ж. Көпеевті орап
шығарған кілем



Ақын пайдаланған заттар






Павлодар қаласында орналасқан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы мұражай

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жеке заттары





Қазанда Хусайыновтар баспасында жарық көрген М.Ж. Көпеевтің «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тіршілікте көп жасағаннан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал» атты үш кітабы мен әулиенің қабірінен шыққан рауан тас. Онда «Жетпіс үшке жеткенше балталасаң да өлмеймін, Жетпіс үштен ары қарай сүйресен де бармаймын» деп жазылған.

Алдабергенұлы Төлепберген, аудармашы әрі шежіреші.
Мәшһүр Жүсіптің келіні Ақ Зейнептің немере бауыры, арабша жазбасын араб әрпінен орыс әрпіне аударған мыңжылдық құдасы.
Баянауыл кенті.





Мәшһүр Жүсіп Көпеев үйінің орыны

Ақынның ұрпағы





Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Аллажар Әбдіразақұлы (1899–1985),
Әбдіразақ Дүржанұлы – Мәшһүрдің құрдасы, сыйлас адамы

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
ұйымдастыруымен «Мәшһүр-Жүсіп – әлемдік Ғаламат»
атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы





Баянауылдағы Мәдениет үйі алаңындағы ақын ескерткіші

өз бетімен «29 жасында, 1886 жылы Бұхарға барып оқиды. Араб, парсы, Орта Азия әдебиетімен танысады. 1896 жылы Ташкент қаласына барып, тағы біраз оқып қайтады» (Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы, 1993. – 60-бет). Білім – ол уақытта әсіресе қадірлі саналғанымен, Мәшһүр Жүсіптің бала оқыту, айналасын әлем жаңалықтарынан, халық әдебиеті мен мәдениетінің қайнарынан сусындату, билік айту, шешендік өнері және көріпкел әулиелік болмысы жан-жақты дарын иесінің беделін аспанға көтерді.

Мәшһүр-Жүсіп жырлары өмірбаяндық деректермен қабысып отырады. Бастан кешкен жақсы-жаман оқиға, құбылыстардың бәрінен дерлік өзіндік субъектілі көзқарас бедері айқын көрініс табады. Ш.Қ. Сәтбаева бір шоғыр қазақ ақындарымен бірге М.Ж. Көпейұлын да Шығыстың классикалық әдебиетінен нәр алып «нәзира» дәстүрін қалыптастырған тұлғалардың қатарына жатқызады. Сондықтан Мәшһүр шығармаларындағы оқырмандық пен астарлы ойлау, тұспалдап сөйлеу, кесек ой айту үрдісі осынау іргелі көркемдік-эстетикалық дискурс әсерін толық аңғартады.

Бұл орайда оның мысал жанрындағы ізденістері тапқыр да салмақты тұжырымдамаларымен ерекшеленеді. «Жарты нан хикаясында» ұлттық үлгіден гөрі «Мың бір түндегі» Сүлеймен патшаның жазасына ұшыраған дию мен балықшы әңгімесін еске түсіретін сәттер мол. «Сиқырлы тас» (Қазақ ертегілері. 2-т. – Алматы, 1988. 27–31 бб.) ертегісінде бай баласының қанағатсыздығы, сандықтан шығатын жыланның шексіз жақсылығы суреттелетін. Ал мұнда керісінше сандықтан босаған жылан өсе келе айдаһарға айналады, өзіне рахым жасаушының өмірін қатерге салады. Бұл жағынан ол «Айдаһар қатын» ертегісімен үндеседі. Автор көркемдік шарттылық заңдылықтарын еркін пайдаланған.

Қолына алдың ойлап нені? – дейді,
Осынша әуре қылып мені, – дейді.
Ауызға ашылған соң қорек керек,
Жұтамын енді амалсыз сені! – дейді (Аталған кітап, 165-бет).

Құмырадан құтылатын дию бірде жауыздық танытқанмен, келесі жолы қателігін ұғып, уәдесін бұзбайтын. Әрине, диюдың

да, айдаһардың да кішкене сандыққа сыйып жатуы, олардың тілге келіп, сөз таластыруы, әсіресе бірден іске көшпей, дау қуалап, тәжікелесуі – өзі де шартты шындық аясындағы әдеттегі көзбен қарағанда расынан өтірігі көп көріністер. Мәселен сұм тажал көмектесуге бет қойған отыз адамға тиіспейді, әлгілер амалсыз жөніне кетеді. Бұлардан кейінгі бес адам тіпті қайран қыла алмасаы тағы түсінікті. Осы екі ортада жарты адам пайда болады. Ол қандай кейіпте екенін қиялмен болжайсыз. Жарты адам ыңғайланып тұра қалған, Сөзіне мұның айтқан құлақ салған: Айдаһар, айтқаныңның бәрі өтірік, Нанбаймын мен орынсыз сөзге жалған! (166 б.).

Жарты адамның айлалы лебізі аждаһаны ашуға міндіріп айтқанын дәлелдеу үшін бұрынғы мекені – сандық ішіне қайта түседі. Балықшы да диюды солай жерге отырғызған. Ендігі тұста мінез бен символ кеңістік шарттылығы жағдайында шаң береді.

Мәшһүр Жүсіп осы оқиғаның бәрін екінші деңгейдегі концептуалды емеурінге айналдыра отырып, әрекет-таңбалар легінен философиялық мән түйеді. Бұл көркемдік міндетті автор аясымен егіздес күйдегі жарты адам – жарты нан атқарады. Пәленің үлкені – ауыздан байқаусыз шыққан сөз екен. Айдаһар – сол. Алыстағы отыз кісі де, жақындағы бес досың, туысың да лаулаған өртке араша түсе алмауы мүмкін.

Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,
Бес кісі – бес намазың, білемісің.
Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,
Бұлармен дәнемеге келмес күшің.
Қысылды, мен болмасам, шыбын жаның,
Дәрменің қалмап еді, құрып әлің.
Танып қой, танымасаң, мен боламын,
Дүниеде қылған қайыр – жарты наның! (167 б.).

Ақынға тән көркемдік ой қанатының топшысы мығым. Бір-екі ауыз нақылмен айтыла салатын ұждандық қағида өлең жолдары, әрекет, шешім, пәлсапа-ғақлиялық идея күдіреті, поэтикалық образ, характерлердің шартты қиял әлеміндегі нанымдылығы нәтижесінде өте зор имандылық тұжырымдаманы өрнектейді. ...Қолына қаламды мұсылман болып алып, көзін де сол мұсылман қалпында жұмған» (У. Қалижанұлы) М. Жүсіп Көпейұлы адамға адамның

бауырластық, ортақтастық, мүдделестік сезімдерінің бүтіндігін бәрінен жоғары қояды. Сонымен қатар ақын жеке тұлға үшін қажет сапалар құрамында жан-жақты толымды, тұтас мінез үлгісінің сілемін кестелей біледі. Аңқаулық, көрсеқызарлық, пайдакүнемдік – ақылсыздыққа баланса, ұстамдылық, мінезге байлық, жомарттық исламдық инсаниятта хас бағалы қасиеттер саналады. Ақын-философ барлық жанның қатесіз өмір сүре алмайтынын біледі. Сонда да ағаттықтан сақтандырып, зұлымдықпен күресудің қиындығын, ол үшін жүрек, қайрат, парасат, кісілік сапалардың, яғни Абай айтатын толық адам сипаттарының керектігін Мәшһүр Жүсіп терең астарлы символикалық нұсқа – белгілердің көмегімен шебер мүсіндейді. «Жарты адам хикаясы» – әдеби, философиялық, эстетикалық тұрғыдан қазақ әдебиетіндегі құнды жәдігер.

Шығыстық, фольклорлық, діни-ағартушылық сарын, терең қабатты тұспалдар жүйесі М.Ж. Көпейұлының өзге мысалдарынан да мол байқалады. Мәселен «Мәшһүр Жүсіптің тырнамен айтысында» бір адам, бір хайуанның тілдесуінен екі әлемдегі ортақ жағдаяттар, қуаныш пен реніш, күш пен әлсіздік, зорлық пен қорлық неғұрлым шынайы көңіл өрнегінен өтеді. Аққу бола алмаған тырнаны менсінбей тұрып, мойындап, әнтек қылығынан тосылу ұзын мойын баяндайтын әңгімеге қатысты. Екінші кезектегі фабула сілемі бой көтереді. Тоты құс туралы сөз өз өнеріне дандайсып, еркінсу, артық сенімділік әрі соның салдарынан торға түскенде біршама шырғалаң сюжеттік оралым барысында, монтаждық композиция түрінде ашылады. Халайық: аманы бар, жаманы бар, Көп малдың жүйрігі бар, шабаны бар. Біреу жылап, біреулер күлген заман, Жан бола ма таймайтын табаны бар? (171 б.) – дейтін Мәшһүр Жүсіп жауабында болашақ оқиға болмысын ишаралаумен бірге мәңгілік ақиқат формуласының поэтикалық шешімін ұсыну бар. Ол үшін өмір – өткінші, бірқалыпты емес, адам – уақыттың, жағдайдың құлы, жұмыр басты пенделердің барлық жағынан теңесуі мүмкін емес. Тырнаның хикаясынан да күнде сайрап жүрген тоты құстың азат күйінен кенет айрылуы – тіршілік сүрлеуінің ойлы-қырлы, әр алуан бұралаң-бұлттарысын тұспалдай кестеленуі екенін ұғамыз. Әйтсе де ерке де сұлу тоты батылдығы мен тапқырлығының арқасында тұтқыннан құтылып шығады.

Мен торға түспейін деп аспанға ұштым,
Сізбен емес, баламен ерегістің.
Жер жүзін өрт алыпты, тегіс күйіп,
Көздей жер сау көрінді, келіп түстім.
Көрінген өрт боп маған сор екен сол,
Бір тосу хақтан даяр түр екен сол.
Сау жер болып көрінген титтей ара,
Балалар құрып қойған тор екен сол.
Ілініп қыл мен жіпке қалды аяғым,
Ұмыт боп ойдан шығып сол баяғым.
Далақтап ұшып жүрген бір уыс жүн,
Сендей – жүзік, Мұсадай – жоқ таяғым (173 б.).

Алдында өзін сақтандырған Сүлеймен патшаға қайыратын жауабында Сүлеймен пайғамбардың жүзігі, Мұса пайғамбардың сиқырлы таяғы туралы Құран хикаяларынан келтірілген реминисценциялар тоты құс уәжіне күш қосса, қаламгердің діни-философиялық танымы үшін адасқан жанның, айыбын білсе, күнәсін кешу, ол ретте жеке өміріндегі тәжірибе сабағын ұмытпау тәубесін есте ұстау хақындағы адамгершілік ілімнің рөліне екпін түсіру тәрізді логикалық әрі поэтикалық тәсілі – елеулі жүк көтереді. Парасат иесі – қасиетті жүзігі жоғалғанын жадына алған су патшасы Сүлеймен пайғамбар. Ақын өмірдегі барша іс-хикмет жақсылық, жамандық Алланың қалауымен болатынын, сондықтан мұндай тосын оқиға, шырғалаңдар адам баласына ой мен әрекет кеңістігін ашатын сынақ алаңы екенін діни-философиялық айқын тұғырнамаға айналдырады. «Сәйгелді, сона, бөгелек туралы», «Шайтанның саудасы» мысалдарында Мәшһүр Жүсіп қазақ жұртының көбелектей сайраншыл, ұшарын жел, қонарын сай білетін жеңіл мінездеріне, Ғайса пайғамбардан қаймықпайтын шайтандай пысықтардың берекесіз тірлігіне назаланып, өз сөзінің жерде қалғанына шамырқанады.

Көтерме өтірікпен менен алған,
Бар күшін сап олар да сөйлер жалған.
Кім болса бұл заманда сол әкетер,
Қор болып қашан өтірік жерде қалған?! (189 б.)

– дейтін малғұн сөздерімен талай заманалар асып келе жатқан, шындықтың күйген беті сияқты келеңсіз заңдылықтардың өміршеңдігін аңдату әділеттілікпен оны толық жеңеріне күмәнданса да, жігері мұқалмай күресетін Мәшһүр дауысының қайрат-қажыры мен ертеңгі күнге сенімі қайыспас қайсар рух қайнарына кепілдік береді.

Осы тақырып тұрғысынан мынадай ой қорытуға болар еді. Біріншіден, М.Ж. Көпейұлы туған елін мұсылмандық жол, адамзаттық білім нәрі арқылы болашақтың өріне сүйреуге ұмтылды.

Екіншіден, Мәшһүр Жүсіп жырлары мен өлең, толғауларындағы сияқты мысал туындыларында да адамның кісілік қасиетін, жарық әлемнің шапағатын дәріптейтін діни-ағартушылық, кітаби ақындық дәстүр сілемдері айқын аңғарылды.

Үшіншіден, ақын мысалдарының көркемдік поэтикасынан фольклорлық, шығыстық аңыз, миф үрдістері фабулалық көркем өрнек әрі ұтымды, топтастырушы композициялық пішін, тың логикалық шешімдер тапты.

Төртіншіден, М.Ж. Көпейұлының баяндау мәтініндегі реминисценциялық құбылыстар автор білімі мен білігі, сана тасқыны ғана емес, ислам имандылығына тән рухани қуаты мол шынайы ұждандық идеяларды айшықтап бейнеледі.

Бесіншіден, Мәшһүр Жүсіп дүние-болмысты қайшылықты, тартыс-даулы, карама-қарсы дилеммалық феномен ретінде қабылдады. Ізгілік, мейірім шапағат, сана парасатының үстемдігіне жетуді ұлттық өсу мен өзін-өзі айқындаудың басты талабына санады.

Алтыншыдан, символмен астарлап, әр деңгейде ойлаудың көркемдік-эстетикалық жолын жеке субъект пен заман, дара тұлға мен жағдай, адам мен мәңгілік рухани ақиқаттар арасындағы терең тамырластықтың сырын ашуға шебер пайдаланды.

Мәшһүр Жүсіп есімі – адамдық пен ұждан, ар-иман, ұлттық намыстың, зиялылық пен білім, зерденің, өмір нұрын армансыз сезінудің, тәркі дүние сырын терең түсініп, екі әлемнің пәлсапалық парадигмаларын толық қабылдау, жалғанның жасанды қылықтарына өкінбеудің асыл үлгісі.

Мәшһүр Жүсіп (Естелік)

1931 жылдың декабрь айының аяқ шені. Редакциямыз Баянның шағын қаласында, бес-алты бөлмелі «Қарала әйнекті үй» аталған Сорокин деген бай қазақ-орыстың еңселі үйі. Редакцияда не бары үш-ақ адамбыз: Ғалым, мен, үшіншіміз Семей педтехникумының бұрынғы оқушысы Рахыш Хайруллин.

Мені Жосалыдағы мектеп-интернат директорлігінен газет қызметіне шақырып алып жүрген осы Ғалым Малдыбаев пен Мағзұм Әбдірахманов.

Ғалым таңертең почтаға соғатын әдетімен бүгін де жұмыс басталғансын келді. Екі құлағы ұшатын қызыл сұңқардың қанатындай артына қайыра киген қызыл плюш тысты түлкі тымағының қарын шала-пұла сілкіп, бүрмелі қара тонының түймесін дереу ағытып, костюмінің төс қалтасынан бір ашық хатты алып, түрегеп тұрған күйі оқи бастады.

«Ғалым! Сен қызмет істеп жатқан Баянаул ауданында Мәшһүр Жүсіп қайтыс болыпты. Ел іші «Мәшекең сөзі тәбәрік» – деп, таратып әкетіп жүрмесін. Сен сол Мәшекеңнің қолжазбаларын тез алып маған жібер! Кітап етіп басып шығаруға әзірлейік. Ғабит Мүсрепов». Орындығына отырып Ғабит жайын айтты: «Астанада кітап баспасының бас редакторы, үлкен жазушы. Оның мұнысы үлкен қамқорлық, үлкен адамгершілік», – деп кідірді де, өткен күзде Баянда, Сағынай ұстаның үйінде Мәшһүрге сәлем беріп, бір кеш бойы әңгімесін тыңдағанын, жарықтықтың нағыз шежіре, нағыз ғұлама, нағыз ақкөңіл әулие адам екенін айтты. Аз өмірімде, – деді Ғалым, – Қазақстанның мен қызмет етпеген, мен болмаған облыс аудандары кемде-кем. Солардың бір де бірінде Мәшекеңдей адамды кездестірген емеспін. Жарықтық өзі сонда (Сағынайдыкінде) айтып отырған жетпіс үшінде қайтыс болыпты. Соны естігенде мынадай бір-екі шумақ өлең жазғанмын.

Ұмытқан жоқ Мәшекемді
Ақ сақалды, тақиялы,
Заманында жазды өлеңді.

Өлең қалды, өлім алды.
Мекендеген Баян тауды
Мәшһүр аты мәңгі қалды.
Ақын да адам, ажал алды.
Бірақ... өлмес сөзі қалды,

– деді Ғалым. Риза болдық. Ал, Ғалым сәл ойланып қалды да, тез шешті.

Мен, – деді ол – қазір-ақ жүріп кетер едім, бірақ Мәшекең айналасы мені ауданның «белсенділерінің» бірі көреді ғой. Мәшекең еңбектерін маған сеніп бере қоймас. Осыған сен бар, Дихан! Саған берер. Әбдірахман деген атыңды өзгертіп Дихан қойған Мәшекеңнің балалары саған сенер. Берер.

– Ойланайын.

Түскі демалыста үйіме келіп, шәй ішіп отырғанымда әкем – Әбекеңе айттым. Әбекең көп сөздің адамы емес, кесіп айтатын. «Жаз!», – деді. Қағаз, қаламымды алып дайындалып едім:

– Жаз! – деді тағы да, – Шәрапи деп жаз. Екеуміздің сарабалдығымыз үшін Мәшекеңнің сөздері жұрт қолында кетіп жүрмесін. Бер! Жоғарғы жер кітап етіп шығаратын көрінеді. Бер!

Айтқанын жаздым. Оқып бердім. Арабша баспа сөзді жақсы танытын, қиссаларды жақсы оқитын Әбекең жазу жағына мүлде жоқ-ты. Әбіл деп қана қол қоя алатын еді. «Әбіл» деп хат аяғына (арабша) қол қойды. «1931 жыл декабрь».

Ертеңінде таңертең аудан аткомының кашаваға ұқсастау шаңасына жеккен бурыл атпен «Я, сәт!» – деп, жүз елу шақырым жердегі Мәшекең қыстауына Қалым шоқы биігінен беттеп жүріп бердім. Айтқандайын, мен шанаға мініп, божыны енді ғана қаға бергенімде Ғалым келіп:

– Шәрапи арабша сауатты ғана адам деп естимін. Арабша шығаратын болсаңдар ғана... дер. Арабша шығарамыз де! Қазанға жіберіп, бастырамыз де!

– Олай ете алар ма екенбіз? Өтірікші болармын. Шәрапи аға – әкемнің досы, құрдасы, сырласы. Бұл кісі мені «Сен Әбілдің баласы емессің, менің баламсың», – дейтін әзілдеп. Ол кісіге өтірікші болғам.

– Жоқ, Дихан, рас! Солай етуге тырысармыз, Ғабитке соны айтармыз. Ең бастысы – қалайда Мәшекеңнің шығармаларын қолжазба күйінде жұрт қолында кетірмеу... Қолға алу. Астанаға – Ғабитке жіберу, «Революцияның пайдасына шешілетін іс болса өтірік айтуға да болады» – деп кім айтқанын білесің ғой?!

Мен ұтылдым, ішімнен құптамағанымды тісімнен шығармай жүріп кеттім.

Жасыбай асуынан асып, ақ қар-көк мұз көлінің үстімен басып бурылды жүрдек айдап кетіп барам. Ақ даланың алшаң төсінде, сапарымның ертесінде де, кешінде де бишігім өрімді, жүрісім өнімді, өзім көңілді. Жалғызсырау дегенді білмеймін... Қысқасы, осындай сәттілікпен арада үш қонып, төртінші күні Болдейдегі қайын атам Бәйділданың үйінен аттанып, Қалым шоқы биігі түбіндегі жалғыз қораға – Мәшекең үйіне күн бата жеттім.

Жалғыз үйдің аты жалғыз үй ғой. Оның үстіне Мәшекең о дүниеге кеткелі бұл үй іші-басы Шәрапи ағаның өзі болып, Мәшекең жоқтығына бүкіл әлем көшіп кеткендей қоңылтақсиды-ау деймін. Мен атты «дыр-р деп тоқтатқанда қақпадан Шәрапи аға шыға келді. Қасқыр ішіктің жағасын артқа қарай сілке-мілке қайырып жіберіп, шанадан қарғып түсіп, «Шәрапи аға!» деп құшақтай алдым. Шәрапи ағаны Мәшекең қайтыс болғалы көріп тұрғаным осы. Сондықтан да жанағы «құшағымда» көңіл айтуым да бар еді. Шәрапи аға да солай сезген болар.

Үйге кірдік. Зейнеп шешей орталық бөлмеде екен. Зейнеп ана маңдайымнан иіскеп, одан оң қолының алақанымен маңдайымнан сипап, қасына отырғызды.

– Молда атамнан айрылғамыз, Дихан қарағым! – деп қамығып, көзіне жас алды.

Дастарқан жайылды. Әндетіп сары самаурын келді. Бой жылынды, ой жылынды. Менің келу сапарым жайын Шәрапи аға сонда ғана сұрады. Мен жәйлап қана нанымды үнмен келген жұмыс жайымды айттым.

– Тапқан екен ол жазушыларың, молда атам қазынасын талапайлататын адамды? – деді. Зейнеп шешей де күйеуінің мұнысына риза болды. Дастарқан жиылысымен: Мұнда, жүр, молда атам бөлмесіне жүр, Дихан айналайын! – деп Шәрапи аға мені төргі бөлмеге

ертіп кірді. Әйнекке қарсы қабырғада тұрған қоңыр күрен екі шкафты көрсетіп: Молда атам кітаптары, жазбалары осы екеуінде, – деді.

Шкафты ашқанша, Мәшекең мұраларын көргенше алып ұшқан дегбірсіздігіме өзіме іштей зекіп қалдым. Қабырға пешке іргесін тигізе жиналған қалың төсек; оның бас жағында үлкен үлкен екі көк жастық. Еденде – ақ киіз, алаша. Әлгі екі шкафтан төмен есік жағын ала ілулі бет орамал, дәрет орамал. Әйнекке жақын төртбұрыштағы жұмыс үстелінің үстінде кәдімгі тақиясы. Бөлменің нақ ортасында дөңгелек үстел үстінде қағаз, қауырсын қалам, жәй қалам, сия сауыт, қарындаш. Төсегінің бас жағында, кең бұрышта оқалы шапаны мен ұзын ақ көйлегі ілулі... Өне бір шағын айнаның жанында бірі былғары, бірі ағаш – екі шамадан. Жиһанкез Мәшекеңнің бұл екі шамаданы қашанда «жолсерігі» болатын. Біреуінде – шәй-қанты, жеңіл киімдері, орамал, сабыны, насыбайлық темекісі, былғары шамаданында – кітаптар, жол жазбалары, қағаз, қалам, қарындаш болатын. Ал, босаға жақта – жез шәйнек, жез леген, орамал.

– Молда атам бөлмесі! Әуелден осылай. Сол күйінде, бәрі сол күйі орын-орнында, – дейді Шәрапи аға. «Сүйтпегенде» деп Зейнеп шешей құптайды. Бұл көріністерді нағыз музейлік сипат дерсің.

Мен әкемнің хатын беруге осындай бір жәйлі шақ күткен едім. Соның реті келген шығар-ақ деп:

– Шәрапи аға, – деп төс қалтама қолымды салып Әбекеңнің хатын алдым да Шәкеңе ұсындым. Шәрапи аға арабша мол сауатты, зерделі адам еді. Жаңағы мен ұсынған хат сөзін әйелі Зейнептің де естігенін жөн көрген болар: «Дауыстап оқы» деп маған берді.

«Шәрапи! Екеуіміздің «сауатсыз салғырттығымыз» үшін Мәшекеңнің мұра сөздері жұрт қолында кетіп жүрмесін. Бер! Жоғарғы жер кітап етіп шығаратын көрінеді. Бер! Әбіл».

«Сауатсыздар» Әбіл екеуіміздей сауатсыз болса, шүкірлік дер едім, – деп күлді Шәкең.

Зейнеп апай:

– Адал достың көңілінде көлеңке болмайды дейтін еді ғой, молда атам. Әбекең сол ғой, жаңағы сөздерін айтам, – деп аз кідірді де. Жаздығүні, туу сонау бес көш жердегі Тамды мен Қарақоғадан молда атам көзі тірісінде бата қыла келгендердің ішінде Әбекең

тіпті жан жақындығын көрсетіп еді, Сізге, Төлеубай жанның ағасы! – деп күйеуіне жарқын қарады.

– Ия! Оның рас. Өйткені ол Әбіл ғой. – деді Шәкен.

Оқырман қауым, сіздер: «Мәшекең қарашада қайтыс болды. Өткен жазда тірі еді ғой. Тірі кісіге бата істеуші ме еді?» – дерсіздер. Оларың да жөн. Бірақ, сіздер олай дегендеріңізбен Мәшекең өзіне тірісінде бата істеткені шын. «Өзім тіріде, көзім тіріде істесін маған бата істейтіндер!» – деп жар салдырды да, өзі жайлауға көшпей, қыстауының оңтүстік жағындағы көкорайға екі киіз үй тіктіріп, жаз бойы бата істетіп, өзі ойлаған нұсқада қабірін қаздырып, зиратын салдырған. Мәшекенді теңдессіз құрметтейін бүкіл Айдабол-Шідерті елі ауыл-ауыл, рет-ретімен туу сонау 150–200 шақырым жердегі жайлауларынан Мәшекеңе бата істеуге осында – Қалым шоқыға ағылып келіп жатты. Саба-саба қымыз, шәй-қант, құрт, ірімшік, бауырсақтарымен келіп, қойларын, тайларын тірі әкеп, құран оқытып қайтатын. Төрде ұзын ақ көйлегі сыртынан оқалы шапан жамылып, үкілі тақиясы басында, арқар мүйізінен жасаған күміс шақшасы қасында, дәл жетпіс үш жасында әңгіме шертіп, жұртты ынтықтыра тыңдатып, кейде күлдіріп, өзі де бүкіл денесімен сылқ-сылқ күліп рақаттанатын, жарықтық!

Бір бата оқырында мен де болғамын. Жосалыдағы интернаттан (директорым) жайлаудағы (Бораншоқыдағы) өзіміздің ауылға бара жатқанымда Мәшекеңе сәлем бере кетейін деп әдейі соғып едім. Жаңағы «Бата оқыршылардың» бір тобы келіп жатыр екен. «Бата оқыр» дастарқан басында:

– Мәшһүрге тие берсін! Ал ішіндер, жеңдер! Аллаһу әкпар! – деп батасын өзі істеп, жайған алақанын бетіне тигізбей, иегі тұсынан төмен түсіріп батасын бітіреді екен. Бұл жолы да сүйітті, жарықтық! – Неге таңданасыңдар! Мәшһүр өлмейді деп білесіңдер ме? Тумаған адам ғана өлмейді. Туу – өлу деген мағына. Туған адам бәрі өледі. Бірақ... біреу ерте, біреу кеш. Өлім жолы иненің жасуындай, барлық адам өтеді сол тесіктен, – деді.

Терезесінің алдынан көрініп жататын көкдөңнің үстінен қаздырып жатқан бейітіне барып қайтпақ болды да: – Қасыма сен ғана ер! – деп, соңғы жылдардағы жол серігі, әрі күтушісі Шатабекті алып, дөңге қарай беттеді. Мен, барғым, көргім келетін көңілімді

көзіммен білдіріп, Шәрапи ағаға қарап едім, ол кісі: «Жүр», – деді. Біз барғанда Мәшекең болашақ мавзолей-зиратының астыңғы қабатынан лайықталатын бөлме (өзі жататын) орнын қазып жатқандардың қасында тұр екен.

– Қазыңдар! Терең қазыңдар. Мәшһүр қашып шығып кете алмайтындай етіп терең қазыңдар! – деп сылқ-сылқ күледі де, – және кең қазыңдар. Он-он бес адам сиятындай кең болсын. Кірпіштері берік қалансын, – деді. Тірлігінде... ұры-қарылардың, озбыр, қиянатшыл, аю мінез әкімдердің қара халыққа жасаған қиянатын қызыл тілмен қылыштаған Мәшһүрдің шатағы аз боп па? Тірімде тістері батпаған сол сойқандар мен көз жұмғансын өш алуға үстімнен арыз жаудырып, мүңкір-нәңкірге тергеттірмей қоймас. Сонда менің мұндағы дұрыстығымды қорғауға бірнеше періштелер келер... Кең қазыңдар, – деп Мәшекең сылқ-сылқ күлді. Қазушылар да күлді.

Бізден бұрын барған бір сыпыра адамдар бар екен. Солардың ішінен қаз мойын, ұзын сирақ Тәш:

– Мәшеке! Ұлылығыңызға құлдық! Тірісінде көрін қаздырып қойған адам еш заманда, ешқайда жоқ. Мәшһүрдің мынасы не сұмдық? – деп отырды әне күні біреу.

– Кім?

– Дәуітбай «білгіш».

– Сұмдық көрде емес, төрде төре боп отырғандарда, қиянатта, зорлық-зомбылықта, алдау-арбауда, кісі хақысын жалмауда, өсек-өтірік, жала-пәледе. Менің «көрім» шар етіп дүниеге келген сағатымда лайықталған. Соны енді өз көзіммен көруге қаздырсам несі сұмдық? Өлгенде жататын орнымды көзімнің тірісінде әзірлетіп қойып жатырмын. Өлгенде көрде емес, төрде... мына төрті бөлме төрінде, төрт бағаналы алып нар кірауат тәрізді ағаш «төсекте» шалқамнан жатпақпын. Өмір бойғы армандарының біріне жетпеген Мәшһүрдің о дүниеге кетерінде жеткен бұл арманын күндегендер күншілдік көгенінде қылғынсын. Аллаһу әкпар! – деді Мәшекең.

Ешкім ештеме дей алмады. Бұлар есімдегілер. Ал қазір, Шәрапи ағамен отырысымызда мен:

– Мәшекеңнің қалай қайтыс болғаны халыққа аңыз боп кетті. Бірақ, мен өз аузыңыздан естігім келеді, Шәрапи аға! – деп өтіндім.

– Халық өсіріп те, өшіріп те айтып жүрген жоқ. Расы сол. Сол күн таңертеңгі шәйді осы бөлмеде, осы үстелде іштік. Молда атам күндегісіндей нақыл сөздерін, ақыл сөздерін айтып отырды да:

– Сен ана шкафты аш та «Месқараны» әкелші! – деді. Әкеп бердім. Қолына ала беріп:

– Жүректің қазынасын қазған Мәшһүр, өксітпей, шашпай-төкпей жазған Мәшһүр, – деп жіберді. Сөйдеді де, бітімі Құран бітімдес, қалыңдығы Құраннан екі есе қалың жаңағы «Қарамес» қолжазба кітабының екі-үш жерден беттерін ашты, көз жүгіртті. Көзінде де, жүзінде де ыстық сыйластық, ыстық қимастық бар. Енді орнына апарып қой, – деді. Айтқанын істедім. Қайтып кеп орныма отыра бергенімде: Есінде болсын, Шәрапи... Менен кейін менің сөздерімді елеп-ескеріп кітап қып шығарамыз деушілер болса, араб қарыптарымен теріліп шығарылатын болсын! Аллаһу әкпар! – деді. Көңіліме ештеме алғам жоқ.

Зейнеп үстел үстіндегілерді жинап, үстін сүртіп бола бергенде босаға жақта тұрған шәйнек пен шіләпшынға көз жүгіртті де: «Мен таһарат алайын, сен анда бара тұр, қарағым», – деді молда атам. Зейнеп шығып кетті. Мен қолына су құйып тұрдым. Іш дәрет алды. Жуынды, сүртінді. Төсегіне кеп отырды да:

– Мен енді дем алам. Сен бара бер. Шаруанды істе. Малыңа қара! Біраз уақыттан кейін кел! Ұйықтап кетсем оятпа! – деп күлді. Бәрін айтқанынша істедім. Бір кезде... Айтқан уақытында есікті ақырын ашып кірсем, төсегінде шалқасынан ұйықтап жатыр. Үлкен ақ орамалын кеудесіне көлденең салыпты. Қасына жақындап «Молда ата!» деймін. Үн жоқ. Бетіне үңілдім. Құлағым төсеп тынысын тыңдадым. Тірлік белгі жоқ. Мәңгі ұйқыға кетіпті. Молда атамның ақтық демінің бітуінің шыны осылай... Халық та осы шындықты ғажап көреді, – деді Шәрапи аға.

– Рас, ғажап! Таңданасың. Бірақ, таңдану бар жерде толғану болуы да заңды. Олай болса, толғану, топшылау, болжау барын да ұмытпалық. Жаз бойы бата істеттіріп, бейітін қаздырып, мавзолейін салдырып, қыс басында бір сәтте қайтыс болды. Жақсының өлімі де жақсы деген осы да, басқаны былай қойғанда жұтаң жыл бастала бергенде, халық қасіретін көрмей-ақ кетейін о дүниеге дегендей өмірмен қоштасқанын айтсаңшы жарықтықтың...

Жегіп келген жалғыз керігім, жол серігім, сапар сенімім бурыл атты отқа қойып келгім кеп отырғанымды Шәрапи аға айтқызбай сезіп:

– Жүр! Атыңды отқа қой, – деп май ағаш жағып, жарық қып, қораға алып шықты мені. Шөп мая үйген қораның оң жақ төрінде Мәшекеңнің жұрт білетін ақмандай, жирен жал, күрең аты тұр екен. Басын оттықтан алып, жарықпен барған бізге қараған сәтін «Хош келдің! Амансың ба, жас жігіт!» – деп маған арнап амандасқаны тәрізді көрдім. Және бізге қарап көзін мөлдіретіп: Ием қайда? Мәшекем қайда? Неге қорада мұнша тұрып қалдым! Жүруші ек қой саяхаттап ел аралап? – деп тұрған тәрізді. Бұл күрең атты, бұл елде білмейтін адам аз. Өйткені, Мәшекең жиһанкез соңғы жетісегіз жылда осы күреңді ғана жектіріп жүріп тұратын.

Мәшекең Баянға барарында да, қайтарында да Мойылдыдағы біздің ауылға соқпай кетпейтін. Сонда тек қана біздің үйге түсетін. Сонда осы Күрең біздің қораның «сыйлы қонағы» болатын. Мені де танитын. Қасына барып маңдайынан сипап, тамағының астынан қақтым.

– Мұнда кірейік – деді Шәрапи аға атқорадан сол жақтағы бөлме есігін нұсқап. Мұнда Мәшекең жаңағы Күреңді жектіріп, өзі ғана мінетін трашпенке арбасы мен темір табан, кашава шанасы тұр. Арба үстінде қамыт, доға жатыр. Соларды көрсетіп:

– Молда атамның әр қайда сапар серігі төрт түліктен жаңағы күрең, жансыздан жаңағы трашпенке, шана, солардың сауыт-саймандары – қамыт, доға, божыға дейін мұра көремін. Сақтамақпын. Бірақ, кім білсін... Жыл жұтаңдап барады, – деп сәл күрсінгендей болды да: – «Иншаалла» деп айтайын, ешкім тие қоймас бұларға, аса бір дүлей біреу болмаса, – деді. Үйге кіргенсін осы әңгімені Зейнеп апай жалғастырды.

– Не бір милиция, не бір әскер, не бір белсенді... бір де бірі молда атамның Күрең тұлпарын ылауға да мінген емес. Арбасына не шанасына да отырған емес. Сәлем беріп, атамның дастарқанынан дәм татып, қоштасып, өз жөндеріне жүріп кететін, – деді. Ия, бұл, бүкіл ел білетін шындық болатын.

– Совет үкіметі орнағалы молда атамды бір-ақ адам ренжітті ғой. Сіз айтыңызшы, Қонақ жанның ағасы, – деді Зейнеп шешей Шәрапи ағаға. Қалай еді. Әлгі...

Жиырманасыншы жылдардың бас кезінде бір жылы жазда үлкен қалалардан оқудан демалысқа келген сақа студенттердің көпшілігі-ақ Мәшекеңе сәлем бере келеді немесе Мәшекең түскен үйге барып дастарқандас болып әңгімесін тыңдайды. Нелер ғажап хикаяларды, тарихи оқиғаларды, елдік, ерлік шежірелерді шертеді Мәшекең. Сондай керемет оқиғаларды тыңдап сусындаушы оқығандардың бірі Мәшекеңнің бір әңгіме-хикаясын «ел аузынан жидым» деп Семейде шығатын «Таң» журналына бастырады. Мәшекең бұған қатты ренжиді. Келесі жылы тағы да демалысқа келіп, Мәшекең отырған үйге келгендерінде:

Мәшһүрдің былтырдағы тірі кезі,
Сөзімді ұрлап жүрген қайсың өзі? – депті.

– Ол әлгі Шоқақ қой... Шоқақтап жүріп жалаңаш табанына «ұлтан» таппақ боп от басып алған. Өскемен жаққа кетті. Түбі Бәсентиін, Қаржау күшік.

– Күшігінің ішінде ұры ит боп ержеткен біреуі екен. Бәсе... Бәсе... – деп Мәшекең сылқ-сылқ күледі де, есіле де тесіле сөйлеп кетеді.

– Құдайға да жақсы керек. Жаңағыдай «Адамның итін» керек қылатын құдай бар ма? Құдайға ұры керек емес, жігіттің нұры керек! Анау кешегі Шоқан сияқты, Бүркітбайдың Мұстафасы сияқты. Сұлтанмахмұт сияқты халықтың жүрек жұлдыздары керек. Солардың ізбасары болар ма деген үмітім бар еді Ызабай Жұматайында. О да құдайға керектің бірі бопты. Блаж не? Жұматай Ызабаев Семейде, педтехникумда оқитын. 1925 жылы Семейде шыққан «Таң» журналының бірінші нөміріндегі арнау өлеңінде: «Таң» үстіне таң боламын атам да, Ел ағарту ұраным да, батам да. Соқыр, саңырау сорлы елімді оятып, Күнде айғайлап дабыл қағып жатам да! – деген Жұматай арманы Мәшекеңе қатты ұнаған екен. Мұның алдында осы Жұматай «Көгентүп» деген пьеса жазған Семей театрында ойналған. «Көгентүп» Ақбеттау болысы әкімінің жер үшін, жерін ықтиярларымен бере қоймаған қырық үйлі Мамыттың қырық жігітін көгендеп тастаған сұмдық оқиғасы туралы болатын. Сондағы көгенделген «қырықтың» бірі – Жұматайдың өз әкесі – Ызабай. Мәшекең даналығы 24 жастағы

Жұматайдың талабына, талантына, асыл арманына риза болатын. «Көкжиектен көріне бастаған бұл жас жұлдыз өрлей түссе екен, биіктеп жарқырай түссе екен!» дейтін. Мәшекең мол үміт күткен сол Жұматай 1926 жылы қайтыс боп кетті. Қандай өкінішті.

Шәрапи аға әңгімесін тыңдай бергім келеді. Айта түссе екен! – деймін. Бірақ Зейнеп апай: «Дихан шаршап келді ғой алыс жолдан. Мұнда келгелі де дем алған жоқ. Ертең де күн бар ғой... Солай емес пе, Төлеубай жанның ағасы», – деді. Бірін-бірі қас-қабақтан ұғатын үлкендер менің жатып тынығуымды ұйғарды және отырып қалдық. Ол былай болды.

Мен білетін бұрынғы Шәрапи аға сөзуар емес болатын. Әңгімешілдігін де білмеймін. Әсіресе әкесі Мәшекең туралы ештеме айтпайтын. «Жұрт өзі білетін Мәшһүрді мен несіне айтам. Мақтанып отыр дер», – дейтін болар. Әйтеуір солай болатын. Ал, бүгін, «екінші Шәрапи ағаны» көріп таң қалып отырмын. Жатық үнімен жәйлі шертеді. Әкесі (Мәшекеңнің) өмірінің кейбір сәттерін еске түсіріп, ыстық сезім толқынында көк теңізде жайсаң жүзген кеме тәрізді. Тыңдай бергім келеді, айта түссе екен деймін. Байқаймын, Зейнеп шешей де тап осы мен тәрізді күйде отыр. Мен алаңсыз тыңдаудамын. Өйткені Шәрапи аға ертең таңертең Мәшекең кітап дүниелерінен қолжазбаларын қарауыма рұхсат-уәде жасады. Екі айту бұл кісінде болған емес. Қаратады. Ал, оған бір кірісіп кеткенсін басқа ештемеге алаң болмауым керек. Сондықтан да осы кеште Шәрапи аға әңгімелерін-естеліктерін өте ұқыпты тыңдап алуым керек.

– Молда атам кіндігінен ағайынды үшеуіміз ғой, – деп бастады Шәрапи аға, – үлкені мен, ортаншысы – Әмен, кішісі – Фазыл. Өмір бойы желдей есіп, дариядай тасып, теңіздей толқып-толысып отыратын Молда атамның Тәшкентте істеп жүрген Әменнің қайтыс болған хабарын естігендегі күйзелісі, күйініші бүкіл ел-жұрт көңілін күйзелтті. «Ақжол» деген газетте, айналып кетейін, Жүсіпбек Аймауытовтың көңіл айтуы азырақ тоқтау-сабыр ойлатқандай болды. Бірақ, Молда атам:

Қан түсті алпыс үште аяғыма,
Оқ тиіп шетте жүрген Саяғыма,

– деп аһ ұрды. Отырып қалды.

Бір балам бар өзімнен асып туған! – дейтін баласы Әменнің қазасы молда атам жанын қатты күйзелтті. Келесі жылы жазында Түркістан арқылы Тәшкентке барып Әменнің зиратына белгі орнатпақ, дұға оқымақ болып қасына Бәзілдің Рахымын, Айманның Шериазданын алып, көкбришкеге қос түйе жектіріп жүріп кеткен еді. Қарқаралыдан әрі жүріске жарамайтынын сезіп елге қайта оралды.

Құдайға адалы, бір әке, бір шешеден туғанымызбен Әменнің жаратылысы Фазыл екеумізден мүлде басқа еді.

– Мен де білем, Әмен ағаны, – дедім.

– Қалай?

– Он бесінші жыл шығар деймін, Қызылтау елінде бала оқытады екен. Үйлеріне келіп Қызылтауға қайтып бара жатқан жолында біздікіне түсіп, ат шалдырып, шәй ішті, ет жеді (өзіне арнап асқан); сол отырысында (төргі бөлмемізде) қалтасынан қағаз алып «Хазіретке» деген өлең шығарып, біздің Әбекеңе оқыды. Содан есімде қалғаны:

Молдалар!

Құдай болса, әділ төрем

Халыққа – жәннат, сендерге – дозақ берем, – дегені ғана.

Ақ сұр бетінде білінер-білінбес қорасан дағы бар, отты жүз, күрең көз, өте ширақ, өжет мінезімен еркін отырады екен. Жаңағы «Хазіретке» деген өлеңін біздің Әбекеңе беріп кетті.

– Молда атама да сын шығарған ортаншым еді ғой ол, – деді Зейнеп шешей. Әменді «Ортаншым» дейді екен. Жұрт аузынан естуім бар болса да, мына кісі де соны айтар ма екен? – деп – Не сын, не деген екен Әмен аға? – дедім.

Зейнеп шешей іркілместен, ойланбастан:

Қолыма хат жазғалы алдым қалам,

Құбылып толқын боп тұр күллі ғалам,

Әкенің ең жақсы жездедей деп,

Соны айтқан бұрынғыда әулие адам! – деген екен, – деді.

– Бұны неге айтқан?

1916 жыл патшаның қазақтан майданға жігіттер алу туралы жарлығы дала жүрегін дір еткізді. «Кім үшін соғысқа барамыз? Не үшін соғысамыз? Неге текке қырыламыз?» – деп Баянауланың он болыс елінің еті тірі, жаужүрек азаматтары ұрандасып Алабас тауына көтерілді. Көтерілісті Башардан батыр басқарды. Әмен сол көтерілістің жанған өрттей жалынды ерлерінің бірі болды.

– Шіркін-ай, арамызда Мәшекең болса, батасын берсе қандай күдіретті ғаскер болар едік! – дегенді сондағы екінің бірі айтатын бопты.

– Жөн сөз?

– Сөз ғана емес, тілек!

– Арамызда бір күн ғана болып, батасын беріп кетсе жетіп жатыр ғой, – десіпті жігіттер. Әмен де осындай ойда болыпты. Ал Мәшекеңші? Мәшекең, бұл көтерілісті мағыналы деп те, мағынасыз деп те таразылайды. Мағыналысы – патшаның жиһангерлік соғысы үшін әділетсіз жарлығына қарсы көтерілмей отыру ездік болар еді. Ал мағынасызы не? Патшаның сан алуан соғыс құралдары сайлы, қару-жарақты да қаһарлы әскерлеріне қарсы соғысар қазақта сойыл-шоқпардан басқа, қоян ататын бірлі-жарым мылтықтан басқа не бар? Соғысса – босқа қырылу... Міне Мәшекең, осындай екі алуан ой толқуында болады. Ал, сыртында «Дала уалаяты» газетінде басылған 1905 жылғы «Қанды жексенбі» өлеңі, «Сарыарқа кімдікі?» толғаныстары туралы патша жандармдары Мәшһүрді тұтқындап, соттатып жібермек болғанда, Мәшекең лажсыздықтан «жиһанкездігін» қайтадан бастап, төрт-бес жыл бойы Орта Азия жақта қашып жүрген. Сол тұста:

Бұл Мәшһүр Бұхар барған, Қоқан барған,
Ойы бар барсам деген одан да әрман.
Түлеген аққу құстың қанатындай,
Жерінде жүрген-тұрған сөзі қалғанды,

шығарған еді. Ал мына көтеріліс тұсында патша әкімдерінің қанды көзі Мәшһүрде болатыны сөзсіз. Сондықтан Мәшекең 16-жылғы Баянауылдағы көтеріліске «Бейтарап» қалыс адам бейнесінде отыруын мақұл көреді.

– Молда атам қайтыс болғалы ұзақ отырысымыздың бірі осы шығар. Солай емес пе, Зейнеп! – деді Шәрапи аға бәйбішесіне. Осымен бүгінгі түнгі әңгімені доғарайық! Дихан, сен мына молда атамның төсегіне жат! Мына шешен төсек жайып береді қазір, – деді Шәрапи аға, Зейнеп шешей үрке, шошына қарап:

– Молда атамның төсегіне?..

– Ия! Молда атамның..

Зейнеп шешей күйеуінің байламына көнгендей болды да.

– Олай болса, онда. Дихан қалқам, сен бөтен адам емессің, өзіміздің ғой, қораға шығып, дәрет алып кел! Молда атам төсегіне сөйтіп, дәрет етіп кеп жат, айналайын! Зейнеп шешенің айтқандарын орындап кеп жатқаныммен ұйқым келе қойсашы? Мәшһүр төсегіне жату кімнің сыбағасына тие берер?! Мәшекенді бала күнімнен өзім талай көрген сәттерім, өзім тыңдаған әңгімелерім, ел аузындағы аңыздар бәрі есіме түсіп, көз алдыма келіп, алтын қырлы, алуан сырлы ғажап бір өмір кешіп жатырмын.

Таңертең дастарқан басында, шәй үстінде Шәрапи ағаға:

– Әуелі Мәшекен зиратына-мавзолейіне барып, жатқан жәйін көріп келсем, – деп едім: «Мұның білгендік!» – деді Шәрапи аға.

Зират бұл үйдің оңтүстігіндегі дөң үстінде болатын. Ауыз үйренген сөз болғансын зират дейміз ғой, әйтпесе, үсті екі бөлмелі кірпіш үй, асты Мәшекеннің денесі жатқан кең сарай – Мавзолей! Ауыз бөлмеде – қазандық. Самаурын, шәйнек, шелек, ожау, тәрелке-қасықтарға дейін, төр бөлмеде – дөңгелек стол, кітап, жәйма төсеніш. Босаға жақ бұрышта насыбай үккіш, шоқпар, үстел үстінде мүйізді қара шақша жатыр.

– Бұлардың бәрі Молда атамның өз айтуынша осылай қойылды, – деді Шәрапи аға.

– Дене?.. – дедім үнім әрең шығып.

– Дене..у. Тап төр бөлменің асты есінде шығар, былтыр жазда Молда атама бір «бата оқыр» үстіне келген едің ғой. Сонда Молда атам бәрімізді өзі бастап келіп, өзі қаздырып жатқан астыңғы қабаттағы «болашақ мәңгілік мекен-жайым бұл» деп көрсетіп, сылқ-сылқ күлген еді ғой... Есінде ме?

– Ия! Есімде.

Шәрапи аға енді кідірмей еденнің астыңғы бөлмеге кірер-шығар қақпақ есігін ашып астыңғы бөлмеге – Мәшкене бастады.

Бөлменің батыс іргесін ала бір жарым метрге жуық биік нар ағаш төсек үстінде – үстіне ақ жабылған Мәшекең, қайран жарықтық, Мәшекең жақсы бір түс көріп ұйықтап жатқанға ұқсайды. Пішіні, кескін-келбеті тірі күніндегісіндей сымбатты. Жүзіне көп үңіліп, едәуір тұрып қалған екем.

– Жүр, Дихан, енді үстіне шығайық! – деді Шәрапи аға. Маған Құран оқимын дегендер мұнда оқымасын, үстіңгі бөлмеге шығып, стол басында оқысын, – деп еді Молда атам. Үстіге шығайық!

Үстіңгі бөлмеге шықтық. Үстел басына отырып Шәрапи аға Құран оқыды. «Жәйлі жатыңыз, жарықтық! Біз сізді сағынайық, сіз бізді сағынбаңыз!» – деп бетімді сипап дұға еттім.

– Жаңағың Молда атамның сөзі ғой, Дихан? – деді Шәкең.

– Ия! Айдапкелдің әкесі Әбіш қажы қайтыс болғанда айтыпты ғой. Үлкендердің айтып отырғандарынан есімде қапты... Сол ғибратын әлгінде осында келе жатқанымызда өзіне айтсам деп ойлап едім...

– Өмірлі бол, Дихан, айналайын, – деді Шәрапи аға.

Шәрапи аға үстіңгі екі бөлмедегі заттарды қарап, реттеп, еденін сыпырып-сиыруға кіріскенде мен сып етіп астыңғы бөлмеге қайта түсіп, Мәшекеңнің нарынын аяқ жағында тұрып, тіземді бүгіп:

– Қасиетті Мәшеке! Шығармаларыңызды қарауға, астанаға жіберуге рұқсат етіңіз! – дедім де тұрып қалдым. Әлден уақытта «рұқсат» деген үн келгендей болды құлағыма. Әрине, өлген адам қайдан үн қатсын, ол менің көңіл жаңғырығымның қауесеті ғой...

Уәдеге берік Шәрапи аға таңертеңгі шәй дастарқан жиналысымен, солтүстік (әйнекке қарсы) қабырға жақта тұрған күрең сырлы шкафты ашып:

– Бері кел, Дихан! – деп Шәрапи аға саптағы әскердей самсап тұрған кітаптарды, қолжазбаларды нұсқады да, – міне, Молда атам! – деді.

«Молда атамның шығармалары, кітаптары демей, «Міне, Молда атам» дегенде менің көз алдыма, шығармаларынан бұрын тірісіндегі сүйікті Мәшекең, ұлы Мәшекең елестеді. Шәкең Мәшекеңнің қолжазбаларын шкафтан біртіндеп алып, «бісімілла!» деп дөңгелек үстел үстіне әкеп қойды. Мен де естірте «бісімілланы!» айтып, қолжазбаның біреуін қолыма алып қарай бастадым.

Қауырсын қаламмен де, жәй қаламмен де тасқа басқандай айқын жазылған Мәшекең шығармалары: «Мені оқы! Мені оқы! Ғаламаттары менде», – деп алып ұшып, саф алтындай салмақты жарқырайды. Неден бастасам екен? Қай шығармасы қайсында екені Шәрапи ағаға мәлім ғой. Ең алдымен. «Мәшһүр» деп қалай аталды екен? Әлде сол жөніндегі өлеңінен бастасам қайтеді, – деп едім.

– Ол өлеңі «Месқарада», – деді Шәкең.

«Месқараны» бермеймін дегені есімде. Сонда... Қалай болды? – дегенімді білдірер нышанмен Шәрапи ағаға қарап едім, Шәрапи аға шкафтан «Месқараны» әкеп алдыма қойды да:

– Алып кетуіңе жоқ. Қара, оқы. Жазып ал, керек етсең жаңағы айтқаныңды, – деді.

«Мәшһүр атты қалай алғандығы туралы» өлеңін «Қараместен» таптым. Бас көтермей оқып отырмын. Бес жасында Бұзаутас деген жердегі мектепке барыпты, алты-жеті жасында Баян қаласында Нәжмиден деген хазіреттен оқып жүргенінде «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш» хикаяларын көшіріп жазып алып жатқа айтыпты.

Сөйле деп ұмтылып тұр біздің өнеш,
Тілім тағы тақылдақ, көмескі емес.
Көпейдің бір баласы қақсап тұр деп,
Сол күнде-ақ жұрт аузында болдым кеңес.
Күні еді аға сұлтан сол күнде енді,
Баянтау қаласына Мұса келді.
Алдына көремін деп алдырғанда.
Тынбастан, жазған Мәшһүр қақсай берді.
Парасат нұрыменен әбдән білді,
Қаққай, – деп құдай мұнан көз бен тілді.
Мынау Мәшһүр болатын бала екен деп,
Ер назары тиюмен нәпіс қылды.
Ей, софы, бұл балаңды жақсы бақ, – деп.
Не болсын бұдан артық тіл мен жақ, – деп,
Аяумен мейірі түсіп, бұлай айтты:
Балаңа бұдан былай үкі тақ, – деп.

Дуанбасы, дуалы ауыз Мұса бұлай деп бағалағансын Нәжмиден хазіреттің бибісі, жарықтық, «қызының басындағы бір тал шоғын, қолымен бибі Мәриям өзі тақты». Сүйтіп, сегіз бен он

жетінің арасында «Аш-Шәһариат жұрт аузында Мәшһүр болғанын» толғапты Мәшекең. Төрт жүз жолдан астам осы өлеңін қайта-қайта оқумен, кейбір шумақтарын жазып алумен болдым ол күні.

Сүйтіп, Мәшһүр атты қалай алғандығы туралы толғанысын оқып, біліп, тәтті ұйықтап шыққан түнімнің таңы атысымен көңілді оянып, төсекте жатқанымда, патша үкіметінің жергілікті аждаһа әкімдері Мәшһүр Жүсіпті «Қамау» тізіміне алғызған «Сарыарқа кімдікі?» – деген тебіренісі ойыма келді. Сонда патша әкімдеріне тұтқын болмас үшін Мәшекең ел ішінен жылысып, тайып береді. Жас жігіт шағында бірнеше жыл медресесінде оқып ғұламалық білім алған, ғалым болған, одан кейін екінші рет барып бірнеше жыл аралаған Бұхара, Тәшкент, Самарқанд жаққа үшінші рет барады. Бұл жолы «Қашқын» тәрізді тағдыр тәлкегімен 1907 жылы барып, төрт жыл жүріп жиһанкез боп елге оралады. Алайда, атамекенінде – Баянаулада, өз елінде, өз үйінде отыра алмай, енді Еділ, Жайық жағын кезіп кетеді. Бала күнінен (Баян қаласында) орысшаны жақсы білген Мәшһүр сол жылы «Белгісіз сапарым» деген өлеңінде:

Мәшһүрдың қараңыздар қызығына,
Бұл күнде жүрісінің бұзығына.
Орысты туған бауыр есептедім,
Жыланды келіп қондым мұжығына,

– деуінде: адамды дініне, ұлтына қарамай, адалдығына, адамшылығына қарай бағалайтынын көреміз. Ал, Мәшһүр Жүсіпті осындай «Қуғынға», «Қашқындыққа» душар еткен «Сарыарқа кімдікі?» екен. Олай болса, мұны оқымай жаным қалай жәй таппақ? Мәшекеңнің көп толқынды қолжазбалары ішінен «Сарыарқа кімдікіні?» тауып алып, Мәшекең сөздерінің жүрек өртіне жалаңаш жүрегіммен сүңгіп, жүзіп бердім. Бабалар заманынан сай сайлап, мал айдап, сайраңдап, ел жәйлап келе жатқан қазақ елінің ата қонысы, алтын мекені Сарыарқаны патша өкіметі отарлап, өрісіне өрт, жүрегіне дерт салып отырған озбыр қиянатын ащы шындықпен әшкерелеп, халықтың ауыр хал-қасіретін тебірене жыр еткен бұл толғауында. Сүйтіп, бүгініне қандай қатты қайғырса, болашағының күйзелісін көрегендікпен тебіреніпті.

Есіктен кіре алмайтын қарашекпен, Орынды қақ жарып кеп алды төрден. Айрылды біздің қазақ Есілінен, Өзінің болған емес кесірінен. Жер-мүлкі шаруаның қызықты еді-ау, Қойнында құшақтаған жесірінен.

Қазақ даласын әр қазақ та, тап осылай шыбын жанымен, қасық қанымен тең көретініне ешбір шүбә бар ма? Әрине, жоқ? Жыл сайын жат бұйрықтар зәресін алып, «қазақтан баса-көктеп жер алуды» әдет еткен келімсек-крестьян патшаның жіберген отаршылдары. Жер-суын солар басып алғансын: Адасып осы күні қазақ қалды, Бұрынғы ата-баба рәсімінен. Жылқыға керек жерге егін салды. Жер жыртып, мұжық салған кесірінен. Жайлауға баратын жер тарылғансын, Айрылды мал да, жан да несібінен. Осынша қиянатқа төзбей, елінің, жерінің ар-намысын, еркіндігін жоқтаушы нешелер Шәһбаздар зынданда жатыр нахақтан, «ұлықтың қылған зорлық кесімімен» дейді.

Түңілді естіген жұрт мұнан таза,
Дәрмен жоқ білмегенге, білгенге аза.
Манифест бар деушілер тұтқын болып,
Кесілді еш себепсіз оған жаза,

– деп күйіне күйзеледі де:

Құдайдың берері жоқ жатқан жанға,
Болмайды үйде отырып ойындағы,

– екенін уағыздайды. Ұйқыңнан оян! Елдігіңді ұмытпа! Жеріңе-суыңа өзің ие болуға талаптан! – дейді екен Мәшекең.

Бұлайша ашықтан-ашық ұрандап күреске шақырып отырған ақын патша үкіметінің, оның жергілікті әкімдерінің қас дұшпаны саналмай тұра ма! «Қамау» тізіміне алынды, «қашқындық» жасап Орта Азияда жүруі, Еділ-Жайық жағына жылыстауы «самұрықтың» қанды тырнағынан сақтану ылажы екен ғой Мәшһүрдің.

Патша үкіметінің «алты бақан алауыз» қазақты өзді-өзімен ұстастырып, шағыстырып, шабыстырып, аздырып-тоздырып қор еткенін, ел билеуге, әкімдікке таластырып қойған алаяқтық саясатын әшкерелейді.

Құранды қор, молданы боздай қылып,
Кірісті сөндіруге Ислам нұрын.
Орысша тіл білгенді жұлдыз қылып,
Жоқ қылды шәриғаттың хұрмет сырын.
Мешітті «ас үй» қылды молда сасып,
Көргенсін шеневникті құты қашып.
Кітапты тиеп алып шанасына,
Астына сол к... нің алды басып...
Ол ол ма!
Көп болды көз жасына қалған жандар,
Зерлі шекпен, медалға жұртты сатып.

Осылай да осылай, елдің еңсесін басып, жаншып езумен, ақыл-ойын, ой-арманын есінен тандырумен отаршыл патша үкіметі дәуірлей бергенін Мәшекең жалтақсыз, ашықтан-ашық айқын айшықтайды екен «Сарыарқа кімдікінде».

Осынша қорлық-зорлықтан құтылу шарасын істеу ойларына кірместен «өнері-ұрлық, қорлық, зорлық, партия, барымта» боп алған өзінің қазақ халқына ренжиді. «Ес қайда? Елдігің қайда?» деп налиды, қынжылады, күйінеді. Асыл қазына, алтын мұраның бірінен соң бірін оқи бердім, оқи бердім. Және адалымды айтайын: бар құштарым поэзиясында болды да, шежірелеріне, аудармаларына, алысқан хаттарына онша зер салмадым. Жұрт қолында тарап кетсе кететіні өлеңдері, хикаялары болар деген шектеулі оймен шеңберленген тәрізді болдым.

Мен мұнда келгелі, Мәшекең шығармаларына кіріскелі екі жетіден асып барады. Шәрапи аға да, Зейнеп апа да менің Мәшекең қазынасын қалтқысыз қадағалап қарауыма, танысуыма, салалап, сараптауыма күндіз-түні бірдей құрақ ұшады.

– Атыңа алаң болма. Молда атамның Құласымен бірдей отқа қоям, суарам, жұмысыңды істей бер! – деп Шәрапи аға, бірінші күні айтқан. Мәшекеңнің Құласымен менің жегіп келген Бурылым бірін-бірі құлын күнінен білетіндей, бірге өскендей үйір боп алыпты.

Неше бір күн-түн Мәшекеңнің жыр теңізіне жүзумен уақыттың қалай өтіп жатқанымен ісім болмапты. Сөйтіп, қайтарымнан бір күн бұрын Шәрапи ағаға Мәшекең поэзиясынан екі папка – екі

том қолжазбасын алуға реттеп, қарындашпен беттеп қойғанымды айттым.

– Рұқсат етсеңіз міне, осы кенеге жазбаны алайын, – дедім.

– Рұқсат. Ал! «Қараместі» бермеймін дегенім деген. Басқасына таршылық етпеймін, – деді де аз кідіріп – он бес күн бойы аудара қарап, ақтара оқыдың. Молда атам аруағы риза шығар саған, Дихан айналайын! Иллаһи тек ниетің қабыл болсын! Осы еңбегің жансын. Шкаф ішінде сарылып-сарғайып тұра бермей, кітап боп басылып шықса жарыққа, Молда атамның өзіндей көрінер еді халыққа, рахметін айтар болар еді тарихта, – деді, дуалы ауыз дана Мәшһүрдің зерделі ұлы Шәрапи аға.

Сөз бітті. Жаңағы екі том қолжазбаны үлкен сары портфеліме Шәрапи аға өзі «Бісмилла!» деп өз қолымен салып бергелі жатқанда, Зейнеп шешей:

– Бере тұршы! – деп біреуін сұрап алды да, бетін ашып, екі-үш рет бетін тигізіп, ернін күбірлетіп: – Жолың болсын, Молда атам сөздері – деді. – «Айтқаның келсін!» – деді Шәрапи аға.

Артыма қарай-қарай кетіп барам. Қасиетті шаңырақтың қақпасы алдында көздерімен де, көңілдерімен де қимастықпен ұзатып сап тұрған сол екі ғазиз жандардың сол бір бейнесі қазірде де көз алдымда.

Сөйтіп мен Мәшекең мұрасынан сәтті оралдым Баянға. Сондағы осы сапарым жәйін Ғабит Мүсірепов туралы «Өнеге» деген естелік әңгімемде («Жалын» баспасы 1988 жылы басып шығарған «Ой толғауы» кітабымның 99–101-беттері) жазғамын.

Мәшһүр Жүсіп поэзиясының бірінші томы (Сондағы мен тапсырған) Қазақстанның «Ғылым» баспасынан басылып шықты. Ал осы томды баспаға әзірлеген, алғы сөзін жазған Сәрсенбі Дәуітов ініміз бұдан алпыс жыл бұрын Мәшекең қолжазбасын ғылым орнына тапсырған мен екенімді аузына да алмапты.

– Мәшһүр Жүсіптің зиратын бұзып тастады...

– Не дейсің? Есің дұрыс па? Не айтып, отырсың? Пенде атаулы бейітті бұзушы ма еді? – дедім Баянауладан келіп отырған қонағым Құлсамет Әбдіқадіровка.

– Наныңыз, Ди-аға! Менің есім дұрыс, бұзушылардың есі дұрыс емес болар. Өткен жылы трактормен бұзды... милиция.

– Аудандық партия, совет басшылары қайда? Олар біле ме ол сұмдықты?

– Білгенде қандай. Істетіп отырған солардың өздері.

Мына сұмдық жанымды қайда қоярға жер таптырмай, жүрегім жарылғандай, тынысым тарылғандай, есімнен айрылғандай сұлқ отырып қалдым.

– Бұ не сұмдық? Бұ не? Бұ не?

– Құдай-ай, не дейді? Неткен сұмдық еді, – деп дастарқан әзірлеп жүрген Мертайым еңіреп отыра кетті.

Мәшекең өмірінің соңғы жылдарында оны кіші баласы Фазыл мұғалімнен мектепте сабақ оқыған Мертай Мәшекеңді де, қаздырған зиратын да көрген болатын. «Мен де барам» дер еді, шиеттей жас төрт перзентіміздің жөні не болмақ?

Ертеңінде поезға билет алып, жүрмекші боп отырғанымда ең қымбатты досым Жұмағали Сайын ақын:

– Поезды қой. Машинаңмен бар. Билетінді тапсыр кассасына!
– деді.

Досымның кеңесін орынды көрдім, билетті тапсырдым. Осыдан бір жұма бұрын ғана «Победа» алғанмын, әлі майы да кеппеген. Василий деген шоферім бар. Баянаулаға жүріп кеттік. Бұл сапарым «Мәшекеңнің зиратын бұздырып тастапты» дегенді естігеннен кейін ренішті көңілмен бара жатқанымды бір сәт ұмытқандаймын. Өткені бұдан 12–13 жыл бұрын:

Он жыл болды-ау ойласам,
Бармағалы Баянға.
Жүрсем, күлсем ойнасам,
Еске түспей қояр ма? – деп едім.

Қазір ол он жылға және он екі жыл қосылып, жиырма екі жыл бармаған туған жерімді көруге ынтығым, сағынышым, ұятым үшеуі бірдей үшеулеп, Іледен аспай жатып Баянаулаға алып ұшып келем. Сегізінші күні қоналқаға Баянға жеттік. Алтын күн қызыларай қақпасынан ұясына ене берген шақта немере ағамыз Серғазы Әлімберовтың үйіне түстік. Ағай қайтыс болған. Дәмен жеңгей баяғы жайдары жүзімен қуана қарсы алды. Мағаз (немере інім) жас

баладай арсалаңдайды. Мәкіш, Зәкіш бүлдіршіндер мандайынан сүйгізіп еркелейді.

– Жиырма екі жыл бойы бір келмей сағындырдың ғой, айналайын... Оның не? – деді Дәмен жеңгей.

– Кешіріңіз, ол «білместігімді» Дәм жеңге!

Мен жалғыз емеспін. Қасымда інім Хайролла мен Керекуде газетте істейтін ақын Әбдікәрім Ахметов бар. Кешкі отырысымыз өте көңілді өтті. Әңгіме ырғалды, ән шырқалды. Түн ортасы ауғанда ғана жаттық. Сол түнгі ұйқымның тәттісі-ай! Бесіктегі сәби күнімде ғана тап осылай ерке ұйықтаған шығармын. Ояна келіп сағатқа қарасам, 9 бопты. Атып тұрып, тез киіндім. Шайға қарамадым.

Райком кеңсесі бұрынғысынша Оске атаманның көк төбел үйінде екен. Кең кабинет төрінде Арқа қазақтарына ғана тән сұңғақ бойлы, бидай өңді, ат жақты, жалтақсыз да жалғансыз жарқырай қарайтын қос шырақты, сымбатты да сырлы мінезді, кескінді Макин Кенжебай орнынан тұрып, қарсы жүріп кеп, кабинетінің орта шенінде қарсы алып, шырайлы амандасты.

– Хош келдіңіз, Ди-аға! Туған Баянаулаңызға жиырма жылдан бері бір келмегеніңізге өкпелі еді бұл ел, бұл Баянаула, – деді.

– Оның жөн. Ол кінәма кешірім сұрайын! Бірақ, өзім келмегенмен көзім келіп, жүрегім – Баян! Баянаула! – деп соқпаған сәт болған емес, кешегі майдан оты ішінде де, оқ астында жүргенімде де солай...

Бұдан кейін Макин:

– Жиырма жыл келмей жүріп келген сапарыңыз екен, Ди-аға! Жүріс жәйіңіз? – деп сұрады.

– Алматыда ешбір мекемеден, тіпті өзіміздің Жазушылар одағынан да тапсырма алғам жоқ, жүрегімнің бұйрығымен келдім. Сол бұйрық орындалса арманым хасыл, – дедім.

Макин бетіме «Қызық екен, оныңыз?» дегендей сүреңсіз күлімсірегендей болды да, суына қалды. Сұраулы жүзбен қала қарады.

– Өзіңізге мәлім, тарихи таланттар Баянаулада көп шыққан ғой Бұхар бабадан бастап. Сол тарихи мұраларды көрсем. Әсіресе Мәшһүрдың, Жаяу Мұсаның, Сұлтанмахмұттың ... – дедім.

– Оныңыз жөн! Жөн! – деді де түсіне қойды Макин. – Әсіресе Мәшһүр Жүсіп зираты шығар? – деді.

– Ия. Сіз өзіңіз милиция жіберіп, трактормен қираттырыпсыз. Сол рас па? – дедім манадан саябырлау отырған жан күйінішім жалыны бұрқ етіп. Ол тілі күрмелгендей бірден үндей қоймады.

– Рас қой, қираттырғаныңыз? – дедім ызалана өршеленіп. «Рас», немесе рас емес деп бірден қайдан айта алсын. Себебіне септестік өрмектей сөйледі.

– Павлодардағы партактивте, обкомплenumында кейбір белсенділер обкомге де, бізге де ауыр мін, ащы сын тағып шатақ шығарды. Партияның үгіт-насихатынан Мәшһүр Жүсіптің діни әруағы беделді болып барады. Мәшһүрді әулие тұтады. Ел адамдары басына зиратына барып түнейтін, баласы жоқтар бала тілейтін көрінеді. Аурулар сырқатын ұшықтайтын, дуалайтын болған. Облыстық, аудандық партия хатшылары не қарап отыр? – деп өртеніп сөйлеп қызыл өңештенді. Одан кейін «С.Қ» газеті бетінде тап жаңағылар тектес мақала басылып шыға келді. Содан соң обкомның бірінші хатшысы мені дереу шақыртып алып:

– Қазір ауданыңа қайт та, ана Мәшһүр Жүсіптің зиратын құрттыр! Құрт! Немесе партбилетіңді сал мына столдың үстіне. Қазір! Қазір! – деді. Ылаж не... Содан соң...

– Содан соң... Қираттырдым! деңіз. Солай ма?

– Ия. Екі милиция бір-екі трактор – деді тілі қырқылғандай, тоқтап... сілейіп, түсі қашып, албасты басып, отырып қалды Макин. Мына сұмдықты Макиннің өз аузынан естігенімде өзіме өзім әрең ие болдым. «Адам емес екенсің ғой» деп орнымнан атып тұрып, «Тфу!» – деп еденіне түкірдім де шығып кеттім. Түскен үйімізге қайттым. Өңім бұзылып кеткен болу керек! Дәмен жеңгей:

– Өңің бұзылып... Мұның не, айналайын! – деді Дәмен жеңгей.

– Рас екен! Қираттырған Макин екен. Өзі айтты! – дедім.

– Аруақ атар. Мәшекең жарықтықтың аруағы атпай қоймас ол пәлені! Қайнамасқа қаным, жәйбарақаттыққа жаным шыдамады. Жеңгейдің дайындап отырған шәйынан бірер шынаяқ шәй іштім бе, ішпедім бе білмеймін. Жүреміз! – деп орнымнан тұрдым да сол бетіммен жүріп кеттік.

Қасымдағы Әбдікәрім ақын мен Хайролламның да көңіл күйлері күйреңкі. Мойылды бұлақты басып, Айман бұлақтан асып Баяннан жүз елу шақырым жердегі «Қалым Шоқы» Ескелді

қайдасың!?» – деп Мәшекең мавзолейіне қарай күрең «Победамен» заулап кетіп барамыз. Зұлымдықты-сұмдықты жаулап кетіп барамыз, күйретілген тарихи қасиетті мавзолейді даулап кетіп барамыз... Ақыры жапандағы жалғыз биік Қалым Шоқы көрінді мен мұңдалап. Есігінің алды көлденең жатқан көлдей көк тұз Ескелді – сор. Жыр мен шежіре мекен жәйі етуге Мәшекең жаны қалаған, құтты мекен санаған, жалғандағы жәннатына балаған жалғыз биік, қайран Қалым Шоқы, айнадай жалтыр сор қайран Ескелді! Кеше тірісінде өз көзімен салдырған дөң үстінде ескірмейтін тарих боп, еңсесі биік жарық боп анадайдан «Мен мұнда!» – лап көрінетін Мәшһүр Жүсіптің мавзолейі қайда?.. Жоқ.

Сәулетті үстіңгі екі бөлменің кірпіштері қиратылған, шашылған, іргесі жатыр жер мен жер боп, трактор табандарына жаншылған. Ана жылы (1932) өз көзіммен көрген астыңғы «бөлмеде» төрдегі «Нар төсекте» – тарихи көрмеде, тірісіндегідей өңі-түсімен, екі қолын кеудесінен төменірек салып, оқалы да үкілі тақиясымен, шыңда отырған қыранның қанатындай толықша мұртымен, пайғамбар дұғалығындай қасиетті сақалымен мәңгілікке ұйықтап жатқан Мәшекең қайда?.. Жоқ. Бұ не сұмдық?

Жел гулеп жүрегінді тырнайды. Қоясыңдар ма осылай сорлаттырып? – деп Қалым Шоқы биігі тірілерден қайырым сұрайды. Жоқтау жырымен құстар шулайды. Ескелді сорының ернеуіне іркіліп кірпігіне қатқан көз жасы тәрізді жансыз көк мұз мөлдірейді. Сикыр дүние, сұм өмір, сорлы өмір, осы ма еді естіртпегің мен көрсетпегің маған?

– Бұныңыз не? Тым... – деді Әбдікәрім.

– Әбдікәрім, қарағым-ау, тіпті қай заманда да жауласқан екі елдің қан-қырғын соғыстарында да өлген адамның зиратына ешкім соқтыққан емес қой. Ал, мынау не сұмдық? Тіпті, кешегі өзіміз қатынасқан қан-қырғында да фашистер ешбір зиратты қиратқан емес. Ал, мынау не? Не сұмдық?

Екібастұз бен Қарағанды көмір алыптарының қарым-қатынас жүргіншілері, жолаушылары бұл зиратқа соқпай, түнемей өтпейтін бұрынғы әдетін әлі тоқтатпапты. Қиратылған мавзолей орнының айналасы солардың жакқан оттарының орындары, отын қалдықтары, күл. Асқан еттердің сүйектері.

Уа, қасиетті баба Мәшеке! Мына сұмдықты жасаушыға әруағың кешірмесін! Ал, мына халды көзіммен көріп тұрған мына мен – Дихан Әбілев жаным тіріде кешірмеймін, бұл сұмдықты кешіргенше, оллаһи, тірі болып жер басып жүрмейін! Куә бол бұл антыма, қасиетті Қалым Шоқы биігі, куә бол, ел қонысы Ескелді! Куә бол, Баянаула аспаны, кең дала! – Бұл менің жүрек күйінішім мен Антым! – дедім сол жерде. Кіндік қаным тамған Баянауылымнан, Мойылды бұлақтан кешірім сұрадым да, Бұхар жырау, Жаяу Мұса, Сұлтанмахмұт зираттарына зиарат еттім. Бұл «Үш алыптың» бастары да өте жүдеу екен. Ескерусіз, елеусіз қалыпты. Алматыға қайтып келісімен «Тарихи ескерткіштер туралы» деген тебіренісімді жаздым да «Қазақ әдебиеті» газетіне бердім. Бас редактор Сырбай Мәуленов қолма қол оқып шығып, басып шығарды. Бұл 1956 жылы болатын.

Осы мақала басылып шыққан «Қазақ әдебиеті» газетін (1956 жыл, 16 март, № 11) Мәшһүр Жүсіп тірілгендей көрген халық бірінен бірі сүйінші сұрап қуанып, бірінен бірі газетті сұрап алып, қолдарынан түсірмей оқиды.

Қарағанды мен Екібастұздың қарт шахтерлері «Қазақ әдебиетінің» жаңағы нөмірін күндіз қалталарына, түнде жастықтарының астына салып оқиды. Мәшекеңнің ұлы сөздерін, хикаяларын естеріне түсіреді. Өзінен басқа ешкімде жоқ мінезін де, бейнесін де, отырыс-тұрысын да көз алдарына келтіреді.

Мәшекеңнің кіші баласы Фазылдың әйелі жүз километр жердегі «Жаңа жол» колхозы орталығы Бөлденеден салт атпен Баянға келіп, атының басын аудандық партия комитеті кеңсесіне бір-ақ тірейді де, Макин кабинетіне кіріп барып, қойны-қонышынан жаңағы мақала басылған «Қ.Ә»-ті газеті даналарын суырып-суырып алып, Макин хатшыға:

– Оқы! Сен не істедің, Молда атам зиратын? Дихан не жазып отыр? – дейді алқынып.

Макин селк етіп, шошына қарап: Сіз кімсіз? – дейді.

– Өзің зиратын қираттырған Молда атамның, Мәшһүрдің келінімін. Екібастұздың қарт шахтерлері Қасым Қашағанов, Мұқаш Бәлімбаев, Шайхы Қазықанов, Қарағандының Мейрам, Жабайлары «Әу!» десіп ұйымдасып, бірлесіп, екі айдай дайын-

далып, жаздың үш айында Мәшекеңнің зират-мавзолейін әуелгісіндей етіп күйген кірпіштен қалап, есік-терезелерін салып, сыртын сылап жатқан сәтінде жолсапармен жазушы Әбу Сәрсенбаев барыпты.

Мәшекең туралы бұл естелік әңгімемде көрнекті ақын Ғалым Малдыбаевтың Мәшекең туралы адамгершілігін айтпай кетуге хақым жоқ. 1961-жылы Мәшекең туралы маған жазған мына хаты:

«Дихан! Сенің еңбегің Мәшһүр Жүсіп Көпей ұлына көбірек сіңгенін жақсы білемін. Сонау ауыр жылдарда Мәшекеңнің томдаған өлеңдерін Академия Науқаға жеткізген сен едің. Міне, сол Мәшекеңнің жалғыз (менімше солай) суреті! Мен мұны және ақын Майраның суретін Жазушылар одағына бергелі отыз жылға жуықтады. Бірақ олар жарыққа шығарған жоқ. Өткен жаз өзімнің Мәшекеңмен 1931-жылы күз кездескенімді жазып, осы фотосын көрсетіп «Қазақ әдебиеті» газетіне жіберген едім. Бірақта, олар әлі күнге дейін жарыққа шығармады. Ия, сенің Мәшекең туралы жазғаның менің есімде бар. Оның қасиетіне қол тигізгендерді қатты сынағаныңды да білемін. Ол өте дұрыс еді. Кім өлмейді?

Сол Мәшекеңнің суретін, міне, саған тағы да жіберіп отырмын. Реті келсе, үлкейтіп, портретін марқұмның кітабының арасына қойсаң да, бір ескерткіш болар еді деген сенім бар менде. Мәшекеңді құрметтеген Ғалым Малдыбаев. 15декабрь 1961 жыл».

Жұлдыз. – 1992. – № 12. – 116–129 бб. Дихан Әбілов

Мәшһүр ақын (1858–1931)

Халқымыздың атақты ақыны, ғұлама оқымыстысы Мәшһүр Жүсіптің көп қырлы талант екені елге мәлім. Қаршадайынан оқыған, оқып қана қоймай, көңіліне мол дүние тоқыған білімдар. Ақынның «Миғраж», «Хаятбақшы», «Қорқыт», «Гүлшат–Шеризат» деп аталатын қисса, дастандарын, публицистикалық, этнографиялық еңбектерін, халық ауыз әдебиетін жинаудағы қыруар жұмысын атасақ та жеткілікті.

Бұл жөнінде академик М.О. Әуезов былай деп тұжырымдайды: «Ал, өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт» [1].

Ал, академик-жазушы С. Мұқанов М. Көпеевтің творчестволық жолын жан-жақты зерттей келіп, өз ойын былайша түйіндеген еді: «XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры мол сақталған – Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшһүр Жүсіп: «Бұқарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар». Бізге келіп жеткен тамыры ғана», – дейді. «Мес» жинағына қарасаң көңілің тояттайды, оқысаң көзің қуанады. Сиясы әсем көшірілген қолжазба Мәшһүр махаббатына лық толы. Ол көне қолжазбаның әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-төкпей сақтауға тырысқан» [2]. Осыған ұқсас пікірді ғылым докторы Ы. Дүйсенбаев та айтқан. Ол: «М.Ж. Көпеев Бұқарға тиісті деген өлең-толғауларды ел ішіндегі кәрі құлақ қариялардың аузынан жазып алып, ертеректе қағаз бетіне түсірген, екіншіден, ол өзінің шамасы келгенше қарт жыраудың мұрасын толығырақ және келіп жеткен қалпында сақтауға тырысқан, үшіншіден, өзі де Бұқардың өмірі және шығармашылығымен жете таныс болғандықтан кейбір жыр-толғауларының түсіндірмелер берумен бірге, басқа да қызықты мәліметтер келтіріп отырған», [3] – десе, бұл ойды біз де мақұлдаймыз.

Халыққа аты белгілі сол Мәшһүр Жүсіп 1858 жылы өзінің айтуынша (қазақша қой жылы, арабша ережеп айында, жұма күні, бесін кезінде) Қызылтауда, Найзатас деген жерде дүниеге келеді. Нәресте туған соң ата-баба салтымен азан шақырып, аты Жүсіп болсын деп қояды. Бұл жөнінде ақын кейіннен «Өмірбаян» атты өлеңінде:

Жасымда қойылған ат Адам Жүсіп,
Жұрт кеткен сүйгенінен Мәшһүр Жүсіп.

Қолыма қағаз, қалам алған шақта,
Кетемін қара сөзге желдей есіп [4], – деп баяндаған.

Ал, оның Мәшһүр Жүсіп дейтін атқа ие болуы жайында да қызық мәлімет бар. Ақын жоғарыда аталған жырында тағы да былай дейді:

Бес жаста «бісімлілә» айтып жаздым хатта,
Бұл дүние жастай маған тиді қатты.
Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде,
Мұса еді қосақтаған «Мәшһүр» атты [5].

Сөйтіп, ол өзі айтқандай, тоғызға енді толған шағында қалың топтың алдында бірде-бір мүдірместен мақамына келтіре отырып, «Төрт жігіттің өлеңі», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» лиро-эпос дастандарын жатқа толғайды. Жиылған қауым дән риза болып, «баланың аты – Мәшһүр болсын, тіл-көзден аулақ болуы үшін басына үкі тағып қойыңдар» [6], – дейді.

Қара өлең, жар-жар, аужар, сынсу, батырлар жыры, лиро-эпос жыры, шешендік сөздің неше алуан түрін жастайынан жаттап өскен Мәшһүр өзі де он бес жасынан бастап өлең шығара бастапты. Ақынға сөз берсек, ол:

Жабысты маған өлең он бес жаста,
Жұрт айтты: «Не қыласың», – деді баста.
Дегенмен қоя алмадым үйренген соң,
Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа.
Шүкірлік, бергеніне құдай патша,
Он бесте шабыттандым жүйрік атша [7].
Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде,
Кеудеме өлең толды сызған хатша, – деп толғайды.

Біз уақытысында «Жалайырдың жел жетпес жүйрігі» атанған Бақтыбай мен Сыр бойының ақыны Бұдабайдың түс көріп, түсінде көген емес, өлең алып ақын боп оянғанын жақсы білеміз» [8]. Ал, М. Көпеевтің қалай ақын болғандығы жайлы әңгімесі оның өзінің алдындағы өнерпаздарға ұқсастығымен бірге, айырмашылығының

да бар екендігін анық танытады. Ол жай «Кеудеме өлең толды сызған хатша» деген жолдарда жатыр. Одан бұл кезде жазу-сызудың қазақ өлкесіне кең қанат жая бастағанын, Мәшһүр Жүсіптің де сауаттылықты жоғары бағалап, оған құрметпен қарағанын аңғарасың.

Бірақ оның осы тұстағы өлеңдерінің тақырыбы күнделікті тұрмыстық жағдайды суреттеуден әрі асқан жоқ. Ол өзі араласып жүрген айт пен той, әртүрлі адам мінезі, жүріс-тұрыс ерекшелігі, көшу, қону, жаз бен қыс, ас, қыз ұзату сияқты нәрселер еді. Бұл өлеңдерінде кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне терең бойлап, психологиялық талдау жасау жоқтың қасы, бір сөзбен айтқанда, бұл оның шәкірттік, үйрену кезеңі еді.

М. Көпеев, өзі айтқандай, он бес жастан кейінгі өмірінің бәрін дерлік өлеңмен сөйлеген. Ақын дүние танымын, адамдармен қарым-қатынасын, нені сүйіп, нені жек көретінін, кімнен үйреніп, кімнен жиренетінін де өрнектеген. Біз оның мұндай туындыларынан эстетикалық ләззат алып қана қоймай, сол кездегі адамдардың өмірге деген көзқарасын, психологиясын, тұрмысын жан-жақты танытқандай боламыз.

Ақын той мен топта, ел мол жиылған аста бай мен болыстан, би мен бектен ығыспаған, олардың қателіктері мен кемшіліктерін тіке айтып, жуанға істеген «жақсылығын», жіңішкеге көрсеткен қорлығын бетіне басып отырған. Осы ақ ниеті үшін артынан опық жеген кездері де аз емес екен. Оны өзі «Ғибрат наме» атты өлеңінде айқын байқатады:

Япырым-ай, кессем бе екен мен тілімді,
Үйрендім қайдан өнер, көп білімді.
Өткіздім қасірет пен қапалықта,
Қызықты ойнап-күлер мезгілімді [9].

Расында да ол бала болып ойнамаған, бес жасынан бастап оқуға зейін қояды. Ержетіп бозбалалық шаққа жеткен соң да ала қағаздан бас алмаған. Ақын шарқ ұрып ізденудің нәтижесінде білімге де, парасатқа да ерте жетіпті. Күннің шуағын бірінші болып қарсы алып, батып бара жатқан шапағын да өзі шығарып салатын заңғар таудың құзар басы сияқты, алдымен не көрсе де

білімді жан көрмек. Ақылды, білімді адам өмірдің соққан бар дауылына төтеп бермек. Мәшһүр Жүсіпті де осындай жан деп білеміз. Оның жанының нәзіктігін, көңілінің жомарттығын, «өзім не болсам да мейлі – өзгенің жаны жараланбасын, басқаның басына бақытсыздық, күңгірттік келмесін» деп іштей ақ тілеумен жүретінін айтып жеткізу мүмкін емес. Мәшһүр жырлары оқушысын еңбекке, адалдыққа, мейірімділікке үндеумен қымбат.

XX ғасырдың бас кезінде ұлы Абайдың соңын ала шыққан Мәшһүр Жүсіп Көпеев сол Абайдың сара жолын арман-мұрат тұтып, соның соқпағымен «тас қияға өрлегендердің» бірі еді. Ақын өзі ғана ұстазынан тәлім-тәрбие алып қоймай, өзге жұрттың да сол жолмен ілгері басуын тіледі. Ол бұл тілегін күндіз-түні өлең жазып, халықтың ішкі жан дүниесін тербетіп, олардың өнер-білімге, отырықшылыққа шақыру арқылы жүзеге асырды. Ақынның түпкі арманы – халықты жаппай сауаттандыру еді. Алайда ол мұндай игілікті іс тек сөзбен ғана аспайтынын, ол үшін қолда билік болуымен қатар, мол қаражаттың қажет екендігін кейін сезінді. Амалсыз ішкі мұң-шерін тағы да өлеңмен шертті: Бұлттай жауатұғын менің өзім, Көкірегім – қан, жаспен толған көзім. Жаңбырдың рахымет тамшысындай, Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім [10].

Кезінде ақынның көкірегінен шыққан сөзді түсінетін, оған еміренетін жанның аз болғанына қынжыласың. Әйтпесе ол «жауатұғын бұлттай» түнермес еді ғой. Ақын ойлары заңғар. Ол ауыл үйдің әңгімесін айтып отырған жоқ, адамға, қоғам өміріне қатысты мәселені толғайды. Көкірегі толған шуақты жұртшылыққа шашқысы келеді, «Қырымнан қияға қарап» алысты шолғысы бар. Ақынның арғы жағы жұлдыздай жарқырап тұрған соң (жанының тазалығын айтамыз), оған барлық әлем шуақты да сәулетті, барлық адам адал да абзал.

Ол көпшіліктің берекесін алатын, жарастығын бұзатын озбырларға үнемі қарсы тұрып келіпті. Бұл турасында профессор Б. Кенжебаев: «Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың жаман мінездерін, қазақ арасындағы феодализм қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды», [11] – десе, ғалым жіті байқап, дұрыс бағалаған деп білеміз.

М. Көпеевтің өмір сүрген тұсы-бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы-сиырын айдап алып, сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді. Кедей-кембағал, жетім-жесірді «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстап, шырқыратып езіп-қанағанына байлар мәз. Байыған сайын оларға кең дүние тарылып, қусырылып бара жатқан сияқты көрінеді. Ашыққан қорқау қасқырдай жан-жақтан анталап, жер таласын, жесір дауын күшейтіп, бірін-бірі тірідей жеп қоятындай өшігеді. Бай мен шонжарлар жан-жағына жұтып жіберердей алара қарайды. Қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек. Оқу іздеп, өнер қуып жүрген бірде-бір жастарды көре алмаған ақын халыққа қарап: Қазағым, өнер іздеп, ұрлық-зорлық, Қыласың бір-біріңе неге озбырлық, Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз, Басына келген жоқ па талай қорлық [12], – дейді. Ақын сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Ол адамзат баласының бір-бірімен табыспайтын, жақындаспайтын кезі болмайды, олар бір-бірінің ішкі жан сырын сөйлесу арқылы түсінеді, ұғысады дей келіп: Кем емес – кейбір сөзім жанған шоқтан, Әр кімге ауыр тиер атқан оқтан. Ұшқан құс, жүгірген аң-жануарлар, Атанды бәрі хайуан – тілі жоқтан, – деп түйіндейді. Бұл жерде ол адамның «ұшқан құс, жүгірген аңнан» артықтығы – ақылында дегенді білдіріп отыр.

М. Көпеев өз өлеңдерінде әркім өз еңбегімен күн көрсін дегенді үндейді, сонымен бірге біреудің есебінен күн көретін арам-тамақтардың кімдер екендігін де айта кетуді ұмытпайды.

Ақын адам өміріндегі ең бір қымбат дүние достық екенін, досы мол жанның бақытты екенін жан-жақты айта келіп:

Бұл сөзімнің балы бар уы аралас,
Ойлаймысың бір іске деп жарамас.
Келіп пе едің жалғанға киім киіп,
Тумап па едің анадан тыр жалаңаш [13],

– деп бір тоқтайды. Яғни, бізді қоршаған табиғат бір қалыпты тұрып қалмай, үнемі даму, өсу үстінде болатынын осылай нақты қағидалармен толық түсіндіреді.

Мәшһүр Жүсіптің бөліп айтуға тұрарлық айырықша бір ерекшелігі – өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіппен, шашау шығармай ықтияттап жинап отырған. Оның алғашқы өлеңдері «Дала уалаяты» газетінде 1889 жылдан бастап көріне бастады. Ақын 1889 және 1890 жылдар аралығында бірнеше мақаламен қоса, бес өлең жариялады. Олар мыналар: «Әңгіме», «Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен», «Кедейлікке үш қырсық оралады», «Күн шықпай ерте тұрып», «Білмейді ел өнерлісін, аулақ болар». Бұл өлеңдердің бәрінің сарыны ортақ, ой арнасы біреу – ол жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады. Ал, ел ішінде бос тентіреп кәсіпсіз жүрген кейбір желбуаз бозбаланы сынап мінейді: Өзінің малын күтіп баға алмайды, Бір тиын қолдан кетсе таба алмайды. Бір саңлау оймен іздеп табары жоқ, Біреудің айтқан тілін тағы алмайды [14].

Осылай дей отырып, еңбек етпейтін, сыбай-сылтаң жүрісті жандарды ұрыспай, сөкпей, тілдемей, жай ғана сыпайы сөзбен ұялттып, қызартады. Оларға «мынадай бол, мынадай істе» деп те ақыл айтпайды. Тек қана еңбек ет, еңбек адам баласының – анасы дегенді меңзейді. Ақын бұл ойын қолына домбыра ұстап тоймен топта емес, баспа бетінде айтты. М. Көпеевті өзі көзімен көрген, оның барлық еңбегімен таныс-біліс болған сол кездегі орыс оқымыстысы Белослюдов төмендегідей ой айтады: «М. Көпеев халықтың мұнын жырлай бастайды. Мәшһүр Жүсіп өлеңді жазып шығарды, мұның өзі қазақ әдебиетінің тарихында халықтық сипаттағы жаңа бағыттың дамуына зор түрткі жасады. Бұрын өлең көпшілік алдында ауызша айтылатын, ал ақын атану үшін біреумен айтысқа түсетін, жаршы міндетті түрде суырып салма ақын болуы шарт еді. Енді Көпеев өлеңдері оқырмандарға жазбаша түрде ұсынылды, ақын деген сөз тек ақын-жырауларға қатысты ғана емес, өлең жазуға қабілетті талант иелеріне де қолданыла бастады» [15].

Мәшһүр Жүсіпті 1874 жылы он алты жасында өз ауылының ауқатты адамы Әкімбек деген кісі келіп әкесінен сұрап алады. Бұл байдың Қалибек деген жалғыз баласы бар еді. Арманы перзентін оқыту болатын. Оның молданың алдынан енді ғана босанған Мәшһүрді ата-анасынан «аттай қалап, атандай сұрануы» кілті осы еді. Бұл жайында ақын:

Әкімбек он алтымда алып кетті,
Жалғызы Қалибекке ұстаз етті.
Басында Ақшакөлдің жаз жайлауда,
Әкемді мол жылқымен бір жөнелтті [16],

– деп шындықты бүкпесіз айтады.

М. Көпеевтің өз шәкірттеріне берген аса маңызды тәрбиесі – ғылым жайында еді. Оқыған адамның көзінің алды жарық дүние де, қара танымаған кісіге бар нәрсе бұлдырап тұрады. Білімі таяз адам дірілдеп-қалтырап әркімге бір жалтақтағыш келеді. Білікті кісі құйған қорғасындай салмақты болады. Сондықтан терең де парасатты білім әрбір адамға ауадай қажет. Ғылым – пенденің ішін анау-мынау лас қылықтан тазартатын түңілік сияқты. Түңілік арқылы үйге күндіз Күннің, түнде Айдың сәулесі түсіп тұратын болса, сапалы білім де адам жанын баспалдақтай биіктете беретіні анық дегендерді айта келіп, ақын ғылым жөнінде ойын былайша қорытады: «Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын сарп қылған пенденің жаны тіріліп сыйлы болады. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылмаған пенденің жаны өлік жан есепті. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады» [17].

Мәшһүр Жүсіп балаларды оқыта жүріп, жазу-сызуын бір сәт тоқтатпайды. Күндіз сабақ беріп, қалжырап шаршағанына қарамай, түнде май шамның жарығымен өлең жазады екен. Кейбір түнде өзі сүйіп оқитын шығыс ақындары: Науаи, Фирдауси, Сағди, Хафиз шығармаларына сарыла үңіліп, білімін үздіксіз көтеріп отырған. Адамға қазына дәулет жолдас болмайды, ғылым мәңгі өмірсерік. Өнерді үйрену үшін де алдымен білім керек. Білімсіз бірде-бір ісің ілгері баспайды. Ақын осылай толғамды ойларын ортаға сала отырып, өзі де көп оқыған, ізденген, өзгелерді осыған үндеген.

Ақынның үй ішін бір сөзбен мұғалімдер семьясы десе де болғандай. Өзі көп жылдар бойы бала оқытты. Жәдитті қатты қолдап қуаттаған. Бұл сол кездің жаңа бағыттағы оқу үлгісі еді. Ол осы оқу үлгісін жәй ғана жақтап қоймай, нақты іс-әрекет еткен. Атап айтқанда, балаларды жәдитше оқытқан, осы үлгідегі кітаптарды ел арасына кеңінен таратуға мол күш салған.

Ақынның Әмен деген ортаншы баласы арнайы жолдамамен Ташкент қаласындағы № 4 мектепте сабақ береді. Ол бір оқушы

қыздың әке-шешесі он үш жасар баласын малға сатып ұзатпақшы боп жатқанда, ара түсемін деп 1921 жылы азғынданған жандардың қолынан қаза табады. Бұл оқиғаны «Ақ жол» газетіндегі қазанамадан көрген ақын:

Қан түсті алпыс үште аяғыма,
Оқ тиді түзде жүрген саяғыма,

– деп құлындағы дауысы шығып шырылдаған көрінеді. Мәшһүрдің тұлабойы тұңғышы Шәрәпи де әжептеуір сауат алады. Өзі алдыңғы қатардағы колхозшы болса керек. Оның бұл баласы 1936 жылы өз ажалынан қайтты. Кенже ұлы Пазыл да көп жылдай мұғалімдік қызмет атқарды. Партия мен үкімет Отан алдындағы еңбегін бағалап, Ленин орденімен наградтаған. Ол 1970 жылы қайтыс болды.

Әрине, М. Көпеев дінге сенген жоқ еді, ол ата-бабасының ескі салтына бағынбаған жан еді деп әсте де айта алмаймыз. Ол ескіше ең көп оқыған адам. Сөйте тұра, ол ескі наным-сенімге қарсы шығып отырады. Мәшһүр шайтанды молдаларша ұғынбайды. Оны дербес малғұн, жұрт көзіне көрінбей жүріп азғырушы деп қарамайды. Ақынға сөз берсек, ол: «Ағаштың бойында гүрілдеп ағып жатқан өзен – адамның денесіндегі қан. Әй, жігіттер, естерінде болсын, оны «шайтан» – дейді. Ол бір кесек нәрсе емес, денеңе арам қан боп кіріп, жүрегіңе барып, жүрегінді толқытып, өзіңді бұзады. «Шайтан» деген өзіңнің ойың. Ой иесі «шайтан» жүрегіңе неше түрлі ой салады...

Олай болса, көп жеуімен екі нәрсе көбейеді. Бірі – қарын, бірі көңіл. Бұл екеуі бойыңда толық тұрғанда басқан-тұрғаныңның бәрі өз басыңа у болғаннан басқа пайдасы жоқ. Құнанбайұлы Ыбырай марқұм айтты ғой:

Өмір дүние дегенің ағып жатқан су екен,
Жүрген-тұрған жұмысың ойлап тұрсаң у екен, – деп.

Оның және бір сөзі мынадай:

Адам бір боқ көтерген боқтың қабы,
Өлсең сасық боласың боқтан тағы.

Менімен сен тең бе деп мақтанасың,
Білімсіздік белгісі ол баяғы.

Соңғы ел білімдарлары бұл. Адамды адам санына кіргізбей жүрген қарындағы бір қап «жұмбақ» екенін білді де ішіп-жемекті аз қылды. Ол екеуі аз болған соң ұйқы бөлінді, сергек болды. Содан соң жүректі барып ұйытқытып бұзатын дәнеме табылмады. Сонан соң бұл адамнан нәпсі-дәме бәрі атымен жоқ болып, көңілі күш-қуат алып, Періште сипатта болды. Аз жеуді, аз ұйықтауды, аз сөйлеуді мұрат тұтты», [18] – дейді. Сөйтіп, ол Абай сияқты ғұлама адамды осылай жоғары бағалаған. Бұл жөнінде Ә. Тәжібаев: «Мәшһүр Жүсіп Көпеев дегенді білмейтін қазақ зиялыларында жан жоқ. Әрі ақын, әрі ақылгөй жан, ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстаздық ағартушылық жолын берік ұстанды. Ақындығын да өзіне мұрат етті», [19] – деп терең толғап айтыпты.

Ақын қолына түскен бір шежірені оқып отырып былай деп жазады: «түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дегендей анық қазақтың өз ортасында сөйлесіп жүрген танымал сөзден шежіре алып жазған біреуі де жоқ. М. Көпеев – өмірге көзқарасында, әлеуметтік болмыстарды түйіп-бақылауда мол-мол қайшылықтары бар жан. Ол кейде өзі өмір сүрген тұстың қалтарыс-қатпары көп көлеңкелі жақтарын барынша батыл сынайды, патша чиновниктерінің, би-болыстардың «алсам-жесемнен» басқаны білмейтін озбырлығын қатты шенеп айтады. Сөйте тұра, «мархабат патшамыздан теңдік тиіп, көз жасын нашарлардың тәңірім иіп», [20] – деп бір сәт патшаға деген тілеулестігін де, оған деген сенімін де, білдіргендей болады. Осының артынша 1905 жылғы үлкен халық көтерілісі жайлы тебірене толғап, патшаның 17 қазандағы манифесі көз бояйтын жалған бұйрық екенін ешнәрседен тайсалмай айтқан да М. Көпеев еді.

1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан Мәшһүр Жүсіптің «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деп аталатын үш кітабы бірдей шықты. Бір айта кететін жай, «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты жинақ «Хал-ахуал» кітабының толықтырылып басылған түрі десе де болғандай.

Ақынның осы кітаптарын қадағалап оқыған адам оның сол кездегі Ресейдің саяси хал-жағдайымен белгілі бір дәрежеде таныс екеніне көзі жетеді. Оның бұл өлеңдерінде 1905 жылы халық көтерілісінің де әсері бар екені көрініп тұр. Бұл шығармаларда жожа-молдалардың жағымсыз іс-әрекетін сынайтын жерлері де аз емес. Осы кітаптардың ішінде патшаның отаршылдық саясатына қарсы айтылған пікір де кездеседі. Мәшһүр Жүсіп Ресеймен қосылудың прогрессивті жақтарымен бірге, қиындығы да аз болған жоқ деп айтыпты. Біз осы үш жинақта жырлаған тұрмыс-тірлігін, іс-әрекетін, психологиясын біршама суреттеп беруімен де құнды дер едік.

Мәшһүр Жүсіп Бұхара, Ташкент, Түркістанға үш рет сапар шегеді. Бірінші рет 1887 жылы, 29 жасында барады. Бұл жолы Бұхарада оқып, білімін көтереді. Арабша, парсыша шыққан кітаптарды қадағалап зерттейді. Ол осы сапары жөнінде: Мәшһүрден келе жатыр өнер қайнап, Бұлбұлдай қапастағы тұрған сайрап. Самарқанд, Бұхар, Ташкент – бәрін кезген. Жасында бір кем отыз тәңірім айдап, [21] – десе, екінші рет барғаны турасында:

Жалғанды жалғыз кезген басым еді, Бір асыл қолға түспес тасым еді. Зыбарат шығыс бапқа бұл барғаным. Жылым қой, отыз жеті жасым еді, [22] – деп анықтама береді.

М. Көпеевтің өз айтуынша ол 1895 жылы араға сегіз жыл уақыт салып қайта барыпты. Ақынның бұл екі сапары да оның білімін көтеру мақсатынан туғандығы көрінеді.

Ал, енді Бұхара, Ташкентке 1907 жылы үшінші рет баруының жөн-жосығына келсек, ол алдындағы екі сапардан басқашарак. Оның себебі: ақынның осы жылы жарық көрген үш кітабында кедей-кембағалдың мүддесін көп толғағандығынан да болса керек. Бұл жөнінде нақты мәліметті Ә. Қоңыратбаев береді. Ол: «Мәшһүр Жүсіптің жоғарғы үш кітабының заңға ілігіп таратылмауы, оны басып шығарған Қазандағы Құсайыновтарға 12 мың сом ауыр айып салынуы, ақынның қамалушылар тізіміне ұшырап ел ішінде бұғып жүруі осыдан», [23] – деп тұжырымдайды.

Ақын Бұхараға, Ташкент жақта төрт жыл жүріп оралған соң да жағдайының жөнді болмайтынын түсініп, бұл жолы Еділ, Жайық жағалауын аралайды. Бірте-бірте Жыланды бойындағы

мұжықтарға да барады. Ол «Менің белгісіз сапарым» деп аталатын толғауында: Мәшһүрдің қараңыздар қызығына, Бұл күнде жүрісінің «бұзығына» Орысты туған бауыр есептедім, Жыланды келіп қондым мұжығына [24], – деп орыстың кедей шаруа-мұжықтарымен достасқанын, сырттай таныс-біліс болып қана қоймай, олармен жақын араласқанын да айтады.

1940 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті хрестоматиясында» М. Көпеевтің «Шайтанның саудасы» енсе, осы жылы Мәскеуден жарық көрген «Дала әні» атты қазақ поэзиясының антологиясында бір өлеңі басылды. Сондай-ақ, «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1983 ж.) атты кітапқа бірнеше өлеңдері енді (құрастырушылар Т. Әбдірахманов, Қ. Жармағамбетов), М. Мағауиннің құрастыруымен 1978 жылы «Советский писатель» баспасынан шыққан «Поэты Казахстана» деген кітапта «Шайтанның саудасы» тағы да басылды. Ол 1889–1894 жылдар аралығында «Дала уалаяты» газетінде бірнеше проблематикалық материалдар, «Айқап» журналының 1912 жылғы екі санында көлемді мақала жарияланды.

Ақын бұл шығармаларында да көпшілік қауымды еңбекке, оқу-білімге, адалдыққа үндейді. Әсіресе қолыңнан келгенше кісіге жақсылық істе, кедей-кембағалдың қажетін өтеу – адамдық борышың. Ал, халық үмітін ақтарлық игілікті ісің болмаса, кісі санатына қалай қосылмақсың? – деген пікір қорытады.

Ол адалдық, адамдық жайындағы толғамды ойларын өлең, мақала, аңыздың айналасында ғана айтпай, көптеген дастан да жазған. Біз сондай туындыларының ішінен «Гүлшат пен Шеризат» атты көлемді дүниесін таңдап, іріктеп кітапқа енгізіп отырмыз. Сюжеті шығыстан алынған бұл дастанда жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, жарық пен қара түнек қоса қабат көрінеді. Ақыры адалдық жеңеді. Дастанның бас кейіпкері Шеризат не бір қорлықты көрсе де, бәріне төзеді. Оның бойында адамға деген сенім бар еді, сол сенім оған барлық қиындықты жеңгізеді. Сөзің – шын, ісің – әділ, көкірегің мөлдір болса, дұшпаның қанша қысастық қылмағанмен, жеңе алмайды деген ой айтады автор.

Мәшһүр қазақтың көптеген білікті адамдарымен кездескен. Соның бірі – атақты балуан Қажымұқан. Ол онымен 1925 жылы таныс-біліс болып, екеуі Баянауылда бірнеше күн бірге жүріпті.

Бірі ақын, бірі балуан – өнер адамдары іштей түсінісіп, қыл өтпес дос болып, қимай-қимай ажырасыпты. Сондай-ақ Атбасар дуанының тұрғыны Мейрам Жанайдарұлымен де [25] сырлас-дос болыпты. Бұл кісі өз заманының оқымысты адамы екен. Арабша, парсыша, орысша сөйлей де, жаза да біліпті. Айырықша қасиеті – ауыз әдебиетін көп жинапты. Сонымен бірге «Мың бір түннің» бір тарауын өлеңмен жырлап, 1895 жылы «Дала уалаяты» газетінің 41–49 нөмерлерінде жариялапты. Мейрам жырлаған бұл дастан Ү.Сұбханбердина құрастырған «Қисса-дастандар» (1986 ж. 28–327 бб.) атты кітапқа енді.

Мейрам қара сөзбен емес, тақпақтап, мақалдап-мәтелдеп сөйлейді екен. Оның бізге жеткен мұрасы жоқтың қасы. Ол адамға Мәшһүр Жүсіп Көпеев мінездеме бере келіп: «Ақылды адамда күлкі де жоқ, ашу да жоқ, кемдік көріп, тарығып сасу да жоқ», [26] – деп бағалапты.

Жолмұрат Жүсіпұлы [27] өз қолжазбасында Мәшһүр Жүсіптің атақты Бөгембай батырдың немересі Саққұлақпен де тығыз қарым-қатынаста болғанын, ол адамнан ақынның халқымыздың әдеби мұрасын көшіріп алғандығын да айтады.

М. Көпеев Ақан серімен бірнеше рет кездескенін, онымен сырласып, пікір алысқанын айта келіп, былайша тебірене сөз етеді: «Ақан серінің Құлагері өлген соң бұрынғы серілік мінезді қалдырып, көп бас қосатын ас, жиын-тойға жүрмейтін, бармайтын болып, дүние махаббатынан мүлде көңілін суытты. Ақан сері адамзаттың сұңқары, қызыл тілдің ділмәрі еді жігіттің құлпы жібегі еді» [28].

Мәшһүр Жүсіп ел ішін көп шарлап, ақсақалды қарт, ақ самайлы әжелердің аузынан халық ауыз әдебиетін жинайды. Сол мақсатпен кейде баратын ауылына жете алмай далаға қонса, кейде таудың ішіндегі бұлақтың басына түнейді.

Ақын мал соңында салпақтап күндіз-түні еңбек етіп жүрген кедей шаруаның ауыр азабын, жетім мен жесірдің көз жасын өлеңге қосты. Сол қиындық бейне бір өз басынан өтіп жатқандай сезінді:

Жыр қайда, осы күнде ғылым қайда,
Түн сайын шертуші едім сырымды Айға [29].

Немесе:

Дүние үшін жанның бәрі қайғы жеген,
Мін тағып бір-біріне әлденеден.
Жан бар ма айтшы, елім, еміреніп,
Егіліп өз халқы үшін еңіреген, [30]

– деген жолдардан өз қара басының ғана қамын ойлап қоймайтынын, өзгенің де өзегіндегі өксіген өкінішін бар жанымен сезіне алатындығын көреміз. Кейде қара қылды қақ жаратын туралығымен де М. Көпеевтің ел ішінің пысықтарына жақпай қалатын кездері болыпты. Сол себепті бірде момын шаруалармен көңілі өсіп жүрсе, бірде өзін жүдеп-жадап жалғыз қалғандай сезінеді. Ондайда ол қасқайып тұрып жырлап кететін:

Кейде мен көп сөйледім аузым бақпай,
Бетімді жіберген соң ешкім қақпай.
Туысқа тура жолды айтамын деп,
Жалғанда жалғыз қалдым жанға жақпай [31].

Біздіңше, жақыныма ғана жақпадым деп ақын сыпайы айтып отыр. Көпті кінәлап, көпке топырақ шашқысы келмегендіктен де ел басқарып отырғандарға тікелей қарсылығын білдірмегенге ұқсайды. Бұл оның қара басын қорғаштауы емес, қайта достуысыма бір кесірім тиіп кетер-ау деген сақтығы ма дейміз.

М. Көпеевтің есімі көзінің тірісінде-ақ көп жерге тарап кеткен еді. Оның да бірнеше себептері бар. Біріншіден, ол бұл кезде бірнеше кітаптары шығып, елге танылған-ды, екіншіден, көне мұраны жатпай-тұрмай хатқа түсіруімен де белгілі болған. Енді бір айырықша қасиеті – соншалық ғылым-біліммен молдалық құрмауы еді. Мәшһүр Жүсіптің осындай жақсы істеріне қанық зиялы қауым оның еңбегін айырықша бағалап, өз өлеңдерінде атын құрметпен атап отырған. Мысалы, Нартай Бекежанов: Ақмолла, Ұзақ ақын, Мәшһүр Жүсіп, Заманға жатушы еді үлгі пішіп. Солардың ағып жатқан теңізінен, Біз пақыр сөйлеп жүрміз қанып ішіп [32], – деп өзінің алдындағы өрен жүйріктерге ізет-құрметпен қарайтынын байқатады. Бұл арада Мәшһүрдің қыруар еңбегіне сүйсіне қараумен бірге, Н. Бекежановтың кішілігі мен кісілігіне қызығасыз.

Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларын ақтарып отырып ҚР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорындағы 850-папкадағы аты-жөні белгісіз біреудің мынадай бір естелігіне көзіміз түсті: «Ақын жеті күн ауырды. Дәл жеті күн ауырып жатқанда бір айтқан сөзі: «Ажал жүр жағалап қоймаймын деп, Шәрәпиден жүр бермеймін», – деп мырс етіп күледі (Шәрәпиден үлкен баласы – С.Д.). Өзі тірісінде айтушы еді, «жетпіс үшке жеткенше балталасаң да өлмеймін. Жетпіс үштен ары қарай сүйресең де аспаймын», – деп. «Азырақ-азырақ тынышсызданып жатқан кісідей болып, жан тәсілім етті де, пысылдап ұйықтаған кісідей болды. 1931 қой жылы жұмаға қарай таңға жақын аяулы ақын, зерделі жинаушы, жақсы азамат жарық дүниемен біржола қоштасты», – делініпті.

Мәшһүр Жүсіп бүкіл түркі халқын тегіс сүйген бұл «батыр да, қайсар ел» деп дәріптеген, түркі тілі араб тілінен кейінгі ғажайып үнді, мазмұнды тіл екендігін дәлелдеп айтқан. Әсіресе, Қожа Ахмет Иассауиді түркі елінің ғұламасы атаған, бұл кісі тоқсан тоғыз мың машайығын шақырып: «Сіздер баршаң бір жерде отырып, бас-басыңызға бір ауыздан сөз айтыңдар кейінгі заманға естелік болсын», – дегенде, «Қай ретті қылып сөйлейміз» деп Сұлтан хазіреттің өзінен сұрағанда: «Мақал деп айтылатұғын сөз болсын...» Ең алдыңғысының айтқан сөзі екен: «хазірет баршамызға бас-басыңа бір-бір сөз айт деп шақырды. Жалғызың дәнеме айтпайсың, өзін білме, білгеннің тілін алма деген осы екен-ау», – дейді. Сонда солардың ең аяқ соңында қалғаны айтқан екен: «Сендердің қасыңда құйысқанға қыстырылған тезек сықылды болып жүріп мен не айтамын», – деген екен. Орта буынды біреуі дәнеме айтпаған соң: «Кел, мұның қол-аяғын байлап, тіпті ештеме айтпаса суға тастап жіберелік деп бас салғанда: «Құдайға шүкір, көп қорқытады, терең батырады деген осы екен-ау», – депті. Қазақ ішінде «мақал» деп айтылып жүрген сөз тоқсан тоғыз мың машайықтан қалған екен десіп келеді», – десе, Мәшһүр Жүсіп мақал-мәтелдің бір үлгісі Қожа Ахмет Иассауиден бастау алған шығар деген ойға қалдық. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халық қадірлеген үлкен тұлға.

Әдебиеттер

- 1 Әуезов М. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961. – 358 б.
- 2 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы, 1974. – 110 б.
- 3 Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы, 1970. – 17 б.
- 4 ҚР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қоры. 1173-папка. – 20 б.
- 5 Сонда. 35 б.
- 6 Сонда. 69 б.
- 7 Сонда. 20 б.
- 8 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. 239-папка. – 43 б.
- 9 Көпеев М.Ж. Хал-ахуал. – Қазан, 1907. – 2 б.
- 10 Сонда. 4 б.
- 11 Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1976. – 63 б.
- 12 Көпеев М.Ж. Сарыарқа кімдікі екендігі. – Қазан, 1907. – 11 б.
- 13 Сонда. – Қазан, 1907. – 30 б.
- 14 Дала уалаятының газеті. – 1889. – № 9.
- 15 Мырзахметов М. Абай жүрген ізбенен. – Алматы, 1985. – 143 б.
- 16 ҚР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 1173-папка. – 25 б.
- 17 Сонда. 216 б.
- 18 Сонда. 230 б.
- 19 Тәжібаев Ә. Пионер. – 1986. – № 4.
- 20 Сонда. 3 б.
- 21 ҚР Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қоры. 1773-папка. – 43 б.
- 22 Сонда. 47 б.
- 23 Кітапта: Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961. – 245 б.
- 24 ҚР Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қоры. 1773-папка. – 46 б.
- 25 Сонда. 1773-папка. – 43 б.
- 26 Сонда. 44 б.
- 27 Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің туған жиені, ақынмен бірге жүріп шығармасын хатқа түсірген.
- 28 ҚР Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 1773-папка. – 49 б.
- 29 Сонда. 9 б.
- 30 Сонда. 22 б.

31 Сонда. 49 б.

32 *Бекешанов Н. Өсиет.* – Алматы, 1982. – 14 б.

**Сәрсенбі Дәуітұлы, филология ғылымдарының
докторы, профессор**

Дін және Мәшһүр Жүсіп

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ірі суреткер ақын екені, оның қазақ фольклорын жинаудағы, тарих, педагогика т. с. с. ғылым салалары бойынша жазғандары біршама зерттелді деуге болады. Мәшһүр Жүсіптің сонымен бірге дін тарихы, оның ішінде ислам діні тарихы, мәні, ерекшеліктері туралы жазғандары бір төбе. Біз осы орайда Мәшһүр Жүсіптің дін туралы жазғандарын қазіргі ғылым табыстарымен салыстыра отырып, өз ойларымызды ортаға салмақпыз.

Күні кеше отаршыл коммунистер: «Алла жоқ, әлем өзінен-өзі белгілі бір заңдылықтар бойынша жаратылды» дегенді жай айтып қоймай, қуғындау ісін жүргізіп келгені мәлім. Қазір «Алла бар!» деушілерге тыйым жойылды, бірақ «демократия» дегенді желеу етіп, ислам дінінен аулақтатып, исламды мансұқтайтын білгіштердің көбейіп, түрлі кітаптарды қарапайым жұртқа тегін таратып, дінді бұрмалау етек алып бара жатқанын көрмеу мүмкін бе?! Міне, осы орайда дінге, оның ішінде ислам дініне ғылым көзімен қарай алмаушылар бар екенін ескеріп, осы еңбегімізге Алланың бар екені ғылым әлемінде әлдеқашан дәлелденгеніне назар аудартқымыз келеді.

Бағымдасақ, XVIII–XIX ғасырдағы әлемге танылған ең үздік ғалымдардың бір тобы әдеттегі қалыпты адамдар тәрізді көзі көріп, құлағы естіп келген бір ғана ғаламға сүйеніп, «Алла жоқ!» деп жар салса, Мәшһүр-Жүсіп көзге көрініп тұрған ғалам біреу ғана болса, көрінбейтіні үшеу екенін осыдан 100–120 жыл бұрын айтқан. Ең жетілді деген фотоаппараттың, т. с. с. көмегімен ғалымдар көзге көрініп тұрғаннан басқа көзге көрінбейтін құбылыс барына енді-енді ғана көз жеткізе бастаса, Мәшһүр Жүсіптің ол көрінбейтінінің

біреу емес, үшеу екенін ерте әйгілеуі көне қолжазбаларда қазіргі ғылым ашпаған жаңалықтар мол екеніне жарық түсіре алады.

«Айта Керимеде – Алла тәбәрік отғылы: «Ие ғалам лығып уалшаһадат», – деп тұр. Оның мағынасы: «Көрініп тұрған да ғалам бар екен». Көрініп тұрған ғаламды: «Ғалам лашаһадат, ғалам лызор, ғалам лыхак» – дейді. Көрінбей тұрған ғаламды: «Ғалам лығыып, ғалам лимығына, ғалам ламир» – дейді. Олай болғанда, көрініп тұрғанды: төрт аяқты хайуан, ұшқан құс, жүгірген аң, бәрі де біледі. «Көрінбей тұрған ғалам» мағынада – ғалам ламирде не бар, одан адамға келетұғын қандай пайдалар бар? Соны білуге тырысу керек.

Бұрынғы ата-бабаларымыз мұның бәрін білді. Бірақ артына нұсқа қалдыруға хат жазу білмеген себепті ауыздары айтып кетті. Исі қазақ деген жұрттың көрініп тұрғаннан басқамен жұмысы болмағаннан: «Қазақтың жаны – азапта, Наданның жаны – тозақта!», – деп зарлап кетті. «Көзі соқыр – соқыр емес, Кеудесі соқыр-соқыр», – деп қақсап кетті. Осы сөздерді бұрынғы ата-бабаларымыз айтып кеткен. Сонда біздің осы көрініп тұрған менен ғана алданып: «Өзіміздің шешеден туумен кісі болдық қой!», – деп шолақ ойда қалғандығымызды білгендіктен бұл сөздерді айтқан».

Осы түйінге жүгінсек, адамды теріс жолға түсіруді мақсат етіп, арақ ішуге, шылым шегуге, зина жасауға, пара алуға т. с. с. үгіттейтін, тек сөздері тікелей құлаққа естілмейтін шайтанның адамға көрінбейтіні келіп шығады.

Осы орайда: «Тән деген не? Жан деген не?» – деген сауалдар туатыны анық. Басқаны былай қойғанда, Алла сөзін жеткізуші Інжіл (Библия) мен Құранда ерлі зайыптылардың қосылуынан бөлінген ұрық негізінде пайда болған ана жатырындағы нәрестеге 40 күннен кейін жан салынатыны айтылса, ғылымда ол енді-енді дәлелдене бастады. Атап айтқанда, 42 күннен кейін нәрестенің түрлі қимыл жасай бастайтыны ғылым жүзінде қазір дәлелденуі де Құранда айтылғанды растап отыр емес пе?! Енді оны қарапайым пендеге ұғынықты етіп түсіндіру үшін, моторсыз машинаның дүрілдеп орнынан қозғала алмайтыны тәрізді жансыз тәннің қимыл жасауға дәрменсіздігі ойға оралады. Сонда 40 күннен кейін іште жатқан сәбиге періште жан салса, адам өлерінде сол салынған жанды екінші бір періштенің көзге көрінбей келіп алатыны шығады. Жан

алуға келген Әзірейілді бәтін көзі бар, демек әдеттегі адамда жоқ, ерекшені көру қабілеті бар әулиелер, немесе өлгелі жатқан адамның өзі ғана көре алады. Ендеше, өлгелі жатқан адам: «Әне келді!» деп, біз көрмейтінге қол созса, біз оны: «Сандырақтап жатыр» демеуіміз керек. Адам өлгелі жатқанда мысықтың үрейленіп мияулауы, сол үйден кетуге асығып, есікке ұмтылуы, сыртта үйшігінде жатқан иттің ұлуы оларда «бәтін» көз бар екенін, тек олардың не сезгенін бізге адам тілімен жеткізе алмайтынын зерделеген жөн. «1917 жылға дейін қазақ халқының пәлен пайызы ғана сауатты болған» – дегендерге айтарымыз: «Сауаттылық тек кітап оқи білумен өлшенбейді» Оған дәлел, бұрынғы «оқымады» делінген қазақтың өзі біреуді «өлді» деп айтпай, «қайтты» деуінің, кісі жерлеуге әйелдерді апармауының мәнісі: «Алла өзі берген жанын өзі алдырды, демек жан Алладан келіп, қайта қайтты. Ал, бейіт басына әйелдер барса, жылауы мүмкін, ол Алла ісіне қарсылық, өлген адамның сол күнге дейінгі өмірін қанағат етпеу» дегенге тіреледі.

Сондықтан да данышпан Абай:
Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын.
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.
Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі, – деді ғой.

Бұдан шығатын түйін: Алладан берілген жан, яғни «мен» дегені өлмейді, не жұмақта, не тозақта о дүниеде мәңгі өмір сүреді. Ал, «менікі» делінген тән өліп, шіріп, топыраққа айналады. Физика ғылымындағы: «Энергияның сақталу, айналу заңы» да осыған негізделген. Алла Адамды топырақтан жаратты, кез келген өлген адам тәні де қайта топыраққа айналып отырады. Демек, адам өлгеннен кейін, оның тәнін жеген құрттар жер бетіне шығып, топыраққа айналса, оған шөп шығып, соны мал жесе, адам тәнінің де мүлде жоқ болып кетпегені, қайта топыраққа айналып, оған шөп шығып, қайтадан тіршілікке үлес қосып жатқаны, демек

энергияның мүлде жоқ болмауы, сақталуы, басқа түрге айналып отыратыны дәлелденбей ме? Алла адамды оң жолға итермелейтін періштені де теріс жолға азғыратын шайтанды да қоса жаратты. Періште: «Арақ ішпе, ұрлық істеме, жалған сөйлеме» дегенді тікелей сыбырламаса да, соған тілектес болады. Ал, шайтан болса: «Арақ іш, ұрлық істе, зина қыл» – дегенді тікелей естіртіп айтпаса да, соған ниеттес болады. Пейілі оң адам араққа да, параға да жоламайды, пейілі теріс адам түрлі сылтау тауып алып, параны да алады, ұрлық та жасайды.

Осы орайда биолог болмасақ та, солардан оқыған, естігенімізді өз сөзімізбен түсіндіріп көрейік. Ара ұшып келе жатыр дейік, ол солғын гүлге қонбайды, әдемісіне қонады, себебі оның шырыны дәмдірек. Ара қонғасын да оның аяғына бұрынғы гүлден жұққан не аталық, не аналық ұрық екінші бір гүлді тозаңдандырады. Соның нәтижесінде солғын гүл емес, әсем гүл ғана ұрпақ жалғастыруға мүмкіндік алады. Демек, әлсізден әлсіз, күштіден күшті тарауы ықтималдығы жүзеге асады. Жан туралы Мәшһүр Жүсіп те көп пікірлер қалдырған, соның біреуін келтірейік: «Өзінде жан барлығын мынадай жұмыстардан сезеді. Адамда бір нәрсені ойына алып, илану бар, сезу бар; ойланып, сезген нәрсесін орындап, орынға келтіру бар. Жалығу бар, тынығу бар, толып жатыр, қайсыбірін айтайын. Осының бәрі жанның күшімен жұмсалатұғын жұмыс. Ендеше, ол жан да қолға түспейтұғын, кісі өзі жасап ала алмайтұғын бір зор күшті қуат. «Ондай күшті нәрсе өзінен күшті, өзінен жоғары, бір жақтан келген күш-қуат қой» деп білеміз.

Денемізде жан барын білеміз. Бірақ сол жан денеміздің қай жерінде тұрғанын білмейміз. Түрі қандай, өзі не нәрсе екенін сезбейміз. Көрмегенмен, сезбегенмен: «Денемізде жан жоқ», деп айтпаймыз да, ойламаймыз.

Бұрынғы заманда да: «Құдай жоқ», – деушілер болған екен. Онда оларға Сократ айтқан екен дейді: «Дененде тұрған жанды көрмейсің де, жанды жоқ деп айтпайсың. Көрмегенге неге ішің пысады? Харекет, қозғалыс – Құдай барлығына дәлел. Денедегінің, не нәрсе болса да, бәрі харекетте, қозғалыста. Бұл қозғалысқа себеп керек. Себепке мұсабба керек. Желдиірмендей орнатып қойды. Жел жоқ болса, айналмайды. Сол диірменнің иелері: «А, Құдай, жел

бере гөр!» – деп тілейтұғыны анық. Көктің астында, жердің үстінде болған нәрсе – асыл, жаратылыс – тек тұру. Оны өзгерту үшін күш керек.

Осы орайда Мәшһүр Жүсіп шығармаларының 7-томына оның ел аузынан жинаған нұсқасы бойынша Абай өлеңдерін кіргізгенімізді, онда қазір пайдаланып жүрген Абай өлеңдері басылған кітаптағы мәтіндерден 69 алшақтық бар екенін ескерткенімізді еске сала отырып, сол кітаптың «Түсініктеме» бөлімінде орын алған мына бір пікірге қайталап назар аудартқымыз келеді. Мәселен, Абай шығармаларын ең толық жетілдірілген қалыпта әзірлеп, бастырған ҚР ҰҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлері Абай шығармаларына жазған алғысөзінде мына бір дерекке қайталап үнілген екен: «Ең алдымен Қазақ КСР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы қорында және Мұхтар Әуезовтің әдеби мемориалдық музейі архивінде сақтаулы тұрған Мүрсейіт Бікейұлының үш көшірмесін (1905, 1907, 1910) негізгі дерек ретінде атаған дұрыс». (Абай. Шығ. 1-том. – Алматы, Ғылым, 1977). Осы орайда Мүрсейіттің, біріншіден, Абайдың шығармаларын жинауға оның авторының көзі тірісінде емес, кейіндеу кіріскенін, екіншіден, көбінесе ел арасына ауызша тараған үлгілерді қағазға түсірумен айналысқанын ескерген жөн деп санаймыз. Белгілі бір мәтіннің алдымен ауызша таралып, кейін қағазға түсірілуі кезінде не ұмыту, не қате ұғу, не ойдан қосудың салдарынан оның үнемі бір қалыпта сақталмай, түрліше сипатта таралуы ықтимал екендігі де анық. Ендеше, Мүрсейіт тәрізді Мәшһүр-Жүсіптің де сол уақытта ел арасына тараған үлгілерді жазып алуы мүмкіндігін дәйектесек, қазіргі баспа бетінде жарияланып жүрген Абай өлеңдері мәтіндерінде не мүлде жоқ, не бұрмаланып берілуі мүмкін жекелеген өлең жолы, не сөздер болуы ықтималдығын біз ескеріп отыруымыз керек».

Ал енді 1914 жылғы Мәшһүр Жүсіп жазбасына үңілсек, Абайдың «мен», «менікі» дегенінің мәнісін сол кездің өзінде Мәшһүр Жүсіптің дұрыс байқағанын көруге болады: «Үшбу 1914-жылының февраль ішінде «Қазақ» газетасының номерінде Ыбырай марқұмның бір өлеңі бар екен. «Ғақыл – мен, жан – мен өзім, тән – менікі» деген. Нөгербектің Әміресі Күйеу молдадан

оқып жүрген шәкірттерден сұраса, білмейді. «Ендеше, осының мәнісін молдаларыңнан сұрап, үйреніңдер!» деп, сол номерді шәкірттерге беріпті. Шәкірттері барып молдасынан сұраған екен. Онда молдасы айтыпты: «Сендер мұндай газет-журналдағы сөзге жолаушы болмаңдар! Мұндай сөз сендерді бұзады. Өздерің оқу оқып жүрсіңдер ғой! Өздеріңдікінен басқа жаққа бұрылмаңдар!» депті. Кәне, Ыбырай сөзінде кісіні түземесе, бұзатұғын сөзді мен көре алмадым. Міне, молдалардың наданшылығы. Олардың ығына Ыбырай марқұмдардың сөзі – бір құрылған тез. Әркім өзін өзі сол тезге салса, түзелсе керек.

Осы орайда бұл келтірілген үзінді мен тағы да біз сүйеніп келген Абай шығармалары жинақталған кітап мәтіні арасында айырмашылық болуы да алда Абай туындыларын тағы да текстологиялық сараптау, сұрыптау ісін жалғастыру керектігін еске салады.

Сонымен бірге біздің Еуропадан, Ресейден алдық деп жүрген «жаңалықтарымыздың» бастау көзі Құранда жатқанын Мәшһүр Жүсіп айтқан болатын және қазіргі ғылымдағы: «Жетілдік, біттік» деп қайталанып жүрген қағидалардың түп-тегін ашуға да Мәшһүр Жүсіп шығармалары үлес қосатыны анық.

«Кұдайдан сыпыр-сыр алып, айтқан әулиелер болған. Мышной-шариф, қожа Хафиз, Хамса, Науаи, сопы Аллажар, бұлардың сөйлегені – әдебиет. Қыран қате ұшса да, бұлар дөнеме (дінке) қате (хыты) ұшпайды. Не сөз осылардан болса, ұста!

Иауропа (Еуропа) жұртының үлгі-өнеге алып, ғылым-білім алып жатқан үлгілері – осылардың сөзі. Біздің мұсылманды қорлықта қалдырып тұрған – Қал ғылымында жүрген, қалғандардың сөзі. Тоқсан ауыз сөздің түймедей түйінін ұстап, күллі Еуропа адамдыққа жетті. Онан біздің мұсылмандардың ғылым-білімге жетілгендері переводтап алып, бізге тәркі-тәржіме қылып түсіндіреді. Молда аттарына қанық болған: Лермонтов, Салтыков, Толстойлар біздің мұсылманнан шыққан, жұрттан озған ала аяқ жүйріктердің сөзінен үлгі-өнеге алып сөйлеген. Онысын өздері сөйлеген сөзінен білдіріп кеткен. Мұнан келіп біздің мұсылманның жүйріктері переводтап алып, бізге сөйлеп жатыр. Біздің бұған жыздам түсінетініміз: «Құраннан алған жерін – Құраннан көр!», – деп біліп тұрмыз. Хадис Шарифтен алған жерін Хадис шарифтен көріп, біліп тұрмыз. Қай

кітаптан алған болса, сол кітаптардың сөзі біздің қолымызда даяр. Сондықтан сөзге сөзі үйлес келген соң, олардың сөзіне: «Қылша мойыным – мұнша!» – дейміз».

«Ұшып келе жатқан ара гүлдің иісін, ажарлылығын ескерсе, ол Алла жаратуымен емес» – деп кім айта алады?! Киіктерді қасқыр қуғанда, неғұрлым жүйріктері құтылып, солар ғана ұрпақ жалғастыруға рұқсат алса, ал жүгіре алмайтын әлсіздерін қасқыр жеп, болашақ әлсіз, ауру ұрпақ келуіне тыйым салса, бұл да неғұрлым жақсы киіктер өсіп-өрбуі үшін Алла әмірімен болып тұр емес пе?! Киіктерді тазалаушы, реттеуші қасқырларға қандай алғыс айтсақ, көшеде сұлап жатқан маскүнемді көріп жиренгеннен кейін барып, баласына әкесі: «Арақ ішсең, жетер биігің – осы!» – деп сақтандырса, бұл да Алла берген мүмкіндікті түрліше пайдалану көрінісі емес пе?!

Бұдан бұрын біз бір еңбегімізде Мәшһүр Жүсіптің 1925 жылдары Баянауылға келе жатып, 7–8 жасар немересі Төлеубайға тамақ бергізу үшін, елсіз қыстауға ат басын бұрғызып, иесіз үй ішінде бір дұға оқығанын жазып едік. Сол дұға оқылған соң, дастарқан ұшып келіп жайылғанын, яғни оны көтеріп әкелушілердің Мәшһүр-Жүсіп немересі Төлеубайға көрінбегенін, дастарқан үстіне ұшып келіп орнаған тағамдарды Төлеубайдың және әкесі Шарафи, атасы Мәшһүр-Жүсіптің, бәрінің жегенін, ауылдан былай шыққан соң атасының: «Мен жаңа перінің дұғасын оқыдым, перілер бізге қызмет етті» дегенін жазып едік. Демек, бұл да әлемде біздің көзге көрінбейтін перілер бар екенін, олардың Мәшһүр-Жүсіп тәрізді пері дұғасын білетіндерге ғана қызмет ететінін, яғни көзге көрінбейтін әлем бар екенін дәлелдейді.

Ендігі ойды Мәшһүр-Жүсіптің дінге арналған көркем туындылары жөнінде жалғастырайық.

Қазір шығармалар жинағының 13-томы жарық көріп, 14, 15, 16-томдары баспада жатқан, яғни артына мол мұра қалдырған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының дін туралы жазғандары өз алдына бір төбе. Қазақ халқының екі жүз жыл бойы Ресей отаршылдары қыспағында болуы тегін кеткен жоқ. Екі ғасыр бойы ежелгі мәдениеті бар өнерлі халықты жерінен, тілінен, дінінен айыру, сөйтіп ұлт ретінде жоқ қылып, орыстандыру саясаты жүріп жатты. Қазір

өскелең сана мұнарасынан бағамдасақ, ақын Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген» деп жазғаны тегін емес. Қазақ халқы расында да ұлт ретінде жоғалу қаупіне ұшырады. Міне, осы жағдайда ұлтты сақтап қалу үшін адамдарды жерінен, тілінен, дінінен ажыратпау міндеті алға шықса, Мәшһүр Жүсіп осы үш майданда да аянған жоқ. Жерді сақтап қалу идеясы 1907 жылы Қазан қаласында басылған 3 кітабында («Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі») және XIX ғасырдың соңғы он жылдығында шығып тұрған «Дала уалаяты газеті» беттеріндегі мақалаларда, сонымен бірге жиын-тойда айтылып келген өлең-киссаларында орын алды.

Дінді, оның ішінде ислам дінін әспеттеген Мәшһүр Жүсіп «Шайтанның саудасы», «Соқыр, саңырау және жалаңаш», «Жарты нан хикаясы», «Мәшһүрдің 46 жасында сөйлегені» т. с. с. туындыларында бұл идеяны өзіндік бейнелеу құралдары көмегімен көркем, әсерлі жеткізуді қолға алумен бірге қалың жұрт назарын аудару үшін тікелей үгіт өлеңдерін де жазды. Өрелі ойларды, биік философияны т. с. с. аңғаруға білімі жете қоймаған қалың көпшіліктің көзқарас, танымындағы шектеулілікті ескеруден, демек «Қайтсем, халқымды тез оятамын» – деген игі ниеттің итермелеуінің нәтижесінде «дидактикалық», яғни «көркемдігі төмен» деп жүрген бұл үгіт өлеңдерінің туғанын ескерген жөн. Осы орайда әдебиет заңдылығын жете білмейтін шала сауаттылар айтып келгендей: «Нағыз көркем шығарма жазуға өресі жете қоймағандықтан, үгіт өлеңдері жазылды» – деген тәрізді ұшқары пікірлерден арылатын уақыт жетті дегіміз келеді.

Мәшһүр Жүсіп өлеңдері туралы жазған негізгі ойларымыздың баспасөз бетінде, оның ішінде «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» деген монографиямызда берілгенін ескеріп, біз бұл жолы жоғарыда аталып өткен шығармалардағы діни идеяны бөліп көрсетумен шектелеміз. Мәселен, 1940–1949 жылдары мектеп оқулығына еніп, кейін «ұлтшылдықпен» күрестің жаңа науқаны басталғанда шығып қалған «Шайтанның саудасы» өлеңінің фабуласына келсек, базарға келе жатқан лағынға (шайтанға) кез болған Ғайса пайғамбар оның не әкеле жатқанын сұрайды.

Сонда шайтан бір есекке өтірік, екіншісіне «мікір-хайла» (қастық айла), үшіншісіне күншілдік, төртіншісіне зорлық, бесіншісіне тәкаппарлық артылғаны, өтірігін алыпсатарлар, мікір-хайла қулығын «қатынның ең жаманы», күншілдікті молдалар, зорлықты «жұрт билейтін ұлықтар», тәкаппарлықты «жетілген надандыққа» байлар алатынын мәлімдейді. Бұл бес есекке артылған әр түрлі жүк болса, есектен гөрі жүкті мол көтеретін он қашырда бір ғана жүк тамиғыты («тілемсекті») жұрт көзіне дінді насихаттаушылар болып саналса да, іс жүзінде өз пайдасын ғана ойлайтын қожа, молда, ишандардың алғаны, сөйтіп елді алдап жүргені баяндалады. Бұл да «дін жолындамыз» дегендердің алдымен таза болуын әспеттеу үлгісі.

Мәшһүр Жүсіптің «Соқыр, саңырау және жалаңаш» өлеңінде қалыпты пішіндегіні көрмейтінді, ал өте ұсақ құмырсқадай затты көзі бардан артық көретінді «соқыр» деп алып, әдеттегі дыбысты естімесе де, сыбырды құлақтыдан бұрын еститінді «саңырау» деп бейнеленген. Осы соқыр, саңырауға серік болып жүрген «жалаңашқа» келсек, оның киімінің жаға-жеңі жоқ, тек ұзын етегі сүйретіліп жүреді. Оның «жалаңаш» аталуының себебі – ұят жерінің көрініп тұрғандығынан екені айтылады. Сөйтіп, көруі мүмкін емес соқырдың «көрдім» деуі, естімейтін саңыраудың «естідім» деуі және мұны естісімен, ұзын етегінің ұшын кесіп алудан жалаңаштың қауіптеніп, алдымен қашуы ой саларлық түйінге бастайды.

«Жалаңаш айтты:

– Екі ит не етті?» – дейді,

– Алып шығып елсізге кетті!» – дейді.

– Бірің көрдім, біреуің естідім – деп,
Зәремді алып түбіме жеттің! – дейді?

Онда екеуі шап берді жалаңашқа:

– Табылса ортақ боласың даяр асқа.

Елден бұрын алақтап тұра қашып,

Нең бар еді сонда артық бізден басқа?!

Жалаңаш екенінді жұрт көріп тұр,

Мені алар деп келсе жау, қылдың ғой қор.

«Етек -жеңім ұзын», – деп мақтанасың,

Киім жоқ, етек-жеңің қай жақта жүр?!
Өңір менен тауып-ақ жаға-жеңді,
Жұртқа айтсайшы сонан соң «етек кеңді».
Киімің жоқ үстіңде тонайтұғын,
Жау алғанда, алады сенің неңді?!»

– дей келіп, одан әрі автор «соқыр, саңырау, жалаңаш» дегендердің кім екенін жинақтап бейнелейді:

«Керек істі көрмейді өз басына,
«Соқыр» – деп, салдым соны сөз басына.
Дәнемені өз көзі көрмеген соң,
Жұқтырар соқырлығын жолдасына.
Күн ашылды, көрінер енді бойың,
Асықпасаң әзір тұр, міне, тойың.
«Керең саңырау – дегенім – құлағы жоқ» -
Таусылмайтын ұшы жоқ ұзын ойың.
Бәрін өзім білем деп жүреді сол,
Жан жоқ боп ақыл, ойға өзінен мол.
Өз жанының пайдасын естімейді,
Естір болса, жүріс бар – бір сапар жол.
Бұл сөзімнің балы бар, уы аралас,
Ойлаймысың бір іске деп жарамас?!
Келіп пе едің жалғанға киім киіп,
Тумап па едің анадан сыр жалаңаш?!
Сыбағаңа тұрған жоқ киім тиіп,
Бәрін тастап кетесің бір жерге үйіп.
Жұрт есіркеп үш қат бөз орамаса,
Киімің жоқ кететін тағы киіп.
Бірталайға санасаң келді жасың,
Шөпке тұрған қырау ма баста шашың?!
«Ұзын – деумен етегім!» -өтті өмірің,
Ойда жоқта тіпті тұттай жалаңашың!
«Менікі!» – деп меңгеріп бұ жалғанды,
Келтірем деп ыңғайға ойға алғанды,
Көрінгеннен қызғанып алып қашып,
Талай көрдің дәнеңе жоқ құр қалғанды!
Дүниесірдың болады екі бауыры,
Саңырау, соқыр, жаңғырыққан күнде даулы.

Күнде үрейі ұшады зәресі жоқ,
Қызылбас пен қалмақтай боп өз ауылы».

Ислам діні мәні хақында осындай көркем туындылар жазумен бірге Мәшһүр Жүсіп діннің ақиқат екенін дәлелдеп ғылыми еңбектер де жазған. Осы орайда «рух», «нәпсі» ұғымдарына берілген Мәшһүр Жүсіп түсіндірмелеріне көңіл бөлейік: «Адамның денесінде ішкен-жеген қоректің ғайытылытығынан, барып тұрған тазасынан жиылып бір араға топланып [топталып] жүректе бір рух жасалады. Мұның атын: «Рух хайуаны» – дейді. Сондай болатұғынлығы үшін қазақ жұрты айтады бір тамақ ішерде: «Жүрек жалғайық, жан шақырайық» – дейді. Бұл сөзлерінің мәнісі – тамақ күшінен жиылып болатұғын нәрсе екен. Құдайдан келген жан басқа, бұл басқа. Құдайдан келген жан «Құл рұхпен мірір биома отитыммен ал ғылым Алла қылар» – жанған шам сықылды үйді жарық қылғаннан басқа үй жылытуға, тамақ пісіруге күші болмайды.

Өзіміздің қойдың қиынан болған отын үйді жылытады, тамақ пісіруге де жарайды, өз әлінше оның да жарықтылығы бар. «Рух хайуаны» осы есепті.

Хош, онан соң қаннан туған есепті болып бауырда бір рух жасалады. Оның атын: «Рух шаһуаны» – дейді. Он екі ағзаға азық-қорек жіберіп, денені түзетіп, ұстап күшейте беруге жаһат қылып тұрады. Бұл екеуінің бірі нысан мішәбесінде адамға адамшылық жөнін ойлатады. Бірі жын мішәбесінде адамшылықтан шығарып, жын-шайтан қылатұғын жұмыстарды жұмыстатуға тырысады.

Құдайдан келген рух періште мішәбесінде – ғылым ұмғарып, мұның жарығымен көріліп танылады.

Хош, бұл рух хайуаны илан рух шаһуаны – ерлі-байлы есепті болып, екеуінің аздау жыннан, мығыз жыннан нәпсі мәрре туады. Үйіне бұл нәпсі мәрре еркек болып тумайды, әйел болып туады.

Бір Құдайдан басқаның бәрі де жұп жаралған. Құдай тағаланың жаратқан нәрсесінде ерлі-байлы болып жаралмаған еш нәрсе жоқ.

Нәпсі мәрренің атасы – Нысан, анасы – Жын болды. Нәпсі мәрренің жыннан болған нағашылары бұған неше түрлі тағатны зейнетлеп көрсетіп тахынт есебінде жасап, патша көтерді».

Сырт карағанда, оп-онай көрінгенімен, «дем», «көңіл», «жан» ұғымдарында көп мән жатқанына Мәшһүр Жүсіп көңіл бөледі: «Өзің ойлашы: «Ауырлығың қанша?» Базардағы кірге түс: киіміңмен бес пұт барсың. Ал енді осы ауырлығы бес пұт болған нәрсені не көтеріп тұр: «Ненің күші жүргізіп, тұрғызып, жалғанда ойыңа алғанның бәрін не қылғызып тұр?» – деп білесің. Өзіңді көтеріп жүрген де, бәрін қылғызып тұрған да – жалғыз ақ дем. Сол бір дем тоқтаса, тырқыып өлесің де қаласың. Оның үлкендігін, зорлығын мөлшерлеймін десең, көзге көріне-тұғынның ең кішкенесі – биттің сіркесі. Ол онан да кішкене-лігінен көзге көрінбеді. Ауырлығын мөлшерлеймін десең, бит пен бүрге мұрныға кіріп бара жатса, денең сезіп біледі. Бұл дем-нің мұрныңнан кіргенін, шыққанын денең сезіп біле алмайды. Көптігін мөлшерлеймін десең, бір «уф!» – деуіңмен шығып кетеді де, өлесің де қаласың. Сен осынан неге ойламайсың Құдайдың шеберлігін, құдіретінің күштілігін?! Осыған ғақыл-ойы жеткені үшін, бұрынғы ата-бабаларымыз қақсап кетті ғой: «Дәм – ғанибет, дидар – ғанибет» – деп. Бүгінгі жүрген қазақ осы сөзді айтумен білсе де, шешуін білмейді. Егер шешуін білсе, мұндай болып жүрмес еді.

«Дем» деп, дем алысты айтады. «Дидар ғанибет» дегені: «Сол дем алыстың барлығымен бірімізді-біріміз аман-есен көрісіп отырмыз. Жалған дүниенің жүзінде осы екеуінен артық дәнеме жоқ», – дегені.

Дем бұл дем дүр. Өзге демді дем деме. Дүниеден сен хәм өтерсің, қам жеме. Ендеше бір-ақ демде отырсың. Ендігі дем саған бар ма, жоқ па, белгісі жоқ. Сол бір демді босқа жібермей, жалған үшін жұмсасаң, жалғанда мәңгі бақи тұратұғын кісідей жұмыста. Ақырет үшін жұмсасаң, ертең өлетұғын кісідей қыбырла. Жалған дүниенің жүзінен жинастырып, құрастырып алып жаратылған, көзге көрініп тұрған он екі мүшеңнің бар күші жалған жұмысында болсын. Көзге көрінбей тұрған: көңіл, жан. Бұл екеуінің күшімен болатұғын қасиет шыриғақуат қадасия жұмысы. Ақырет жабдығы Құдайдың құлшылығымен болсын! Жалған жұмысы қарап тұрмай, он екі мүшенің қыбырлай беруімен бітеді. Ақырет жұмысы – Құдайға жақындық қылу – көңіл қызметімен табылады».

Бұл айтылғандардан не түюге болады? Қазір жемқорлық, ұрлықпен күресу қажеттігі белең алғанда, парақорлықтың ауыр күнә екенін дәлелдейтін дінге арқа сүйеу қажеттігі келіп шығады. Бұрын айтылып келгендей, дін алдамшы емес, нағыз ғылымның өзі екенін саралайтын еңбектерді халыққа кең жеткізбей тұрып, біз алға баса алмаймыз.

**Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы.
«Егемен Қазақстан» газеті. – № 90–93. 12 наурыз 2010 ж.**

IV БӨЛІМ

МӘШҲҮР ЖҮСІП ТАҒЫЛЫМЫ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының заман болжауы

Өлерінен 10 жыл бұрын (1921 ж.) Рауан тасы бар бейіт салдырыпты. Өзі көрін қаздырғанда, кісі бойындай жалпақ сарғылт, биіктігі бір метрден асатын, жалпақтығы екі қарыс, ал қалыңдығы 15 см айтқан тасы шығыпты. Тастың асты ұлпа топырақ. Сол тасқа өзінің өткір кездігінің ұшымен: «Жетпіс үшке келгенше, балталасаң да, өлмеймін, Жетпіс үшке жеткен соң, желкелесең де, тұрмаймын», – деп ойып жазыпты. Мәшекең елге: «Басыма екі бөлмелі үй салыңдар. Сол үйдің астына, сұр майда топырағына жатқызасыңдар. Үстіме топырақ салмайды, ашық жатам. Осы Рауанның қасиетімен 40 жыл денем шірімейді. Үстімдегі ақты Шәрәпиім ауыстырып отырады. Онан кейін келінім Ақ Зейнеп ауыстырып тұрады», – депті.

1931 жылы 27 қараша күні таңертең келіні Ақ Зейнеппен қоштасып, қалай жоқтайтынын естіп, келер 1932 жылы Сүйіндіктің туатынын айтып, Әбәйділде қажыға жаназасын шығартып, ол тірісінде айтуға батпаған соң, өзі «Көпжасарұлы Адам Жүсіптің аруағына бағыштадым» деп, бетін сипап, арнайы тігілген кигіз үйде кебініне жатып, үш демалып дүниеден өтіпті.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Мәненұлы Иманғали 50 жыл жер астында сақтаған «қара жәшігіндегі» діни жазбаларының бір тарауы – «Заман болжауы» оқырманның назарына ұсынылады.

Заман болжауы
(1916–2006 жж. ғасырлық болжау)

Ен жайлап, еркін өскен қазақ халқының басына үлкен қасірет туады. Николай патша құлап, Совет үкіметі келеді. Бұл үкіметті коммунистер басқарады, – дейді. Ол коммунистер қазақтың малын алады, балаларын әскерге алады, меншік өзімдікі деген болмайды, барлығын орталыққа алып, ақы жоқ, пұл жоқ, құл қылады деген лақап тарап, көзі ашық молдалар, білікті ақсақалдар өліспей беріспейміз, – деп, Ақбеттау жасағын жияды. Бірақ, бұларда шиті мылтық пен сойылдан басқа, ешқандай соғыс құралы болмайды. Орыстан атаман Өске Қапар бастаниясын құрайды, бірақ бір түс қарсыласуға шамасы келмеген. Ресейден винтовка, гранатпен қаруланса да, сонан қазақтар шамалары келмейтінін түсініп, үлкен біреуі: «Қой, біз мұны Мәшһүр Жүсіппен ақылдасайық. Ол кісі көрген Әулие ғой», – деп, молдалар бас болып келеді. Тақсыр Мәшеке, біз Сізге келіп тұрмыз. Мына заман ақыр, не масқара, мал да, жан да, бала-шаға, әйел бәрі мемлекеттікі болады, – дейді. Коммунист деген тажалы бар көрінеді, бәрін солар жиып алмақ. Сонда қазақ не болады, тақсыр? Мәшһүр Жүсіп айтыпты: – «Е, ағайын, бұл заман бір қалыпта тұрмайды, бірақ қазақ құрымайды, жақсылық-жамандық егіз, бірде жақсы, бірде жайсыз болса да, ақыры бір қайыры болып отырады, әрқайсысының арасында заман туралы мынандай бір әңгіме бар емес пе».

Қаракесек Бекболаттың заманы қасқыр деген заман еді, жамандық пен бұзықтықты басқа ұр деген заман еді. Айдабол Тайгелтірдің заманы түлкі деген заман еді. Ойын мен күлкі деген заман еді. Қаракесек Алшынбайдың заманы біреудің бір нәрсесін алдап, арбап алсақ деген заман еді. Заман осылай кезек-кезек өзгере береді. Коммунист дегеннің мағынасы тажал емес. Періште деген, періште немесе, тажал ма, дұрыс түсіну керек молдалар. Бұл заман кедей мен бай теңеледі, деген заман. Әйелдердің де, қорықпандар еркектер, дәрежесі өзіңмен бірдей болады, тіпті асып та кетер.

XX-ғасыр,
Оған барда асыл.

Әуелі келетін Заманды біл,
Діні мен тілін біл.
Күш атасы қалған,
Күшке сену жалған.
Бұл заман ғылым, білім заманы.
Ал, бұларға қарсы жасақ жиып,
Соғысу дегендерің,
Молдалар, жастарды қырып,
Қара сорпасын ішу жолы.
Тағы да бір сөз:
Қытайды Шүршіт темір қақпан, – дейді екен.
Егер де қытайға бағынған болсақ,
Қазақ деген ұлт болуы неғайбыл екен.
Ал кәпір орысты кендір арқан, – дейді екен.
Кендір арқан 70 жылда бір шіриді деген.
Сонда қазағым бірге шіріп, дініңнен, тіліңнен безіп, азып,
өшпей-өспей, әйтеуір қазақ деген атқа ие болып жүресіңдер.
Азарсың жұртым, азарсың,
Азғандықтың белгісі,
тайпақ-тайпақ көлдерден балық шығар, – деп еді.
Сол балықты аулайтұғын үш ашалы шанышқы шығар, – деп еді.
Қылмысы жаққан пенделер алып шығар деп еді.
Қылмысы жақпаған пенденің екі етегі су болып,
бір жаратқан тәңірге налып шығар, – деп еді.
Ауылдардың шу басқан, жаулықтарын ту қылған сайып
шығар, – деп еді.
Оқшантай жоқ, кісе жоқ белбеу шығар, – деп еді.
Жүгініс жоқ, малдас жоқ, көлбеу шығар, – деп еді.
Заман ақыр адамымен шығар, – деп еді.
Үй басына тоқ өткен келі шығар, – деп еді.
Енесімен керіскен келін шығар, – деп еді.
Келіні айғыр, енесі саяқ шығар – деп еді.
Бір уысқа толмайтын аяқ шығар, – деп еді.
Қай жер болса қонысың сол жақ болар, – деп еді.
Бұзау тайшаға жүк артылар, – деп еді.
Қарап тұрған жігітке қыз артылар, – деп еді.

Көкек айы болғанда кемпір күйлер, – деп еді.
Егіншінің қатыны байын билер, – деп еді.
Тоғай басы құрақ боп, арық шығар, – деп еді.
Сол арықтың ішінде ыңғайы жоқ,
Жаманның пышағы мен шақпағы жоқ, қалып шығар, – деп еді.
Бес қойға алған өгізді, тегін дерсің, – деп еді.
Егін егіп, тарының сөгін жерсің, – деп еді.
Жалаңаяқ сарттарды бегім дерсің, – деп еді.
Заман ақыр адамы мен меншілік болғанда
Ат қояндай, ер құмандай болады, – деп еді.
Садағын көдеге іліп тұрар – деп еді.
Өлеңтіні жағалап тал шығады, – дер еді.
Тал шыбықтай бұралған сал шығады, – деп еді.
Соққан бейіт секілді,
Отынға деген қамыстан үй шығар, – деп еді.
Қырыққан серке бұтындай бит шығар, – деп еді.
Бар құмары арақ боп, – көрінгенге мазак боп,
Последний штанын салып шығар, – деп еді.
Кері кеткен елдің кенесі кеш болады.
Кедей елдің көш басшысы көп болады.
Төлеңгіт билеген төре оңбас.
Тау белгісі тас болады,
Бай белгісі ас болады.
Төренің жаманы төлеңгітімен қас болады,
Баланың жаманы әкесін өлтіргенмен дос болады.
Бұзылар елдің белгісі – бұратанасы бас болады.
Оңар елдің ақсақалы елінің үлгісі болады,
Оңбас елдің ақсақалы елінің күлкісі болады.
Ақбеттау бастанияларында қарсы оққа шығып, қырылып,
досқа күлкі, дұшпанға таба, Құдайға күнаһар болып жүрмеңдер
қожа-молдалар. Нелер көрешектерің алдарында.
Әуелгі атым еді Адам Жүсіп,
Сүйген халқым кетті Мәшһүр десіп.
Петербург, Лондонға аты мәлім,
Айтайын мен сендерге көңілім түсіп.
Шешендер шығалмайды тұйығына,

Басалмаймын батпақтап ұйығымнан.
Баяғыңды ойлама енді қазақ,
Бақытыңды тайдырған иығыңнан.
Жақсы болсаң жау болар өз ауылың,
Жаман болсаң жат болар өз бауырың.
Әр түрлі сөзге еріп пәле жауып,
Шірігер түрмесінде мұжық бауырың.
Тұрарда таң намазына кер боларсың,
Шығарда шыбын жаның тер боларсың.
Кеудене алабота, жусан шығып,
Бір кезде аяқ басар жер боларсың.
Қалған жоқ Сарыарқа сенде қызық,
Сандалтып Сарыарқаны алды мұжық.
Қолыңнан келер де жоқ, өнер де жоқ,
Баласы сорлы қазақ қалдың мыжып.
Таптадың Сарыарқаны қаншама жыл,
Байың жоқ, батырың жоқ, қалғаның тұл.
Ерініп еңбек етіп, егін салмай,
Мұжыққа қала салып, болғаның құл.
Отыз екінші жыл болар сондай ауыр,
Адамдар аш-жалаңаш болып жауыр.
Кетеді айдалаға есі шығып,
Ағайын туған-туыс, суып бауыр.
Адыра тұл қалады қурап шаңырақ,
Кетеді айдалаға иесі аңырап.
Тірі кісі табысар бір заманда,
Қойдай маңырап, козыдай жамырасып.
Дүниеге жарасады күн менен ай,
Бұл заман да тұра бермес мәңгі осылай.
Мысалы, бұл дүниені мен айтайын,
Теңеледі сол заманда кедей мен бай.
Өзгеріп одан кейін заман болар,
Жолына шарифаттың күмән болар.
Қызығы кәрі-жастан ұят кетіп,
Тәртіпсіз, ар жойылып, тәмәм болар.
Күншілдер көрінгенге қуғын салып,

Ақыры кінәсізге жала болар.
Үлгілі, өнегелі салты құрып,
Қаптаған айналасы қала болар.
Кедейлік болар ма, мұндай қиын,
Ойын-күлкі, ас пен қалар жиын.
Еститінің жаман сөз, суық хабар,
Жұмыртқадай шайқалар күнде миың.
Сайтан мен ел, Құдаймен жат болды ғой,
Сол себепті жұрт біткен гэд болды ғой.
Жер мен көктің кеңдігінен не пайда,
Жақсылық, тыныштық деген хат болды ғой.
Жұрт көреді Құдай ісін оңайлығын,
Қысы-жазы тығын жоқ, ыңғай шығын.
Пәнде асығып жеткенше тарығады,
Құдай өзі көрсетпен Құдайлығын.
Мәңгі бақи бұл дүние тұрмақ емес,
Қалжыратып, қажытып бәрін тегіс.
Өлмеген құл көреді, асықпаңдар,
Бұл дүниеде таусылып, болад көмес.
Өлмегенге бұл дәуір кезек тимек,
Пәнде асығып, аптығып пісіп-күймек.
Ұрған құдай пәндесін қан-қақсатып,
Құшарланып құшақтап аяп сүймек.
Жылан жылы өткізер жазды-қысты,
Жылқы жылы сапырылысып, жұрт жүрісті.
Құлағың естігенді көз бір көрмек,
Көрерсің өлмегенің қай бір дұрысты.
Мың да тоғыз жүз қырық бесінші жыл,
Жылқы шығып, қой кірер, оны да біл.
Қойдан қоңыр заманды бір көрерсің,
Қой анасы бестен деп бусайшы бел.
Деп жүрміз Құдай бар, деп күшті,
Сол сөз де болып кетті-ау дәл екі үшті.
Анық көңіл бекиді қайран қалып,
Құдайлық таң қалғандай көрсетсе істі.
Ертегі емес, шын сөз ғой Құдай қауымы,

Қайда барсаң жұрт болған хад қауымы.
Құдай жұп қып жаратқан екі түрлі,
Үшеуі ара табылмақ һүтің қауымы.
Бақталасты Құдай мен басты малды,
Соларға боп пәленің нақ қарсы алды.
Кейінгіге қыса ғып былшылдауға,
Аман-есен қалдырған ғой осы Мәшһүр шалды.
Үлкен тау төбе болар, тас кеткен соң,
Жақсы ауыл ұры болар, бас кеткен соң.
Ақсақал төрде отырып не болады,
Келіннен тиыш отыр, деп сөз жеткен соң.
Ер жігіт мырза болып не болады,
Қолдан дәулет, басынан бақ кеткен соң.
Ханның да қара тілін ала бермес,
Бастан тәж, астынан тақ кеткен соң.
Әкеден бала безетін күн болады,
Қуат кеміп сексенге жас жеткен соң.
Үлгісіз Ата менен Ана болар,
Еркекті әйел билеп, дана болар.
Ұлы арсыз, қызы ұятсыз болып,
Бала емес, пәле баққан жайы болар.
Сарыарқа сары жайлау, жер тарылып,
Өрісі жоқ жырық-жырық дала болар.
Сары қымыз сапырылулы қолдан кетіп,
Сарғайтып ішетұғын шайы болар.
Қоян жылы заман тараң болар,
Ел аштық жоқшылыққа тап болар.
Қоғамның жиған малы топтай түсіп,
Қысы жұт, азық қымбат, нарық болар.
Бұл сөзім өтірік емес шын расы,
Мұнан соң ұрлық қылар кәрі-жасы.
Кедейліктің иісі қазақта тұр,
Оңдырар ма сәулесіз өңкей масы.
Сол заманың бір талай ұлықтары,
Ұры-қары сұмдардың жан жолдасы.
Қазақ қайтып ел болады қарағым-ау,

Ойлайтыны ұлығының өз пайдасы.
Ұлықтардың нәсібі ұры болар,
Қолдайтын Періштесі пірі болар.
Зекетсіз кедейлердің жиған малы,
Жең ішінде парамен құрып болар.
Ол заман, қай заман, ыққан заман,
Жақсыны жаман келіп жыққан заман.
Ұры-қары көбейген тақыр заман,
Сол заманның адамы көп білем, – деп Дана болар.
Над жұмысы жоқ, Құранды қате оқып, күнә болар.
Оқыған ғұламалар таусылған соң,
Ақыры сол ұры-қары молда болар.
Бұл да бір болжама,
Үрлемей от жанама.
Көре жатар өлмеген,
Көзбен көрмей нанар ма.
Ғадыл биі таусылып,
Ғадылетсіз би шығарма.
Өтірікпен күнелткен,
Елге тұлға болар ма.
Жарлының ұрлап жалғзын.
Жылатады ұл-қызын,
Әділетсіз әкімің.
Тентекке тиым салар ма,
Алдামашы бұзық елде көп.
Бар нәрсені алдап жеп,
Айтқан сертте тұрар ма.
Денсаулық бар болса,
Жаратушы жар болса,
Залымнан жәрдем сұрама.
Жоқтан бар ғып жаратқан,
Кең дүниеге таратқан,
Мың рахмет айтыңдар,
Атаң менен анаң,
Жаратушы Аллаға.
Қазақ деген халықтың,

Сөйлеген сөзі жалғанда,
Зекетсіз малы харам-ды.
Кім мұсылман, кім кәпір,
Бір құдайға аян-ды.
Қолыңда тұр ұрлығы,
Көңіліңде тұр зорлығы.
Баласын беріп молдаға,
Берілген болып Аллаға.
Дүниеге көңіл бұрылды,
Қожа, молда көбейді.
Өлімнен қайыр тілейді,
Арамдығы ішінде.
Елде күнә көбейді,
Темір қазық жағынан,
Балгер бақсы көбейді,
Ғайып болып сағымнан.
Үйде отырып зеріккен,
Ауруларды сағынған.
Ауру қатын көрінсе,
Көтін сипап емдейді.
Бұл не дейін қағынған,
Қожа-молда, балгерің.
Алдауын да қоймайды,
Алуын да қоймайды,
Бұл не деген жырынды.
Кешірмейді Құдайым,
Кісі ақысын жегенді.
Қиямет Маһшар күнінде,
Құрт-құмырсқа қаптатып.
Шырылдатып, шыңғыртып,
Сонда денесін талайды.
Е, қара тауық, қара тауық,
Жүрген жерің сондай қауып.
Жеті дұшпан балағында,
Әлде кімге болад қауып.
Талай жас қыздарың,

Ұяттан безіп, буаз болады.
Сиынған пірің молда мүшірік,
Бір Құдайға шет болады.
Мұсылмандыққа жеткен ше,
Адамдар бір-бірімен,
Өштесіп қас болады.
Мұсылмандыққа жеткен соң,
Сонда ғана барып-барып ел болады.
2013 жыл болады.
Қойдан қоңыр заман болады,
Көрген де арманда,
Көрмеген де арманда сол болады.
2015–16 жылдары дін басына имам Мұхамед әл Мағди келіп бүкіл
дүние жүзіне Ислам дінін күшейтіп, елді бейбітшілікке жеткізеді.
Сонда боларсың, қазақ сенде боларсың,
Дін, тіліңмен табысып,
Толарсың қазақ сенде толарсың.
Егін мен малға жарасып,
Жасарсың қазақ, сенде жасарсың.
Топ тобыңмен табысып,
Туар әлі сондай күн.
Гүлденіп өсіп қауысып,
Өткен азап ұмыт боп,
Жүректе қалар алысып.
Барға жоққа бұл дүние кезек тимек жеткенше пәнде,
Асығып, аптығып пісіп-күймек.
Ұрған құдай пәндесін қан-қақсатып, құшырланып,
Құшақтап аяп-сүймек.
Мәңгі бақи бір заман тұрмақ емес,
Қалжыратып, қажытып бәрін тегіс.
Өлмеген құл көреді, асықпандар,
Сол азаптар да таусылып, болад көмес.
Аман бол ағайын,
Тату бол қыймасым.
Араздықты қояйық,
Арамзалық мінезді,

Тіпті енді жояйық.
Дініміз бен тілімізді қуаттап,
Күншілдіктің көзін жояйық.
Өлген соң белгілі,
Қайтып кеп тұрмасын.
Ел анау мен мынау,
Қайтейін бір басым.
Аман боп ағайын,
Тату боп қимасым.
Асқынды боп, арқа жауыр жараларым,
Тіпті жоқ, түскен істі ауруларым.
Бірлік қыл, басыңды қос пайдаңды біл,
Қазағым қайран, халқым бауырларым.
Дүниенің базарында арзан нарқым,
Нарқым арзан болса да, қымбат даңқым.
Дүниенің тіршілігінде қадырым жоқ,
Өлген соң әттеген-ай, дерсің халқым.

Түзелуі осы үшінші ғасырдың басынан басталады. Соңы екінші ғасырдың қой жылы баршылық, молшылық болса да, таршылық болады, қилы-қилы заман болады. Ақша құнсыз қағаз болады. Мешін жылы басшы өзгереді. Ол елді аздырып, бір-бірімен қас қылады. Елде 2012 жылы бір толқу болады, сосын 2014 жылы бір толқу болады. 2014 жылы қатал тәртіп болады. Тәртіп болған соң береке-қайыры болады. 2015 жылы ақпан айында сапарға шығу қауіпты болады. Содан әрі қырық жыл дәуірлейді. Міне, осындай заман өзгерістері болмақ. Ақырзаман екі рет болады. Ал, қиямет-қайым бір рет болады. Ақырзаман – сол адамның азуы.

Орыстың дініне кіріп, харам асын, арағын ішіп, салтына түсіп, өз дінінен, салтынан, тілінен, әдеп-ғұрыпынан айырылып. Адам бір-бірімен өш, қас, аяусыз дұшпан болады, тіпті бірге туған туыста тату-тәтті боп тұрмайды.

Адамдарын ит десең ренжиді,
Бір заманда адам адамды жейді.
Адастым ғылым іздеп ақылменен,

Сөзімнің жалғаны көп мақұлынан.
Ер жігіттің дұшпаны он болады,
Қайын жұрт, туған-туыс жақынынан.
Жуыма бұл ағайынға сырын білмес,
Зиянды ол бір ағаш жеміс бермес.
Бар болсаң еркелейді ит секілді,
Жоқ болып, өлдім десең қолын бермес.

Ер жігіттің үш жұрты болады: қайын жұрт, туған жұрт, нағашы жұрт. Қайын жұрты сынаумен болады, туған жұрты күндеумен болады, нағашы жұрты болсын, толсын деумен болады. Үйдің жақсысы – ағашынан, туыстың жақсысы нағашыдан деген, баланың тегін сұрамайды, қазақ нағашы жұртын сұрайды. Алып анадан туады. Нағашысы жақсы болса, баланы да жақсы екен, деп риза болады. Бірақ заман азғаннан соң, осы нағашы да азады. Осы азу барып-барып 2013 жылдан бастап түзеле бастайды. Ол қанша жыл дәуірлейді, бір Алла өзі біледі. Бірақ одан кейін екінші азу бар. Ол қанша мың жылдан кейін боларын тағы да бір Алла біледі. Үшінші, мұның соны қиямет-қайым. Бұл уақытта жер дүниеде тіршілік болмайды. Заман кезегі осындай өзгерістермен аяқталмақ. Бірақ байлық пен кедейлік, жамандық пен бұзықтық, бірлік пен тіршілікті бұзып заманды өзгертетін Алла емес, пәнденің өзі – залымдары мен зұлымдары, қожасы мен молдалары.

Дүние үшін, жанын бәрі қайғы жеген,
Мен кімді, кінәләймін текке неден.
Кісі тап та, айт маған жаным құрбан,
Анық көңіл, шын пейіл мен құдай деген.
Дүние үшін оқу оқып болған молда,
Болғанда баста сәлде, кітап қолда.
Білгені өз басына пайда етпесе,
Масқара ел алдында болар сонда.
Бұлар сол оқу оқып ұқпай қалған,
Шын болмай айтқан сөзі болып жалған.
Жұртқа айтып шариғатты өзі тұтпай,
Қазақтың қой мен тайын алдап алған.
Сикырын он қашырға сайтан артқан,

Мұнын бәрін қожа-молда сатып алған.
Кедейді қанап, аңқауды алдап,
Сайтанның сиқырымен пайда тапқан.
Молдалардың мақсаты пайда таппақ,
Ұжмақтың кілтiне ие болмақ.
Құдайы садақа берiңдер деп,
Аңқау елдi алдап ақымақ қылмақ.
Таудың түгi кетiп, тасы қалды,
Құранда минәл жәннәт әннес қалды.
Ағұзыны қиғаштап аузын созып,
Бұл күнде я аю әннес қалды.
Мың ғалымнан ғайн миым ләм артық,
Оқиды аттан үшiн наһу мантық.
Айырылып қой-қозыдан қалайықпа,
Халыққа шарифат жөнiн түзу айтып.
Дiн қайда, осы күнде, бiлiм қайда,
Тұрған жоқ, анық көңiл бiр Құдайда.
Лак, тоқты аламын, деп жүрген жаннан,
Айласың тиедi, деп кiмге пайда.
Шарифат кiтап сөзi қалды тозып,
Бел асты шылғый өтiрiк шыннан озып.
Дүние үшiн молдалардың пейiлi азып,
Бұлар жүр быт-шыт қылып дiндi бұзып.
Осылай жүрiп жатыр дiн сарсаңда,
Көбейiп қожа-молда бұл қарсаңда.
Жалғанда кiсi ақысынан құтылмайсың,
Қажыға жылап жаяу жүз барсаңда.
Тамухтың түбi терең кеткен деймiн,
Iшiне бiр тас түсiп кеткен деймiн.
Түбiнiң тереңдiгiн содан байқа,
Екi жүз елу жылда жеткен деймiн.
Iшiде сол тамухтың құдығы бар,
Әркiмге сала тұғын құдығы бар.
Күнiнде қияметтiң зар жылайтын,
Онда қылған арамзаның қылығы бар.
Iшiнде сол құдықтың сандығы бар,

Имандыға айтылған ұраны бар.
Иманды адам дозаққа жанбас деген,
Алланың айтып кеткен жарлығы бар.
Ішінде сол сандықтың жыланы бар,
Имансызға айтылған бұйрығы бар.
Алдымен сол дозаққа молда жанар,
Қанайтын кедейлерді пиғылы тар.
Іздесең сауап молдалар,
Құран оқы молаға.
Қасына түне демейді,
Келіндер қайтып қонаға.
Өлім барды шашады,
Жоқтың артын ашады.
Қосылып сендер тонама,
Жылап-сықтап жатқанда.
Олжадан ойың барларың,
Қараң өшсін жолама.
Құран оқып күңреніп,
Сары уайымға саласың.
Берсе қағып ала аласың.
Соларың дұрыс балама?
Тәңір алдына барғанда.
Айналайын шарифат,
Атың барда затың жоқ.
Айтушы бір өзгертіп,
Жазушы екі өзгертіп,
Өртеп жіберетін кітап көп.
Құран шықтым, деп бір алып,
Жаназа шықтым, деп екі алып,
Ғарып садақасын қоса алып.
Суық қолды сұм алаяқ,
Асып өлтіретін молда көп.

Жаназа намазы сол елдегі мұсылмандарға парыз. Алланың ризалығы үшін қабырын қазу, жуындыру, жаназа оқу, қабірға қою. Мұсылмандардың орындалған парызы үшін өткен адамнан, мүлкінен ақы алынсын, – деп Құранда жазылмаған.

Шариғат төрт иман тұрар жері,
Түгелдеуге келмейтін ердің ері.
Құран кәрім жолын тұтпағандар,
Болады деп айтады малғұн пері.
Қожа-молда дегенде, қожа-молда,
Оқитының Құран сөзі, күнде молда.
Құран сөзін оқып отырып, ақша қылған,
Түбінде сол тамухта шырылдап, жан өзің молда.
Мәшһүрді бар екен деп есіне алсын,
Аяғын аңдамаған қия салсын.
Жасында қожа кесіп сүндеттеген,
Жақтырмаса қалғанын қожа-молда кесіп алсын.

Ескерту

Бір кезде қытай шүршіт шығып Ташкентті алады, ұлы ғайбат болса керекті. Шүршіт шығып жүріс қылып, Шаһзанда шайтан шығып, Шүршіттердің бәрін қырып, Опат қылса керекті. 2021 жылы тауық жылы қытай шүршіт Самарқантқа жеткен соң опат болады. Самарқантта шүршіт қырылып біткен соң, Ислам діні күшейіп, қырық жыл дәуір сүрсе керекті. Сол жылы ақпан айында сапарға шығу қауыпты болады. Қыс пен Жаз шығынын Күз екі есе толтырады. Мемлекет басындағы басқарушы әйелдерден сақ болыңдар, бірақ түбі қайыры болады.

**Төртінші Билік газеті. – № 10 (130). 15 наурыз 2013 ж.
Рысбек Бейсетаев**

Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрімнің соңғы кездесуі

1931 жылы жазда Баянауыл елінде ұрпағы Шорманның Мұсасына үлкен ас беріп, соған Шыңғыстаудан Шәкәрім қажы келіпті. Шәкәрім құрдасы Мәшһүр Жүсіпке: – «Мына жаңа заман қалай болады»? – дейді. Мәшһүр Жүсіп: – «Бұл – аласапыран заман. Бұл – социализм деген заман, мағынасы құдайсыздар қоғамы

деген, дүние кезек деген бар емес пе, бір кезде – құдай деген құстай ұшады, дедік, енді құдай деген, мұрттай ұшатын заман болады, көрешек алда», деген екен:

Тірі қалғаның көресің,
Мәдени үйге кіресің,
Қонысың болар, орыс қаласы.
Қазаққа енді тұрмыс жоқ,
Болуға да, орын жоқ.
Ағымның солай жобасы,
Шәкәрім жағдай, осылай.

Мұса асынан кейін төрт күн елде қонақ болып, енді қайтам деген досы Шәкәрімге Мәшһүр Жүсіп айтқан екен: «Аз ғана уақыт, – төрт-ақ күн бірге болдық. Тірі жүрсең социализм қоғамына кір. Мен, өзім сол 1916 жылы ораза-намазбен қоштасқанмын. Бұл екеуіміздің ақырғы кездесуіміз болар, жас та келді, тағдыр да жақын. Дүние көшкен керуен ғой, дүниеге бірге келдік, бірге жүрдік. Енді сол керуенімізбен бірге кетуіміз керек қой:

Біріміздің ажалымыз, Алладан болар,
Біріміздің ажалымыз, адамнан болар.
Жас та келді, тағдыр да жақын,
Ақырғы кездесуіміз осы болар.
Қош сау бол, деп құшақтап,
Кафу Рахман, деп аттанады.

Екеуі құшақтасып, кешу алысып, қоштасады. Екеуінің туған жылы да, өткен жылы да бір екен: 1858–1931 жылдар аралығында өмір сүрген. Мәшһүр әулиенің айтқаны келіп, өзі сол жылы 27 қарашада өз ажалынан өледі, ал Шәкәрім қажыны күз ортасында Шыңғыстаудың Қарасартов А. бастаған гепаудың работниктері құдықтың басында атып, сол құдыққа көміп тастапты. Кейін баласы Ақат елдің айтуымен тауып, сүйегін атасы Құнанбайдың жанына қойыпты.

Алдабергенов Төлепберген

Қара жәшіктен алынған Мәшһүр Жүсіп жазбалары

Бұқар жырау Жасыбай батыр мен Олжабай батыр туралы

Шежіре бойынша, Жасыбай батыр сүйегі тоқа болады, Арғын әулеті Бес Мейрамнан тарайды. Мейрамнан → Қуандық → Қарпық.

Қарпықтан → || Көзей || → || Тоқа ||

Тоқадан алты ұл → || Тұңғат, Бесім, Тоқтауыл, Сары, Малқы, Құлымбет || туады.

Бесімнен алты ұл → || Сарықожа батыр, Қарашора батыр, Есенаман, Барғана, Айтқожа, Сатыпалды ||

Сарықожадан → || Жасыбай батыр || туған.

Жасыбай батырдан → | Мырзамбет | → | Ескене | → | Байбек | → | Жәнібек | → | Оспан | → | Сейфолла | → | Сәдуақас (Сәкен) | 1894 жылы туған. Сонда Сәкен Сейфуллин Жасыбай батырдың тікелей ұрпағы.

Қу заман, басқа салды, мұндай шақты,
Қайтейін, медеу қылдым, жалғыз қақты.
Ұрпағы, өсіп-өнген, ұрулы ел боп,
Деуші еді, бабам Тоқа, аруақты.
Ескене, Байбек, Жәнібек, бергі атам,
Қайда деуші, еді ғой, берген батаң.
Михнаты, қыйыншылық, басқа түсті,
Жоқ еді, істеген еш-бір қатем.
Ор, Оба, Есіл, Нұра, жерім еді,
Қуандық, қара тоқа, елім еді.
Қолдар деп, қысылғанда, бабаларым,
Сендерге асау балаң, сеніп еді, –

– деп, бабаларының аруағына сыйыныпты.

Бұқар жырау Жасыбай батыр аруағына тағзым етіпті:

Кешегі өткен, Жасыбай,
Өкшесі шақпақ, тасындай.
Суы қатты, сом болат,

Өмірі өтті, жасымай.
Демі таусылып, дәм бітсе,
Амалына қарай ма-ай,
Болған соң әуелде, жазу осылай.

Өз заманында Бұқар жырау қазақ елінің тарихын жырмен жазған ұлы тарихшы болды және Бұқарекен елде болған сәл нәр-сені де қалт жібермей, жырлап отырған. Осы орайда айтпағымыз, бүгінгі тарихшы ғалымдарымыздың қазақ шежіресін елемей – ел тарихын елемей.

Мәшһүр Жүсіп Абылай ханның тұсындағы жүзбасы, мыңбасы батырларды тізіп жазған: 1) Қара керей Қабанбай, 2) Қанжығалы Бөгембай, 3) Қаздауысты Қазыбек, 4) Шақшақ ұлы Жәнібек, 5) ұлы жүз Көкжал Барак, 6) Бердіқожа батыр, 7) Сырым Малайсары батыр, 8) Балтеке Тұрсынбай батыр, 9) Тарақты Байғозы батыр, 10) Орта жүз Олжабай батыр, 11) Малай Жәдігер Жауқашты Бөрте батыр, 12) Орманшы Ақсары Шотана батыр, 13) Қозған Бекше мерген, 14) Қарауыл Өлтеке Жидебай батыр, 15) Уақ Сары батыр, 16) Уақ Байан батыр, Уақ Ноян батыр. Бұлардың әрқайсысының жүзден, мыңнан жауынгері болған. Жалпы, Абылай хан қарамағында 23 қолбасшы батыр болған.

Абылай хан Ақбет тауда қалмақпен соғыс қылады. Қалмақ таудың биік жиі орман ағашына бекініп алып, берілмейді. Биіктен ойға қарай садақ оғы бұларға жетеді және қай ағаштың түбінен атып тұрғаны, қай тастың тұсынан атқандарын да білу қиын болады. Содан қолды көбейту үшін, Көкше таудан Жалаңтөс пен Алпыс батырды жауынгерлерімен шақырады. Ұлы тауға Қарашора батырды қарамағындағы қолымен қалдырып, Жасыбай батырды шақырады.

Жасыбай батыр 500 қолмен аттанып шығады. Бұлар Жасыбайдың келе жатқанын біліп, қалмақ бір мың жауынгерімен Жасыбайды Көк Домбақта тосып алады. Үлкен қырғын соғыс болады. Ашты өзен бойы, Жеті оба, Жеті тас деген жерде Жасыбай қолы қырады. Қалғандары тауға қарай қашады. Сол қуғаннан, қуып отырып, Жасыбай көліне келеді. Көлдің жиегінде қаптаған қалмақ, қазір Жасыбайды жеңіп келген жауынгерлерімізді қарсы алып тойлаймыз, деген оймен бір тайқазан ет асып, күтіп отырған.

Енді ол ойларының сәті болмай, Жасыбай батыр келіп қалады. Осы кезде бұларға бұйыртпайық, деп шойын қазанды ет-метімен суға итеріп жіберіп, қашып биік таудағы бекіністе тұрған қолдарына қосылыпты. Кейде бұл көлді сол бір тай қазан шойын кеткен соң, шойынды көл атаныпты дейді. Енді бір аңыз қалмақтың Шойын деген батыры таудан тұлпарымен жайранды қуып келе жатып, тұлпардың ағымымен суға атымен кетіпті. Сонан шойынды аталыпты дейді. Енді бір деректе, ол көлдің әуелдегі аты Бай ана көлі, Бай ана ауласы, Бай ана әулие қуысы үй болған, Ертөстікке көмек жасаған Байана болған. Ғұн, Арғұн елдері жолда кеп, басына бірыңғай ақ боз ат жылқы сойып, құрмалдық беріп отырған. Сол Әулие тастың алдындағы алаңға кигіз үй тігіп, ол алаңды Бай ананың ауласы, деп атаған. Шона деген баласы Әулие болған Бай ананы әуелде қасқыр асыраған деген де жазба бар. Байан сұлудың туған жері болғандықтан Байан деп атын қойған дейді.

Жасыбай батыр сол қуғаннан, таудан асыра қуады. Аттары да, өздері де шаршайды. Содан асудың түбіндегі терең шатқа келіп, барлық жауынгерін тынықтырады. Ұзақ жол жүрген, мыңдаған қалмақпен соғысқан. Аттары да, өздері де қатты шаршаған. Түнгі қарауылшыларды қояды, олар кезекпен ауысып отыратын болады. Таң ағара бергенде қарауылшысы келіп, қалмақ түгел кетіп барады, деп хабарлайды. Естісімен жалмажан, өзім көріп қалайын, деп тасқа шыға бергенде дәл маңдайына садақтың оғы тиіп, сол арада қазаға ұшырайды. Бұл жау қашқанда Жасыбайды атып өлтіру үшін Құба мергенін қалдырып кеткен екен.

Жасыбайдың қазаға ұшырағанын нағашысы Олжабай батыр көріп, Жасыбайдың басын құшып, көзінің жасын көл қылып жылап, ант етеді: – «Сені атқан батырын тірідей басыңа ұстап әкеліп, қараған-тобылғыға сүйретіп, етін жырым-жырым бір жапырақтап жұлғызып, шыбын жанын шырқыратып өлтірмесем, Олжабай атанып, тірі жүрмейін», – деп ант беріп, жауды қуып береді. Жауды сол қуғаннан, қуып, Серек тасқа жетеді. Осы жерде қалмақтың қалың қолына кездесіп, қырғын соғыс салады. Таудан шығармай қырады. Қолға түскен қалмақтардан Жасыбайды өлтірген батырды анықтайды. Құба мерген деген батырды осы анты бойынша тірі тұтқындап, ұстап алады. Қалмақты сол Серек

таста қырып бітіреді. Қазірде сол тасты Қалмаққырған деп атайды. Құба мергенді Жасыбай батырдың басына әкеліп, дырдай ғып шешіндіріп, екі қол, екі аяғын байлап, екі жігітті атқа мінгізіп, арқан байлатып, сол арадағы сайда өсіп тұрған қараған-тобылғыға ерсілі-қарсылы сүйреттіріп, шырылдатып, шыңғыртып, парша-парша ғып жырттырып өлтіреді. Сөйтіп, айтқан антына жетеді. Бұл туралы Мәшһүр Жүсіп шығармасы:

Жасыбай көлінің терең басы,
Көл түбі оңтүстік қабырғасы.
Баянға екі жолмен жүретұғын,
Осында, бір ағаш бар, тұрған қарсы.
Оңтүстік тауды кесіп, жол асады,
Иректеп, қиа шығып, өрге қарсы.
Сырты жар, тас қияның,
Көрінбейді, көз жерпейді, төмен жағы.
Асудың енді үстіне, шығып тұрсаң,
Көресің алдында бір, бөлек тас тұрғанын.
Сол жерде, бізден бұрын, қалмақ болған,
Сан батыр, бұл Баянға, келіп қонған.
Жеңіліп, қалмақ қашып, қазақ қуған,
Жасыбай батыр келген, қуып соңынан.
Соғысып, Жасыбай жеңіп, қырып салған,
Жасыбай жеке келген, жирен атпен.
Қалмақта құба мерген, дейтін батыр,
Келгенін Жасыбайдың, бұрын көрген.
Тасқа шықса қарауылдап, Жасыбай тұр,
Өзі жалғыз, жолдасы жоқ, қасына ерген.
Жасыбай тұрған жерде, дәл маңдайдан,
Садағын тартқан екен, құба мерген.
Дәл жанында көрінбей, бұғып жатқан,
Кім екенін білмейді, садақ атқан.
Алла деуге тілі келмей, қапылыста,
Жасыбай осы арада, қаза тапқан.
Содан басқа өткен жоқ, басқа сайда,
Батырлықпен болама, амал хайла.
Осы аңғармен тауда, келе жатып,
Өліп жатқан үстіне, келді Олжабай да.
Жалма-жан, көре сала, аттан түсті,

Құшақтап Олжабай, жасын төкті.
Сенің кегіңді алмай тірі жүрмеспін деп,
Өз көзінің жасын өзі, ант қып ішті.
Олжабай төрт құлашқа, ұран қылған,
Қазақ қолы сұраған, іздестірген.
Атқан жау құба мерген, анықталып,
Қолға түскен қалмақтар, рас қылған.
Ол кезде анық аты, серек тасты,
Қазірде біз айтамыз, қалмақ қырған.
Серек тасқа жыйылған, қалмақ қолы,
Бір үлкен соғыс қылған, осы жолы.
Қазақ қолы үстінен, барып басқан,
Өлгені өліп, қалғаны қашып, қайнап соры.
Қалмақта батыр қалмай, құрал бітті,
Қарсыласып қазаққа, тұра алмапты.
Олжабай сонда қолдан, күші асып,
Құба мергенді шығарып, тірі алыпты.
Құба мергенді сүйретіп, атқа байлап,
Ұрандап, айғай салып, Олжабайлап.
Бір жапырақ ет қалдырмай, өлтіреді,
Қалмақ қолы қырылып, қалған жайрап.
Олжалап шауып алды, қазақ қолы,
Бір баяннан қалған, ақыр соңы.
Есепсіз қалмақ қолы, көп қырылды,
Қалмаққырған, қойылған, сондағы аты.
Жасыбай өлген жері, қырдың басы,
Күн батысқа қараған, құбыласы.
Жартастың асты ой, соған қойған,
Ірге қылып қалап, қойған тасты.
Және сол тауды қазып, қабыр қылған,
Жасыбай қойылған жер, таудың асты.
Қазақтың келіп жатқан беті, қоныс қылмай,
Төрт құлақ там қаланған жоқ, уақыт болмай.
Маған көрсеткен Бекет, деген кісі,
Сол кезде жетпістен асып, келген кезі.
Жасыбай төмен қарай, аққан өлке,
Бекеттің сол арада, бар қонысы.
Биікті оңтүстікте, Ақбет деген,
Басына құс ұшпаса, ат жетпеген.
Ұзынша бір көл бар, дәл басында,

Қасиетін ешкім білмейді, зерттелмеген.
Ақбеттің биік басы аспанға өрлеп,
Әйтеуір, мұнарланып, бұлт кетпеген.
Көрген аз, естіген көп, Ақбет үстін,
Ол көлдің қасиетін, білмейді ешкім.
Суы мөлдір тұп-тұнық, депті біреу,
Қызығып, мен суынан, алып іштім.
Шиі, құрағы бар, шыққан қалың,
Білмейді не бар, не жоқ, судың ішін.
Баянның көп ғажайып, тауында бар,
Өзі біледі, жаратқан, бір құдайдың.
Көк өгіз, қызыл шың, тұлпар тас,
Бұлардың сыры, қасиеті, айтылмаған.

Абылай хан соғыс біткеннен кейін қолды таратып, енді мал малданып, жан өсіріп, ел болындар, деп өзі Түркістанға көшеді. Көкше таудағы ордасын балаларына қалдырады. Төртуыл елінде Орта жүзде жалғыз Олжабай батыр қалады. Елдің малы, жаны өседі. Шідерті бойы жылқыға толы болады. Күллі ел жаз жайлауға жылқыларын айдап сонда барады. Бұл байлықты шүршіттер естіп, тегін мал, әскері жоқ, қарусыз халық, бәрін айдап әкелуіміз керек деп, 10 мың сарбаз шідертіге келіп, шатыр тігіп орналасады. Халық естіп, зәрулері ұшады. 10 мың сарбаз, түгелінің қару-жарағы бар, ал елдің қару-жарағы бар 10 кісіге қарсы тұрар халы жоқ.

Бұл жағдайды Олжабай да естіп, қару-жарағын асынып, халқым үшін, келешек ұрпағым үшін жаным құрбан деп, сары ала туын қолына алып шығады. Жанына бір адам ертпей, өлсеңдер өз ажалдарыңнан өліңдер, Олжабай батыр ертіп алып кетіп, боздағымыз жауда өлді дегізбей, деп ереміз деушілердің бірінде қабылдамайды. Таң сәріде жалғыз өзі барып, сәскеге шекті 10 мың шүршітті қырып бітеді. Қашқаны қашып, қашпағаны жер жастанады. Содан бұл жердің аты шүршіт қырған деп аталады. Шідерті өзенінің бойында.

Ақтабан шұбырындыдан қазақ жерінің көбі бос қалған. Бұқар жырау сыр бойындағы елді шақыртқан. 1740-шы жылы бірінші Олжагелді (Қаржас) Анай батыр елі келген, содан соң барлық Төртуыл елі келген. Олжабай батыр сол кезде елдің қорғаны, қол басшысы, тірегі болған. Осындай ер ақыры қартайып, кедей

болып, паналарға пана таба алмай, орыс поселкесі Ерейменде елеусіз, ескерусіз қайтыс болған. Батырдың әуелдегі қонысы Ақбет тауда «ізмөшке», Жалаңтөс асуы. Сол жермен Мәшһүр Жүсіп өткенде жылап, биенің бір сауымындай отырып өтеді екен. Өзінің 14 ағасы осы жерде қалмақтан өлген екен. Бәрі де батыр болған. Сол соғыста Тайлақ деген батыр болған екен. Бесім бесікте түйеге артқан кебеженің ішінде болған. Түйені жау жетектеп әкетіп бара жатқанда Тайлақ батыр қан төгіс соғыс қылып, алып шыққан кебеженің ішіндегі бесіктегі бала менің бабам Бесім. Мұнан Ақжігіт, Сермұхамед. Мұнан Көпжасар, мұнан осы әңгімені жазып отырған мына мен, Мәшһүр Жүсіп. Тайлақ батыр болмаса атамыз атаусыз қалушы еді.

«Екінші, сол 14 ағаның қаны үшін кегін алған Олжабай батыр екен. 1540 қалмақты айдап кеп, әрқайсысына 110 қалмақты құрбандық қылып, бауыздап өлтіріпті. Қайран ерім-ай, – деп, егіліп жылап, іші бауырым күйіп, жанып зорға аттанамын», – деп жазады Мәшһүр Жүсіп.

Сол кезде Абылайдың 23 батырынан қалған Олжабай ғана болған. Олжабай батырдың жалғыз барып 10 мың шүршітті қырғанда 64 жаста екен. Енді осындай елін қорғаған, жауын қанша қырған, өз басын елі үшін өлімге қиған қайран ердің қартайған шағында кедей болып, ғарып болып елеусіз өлуі адамның жан жүйесін өртейді. Қайран қазағымай, бір кезде біріңе емес – мыңыңа, мыңың түгілі өсетін мыңдаған ұрпағыңа қорған болып қорғап, шыбын жанын пида қылған қайран ерін бір қонуға үй таба алмай, қыстың аязында далада қаңғыртқан. Қазағым қалай ел болмақсың, көпірден де әрі болып, ақыры бір қатты азарсың-ау.

Олжабай батыр Омбы қаласында түрмеде отырған інісі Барлыбайды іздеп барады. Қыстың қатты аязында қоналқалыққа бір үйге келіп, ұлықсат сұрап кел деп, жолдасын жібереді. Ол үй қонағымыз бар деп, қондырмайтын болады. Тағы да бірер үйге барса, бәрі де қонағымыз бар дейді. Сонан өзі, – «Бұл не, біз кездескен үйдің бәрінде қонақ, аяз болса мынау, далада үсіп өлмейміз бе»? – деп, қой өзім барып жолығайын деп, шам күллі әйнегінде жанып тұрған үлкен ағаш үйге сықырлаған аяз киімімен кіріп келеді. Қасым-Шайым Омбының атақты байы екен. Сол

Омбының бар басшысын қонақ етіп отырған көрінеді. Олжабай келгенін ұнатпай, реніш білдіреді. Сондағы Олжабайдың айтқаны:

Ағаштың түбі бірге, бұтағы басқа,
Ұқсайды Адам Ата, сол ағашқа.
Қанжығалы Ішпектен, Есен туып,
Жанарыстан бөлінеміз, төрт атаға.
Ішпектен тарайды екен менің әке-бабам,
Ақдәулет баласы екен, онан туған.
Ақдәулеттен Ақшадай батыр туған,
Ол дағы Ата-баба, жолын қуған.
Ақшадан туған екен, ер Бөгембай,
Ел қамын Едігедей, жер Бөгембай.
Қалмаққа қысқа күнде, қырық шауып,
Үш жүзге олжа салған, сол Бөгембай.
Бөкеңнің Тұранәлі, бел баласы,
Бабамнан соң Құлақтай, атам туған.
Ол дағы әкелерінің, жолын қуған,
Кездесіп ақырғы өмір, Олжабайға.
Ішкізді зәһір суын, еріген удай,
Бір күнде бақытты батыр, мен Олжабай.
Болсамда бұрын бүркіт, бүгін торғай,
Кәзірде паналауға, бұтақ керек.
Болсам да баяғыда, Көкше таудай,
Осы үйдің иесі аш, қабағыңды.
Далада суық қысып, аяз батты,
Жоқ па орын бір түн, паналайтын.
Аң емеспін орман іздеп, паналайтын,
Жасаған жазығым не, жарықтығым.
Жөн сұрап жағдайыма, қарамайтын,
Осы үйдің әулиесі, Қасым қайда.
Емес пе мейман ортақ, кедей, байға,
Қараңыз жақсылықпен, біздің жайға.
Бермейді неге дыбыс, үйде жоқта,
Мейлің ұр, мейлің ұрыс, мейлің боқта.
Қайткенмен мекеніңнен, кете алмаймын.
Омбыда атың егіз, Қасым-Шайым,
Бұлардың әркім білер, сырттан жайын.
Хан болып қазына жыйнап, қоймаса да,

Болама маған ұлықсат, қонамыз ба?
Болмаса далаға жатып, тоңамыз ба?
Омбыдан бір қонатын, орын таппай.
Болмаса аулаққа жатып, үсіп өлеміз бе?
Омбыдан бір қонатын, орын таппай,
Ұрыспен адам болып, оңамыз ба?
Ағасы Барлыбайдың, Олжабаймын,
Ғайыпты, қасиетім жоқ, болжамаймын.
Тұтанып туыстықтың, өрті жанып,
Сағынып, бір көруге туысымды, Олжабаймын.
Су анасы, бұлақтан болады,
Сөз анасы, кұлақтан болады.
Қайыршыны қайырмау,
Үй иесінен болады.
Жақсы адамның, ақылы болады,
Мейманды іренжіту, күнә болады.
Көтер Қасым-Шайым, басыңды,
Бермей-ақ қой, асыңды.
Тондырмай жатқыз, жылы үйге,
Ашып қабақ, пейіліңді.
Жасым үлкен, ағаңмын,
Мен бір кездегі, жағаңмын.
Қазағым деп, қан кешіп,
Мал жыйнамай, жау шауып.
Ақыры қалдым, Зәһір мен «у» ішіп,

– деген кезде сол үйде қызмет етіп жүрген бір жігіт: «Ата-ай біздің үйге жүріңізші. Барлық жағдайыңызды жасаймын, атыңызды, өзіңізді күте алатын жағдайым бар деп», үйіне апарып күтеді. Олжабай шығып бара жатып, Қасым мен Шайымға: Құдайым пейілдеріңді, тартқан екен, Мына жаңа заманның заңына. Мына пиғылыңа қарағанда, Өзіңді шайан ғып шақтырар орысым. Қазақ: – Бір қонақ келсе, ырыс бір есе келеді, Екі қонақ келсе, ырыс екі есе келеді, – деген. Енді Қасым мен Шайым екі есе түгілі, бір де есе жоқ. Мойныңа салатын қоржыныңды дайындай бер, деп шығып, жігітке еріп кете барады. Айтқанындай кешікпей Қасым мен Шайымды тұтқындайды. Сөйтсе, екеуі ұры ұстап, мал ұрлатып, кісі тонатып байыған екен. Екеуінде кәмпескелеп, күллі малын ортаға салған. Бұл қабарды естіп Олжабай батырдың айтқаны:

Жасасын орысым, жасасын,
Асықпа байлар, асайсың.
Аспаннан алтын, жауса да,
Жыйа алмас байлар, қасасын.
Амандас байлар, еліңе,
Суын татқан, көліңе.
Ажалдан басқа, дертің жоқ,
Байланды қапшық, көтіңе.

Орыстардың қазақ жерін алып, қала салып жатқан болу керек. Қазақ жеріне ие болып, жер үшін қазақтың өздерінен налог алып жатқан кез.

Бұқар жырау Олжабай батыр туралы

Бұқар сан жорықта жүріп, Олжабайдың бір сескенгенін, шегінгенін көргенім жоқ. Шімірікпейтін көзсіз ер, өзі көк шолақтың көзі, жасында Ғайып ерен Қырық Шілтен аян берген, ешкімнің аруағын керек қылма, жауға өз атыңды атап, өз аруағыңды айтып шаба бер. Ешқандай жау беттеп тұра алмайды, – деп өсиет етіпті. Кейде осы ерлігінің себебін сұрасаң: – «Жауға шапқанда алдымда жеңді білектей сары шұбар жылан оқ бойы ұшып отырады. Жылан барда менде ешқандай қорқыныш жоқ», – дейді. Мұны көзбен көрдік. Қытайға, шүршітке, қалмақтарға салған сан қантөгіс соғыста алдында сары ала туын желбіретіп шапқанда, сол тумен қайетті жыланы бірге ұшып жүреді.

Екінші Пайғамбарымыздың көлеңкесі жерге түспейді екен. Үйден шыққанда басына бір көк бұлт пайда болады. Қанша соғыс болса, сол соғыстың бәріне қатысқан, қол бастаған. Жалғыз-ақ сол көп соғыста үлкен күрек тісі түсіпті. Бұл тісін 72 шейт пен Хамзе батырдың кеуде топырағының үстіне қойыпты.

Үшінші қасиеті 1628 жылы Есім хан Сүйіндік Олжагелді (Қаржас) Тұрсын ханның басын алады. Сол кезде Олжагелді 16–17 жаста болған. Жас, албырт, ерлігі ерен сұмдық, 10 мың жауға жалғыз өзі кіріп кететін болған. Сонан хан Есім өзінің жасағына алған, өз қасында ұстаған және ақ сауыт, ақбоз ат, ақ найзасын алып

жауға ұмтылғанда, алдында бір кішкене ақ бұлт ұшып отырған. Сол Тұрсын ханның басын алғанда, сауық сарайында 40 өнерпаз қызы болған. Мұның бәрін олжаға батырларға бөліп берген. Қаракесек батыры Шаншарға – бір әкеден туған Әйбике, Нұрбике, Қызданбике. Бұлардан қаздауысты Қазыбек би бабалары тарайды. Тоқа батырына – Дәулетбикені береді. Бұдан Қарашора, Жасыбай батыр бабалары тарайды. Қоңырбикеден Абайдың бабалары тарайды. Найманның батырына Божан қызды береді. Бұдан атақты би Ақтайлақтың бабалары тарайды. Қаржасқа Жолбикені береді. Бұдан Анай батыр, Мырзағұл батыр, Бұқар жырау, аға сұлтанның бабалары тарайды. Нелер әулие, қасиетті адамдар болған. Дәулет дарып, бақ, дұға қонған. Сақау ақын айтысқа барғанда осы бабаларының аруағына сыйынады екен:

Дақ болып, жеке туған, Кәріжас еді,
Ақ сандық, алтын бесік, алмас еді.
Бақ қонып, қыдыр дарып, дұға қонған,
Бабамның Олжагелді, баласы еді.
Бекіткен, домбырамды, сары желім,
Қуандық, Сүйіндік, менің елім.
Өңшең пір, өңшең төре, өз елімде,
Әсіресе, Мұсам бар, сары белім.
Қолдай гөр, бақ бере гөр, әділ дағы,
Сөйлесін, бұлбұл сақау, тіл мен жағы.
Тісіме сендей неме, сыздық емес,
Қолдаса, бабаларым Орманшының, аруағы.

Төрелер айтады екен: Төресіз ел болмайды, төбесіз жер болмайды. Біз Нұрдан жаралғанбыз, деп қыздарын басқаға бермей, нұрымыз ауып кетеді, деп өздері ғана алады екен. Бұл сөзде тегін шықпаған тәрізді. Сол қыздардан тараған тұқымның бәрі керемет иелері болды. Әйбике, Нұрбике, Қызданбикеден тараған ұрпақ 24 болысқа жетіп өсті. Жолбике Олжагелді руы батырларының ұраны болды. Сондай керемет, қасиетті адам болған.

**Алдабергенов Төлепберген,
Бейсетаев Рысбек**

Бұқар жыраудың Абылай хан жараланғандағы сөзі

Бір соғыста Абылайдың оң жақ бүйірінен найза тиіп, қарыстай еттен кіріп кетіпті. Арқасынан да жараланып, майданнан қансырап шығыпты. Жарақатының ауырлығынан қауіптеніп, Бұқар күбірлеп толғайды:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, қаным-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған, қаным-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған, қаным-ай.
Үш жүзден үш кісі, құрбан қылсам,
Сонда да, қалар ма екен, жаның-ай,

– дегенде, Абылай хан: – Токта, токта, бұлай десең, мен діннен шығамын, сен жалғаншы боласың. Қанша жыл өмір сүргенмен, қазақты билеп төстегенмен қазақтың арқасын тамға, аузын нанға сүйегенім жоқ, бұл – бір. Ақ боз аттың құнын ер құны болсын, деп кестіргенім жоқ, мұнымен – екі. Мылтығын құралайдың көзінен өткізетұғын мергеннің құнын екі ердің құны болсын деп, етікшінің құнын қатын құнымен бір бәс қылып, жарты құн дегізіп, кесім кестіргенім жоқ. Осы үш арман сүйегіммен бірге көрге түсті, – деген екен.

Қабанбай батыр туралы

Қайратқа мінген, Қабанбай,
Садақ жетер жерлерді,
Тартып кетіп барады.
Қылыш жетер жерлерді,
Қырып кетіп барады.
Ұстарадай жау тобын,
Тіліп кетіп барады.
Жекпе-жекке келсе найзасымен,
Іліп кетіп барады.
Өлексесін жауының,
Үйіп кетіп барады.
Ойсыратып, дұшпанын,

Түріп кетіп, барады,
Айналайын, Қабанбай!
Кіретін жауға, тайсалмай,
Асқынып елге, дау келсе.
Түрулі еді, құлағың.
Баса көктеп, жау келсе,
Басындырмас, шырағым.
Мың жылқыны, суарған,
Төскейдегі бұлағым.
Бүгін түсте естідім,
Қабанбай ауру, дегенді.
Құлазып көңілім, қобалжып,
Жетімсіреп, жыладым.
Арғыннан айттым, жүз кісі,
Найманнан айттым, жүз кісі,
Үйсіннен айттым, жүз кісі,
Үш жүз кісі, болар ма,
Айналайын, Қабанбай!
Құрбаныңа атағам,
Қара мойын, бір лағың.
Бұл дүниенің қарты едің,
Айналайын, Қабанбай!
Қайдан да болар, тұрағың.

Бөгембай батырды естіртуі

Қазақтың ханы Абылай!
Ақиықты аспанға,
Ұшпастай ғып торлады.
Құлағанға ұқсайды,
Қазақтың камал қорғаны.
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Айтпасыма болмады,
Батырың өтті Бөгембай!
Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған.

Қисапсыз қол көрінсе,
Қорқып жаудан қайтпаған.
Қазақ деген халқынан,
Батыр шыққан даңқынан.
Қарсыласқан асылдар,
Қорғасындай балқыған,
Батырың өтті Бөгембай!
Бұтақты мүйіз бұғысы,
Саласына жайылған.
Мылтық атқан мергені,
Киігін қойдай қайырған.
Құланы құлындай тулаған,
Түлкісі иттей шулаған.
Қыс қыстайтын жерінді,
Сол сықылды тау қылған,
Батырың өтті Бөгембай!
Асу салған, тас бұзып,
Тарбағатай белінен.
Қол қондырған, қос тігіп,
Борлы деген көлінен.
Қалмақты шапқан, шулатып,
Ақшәулінің өрінен.
Қоныс қылған найманға,
Бәрін қуып жерінен,
Батырың өтті Бөгембай!
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Қаздауысты Қазыбек,
Шақшақ ұлы Жәнібек,
Ормандай көп, Орта жүз,
Содан шыққан, төрт тірек.
Тұғыры болған, сен едің,
Сіздей төре, сұңқарға.
Байгелді жерде, бақ болған,
Сіздей жүйрік, тұлпарға.
Қайғырмаңыз ханзадам,

Келмей тұр аузым, айтарға,
Батырың өтті, Бөгембай!
Өкпе қылған, ел үшін,
Жауда кеткен, кек үшін.
Қазақтың абырой, арына,
Сарып қылған, бар күшін.
Қайыры болсын, халқына,
Сабыр қыл, ойлап келмесін,
Тағдырдың, мына кетпесін.
Қарйаң келіп, жырлап тұр,
Еңбегі сіңген, ер үшін,
Батырың өтті, Бөгембай!

Бұқар жырау Жасыбай батыр туралы

Кешегі өткен, Жасыбай,
Өкшесі шақпақ, тасындай.
Суы қатты, сом болат,
Өмірі өтті, жасымай.
Демі таусылып, дәм бітсе,
Амалына қарай ма-ай,
Болған соң әуелде, жазу осылай.

Қарпықтан || Көзей || Көзейден → || Тоқа || Тоқадан →
|| Бесім || Бесімнен екі ұл → || Қарашора батыр, Жасыбай
батыр || Дәулетбикеден тараған ел Құлмамбетті қосқанда 9 болыс
ел болған.

Бұқар жырау Олжабай батыр туралы

Қанды жорық, Олжабай,
Болат тіреу, Ордама-ай.
Қолды бастап, тез аттан,
Ту көтеріп, үш жақтан.
Ер кіндігін шабақта,
Нәсерді төгіп, садақтан.

Болат қару, тарланым,
Арыстандай, арланым,
Сен тіріде, құламас,
Сары ала туы, Орданың.

Олжабай батыр атанған ер Айдабол атасының Малғозы тарабынан тарайды. Айдаболдың бәйбішесінен – Жанғозы, Малғозы, Кенжеқозы, ортаншы тоқалдан – үш қозы, тоқалынан – Қожагелді, Тайкелтір. Кенжеқозы жас өліп, атастырып қойған қалыңдығы оң жақта жесір қалады. Қайыны үйсін Қаратай батыр. Айдабол бұл қызды енді Тайкелтірге берейін десе, бәйбіше балалары көнбей қойыпты. Содан Жанғозы жесірді тетелес інім Малғозының баласы Толыбайға алып беремін, деп көтеріп, қосын жыйнап, Қаратай еліне келеді. Құдай дескен, құйрық-бауыр жескен құдамсың, арғындығыңды жасама, аңғалдық қылма, жасаған қолақның керегі жоқ, жол жобаңнан аспаймын, деп қырық күн тойын өткізіп, қызын Толыбайға ұзатып жібереді. Қаратай батыр түйесін жетелесін, деп қызына бір күң қосып береді. Елге келген соң, екі қызда босанып, Қаратайдың қызынан Олжабай туған, жетім қыздан Қосжетер туған екен.

**Алдабергенов Төлепберген,
Бейсетаев Рысбек**

Мәшһүр Жүсіп Бұқар жырау туралы

Табиғи жаратылысында біздің қазақ тілді, сөзге шешен халықтың қатарына жататыны белгілі. Осы халықтың бір перзенті – ақыл, сөз шебері Бұқар жырау жасында тілі кем болып туыпты. 8–9 жасқа дейін сөзі баяу әрі түсініксіз болыпты. Осыған байланысты болса керек, өзі тұйық, сөзге сараң болыпты. Тілі кем болған соң, елден оқшауланып өсіпті. Осы мінезіне қарай, ел «мылқау бала» депті. Сөзге сараң, мылқау баланың он екі жасқа толғанда тілі шығып, он екі мен он үштің арасында құрдастарын қуып жетіп, ал он үш пен он алтының арасында замандастарын басып озып, және жай сөйлемей, жырлап қоя беретін болыпты.

Туыпты Бұқар жырау, сақау болып,
Жүріпті содан аз жыл, ақау болып.
Келгенде сегіз жасқа, тілі шығып,
Қалыпты есік көзі, жақау болып.
Тек бірақ, тас атқандай, су астынан,
Кетіпті, бірден сөйлеп, асау болып.
Өсіпті, содан былай, мәртебесі,
Төбесі, көк аспанға, тақау болып.

Он үш мүшелі жастан асқан соң, «мылқау бала» той-думанның, ойын-сауықтың баласы болып шыға келіпті. Оған дәлел Үмбетей жыраудың мына өлең шумағы:

Тілің шықпай, жасыңда,
Бала болдың, сен мылқау.
Бір алуан жан, десетін,
Іштен шыққан, кем-сырқау.
Сырқат па, әлде, мінез бе?
Мұны қиын, жобалау.
Дәл он екі, жасыңда,
Бақыт қонды, басыңа.
Тілің шықты, сөйледің,
Қолдан-қолға, тимедің.
Төре, қара, қасыңда,
Бұлбұл құстай, сайрадың,
Топты көрсең, жайнадың.
Көріктей басқан, күпілдеп,
Көмекейің, бүлкілдеп.

Қалқаман батыр дарыны бірден байқалған баласы Жоламанды (Бұл – Бұқар жыраудың азан шақырып қойған аты еді) он алты жасқа келгенде Орта жүз баласының данасы Әнет бабаңның ақылымен Бұқардағы он екі пән ғылымнан дәріс беретін Көкілташ медресесіне оқуға береді.

**Алдабергенов Төлепберген,
Бейсетаев Рысбек**

Әулие әз Әйтеке бидің сөзі

Жер адамның анасы, Адам жерден, топырақтан жаралған,
Жерсіз корек жоқ. Елсіз тірек жоқ. Жерді сату – елді, отанын сату.
Жер дауы – жесір дауы. Жер сатылса, мұхиттың ар жағындағы
сайтан келіп билейді.

Қазақ жерін ұрпағы үшін сақтаған,
Жер біздің анамыз, анамызды сатпаған.
Ата-бабамыз қалдырған жерді сатпа,
Келешектің тамырына балта шаппа.
Оңтүстікте, қытай қорғаны,
Солтүстікте, орыс орманы.
Биттей ғана құмырсқа,
Өмір бойы құрлыста.
Құмырсқаның кәсібі,
Баршамызға бір нұсқа.
Оңбайтын елдің жігіті,
өз құрдасын кемітіп ойнайды,
Өсетін елдің жігіті, құрдасын батырым деп ойнайды.
Оңар елдің белгісі, ақсақалы – үлгісі,
Оңбас елдің белгісі, ақсақалы – күлкісі.
Кері кеткеннің белгісі,
Саяғы далада жүріп тебіседі.
Иттің иесі болса, бөрінің тәңірі болады.
Қазақ жылқыны жаным дейді,
Қымызын қаным дейді.
Қымызын сатқан,
Қанын сатқанмен бірдей дейді.
Бұл жалғанның қызығы ұйқы-күлкі,
Ұйқы-күлкі жоқ болса, қыйқы-жыйқы.
Бір-бірімен сыйласпай өткеннен соң,
Берекесіздің үйі болып, кетер сыйқы.
Күлкісі бар үйге, қызыр келеді,
Күлкісі жоқ үйден, қызыр безеді.
Қызыр безген үйден,

Құт-береке кетеді.
Даулы отбасы оңбайды,
Бақыт оған қонбайды.
Қаталдық керек балаға,
Бала адам боларға.
Түн қараңғы, күндізді, бұлт деменіз,
Мынау жарлы, мынау бай, күндеменіз.
Ата-ана сыйламаған ұл мен қызды,
Аузы түкті, кәпірден, кем көрмеңіз.
Әке тілін ұл алмайды,
Құдай оны оңдырмайды.
Ана тілін қыз алмайды,
Өзі оңбаған бай таңдайды.
Кедей елдің, көш басшысы көп болады,
Кері кеткен елдің, кеңесі көп болады.
Төлеңгіт билеген, төре оңбас,
Бұралқысы билеген, ел оңбас.
Тау белгісі тас болар, бай белгісі ас болар,
Төренің жаманы, төлеңгітімен қас болар.
Баланың жаманы, әкесін өлтіргенмен дос болар,
Бұзылар елдің белгісі, бұратанасы бас болар,
Асығып басқан, шайтанның ойнағын басар.
Бір бала бар, әкеге жете туған,
Бір бала бар, әкеден өте туған.
Бір бала бар, көтінен кейін кете туған.
Ауру кісі, күлкі сүймейді,
Ит жүйрігін, түлкі сүймейді.
Желіні сау қой, қосақтау сүймейді,
Көсеуің ұзын болса, қолың күймейді,
Ағайын-туыс көп болса, адам тимейді.
Мырзалық қонаққа пайда, – малға қас,
Батырлық жолдасқа пайда, – жанға қас.
Өткір пышақ қолға пайда, – қынға қас,
Өтірік сөз дауға пайда, – иманға қас.
Сұқ семірмес, сұғанақ байымас.
Алғыс түбі – ақ май,

Қарғыс түбі – қара қан.
Боларында, болып өт,
Боз жорға аттай, желіп өт.
Болмасыңды білген соң,
Болған ердің, атын жек.
Дүние жанып сөнген, пеш секілді,
Не түнеріп батқан, кеш секілді.
Несіне тірі жүрмін деп, мәз боласың,
Бұл дүние бір көрген, түс секілді.
Қанның да, қара тілін ала бермес,
Бастан тәж, астынан тақ, кеткен соң.
Әкеден бала безген, күн болады,
Қуат кетіп, сексенге жас жеткен соң.
Бай болсаң, торғын орамалмен бетіңді сүрт,
Жарлы болсаң, торғын орамалмен көтіңді сүрт.
Бай болсаң, жаның бір алтын,
Қанша сыйласаң, сыйлауыңа тұрады.
Жарлы болсаң, жаның бір темір,
Қанша қыйнасаң, қыйнауыңа көнеді.
Пайдасыз болса, байдан без,
Панасыз болса, сайдан без.
Бай болса, халқына пайдасы тисін,
Батыр болса, жауға найзасы тисін.
Батыр болып, жауға найзасы тимесе,
Бай болып, халқына пайдасы тимесе,
Елден ала бөтен, үйі күйсін.
Тоң ойған, май жейді,
Дос айырған, боқ жейді.
Қатын алдың, кемеге міндің,
Балалы болдың, қарық олжаға баттың.
Асырайсың, сақтайсың, қатын-бала,
Қолыңа ұстаған от, жанған шала.
Алғаның шайпау тілді, долы болса,
Кеткенің су түбіне, қара сонда.
Сонан соң көк типылды, ала көрме,
Маңына пәлекеттің, бара көрме.

Көк көз, қайқы мұрын, сұр қатынды,
Мал беріп, мұндай сұмды, ала көрме.
Беті қызарып, ұялып тұрса, иманды дейді,
Беті қызармай, сұп-сұр боп тұраса, оны бетпақ дейді, – деген
екен, Әулие әз Әйтеке би.

**Алдабергенов Төлепберген,
Алпысбес Мақсат,
Бейсетаев Рысбек**

Мәшһүр жазуы

(Иманғали жазуы, Қара жәшік жазбасы)

Ішінде әптиектің, інәптак,
Жаманға басыңды, қылма шатақ.
Жаманға басыңды, қылсаң шатақ,
Қалмайды өл-өлгенше, жаман атақ.
Досыңның үйінде шаш алдыр,
Дұшпаныңның үйінде тырнақ алдыр.
Босағадан биік тау жоқ,
Жаман қатыннан артық жау жоқ.
Жалқау адам айырылмас азаптан.
Адал еңбек, елдің досы,
Бақ іздеудің, жолы осы.
Бұл жалғанда бір жаманы,
Ағайынның аласы.
Күлкі жоқ шаңырақтан,
Құт-береке қашады.
Береке, бірлік қашқан соң,
Бір апат соғады.
Арақ ардың ажалы,
Ақшаның тажалы.
Жанжалдың ағасы,
Төбелестің әкесі.
Араққор ақшасын шашады,
Баласын алып, қатыны төркініне қашады.

Ата-ана балам өсіп, ер жетсе екен жейді,
Баласы өсіп ер жеткен соң, сол әкесі,
Масыл болмай, тез өлсе екен дейді.
Әкенің көңілі балада,
Баланың көңілі далада.
Бұл күнде кемпірім де, дұшпан болды,
Баласымен екеулеп, қысқан болды.
Келін деген бір батыр, және шығып,
Бірі іштен, бірі сырттан болды.
Кекесіні келіннің, езіп құйған умен тең,
Көңілсіз берген тамағы, күл аралас құммен тең.
Өзін сүйгенді алма, өзінді сүйгенді ал.
Кедей болар жігіт, күлкішіл келеді,
Кедей болған соң, күле алмай, ыржалаңдай береді.
Жүрсең өмірің созасың,
Отырсаң, азып-тозасың.
Досым саған да, сенбеймін,
Өйткені, өз желкемді өзім көрмеймін.
Дәулетімен, байлар тоқ,
Өлімді жерде, молда тоқ.
Құдай сөзі, онда жоқ.
Адасып молда жүр дауам,
Алланың айтқан салымын.
Өлікке пайда, салығын.
Молда алсын, барлығын,
Деп бұйырған, әр дауам.
Шариғаттың нахысын,
Жетім-жесір хақысын,
Молда екем жеп жүр, әр дауам.
Әділдік тұрса да, тура жоқ,
Туғанды туса, иман жоқ.
Ылғый қырт-сырт, сарт-сұрт,
Бәріне ие болған жоқ.
Бара бер күнде, ойран сала бер,
Дауасыздар, ұждансыздар.
Жалаңды жұртқа жаба бер,
Дос кім, жоқ сөз.

Шындық қайда, ол өлген,
Өсек қайда, елде жүрген.
Бәрекелді, құдай берген,
Шақырып кел бермен.
Аттан жүр, тұр бүлдір,
Қыйрат, сындыр.
Шаланы шайнап,
Сорын қайнат.
Шағымды сайрат,
Оңба, оңдырма,
Үре бер, болдырма.
Лаға бер, тындырма,
Шаға бер, қалдырма.
Без ізден, без елден,
Жағын, түрлен, төре боп ірілен.
Үкіметті алдап, елді арбап,
Сылқит, жымпит.
Берсе мал қу, бермесе заң қу,
Бәрін құрт, ал қу,
Уа шіркін, дау қу.
Әйдә, ел қорықсын,
Жандыр, пәлеге малынсын.
Қу білгіш, аты шықсын, міне кісі,
Жарайды ісі, әппақ іші, жігіт осы.
Адастым ғылым іздеп, ақылымнан,
Сөзімнің қыйсығы көп, мақұлынан.
Ер жігіттің дұшпаны, он болады,
Тоғызы қатынының, жақынынан.
Жуыма ағайынға, сырын білмес,
Зианды ол бір ағаш, жеміс бермес.
Бар болсаң еркелейді, ит секілді,
Жоқ болып, өлдім десең, қолын бермес.
Немере деген немене, етін жеп сүйегін береді.
Сүйек иттің сыбағасы.
Үйдің жақсысы, ағаштан,
Туыстың жақсысы, нағашыдан.
Сылдыр сөзге, сылдырап,

Сенетұғын, ағайын.
Көлгірсініп, көз жасын,
Сүртетін де, ағайын.
Алаңсыз сұрап, алысқа,
Кететін де, ағайын.
Туысқансып, әр істі,
Білетін де, ағайын.
Қылға жалғап, әр істі,
Тізетін де, ағайын.
Әуел бастан, оңалмай,
Тартып жүр ғой, сазайын.
Ей, ағайын, ағайын,
Алу жағын ойлайсың.
Алыс-беріс үзілсе,
Алдынан ор, сайлайсың.
Жаман да болса, ағайын,
Жақсыны іздеп, қайдан табайын.
Өкпелеуге орын жоқ,
Қараңғы ғой, маңайың.
Ғылымсыз болып, қартайсаң,
Қараңғыда қаларсың.
Ғылымды болсаң әр кезде,
Шам шырақтай жанарсың.
Жас кезінде, ұмтылсаң,
Әр бір өнер, табарсың.
Ілгерірек барған соң,
Ақылыңнан, танарсың.
Жалған емес, сөзім рас,
Ақылың болса, ұғарсың.
Жас кезінде, балбырап,
Пісіп тұрған, анарсың.
Сөлің кетіп, саудырап,
Бір күн нарпос, боларсың.
Ғылым, білім үйренсең,
Бір жұмысқа, жарарсың.
Жөнін тауып, әр істің,
Халық тізгінін, аларсың.

Ұмтылып қал, шар тартпай,
Жасында бір, сонарсың.
Ғылым бір шекер-шарбаттай,
Ішсең мейірің, қанарсың.
Ғылым, білім көп білсең,
Дариядай тасып, толарсың.
Көңілдің көзі, ашылып,
Бұлақтай қайнап, ағарсың.
Ұмтылып қал, тіршілікте,
Жүргенше бір, шабарсың.
Қозғалмастай, бір жанға,
Ақыры барып, қонарсың.
Мінезді бол, жақсылар, жақтай тұғын,
Мейман тіле, есіктен, қашпай тұғын.
Дос болсаң, айнымайтын, адал жан бол,
Сыртыңнан, әсте ғайбат, айтпай тұғын.
Азғындардың сөзіне, ергіш болма,
Есер соқ, алаңғасар, білгіш болма.
Сабырлы бол, тас түссе де, қозғалмайтын,
Жеңілтек, бос ыржың, күлкі болма.
Абыройлы адам бол, құнсыз болма,
Ішінде қадырлының, арсыз болма.
Күпіршілік, көңілі зор, мастай болма,
Сыйламас ата-ананы, адам болма.
Алысқа, жақынға да, сүйенер бол,
Рахымсыз, жүрегі жоқ, тастай болма.
Беті сыздаған, мен-мен болма,
Аяғын әрең басқан, мең-зең болма.
Бар ғаламды менсінбей, тәкәпарсып,
Арын жоғалтқан адамдай, кердең болма.
Сөзіңе бәтуә бер, сылдыр болма,
Аузынан мыйы түскен, мылжың болма.
Ақ көңіл, аңқылдаған, адал жан бол,
Қырық бір жақ, қыңыр бір жақ, мылжың болма.
Опасыз, уағдасызбен, жолдас болма,
Өсекші, бос ауызбен, сырлас болма.
Көзде жоқ, көңілде жоқ, көр соқырмен,

Түзде жолдас, үйде сырлас болма.
Мақтаншақ, мылжындаған, езбе болма,
Құны жоқ, тамақ үшін, кезбе болма.
Жібімес, тастай қатты, сараң болма,
Есте жоқ, есеп те жоқ, надан болма.
Қартайғанша арақ ішіп, керісінше ұғып,
Осы айтқанның бәріне ие болма.
Сексен, тоқсан барасың, жүзге таман,
Түздің өскен шөбіндей, күзге таман.
Маған жетсең желкеңді, үземін деп,
Жүз үйіріп оқталар, күнде саған.
Жүзден қорқып кейінге, жасқанарсың,
Ақылыңнан адасып, мас боларсың.
Бара жер жоқ, онан соң, басар тау жоқ,
Ақыры қара жерді, жастанарсың.
Апарып жалғыз сізді, салар көрге,
Ажарың алтын-мыстай, қалар жерде.
Жақынсынған ағайын, қатын, балаң,
Еш біреуі қалмайды, сізбен бірге.
Дөңгеленіп күн өтіп тұр,
Өткен күннің соңына кім жетіп тұр.
Кейінгі күн соңынан қуып жетіп,
Қара жерге түлкідей індетіп жүр.
Жолаушымыз отырсақ, жатсақ тағы,
Мінгеніміз күн мен түн, жақсы ат тағы.
Өткен ғұмыр жеткізбес, шапсаң тағы,
Шабуылмен келеміз тынбай жүріп.
Мінгеніміз күн мен түн, жақсы ат тағы.
Бірі қара, біреуі боз ат дейді.
Теңіз, таулардан тез аттайды,
Шауып бара жатсаңда байқамайсың
Жүрісі тыныш, денеңді қозғалтпайды.
Шауып барып, бір жерге түсіреді,
Жалғыз тастап зәреңді ұшырады.
Дүние өзіне жолдас еместігін,
Пәнде байғұс, сол жерде түсінеді.

Жас туралы

Жалаң аяқ, жалаң бас,
Жарда ойнаған, сен он бес.
Қызыл шекпен желбегей,
Қыздар сүйген, жиырма бес.
Жалаулы найза секілді,
Жалындаған, отыз бес.
Қынсыз пышақ секілді,
Қылшылдаған, қырық бес.
Ақыл тоқтап, ми толған,
Сені қайттым, елу бес.
Аш бөрідей арсылдап,
Алдыңнан орар, алпыс бес.
Өрге шықсаң, тізем деп,
Ылдидан түссең, белім деп,
Сені қайтем, жетпіс бес.
Балаң мазақ қылады,
Қатының сөзбен ұрады,
Ала көздеп ас берсе,
Сені қайттым, сексен бес.
Кеше тірі ақтайлақ,
Бүгін өлі бір тайлақ,
Тірі деп ешкім ескермес.
Қараша жерге қар жауар,
Қос бұлақтан су ағар,
Ұрдың мені, тоқсан бес.
Басыңнан бағың таймасын,
Жетпістен жасың аспасын.
Жетпістен жасың асқан соң,
Жеті жетім боларсың.
Қатының отырар, қақбас деп,
Ұл мен келінің айтар, төбет деп.
Ұрыс, қағыс, дау, жаңжал,
Мына төбет құртты деп.
Бала, бала деп, мазалымыз,

Баламыздан боларма, ажалымыз.
Баламызға жан қалар еді,
Келін деген дайын тұр, тажалымыз.
Кәрісі бар үйдің, кәпірі бар дейді,
Жетпісте қазымыр шал атанасың.
Онан соң қадырсыз шал атанасың,
Онан соң қаңғырма шал атанасың.
Жетпістен кейін,
Жылдап қартаясың.
Сексенде жұмалап қартаясың.
Тоқсанда домалап қартаясың,
Жүзге келдің, өлдің.
Сонда қуанар, ұл, қыз, келінің.
Барлы, барлы, барлы тау,
Басы аманның, дені сау.
Жаман болса, жақын жау,
Шабан болса, атың жау,
Шайпау болса, қатын жау.
Барлы, барлы, барлы тау,
Басы есеннің, дені сау.
Ұйықтамаса, қабақ жау.
Ішпей жүрсе, тамақ жау,
Арық атқа, қамшы жау.
Жыртық үйге, жаңбыр жау,
Ұрысқақ, бұзық болса, қыз жау.
Араққор болса, ұлың жау,
Керіскек болса, келін жау.
Қарыспа болса, қатын жау,
Тебеген болса, бие жау,
Сүйкеншек болса, түйең жау,
Түйең менен биенді,
Алып кетсе, жиен жау.
Ұл он беске келгенше,
Қолыңа ұстаған, қобызың.
Ұл он бестен асқан соң,
Тіл алмаса, доңызың.
Көк шешектен өліп қалмаса,

Жасыңда күйеу алмаса,
Көрінгенмен ойнаса,
Бәрінен де үлкен қызың жау.
Кәрі қыздың бәрі жау.
Өтпес пышақ, шабан ат,
Басқа қырсық, келтірер.
Жаман құрбыңның әзілі,
Ажалдан бұрын өлтірер.
Жақсы болса, алғаның,
Жағаңның кірін кетірер.
Жаман болса, алғаның,
Басыңнан бақыт кетірер.
Бетіңнен алып, арсылдап,
Үй ішінде ит үргізген.
Абысын-ажын, келінге,
Түздегі жаудай, бекінген.
Алыс-жақын түңілген,
Сақтай гөр деп, кәпірден.
Кедей болар, жігіттің,
Ақ таяғы ат болар.
Безер болса, халыққа,
Ағайын, туған жат болар.
Сылаң болса, алғаның,
Киіміңнің бәрі, қақ болар.
Дос көбейткен, жігітке,
Басына келіп, бақ қонар.
Жігіттің пышағы,
Жүреді белін буып.
Сөзінде биттей тұрақ жоқ,
Ашты судың буындай.
Өзі келер топастау,
Жыланның зәрлі Уындай.
Екі достың арасын,
Шағыстырып, от жағып,
Мергеннің шақпақ қуындай.
Кері кеткен, мылжыңның,
Кернеусіз сылдыр сөзі көп.

Көтеріліп күшенер,
Өз үйінде, өзі бек.
Біреуге және мән айтар,
Өз көтінің бәрі боқ.
Ананың мінін көрдім,
Достық айтсаң өзіне,
Сөзіңді тағы қылар кек.
Ат болатын жақсы тай,
Үйір болар, саяққа.
Адам болар, жас бала,
Жақын келер, қонаққа.
Өзі таза, әдепті,
Сыпайы келер, тамаққа.
Қолын жумай, ұмтылмас,
Алдындағы, тамаққа.
Ақылсыз бас, жарым ес,
Дамыл бермес, аяққа.
Білгеннен сұрап, білмес,
Түбі соғар, шатаққа.
Кексіндірер өзінді,
Айыбын айтсаң, бетіне.
Жоғалтармын дер, көзінді.
Ақыл айтсаң, наданға,
Мәңгі тілінді, алмайды.
Бір жарты арақ көрсетсең,
Қыр соңыңнан, қалмайды.
Боламын десең, білімді,
Білерсің дінің мен тілінді.
Дін бейбітшілік діңгегі,
Сақтай біл өз дініңді.
Тіл қыраның баптай біл,
Дін түзелмей, ел түзелмейді.
Дінін, тілін білмеу,
Кес керендікпен бірдей.
Өз тіліңмен, қазақсың,
Өзге тілмен, мазаксың.

Боларсың қазақ, боларсың,
Дін, тіліңмен табысып.
Толарсың қазақ, толарсың,
Егін мен малға жарасып.
Жасарсың қазақ, жасарсың,
Тап, табыңмен табысып.
Туар әлі сондай күн,
Гүлденіп өсіп, қауысып.
Өткен азап, ұмыт боп,
Жүректе қалар, алысып.
Күншілдікті қояйық,
Арамзалық мінезді,
Енді тіпті жояйық.
Дініміз бен тілімізді қуаттап,
Ғайбатшілдіктің түбін жояйық.

**Алдабергенов Төлепберген,
Алпысбес Мақсат,
Бейсетаев Рысбек**

Қазақтың ырым-жырымы

Құлақ шыңылы

Жексенбі күні – ауру кетеді
Дүйсенбі күні – тоқшылық
Сейсенбі күні – бір хабар болады
Сәрсенбі күні – сапар
Бейсенбі күні – олжа
Жұма күні – мейман болады
Сенбі күні – сүйінші.
Бұл күні балық аулауға
болмайды – үлкен күнә.

Көз тартуы

Жексенбі күні – денсаулық
Дүйсенбі күні – бақ-дәулет шалқыйды
Сейсенбі күні – дос өзгереді
Сәрсенбі күні – пайда
Бейсенбі күні – дұшпаннан сақтан
Жұма күні – садақа бер
Сенбі күні – періштелер көңіл аударады.

Алдабергенов Төлепберген,
Алпысбес Мақсат,
Бейсетаев Рысбек

Бұқар жырау және Әулие әз Әйтеке бидің соңғы айтқаны

Бабамыз Әулие әз Әйтеке бидің айтқан сөзі сол заманнан бері атадан балаға үлгі болып айтылып келеді. Әулие айтты деген сөзді талай ақын, талай жырау жыр ғып айтты. Талай шешен өзіне өнеге қылды. Оның сөзі талай өңделді, талай өзгерді, талай қысқарды, талай ұзарды. Әр жыршы өзінше айтып жеткізді. Сондықтан Әулие бабаларымыздың сөзінде нұсқа көп. Бәрі де халық сөзі болып кеткен, ол дұрыста, өйткені кемеңгер бабамыздың бәрі де, – бір қазақтың перзенті.

Бұхар жырау әз Тәуке хан заманында Әулие әз Әйтеке бимен бірге жүрген әрі еліне бірге қызмет атқарған. Ауру меңзеп, шаршаған кезінде Әулие үлкен дастан жазған, ал оны халыққа насихаттап жырлаған Бұқар жырау мен Қожаберген жырау болған. Төменде келтірілген өлең жолдары осы дастаннан үзінді. Түп нұсқаны жазған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Бұл дүние

Дүниені аңсап туып, асық өскен,
Дүниеге адам қонақ, түней көшкен.
Ер туып, ел қорғаған, ата-бабам,

Солардың ізі жатыр, тозаң өшкен.
Дүние деген ойласам, шолақ екен,
Адамдар бір-біріне, қонақ екен.
Қызғалдақтай жайнаған, жас өмірің,
Қазан ұрмай, қар жаумай, солады екен.
Дүние жанып сөнген, пеш секілді,
Не қызарып батқан, кеш секілді.
Несіне тірімін деп, мақтанасың,
Бұл дүние бір көрген, түс секілді.
Дүние, бір қисық жол, бұрандаған,
Бақ тайса, мал менен бас, құралмаған.
Күніне мың бір пәле, көрсең-дағы,
Сонда да күдер үзбе, бір Алладан.
Дүние, қарап тұрсам, бір кең сарай,
Сарайға көзім талды, қарай-қарай.
Тағдыр мен Тәңірге жала жаппа,
Өзінен ер жігіттің, бақ пен талай.
Дүние қудым сені, жалықпай-ақ,
Ұстатпайсың судағы, балықтай-ақ.
Көрсетіп бірде алдыңды, бірде артыңды,
Қойдың ғой дидарыңды, танытпай-ақ.
Дүние өтерінде, сынаптайсың,
Таудан жылжып аққан, бұлақтайсың.
Басынан талай ердің, аттай теуіп,
Сұм жалған қайда барып, тұрақтайсың.
Дүние ойлап тұрсам, бір сергелдең,
Жақсы атың жоқ болса, өлгенмен тең.
Досың келіп үйіңнен, құр аттанса,
Қара жерге тепкілеп, көмгенмен тең.
Дүние қудым сені, жалықпай-ақ,
Ұстатпайсың судағы, балықтай-ақ.
Біреуге мал мен бақты, қатар беріп,
Біреуді қойдың құдай, жарытпай-ақ.
Дүние жеткізбейді, қуғанменен,
Өтеді күндер шіркін, думанменен.
Жатасың жалғыз өзін, жапан түзде,
Атадан алтау болып, туғанменен.

Дүние ойлап тұрсам, шолақ екен,
Адамдар бір-біріне, қонақ екен.
Сыйласып екі жұбай, тату болса,
Дүниенің бар қызығы, сол-ақ екен.
Дүние кудым сені, бала жастан,
Өмірдің аз-көбіне, қарамастан.
Күл де ойна, күл жайна, осындайда,
Бұл дүние әлі-ақ өтер, ғазиз бастан.
Дүние ойлап тұрсам, қос уыстай,
Түрленген қайран күнім, тоты құстай.
Барында оралыңның, ойна да күл,
Қалармыз әр төбеде, қосылыспай.
Дүние кудым сені, он жасымнан,
Тартады денем ауыр, қорғасыннан.
Үстінен су төгілмес, майда жорға,
Танады ол да бір күн, жорғасынан.
Дүние ойлап тұрсам, шолақ екен,
Қарағай басын кессе, молақ екен.
Он бес пен жиырма бес, қайран отыз,
Үшеуі, үш күн қонған, қонақ екен.
Дүние, ойлап тұрсаң, шекер дүние,
Байға қызық, жарлыға, бекер дүние.
Барында оралыңның, ойна да күл,
Опасыз, бір күн тастап, кетер дүние.
Дегенде, дүние шіркін, өтер-кетер,
Түбіне, сұм дүниенің, кімдер жетер.
Қадір тұт, бір-біріне құрмет көрсет,
Тірлікте сыйластыққа, барма жетер.
Ағайын жат та болса, көзге тәуір,
Өкпем жоқ, кеудемдегі бәрі бауыр.
Жауымның дәлдеп салған найзасынан,
Досымның саусағымен шерткені ауыр.
Ұшып жүрген аспанда, ұлар ма екен,
Атып алса баласын, жылар ма екен.
Атып алып, баласы жылар болса,
Көкіректен шыбын жан, шығар ма екен.
Ат жақсы арғымақтан, шабыс болса,

Жат жақсы ағайыннан, таныс болса.
Дұшпан түгіл досың да, табалайды,
Аяғың бір нәрседен, шалыс болса.
Үнемі қолда тұрмас, бақыт-байлық,
Жаманның пайдасы жоқ, шөкім шайлық.
Бар болса ағайынның залалы жоқ,
Дегендей бірде сулық, бірде майлық.
Қам сүт іштік анадан, піскен емес,
Таудай үлкен күнәміз, кішкене емес.
Сол күнәға соншама қоссақ-тағы,
Кешем десе құдайға, ештеңе емес.
Кісі емес, кісі артынан, жамандаған,
Дос емес, дос көңілін, таба алмаған.
Қолына кей жаманның, тұлпар түссе,
Айызын бір қандырып, шаба алмаған.
Жаманнан жақсы шықпас, мақтағанмен,
Жабыдан тұлпар шықпас, баптағанмен.
Ителгі қайырсаңда, түлкі алмайды,
Алтынмен томағасын, қаптағанмен.
Би болмас, белін жалпақ, бұғанменен,
Ағармас, қас наданды, жуғанменен.
Білгенге ақыл басқа, ажар басқа,
Не пайда, өте әдемі, туғанменен.
Өлеңді айт дегенде, айтпаған кім,
Жарық жоқ, өлгенге, қараңғы түн.
Бірінді бірің сыйла тіршілікте,
Біріңе бірің мейман, азғана күн.
Аз ойлаған алысқа, болмас жолдас,
Татқан тұзға қас қылған, жігіт оңбас.
Қызығы бұл дүниенің, сыйластықта,
Саясы жоқ ағашқа, бұлбұл қонбас.
Дариға, ағып жатқан, суда мін жоқ,
Өлдім деп білдіруге, малда тіл жоқ.
Басынан бақ пен дәулет, тайғаннан соң,
Сенделген, мекен таппай, ерде күн жоқ
Шын жақсы барған жанды, қош алады,

Қаскөйлер болмашы үшін, өш алады.
Дос көріп, кей залымды, жақын тұтсаң,
Жаныңды кеудеңдегі, қоса алады.
Өткен күн, ойлап тұрсаң, белгісіз ғой,
Қол бұлғап, шақырғанмен, келгісіз ғой.
Жолдас болсаң, жігіттер, жақсымен бол,
Бір сөзі мың ділдаға, бергісіз ғой.
Арыстаннан өлген соң, тышқан артық,
Есер достан зиялы, дұшпан артық.
Кей жаманның қолына гауһар түссе,
Қоя алмайды бағасын, мыстан артық.
Арғымақ алыс жүрмес, талған сайын,
Жуан ағаш кемиді, жарған сайын.
Асырауын кем қылсаң, хас жүйріктің,
Шабысы бәсең тартар, барған сайын.
Елімнің бір жайлауы, Құрымбай саз,
Жайлаған, алты ай жазда, сары ала қаз.
Шолпандай таң алдында, туып батқан,
Дариға-ай, мен қайтейін, ғұмырым аз.
Қиын екен жігітке, жұртқа жақпақ,
Жақсы, жаман көңілін, бірдей таппақ.
Қара қылды қақ жарып, жүрсең-дағы,
Біреу даттап кетеді, біреу мақтап.
Дүние, келеріңде, бұлақтайсың,
Кетеріңде сырғыған, сынаптайсың.
Жанына жақсылардың, аялдамай,
Дүние, қайда барып, тұрақтайсың.

Осы өлеңнің 4-ші шумағы ел ішінде былай айтылады:

Дүние, бір қисық жол, бұрандаған,
Бақ тайса, ерге дәулет, құралмаған.
Күніне мың бір пәле, көрсең-дағы,
Сонда да күдер үзбе, бір Алладан.

Өлеңнің осы шумағы сан құбылып, ел ішінде көп тараған. Бұл халықтың Әулиеге деген зор құрметі әрі оны өзіне үлгі тұтуы болса

керек. Белгілі ғалым Ақселеу Сейдімбек осы шумақтың қазақ зиялылары айтқан бірнеше үлгісін берді. Ыбырай Алтынсарин: Жүйрікте, болмайды көрік, сыналмаған, Бақ тайса, ерге дәулет, құралмаған. Меңзеген асқар тауға, есіл көңіл, Дүниеде еш нәрседен тына алмаған. Ақмолда:

Дүние, бір қисық жол, бұрандаған,
Бақ тайса, ерге дәулет, құралмаған.
Жол ауыр, «пақырмын» деп, тоқтап қалма,
Үміт үзбе, жақсылық күт, тек Алладан.
Әжек пен Шәріпжамал айтысынан:
Дүние, бір қисық жол, бұрандаған,
Бақ тайса, ерге дәулет, құралмаған.
Әр іске асық болма, сөз қуарлық,
Өмірің алдап кетер, тұманданған.

Мұхит Мералыұлы:

Дүние, қызыл түлкі, бұлаңдаған,
Бақ тайса, ерге дәулет, құралмаған.
Меңзеген асқар тауға, есіл көңіл,
Дүниеде еш нәрседен, тына алмаған.
Серәлі Еруәліұлы:
Дүние, сұлу қыздай, бұрандаған,
Қуа алмай шыққан соң, тұра алмадым.
Басыңды қанша шарға, салсаң-дағы,
Дегені болады екен, бір Алланың.

Тәуке хан мен Айтық би (кейін, әз Тәуке хан мен Әулие әз Әйтеке би) немесе Үш пайғамбар – Әулие әз Әйтеке би, Қаздауысты Қазыбек би, Төле би, көмекей әулие Бұқар жырау, олардың бір-біріне сенімі мен құрметі, ең бастысы, ұлттық мүдде жолындағы ұлан-ғайыр еңбегі мен ұлағатты сөзі, олар туралы қазақ жыры ауыздан-ауызға айтылып, сан ғасырлық сыннан өтті. Қазақ қоғамындағы адам мен адам арасындағы қалыптасқан қарым-қатынас мәдениеті, олардың ақыл-парасаты осы шағын үзіндіден

анық көрініп тұр. Сол бір әз Тәуке хан заманы – «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» заман қазақ жадынан мәңгі кете ме? Қанша ақын-жырауға үлгі-өнеге болды және бола беретіні анық.

**Алпысбес Мақсат,
Бейсетаев Рысбек**

Ұрпағы Мәшекеңе жете туған...

Елдің өткен-кеткен тарихын, әдет-ғұрпын, халықтың мінез ерекшеліктерін, тұрмыс-салтын көрсету – Мәшекең атқарған жұмыстың көп бөлігі. Қазақ фольклорын жинақтауының үлкен бір себебін халық дүниетанымының бір көзі деп білген. Рас, бұл салада Потанин, Радлов, Диваев секілді ғалымдар өте көп еңбек сіңірді. Бірақ, олардан Мәшекеңнің артықшылығы – алдыңғылары кімнен жазып алғанын көрсетпейді. Ал Мәшһүр атамыз «мен пәленбайдан жазып алдым. Ол түгенбайдан естіген» дегенді ешқашан ұмытпайды. Сол себепті оның жазғандары аңыздан гөрі ақиқатқа жақын. Әрі сол кездегі адамдардың сөйлеу стилін сақтап отырған. Халық поэзиясы үлгілерін, мақал-мәтелдерді, ақындар айтысының тың үлгілерін өз қолжазбасында белгілі бір тәртіппен, реттілікпен берген. Хандар, билер, батырлар туралы тарихи әңгімесі өте көп. Біздің заманымызға Бұхар жырау, Шортанбай, Шөже, Көтеш сынды ақын-жазушылардың өлең-толғаулары Мәшһүр Жүсіп арқылы жетті. «Ер Көкше» мен «Сайын батыр» да солай.

Бұл кісінің жазбаған, зерттемеген саласы жоқ, Астрономия, биология, медицина, этнография, т. б. жөнінде жазды. Жалпы Мәшекең қолжазбасында қазақ халқының тарихына қатысты деректер мол. Осыларға қарап, жалпы, оның фольклористік концепциясы демократиялық-ағартушылық көзқарастарынан туындағанын тануға болады.

Ендігі біздің алдымыздағы үлкен мақсат – Мәшһүр Жүсіп жинаған фольклор мұраларын мұрағаттардан жинау, жүйелеу. Баспа бетінде жариялап, түрлі көшірме варианттарын салыстырып, жалпы қазақ фольклористикасына не қосқанын дәлелдеп шығу жұмысы тұр.

Мәшекең жазбаларына қарасақ, ол тарихи фольклор мен көркем қиял фольклорының ара-жігін ажырата білген. Сол себепті де Мәшекең жазбаларындағы шежіренің жөні бөлек. Ол кісі жинаған жеке-жеке тарихи оқиғалардың артықшылығы – онда шежірелік-жылнамалық сипат басым. Мәшекеңнің жүйелеген шежіресі-әрі дерек, әрі тарих.

Мәшекең Орта жүздің шежіресіне жүйрік. Ал, біреу Ұлы жүздің, біреу Кіші жүздің шежіресіне жетік. Бұларды сол себептен, біреуден кем, біреуден артық деуге болмайды. Негізі, ғылыми нұсқаға келгенде Мәшекең өтірік жазбаған. Және де білмегенін білмеймін деп айта білген. Мысалы, «мен Жанарыстан арғысын білмеймін» дейді. Шежіреге жоба жүрмейді. Айтушы қателесуі мүмкін, Мәшекең ештеңе қоспаған.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабына өзек болған тарихи деталь – бұл өңірді қазақтардың Мәшекеңнің өз ата-бабалары қаншама уақыттан бері жайлағанын, ол ата-бабаның жайлаған өрісі қайда екенін шежірелік-жылнамалық сипатпен дәлелдейді. Адамның тегін анықтау, руын, ортасын анықтау, туу, өсу, өну, тамырлану, таралу жылнамасын тізбелеп, реттеп жазу – Мәшекең еңбегінің деніне тән. 14 бірдей атасы жатқан жер, қаны төгілген жер «Сарыарқаның кімдікі екендігі» дәлелдемей ме?!

Бір мың жеті жүзінші жылдардың беделінде Сыр бойын жайлап жүрген қазақ Арқа тұсқа қоныс аударған. Содан Тарбағатай, Баянауыл, Шыңғыстау, Қарқаралы, Көкшетау, Арғаната, Ұлытау атырабының, Есіл, Нұра, Торғай, Балқаш бойларын, яғни сардала, салқар Сарыарқаны тек қазақ ұлысы жайлаған. Қазақтың мал-жаны сол кездерде әсіресе, өсіп-өніп, тұрақтанып, Мәшекеңнің ата-бабасының мекені болған.

Бұхар жырау, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қаныш Сәтбаев, Жаяу Мұса, Әлкей Марғұлан, Олжас Сүлейменовтер, міне, осындай асылдар өнген топырақты, өңірді, переселендерге бермеу керектігін, қазақтың жері өзіне бұйыру керек екендігін, әрі тарихи-шежірелік, әрі азаматтық тұрғыда айтқан адам – Мәшекең... Мәшекең сондай әділ болған. Руға, жүзге бөлмеген. Жұрты жақсы көрген. Ол – сол себепті де үш жүздің Мәшһүрі.

Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30–40-шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының қорытындысы

Комиссия 30–40-жылдар мен 50-ші жылдар басындағы архивтік материалдарды, жарияланымдарды, түрлі пікірталастарда сөйленген сөздердің текстерін зерттеді. Оларды мұқият талдау негізінде мынадай қорытынды жасалды: Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің әдебиет пен өнер мәселелері бойынша совет қоғам тарихының зерттеліп отырған кезеңінде қабылданған документтерінде халықтың мәдени мұрасына, революцияға дейінгі кезең секілді советтік кезеңнің де бірқатар ақындары мен жазушыларының творчествосына баға беруде өрескел қателіктер мен бұрмалауларға жол берілді. Бұл документтерде XVIII, XIX ғасырлардағы және XX ғасырдың басындағы қазақтың ауызша поэзиясының ірі өкілдері Бұқар жырау, Базар жырау, Дулат, Мұрат, Шортанбай, Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қарашев, Нарманбет Орманбетов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мәшһүр Жүсіп Көпеев творчестволық мұралары зілді де дәлелсіз түрде теріске шығарылды. Олардың шығармалары феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық және діншіл шығармалар деп танылды. Осынау айтылған жайларды негізге ала отырып, таяу жылдарда жоғарыда аталған авторлардың творчестволық мұрасы мен халықтың ауызша творчествосының шығармаларын қоғам дамуының диалектикасы, қоғамдық-саяси ойдың қазіргі жағдайы ескерілген тұрғыдағы түсініктемелермен қоса басып шығару ұсынылады.

Ана тілі-200. – 18. Семей таңы. – 1989. – № 239.

Қазына

Отанымыз тәуелсіздігін алғалы бері бұрын тарихта есімі біржақты аталып, мұрасы мұрағатта шаң басып жатқан қайраткерлердің ел, ұлт мәселесін көтерген рухани құндылықтары

қайта жарыққа шығып жатыр. Бұл маңызды іске еліміздің халық ісіне сергек қарайтын озық ойлы ғалымдары шама-шарқынша өз үлестерін қосуда. Солардың ішінде «атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деп Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858–1931) ұрпағының ыждаһатты еңбегін ерекше атап өтуге тұрарлық. Заманның қыспағына мойынсұнып, алақанын жайып қарап отырмай, ұлтының ой-санасы қалғып кетпесін деп қалтқысыз еңбек еткен сол зиялы тұлғаның немересі, белгілі ғалым, белді азамат Қуандық Фазылұлы өзінің бес баласын мәшһүртану ғылымына жұмылдырып бабаларының сусын қандырап көп томдығының 7 томын халыққа ұсынды.

Жуырда осы құнды мұраны танып-біліп қана қоймай, кейінгі ұрпаққа сәулелі тұсын жеткізу мақсатында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ғалымдары Мәшһүр Жүсіп мұрасына арнап дөңгелек үстел өткізді.

Бұл алқалы басқосуға академик Рымғали Нұрғали, филология ғылымдарының докторы, профессорлар Діқан Қамзабекұлы, Мәуен Хамзин, Рахымжан Тұрысбек, Серік Негимов, Құныпия Алпысбаев, Дандай Ысқақұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Қабылдинов қатысып, өз байламдары мен пайымдарын ортаға салды.

Д. Қамзабекұлы: – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – азаматтық тарихымызда ерекше орны бар тұлға. Оның мұрасы зерттеушілердің айтуына қарағанда, шамамен 30 томды құрайды екен. Өкінішке қарай, осы еңбек халыққа там-тұмдап қана жетті. Бұлай болуының бірнеше себебі бар. Біріншіден, Мәшһүр мұралары халық мүддесіне, яғни ой-санасын оятуға, тілін әспеттеп, ділін құрметтеуге сай жазылғандықтан әсіресе идеология одан ат-тонын ала қашты. Діншілдік сарын, ұлтшылдық бағыт іздеп әуре болды. Екіншіден, Мәшһүр мұрасы ескі қаріппен жазылғандықтан, ғалымдардың өзі оны жеткілікті дәрежеде оқи алмады. Үшіншіден, бойымыздағы ертең де күн бар ғой деген самарқаулық Мәшһүр мұрасын тануды кейіндете берді. Тіпті Мәшһүр Жүсіптің аты атаусыз қалды. Үлкен қалаларымыздың бірде-бірінде көше, не білім орны болмады.

Р. Нұрғали: – Көшені айтасың, тоталитарлық жүйе кезінде қазақ халқының жаны, малы ғана қырғынға ұшыраған жоқ, тілі, ділі қуғындалды. Белгілі қаламгерлердің тұтас буыны сотталды, атылды. Көзі қарақты адамдар, мұсылманша сауатты кісілер

абактыға жабылды. Араб қарпімен басылған кітап атаулы өртелді. Қолжазба мұраларды от жалмады. Осындай тозақта аман қалған байлық Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзі «Мес» деп атаған қолжазба дүниелері еді. Рас, әркім ол байлықтан үзіп-жүзіп пайдаланып жүрді.

Д. Қамзабекұлы: – 1998 жылы Астанадағы «Қазақ» деп аталған көшені Мәшһүр Жүсіптің атына беру жөнінде әкімдікке, мәслихатқа ұсыныс жасадық. Бірақ ол қабылданбай қалды.

Р. Нұрғали: – Қазір қолымызға жүйеленген, ғылыми түсініктері бар Мәшһүр Жүсіп мұрасының жеті томы тиіп отыр. Бұл материалдар – тарихымызға, фольклорымызға, әдебиетімізге жаңаша қарауға мүмкіндік беретін қымбат қазына, мәнді мәтін.

Осы күрделі еңбекті ұйымдастырып отырған С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры Ерлан Арын мен профессор Қуандық Мәшһүр Жүсіптің қажырлы қайратын атап айтқым келеді. Басылым жалғасын табуы керек.

М. Хамзин: – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының таным мен тағылымға толы дүниелерін оқып шыққанда, бірнеше жайтқа айырықша тоқталу қажет сияқты. Біріншіден, ол ұлттың болмыс-бітімін, кескін-келбетін, ғажайып тарихын қағазға түсіріп кетті. Бұлар хронологиялық тізбелеумен емес, асқан зерттеушілік, зияткерлік тұрғыдан жүйеленген. Мәшекең мұрасы бізді тың ойларға жетелейді. Басқа елдерде толстойтану, шекспиртану, бальзактану ілімі сияқты бізде де мәшһүртану ілімі қалыптасып келеді. Екіншіден, Мәшекеңнің қаламынан туған бүкіл дүниелерінде шежірелік сипат басым. Ол дін, имандылық, дүние жаратылысы, жақсылық пен жамандық, адамның қоғамдағы орны, өмір сүрудегі негізгі мақсат-мұраты, тарих қойнауына кеткен алапат оқиғалардың шығу себебі – осының бәрі бұл айтқанымызға дәлел.

Д. Қамзабекұлы: – Осындай артына мол мұра қалдырған тұлғаның кітаптары 1 мың ғана таралыммен шығып жатқаны өкінішті-ақ. Әрине, Қуандық Фазылұлы жетекшілік жасайтын ғалымдарға Павлодар университеті көп көмек көрсетіп отыр. Тіпті Алматыдағы «Алаш» баспасы (директоры Д. Әшімханұлы) үш томын 2 мың таралыммен жариялады. Қазақстанда 8 мыңнан аса кітапхана бар. Сонда бұл кітап оның қайсысына жетеді? Жалпы,

Қуандық Жүсіп өз бабасына емес, бүкіл ұлтқа қызмет етіп жатыр. Білім және Ғылым Министрлігі биыл ғалымды «Үздік оқытушы» деп танып, грант берді. Әйтсе де ерінбей дәріс оқитын, жалықпай ескі қолжазбалар негізінде көп томдық әзірлеп жүрген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әлі де болса ұрпағына мемлекет тарапынан қолдау керек. Бұл олар үшін емес, ұлттың рухани құндылығы үшін қажет деп білеміз.

Р. Тұрысбек: – Танымал тұлға, ақын-аудармашы, тарихшы-ғалым, ұстаз-этнограф М.Ж. Көпейұлының көптомдыққа жоспарланған еңбектерінің алғашқы кітаптарынан әдеби мұра мен оны зерттеу ісіне қатысты іргелі ізденістер, ерен еңбек пен жүйелілік сипаттар, ұлт мұратын ұлықтау мен руханиятқа адалдық танылады. Әрбір туындының тақырып табиғаты, жанрлық-құрылымдық хәм көркемдік ерекшеліктері де сақталып, жазылуы мен жариялануы, нұсқалық белгілеріне де зор маңыз беріледі. Біздіңше, басты байқалар ерекшеліктердің бірі – М.Ж. Көпейұлының төл туындылары мен халық мұрасы, шежірелік сипаттағы шығармалар дәстүр мен сабақтастықты, жанр мен жауапкершілікті, көркемдік мұраттарды назарда ұстаған.

С. Негимов: – Мәшекеңнің шығармашылық еңбегінің ішінде би-шешендер мұрасын мұқият жинауы, әрі хатқа түсіруі ерекше орын алады. Қазақстанның соттық-құқықтық мәдениеті тарихындағы санаткерлер Майқы би, Асан қайғы, Жиренше шешен, Төле би, Әйтеке би, Қаздауысты Қазыбек би, Байдалы шешен, Мөңке би, Тайкелтір би, Жәуке шешен, Бөлтірік би, Досбол шешен, Ақтайлақ би, Қараменде би, Жанғұтты шешен, Торыайғыр би, Сакқұлақ би, Бапан би, Шоң би, Шорман би және т. с. с. рухани жаратылыс-болмысы бөлекше, ар білімімен мұздай қаруланған алаш ардақтыларының билік-кесімдері, шешендік толғамдары, сара пікір-тұжырымдары 6 томға топтастырылған. Осынау ұлы би-шешендердің мұрасында мәдени-дүниетанымдық, тарихи-тәжірибелік, ділдік-тілдік хәм рухани құндылықтар жеткілікті.

Р. Тұрысбек: – ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде азаттық-ұлттық сипат басым болғанын ескерсек, М.Ж. Көпейұлының халық қазынасына қамқорлығы, мәдени-рухани мұраға жанашырлығы, оның келешекке жету жолындағы жанкешті әрекет-

тері кім-кімді де бейтарап қалдырмайды. Айталық, көптомдықтың 4–5–6 кітаптарына енген халық әдебиеті үлгілерінде (аңыз-әңгімелер, ертегілер, тұрмыс-салт жырлары, ақындар айтысы, өлең-дастандар, мақал-мәтелдер, шешендік өрнектер, т. т.), жекелеген кітаптарында өмір мұраты, адам факторы, уақыт-тұрмыс сырлары кеңінен көрініс береді. Қоғамдық-әлеуметтік ахуал, дүбірлі дәуір дидары, мәдени-рухани мәселелер де уақыт шындықтары тұрғысынан сөз болады.

Сондай-ақ, халық әдебиеті мен шығыстық қисса-дастандар үлгісіндегі – «Гүлшат – Шеризат», «Баяннама», «Ғибратнама», «Шайтанның саудасы» сынды поэмалары, аңыз-хикаят, мысал өлең-айтыстары, мақал-мәтелдерге қатысты көзқарастары қоғам, кезең көріністерін, өмір-уақыт шындықтарын шеберлік пен шешендік сипаттарына сай көрсетеді.

«Ақындар айтысын» – «Қысқа қақтығыс үлгілері», «Қалыпты айтыс үлгілері» ретінде қарап, оны тақырып табиғатына, мазмұн мұраттарына, ой-сөз жүйесіне, тіл мүмкіндіктеріне ерекше мән беріледі. Талант табиғаты мен қуатына, өнер мен өнерпаздық сипаттарына, сөз сыры мен ой тереңдігіне, мазмұн байлығына көп көңіл бөлінеді. Халық өмірін арқау еткен, адам мұраты мен оның еңбегіне адалдық танытқан, ұлттық өрнектерге толы – «Наурыз тілегі», «Анама хат», «Шежіре өлең», «Түркістан сапары», «Бұхара сапары», «Төрт асыл, бес береке», «Ақыл туралы», т. т. өлеңдерінде өмір – дүние дидары, уақыт-тұрмыс сырлары ілім-білім, тәлім-тәрбие, өнеге, өсиет сипатында сөз етіледі.

Асылы, М.Ж. Көпейұлының көп томдық кітаптары мәдени мұрамызды байытып, рухани көкжиегімізді кеңейте түсетін алтын бастау, арналы ағыстарымыздың бірі болып табылады.

Қ. Алпысбаев: – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің демеушілігімен шығып, жоғары оқу орындары мен ғалымдарға тегін таратылып жатқан Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің көп томдық шығармалар жинағының бүгінге дейін басылған жеті томының өзі-ақ өткен дәуірлерде жасалған ұлттық мәдени мұрамызды ел игілігіне айналдыру, жаңа ұрпаққа жеткізу тұрғысынан қыруар еңбек жұмсалғандығын көрсетіп тұр деуге болады. Қолжазба қорында жеке әулеттік мұрағаттарда сақталған

әртүрлі нұсқаларды ғылыми тұрғыдан саралап, салыстыра отырып сұрыптап жүйеге түсіру көп уақыт жұмсауды, тер төге жалықпай еңбектенуді қажет етеді. Бұл орайда ақын, шежіреші, ескі мұраны жинауда ерекше үлгі боларлық білімпаз ата кітабын құрастыруда оның ұрпақтарының әулет болып жұмыла қызмет атқаруының өзі тағылым болатын мағыналы іс, баба рухын асқақтатудағы өнегелі көрініс деп білеміз.

Ал жинақтың әр томындағы материалдың мазмұны, көп нұсқалылығы бұрын баспа бетін көрген әдеби мұрамыздың ауқымын кеңейте түседі, тың мәліметтермен толықтырады. Айталық, осы көптомдықта жинақталған діни аңыздар, ертегілер, шешендік сөздер, би-шешендер туралы мәліметтер, ақындық айтыстар бұрын басылмаған, оқырман қолына тимеген жәдігерлер деуге болады. Мұндай мысалдарды жеті томның қай-қайсынан да кездестіреміз.

С. Негимов: – Шығыс-Батыс өркениеттің араб-парсы, түркі тілдерін және Құран Кәрім философиясын жетік, мінсіз меңгерген Мәшһүр Жүсіп – ғұлама-хакім де. Оның көркемдік ойлау жүйесі де тегеуірінді, қуатты. Мысалы, Абайдың ақындық даналығына қатысты мына бір ой-пікірінде ойшылдық, тереңдік, керемет сыр бар. «Құнанбайұлы Ыбырай марқұм айтты ғой: «Өмір, дүние дегенің... деп. Соңғы ел білімдарлары – бұл. Адамды адам санатына кіргізбей жүрген қарындағы бір қап «жұмбақ» екенін білді де, ішіп-жемекті аз қылды. Ол екеуі аз болған соң, ұйқы бөлінді, сергек болды. Содан соң күлкі кеміді. Денедегі арам қан азайды. Арам қан азайған соң жүректі барып ұйтқытып бұзатын дәнеме табылмады. Сонан соң бұл адамнан нәпсі-дәме бәрі атымен жоқ болып, көңілі күш-қуат алып, періште сипатта болды».

Иә болмаса саз өнерінің барша ғажайып құпиясын былайша саралап түйіндейді: «Тіл – ой маржаны. Арман – сөздің қаймағы, нәр тұзы. Қиял – өмірдің гүлі, әдеміліктің мәйегі».

Д. Ысқақұлы: – Ерлан Арын С. Торайғыров атындағы мемлекеттік университетке ректор болып келгелі бері осында бірсыпыра жұмыстар атқарылды. Аз уақыт ішінде өзін ұлтжанды азамат ретінде танытты. Осы университет қазақ халқының мәдениетін жандандыру, рухани игіліктерді игеру саласында қыруар жұмыстар атқарды. Елімізде «Мәдени мұра» бағдарламасы қолға алына

бастағалы бері Е.Арынның тікелей басшылығымен ерте кездерде өмір сүрген қазақ ақын-жазушыларының елу томдық шығармалар жинақтары жарық көріп, облыс мектептерінің кітапханаларына тегін таратылуда. Соңғы уақыттарда білім ордасының ғалымдары қазақ тарихына қатысты жазылған шетелдік ғалымдардың еңбектерін де шығара бастады. Қазір бұлардың саны оннан асып кетті.

Ерекше атап өтерлік жұмыс – М.Ж. Көпеевтің көп томдық шығармалар жинағын шығару дер едік. Бұрын тасқа басылмаған, басылса жұрт қолына тимеді. Көбіне араб қарпінде жазылып, қолжазба күйінде сақталып келген жазбаларды кітап етіп шығарудың өзі қиынның қиыны екені мәлім. Осындай қиын жұмыстарды М.Ж. Көпеевтің немересі Қуандық Жүсіпов бастаған ғалымдар абыроймен атқара бастады. Соның айғағы – осы жеті том. Алда әлі біраз том боларлық қолжазбалар сараптаудан өтіп, баспаға дайындалуда.

С. Негимов: – Көп томдыққа қоса мен мына бір мәселені де қозғай кетсем деймін. Мәшһүр Жүсіптің бір жарым ғасырлық мүшел тойы қарсаңында өзі жырға қосқанындай «салташты», «сәулетелген» Сарыарқасында, яғни Баянауыл жеріндегі Ескелдідегі мавзолей-кесенесін жаңа тұрпатты архитектуралық үлгіде сәулеттендіріп көркейту, тарихи монументальді ескерткіш орнату, жарық пен су мәселесін шешу, Мәшһүр атаның қонысын жаңғырту, бір жағы Екібастұзға дейін, бір жағы Баянауыл ауданының орталығына шейін асфальт жол төсеу, Мәшһүрдің «Жаңа жолдағы» музейіне мемлекеттік қамқорлық жасау, Республикалық дәрежедегі тіркеуге алу қажетак. Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіптің кіндік қаны тамған Әулиелі Қызыл-тауға, Баянауыл елді мекеніндегі әкесі Көпейдің жұртына ескерткіш тақталар, белгілер қою ләзім. Павлодар педагогика институтына Мәшһүр Жүсіп есімін беруді ойластырған жөн сияқты. Сонда ғана түркі жұрттарына ортақ дарынды перзентке лайық шынайы құрмет болар еді.

З. Қабылдинов: – Атам қазақ тарихи тұлғаны өмірде де, өмірден өткен соң да сыйлай білген. Біз бүгін сөз етіп отырған Мәшекең – сондай тұлға. Мәшһүр Жүсіптің танылуы мен еңбектерінің таралуы бір ғана Баянауылмен шектелмейді. Өз басым 80-жылдардың басында этнографиялық экспедицияда жүргенде

Омбы қазақтарының қолынан талай қолжазбаларын, суретін көріп едім. Ғалымдар осы жағын да кеңірек зерттесе құба-құп. Мәшһүр Жүсіп әдебиетшілер үшін ғана емес, тарихшылар үшін де көп мұра, көп дерек қалдырды. Өкінішке қарай, біз оны әлі игере алмай жатырмыз. Біздіңше, «Жаңа жолдағы» Мәшһүр Жүсіп кесенесі Баянауыл – Екібастұз аймағындағы үлкен мәдени-рухани орталық болып қалыптасуы керек. Мәшһүр кесенесінің шырақшылары елді ислам нұрына бөлеп, діни білім беріп отырса, артық болмас еді. Сондай-ақ не Павлодар қаласында, не Астана қаласында Мәшһүр Жүсіп мұражай-үйі ашылуы керек деп есептеймін.

Сөз өнерінің зергері. – Алматы, 2008. – 245 б.
Сүлеймен Мәмет

Талайды таңқалдырған Мәшһүр Жүсіп

Ақ иесі қайда?

Қызылтауда бір азамат құдайы садақасын береді. Бұл асқа Мәшекең арнайы шақыртылады.

– Қазы жеуге асықпайық. Қызылтаудың киелі аруақтарына дұға бағыштайық, – деп Иманғалиға ат жектіріп, Мәшекең алыс жолға аттанып кетеді.

Түс ауа бір күн бұрын құдайы садақасын беретін азаматтың ауылына келіп, жеке тұрған бір үйге түседі. Көп кешікпей, Сарыарқаның көмекей әулиесі келіпті дегенді естіген 15–16 шақырым жерде қоныс тепкен бір байдың шабармандары келіп:

– Ауылымызға жүріп, дастарханнан дәм татып, батаңызды беріп кетіңіз, – деп өтініп тұрып алса керек.

– Бір ауылдың азаматтарысыңдар ғой, көңілдеріңді қалдырмайын, – деп, байдың ауылына кеш бата жетеді.

Дастархан үстінде Мәшекеңді ерекше күтіп, ақсақалдар көңілден шыққан әр сөзіне назар аударып, көкейлерінде жүрген сан алуан сұрақтарына жауап алып, мәз-мейрам болып отырады. Ал, жастар жағы болса, ән айтып, күй шертеді. Екі-үш күн бұрын

әдейілеп алдыртылған молда елеусіз қалады. Ашуланған молда дауыс көтере:

– Ақ иесі қайда? – деп сұрайды.

– Мен, – дейді бай.

– Бірнеше күн аруақтарға оқыған дұғаларымның ақысын төле, – дейді. Сонда Мәшекең:

– Дінде жоқ мұндай шарифатты қай кітаптан алдың? – деп сұрайды.

Сол сәтте молдекең аузына келгенін айтып, Мәшекеңді балағаттаса керек. Болды-ау деген уақытта Мәшекең:

– Әй, молда, Құран сөзін сатсаң, қиямет күнінде үстіңнен аттап өтермін, – депті.

Көп ұзамай, әлгі молда дүниеден қиналып өтіпті.

Мәшһүр ата лепесі қабыл болып...

Қазіргі Мәшһүр Жүсіп атындағы шаруашылық шаңырақ көтерген жерде ертеректе Бекболаттың Жұмабегі дейтін адам өмір сүрген. Ол 1970 жылы дүниеден өтті. Жұмабек үйленген соң, бірер жыл балалары тұрмай, уайым-қайғымен күн кешсе керек.

1929 жылы Найманның Қызыл Қойтас деген жеріне қоныс тепкен. Жұмабек Ескелдіге қарай қайтып келе жатқан Мәшһүрдің жолын тосып, жолға көлденеңнен жатып алады. Бұған дейін де екі-үш рет ойда-жоқта далада Мәшекеңмен кездесіп:

– Маған да бір балаңды берсеңші, – деп жалыныпты.

– Беретін артық балам жоқ, әй, бірақ, сен ұрпақсыз қалмассың, – деп Мәшекең күліп өте шығады екен.

Ал, осы жолы алдына көлденеңінен түсіп жатқан Бекболат:

– Мәшеке, мен осы елдегі жалғыз Найманмын. Жігіт жасым артта қалып барады. Күннен-күнге, жылдан-жылға ұрпақсыз қалам ба деген үрей жан дүниемді меңдеп, ішімді от жайлайды. Үйдегі келініңізбен отасқаныма он жылдан асып барады, жөргек иісіне зармыз. Бір шикіөкпеге лепесіңізді қиыңыз, – деп қатты күрсінеді.

– Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан, Құдай тілегінді берер, шын егіліп жылап тұрғаныңды көріп тұрмын, тұр, үйіңе қайт. Мен

ауылға әлдебір шаруамен асығыс қайтып барамын, кейін тағы бір соғармын, Алла жазса, серіксіз болмассыңдар, – деп жүріп кетеді.

Айтқанындай-ақ, бір жылдан кейін ер бала өмірге келеді. Нәрестенің есімін Серік деп қояды. Өмірінің соңына дейін Серік ағамыз:

– Мәшһүр атаның лепесі қабыл болып, жарық дүние есігін аштым, – деп әрдайым аузынан тастамай айтып жүретін. Сол кісі 1999-жылдың ақпан айында дүниеден өтті.

Осыдан артық не керек?

Сия, қағаз алу үшін Мәшекең жаздың бір күндері жол жүріп бара жатып, бір байдың үйіне соғады. Қуанышы қойнына сыймаған бай «дастарханынан Мәшекеңнің өзі дәм татыпты» деген сөз бүкіл ауылға тарайтынын болды деп, мал сойып, мол қылып дастархан жасайды.

Дастарқаннан табақтар алынған соң, үй иесі қонақтан бата сұрайды:

– Я, Алла, екі дүниенің абыройын берсін, Аллаһу әкпар! – деп, Мәшекең батасын береді. «Маған арнап үлкен бата шығаруы мүмкін, жаңылмай жаттап алыңдар», – деп отырған барша жұртқа ескертіп қойған бай кипалақтап:

– Бір ұзақ басқа батаңыз жоқ па? – деп сұрайды.

– Батаның кішісі де, үлкені де болады. Бірақ, сөз қадірін түсінген адамға осыдан артық не керек? – деп жауап береді Мәшекең.

Байдың аузы жыбырлап, бір орында отыра алмай, мазасызданып отырғанын көрген атамыз тағы да қолын жайып:

– Ынсапсыз таупық берсін, Аллаһу әкпәр! – деп орнына тұрып кетеді. Ал, сөзі көп ұзақ бата дәметкен бай сол отырған бойы қала беріпті.

Сол байдың ынсапсыздығынан жинаған малы өзіне бұйырма-са керек.

Жұмбақ жолаушы

Бір жылы жаздың жайма-шуақ күндерінің бірінде Мәшһүр Жүсіп Көпеев Шарафиддин деген үлкен ұлын ертіп, Бұхара қаласын бетке алып, сапарға шығады. Бірнеше күндік ұзақ жолдан

қалжырап келе жатып, алдарынан кездескен алты қанатты киіз үйге ат басын тірейді. Киіз үйдің алдында үстіне жүк тиеген арба тұр екен. Мәшекең сыртта тұрып:

– Біз жолаушы едік, рұқсат болса, шөлімізді басып, біраз тынығып алайық, – деп дауыстайды. Осы кезде үйден асығыс шыққан бейтаныс келіншек:

– Ата, кешіріңіз, біз бір жаққа асығыс жол жүргелі тұрмыз. Жолдасым ат әкелуге кеткен, – деп арбаға таяп келіп, жүктерінің арасынан бір заттарын іздей бастайды. Сонда Мәшекең:

– Бағыттарыңыз қай жақ? – деп сұрайды.

– Баянауылға бармақпыз, – дейді бейтаныс келіншек.

– Біз сол жақтан келе жатқан жолаушылармыз.

Ол жақта Мәшһүр деген әулие адам бар, айтқан сөзінің бәрі қабыл болып, баласыздарға бала беріп, әртүрлі аурулардан құлан таза айықтырып жібереді деп естідік. Жолдасым екеуміз сол әулиеден бала сұрайық деп бара жатырмыз, – дейді келіншек.

Бағанадан үн-түнсіз отырған Шарафиддиннің бірдене айтқысы келіп тұрғанын сезген Мәшекең:

– Мен сол Мәшһүрдің көршісімін, – деп баласына «сырымды айтпа» дегендей көзінің астымен бір қарап қояды.

– Ел аузындағы әңгімелер шын ба екен? – деген келіншектің сұрағына Мәшекең:

– Мүмкін, бірақ, мен көршімнің үйінен біреуге беретіндей артық балаларының жүргенін, не болмаса, бала шығаратын зауытын, адам жасайтын сиқырын көре алмадым, – деп жауап береді.

– Не болса да, бара көрерміз, – дейді келіншек.

– Сендер қазір бармандар, себебі ол кісі ұзақ сапарға кеткен. Келесі жылы осы уақытта келіп қалар, сонда барарсыңдар. Және де мен қазір бір парақ қағазға екі-үш ауыз сөз жазайын, соны көршіме бере саларсыңдар, – деп бір парақ қағазға арабша бірденелерді жазып, келіншектің қолына ұстатады да, Мәшекең әрі қарай жүріп кетеді.

Үй иесі де келіп, атын арбаға жеге бергенде, келіншегі хатты беріп, жолаушының айтқан әңгімесін баяндайды. «Бұл тегін емес» деп ойлаған жолдасы жалма-жан «көрші ауылдың молдасына барып, оқытып келейін», – деп шаба жөнеледі. Абырой болғанда, молда ешқайда кете қоймапты. Үй иесінің берген хатын оқып шығады да:

– Қап, әттеген-ай, Мәшекең әлгінде ғана ауылымыздың шетінен өтіпті. Біз білмей қалдық. Бұл хатты сол кісінің өзі жазыпты, – деп оқиғаның қалай болғанын бастан-аяқ сұрай бастайды.

Бір жылдан кейін Мәшекең Бұхарадан қайтады. Жолшыбай өткен жылы кездескен бейтаныс келіншектің үйіне соға кетуді жөн көреді. Жолын тосып жүрген үй иесі «келе жатыр» деген хабарды естіп, алдынан шығады. Мәшекенді атынан түсіріп, келіншегі екеуі аяғына жығылып, алғыстарын айтып, дастарханнан дәм татуға шақырады. Төрге шығарып, асты-үстіне түсіп, ерекше күтеді. Бөлме ішінде құрулы тұрған шымылдықтың ар жағынан жас баланың дауысын естігенде, Шарафиддин де, Мәшекең де бір қуанып қалады.

**Аңыз-әңгімелерді жинақтаған Әсет Пазылов.
Жас Алаш. – 2003. – 23 тамыз.**

Ел мұрасын ардақтаған
(Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің этнографиялық мұрасы хақында)

Қазақ халқының фольклорлық-этнографиялық мұрасы сөз болғанда Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Г. Потанин, Ә. Диваев, А. Затаевич есімдерін аттап өту мүмкін емес. Осылардың қатарынан кезінде «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» деген кітаптарымен танылған Мәшһүр Жүсіп Көпеев елеулі орын алады.

М. Жүсіптің қара местің ішіне салып жинаған халық қазынасы ұшан-теңіз. Соңғы жылдары түрлі жинақтарға енген Абылай хан, қазақ шежіресіне қатысты материалдарды айтпасақ, Мәшһүр Жүсіп жинаған фольклор үлгілері Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің Орталық ғылыми кітапханасы мен Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы тұр. Олардың санатында батырлық жыр, қисса, айтыс, генеалогиялық шежірелер көптеп кездеседі.

М. Көпеев жинаған фольклор үлгілерінің үлкен бір саласы замана жайында болып келеді. Қазақтың Абылай, Қасым секілді хандарының ел тұтастығы жолындағы әрекеттері жайлы аңыз-әңгімелердің дені осыған саяды.

«Абылай ханның ең алғашқы ауызға ілігіп, көзге түскені» (ОҒК, Ш. 1177) – тарихи жыр үлгісі. Поэзия мен проза элементі аралас кездесетін бұл жырда Әбілмансұр – Сабалақ атанған баланың қалмақтармен соғыста көзге түсіп, Абылай атануы, Көкшетауға хан сайланғаны баяндалады. Одан әрі Абылай ханның ұрпағы тарқатылған.

«Абылай аспаған Сарыбел атанған мәнісі» (ОҒК, Ш. 1177) атты келесі жыр жолдарының да тарихи табиғаты басым. Мұнда Қазыбек бидің баласы Бекболат, Едіге би, Олжабай, Балта, Көтеш ақын есімдері жүр. Оқиға Қаракесектен Жанайды, Шаншар елінен Ботаханды ұстап, зынданға салумен басталып, аяғы Ботаханның өлімінен туған дауға ұласады. Бұл дау-дамайдан Абылай хан құн төлеп құтылып, елімен табысады.

Мәшһүр Жүсіпте осыған жуық тағы бір жыр бар. Оның атауы да «Абылай аса алмаған Сарыбел» (ОҒК, Ш. 1176). Мұнда Ботахан өлімінен соң көп елдің Абылайды шаппақ болғаны, оның елмен татуласқаны жырланған.

«Абылай ханның бір жорығы» (ОҒК, Ш. 1177) да М. Жүсіп ыждаһаттылығының арқасында хатқа түскен халық қазыналарының бірі. Ерлік тақырыбына құрылған бұл сюжет жауға қарсы тұра алатын батыр іздеу сарынына негізделген. Осы жолда Абылай Барақтан туған Жәнібек деген батырды тауып, ел жекпе-жекте қалмақтың батырын жеңеді.

Тарихи деректерге толы жырлар қатарында «Абылай хан» дас-танын да атауға рет бар. Мұнда Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Уақ Сары Баян секілді батырлардың қалмаққа қарсы күресі, ерлік іс-әрекеттері, Абылайдың қан майданға кіріп, жаудың шебін бұзғаны баяндалады.

Мәшһүр Жүсіп назарынан Қасым хан тұлғасы да сырт қалмаған. Қазақтың ел болу, халық ретінде қалыптасу кезеңіне қатысты жырлардың М. Жүсіпті қызықтыруы тегін емес. Бұл сюжет Қасым ханнан кейінгі кезеңді суреттейді. Негізінен Қасым ханның балаларының өзара араздасқаны жырланады. Қазаққа мәлім Тәуке, Ақназар, Есім, Жәнібек, Көшім, Тәуекел, Шығай хандардың есімдері аталады.

Мәшһүр Жүсіпті ерекше қызықтырған тақырыптардың қатарында қазақ хандарымен бірге қазақ халқының этногенезін құра-

ған тайпалар шежіресі де бар. Қаламгер қазақ хандары, қыпшақ, ойрат, ноғайлы, Алаш, Үш жүз туралы көптеген генеалогиялық шежірелер жеткізген. Осылардың ішінен С. Дәуітұлы бастырған «Қазақ шежіресі» (1993) атты нұсқасы ғана кітапша болып басылған. Өзгелері әлі жарық көрмеген.

Қазақ халқының генеалогиясына қатысты «Қазақтың түбі» деп аталған қос жазбаның орны ерекше. Бірінде қазақтың тегі Адам атадан, Хам, Сам, Яфес, кейінгі хандардан тарқатылып, одан әрі Уыз ханның қалай мұсылман дініне кіріп, хан болғаны баяндалса, екіншісінде қыпшақ Ақкөсе, Мәліктердің сахаба болғаны, Баба Түкті Шашты Әзиздің бабалары, Едігенің ата-тегі сөз болады.

«Қыпшақ шежіресі» жазбасында Қобыланды батыр, Қажы-мұқанның тегі баяндалып, көсеу таңбалы, бес таңбалы, мойын таңбалы қыпшақтардың болғаны сөз болады. Шежіре 1920 жылдары Баянауылда жазылып алынған. Айтушысы белгісіз. М. Жүсіп келтірген бұл мәліметтер арнайы зерттеуді, зерделеуді қажет етеді. Себебі қазақ шежіресінде қыпшақ тайпасының таңбасы – қос әліп, ұраны – Ойбас. Бұл әріден келе жатқан дәстүрлі құбылыс болса, М. Жүсіп деректері тексеруді тілейді.

«Үш жүз» деп аталған шежіреде тоқсан екі баулы қыпшақ, қырық сан Қырым, он сан Үрім, он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт, ноғайлының бөлінуі секілді қазақ халқының қалыптасу кезеңіне тән этникалық бірлестік атаулары қамтылған. Алаш ұғымы, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздердің шежіресі баяндалған. Сонымен қатар Жошы өлімін Кетбұғаның күймен естірткені, Алшағырдың «Бозайғыр», «Бозінген» күйлерінің тау тарихы сөз болған.

Таңбалы Нұра – үш жүздің таңбалары қашалған жер. Ол Алаша ханның тұсында тасқа басылған көрінеді. Ел арасында таңба дауы туа қалған жағдайда сол тасқа жүгінетін болған. Бұл мәліметтерді де Мәшһүр Жүсіп жазбаларынан табамыз.

Көрнекті этнограф жазбаларының бірде қазақ хандары, бірде қазақтың тегіне қатысты болып отыруы тегін емес. Рас, М. Жүсіп халқымыздың өзге де мұраларын хатқа түсірген, өзі де шығармалар жазған. Бірақ ел тағдыры оның басты назарында болғанға ұқсайды. Қаламгер жинаған «Орта жүз тарихы» да қызықты мәліметтерге толы. Керей тарихы, тарақтының тегі, орманшы тарихы туралы деректері ғылыми оралымға еніп те келеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Бұл мәліметтер Мәшһүр Жүсіп Көпеевті қазақ этногенезінің қалыптасу кезеңдері айырықша қызықтырғанын аңғартады. Қаламгер фольклор материалдарына осы тұрғыдан келіп, оларды тарихи айғақ, дереккөз ретінде бағалаған. Қайсыбір шежірелердің аңыздық-ертегілік арқауы басым болса да, М. Жүсіп ел естелігі жеткізген деректерді қаз қалпында қағазға түсіруді мақсат тұтқан. Осының бәрі оны тарихи жыр, тарихи-генеалогиялық шежірелерді жинап, кейінгі ұрпаққа мирас етіп қалдырған ел мұрасының үлкен жанашыры ретінде танытады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев шежірелері – қазақ тарихына қатысты генеалогиялық дереккөздердің бірі. Оларды тереңірек зерттеп, өзге шежірелермен салыстыру барысында халқымыздың қалыптасу кезеңдеріне қаныға түсеріміз де анық.

**Тынысбек Қоңыратбай, филология ғылымының
докторы, профессор**

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихына назар аударып, оны тарихи-философиялық тұрғыда зерделеуден өткізетін болсақ, онда бүгінге күнге дейінгі кезеңдерінің барлығы қатпар-қатпар қиындықтар мен қайшылықты кезеңдерге толы болғанын байқаймыз. Дегенмен қаншама ауыртпалы заман болса да жасындай жарқырап еліміздің өткен күндерінде көптеген дарынды тұлғалардың болғанын ауыз толтырып айтамыз. Тәуелсіздіктің сындарлы жылдары уақыттың қадірін білуді үйрендік. Өткен кезеңдер мен өмір сүрген парасатты тұлғаларды қадірлеуді үйренудеміз. Рухани мәдениетімізді електен өткізу бағытында көптеген жұмыстар атқарылғаны баршамызға белгілі. Осы тарихи мүмкіндіктерді пайдалана отырып өз халқымыздың өнегелі тұлғалары өрнектеген рухани құндылықтарды әртүрлі қырларынан зерттеу мүмкіндіктері туындап отыр, солардың бел ортасында, ақын, данагөй ағартушы, өз халқының патриоты – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да бар.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жинақтаған, өзі шығармашылықпен қалыптастырған өлең, жыр, дастандары адамды адамгершілікке шақырып, ар-ұятты, мейірімді, адал болуға үйретеді. Міне ақынның замандастарын осы руханилыққа баулу қасиеттері мен талпыныстары ұлттың өзіндік санасын жетілдіруші күшке айналғанын да атап өту керек. Әрине, өмір адам үшін тек күліп-ойнап, ләззат алуға ғана берілмегені анық. Ол алдымен кез келген пендеге тіршілік тұңғығында терең дүниетанымдық сауалдарды қояды. Сондықтан әрқайсымыз міндетті түрде төмендегідей сұрақтарды алдымызға қойып отыратын кездеріміз де болады: «Өмірдің мәні неде?», «Не үшін өмір сүріп жатырмын?», «Қандай құндылықтар дүниеде бәрінен маңызды?», «Қайда барамыз, не істеу керек?» деген сияқты сауалдар кімді болсын он ойландырып,

тоғыз толғандыруы мүмкін. Осындай өмірдің мәні мен адам болмысын ұғынуға жетелейтін терең философиялық сұрақтарды қазақ ғұламалары өз шығармашылығының негізгі нысанына айналдырған. Философиялық мағынадағы жоғарыдағы сауалдарға жауаптар іздеген ақын, біріншіден, адам ешқашан жалқаулыққа салынбай өнер іздеп, білімге құштар болуды насихатты, екіншіден, ол өз ойларын халыққа етене түсінікті стильде өлең жолдарымен баяндайды:

Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық,
Болғаннан алты ауыздан ынтымақсыз,
Басыңа келген жоқ па талай қорлық.

Халықты нағыз тұтастанған халық ететін терең рухани құндылықтар жүйесі осы қысқа шумақ жолдарында паш етілген, көркем пішінде өрнектелген. Бұл өлең жолдарында ақынның қазақ халқының тағдырын тереңнен ойлап, еңбек етпей, өнер ізденбей бос әурешілікпен уақытты зая кетіріп жүрген кейбір жастарға налып айтқан уәжі суреттелген. XX ғасырдың басында әлемге өзін танытқан қазақ зиялыларының жалпы құндылықтық бағдарлары бір жерде түйіскенін де байқаймыз. Ақынның осыған ұқсас данагөй ойлары көптеген шығармаларында көрініс тапқан, ақын бұл туындыларында өз жұртына, қазағына арнап өсиет қалдырғандай, оны қалың ұйқыдан ояту мақсатында кейінгі ұрпаққа бір жолдау арнағандай болады. Өмір өз кезегімен өтіп жатқан жол сияқты, ал адамдар болса, сол жолды басып өтетін бір жолаушы. Әрі ол жол қауіп-қатерге және түрлі күтпеген оқиғаларға толы. Кейде өмір белестері адам бақытына кедергі жасайтын оқиғаларға толы. Сондықтан да адам баласы барлық нәрсеге дайын болумен қатар, өздігінен нақты шешімдерді де жасауы керек дей келе, ақын қаншама қиын қыстау заманда өмір сүрсе де еш мойымай тек халқының жай-күйін ойлаумен болады, сонымен қатар кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдыру үшін аянбай ізденіп, ел арасынан сан-алуан көне тарихи жазбаларды, фольклорлық жыр-дастандарды рухани және мәдени мұра етіп қалдыруды өзіне басты мақсат етіп қойды.

Бүгінде ойшыл ғұламаның шығармашылық мұрасын насихаттау бағытында әртүрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Елімізде ауыз толтырып айтатындай Мәшһүртану саласы қалыптасты, Мәшһүр Жүсіп оқулары жыл сайынғы дәстүрге айналып, жас ұрпақ ұлы ғұламаның еңбектерін санасына терең сіңіруде. Заманында қатарынан озық туған көрнекті тұлға ақындығымен қатар тарих, әдебиеттану, өлкетану, шежіре жинақтау салалары бойынша мол мұра қалдырды. Бірақ өкінішке орай ақынның қолжазбаларының көбі түрлі себептерге байланысты сақталмаған. Әсіресе, Кеңес заманында көптеген шығармалары қасақана құртылды. Мәшһүр Жүсіптің ел ішінде көріпкел-әулиелігімен танылғаны белгілі. Оған өзінің дүниеден қайтатын ай-күніне дейін дәл айтып, ол жылдары қазақтың жаппай аштыққа ұшырайтынын біліп, бір жыл бұрын өзінің асын бергізіп кетуі дәлел. Қарапайым сана үшін бұл әдеттен тыс әрекет болары анық. Бірақ даналықтың биігіне көтерілген ойшыл өмір мен өлімнің өзара қатынасын терең философиялық мағынада түсінетінін дәлелдеп берген.

Ақынның шығармалары жиырма томдық көлемде басылып жатыр. Бірнеше ғылыми диссертациялар ақын шығармашылығына арналып қорғалды. Елімізде ғылыми мақалалар көптеп жарық көруде. Зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының зерттелмеген жеке мұрасының өзі әлі талай ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз. Қазіргі заманда индустриалды-инновациялық заманда прагматистік сипаттағы дүниені түсінуге бет бұрғанымыз белгілі. Бір қарағанда бұл қазіргі жаһандану заманының өзіндік ағымы, тарихтың толқыны іспетті. Дегенмен, өзінің рухани әлемін түгендеп, оны дамытып отырмаған елде ешқашанда өзгенің алдында сыйлы бола алмайды. Жастары өзінің болашағына қатысты рухани бағдарларды жөнді анықтай алмай тұтынушы қоғамның қисынынан шыға алмай қалуы да мүмкін. Осыған орай жоғарыдағы жинақта негізінен халық болып рухани түлеуімізге медет болатын дүниелер қордаланды. Соңғы уақытта Мәшһүртану ісіне абыз ойшылдың ұрпақтары тікелей атсалысуда. Ақынның туған немерелері филология ғылымдарының докторы, профессор Қуандық Мәшһүр Жүсіптің зерттеу еңбектері және Сүйіндік Көпеевтің ғұмырнамалық естелік-деректері мерзімді

баспасөз беттерінде жарық көрді. 2001 жылы Павлодар қаласында қасиетті Мәшһүр Жүсіп атындағы Орталық мешіт ашылды. 2003 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің алдындағы алаңда қоладан бюст-ескерткіші орнатылды. 2006 жылы Мәшһүр Жүсіп әулиенің басына зәулім де әсем кесене тұрғызылды. Осы іс-шаралардың барлығының түпкі мақсаты еліміз азаматтарының руханият әлемінің, руханилық деңгейінің көтерілуімен астасып жатуы шарт. Ойшылдың өз заманында діттеген мақсаты сол болатын. Ол өзінен гөрі өзгенің мүддесін көбірек ойлағанын аңғаруға болады. Осындай қатынасты рухани ерлікке балауға болады.

Ұлы бабамыз жастарға тәрбиелік мәні бар: – «Жігіт күнінде жаннан кеш те іс қыл, өлсең өлерсің, өлмесең адам болып шығарсың», – деп намыс пен жігерді жанып, рухын қайсар қайратқа бағыттап, ұран тастағандай болды. Сонымен, қазақ халқының руханият тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің алатын орны ерекше және мәртебелі. Өзі өмірден озса да, артына мәңгі өшпес рухани мұра қалдырған қасиетті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамыздың тағылымының бізге және бізден кейін келер талай ұрпаққа берері мол екені даусыз. Ендеше, сол рухани мұраны көзіміздің қарашығындай сақтап, кейінгі буын үлгі аларлық кәдеге жарату бәріміздің қасиетті парызымыз деп есептейміз.

ҚОСЫМШАЛАР

Мәшһүр Жүсіп Көпеев еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші

1889

1. Адам һәм оның ғұмыры. Қарға мен Лашын // Дала уалаяты газеті. – 1889. – Әдеби қосымша. – № 6–7. – 22–26 бб. (М. Ж. Көпеевтің белгілі аңыз-әңгімелері).

2. Әңгіме // Д.У.Г. – 1889. – № 45–46. (Автор өлеңмен байдың жатып ішерлігін, өз малын өзі бақпайтынын сынайды. Кері кеткен әдет-ғұрыпты әшкерелейді).

3. Баянауылдан хабар // Д.У.Г. – 1889. – № 38–39, 48. (Автор мақаласында қазақ елін өнер-білімге шақырған. Құнанбай және Абай туралы деректер берілген).

4. Баянауылдан хабарлар // Д.У.Г. – 1889. – № 38–39 (Қазақ елінің шаруашылығы, шабындық жерді пайдалану туралы; Оқу-ағарту мәселесін көтерген).

5. Минакиб Құлмұхамет ұста // Д.У.Г. – 1889. – № 28. (М.-Ж. Көпеевтің мақаласында 1889 жылы 17 сәуірде қайтыс болған Байбакин Құлмұхамет туралы, Мұса Шорманов және Қамаруддин туралы деректер келтірген).

6. Тұрмыс жайында болған хабарлар // Д.У.Г. – 1889. – № 29, 49 (Қазақ елінің Ресей қол астына қарағаннан кейінгі шаруашылығы, тұрмыс-халі туралы мақала).

1890

7. Баянауылдан // Д.У.Г. – 1890. – № 11. 16 наурыз; № 32. 10 тамыз (Тұрмыс жайында болған хабарлар).

8. Баянауылдан // Д.У.Г. – 1890. – № 23, 8 маусым; № 24. 15 маусым. (Автор «Дала уалаятының газетінің» маңызына тоқтала отырып, Едіге мен Төле бидің биліктері туралы әңгіме келтірген. Бірнеше мақал-мәтел берілген).

9. Баянауылдан хат // Д.У.Г. – 1890. – № 17. 27 апр. (Қазақ арасындағы мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы туралы мәліметтер берілген).

10. Біздің қазақ халқының... // Д.У.Г. – 1890. – № 46. 16 қараша.
11. Ғажайып бір құс заманымызда // Д.У.Г. – 1890. – № 18. 4 мамыр.
12. Тұрмыс жайында болған хабарлар // Д.У.Г. – 1890. – № 9, 2 наурыз; Әдеби нұсқалар. – 1989. – 1 кітап. – 161–165 бб.
13. Түрік луғаты турасындағы сөзге // Д.У.Г. – 1890. – № 23. 8 маусым. (Автор қазақ тіліндегі араб, парсы тілдерінен енген сөздердің жазылуы туралы мысалдар келтіріп өз пікірін жазған. Автор осы газеттің 20-санында басылған «Түрік луғаттары турада» деген мақалаға сын айтқан).

1891

14. Баянауылдан хат // Д.У.Г. – 1891. – № 9, 20. (Елдің тұрмыс халі, шаруашылығы. Жазғытұры ауа райының қолайсыз кезеңдерін суреттей отырып, мал шығыны, аштық туралы мәлімет берген, халықты егін салуға үгіттеген).

1892

15. Тұрмыс жайында болған хабарлар // Д.У.Г. – 1892. – № 31. 31 июль. (1891 жылы Баянауылда болған жәрмеңке туралы).

1893

16. Жиренше шешен мен хан туралы әңгіме // Д.У.Г. – 1893. – № 2. 8 қаңтар. (Аңыз-әңгіме).

17. Қазақтардың бұрынғыдан қалған сөздері // Д.У.Г. – 1893. – № 13. 26 март. (Абылай хан туралы аңыз, әңгіме).

18. Тұрмыс жайында болған хабарлар // Д.У.Г. – 1893. – № 3. 15 қаңтар. (Автор қазақ елінің шаруашылығына тоқтала отырып, болыстыққа таласуды, жікшілдікті сынаған).

1894

19. Малшы Алтай (хикая) // Д.У.Г. – 1894. – № 6. 6 ақпан. (Жылқышы Алтайдың адал еңбек сіңіріп, бай қызына үйленуі туралы әңгіме. Жоғары Алтай, төменгі Алтайдағы қазақ рулары туралы дерек берілген).

20. Сары Арқаның кімдікі екендігі. Қазақтың осы күнгі әңгімесі / Мәшһүр Юсуф Куфаев. – Қазан: Шәрәф мәтбәғасы, 1907. – 24 б. – Араб әрпінде басылған. (Өлең, мақала жинағы).

21. Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз. – Қазан: Шәрәф мәтбәғасы, 1907. – 23 б. (Өлеңдер жинағы).

22. Хал-әхуал. Мәшһүр Юсуф Куфаев һәм аның ұғларының бағзі бір шиғірләрі. – Қазан ун-т, 1907. – 20 б. – (Араб әрпінде басылған).

1912

23. Туысқан бауырларыма бір насихат // Айқап. – 1912. – № 7. – 146–154 бб. № 8. – 170–175 бб. (Қазақ елінің тарихынан, шаруашылығынан құнды деректер келтірген мақала. «Қазақ ішіне кім келеді? Оннан қашқан, мұннан қашқан, жамандықпен көзін ашқан келеді. Және соның бәрі де қазақты жер-көкке түсірмей мақтай келеді... Сонан соң қайтсын бұл сорлы қазақ! Ноғайдан келді, қазақтың өзін мақтады, өзгенің бәрін жаманға қойды. Сарттан келді, о да осыны айтты. Әпенді келді, ол бәрінен асырды. Сонан соң бұл қазақ ойлады... Дүниеде төрт түлік малдан асылды құдай жаратқан жоқ екен, қазақтан асыл жұртты жасаған жоқ екенде, Сарыарқадай жер қайда... Қыс болса жылқының қазы-қартасындай тамақ қайда? Жаз болса қымыздан артық шарап қайда деп, шалқасынан түсіп жатты да қалды. Наданшылық пен ғапылдықты екі жағына екі қыз алып жатқан кісідей құшақтап қатты да қалды» деген жолдарды оқимыз).

24. Хал-ахуал. Қазан: Б.Л. Домбровский баспаханасы, 1912. – 20 б.

1913

25. Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1913. – № 4. (М.-Ж. Көпеевтің «Хал-әхуал» кітабын сатуға үкімет тарапынан тыйым салынғаны хабарланған).

1929

26. Ертегі. Қазақстан баспасы, 1929 ж. Ташкенде басып шығарған «Балалар кітабы» деп аталатын кітаптар.

1940

27. Ұлбике мен Жанкелдің айтысы. – 1940.

28. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1940. – 1-т. – 84 б.

29. Ғашықтық халық жырлары. – Алматы, 1941. – 1-т.

1947

30. Ақан сері мен Мәшһүр Нұрғожаның айтыстары. – 1947.

1949

31. Алаша ханның әңгімесі. – 1949.

32. Науша батыр. – 1949.

33. Шоқайдың төрелігі және Есек батыр туралы аңыз. – 1949.

1967

34. Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан // Қазақ әдебиеті. – 1967. – 22 желтоқсан.

1968

35. Ықылас әулие // Қазақ әдебиеті. – 1968. – 2 наурыз. (Белгісіз әңгімесі. Жазып алған Ж. Ахметов). Көпеев М.

1983

36. Бұлбұл мен қаршыға (Ғибрат-нәма) // XX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Хрестоматия. – Алматы, 1983. – 249–251 бб.

37. Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі («Сарыарқа кімдікі екендігі» кітабынан) // XX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Хрестоматия. – Алматы, 1983. – 251 б.

38. Хал-ахуал // XX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Хрестоматия. – Алматы, 1983. – 247–249 б.

39. Шайтанның саудасы // XX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Хрестоматия. – Алматы, 1983. – 252–257 бб.

1984

40. Жарты нан хикаясы : Өлең // Қазақ әдебиеті. – 1984. – 23 қараша. Дайындаған Қ.М. Жүсіпов.

1985

41. Сәйгелді, сона, бөгелек туралы: Өлең // Қазақстан мұғалімі. – 1985. – 21 маусым.

42. Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясы // Қазақ әдебиеті. – 1985. – 7 маусым.

1988

43. Дүниені дойбының ойынына балап жазғаны; Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқаны // Қызыл ту. – 1988. – 27 желтоқсан.

44. Жастықтың бір күн көшіп кетер ауылы // Қазақ әдебиеті. – 30. (Өлеңдер)

45. Өлеңдер. Материалды әзірлеп, түсінік жазушы Қ. Мәшһүр-Жүсіпов.

1989

46. Адам һәм оның ғұмыры. Қарға мен Лашын // Әдеби нұсқалар. – 1989. – 1 кітап. – 138–142 б.

47. Баянауылдан // Әдеби нұсқалар. – 1989. – 1 кітап. – 195–200 бб.

48. Бұлбұл мен қаршыға //Қызыл ту. – 1989. 27 қазан. (Мысал өлең. Ел аузынан жазып алған Қ. Машрапов)

49. Ғажайып бір құс заманымызда // Әдеби нұсқалар. – 1989. – 1-кітап. – 177–178 бб.

50. Жиренше шешен мен хан туралы әңгіме // Әдеби нұсқалар. – 1989. – 1-кітап. – 468–469 бб.

51. Қазақтардың бұрынғыдан қалған сөздері // Әдеби нұсқалар. – 1 кітап. – 476–488 б. (Абылай хан туралы аңыз, әңгіме)

52. Малшы Алтай: (Хикая) // Әдеби нұсқалар. – 1989. – 1-кітап. – 500–503 бб.

53. Мәшһүр-Жүсіп пен Молдағалидың айтысы // Қызыл ту. – 4 сәуір.

54. Тұрмыс жайында болған хабарлар // Әдеби нұсқалар. – 1989. – 1-кітап. – 161–165 бб.

1990

55. Адам екі түрлі: (Өлең) // Қызыл ту. – 1990. – 24 қараша.

56. Аман-сау жатырмысың, Мәди батыр: (Өлең) // Орталық Қазақстан. – 1990. – 6 қараша.

57. Мәшһүр: (Өлең) // Қызыл ту. – 1990. – 7 қыркүйек.

58. Мәшһүрдің өзін-өзі ертегі қылып сөйлегені: (Өлең) // Семей таңы. – 1990. – 1 қыркүйек.

59. Мәшһүрдің сөзді киіндіріп, жұрт көзіне түсіргені; Дүниеге көңілі қалғандықтан сөйленген сөз: (Өлеңдер) // Алматы ақшамы. – 1990. – 10 қазан.

60. Наурыз // Парасат. – 1990. – № 3. – 12, 13, 15 б.

61. Сарыарқаның кімдікі екендігі // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 6 шілде. (Оқырман назарына ұсынған – Нартай Жүсіпов).

62. Таңдамалы шығармалар жинағы / Құрастырған сөзін жазған С. Дәуітов. – Алматы: Ғылым, 1990 – 2-т. Өлең, қисса, мысалдар. – 271 б.

63. Шоң би: (Әңгіме) // Лениншіл жас. – 1990. – 25 қыркүйек.

1991

64. Абылай ханның түсі // Соц. Қазақстан. – 1991. – 6 сәуір. (Газетке ұсынған С. Дәуітов).

65. Ай, заман-ай, заман-ай // Бес ғасыр жырлайды / Құраст: М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы, 1991. – 2-т. – 240–252 бб.

66. Бөлтірік шешен туралы // Лениншіл жас. – 1991. – 18 мамыр (Алғы сөзін жазған – С. Дәуітов)

67. Едіге би // Парасат. – 1991. – №3. – 6–7 бб. (1352–1419 жж. Қаратау өңірінде әйгілі би болған Едіге Құтлу Қабанұлы туралы).

68. Жаңылтпаштар // Өркен. – 1991. – 8 маусым (Дайындаған – Н. Жүсіпов)

69. Қазақтың осы күнгі әңгімесі // Өркен. – 1991. – 23 ақпан. («Сарыарқаның кімдікі екендігі» деген кітабынан алынды. Дайындаған Б. Сәрсембина).

70. Өлең – сөздің патшасы: Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 216 б.

71. Сабалақ // Егеменді Қазақстан. – 1991. – 5 қазан (Дастаннан үзінді)

72. Толғамдар // Егеменді Қазақстан. – 1991. – 7 желтоқсан.

73. Төле бидің сөздері // Жетісу. – 1991. – 2 қараша. (Дайындаған – С. Дәуітов).

74. Уағыз (Махмет Назарұлы көшірмесі) // Орталық Қазақстан. – 1991. – 24 шілде.

75. Хал-ахуал: (Өлең) // Орталық Қазақстан. – 1991. – 13–14 наурыз.

76. «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» мақалының шығу төркіні // Қазақ әдебиеті. – 1991. – 16 тамыз. (Материалды «әулиеттік архивтен» алып даярлаған – Н. Жүсіпов).

1992

77. Абылай хан: Тарихи тұлға // Көкшетау. – 1992. – 21 қаңтар; Егеменді Қазақстан. – 1992. – 11 қаңтар.

78. Абылай ханның түсі // Еңбек таңы. – 1992. – № 3. – 14–15 бб. (Журналға дайындаған С. Дәуітов).

79. Ағыбай мен Наурызбай // Халық кеңесі. – 1992. – 11 маусым (Газетке әзірлеген М. Әбсемет).

80. Асан қайғы туралы: [Жазба] // Ақиқат. – 1992. – № 7. – 79–84 бб. (Материалды әзірлеген Н. Жүсіпов).

81. Екі томдық. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері / Құраст. алғы сөзі мен түсініктерін жазған С. Дәуітов. – Алматы: Ғылым, 1992. – 2-т. – 222 б.

82. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. – Алматы: Ғылым, – 224 б.

83. Жиренше шешен // Ақиқат. – 1992. – № 10. – 88–91 бб. (Жарияланымды әзірлеген Н. Жүсіпов).

84. Қазақ билері / Алғы сөзін жазған Н. Мәшһүр-Жүсіпов // Жұлдыз. – 1992. – №8. – 186–197 бб. – Мазм: Едіге; «Едіге би» әңгімесі; Торайғыр мен Шоң; Шоңның баласы – Итемген; Қаһарлы Жанак; Тайкелтір; Байдалы Шорман.

85. Олжабай батыр: (1709–1783) // Егеменді Қазақстан. – 1992. – 25 шілде.

86. Сүлеймен пайғамбар мен Байғыз // Азия. – 1992. – 3 шілде. – 5 б. (Материалды даярлаған Н. Жүсіпов).

87. Сыздық төренің айтқаны // Сарыарқа. – 1992. – 22 шілде.

88. Тама Сарыбас мерген ертегісі // Зерде. – 1992. – № 6. – 27–28 бб. (Материалды тікелей қолжазбадан алып әзірлеген Н. Жүсіпов).

89. Торайғыр мен Шоң // Жұлдыз. – 1992. – № 8. – 188–190 бб.

1993

90. Абылай хан / Құраст. С. Дәуітов. – Алматы, 1993. – 318 б.

91. Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер // Ақ Орда. – № 2. – 77–80 бб. (Материалды әзірлеген Н. Жүсіпов).

92. Бұл қазақ қай уақытта үш жүз атанған // Қазақ тарихы. – 1993. – №5 – 15–17 бб.

93. Жарылғап пен Абылай хан // Қазақ мектебі. – 1993. – № 6. – 48–79 бб. (Әңгіме. Дайындаған Н. Жүсіпов).

94. Қазақ шежіресі / Арабтың хадим жазуынан әліпбиге түсірген С. Дәуітұлы. – Алматы: Жалын, 1993. – 76 б.

95. Қожамәнсүр // Сарыарқа. – 1993. – № 2. – 83–86 бб. (Хисса. Ә. Сарықожаұлының аузынан жазып алып баспаға тапсырған А. Әубәкірұлы).

96. Лала гүл және махаббат туралы // Зерде. – 1993. – № 7. – 18 б. (Материалды әзірлеген Н. Жүсіпов. Дайындаған Фазыл-Қуандық Нартай Қуандықұлы).

97. Наурызнама: Аталы ойлар. – Алматы: Жалын, 1993. – 42 б. (1 бөлім: Көпейұлы М.Ж. Наурыз. Дайындаған С. Дәуітұлы). 2 бөлім: Омар Хаям. Наурызнама. Өзбекшеден ауд. И. Сапарбаев.

98. Сахарада-лала. Бақтарды-райхан: Мәшһүр-Жүсіп. Лалагүл және махаббат, ғашықтық сезім туралы // Зерде. – 1993. – № 7. – 18 б. (Қолжазбаны баспаға ұсынған Н. Мәшһүр-Жүсіпов).

99. Хаятбақша» дастаны һақында // Абай. – 1993. – № 8. – 75–76 бб. (Баспаға ұсынған Ғ.Қ. Жүсіпова).

100. Шақшақ Жәнібек жайлы дерек // Торғай таңы. – 1993. – 26 тамыз. (Материалды жинақтап әзірлеген С. Алмасов).

101. Ібіліс лағын шайтан хикаясы // Жалын. – 1993. – № 4. – 37–40 бб. (Дайындаған ақын шөбересі Г. Жүсіпова).

1994

102. Ағыбай мен Наурызбай // Орталық Қазақстан. – 1994. – 14 маусым. (Батырлар туралы).

103. Ай мен Күндей: һәммаға бірдей демегінің мағынасы // Ақиқат. – 1994. – № 4. – 87–91 бб. (Материалды әзірлеген Н. Жүсіпов).

104. Біздің қазақ халқының // Адам, қоғам, табиғат. – 1994. – 4-кітап. – 169–172 б.

105. Есім хан // Жұлдыз. – 1994. – № 10–12. – 199–201 бб. (Материалды әзірлеген Н. Жүсіпов).

106. Зілқара ақын / Дайындаған С. Дәуітұлы // Егемен Қазақстан. – 1994. – 4 қаңтар

107. Мағыраж: Дастан // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Хабарлары. Тіл, әдебиет сер. – 1994. – № 3. – 56–66 бб.

108. Нұх пайғамбар мен бір кемпір туралы // Қазақстан мектебі. – 1994. – № 4–5. – 79 б. (Дайындаған Н. Мәшһүр-Жүсіпов).

109. Сарыарқаның кімдікі екендігі атты кітаптан үзінді: Алғашқы қолжазба нұсқасы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1994. – № 4. – 111–124 бб. (Материалды әзірлеген Н. Жүсіпов).

110. Тарихи әңгімелер: Есім хан, Кенесары, Наурызбай өлімі, Майлықожалар туралы / Жазып алған Ф. Үрмізұлы // Жұлдыз. – № 10–12. – 199–204 бб.

111. Тұрмыс жайында болған хабарлар. Баянауылдан // Адам, қоғам, табиғат. – 1994. – 4-кітап. – 110–122 бб.

112. «Хал-ахуал кітабынан» Өлеңдер // XX ғасыр басындағы әдебиет: Хрестоматия. – Алматы, 1994. – 6–17 бб.

1995

114. Адам және Жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 6. – 23–30 бб.

115. Аспан, жер және адам жаратылысы туралы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 2. – 56–61 бб. (Материалды әзірлеген Н. Жүсіпов).

116. Әдһам диуана және Ибраһим: (Дастан) // Абай. – 1995. – № 3. – 43–55 бб.

117. Бір әйелдің қарғысы туралы; Мүрсейд пен ғұлама Түптазаның әңгімелері; Төрт асыл, бес берекенің шешуі: Әңгімелер // Сарыарқа. – 1995. – №5. – 32–34 бб.

118. Ғалы-Арыстанның әңгімесі: (Дастан) // Ұлағат. – 1995. – № 1. – 91–102 бб.

119. Дуаның пайдасы туралы // Зерде. – 1995. – № 1. – 28 б.

120. Екі жігіт пен бір шалдың әңгімесі: Дастан // Сарыарқа. № 5. – 11–14 б.

121. Жидебай батыр // Қазақ тарихы. – 1995. – № 3. – 79–80 бб.

122. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өсиет өлеңдерінен // Сарыарқа самалы. – 1995. – 28 қыркүйек (Ел аузынан жазып алған С. Жармұхаметұлы)

123. Надан би: хикая // Парасат. – 1995. – № 1. – 3 б.

124. Туысқан бауырларыма бір насихат // Айқап. – 1995. – № 2. – 106–109 бб.

125. Шонтыбай қажы // Жұлдыз. – 1995. – № 11–12. – 148–160 бб. (Дастан)

126. Шын дәулет пен жын дәулет туралы // Ұлағат. – 1995. – № 3. – 99–107 бб. (Өмірбаяндық материалдар. Материалды әзірлеген Н. Жүсіпов).

1995

127. Айт күні; Қанмен жазса; Бала күнде Мұса Шорманұлынан естуші едім: «Тарақтыда тары бар, дүниенің бәрі бар» атты кітабынан үзінді // Егемен Қазақстан. – 1996. – 1, 13 тамыз (Қазіргі хәріпке түсірген М. Шафиғи; Редакцияға дайындаған С. Дәуітұлы).

128. Алма ақы ешкімдерден қылып борыш // Жұлдыз. – 1996. – № 2. – 116–128 бб. Дастан.

129. Атадан қалған асыл сөз // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 9 көкек. Ел аузынан жазып алған М. Көпейұлы.

130. Бұрынғы құдалық (Бұл материал Ұлттық ғылым академиясының қолжазба қорында сақтаулы. Мәшһүр Жүсіп бумасы, 4 т.) // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 9 қаңтар.

131. Жоктау // Сарыарқа самалы. – 1996. – 13 ақпан (Ел аузынан жазып алған К. Дәулетсапин).

132. Қияметтің ғаламаттары: (Өлең) // Орталық Қазақстан. – 16 мамыр.

133. Мәшһүр-Жүсіптің елімен қоштасуы // Сарыарқа самалы. – 1996. – 4 маусым. (Ел аузынан жинаған Ғ. Әлібаев).

134. Пайғамбардың дүниеден өтуі туралы // Жұлдыз. – 1996. – № 2. – 113–115 бб. (Дастан хақында. Дайындаған Г. Жүсіпова).

135. Ұлыдан қалған ұлағат // Егемен Қазақстан. – 1996. – 1 тамыз («Тарақтыда тары бар, дүниенің бәрі бар» атты кітабынан үзінді // Дайын. С. Дәуітұлы).

136. Хал-ахуал // Дау шешеді дана сөз / Құраст. О. Әбділдаұлы. – Алматы : Жеті жарғы, 1996. – 193 б.

1997

137. Бес парыз // Ислам әлемі. – 1997. – № 3. – 6 б. Өлең.

138. Бұхар, Қоқан хандары туралы // Қазақ тарихы. – 1997. – № 1. – 78–80 бб. (Материалды журналға ұсынған Н. Жүсіпов).

139. Жер мен көк // Арай. – 1997. – № 4(36). – 40–55 бб. (Қисса. Дайындаған Г. Қуандыққызы).

140. Жоқтау-бәйіт // Сарыарқа самалы. – 1997. – 12 тамыз. Өлең. Ақсақалдардан жазып алған Ш. Құнанбайұлы.

141. Қажыларға арнау өлең // Жалын. – 1997. – № 9–10. – 301–307 бб.

142. Мәшһүр Жүсіптің хаты // Қазақ әдебиеті. – 1997. – 14 қаңтар.

143. Ышқышбап сапары: (Өлең) // Қазақ тілі мен әдебиеті. – № 9–10. – 80–87 бб.

1998

144. Аспан, жер және адам жаратылысы туралы: (Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілерінен) // Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: (XX ғасырдың 20-жылдарынан 1995 жылға дейін). – Алматы, 1998. – 2-т. – 22–26 бб.

145. Бәйтен сал: (Өлең) // Сарыарқа самалы. – 1998. – 26 ақпан. (Арабшадан ауд. С. Көпеев)

146. «Гүлшат – Шеризат» // Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 103–124 бб. (Қисса).

147. Жаңа түскен келінге ақ тілеу: (Өлең) // Сарыарқа самалы. – 1998. – 30 шілде.

148. Жошыхан өлімі // Қазақ тарихы. – 1998. – № 3. – 59–60 бб. (Баспаға әзірлеген Е. Жүсіпов).

149. Қазақ шежіресі // Қазақтар: Көпшілікке арналған тоғыз томдық / Қазақстан даму институты. Алматы, 1998. – 3-т. Шежіре. – 8–32 бб.

150. Қалдан шерін әңгімесі // Қазақ тарихы. – 1998. – № 3. – 63–67 бб. (Баспаға әзірлеген Л. Жүсіпова).

151. Родословная казахов // Казахи: Десятитомный популярный справочник. – Алматы, 1998. – Т. 3. Генеалогия. – С. 176–200.

1999

152. Мәшһүр-Жүсіптің жарық көрмеген жазбалары, мақалалары // Жалын. – 1999. – № 5–6. (Дайындаған Е. Жүсіпов).

2000

153. Абылайдың хан атануы // Қазақ тарихы. 2000. – № 3. – 19–20 бб. (Баспаға әзірлеген Жүсіпова Лаура)

154. Кенесары жорығы // Қазақ тарихы. 2000. – №2. – 41–44 б. (Қанай туралы. Кенесары, Наурызбай туралы. Кенесарының Талпақпен соғысы. Қызыл Самса соғысы).

155. Көркем сөздің құдіреті: Мектепте қазақ әдебиеті, тілін оқыту. – Павлодар, 2000. – 287 б.

156. Құдайым жексенбі күн жер жаратты // Сарыарқа самалы. – 2000. – 8 тамыз.

2001

157. Бұрынғы заманның адамдарының қандай екенін танытуға сөйлеген сөзі // Азия Транзит. – 2001. – № 7. – 20–22 бб.

158. Мұса Шорманов: (Жоқтау) // Сарыарқа самалы. – 2001. – 28 тамыз.

159. Шығармалар: Жиырмасыншы бап отыз бірінші бап // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық ғылыми конференция материалдары / С. Торайғыров атындағы мемлекеттік университеті. Павлодар, 2001. – 1-жинақ. – 154–172 бб. (М.-Ж. Көпеевтің әр түрлі накыл сөздері берілген).

160. Избас қажы // Сарыарқа самалы. – 2001. – 31 тамыз.

2002

161. Ақ жолтай Ағыбай батыр // Орталық Қазақстан. – 2002. – 4 қырк. (Тарихи дерек).

162. Жігіттерге арнау: (Өлең) // Сарыарқа самалы. – 2002. – 12 желтоқсан.

163. Иісі қазақтың Жарылғабы // Орталық Қазақстан. – 2002. – 6 шілде.

164. Қазақ шежіресі // Ұлт тағылымы. – 2002. – № 4. – 89–102 бб.

165. Мәшһүр Жүсіптің «Ихлас» сүресінің қасиеті туралы жазғаны // Астана ажары. – 2002. – 9 шілде. (Мұнда «Кәғәф» деген сахаба Ұлық Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Миғражға барып қалып өзінің сахабаларына айтқанын араб тілінде жазған екен. Қазақ тіліне аударған Қ. Исабайұлы).

166. Мәшһүрдің алпыс сегізінде сөйлегені // Ұлт тағылымы. – 2002. – № 1. – 112–119 бб. (Материалды әзірлеп, түсініктемесін жазған Ертай Жүсіпов)

167. Мына заман; Жаман пейіл; Ханым бике; Тайкелтір би: (Өлеңдер) // Егемен Қазақстан. – 2002. – 28 желтоқсан. (Дайындаған Е. Жүсіпов).

168. Тайкелтір би // Егемен Қазақстан. – 2002. – 28 желтоқсан. (Дайындаған Е. Жүсіпов).

169. Ханымбике // Егемен Қазақстан. – 2002. – 28 желтоқсан. (Дайындаған – Е. Жүсіпов).

2003

170. Бұлақ көзі: (Өлең) // Тәрбие құралы. – 2003. – № 6. – 2 б. Ит дүние: (Өлең) // Қазақстан мектебі. – 2003. № 12. – 45 б.

171. Қазақ шежіресі // Ұлт тағылымы. – 2003. – № 1. – 136–141 бб. – Жалғасы бар.

172. Мәшһүр-Жүсіпов Көпеев. – Павлодар, 2003. – 8-кітап. – 220 б. (Бұл кітапта Мәшһүр-Жүсіптің халқымыздың рухани байлығын терең ашып көрсететін «Сүлеймен мен Ібіліс», «Нәпсі аждаһа», «Ташкент сапары» т. б. өлеңдері мен «Садуақастың мырзалығын», «Әбушакыма» т. б. аңыз-дастандары қамтылған).

173. Шығармалары. – Павлодар, 2003. – 1-т. – 436 б.

174. Шығармалары. – Павлодар, 2003. – 2-т. – 384 б.

175. Шығармалары. – Павлодар, 2003. – 3-т. – 382 б.

176. Шығармалар жинағы / Құраст. Е. Жүсіпов. – Алматы: Алаш, 2003. – 1-т. Өлеңдер, рауаяттар, дастандар. – 504 б.

177. Шығармалар жинағы / Құраст. Е. Жүсіпов. – Алматы: Алаш, 2003. – 2-т. Өлеңдер, рауаяттар, дастандар. – 432 б.

178. Шығармалары. – Павлодар, 2005. – 4-т. – 410 б.

179. Шығармалары. – Павлодар, 2005. – 5-т. – 535 б.
180. Шығармалары. – Павлодар, 2005. – 6-т. – 396 б.
181. Шығармалары. – Павлодар, 2006. – 7-т. – 393 б.
182. Шығармалары. – Павлодар, 2006. – 8-т. – 451 б.
183. Шығармалары. – Павлодар, 2006. – 9-т. – 365 б.
184. Шығармалары. – Павлодар, 2007. – 10-т. – 444 б.
185. Шығармалары. – Павлодар, 2007. – 11-т. – 417 б.
186. Шығармалары. – Павлодар, 2008. – 12-т. – 362 б.
187. Шығармалары. – Павлодар, 2008. – 13-т. – 384 б.
188. Сөз өнерінің зергері. – Алматы, 2008. – 290 б.

**Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Орталық ғылыми кітапхана
мен әдебиет және өнер институтының қорында сақтаулы
қолжазбалары**

1. П. 334 Атақты Мәшһүр Жүсіпке бір кісі / Жинаушы Қ. Тұңғышбаев. – 5 б., 1 дәптер. (ӘӨИ).
2. 1125 Әр түрлі материалдар жинағында. – Қ.ж. – 1941. – 2 б. (ОҒК).
3. 1173 Шығармалар жинағы /Тапсырушылар: Шарипов С., Тойбеков, Жаналин, Естемесов, Сыздықов Р., Аймақанов С., Байділда, Себепов Г., Жүсіпов Ж. – 1906–1945. – 501 л. (ОҒК).
4. 1177 Шығармалар мен жинаған материалдары. – 1907–1927. – 209 б. (ОҒК).
5. 1174 Шығармалары. – 1910. – 205 л. (ОҒК).
6. 1175 Шығармалары. (Қолжазба). – 1912. – 246 л. (ОҒК).
7. 1176 Шығармалары мен жинаған материалдары. – 1920–1925. – 200 л. (ОҒК).
8. 1178 Шығармалары мен жинаған материалдары. – 1906–1915. – 185 л. (ОҒК).
9. М 31 1922–1920. Араб әрпінде. Сборник рукописей. (Рукопись № 1176). (ОҒК).
10. 1170 Шығармалары мен жинаған материалдары. – Ж.ж. – 1050 л. (ОҒК).
11. 1125 Әр түрлі материалдар жинағында – Қ. және ж.ж. – 4 б. (ОҒК).

12. Қ 829 Абылай туралы материалдар. – 1929. (ОҒК).
13. Қ 657 Абылай аспаған сары бел атанған жер / Жинаушы Көпеев № 8 Мәшһүр Жүсіп. – Ж.б. (ОҒК).
14. Қ 657 Абылай туралы поэма / Жинаушы Көпеев № 8 Мәшһүр Жүсіп. – Ж.б. (ОҒК).
15. Қ657 Абылай ханның балалары / Жинаушы: Көпеев № 9 Мәшһүр Жүсіп. – Ж.б. (ОҒК).
16. Қ 657 Абылай ханның Қалмақты аударғанын Көшекұлы Күдері хожаның сөйлегені / Жинаушы Көпеев № 10 Мәшһүр Жүсіп. – Ж.б. (ОҒК).
17. Қ 273 Ақан сері мен Мәшһүр Нұрғожаның айтыстары № 2 / Жинаушы Көпеев Мәшһүр Жүсіп. – 1947. (ОҒК).
18. 1641 Ақанға жазған хаты, оған Ақанның қайырған жауабы. – 7 л. Латын әрпімен. (ОҒК).
19. Қ 215 Ақтабан – шұбырынды. Ертегі / Айтушы Көпеев № 1 Мәшһүр Жүсіп. – Ж.б. (ОҒК).
20. Қ 215 Алаша ханның әңгімесі / Айтушы Көпеев Мәшһүр № 2 Жүсіп. – 1949. (ОҒК).
21. М 30 1914–1927. Араб әрпінде. Произведения на арабском языке. (Рукопись № 1172). (ОҒК).
22. Қ 231 Арғыннан шыққан Қамбар Жанақ ақын мен Найманнан шыққан Сабыр Түбек ақын айтысы / Жинаушы Көпеев Мәшһүр Жүсіп. – 1941. – № 2 (ОҒК).
23. 874 Асан қайғы туралы әңгімелер мен материалдар. – 1949. (ОҒК).
24. К 286 Атығай Мадайыр молда мен Сүйіндік Мәшһүр Жүсіптің жұмбақпен айтысканы / Айтушы Көпеев Жүсіп. – 1934. (ОҒК).
25. 1178 Балта (Мәшһүр Жүсіп қолжазба жинағында). – Қ. және ж.ж. – 1 б. (ОҒК).
26. 1281 Бірнеше адамдардың жинақтарында / Тапсырған Сүлейменов Айтбай. – Қ. және ж.ж. – 5 б. (ОҒК).
27. 1125 Бұл қарын. – 1908-1940. – 40–50 л. (ОҒК).
28. 1170 Діни қисса. – Қ. және ж.ж. – 10 б. (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларында). (ОҒК). – Араб тілінде.
29. 1172 Діни қолжазбалары. – Ж.ж. – 745 л. (ОҒК).

30. Ер Көкше. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 1-томынан көшірілген. – Қ. және ж.ж. – 45 л. (ОҒК).
31. Қ 657 Жанайдар батыр / Жинаушы: Көпеев Мәшһүр № 13 Жүсіп. – Ж.б. (ОҒК).
32. Қ 1882 Жүрек сыры: Өлең-толғау. – Баянауыл. – Ж.б. – 12–14 б. (ОҒК).
33. 1623 Иманғалиға жазғаны. – 8 б. Араб әрпімен. (ОҒК).
34. 1330 Кенесары Наурызбай жөніндегі дастандар мен өлеңдер. – 1855–1911. (ОҒК).
35. РМ 814 Көрұғлы Сұлтанның туғаны һәм және Ғайшан патшамен соғысқаны / Жазушы Мухаммед Шарафуддин бин Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Қолжазба «Нәки Исанбәт кітапханасынан». – 61 б. – Араб шрифтінде. (ОҒК).
36. М 33 Араб әрпінде. Сборник рукописей. (Рукопись №1171). (ОҒК).
37. 1171 Қолжазбалар жинағы. – Ж.ж. – 533 л. (ОҒК).
38. 1645 Қазақтың шежіресі, өлең, жырлары, шешендік сөздері, нақыл сөздері, мақал-мәтелдері. – 1961. (ОҒК). – Араб әрпімен.
39. Қ 348 Қойкелді / Жинаушы Көпеев Жүсіп. – Ж.б. (ОҒК).
40. РМ 32 Қолжазбалар жинағы. – 1915–1905. – 185 б. Сборник рукописей. (Рукопись № 1178). (ОҒК). – Араб әрпінде.
41. 1080 Қоштасу. – 1934–1941. (ОҒК).
42. Қ 657 Малайсары батыр / Жинаушы Көпеев Мәшһүр № 13 Жүсіп. – Ж.б. (ОҒК).
43. Қ 380 Мандық батыр / Жинаушы Көпеев Мәшһүр Жүсіп. – Ж.б. (ОҒК).
44. 470 Мәделі Қожа. – Қ.ж. – 1947. (ОҒК).
45. П. 1112 Мәшһүр Жүсіп (шежіре). – 26 дәптер. (ӘӨИ).
46. П.1000 Мәшһүр Жүсіп Көпеев қолжазбасының фотокошірмесі. – 123 б. Араб әрпінде (ӘӨИ).
47. П. 1052 Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің материалдары. – 3 дәптер (ӘӨИ).
48. П. 908 Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өлеңдері және басқа ел ақындарының өлеңдері / Жинаушы Т. Шарафиев. – 1 дәптер (ӘӨИ).
49. П. 908 Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өлеңдері және басқа әртүрлі ұсақ өлеңдер / Жинаушы Т. Шарафиев. – 2 дәптер (ӘӨИ).

50. П. 908 Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің төл туындылары және ел аузынан жинап қалдырған ауыз әдебиет үлгілері / Жинаушы Қ. Жүсіпов. – 4 дәптер (ӘӨИ).

51. П. 131 Мәшһүр Жүсіп өлеңі / Жинаушы И. Окпенов. – 40 б. 1 дәптер. (ӘӨИ).

52. П. 334 Мәшһүр Жүсіп сөзі деседі / Жинаушы Қ. Тұңғышбаев. – 4 б., 2 дәптер (ӘӨИ).

53. П. 1051 Мәшһүр Жүсіп туралы дерек. хат. – 7 дәптер Араб әрпінде. (ӘӨИ).

54. 286 Мәшһүр Жүсіп пен Дайыр молданың айтысы. – Қ.ж. – 1934 (ОҒК).

55. 286 Мәшһүр Жүсіп пен Молдағалидің айтысы. – Қ.ж. – 1934. (ОҒК).

56. 270 Мәшһүр Жүсіп пен Смағұл Көктөбет ұлының айтысы. – Қ.ж. – 1934 (ОҒК).

57. 1125 Мәшһүр Жүсіптің өмірі. – Қ. және ж. ж. – 3 б. (Әр түрлі материалдар жинағында) (ОҒК).

58. П.1088 Мәшһүр Жүсіптің шежіресі (Қазақ қай уақыттан үш жүз болған) / Жинаушылар: А. Сәрсенов, Т. Отаров, С. Әбдікәрімов (ӘӨИ).

59. П. 908 Мәшһүр Жүсіптің баласы Шарафиддинге жазған хаты / Жинаушы Т. Шарафиев. – 3 дәптер (ӘӨИ).

60. Қ 228 Мөнек пен Опан қыз айтысының бір варианты. № 1 / Жинаушы Көпеев Мәшһүр Жүсіп. – 1946 (ОҒК).

61. Қ 378 Науша батыр / Жинаушы Көпеев Мәшһүр. – 1949. – 19 б. (ОҒК).

62. М 28 Өлеңдер жинағы. Сборник стихов. (Рукопись №170). (ОҒК).

63. РМ 29 Өлеңдер жинағы. – 1945–1906. – 500 б. Сборник стихов (Рукопись № 1173). (ОҒК).

64. РМ 27 Өлеңдер жинағы. – 1927–1907. – 209 б. Сборник стихов (Рукопись № 1177). (ОҒК).

65. Қ 286 Сүйіндік ішінде Орманшы молда Ғали Күзембайұлы Мәшһүр Жүсіппен айтысы / Айтушы Көпеев Жүсіп. – 1934 (ОҒК).

66. П. 479 Сүйіндік руынан Мәшһүр Жүсіп / Жинаған Б. Жакишев. – 21 б., 4 дәптер (ӘӨИ).

67. Қ 235 Ұлбике мен Жанкелдің айтысы / Жинаушы Көпеев № 5 Мәшһүр Жүсіп. – 1940 (ОҒК).
68. 1062 Халық аузынан жазылып алынған қазақ билерінің шешендік сөздері. – 1935–1946. (ОҒК).
69. Қ 378 Шоқайдың төрелігі және Есек батыр туралы аңыз / Жинаушы Көпеев Мәшһүр. – 1949. – 10–13 бб. (ОҒК).
70. Қ 265 Шөже мен Балта айтысы / Жинаушы Көпеев № 2 Мәшһүр Жүсіп. – Ж.б. (ОҒК).
71. П. 599 Шығармалары. – 293 б. (ӘӨИ).
72. РМ 775 Қолжазбаларынан. – 492 б. – Араб әрпінде (ОҒК).
73. РМ 776 Қолжазбаларынан. – 187 б. – Араб әрпінде (ОҒК).
74. Қ 1882 Ахметұлы Н. Мәшһүр Жүсіп Көпеев: Өлең. (Қазақтың дана ақыны Мәшһүр атаға арналған). – Алматы, 1967. – 15 б. (ОҒК).
75. Қ 1882 Қысқаша өмірбаяны / Жинаушы: немересі Т. Шарапиев, Н. Ахметов. – Баянауыл, 1980. – 1–9 бб. (ОҒК).
76. Қ 1882 Шарапиев Т. Мәшһүр Жүсіп Көпеев атайдан есімде қалғанын ескерткіш өлең етіп жаздым: Өлең. – Баянауыл, 1980. – 16–17 бб. (ОҒК).
77. П. 850 Рукописи из Центрального архива Казахской ССР. Фонд 929 оп. 3. Дело 324 св. 27. (Мәшһүр Жүсіп Көпеев қолжазбасының фотокөшірмесі) / Собиратель М. Ғұмарова (ӘӨИ).

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер

1. АБЫЛАЙ ХАН: туралы: 1711–1781 Топтаманы дайындаған. С. Дәуітов // Парасат. – 1990. – № 7. – 23 б.
2. АЛДАБЕРГЕНОВ Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы публицистика // Сарыарқа самалы. – 2003. – 4 қараша.
3. АЛПЫСБЕС М. Шежіредегі тарихи-этнографиялық мәселелер: шежіреші Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы қазақ этногенезі туралы дерек көздері // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. Вестн. КазНУ. Сер. историческая. – 2004. – № 10. – 121–123 бб. – Библиогр: 16 атау.

4. АҢСАБАЕВ Д.М. Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні // Изденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2003. – № 1. – 184–190 бб. – Библиогр: 5 атау.

5. АРЫН Е., НҰХҰЛЫ А. Даланың дархан данасы: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туралы // Сарыарқа самалы. – 2003. – 7 маусым. – 5 б.

6. АСЕНОВА Н.С. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің педагогикалық мұрасындағы рухани құндылыққа бағдар // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Бастауыш мектеп және дене мәдениеті сериясы. Вестн. КазНПУ им. Абая. Сер. Начальная школа и физическая культура. – 2004. – № 1(5). – 75–77 бб.

7. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. Мәшһүр Жүсіп поэзиясындағы азатшыл идея // ҚазҰУ Хабаршысы. Филол. сериясы. – 2002. – № 8(59). – 152–154 бб.

8. ӘБДІҒАЛЫМОВА Ж.О. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы орыс тілге ауысқан сөздердің лексика-семантикалық сипаты // ҚР БҒМ ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 2002. – № 2. – 91–95 бб.

9. ӘБДІРАХМАНОВ Т. М. Көпеев жазған ертегі // Әбдірахманов Т. Жаңа ғасыр көгінде: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1969. – 164–165 бб.

10. ӘБІЛЕВ Д. Мәшһүр ақын // Жұлдыз. – 1992. – № 12. – 116–126 бб.

11. ӘБІЛЕВ Д. Мәшһүр Жүсіп // Әбілев Д. Өткен күнде белгі бар: Естелік-эссе. – Алматы: Жазушы, 1997. – 3–41 бб.

12. ӘБІЛОВ Д. Шежіре болған серігі // Қазақ әдебиеті. – 1983. – 26 авг.

13. ӘБІШҚЫЗЫ С. Мәшһүр Жүсіп оқулары және мерей той // Қазақстан мектебі. – 2002. – № 1–2. – 3–4 бб.

14. ӘДЕБИЕТ пен өнер мәселелері бойынша 30–40-шы жылдар кезеңімен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының Қорытындысы // Семей таңы. – 1989. – 15 желтоқсан.

15. ӘДІЛХАНҰЛЫ А. Төрімізді анықтап, төрт құбыламызды түгендеп жүрміз бе? // Сарыарқа самалы. – 1997. – 28 қазан.

16. ӘЛИХАНҰЛЫ Ж. Мәшһүр-Жүсіптің әулеті // Егемен Қазақстан. – 2003. – 30 сәуір.

17. ӘЛІМБАЙ М. Мұхаммед пайғамбар туралы дастан // Алматы ақшамы. – 1997. – 12 наурыз. (М.Ж. Көпеевтің «Хаятбақшы» поэмасы туралы).

18. ӘМЕН ЖҮСІП // Алматы ақшамы. – 1988. – 30 желтоқсан.

19. ӘСЕТ ПАЗЫЛОВ. Бала Мәшһүрдің алғырлығы мен тапқырлығы талайды таң қалдырған// – Алматы, 2013. Аңыз адам журналы. № 19. – 5 б.

20. ӘСЕТ ПАЗЫЛОВ. Әулие бабамыздың денесі 21 жыл ашық жатқан. – Алматы 2013. Аңыз адам журналы. – № 19. – 45 б.

21. ӘУЕЗОВ М. Қорытынды сөз // Әдеби мұра және оны зерттеу: Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 15–19 маусым, 1959 ж. – Алматы, 1961. – 347–365 бб.

22. БАҚРАДЕНОВА А. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы экспрессивтіліктің берілу тәсілдері // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық ғылыми конференция материалдары / С. Торайғыров атындағы мемлекеттік университеті. – Павлодар, 2001. – 1-жинақ. – 110–116 бб.

23. БАРАТОВА М.Н. Тіл байлығының қайнар көзі: Мәшһүр-Жүсіп өлеңдері бойынша // ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1995. – № 2. – 47–52 бб.

24. БАРАТОВА М.Н. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы ұлттық өрнек мәні // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық ғылыми конференция материалдары / С. Торайғыров атындағы мемлекеттік университеті. – Павлодар, 2001. – 1-жинақ. – 117–122 бб.

25. БАЯЗИТОВ С. Мәшһүрдің жыр әлемімен қауышу // Сарыарқа самалы. – 1992. – 21 қаңтар.

26. БАЯЗИТОВ С. Абай мен Мәшһүр-Жүсіптің партияға көзқарасы // Ұлағат. – 1995. – № 1. – 123–125 бб.

27. БАЯЗИТҰЛЫ С. Абай мен Мәшһүр Жүсіптің партияға көзқарасы // Сарыарқа самалы. – 1998. – 30 маусым.

28. БАЯЗИТҰЛЫ С. Нар тәуекел еткен еді: Мәшһүр-Жүсіп Көпеев атындағы кеңшардың тұрмыс-тіршілігі // Сарыарқа. – 1995. – № 5. – 36–40 бб.

29. БЕЙСЕНОВ Б.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дүние танымындағы жәдішілік идеясы // Изденіс. Гуманитар. сериясы. – 1998. – № 3. – 193–197 бб.

30. БЕЙСЕНОВ Б.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әлеуметтік философиясы: Философия ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. авторефераты / әл-Фараби атынд. Қазақ ұлттық университеті. – Алматы, 2002. – 22 б. – Библиогр.: 11 ағау.

31. БЕЙСЕНОВ Б.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ғылыми-жаратылыстық көзқарастары // ҚазМУ Хабаршысы. Философия. Мәдениеттану. Саясаттану сериялары. – 2000. – № 2(12). – 63–71 бб. – Библиогр: 36 ағау.

32. БЕЙСЕНОВ Б.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының космология ілімі // Ғылыми еңбектер жинағы / ҚазМемҚызПИ. – Алматы, 1999. – 54–57 бб.

33. БЕЙСЕНОВ Б.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саяси-әлеуметтік көзқарастары // Изденіс. Гуманитар. сериясы. – 2000. – № 2. – 187–191 бб.

34. БЕЙСЕНОВ Б.Қ., ИГИСЕНОВ А.Р. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының этикалық көзқарастары // 10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития: Материалы Междунар. науч. конф. Алматы, 22–24 февраля 2001 г. – Алматы, 2001. Часть 2. – С. 982–986.

35. БИЖАНОВ Ж. Мәшһүрден 25 том мұра қалған: Ақын Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 140 ж. толуына байланысты Павлодар обл. Баянауыл ауд. өткен ресми шаралар туралы // Жас Алаш. – 1998. – 15 тамыз.

36. БӨЖЕЕВ М. Қисса-хикаялар // Жұлдыз. – 1972. – № 2. – 212 б. Бұл мақалада Ә. Диваев, М.Ж. Көпеев туралы сөз болады. Қазақ фольклористикасының тарихы айтылады. БӨЖЕЕВ М. Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында // Жалын. 1974. – № 3. – 127–133 бб.

37. ҒАБДУЛЛИН М. Діншіл, ұлтшыл ақын М.Көпеев туралы // Соц. Қазақстан. – 1953. – 26 сәуір.

38. ҒАБДУЛЛИН М. Мәшһүр-Жүсіп – діншіл, панисламист ақын // Соц. Қазақстан. – 1953. – мамыр.

39. ДӘУІТОВ С. Көненің көзі, дананың сөзі // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 16 наурыз.

40. XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия. – Алматы, 1994. – 5–17 бб.

41. ДӘУІТОВ С. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев // Қазақстан мектебі. – 1990. – № 2. – 72–79 бб.

42. ДӘУІТҰЛЫ С. Бұдан жүз жылдай бұрын: 1907 ж. Мәшһүр Жүсіптің Қазан қаласынан шыққан «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабынан келтірілген деректер // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 20 тамыз (№ 33). – 10 б.

43. ДӘУІТҰЛЫ С. Жақсының бәрін сүйген «жақыным» деп // Жетісу. – 2000. – 9 шілде.

44. ДӘУІТҰЛЫ С. Қазақ шежіресі (М.Ж. Көпейұлы қазақ хикаясының шежіресінің бір тармағы) // Жетісу. – 2000. – 9 қыркүйек.

45. ДӘУІТҰЛЫ С. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ата тарапынан тегі // Қазақстан-Заман. – 2003. – 1 тамыз.

46. ДӘУІТҰЛЫ С. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2004. – 6-т. – 430 б.

47. ДӘУІТҰЛЫ С. Мәшһүр Жүсіп шежіресі туралы // Ұлт тағылымы. – 2002. – № 4. – 86–89 бб.

48. ДӘУІТҰЛЫ С. Мәшһүр Жүсіптің ұлы // Егемен Қазақстан. – 1999. – 21 желтоқсан.

49. ДӘУІТҰЛЫ С. Мәшһүр Жүсіптің хаты: Ғалым М-Ж. Көпеевтің немересі Тілеубайға жазған хаты туралы // Қазақ әдебиеті. – 1997. – 14 қаңтар (№ 2). – 12–13 бб.

50. ДӘУІТҰЛЫ С. Халықтың маржан сөзін қадірлеген // Егемен Қазақстан. – 1998. – 29 шілде; Арқа ажары. – 1998. – 1 қыркүйек (М.Ж. Көпейұлының туғанына 140 жыл).

51. ДӘУІТҰЛЫ С. Халықтың маржан тілін қадірлеген // Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Екі томдық: Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. – Алматы: Ғылым, 1992. – 2-т. – 6–18 бб.

52. ДӘУІТҰЛЫ С. Халықтың інжу-маржаны-ай // Қазақ әдебиеті. – 1992. – 10 шілде.

53. ДҮЙСЕНБАЕВ Ы. Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1858–1931) // Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры: Қазақ әдебиеті тарихынан очерктер. – Алматы: Жазушы, 1970. – 7–10 бб.

54. ЕҢСЕБАЕВ Т. Мәшһүр-Жүсіптің шежірелік қызметі // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық ғылыми конференция материалдары / С. Торайғыров атынд. мемлекеттік университеті. – Павлодар, 2001. 1-жинақ. – 21–34 бб.

55. ЕСПЕНБЕТОВ А.С. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының көп томдығы туралы // Көпейұлы М.-Ж. Көп томдық шығармалары. – Алматы: Алаш, 2003. – 1-т. – 5–6 бб.

56. ЖАНАРЫС. Х. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қолжазбаларының әліпбиі // Павлодар МУ Хабаршысы. Филологиялық серия. Вестн. Павлодар. ГУ. Сер. филологическая. – 2005. – № 1. – 53–59 бб.

57. ЖАНЫМБЕТ Б. Кемеңгерін кейінгі ұрпақ қастерлеп: Павлодар обл. Баянауыл ауд. ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 140 ж. арналып өткен ғылыми-практикалық конференция туралы // Егемен Қазақстан. – 1998. – 19 тамыз.

58. ЖАРЫҚБАЕВ Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Ғұмар Қарашев // Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы, 1996. – 85–88 бб.

59. ХХ ҒАСЫРДЫҢ басындағы қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші // Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық. – Алматы, 2006. – Т. 6, 2-ші кітап: ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті (1900–1917). – 243–289 бб.

60. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіптің «Ышқышбап сапары» өлеңі туралы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1997. – 10–79 бб.

61. ЖҮСІПОВ Е. Қажыларға арналған өлеңі туралы // Жалын. – 1995. № 9–10. – 300–307 бб.

62. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп «Дала уаялаты» газетінде: ел әдебиеті үлгілерін жинаған, зерттеген, саралаған еңбектері жайында // Ұлағат. – 1999. – № 4. – 34–40 бб.

63. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп жазбалары және Алаша хан // Қазақ тарихы. – 1998. – № 3. – 53–58 бб. – Библиогр.: 38 атау.

64. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы Абылай хан тұлғасы // Қазақ тарихы. – 1999. – № 6. – 30–35 бб. – Библиогр.: 37 атау.

65. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы құнды мәліметтер // Қазақстан мектебі. – 1999. – № 9. – 68–69 бб.; № 10. – 67–69 бб.

66. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы Олжабай батыр туралы деректер // Қазақ тарихы. – 1999. – № 2. – 33–37 бб. – Библиогр.: 38 атау.

67. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы Отан тарихы мәселелері // Еуразия университетінің Хабаршысы. – 1999. – № 4. – 55–64 бб. – Библиогр.: 36 атау.

68. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы хандар шежіресі және ел тарихы // Қазақ тарихы. – 1999. – № 4–5. – 11–15 бб.

69. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп жазбасындағы Кенесары тұлғасы // Қазақ тарихы. – 2000. – № 2. – 33–41 бб. – Библиогр: 68 атау.

70. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп және көне аңыздар // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2003. – № 12. – 3–12 бб. – Жалғасы бар.

71. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп және көне аңыздар // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2003. – № 12. – 3–11 бб. – Жалғасы бар; Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2004. – № 1. – 3–9 бб. – Библиогр: 25 атау.

72. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп және шығыс аңыздары // Тілтаным. – 2002. – № 1. – 130–140 бб.

73. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп және шығыс руханияты. – Алматы: Алаш, 2005. – 184 б.

74. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп тарихшы / ПМУ. – Павлодар, 2002. – 178 б.

75. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп шығармалары текстологиясы туралы // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық конференция материалдары / С. Торайғыров атындағы мемлекеттік университеті. – Павлодар, 2001. – 1-жинақ. – 148–153 бб.

76. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр-Жүсіптің «Исабек Ишан» өлеңі туралы // Сарыарқа самалы. – 2000. – 26 желтоқсан.

77. ЖҮСІПОВ Е. «Мәшһүр Жүсіптің Шабдар атпен айтысқаны» өлеңі // Абай. – 1999. – № 1. – 92–93 бб.

78. ЖҮСІПОВ Е. М.Ж. Көпейұлы жазбаларындағы тұлғатану мәселелері мен ел тарихы // Еуразия ун-нің Хабаршысы. – 2000. – № 1. 12–20 бб. – Библиогр: 30 атау.

79. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы шығыс әдеби дәстүрі: Филол. ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. авторефераты. – Астана, 2001. – 30 б.

80. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіптің «Абақтыдағы ишанға» өлеңі туралы // Жалын. – 1999. – № 5–6. – 219–223 бб.

81. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіптің «Бес парыз» өлеңі // Ислам әлемі. – 1997. – № 3. – 6 б.

82. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіптің «Шонтыбай қажы» дастаны // Жұлдыз. – 1995. – № 11–12. – 148–159 бб.

83. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр Жүсіптің парсы ақыны Руми және «Диуани Шәмс туралы» еңбегі // Ұлағат. – 1999. – № 3. – 44–50 бб.

84. ЖҮСІПОВ Е. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы және оның жазбаларындағы тарихи тұлғалар: Тарих ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. авторефераты / Л.Н. Гумилев атынд. Еуразия ун-ті. – Астана, 2000. – 26 б. – Библиогр.: 67 атау.

85. ЖҮСІПОВ Қ. Ұрпағы Мәшекеңе жете туған: [Ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің немересінің ақын және оның ұрпағы туралы сұхбаты / Жүрг. Р. Төленқызы] // Ана тілі. – 2000. – 18 мамыр (№ 11). – 6–7 бб.

86. ЖҮСІПОВ Қ.П. Мәшһүр-Жүсіп жазбаларындағы жоқтау өлеңдерінің текстологиясы [Мәтін] // Павлодар МУ хабаршысы. Филологиялық серия. Вестник Павлодарского ГУ. Серия филологическая. – 2005. – № 3. – 39–52 бб.

87. ЖҮСІПОВ Н. Мәшһүр Жүсіп – қазақ ауыз әдебиетін жинаушы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1997. – № 1–2. – 86–93 бб.

88. ЖҮСІПОВ Н. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы // Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. – Павлодар, 2003. – 8-кітап. – 3–11 бб.

89. ЖҮСІПОВ Н.Қ. М.Ж. Көпейұлы – ауыз әдебиетін жинаушы // ҚР ҒМ – ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сер. – 1996. – № 5–6. 55–61 бб. – Библиогр. жол астында.

90. ЖҮСІПОВ Н.Қ. Мәшһүр Жүсіп және фольклор: Оқу құралы / ҚР Ғ және БМ С. Торайғыров атынд. Павлодар мемлекеттік университеті. Павлодар, 1999. – 95 б.: портр.

91. ЖҮСІПОВ Н.Қ. Мәшһүр-Жүсіп – қазақ ауыз әдебиетін жинаушы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1997. – № 1–2. – 86–93 бб.

92. ЖҮСІПОВ Н.Қ. Мәшһүр-Жүсіп жазбаларындағы «Тұлпардың дүбірі» атты аңыз-әңгімесі // Өлкетану / Павлодар мемлекеттік ун-тінің ғылыми-көпшілік журналы. Краеведение / Научно-популярный журнал Павлодарского гос. ун-та. – 2002. – № 3. 104–106 бб.

93. ЖҮСІПОВ Н.Қ. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы – фольклорист // Жүсіпов Н.Қ. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы / ҚР БҒМ; С. Торайғыров атынд. мемл. Павлодар ун-ті. – Павлодар, 2003. – 247 б.

94. ЖҮСІПОВ Н.Қ. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы – фольклорист: Оқу құралы. – Павлодар: 1999. – 87 б.: портр.

95. ЖҮСІПОВ Н.Қ., Баратова М.Н., Ақшолақова Б.Қ. Дәстүр тағылымы – Мәшһүр-Жүсіп Көпеевке шығыс әдебиетінің тигізген әсері / Өлкетану / Павлодар мемлекеттік ун-тінің ғылыми-көпшілік журналы. Краеведение / Научно-популярный журнал Павлодарского гос.ун-та. – 2002. – №4. – 84–87 бб. – Библиогр: 8 атау.

96. ЖҮСІПОВ Н.Қ., Баратова М.Н., Ақшолақова Б.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының көркемдік ерекшеліктері: зерттелу тарихы / Өлкетану/ Павлодар мемлекеттік ун-тінің ғылыми-көпшілік журналы. Краеведение / Научно-популярный журнал Павлодарского гос. ун-та. – 2002. – № 3. – 136–141 бб. – Библиогр: 22 атау.

97. ЖҮСІПОВА Г. Мәшһүр-Жүсіптің «Жер мен көк» қиссасы // Абай. – 1997. – № 4. – 53–56 бб.

98. ЖҮСІПОВА Г. Мәшһүр Жүсіп дастандары текстологиясы // Ұлт тағылымы. – 2004. – № 2. – 160–165 бб.

99. ЖҮСІПОВА Г. Мәшһүр-Жүсіп дастаны // Сарыарқа. – 1998. – № 6. – 78 б. («Жантемір» дастаны).

100. ЖҮСІПОВА Г. Мәшһүр-Жүсіп қиссаларындағы Мұхаммед бейнесі: Оқу құралы / ҚР БҒМ. Павлодар ун-ті. – Павлодар, 2000. – 68 б: портр.

101. ЖҮСІПОВА Г. Мәшһүр-Жүсіптің аңыз дастандары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1998. – № 7–8. – 37–43 бб.; № 9–10. – 38–43 бб.

102. ЖҮСІПОВА Г. «Әдһам диуана және Ибраһим» дастаны туралы // Абай. – 1995. – № 3. – 55–56 бб. (Дастан).

103. ЖҮСІПОВА Г. «Екі жігіт пен бір шалдың әңгімесі» // Сарыарқа. – 1995. – № 5.

104. ЖҮСІПОВА Г. «Хаятбақшы» дастаны // Абай. – 1993. – № 8. – 25–27 бб.

105. ЖҮСІПОВА Г. Гүлшат–Шеризат дастаны // Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары: Қазақ фольклоры үлгілері. – Павлодар, 2005. – 4-т. – 488–496 бб.

106. ЖҮСІПОВА Г.Қ. Мәшһүртану белестері. – Павлодар, 2005. – 303 б.

107. ЖҮСІПОВА Л. Қазақтың ауызша тарихи дәстүрі: Мәшһүр Жүсіп шежірелері негізінде // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы = Поиск. Сер. гуманитарных и общественных наук. – 2005. – № 3. – 123–125 бб. – Библиогр.: 20 атау.

108. ЖҮСІПОВА Л. Мәшһүр Жүсіп Абылайдың хан атануы хақында // Қазақ тарихы. – 2000. – № 3. – 17–19 бб. – Библиогр.: 14 атау.

109. ЖҮСІПОВА Л. Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы Абылай ханның ел билеу саясаты // Қазақ тарихы. – 2001. № 1. – 20–23 бб. – Библиогр.: 7 атау.

110. ЖҮСІПОВА Л. Мәшһүр Жүсіп шежіресі Абылай хан // Қазақ тарихы. – 2000. – № 5. – 8–10 бб.

111. ЖҮСІПОВА Л. Мәшһүр-Жүсіптің «Қазақ түбі» еңбегіндегі деректану мәселелері // Ұлт тағылымы. – 2001. – 4–5 бб. – Библиогр.: 14 атау.

112. ЖҮСІПОВА Л. «Қалдан шерін әңгімесі» хақында: [М.Ж. Көпейұлының жазбалары туралы және осы әңгімесі берілген] // Қазақ тарихы. – 1998. – № 3. – 60–67 бб.

113. ЖҮСІПОВА Л. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қолжазбасындағы төрелер шежіресі және Абылай хан әулеті // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық конференция материалдары. – Павлодар, 2001. – 59–65 бб.

114. ЖҮСІПОВА Л.Қ. «Қазақ түбіндегі» шежіре нұсқалары хақында // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы – Изв. НАН РК. Серия общественные науки. – 2004. – № 4. – 7–10 бб. – Библиогр.: 20 атау.

115. ЖҰМАБЕКОВ С. Өзімді танытады жазған хатым // Алматы ақшамы. – 1993. – 20 сәуір.

116. ЖҰМАТАЕВА Е. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын оқыту мәселесі // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық ғылыми конференция материалдары / С. Торайғыров атынд. мемл. ун-ті. – Павлодар, 2001. – 1-жинақ. – 130–136 бб.

117. ЖҰМАТАЕВА Е. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы дидактиканың пәлсапалық негізі // Қазақ тарихы. – 2002. – № 1. – 4–9 бб.

118. ЖҰМАТАЕВА Е. Шуағымен нұр шашқан... // Сарыарқа самалы. – 2001. – 25 қазан.

119. ЖҰМАТАЕВА Е. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын оқыту мәселесі // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық ғылыми конференция материалдары / С. Торайғыров атынд. мемл. ун-ті. – Павлодар, 2001. – 1-жинақ. – 130–136 бб.

120. ИГИСЕНОВА А.Р., БЕЙСЕНОВ Б.К. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және сопылық дәстүр // ҚазМУ Хабаршысы. Философия сериясы. – 2002. – № 1(17). – 3–6 бб. – Библиогр.: 6 ату.

121. КӘРІМОВ М.Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы шежіре туралы // Шәкәрім дәрістері: Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Шәкәрім атындағы Семей мемл. ун-ті. – Семей, 2001. – 209 б.

122. КӘРІМТАЙҰЛЫ І. Аузы дуалы жан: [Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің әулиелігі жайлы] // Сарыарқа. – 1995. – № 5. – 26 б.

123. КӘРІМТАЙЫ Ө. Сөзімізді дәлелді сөйлейік // Сарыарқа самалы. – 1996. – 2 сәуір.

124. КЕНЖЕБАЕВ Б. Әдебиет белестері. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 400 б.

125. КЕНЖЕБАЕВ Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: Қазмембас., 1958. – 308 б.

126. КЕНЖЕБАЕВ Б. Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1858–1931) // Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. Толықтырылып 2-басылуы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 63–64 бб.

127. КЕНЖЕБАЕВ Б. Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1858–1931) // Кенжебаев М. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы, 1993. – 7-кітап. – 60–61 бб.

128. КӨПЕЕВ Мәшһүр Жүсіп: Қысқаша өмірбаяны (1858–1931) / Жинаушы немересі Төлеубай Шарапиев, Ахметов Нағи. – Баянауыл, 1980. – 1–9 б.: портр.

129. КӨПЕЕВ М. Самғау сапары // Егемен Қазақстан. – 2007. – 24 ақпан (№ 49). – 2 б.

130. КӨПЕЕВ М.Ж. Едіге би туралы [Мәтін] // Қазақтың ата заңдары. – Древний мир права казахов: Құжаттар, деректер және зерттеулер = Материалы, докум. и исследования. 10 томдық. Бас ред. С.З. Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 3-т. – 145–151 бб.

131. КӨПЕЕВ М.Ж. // Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 18, 23, 39, 57–60, 136, 188, 358 бб.

132. КӨПЕЕВ М.Ж.. Сайын батыр // Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 69 б.

133. КӨПЕЕВ Мәшһүр Жүсіп, ол туралы Ахметұлы Нағи. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев: Өлең / Қазақтың дана ақыны Мәшһүр атаға арналған. – Алматы, 1967. – 15 б.

134. КӨПЕЕВ Мәшһүр Жүсіп, ол туралы Шарапиев Төлеубай. Мәшһүр Жүсіп Көпеев ағайдан есімде қалғанын ескерткіш өлең етіп жаздым: Өлең. – Баянауыл, 1980. – 16–17 бб.

135. КӨПЕЕВ С. Асыл қазына сандықта сарғаймасын // Сарыарқа самалы. – 1994. – 2 тамыз. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығы жайлы.

136. КӨПЕЕВ С. «Бар еді жақсылармен жақындығым» // Сарыарқа самалы. – 1994. – 13 желтоқсан. Шежіресі, ақын М.Ж. Көпеев жайлы.

137. КӨПЕЕВ С. Асыл қазына сандықта сарғаймасын // Сарыарқа самалы. – 1994. – 2 тамыз. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығы жайлы.

138. КӨПЕЕВ С. Жүсіп: Мәшһүр әрі жұмбақ // Заман-Қазақстан. – 1997. – 31 қазан, № 44. (Ақын, тарихшы, философ М.-Ж. Көпеевтің туған немересінің ол туралы сұхбаты. Әңгімелескен К. Жұмағали).

139. КӨПЕЕВ С. Кешір Мәшһүр // Сарыарқа самалы. – 1997. – 30 қазан. (Ленинградтық топограф, профессор Беловтың «Прости Машхур Жусуп» деген хатына орай). КӨПЕЕВ С. Көмекей ақын әлі көлеңкеде жатыр: [Бұқар жырау хақында] // Қызыл ту. – 1990. – 7 қыркүйек.

140. КӨПЕЕВ С. Қуат берген тірлікте, аян берген // Сарыарқа самалы. – 1998. – 30 шілде. (М.Ж. Көпеевтің 140 жылдығына орай).

141. КӨПЕЕВ С. Мәшһүр Жүсіп әулие [туралы] // Сарыарқа. – 1993. – № 5. – 23–26 б. (Алғы сөзін жазған С. Баязитов).

142. КӨПЕЕВ С. Мәшһүр Жүсіп өмірі. – Алматы, 2000.

143. КӨПЕЕВ С. Мәшһүр Жүсіп өмірі. – Павлодар: ЭКО, 2000.

144. КӨПЕЕВ С. Мәшһүр Жүсіптің жеті жетім туралы айтқаны // Сарыарқа самалы. – 1997. – 10 шілде. (Бәйтен сал. Өлеңдер, жазып алған С. Көпеев).

145. КӨПЕЕВ С. Мәшһүр [Көпеев] мұражайын кеңейту қажет // Сарыарқа самалы. – 1994. – 12 ақпан. (Павлодар обл. Баянауыл ауд.)

146. КӨПЕЕВ С. Мәшһүрдің кәсіби көзқарасы // Сарыарқа самалы. – 1995. – 4 қараша (М. Көпеевтің шығармашылығы жайлы).

147. КӨПЕЕВ С. Мәшһүрдің ерекше қасиеті хақында: [Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің әулиелігі туралы] // Сарыарқа. – 1995. – № 5. – 23–25 бб.

148. КӨПЕЕВ С. Ойды ой қозғайды: Ақын С. Торайғыров туралы // Сарыарқа самалы. – 1992. – 25 сәуір.

149. КӨПЕЕВ С. Сәбеңнің сапары: [С. Мұқанов туралы естелік] // Қызыл ту. – 1990. – 28 қыркүйек.

150. КӨПЕЕВ Сүйіндік Шәрәпиденұлы. Мәшһүр-Жүсіп өмірі: Аңыз бен ақиқат / Ред. Н.Қ. Жүсіпов. – Павлодар: Павлодар мем. ун-ті, 2000. – 132 б.

151. КӨПЕЕВА Г. Ана тілің – қасиетің, қазынаң // Қазақ және әлем әдебиеті – Казахская и мировая литература. – 2004. – № 2/3. – 59–60 бб.

152. КӨПЕЕВА Г. Елін сүйген Ер Тарғын // Қазақ және әлем әдебиеті – Казахская и мировая литература. – 2006. – № 1. – 22–23 бб.

153. КӨПЕЕВ С. «Жұлдызға» хат: [«Түсіпхан» дастаны туралы] // Жұлдыз. – 1996. – № 7. – 162–164 бб.

154. КӨШЕКҰЛЫ Күдері. Көшекұлы Күдері қожа жыраудың айтқаны деп Көпейұлы Жүсіптің жазып қалдырғаны // Абылай хан / Құраст. С. Дәуіт. – Алматы: Жазушы, 1993. – 77–82 бб.

155. КӨШІМБЕКОВ Б. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы тарихи тұлғалар // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық конференция материалдары / С. Торайғыров атындағы мемлекеттік университеті. – Павлодар, 2001. – 36–47 бб.

156. ҚАБДИЕВА С. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы адамгершілік мәселесі // Қазақстан мектебі. – 2005. – № 2. – 59–61 бб.

157. ҚАЖЫМҰҚАНҰЛЫ Ә. Мәшһүр Жүсіптің әулиелігі туралы // Дала мен қала. – 2005. – 23 қыркүйек (№ 38). – 12 б.

158. ҚАЗАҚ әдебиетінің тарихы. 3-том (XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы). – Алматы: Ғылым, 2000. – 6 б.

159. ҚАЗАҚ лирикасындағы стиль және бейнелілік: Монография / – Павлодар: Павлодар ун-ті басп., 1999. – 383 б.

160. ҚАЗАҚ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 328 б.

161. ҚАЛИЖАН У. Діни ағартушылық ағым – ол да бір мектеп: [XIX ғ. екінші жартысындағы діни ағартушылық ағым және оның өкілдері туралы] // Ақиқат. – 1998. – № 9. – 58–63 бб.

162. ҚАЛИЖАН У. Имандылық киесі: [Ақын Мәшһүр Жүсіптің имандылық тақырыбына жазған шығармашылары мен өмірі туралы] // Парасат. – 1998. – № 10. – 21–23 бб.

163. ҚАЛИЖАН У. Мәшһүр Жүсіп: Зерттеу. – Алматы: Атамұра, 1998. – 30 б.

164. ҚАЛИЖАНҰЛЫ У. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы // Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым: (XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басы). – Алматы: Білім, 1998. – 180–210 бб.

165. ҚАНАФИЯҚЫЗЫ Ш. Мәшһүр Жүсіп: [М.Ж. Көпейұлы туралы] // Солтүстік Қазақстан. – 1999. – 8 қыркүйек. – 3 б., 15 қырк. – 5 б.

166. ҚАРАТАЕВ М. Қайта қарауды қажет ететін мәселе // Қазақ әдебиеті. – 1956. – 10 авг.

167. ҚАСЫМБАЙҰЛЫ А. Мәшһүр Жүсіп және әдеби тіл // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2001. – № 9. – 34–35 бб.

168. ҚИРАБАЕВ С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1991. – Т. 1: Сәкен Сейфуллин: Монография. – 107, 430 бб.

169. ҚОЖАБАЕВ Е., КӨПЕЕВ С. Қолда барды қадірлей білсек: Ақындар айтысы туралы сыр // Қызыл ту. – 1990. – 13 ақпан.

170. ҚОҢЫРАТБАЕВ Ә. Жарыс сөз // Әдеби мұра және оны зерттеу: Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 15–19 июнь, 1959 ж. – Алматы, 1961. – 244–247 бб.

171. ҚОҢЫРАТБАЕВ Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991. – 244–249 бб.

172. ҚОҢЫРАТБАЕВ Ә. Мәшһүр Жүсіп Көпеев лирикасы // Қазақ әдебиеті. – 1959. – 19 июнь.

173. ҚУАНДЫҚҰЛЫ Е. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының Кенесары туралы жазбалары // Қазақ тарихы. – 2004. – № 1. – 69–72 бб.

174. ҚУАНДЫҚҰЛЫ Е. Шығыс поэзиясындағы бастау көздері: [М.Ж. Көпейұлының шығармалары жайлы] // Ұлағат. – 2004. – № 4. – 30–41 б. ҚУАНТАЙҰЛЫ Н. Алаштың намысты азаматы

// Жас Алаш. – 2001. – 1 желт. (Мәшһүрдің ұлы Мұхамет-Әмен туралы).

175. ҚУАНДЫҚҰЛЫ Н. Мәшһүр Жүсіп жазбалары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1999. – № 6. – 24–28 бб.

176. ҚУАНДЫҚ МӘШҺҮР ЖҮСІП. Дін және Мәшһүр Жүсіп, «Егемен Қазақстан» газеті. – № 90–93. 12 наурыз 2010 ж.

177. ҚЫДЫР Т. Бұхара медресесінің шәкірттері немесе Әбжәд сырына үнілсек: ақындар М.-Ж. Көпейұлы, Шәді төре, қаңлы Жүсіп өлеңдерінде муамма тәсілінің, араб хәрпіндегі әбжәд ілімін пайдалануы // Түркістан. – 2004. – 30 желтоқсан, № 52. – 7 б. (М.Ж. Көпейұлының жазған шежіресі жайлы; М.-Ж. Көпеев поэзиясындағы нақыштылық пен нәрлілік жайында; М.Ж. Көпеевтің 140 жылдығына орай; М.-Ж. Көпеевтің немересі Төлеубайға жазған хаты туралы; М.-Ж. Көпейұлының дастанындағы Мұхаммед өмірінің соңғы күндері жайында; М.Ж. Көпейұлының қажыларға арналған өлеңі туралы. Материалды әзірлеп, баспаға ұсынушы Е. Жүсіпов).

178. МАЙТАНОВ Б. Мәшһүр Жүсіптің мысал-өлеңдеріндегі философиялық түйін // Абай. – 2002. – № 1. – 51–53 бб. (Мақалада Мәшһүр-Жүсіптің діни-ағартушылық қызметі ашып көрсетіледі).

179. МАРҒҰЛАН Ә.Х. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев // Сарыарқа самалы. – 1994. – 28 сәуір; Қазақ әдебиеті. – 1940. – 4 қаңтар. (Мақаланы дайындаған Б. Көшімбеков)

180. МӘМБЕТОВ Ж. Еркекте ақыл қала ма, өз қонысынан ауған соң... // Өркен. – 1990. – 14 шілде. (Ақын М.-Ж. Көпеев шығармашылығы хақында).

181. МӘШҺҮР ЖҮСІП Г. Мәшһүр-Жүсіп мұрасының зерттелу жайы // Жұлдыз. – 1998. – № 4. – 139–142 бб.

182. МӘШҺҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ (1857–1931) // Дау шешеді дана сөз. – Алматы, 1996. – 193 б.

183. МӘШҺҮР-ЖҮСІПТЕГІ Қ. Абай және Мәшһүр-Жүсіп: Екі ақын шығармаларындағы ұқсастық // Сарыарқа. – 1995. – № 5. – 27–31 бб.

184. МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ (1858–1931) // Көпеев М.Ж. Таңдамалы. – Алматы, 1990. – 1-т. – 3–20 бб.

185. МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ (1857–1931) // XX ғасыр басындағы әдебиет: Хрестоматия. – Алматы, 1994. – 5 б.

186. МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ (1858–1931) // Қазақтар: Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. – Алматы, 1998. – 2-т. Тарихи тұлғалар. – 130–132 бб.

187. МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ (1858–1931) // Қазақтар: Көпшілікке арналған тоғыз томдық. – 2-ші бас. – Алматы, 2003. – 2-т. Тарихи тұлғалар. – 139–140 бб.

188. МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ (1858–1931) // Тарихи тұлғалар / Құраст.: Б. Тоғысбаев, А. Сужикова. – Алматы, 2005. – 147–149 бб.

189. МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ // Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960. – № 10, 52–53 б.

190. МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ // Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1957. – 1-т. – 581–582 б.

191. МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ // Қазақ фольклористикасының тарихы: (революцияға дейінгі кезең). – Алматы: Ғылым, 1988. – 353–388 бб.

192. МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ // ҚСЭ. – Алматы, 1975. – 7-т. – 554 б.

193. МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ Бұқараға білім-ғылым іздеп барғанда естіген, көрген, сезген дүниелері.

194. МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ хаты: [Ақынның Шәрәпи деген баласына жазған хаты] / Дайындаған С. Дәуітұлы // Қазақ әдебиеті. – 1997. – 14 қаңтар.

195. МӘШҺҮР-ЖҮСІП Ғ. Мәшһүр Жүсіп мұрасының зерттелу жайы // Жұлдыз. – 1998. – № 4. – 139–142 бб. – Библиогр.: 8 ағау.

196. МӘШҺҮР-ЖҮСІП – суреткер: [Көпейұлының шығармашылығы жайлы] // Ұлт тағылымы. – 2004. – № 3. – 143–148 бб.

197. МӘШҺҮР-ЖҮСІП Қ. «Мәшһүр Жүсіп» қалай шықты?: [М.Ж. Көпейұлының 20 томдығын әзірлеу жұмысы жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2003. – 6 қараша.

198. МӘШҺҮР-ЖҮСІП Қ. «Мәшһүр Жүсіп» көмекке зәру: [Мәшһүр Жүсіп шығармаларын ел арасынан жинау] // Егемен Қазақстан. – 2004. – 6 қаңтар.

199. МӘШҺҮР-ЖҮСІП Қ. Бағзыдан жеткен үн: [Мәшһүр-Жүсіптің жаңа өлеңдері табылды] // Егемен Қазақстан. – 2005. – 16 ақпан.

200. МӘШҲҮР-ЖҮСІП Қ. Өнерде тәлімі бар, өнегелі М.Ж. Көпеевке – 140 жыл // Сарыарқа самалы. – 1998. – 30 шілде.

201. МӘШҲҮР-ЖҮСІП Қ. Суреткер ақын // Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары: Қазақ фольклоры үлгілері. – Павлодар, 2005. – 4-т. – 497–532 бб.

202. МӘШҲҮР-ЖҮСІП Қ. Суреткер ақын // Мәшһүр-Жүсіп оқулары. – Павлодар, 2001. – 10–20 бб.

203. МӘШҲҮР-ЖҮСІП КӨПЕЕВ (1858–1931) // Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1948. – 1-т. Фольклор. – 30–33 бб.

204. МӘШҲҮР-ЖҮСІП КӨПЕЕВ (1858–1931) // Қазақтың ой-пікір антологиясы (XX ғасырдың 20-жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең) / Құраст. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: Рауан, 1998. – 2-т. – 21–22 бб.

205. МӘШҲҮР-ЖҮСІП КӨПЕЕВ (1858–1931) // Абай. Энциклопедия. – Алматы, 1995. – 403–404 бб.

206. МӘШҲҮР-ЖҮСІП КӨПЕЕВ (1858–1931 жж.) // Тарихи тұлғалар: Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. – Алматы, 2005. – 147–149 бб.

207. МӘШҲҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ (1857–1931) // Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1989. – 2-т. – 240–253 бб.

208. МӘШҲҮР ЖҮСІП оқулары: Республикалық ғылыми конференция материалдары / ҚР Білім және ғылым министрлігі. Павлодардың С. Торайғыров атынд. мемл. ун-ті; Жауапты сарапшы Н.Қ. Жүсіпов. – Павлодар, 2001. – 1 жинақ. – 176 б.

209. МӘШҲҮР-ЖҮСІП Қ. Мәшһүр-Жүсіптің әулеті: [Естелік әңгіме] / Әңг. Ж. Әлиханұлы // Егемен Қазақстан. – 2003. – 30 сәуір.

210. МӘШҲҮР – ЖҮСІП Қ. Мәшһүр-Жүсіптен базарлық: Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлының шығармаларын бастыру жөнінде// Сарыарқа самалы. – 2004. – 21 қазан. – 6 б.

211. МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ // Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық. – Алматы, 2006. – Т. 6. 2-ші кітап: XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. 1900–1917. – 85–108 бб.

212. МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ. Энциклопедия. – Павлодар: ЭКО, 2010. – 704 б.

213. МҰҚАНОВ С. Абайдың шәкірттері туралы // Абай. – 1992. – № 4. – 57–70 бб.

214. МҰҚАНОВ С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 236 б. (Кітаптың 22, 24, 106, 110, 189, 203 беттерінде М.Ж. Көпеев туралы мәліметтер берілген).

215. МҰҚЫШ Қ.С. М.Ж. Көпеев дүниетанымындағы макро-және микроәлем // Қарағанды ун-нің Хабаршысы. Тарих, философия, құқық сериясы. – 2004. – № 2(34). 71–75 бб.

216. МЫРЗАХМЕТОВ М. Абай жүрген ізбенен. – Алматы: Қазақстан, 1985. – 172 б. (Кітаптың 19, 107–111, 143-беттерінде М.Ж. Көпеев туралы мәліметтер берілген).

217. МЫРЗАХМЕТҰЛЫ М. М.Ж. Көпеевтің қазақ әдебиетіндегі орны // Мырзахметұлы М. – Тараз: Ой толғаныстары. – Түркістан, 2005. – 107–112 бб.

218. НЕГИМОВ С. Мәшһүр Жүсіп ауылы: Ақынның мұражайы туралы // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 10–15 қыркүйек (№ 36). – 14 б.

219. НЕГИМОВ С. Мәшһүр Жүсіп қорына демеуші табылса // Сарыарқа самалы. – 2004. – 2 қазан. – 6 б.

220. НЕГИМОВ С. Мәшһүр Жүсіп және қазақтың шешендік өнері // ҚР ҰҒА Хабарлары. Филол. сериясы. – 2005. – 19–22 бб.

221. НЕГИМОВ С. Мәшһүр Жүсіпке демеуші табылатын шығар... // Жас Алаш. – 2004. – 5 тамыз.

222. НЕГИМОВ С. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының бейнелілігі // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық конференция материалдары / С. Торайғыров атынд. мемл. ун-ті. – Павлодар, 2000. – 1 – жинақ. – 5–9 бб.

223. НЕГИМОВ С. Өнерпаздық өрнектері: Әдеби мақалалар. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 88 б. («Ақан серіге» арналған мақаланың 77–78 беттерінде М.Ж. Көпеев туралы мәлімет берілген).

224. НҰРМҰРАТОВ С., САТЕРШИНОВ Б., ШАҒЫРБАЕВ А. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің діни көзқарасы: дәуір және тұлға // – Алматы, 2013. Әл-Фараби журналы. – № 3 (43). – 60–67 бб.

225. НҰРМҰРАТОВ С., САТЕРШИНОВ Б. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев дүниетанымының ерекшеліктері // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық сериясы. – 2013. – № 6. 25–36 бб.

226. ОРАЗОВ Н. Мәшһүр-Жүсіптің мерейтойына: өлең // Сарыарқа. – 1995. – № 5. – 35 б.

227. ОСПАНОВ С. Мәшһүр-Жүсіп мақалалары // Қазақ. – 2007. – 5 қаңтар (№ 1). – 7 б.

228. ПАЗЫЛОВ Ә. Білімі түпсіз шыңырау: Мәшһүр-Жүсіптің әулиелігі туралы // Орталық Қазақстан. – 2006. – 4 қараша. – 6 б.

229. ПАЗЫЛОВ Ә. Мағұлмат – и Мәшһүр-Жүсіп Көпеев / Қарағанды маңызды білім беретін «Болашақ» ин-ты; Жауап. ред. Әбділда Қ. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006. – 288 б.

230. ПАЗЫЛОВ Ә. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің туғанына 145 жыл толуына орай // Астана ақшамы. – 2003. – 24 сәуір.

231. «РИЗАМЫН өзіңе де, сөзіңе де» // Соц. Қазақстан. – 1990. – 1 мамыр; Сарыарқа самалы. – 2002. – 13 қыркүйек. (М. Көпеев пен Ж. Аймауытовтың жазысқан хаттарынан. Әзірлеген – С. Дәуітов).

232. САҒЫНДЫҚҰЛЫ Б. Мәшһүр-Жүсіп өлеңіндегі сөйлемдік қолданыстар // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық конференция материалдары / С. Торайғыров атынд. мемл. ун-ті. – Павлодар, 2001. – 1-жинақ. – 90–98 бб.

233. САДУАҚАСОВ С. Қазақ әдебиеті: Тарихи-талдау очерк // Халық кеңесі. – 1993 – 2 наурыз (Мәшһүр-Жүсіптің ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ әдебиетінің тарихында жана жазба негізін салушы екендігі айтылған).

234. САРБАЛАЕВ Ж. Этнолингвистика және Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы // Қазақ тілі мен әдебиет. – 2002. – № 10. – 51–60 бб.

235. САРБАСОВА Қ.Б. М.Ж. Көпеев өлеңдерінің кейбір ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филол. сериясы. – 2001. – № 7 (51). – 14–27 бб.

236. САУЛЕН Н. Өз қызметіңе деген адалдық // Заң газеті. – 2007. – 17 сәуір (№ 57). – 2 б.

237. САУРЫҚОВА Ж. М.Ж. Көпеев және дене тағылымы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1999. – № 4. – 46–49 бб.

238. САУРЫҚОВА Ж. Көпеев мұраларындағы этнопедagogикалық мәселелер // Қазақстан мектебі. – 2004. – № 6. – 75–78 бб.

239. СӘРСЕКЕ Г. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы сөз құбылтулар // Мәшһүр Жүсіп оқулары: Республикалық конференция материалдары / С. Торайғыров атынд. мемл. ун-ті. – Павлодар, 2001. – 1-жинақ. – 99–109 бб.

240. СЕЙФИТДЕН С. Мәшһүр мұрасы. – Павлодар, 2001. – 104 б. – Библиогр.: 45 атау.

241. Серғалиев М.С. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өлеңдеріндегі сөз өрнегі // Павлодар МУ хабаршысы. Филологиялық серия

Вестник Павлодарского ГУ. Серия филологическая. – 2004. – № 3. – 91–100 бб. – Библиогр: 5 атау.

242. СОЛТАНБАЕВ З. Жомарт жүрек: Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 145 жыл толуына орай // Сарыарқа самалы. – 2003. – 25 қаңтар. – 6 б.

243. СОЛТАНБАЕВ З. Мәшһүр-Жүсіп – Әулие // Сарыарқа самалы. – 1998. – 11 маусым.

244. СОЛТАНБАЙҰЛЫ З. Мәшһүр. – Павлодар: ЭКО, 2001. – 179 б.

245. СУБХАНБЕРДИНА Ү. Жарыс сөз // Әдеби мұра және оны зерттеу: Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 15–19 июнь, 1959 ж. – Алматы, 1961. – 251–253 бб.

246. СҮЙІНШӘЛИЕВ Х. Ғылыми мәні зор еңбек // Қазақ әдебиеті. – 1980. – 2 дек. – 3 б.

247. СҮЙІНШӘЛИЕВ Х. Қазақ әдебиеті (XVIII–XIX ғғ.) – Алматы: Мектеп, 1981. – 168 б. (Кітаптың 10, 25-беттерінде М.Ж. Көпеев туралы қысқаша мәлімет бар).

248. СҮЛЕЙМЕНОВ Б. Жарыс сөз // Әдеби мұра және оны зерттеу: Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 15–19 июнь, 1959 ж. – Алматы, 1961. – 268–269 бб.

249. СҮТЖАН С. Мәшһүр мұрасы. – Павлодар, 2001. – 104 б. Библиогр.: 45 атау.

250. СҮТЖАНОВ С.Н. Мәшһүр-Жүсіп баспасөз бетінде // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық конференция материалдары / С. Торайғыров атынд. мемл. ун-ті. – Павлодар, 2001. – 1-жинақ. – 123–129 б.

251. СҮТЖАНОВ С.Н. Мәшһүр-Жүсіп баспасөз беттерінде // Гуманитарлық ғылымдар Академиясының Хабаршысы. – 1999. – №1 (3). – 7–10 бб.

252. СҮТЖАНОВ С.Н. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасы: Филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. авторефераты. – Алматы, 1994.

253. СҮТЖАНОВ С.Н. Мәшһүрдің кәсіп игеруге көзқарасы: [М.Ж. Көпеевтің творчествосы туралы] // Сарыарқа самалы. – 1999. – 19 қараша.

254. СҮТЖАНОВ С.Н. Ұлылар ұлағаты // Ізденіс. – 1999. – № 4–5. – 17–21 бб.

255. СЫДЫҚОВ Т., СУБХАНБЕРДИНА Ү. XX ғасырдың басындағы қазақ фольклористикасы // Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы, 1988. – 294, 295, 299, 300 б.

256. ТӘЖІБАЕВ Ә. Мәшһүр жайлы бірер сөз // Мәшһүр Жүсіп Көпеев. – Алматы, 1992. – 2 т. – 3–5 бб.

257. ТІЛЕКЕ Ж. Әйгілі адамдар: Мәшһүр Жүсіп Көпеев // Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс – Баянаула өңірі. – Павлодар, 1995. – 90–91 бб.

258. ТОЛЫБАЙҰҒЛЫ М. Қарқаралыдан хат // Дала уалаяты газеті. – 1890. – 11 май.

259. ТӨРЕҚҰЛҰЛЫ Н. Қазақтың 100 би-шешендер. – Алматы, 1995. – 145 б.

260. ТҮСПОВА Қ. Ақын мысалдарының жанрлық сипаты // Мәшһүр Жүсіп оқулары: Республикалық конференция материалдары / С. Торайғыров атынд. мемл. ун-ті. – Павлодар, 2001. – 1-жинақ. – 143–147 бб.

261. ТҰРҒАНБЕКҰЛЫ Ж. Мәшһүр Жүсіптің жаңа мұражайы // Сарыарқа самалы. – 1993. – 27 қараша.

262. ТҰРЫШЕВ А. Мәшһүр Жүсіп Көпеев саясаткер // Ақиқат. – 2004. – № 1. – 60–63 б.

263. ТҰРЫШЕВ А. М.-Ж. Көпеев шығармаларындағы «Орда» көне сөзінің құпиясы // Ұлт тағылымы. – 2003. – № 4. – 137–144 бб. – Библиогр.: 38 атау.

264. ТҰРЫШЕВ А. М.-Ж. Көпеев шығармаларындағы Абай бейнесі // Сарыарқа самалы. – 2002. – 20 қыркүйек.

265. ТҰРЫШЕВ А. М.-Ж. Көпеев шығармаларындағы көне сөздің (көкпар) құпиясы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2003. – № 9. – 43–48 бб.

266. ТҰРЫШЕВ А. М.-Ж. Көпеев шығармаларындағы математикалық терминдер // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2003. – № 1. – 156–161 бб. – Библиогр: 18 атау.

267. ТҰРЫШЕВ А. Мәшһүр Жүсіп шыармаларын кезеңге бөлу методологиясы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2002. – № 10. – 121–124 бб.

268. ТҰРЫШЕВА Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы этнолингвистикалық ерекшеліктер /Өлкетану/ Павлодар

мемлекеттік ун-тінің ғылыми-көпшілік журналы Краеведение / Научно-популярный журнал Павлодарского гос. ун-та. – 2003. – № 3. – 19–23 бб. – Библиогр.: 15 атау.

269. ТҰРЫШЕВ А.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларының этномәдени негіздері // Өлкетану. Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми-көпшілік журналы. Краеведение. Научно-популярный журнал Павлодарского государственного университета. – 2005. № 1. – 145–169 бб. – Библиогр.: 69 атау.

270. ТҰРЫШЕВ А.Қ. М.Ж. Көпеев шығармасындағы ұзындық өлшемі // Павлодар МУ Хабаршысы. Филологиялық серия – Вестн. Павлодар. ГУ. Сер. филологическая. – 2005. – № 1. – 157–177 бб. – Библиогр.: 21 атау.

271. ТҰРЫШЕВ А.Қ. М.Ж. Көпеев және қазақ әдеби тілі // Тілтаным. – 2003. – № 1. – 40–50 б. – Библиогр.: 14 атау.

272. ТҰРЫШЕВ А.Қ. М.-Ж. Көпеев және орыс тілі: [Кірме сөздер] // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – 2002. – № 9. – 15–22 бб.

273. ТҰРЫШЕВ А.Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «Ғайып ерен кырық шілтен» көне сөздер құпиясы // Тілтаным. – 2003. – № 4. – 116–121 бб. – Библиогр.: 16 атау.

274. ТҰРЫШЕВ А.Қ. Шағатай тілі және Мәшһүр-Жүсіп // Мәшһүр-Жүсіп оқулары. – Павлодар, 2001. – 66–89 бб. (Ұлы ойшыл М. Ж. Көпеевтің туғанына 140 жыл толар алдындағы толғаныстар).

275. ХАБИЕВ Х. Ескі қол жазбалар: Ә. Диваев пен Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің архивтегі қолжазбалары туралы // Қазақ әдебиеті. – 1958. – 27 июнь.

276. ШАПАУОВ Ә.Қ. Ақын поэзиясындағы драма жанры әсері // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық конференция материалдары / С. Торайғыров атынд. мемл. университеті. – Павлодар, 2001. 1-жинақ. – 137–142 бб.

277. ШӘРӘПИДЕНҰЛЫ С. Біз білмейтін Мәшһүр Жүсіп // Жас Алаш. – 1995. – 11 қараша. ШӘРӘПИДЕНҰЛЫ С. Әке мен бала арасындағы хат-хикая туралы // Сарыарқа самалы. – 1997. – 20 мамыр. (Шығыс сюжетіне негізделген Мәшһүр-Жүсіптің «Гүлшат–Шеризат» шығармасы туралы).

278. ЫСҚАҚҰЛЫ Д. Әулие ақын: Мәшһүр Жүсіп Көпеев туралы // Азия Транзит. – 2002. – № 5. – 37–41 бб.

279. ЫСҚАҚҰЛЫ Д. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларының көп томдығы туралы // Көпейұлы М.-Ж. Көп томдық шығармалары. – Алматы: Алаш, 2003. – 1-том. – 7–8 бб.

280. ЫСМАЙЫЛОВ Е. Қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі міндеттері // Әдеби мұра және оны зерттеу: Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 15–19 июнь, 1959; – Алматы, 1961. – 27–28, 41 б.

Орыс тіліндегі әдебиеттер

281. АБИЛЕВ Д. Машхур Жусуп Копеев // Простор. – 1985. – № 1. – С. 163–165. О жизненном пути казахского поэта и публициста. Пер. с каз.

282. АКЧУЛАКОВ М. Машхур Жусуп – казахский Даль // Столич. жизнь. – 2003. – 20 нояб.

283. АЛТЫБАСАРОВА К. Педагогические взгляды Машхур Жусупа и Гете // Қазақстан мектебі. – 2004. – № 11. – С. 28–30.

284. АРТЫКБАЕВ Ж.О. Историческое наследие Машхур Жусуп Копеева: Учеб. пособие / МОН РК, Павлодар. гос. ун-т им. С. Торайгырова. – Павлодар, 2004. – 215 с.

285. АХМЕТОВА Г. Взаимосвязь эстетического и этического в творчестве казахских мыслителей начала XX века // Поиск. Сер. гуманитар. наук. – 2001. – № 4–5. – С. 222.

286. АХМЕТОВА Г. К вопросу о счастье в этических взглядах казахских мыслителей начала XX века // Поиск. Сер. гуманитар. наук. – 2002. – № 1. – С. 232–236. Ж. Аймауытов, М. Копеев, С. Торайгыров.

287. ДАУТОВ С. Машхур Жусуп Копеев // Казахская ССР: Краткая энциклопедия. – Алма-Ата, 1991. – Т. 4. – 379 с.

288. ЖИРЕНЧИН А.М. Основные направления развития казахской книги во второй половине XIX – начале XX века. – Из истории казахской книги. – Алма-Ата: Казахстан, 1987. – С. 134–135.

289. ИМАМНИЯЗОВА Г. Уникальная мечеть: Об архитектуре новой мечети им. Машхура-Жусупа, Павлодар // Труд. – 2001. – 20–26 сент. – /«Труд» в Казахстане/.

290. КОШКАРИ А.Б. Языковая личность Машхура Жусупа Копеева // Вестн. АГУ им. Абая. Сер. филол. науки. – 2002. – № 2 (2). – С. 45–47.

291. МАРЧЕВСКИЙ Н. Сын земли Баянаульской // Звезда Прииртышья. – 2001. – 22 қыркүйек.

292. МАШХУР ЖУСУП КОПЕЕВ (1858–1931) // Казахи. Девятитомный популярный справочник. – Алматы, 2003. – Т. 2. Исторические личности. – С. 371–372.

293. МАШХУР ЖУСУП КОПЕЙ (1858–1931) // Булеков С.Б. Знатные и деловые люди Казахстана: Историко-познавательный и энциклопедический справочник. – Алматы: Зерде, 2004.

294. МЕЧЕТЬ – кандидат в Книгу рекордов Гиннеса: Об уникал. архитектуре мечети им. Машхура-Жусупа, Павлодар // Известия. – 2001. – 12 сент. – /Казахстан/.

295. НУРМУГАНБЕТОВА З. «Святой поэт» К 140 летию со дня рождения М.Ж. Копеева // Звезда Прииртышья. – 1998. – 1 авг. (Изв. каз. просветителя, поэта, фольклориста).

296. ШИМЫРБАЕВА Г. Из плена забвения // Казахстан. правда. – 2003. – 26 нояб. (О поэте, историке, этнографе М.-Ж. Копееве).

**Серік НҰРМҰРАТОВ, Бақытжан САТЕРШИНОВ,
Алмасбек ШАҒЫРБАЕВ**

МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЕВ

ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ БАСЫЛЫМ

Редактор *Ошақбаева Ж.Б.*

Мұқабаның дизайнын жасаған және беттеген *Л. Тоқтарбекова*

«Ғылыми қазына» логотипінің идеясы – *Аяган Б.Ғ.*, т.ғ.д., профессор
«Ғылыми қазына» логотипінің дизайнын жасаған – *Бекенова М.С., Нұрғожина Ж.Е.*

Басуға 02.12.2013. Пішімі 70/1001/16
Шартты баспа табағы 22,4. Офсеттік басылым.
Таралымы 1000 дана.

«ИП Волкова Е.В.» баспасында басылды.
Райымбек даңғ., 212/1, оф. 319. Тел.: 330-03-12, 330-03-13